

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

КЛАРА ХАФИЗОВА

# XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДАЛА БИЛЕУШІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Клара ХАФИЗОВА

# *XVIII-XIX ғасырлардағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы*

Астана
2022

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(Қаз)
Х 26

Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

*Автор: Клара Хафизова*

Хафизова К.Ш.
Х 26 XVIII-XIX ғасырлардағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы. Монография. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022. – 488 б.

**ISBN 978-601-7972-15-8**

Монография XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығындағы дипломатия тарихына арналған. Кітапта қазақ билеушілерінің үш ұрпағының өмірбаяны арқылы олардың екі жүз жылдық дипломатиялық келбеті сипатталады. Халықаралық қатынастардың күрделі кезеңінде қазақ мемлекеттілігін, Ресей империясының Қазақ хандығын жойғаннан кейін елдің аумақтық тұтастығы мен ұлттық бірлігін сақтаудағы үздіксіз әрекеті дәлелді баяндалады. Сонымен бірге сол кездегі әйгілі саяси тұлғалардың өмірбаянына түзету енгізіліп, жаңа есімдер мен тарихтың жаңа беттері ашылады. Кітапта Хандықтың дипломатиялық әрекеттеріндегі батырлар мен басқа да старшындар рөліне көп көңіл бөлінген. Ресей, ҚХР және қазақ тарихында алғаш рет Тайвань мұрағаттарының материалдары мен құжаттары, сондай-ақ қазақтың тарихи аңыздары мен рулардың шежірелері қолданылды.

Бұл басылым «Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. - Нур-Султан, 2019» кітабының орыс тіліндегі нұсқасының аудармасы. Кітап ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге, Қазақстан тарихына және Орталық Азия аумағының халықаралық қатынастарына қызығушылық танытатын барлық оқырманға арналған.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5Каз)

**ISBN 978-601-7972-15-8**

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022
© Хафизова К.Ш., 2022

## МАЗМҰНЫ

**Алғысөз** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .5

**КІРІСПЕ**

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері . . . . . . . . . . . . . . . .6
Қазақ дипломатиясының кезеңге бөлінуі . . . . . . . . . . . .6
Жас сұлтандар және дипломатия . . . . . . . . . . . . . . . . 12
Қазақ иконографиясы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 21

**1. КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ДИПЛОМАТИЯСЫ**

1.1. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ мемлекеттілігін сақтау үшін күрес . . . . . . . . . . . . 30
1.2. Әбілмәмбет хан және оның дипломатиясы . . . . . . . . 39
1.3. Төле бидің сыртқы саяси қызметі . . . . . . . . . . . . . . 62
Цанцзань дачэнь Фу Дэнің Оң қанат (Ұлы жүз) қазағы Төле би мен ташкенттік мұсылман Турчжанды бағындыру туралы баяндамасы 74
Төле бидің хаты . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 78
Молда Самушидің хаты . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 79
1.4. Жоңғар ханы Дабашы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 88
1.4.1. Дабашы Қазақ елінде . . . . . . . . . . . . . . . . . . 93
1.4.2. Дабашының сыртқы саясаты . . . . . . . . . . . . . 104
1.4.3. 1755 жылғы Құлжа шайқасы . . . . . . . . . . . . . 110
1.4.4. Дабашының тұтқындалуы . . . . . . . . . . . . . . . 113
1.4.5. Дабашы ханның тұтқындағы өмірі мен балаларының тағдыры . 115

**2. ЕКІ ДӘУЛЕТ АРАСЫНДА**

2.1. Абылай, Уәли және Ғұбайдолла хандардың сыртқы саясаты мен дипломатиясы . . . . . . . . . . . . . . . . . . .119
2.1.1. Абылай қай жерде хан көтерілді? . . . . . . . . . . . . 119
2.1.2. Абылай ханның ойрат туыстары . . . . . . . . . . . . 122
2.1.3. Абылай өлімінің құпиясы . . . . . . . . . . . . . . . . 131
2.2. Уәли ханның халықаралық байланыстары . . . . . . . . .146
2.2.1. Уәли хан және Ресей . . . . . . . . . . . . . . . . . . 153
2.2.2. Уәли хан және Қытай . . . . . . . . . . . . . . . . . . 158
2.2.3. Уәли хан елшіліктерінің кестесі . . . . . . . . . . . . 168
2.3. Ғұбайдолланың (Абайділда) хан титулын сақтаудағы саясаты . .188
2.4. Қазақ хан-сұлтандарының орыстардан алған шен-шекпендері . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 188

**3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖОЙЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ ДАЛА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ДИПЛОМАТИЯСЫ: ЕЛ МЕН ЖЕРДІ ҚАЙТАРУ**

3.1. Кенесары ханның хандықты қалпына келтіру жолындағы қарулы күресі мен дипломатиясы . . . . . . . . . . . . . . . .204

3.1.1. Кенесары хан: таңдау қиындығы . . . . . . . . . . . . . 204
3.1.2. Кенесарының отбасы . . . . . . . . . . . . . . . . . . 205
3.1.3. Ресей саясатындағы адал бодандық пен қазақ саяси мәдениетіндегі бодандық ұғымы . . . . . . . . . . . . . 219
3.1.4. Кенесары және ислам . . . . . . . . . . . . . . . . . 223
3.1.5. Кенесары және Қытай . . . . . . . . . . . . . . . . . 230
3.1.6. Кенесары және Қоқан . . . . . . . . . . . . . . . . . 245
3.2. Жетісудағы Абылай ұрпақтары және олардың дипломатиясы . . .257
3.2.1. Өркениет құрсауында . . . . . . . . . . . . . . . . . 257
3.2.2. Жетісудағы Абылай ұрпақтарының алғашқы буыны. . . . 258
3.2.3. Әділ сұлтанның ұлы Абылай (Құлан). . . . . . . . . . . 270
3.2.4. Абылайдың немересі Әли (Ғали) Әділұлы . . . . . . . . 278
3.2.5. Хәкімбек сұлтан. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 291
3.3. Ресей және Цин империяларының дипломатиялық хат-хабарларындағы Алтынсары хан (1809-1874 жж.) туралы мәліметтер. . 301
3.4. Ресейді жақтаған Абылай ұрпақтары . . . . . . . . . . . 315
3.4.1. Тезек төре және аға сұлтандық үшін күрес . . . . . . . 315
3.4.2. Тезек төренің дәуірлеуі мен құлдырауы . . . . . . . . 326
3.4.3. Тезек төре өмірінің хронологиясы. . . . . . . . . . . . 339
3.4.4. Шоқан Уәлиханов және Қытай . . . . . . . . . . . . . 340
3.4.5. Қытай тарихнамасындағы Шоқан Уәлиханов. . . . . . . 365

**4. ДАЛА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ЕЛШІЛІК БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ**
4.1. Батырлар және дипломатия . . . . . . . . . . . . . . . 376
4.2. Қазақ батырлары Қожаберген, Қожамерген, Бердіқожа . . . 392
4.3. Қабанбай батыр, оның дипломатиясы және Шыңжаңдағы сауда саясаты . . . . . . . . . . . . . . . . . 412
4.4. Цин империясындағы батырлар институты . . . . . . . . 424
4.5. Соңғы сөз . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 437

**БИБЛИОГРАФИЯ**
Мұрағаттар . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 439
Әдебиет . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 440
**ҚОСЫМША**
1-қосымша. Мәнжу, қытай тілдеріндегі офицерлік және шенеуніктік атақтар . . . . . . . . . . . . . . . . 452
2-қосымша. Есімдер көрсеткіші . . . . . . . . . . . . . . 454
3-қосымша. Географиялық көрсеткіш. . . . . . . . . . . . 473
Қысқарған сөздер . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 484
**SUMMARY**. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 485
**АННОТАЦИЯ** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 486

## Алғысөз

Қазақ хандығындағы дипломатия тарихында бірқатар белгілі тұлға бар. Олардың өмірбаянында сол кезеңнің ерекшеліктері толық әрі айқын көрініс тапқан. Бұл мәліметтер Ресей, Цин империясы мен Ислам әлемі арасында орналасқан Қазақ хандығының көп салалы әрі күрделі халықаралық байланыстарын түсінуге көмектеседі. XVIII-XIX ғасырларда Қоқан, Бұқар және Хиуа хандықтары, Иран мен Түркия ислам әлемі саналды.

Хандықтың сан қилы тағдыры, азаттықты сақтау үшін биліктің жекелеген өкілеттігін құрбан ету, ақыр аяғында тәуелсіздіктен түбегейлі айырылу – тарихи тұлғалардың өмірінде өшпес із қалдырды. Алайда, бұл үдеріс олардың күш-жігерінің арқасында сол кезеңдегі Қазақ мемлекеттілігінің ерекшелігіне, экономикалық кенже қалуына, әскери әлсіздігіне, державалар танып берген ру-тайпалық одақтар – жүздердің бытыраңқылығына қарамастан, таңғаларлық ұзақ уақытқа – 200 жылға жуық жалғасты.

Тарихи тұлғалар арасында «ақ сүйектер» басым еді. Ол заңды да, себебі дипломатия хандар мен олардың жақын туыстары – сұлтандардың құзыретінде болатын. Тек Ұлы жүздегі Төле би ғана Шыңғыс ұрпақтары атынан осы жүздің руларына билік етті. Елшілердің арасында «қарадан шыққан» батырлар мен билер де болды. Алайда олар да қазақ феодалдарының өкілдері немесе өздері қызмет еткен билеуші әулетпен туыстық қатынасы бар болатын. Қайраткерлердің сипаттамасы олардың сыртқы саясаттағы және дипломатиялық қызметімен, оның ішінде Жоңғар хандығы, Ресей мен Қытай және ортаазиялық хандықтармен елшілік миссиясына тікелей байланысты еді.

Бұл еңбекте негізінен Әбілмәмбет, Абылай хан, Әбілфейіз сұлтан және оның ұрпақтары: Орыс, Алтынсары, Жошы, Сарт Ючин, Кенесары, Ғұбайдолла, Әли сұлтандар, Абылай ханның ұлы Сөк сұлтан, Тезек, Шоқан Уәлиханов, жоңғар ханы Дабашы (Даваци), Төле би мен Қабанбай, Қожаберген, Бердіқожа батырлар және тағы басқалары туралы сөз болады.

Мысалы, оқырмандар кітапта үзінділері берілген кейбір құжаттардың толық аудармасын «Цин империясы мен Қазақ хандығының қарым-қатынасы», «Шығыс Түркістан мен Орта Азия тарихы бойынша материалдар мен қытай құжаттары», «Өркениеттер тоғысындағы Шығыс дипломатиясы» жинақтарынан таба алады.

Монографияның жекелеген тараулары 2013-2016 жылдары «Мысль» журналында жарияланған (бас редактор С.Құттықадам).

Есімдер мен Географиялық көрсеткіштерді жасағаны үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қызметкері Эльвира Есполоваға алғыс айтамын.

Осы кітапты аударып, басып шығаруға дайындаған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеу институтына жеке алғысымды білдіремін.

**Автор**

# КІРІСПЕ
## Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

## Қазақ дипломатиясының кезеңге бөлінуі

Қазақ тарихында ежелгі және орта ғасыр дипломатиясының тарихына арналған арнайы еңбектер жоқ. Тек Қазақ хандығының әртүрлі елдермен қарым-қатынасын зерделейтін зерттеулер мен халықаралық қатынастар бойынша құжаттар мен материалдар жинағы ғана бар. Автор өзі аударған барлық құжат пен зерттеулерді осы монографияны жазуға қосымша материал ретінде пайдаланды.

Қолыңызда тұрған зерттеу еңбегінде автор дала билеушілерінің халықаралық байланысын және олардың дипломатиялық келбеті туралы деректерді жинауға тырысты.

Қазақ хандығындағы дипломатия тарихында бірқатар белгілі тұлға бар. Олардың өмірбаянында сол кезеңнің ерекшеліктері толық әрі айқын көрініс тапқан. Бұл мәліметтер Ресей, Цин империялары мен Ислам әлемі арасында орналасқан Қазақ хандығының көп салалы әрі күрделі халықаралық байланыстарын түсінуге көмектеседі. XVIII-XIX ғасырларда Қоқан, Бұқар және Хиуа хандықтары, Иран мен Түркия ислам әлемі саналды.

Қазақ билеушілерінің үш ұрпағының өмірбаяны арқылы олардың екі ғасырға жалғасқан дипломатиялық келбеті сипатталады. Халықаралық қатынастардың күрделі кезеңінде қазақ мемлекеттілігін, аумақтық тұтастығы мен ұлттық бірлігін сақтаудағы үздіксіз күресі дәлелді баяндалады. Хандықтың азат кезеңі мен Ресей империясы жойып жібергеннен кейінгі тағдыры да қамтылады. Сонымен қатар белгілі саяси қайраткерлердің өмірбаянына түзетулер енгізіліп, жаңа есімдер мен тарихтың жаңа беттері ашылады. Зерттеу барысында хандықтың дипломатиялық қызметіндегі батырлар мен басқа да старшындардың рөліне көп көңіл бөлінді.

Қазақ хандығының дипломатиясын екі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – XV ғасырдың басынан XIX ғасырдың бірінші ширегінің соңына дейін. Қазақ хандығының 1465 жылдан кейін құрылуы мен [Атыгаев, 2015, 149-164] 1635 жылы Жоңғар көшпелі империясының [Златкин, 1964] пайда болуы – шартты деуге болады. Бұл кезеңде хандар салыстырмалы түрде тәуелсіз сыртқы саясат жүргізді. Ал халықаралық күштер хан сайлауына араласпады десе де болады.

Екінші кезеңге – XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап ғасыр соңына дейінгі уақыт жатады.

Ресей империясы хандық билікті жойғаннан кейін де, мемлекеттің біртұтастығы Қазақстанның жекелеген аймақтарында сақталды. Әсіресе қазақ елін басқаруға Шыңғыс ұрпақтары иелік еткен өңірлер жеке хандық билікті ұстап тұрды. Мысалы Жетісуға төре әулетінің өкілдері – Абылай ханның ұрпақтары билік етті. Қазақтарды басқару, оларға билік жүргізу құқығы Шыңғыс ұрпағына тиесілі екені Қазақстанның барлық өңірінде, сонымен қатар көрші елдерде де толық мойындалған.

Нұралы, Әбілмәмбет, Абылай хандардың билік құрған кезеңі – қазақтың ішкі ісіне Жоңғар хандығы мен Ресей империясы тікелей араласқан, ең бір қиын кезең еді.

Көшпелілердің сыртқы байланыс пен дипломатияға деген ұстанымы Шыңғыс ханның Яссы жарлығында және көшпелі қоғам өзі тудырған дала заңдарында анық көрініс тапты. Қазақ пен жоңғардың өмір салты, әкімшілік-шаруашылық құрылымы халықаралық істерге қатысты көзқарастарының ортақ қалыптасуына негіз болды. Ол әдеттегі құқыққа негізделген дипломатиялық қағида мен институтқа, олардың дипломатиялық рәсімдеріне әсер етпеді. Бұл туралы автор өзінің «Жібек жолындағы өркениеттер диалогы» кітабында толық баяндайды [Хафизова, 2015, 221-265].

Дала билеушілері өз отбасы мүшелеріне, өз руластары – вассалдарға (тәуелділер) жер үлестіретін. Қытай тарихшылары Моңғол империясындағы жер үлестірушілерді *цзунфань* (宗藩) деп атады. Шыңғыс хан өзінің төрт ұлына жер бөліп бергені белгілі. Мысалы, Қазақстан мен Орта Азия аймағы Жошы ұлысының орталық бөлігі болды. Әлем Әміршісінің үлкен ұлынан тараған заңды, заңсыз ұрпақтары осы ұлан-ғайыр аумақты билеп-төстеді.

Жоңғар хандығында көшпелі тірлік пен отырықшы-егіншілік арасында, жазира дала мен қалалар арасында, ислам мен буддизм арасында өзара тепе-теңдік сақталды. Қазақ хандығымен салыстырғанда, бұл мемлекетке қатысты әкімшілік аппарат ұғымын қолдану қолайлы еді. Алайда, халықаралық істерде хандардың басымдығы сақталды.

І Петр кезінде (1682-1728 жылдар) Ресейде, ал Цин империясы кезінде Қытайда одан да ұзақ уақыт бойы «татарлар» ықпалын аяусыз жоюға қарамастан, «татар» дипломатиясының белгілері әр жерде кездесіп тұрды. ІІ Екатерина мен І Александр заманын-

да орыс дипломатиясы едәуір еуропалық сипатқа ие болды. Ал Ресейдің Орталық Азиядағы сыртқы саясаты 1733-1735, 1768-1774, 1787-1791, 1806-1812, 1828-1829, 1853-1878 жылдар арасында болған орыс-түрік соғыстары ықпалымен кезеңдік сипатта өрбіді. Олар Ресейді қазақ істерінен алшақтатып жіберді, бірақ әскери күш арқылы оның сыртқы саясатын жетілдіруге көмектесті. Державаның Азиядағы мүддесі кеміген жоқ, керісінше оның империялық амбициясын арттырды. Қазақ елшілеріне Ресейдің екі астанасында өткен әскери көрмелерге шақырып, оларға түрік соғысынан түскен олжаны көрсетті. Бейжіңде де бұл сценарий қайталанды. Орталық Азия елшілерін Цзыгуангэ әскери даңқ Галереясына, астана мен аймақ орталықтарындағы салтанатты шерулерге апарды.

Цин империясы еуропалықтарды экзотикалық халықтар қатарына жатқызып, олардың нақты күшін тек Еуропа державалары арасындағы апиын соғысынан ғана көрді (1840-1842 және 1856-1860 жж.). Цин империясы жартылай отар елге айналды. Соған қарамастан ол Ресей империясымен Орталық Азиядағы бәсекелестігін жалғастырды. Қытайдың барлық күш-жігерімен Қашқарияда (回部 Мұсылмания) үстемдік етуі мен Ресей арасындағы бәсекелестігі оның Орталық Азия аймағында қалуын талап етті.

Жоңғар хандығы ыдыраған соң Қазақ хандығы батыс пен шығыстан халықаралық күштер мен қуатты әлемдік өркениеттердің қысымына ұшырады. Соған қарамастан жер иеленуде көшпелі қазақтарға қоныстарды басқарудың дәстүрлі тәсілдері көмектесті. Ел мен жердің тұтастығын сақтауға билеушілер арасындағы ұлы хандық институты оң әсер етті. Шындығында, олардың жалпы билік ету аумағы едәуір тарылғанына қарамастан, бұл институт та қысқартылған түрде сақталды.

Сұлтандар бұрынғысынша халықаралық істерді жүргізудің дәстүрлі әдістерін ұстанды. Жоғары биліктің аға өкілі ретінде кім бірінші болып таққа отырса, сол адам хан деп танылды, бұл – елге бірінші келіп, сенім грамотасын бірінші тапсырған елшінің дуан саналуына ұқсас болды. Бәрінен бұрын хан сайланған әулеттің үлкені Ұлы хан деп аталды.

Ұлы хан мәртебесі қазақ билеушілерінің халықаралық байланыстарын бақылауға және біріздендіруге мүмкіндік берді. Ол мемлекеттің символы болды және ресми түрде сұлтандар мен старшындар кеңесін шақырып, оларға төрағалық етті. Осындай мүмкіндіктерді

қолда ұстау үшін Ұлы ханның орнына таласу қазақ ақсүйектерінің арасында өзара талас-тартысты тудырды.

«Хан» лауазымы жойылған соң Шыңғыс ұрпақтары «аға сұлтан» атануға барын салды. Ұлы далаға жаңа әкімшілік жүйе енгізу мақсатында Ресей билеушілері ойлап тапқан бұл итаршы әрекет билеуші әулеттер арасында да, тіпті әулеттің өз ішінде де алауыздықты үдетті. Сонымен қатар, аға сұлтандардың арасында «қарадан шыққандар» да пайда болды. Көп ұзамай хандық жойылып, төре тұқымы арасында наразылық күшейді. Оны Абылай ұлдарының бірі Қасым сұлтанның отбасы мүшелерінің әрекетінен айқын көруге болады. Оларға басқалар да қосылды, бірақ ауызбіршілік пен ортақ мақсат болмады. Оның үстіне қазақтар мен Ресей күштері тең емес еді. Соған қарамастан, қазақтардың азаттық үшін шайқасы, салыстырмалы түрде, 1824 жылдан бастап жүз жылдықтың соңына дейін – Ресей империясының Орта Азия хандықтарын жаулап алу кезеңіне дейін жалғасты.

Қазақ хандарын, ең болмағанда, Хан кеңесіне төрағалық ету; сыртқы саясаттағы өзекті мәселелерді талқылау; бәтуаластыққа қол жеткізу қатарлы мәселелерде Ұлы ханның болуы қажеттігі туралы ой біріктірді. Ұлы хан – текті, ақсүйек тұқымы, беделді болуы тиіс. Егер оның тектілігі айқын болмаса, мысалы, Әбілқайыр хан сияқты (1748 жылы қайтыс болған), онда кем дегенде, хандықтың қауіпсіздігіне үлес қосып, ірі әскери шайқастарда, көрші мемлекеттермен дипломатиялық келіссөздерде ерекшеленуі арқылы бедел жинауы керек еді.

Хандар шетелдік елшіліктерді қарсы алу және шығарып салу міндеттерін өзара бөлісті. Әбілмәмбет Абылайдың жоңғар тұтқынынан босауына және ұлын Қалдан Серенге «ақ үймен» яғни, құрметті тұтқын ретінде жіберуге жауапты болды. Сондықтан ол Жоңғариямен келіссөздерге жауап берді. Ал орыстар мен қарақалпақтарға қатысты істер Кіші жүздің Ресейге аумақтық жақындығы мен қарым-қатынас орнатудағы алғашқы қадамдарына байланысты Әбілқайыр ханның міндетінде болды. Алайда, хандар мен сұлтандардың ешқайсысы өзінің жеке билігін арттыру мен отбасы мүддесіне сәйкес келсе, өзге елмен жеке-дара келіссөз жүргізуден бас тартқан жоқ.

Орыс әкімшілігі И.Неплюев арқылы хандар арасындағы Ұлы хандыққа ұмтылу туралы өз көзқарасын білдірді: «Қырғыз халқында ұлы хан болу тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар зиянды да болуы мүмкін» [КРО 1, 401].

Бір қызығы Қазақ хандығының 200 жылдық тарихында Ресей өз шекаралық аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзара қырқысқан қазақ билеушілерін татуластыруға тырысқан кездері де болды.

Қытайдағы мемлекеттік басқарудың тоғыз қағидасының бірі – «Ли цзидегі» орталық туралы ілім» (禮記 – рәсімдер кітабы) тарауында: «адамға алыстан мейіріммен қара», себебі, «алыстағы адамға бағытталған мейірім – барлық жерден адамды өзіне (Қытай билеушісіне, Қытай мемлекетіне – К.Х.) тартады». Демек, «кеткенде шығарып салу, келгенде қарсы алу, мадақтау (жақсы жағын) оларға тән және (бір нәрсеге) қабілетсіз болғанда жанашырлық таныту – бұл адамдарға алыстан мейіріммен қарау (жолы)» – деп жазады «Қағидаттар туралы кітаптың» авторы. Бұл жоралғылар туралы «(бай) сыйлықтар жіберу, қарапайым сыйлықтарды (кішіпейілділікпен қабылдау)» қажет делінетін Конфуций ілімін сәйкес [Древнекитайская философия, т.2, 1973, 127-128].

Қытай императорлары Цин империясы құлағанша өз князьдеріне де, шетелдік билеушілердің елшілеріне де осы ережелерді сақтауға тырысты. Қытай философтары өз мемлекетін дұрыс басқару арқылы ғана басқа халықтардың құрметіне қол жеткізуге болады деп санады. Олар мінсіз халықаралық достық қатынастар жағдайындағы мінсіз басшыға арналған ережелер жасады. Мэн-цзы (б.з.д. III ғасыр) мемлекеттік басқаруды реттейтін 5 тармақты сақтауға шақырды: «лайықты және адамгершілігі жоғары» адамдарды қызметке тарту және қызмет барысында өсіру; жер иелерінен алым-салықты әділ алу (бірақ жері жоқтардан талап етпеу). Кедендегі тексерісті әділ жүргізу. «Егер (князь) осы 5 тармақты орындай алса, онда көрші елдердің халқы оған әкесі мен анасына қарағандай қарайды» [Попов, 1998, 56].

Бұл мұрат іс жүзінде орындалуы мүмкін болмады, дегенмен философтар оны насихаттауға күш аямады. Сонымен қатар, бұл әмбебап ереже емес, күрделі Қытай дипломатиясының басқа нақты әдістерімен бірге қолданылды. Алайда, философтардың нұсқаулары ешқашан ұмытылмады, олар көбінесе, кем дегенде, үгіт-насихат мақсатында қолданылды.

Цин империясы қазақ хандарының барлық қайшылықтарын ескере отырып, тұтастай алғанда, билеушілердің шектеулі тобымен – өздері мойындаған бір ғана ханмен іс жүргізуді қалады. Бұл ханның көзі тірісінде олар басқа сұлтандардың хан тағына таласын

ресми түрде қабылдамады. Мысалы, Абылайды хан ретінде танып, Әбілмәмбеттің ұлы Болаттың хандық дәрежесін мойындау және бекітуге қатысты өтініштерін қабылдамады. Әбілфейіз сұлтанға князь деген мағынаны беретін «ван» атағы берілді. Бұл атақ өте жоғары болды, бірақ «хан» лауазымына жетпеді, дәрежесі жағынан төмен еді. Империяның саясаты Орталық Азия халықтарының саяси мәдениетіне неғұрлым жақын болуы үшін Цяньлун патшасы Шыңжаң әкімшілігі мен сыртқы саясат ведомстволарының шенеуніктеріне қазақ хандығының орнына ван үлгісіндегі Қытай және циндік лауазымдарын пайдалануға тыйым салып, байырғы түркі және моңғол лауазымдары мен атақтарын пайдалануға кеңес берді. «Біз (император) бүкіл Аспан асты елінің ханымыз және біріктірушісіміз, олар тек бір рудың кішкентай хандары, осы (атаудан) аулақ болу керек пе, әлде (оны) бұрмалау керек пе?», - делінген Жарлықтардың бірінде [ВД, 2015, 191-192].

Бұл жағдайда мәнжу әулетінің императоры іс жүзінде *қаған* мен *хан* мәртебелерінің арасындағы айырмашылықты көрсетіп отыр. Бұдан біз түркі-моңғол халықтары мен «дала» және «орман» халықтарындағы ежелгі Ұлы хан институтының ұмытылмағанын көре аламыз. Сонымен қатар, Цин үкіметі қазақ елшілерінің Ұлы ханы дәрегейінде келуін қолдады. Сол арқылы ол Ұлы ханның қол астындағы және жақтастары саналатын өзге де қазақ хан-сұлтандарының алдындағы дәрежесін ескерді. Сарай рәсімі кезінде Ұлы ханның бас елшісінің дәрежесі, оның отырған орнымен; патша қолынан бірінші болып шарап ішу рәсімімен; ханнан алған иерархиялық сыйлықтарымен ерекшеленеді. Цин сарайында және Қытайда сыйлық беру рәсімі қатаң реттеледі. Қазақ хандары да сыйлықтың өздерінің хандық мәртебесіне сай болуын қатаң бақылайтын.

Цин үкіметінің хан-сұлтандар арасындағы Ұлы ханға қатысты ұстанымы – қабылданған ережелерден бөлек, оның орыс үкіметімен салыстырғанда қазақ істеріне аз араласуымен түсіндірілді.

Қазақ билеушілерінің маңызды факторларының бірі – олардың хандыққа, үлескерлігіне және осы құқықтарды өз мұрагеріне беруге деген заңды құқықтарын мойындау болды.

## Жас сұлтандар және дипломатия

Көшпелі қоғамда текті әулеттің өкілдері, ресми мұрагерлер саяси өмірге жастайынан, кейде жасөспірім кезінен араласты. 16-17 жасқа толғаннан кейін олар біртіндеп «жазалаушы» және әскери жорықтарға тартылды. Содан кейін шағын әскери жасақтарды басқарып, хандар мен аға сұлтандардың бүлікшіл руды жазалау туралы бұйрықтарын орындайтын. Тағы бір мектеп – жарыстар мен соғыс ойындары, аң аулау болатын.

Ханзадалар дипломатияға ерте араласты. Олар елшілерді құрметіне арналған қабылдауларға қатысып, дипломатиялық әдеп пен тілдесу мәдениетін үйренді. Жас ерекшеліктеріне байланысты Жоңғариядағы, Цин патшалығындағы елшіліктерде ресми басшы болып тағайындалды. Сұлтан Әбілфейіз баласы Жошыны жас кезінен халықаралық байланыстардың цин-қытайлық бағыты бойынша мамандандырған. Жошы Тарбағатайдан қашқан ұрыны қуып, шекараны бұзған екі қазақты цин билігіне өзі жеткізген. Іле генерал-губернаторы Илэту аталған оқиға туралы императорға баяндап, заң бұзушы үшінші адамның әлі де ұсталмағаны туралы хабарлаған. Ұсталған екі адамға алты айға канга тағып, кейін Әбілфейізге қайтару туралы шешім қабылданды. Әбілфейіздің ісіне риза болған император 1783 жылғы 4 қазандағы Жарлығымен (Цяньлун билігінің 47-жылы 8-айында, синмао күні) екі қазақты да ауыр жазадан босатуға, ал үшінші қазақты кешіруге бұйрық берді [ВД, 2015, 234-235].

Абылай ұлы Уәли хан жас кезінде әкесінің тапсырмасы бойынша Ресеймен шекаралас өңірлердегі мал ұрлығы мен адамдарды тұтқынға алу мәселелерімен айналысқан. Сұлтандар бала кезінен әкелерінің немесе басқа билеушілердің кепіл болуымен халықаралық істерге араласа бастады.

Уәлисұлтан кіші інісі Әміртайды император Цяньлунның 80 жылдық мерейтойына орай жіберген елшілік делегацияның басшысы ретінда тағайындайды. Ол жеткіншек бала болғандықтан, патша 1791 жылғы 3 сәуірдегі Жарлығымен оны алып жүрген керуенге аса қатты жүрмеуді бұйырды [ВД, 2015, 264]. Бәлкім бұл бұйрық жас сұлтан арбаға мінуге дағдыланбаған, тек салт жүруге ғана үйренгендіктен берілген болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жас сұлтандар үнемі сауда істерімен айналысты. Оларға хандардың қол астындағы көшпелілер арқылы халықаралық сауда керуендерінің өтуін ұйымдастыру, келесі билеушінің иелігіне

жеткенге дейін қамқорлық жасау тапсырылды. Әбілқайыр ханның ұлы Айшуақ (Аучувак) сұлтанның саудаға саудагерлер санының 30 адамнан жүз, екі жүз адамға дейін көбеюіне әкелді. Тіпті оларға «жиырма үш түйеге артқан әр түрлі тауарлары мен күмістері бар» бұхаралықтар мен хиуалықтар қосылды [Сулейменов, Басин, 1981, 195]. Ортаазиялық көпестердің керуендері тауар тиелген 300 түйеге дейін жетті (мысалы 1830 жылы).

Қазақ билеушілері дипломатиясының тарихы олардың даралығын, не қалайтынын, туыстық қатынасын, күнделікті тұрмысын, сауаты мен мәдениетін көрсетеді.

Олар тибет пен қытайдың, Шығыс пен Еуропаның медицинсын игерді. Түрлі дәмдеуіштер мен олардың емдік қасиеттері туралы білімдері артты. Хан-сұлтандар көбінесе шекара әкімшілігінен емдік қасиеті бар дәрі-дәрмектер мен дәмдеуіштерге, шай мен темекіге тапсырыс берді.

Әбілмәмбет хан өзі жіберген сыйлықтары үшін сияпат қайтарушыға жауап ретінде былай деп өтініш жазды: «маған, Әбілмәмет ханға, не қажет екенін, осы хатпен көрсеттім: жүрек ауруына арналған дәрі-дәрмек, бұрыш және көкірек ауруы мен безгекке арналған зімбір, тотияйын және бір десте қағаз жіберіңіз ...» [ЭНПКЭ 1, 255].

Сібірдегі, Синьцзяндағы шекаралық қалаларда, бекіністер мен қорғандарда емдеу өте қымбат болды. Абылай сұлтан осы мәселеге байланысты 1758 жылы генерал-майор А.Тевкелевке шекара командирлерінің озбырлығына шағымданды. Абылайдың қол астындағы Рай есімді адамын бір поручик аяусыз ұрған. Оны қорғанда орыс емшісіне емдеуге тура келеді. Дәрігер жасаған емінің ақысына 4 жылқы, 20 қой алған. Салыстырмалы түрде алсақ, Рай қазақ емшісіне емделіп, оған бір түйе, бір жорға төлеуіне болатын еді [КРО 1, 567].

Хан-сұлтандардың старшындар мен қарапайым малшылардың тағдырына араласуы өзара тиімді болды. Олардың (хан-сұлтандардың) Шыңжаңда ұрланған және ұсталған босқындарға, жазаланғандар мен бақташыларға, көпестерге қатысты аламасқан хаты өте көп. Бұл деректер сол дәуірдегі екіжақты қарым-қатынасты, қазақ қоғамындағы билеушінің орнын көрсетеді.

Абылай сұлтан 1858 жылы өз батырлары Құлеке мен Құлсарының 200 жылқысын қайтаруды сұрап, бұл туралы елші Жолбарыс сұлтан арқылы патшайымға хабарламақ болған [ЭНКПЭ 1, 294]. Сол жылы ол Орынбор әкімшілігіне қол астынан қашып кеткен орыс боданда-

ры – башқұрттарды, мещеряктарды және орыстарды сұрамайтынын, бірақ одан бөлек екі қалмақ күңін қайтару туралы жазды. Күңдердің бірі одан екі ұл, бір қыз туған. Сондай-ақ Абылай қалған қалмақтар мен сарттарды және басқа да тұтқындарды қайтаруды сұрады [ЭНП-КЭ 1, 292].

Уәли сұлтан 1969 жылы Қытайға барған алғашқы сапарында Тарбағатайға қашқан байжігіт руынан шыққан Ералы есімді жігіттің әкесіне қайта оралуын сұрайды [ВД, 2015, 194-195].

Ақтамберді старшынынан ұрланған 1100 малдың 900-ін қазақтар цин барымташыларынан қайтарып алғаны туралы Әбілфейіз сұлтан жазды [ВД, 2015, 197-195].

1760-1769 жылдары император Цяньлун қазақтарды Ресейден аластату үшін қатаң саясат ұстанды. Әсіресе, Абылай өз мұрагері Уәли сұлтанды Бейжіңге жібергенге дейін үлкен қысым жасады. Көрші мемлекеттер сұлтанды «отырса опақ, тұрса сопақ» қылды. Тіпті өмірінің соңында Әбілфейіз сұлтанның ұрпақтары мен әйгілі қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпақтары одан бас тартты.

Көрші елдердің әкімшілігімен, басқа да Шығыс билеушілерімен үнемі хат алмасу – барыс-келісті жалғастыруға ықпал етті. Осы арқылы олар бір-бірінің ішкі-сыртқы жағдайынан, бір-біріне деген ниетінен хабардар болып отырды. Мұндай хат алмасудың кең етек алғаны соншалық, екі жақ та көбінесе хат-хабар тасушы шабармандарды осындай сылтаумен барлауға жіберетін. Хан-сұлтандар мұндай істерді көбінесе ұлдарына тапсыруды жөн көретін. Себебі бұл оларға дипломатияның өзіндік бір мектебі саналатын. Сонымен қатар, олар қылмыскерді жазалау мен айыппұлды өтеу бойынша өз елінің заңдарын үйренетін. Ханзадалар көрші елдің менталитетімен, мәдениетімен, саяси-әкімшілік және экономикалық құрылымымен танысады. Жас сұлтандарға старшындар мен батырлардың өзге елде «аманат» болуы қатал мектеп еді. Сондықтан да олар басқа елдің тілі мен жазуын үйренді. Мұрагерлер халықаралық қатынаста тәжірибе жинап, кейбірі, жоғарыда айтылғандай, жекелеген елдер бойынша маманданды. Бірақ, жалпы алғанда, Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі билеуші сұлтандарына қарағанда, хандардың іс қағаздарды жүргізуі жеңіл болды.

1848 жылы мемлекеттік кеңесші Н.Любимов Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне былай деп жазды: «Сұлтан билеушілердің бүкіл кеңсесі бір хат жүргізушіден, бір хатшыдан және жалдамалы тілмаштан тұрады» [Сулейменов, Басин, 1981, 212].

Әдетте, ханның қол астындағы бір адам – хатшы, тілмаш және бала оқытушы болуы мүмкін еді. Сонымен қатар, егер қолайлы адам болса, ол барлық қажеттілікке байланысты уақытша міндеттерді де атқара беретін. Бірақ, бар қажеттілік – хат тіркеуден басталатын. Мысалы Кенесары ханның хатшысы – әрі молла, әрі хан балаларының ұстазы, әрі сарбаздарды, малды, қару-жарақты және басқа да мүліктерді есептейтін іс басқарушысы болды. Дегенмен хандар көбінде өздерінің бұйрықтары мен құпия өкімдерін ауызша жеткізе алатын елшілеріне сүйенді. Хатшылар көбінесе Орта Азия хандарының, орыс және Цин әкімшілігінің эмиссарлары болды. Ханның хат-хабарлары көші-қон кезінде өзімен бірге алып жүретін бір сандыққа сыйып кететін. Хатшылар мүмкіндік бола қалған кезде түрде өзге елдердің хаттарының көшірмелерін жасырын жасаумен айналысты. Соның нәтижесінде кейбір құжаттардың немесе айтылған мәліметтердің мазмұны көрші елдерге тарап, сол арқылы бізге жетті.

Көшпенділер арасында, әсіресе араздасқан рулар арасында барымта, керуен тонау, тұтқындау, қашқындарды жасыру жиі кездесетін іс болды. Шекара маңын қоныстанған қазақтарға қазынаға қарасты жылқыларды айдап кеткені үшін аса ауыр жаза қолданылды. 1777 жылға қарай Іле аумағына 20-дан астам қарауыл қойылды. Олар қазақ ауылдарына жақын келгенімен, Цин гарнизондарында оларды толық қоршауға алатындай жауынгер жоқ еді. Осыны анық байқаған қазақ батырлары жылқы барымталауды әдетке айналдырды. Бұл туралы шекара шенеуніктерінің мәнжу тіліндегі көптеген баяндамалары Әскери Кеңестің (Цзюньцзичу) қорында сақталған. Мал ұрлығы көшпелі елдердің өз ішінде және мемлекетаралық деңгейде болды. Көшпелілердің мұндай қылмыс жасағандарды жазалайтын заңдары да ұқсас болды. Себебі барлығы да Шыңғыс ханның Ясасына негізделіп, уақыт өте келе нақтыланып, толықтырылған еді. Бірақ бұл түзетулер мен толықтырулар көшпелі халықтардың ғасырлар бойы қолданылып келген әдеттегі құқықтық баптарының мәнін өзгертпеді. Ресей мен Қытайда көшпелілерге қарағанда халықтың, мемлекеттік жылқы зауыттары мен әскери гарнизондардың малын ұрлағандар қатаң жазаланды.

Империяның шеткері аймақтарын мекендеген халықтардың көтерілісі кезінде барымташылық күшейе түсті. Бұл қазақтардың көтеріліске араласқанын білдірмейді, бірақ оларға жанашырлықпен қарады. Бірақ олар бұл жағдайды өз пайдасына шешкісі келді.

Көтерілісшілер қазақтардан да жылқы айдап әкетті. Мысалы 1758 жылы Абылай сұлтан шығыста Жоңғарияда құрылып жатқан Іле аймағымен сауда қатынастарын орнату мәселелерімен айналысып жүрген кезде, көтерілісшілер оның жылқысын айдап кетпек болды. Алайда Абылай сайлауыттары Ертістің Ресей шекарасы маңынан жылқының көп бөлігін қайтарып үлгерді. Абылай бұл жайлы орыс өкіметімен үнемі хат алмасып тұрды. Сұлтанның Сібір губернаторы Ф.И. Соймоновқа жазған хатында 7000 жылқы туралы айтылған. Ал Әбілфейіз саудагерлері, анығырақ айтсақ, Отаршы батыр Цин билігіне 4000 жылқы туралы айтқан. Мұндай ірі барымта бұдан кейін болған жоқ. Әрине, бұл орыс бекіністерінің командирлерінің араласуымен шешілген болатын. Жоңғар хандығын талқандау кезінде барымта күшейді. Мысалы сол кезде қазақтарға тұтқынға түскен қалмақ орыс көпестерінің: «аштан өлгенше қырғыз-қайсақтың қос-қос жылқысын айдап әкетіп, жеңдер» деп айтқанын жеткізеді. [ЭНПКЭ 1, 293].

Орынбор билігі қазақтардың сұрауына жауап бере отырып, башқұрттардың немесе қалмақтардың қазақ жылқысын ұрлауына қазақтардың өздерінің осындай әрекеті себеп болғанын бірнеше рет айтады. Алайда бұл кезде башқұр та, қалмақ та Ресей империясының ертеден бергі бодан халықтары еді.

1755 жылғы башқұрт көтерілісі, 1773-1775 жылдардағы Пугачев көтерілісі кезінде Жайық бойында мал ұрлығы көбейді. Бұл кезде көрші елдер қазақ билеушілерімен байланысты күшейтіп, оларды қол астында ұстауға тырысып, барымтаға түскен малды қайтаруға көмектесті. Бұл кезде көбінесе тұтқын алмасты.

Іле өңіріндегі Сибо әскери гарнизоны Іле өзенінің оңтүстігіне қарай «ғұн» атағы бар құнан Абылай, Әли мен Әбілфейіз сұлтандардың, сондай-ақ Жетісудағы абылайлықтардың екінші және үшінші ұрпақтарының қоныстарында орналасты. ҚХР-ның бірінші тарихи мұрағатында Іле генерал-губернаторы мен шекара гарнизондарының командирлері жинақтаған шекарадағы мал ұрлығы туралы көптеген мәлімет сақталған. Деректер 1805-1841 жылдар мен 1818-1832 жылдар аралығын қамтиды [КХР АТМ, «Хабарламалар» қоры, Цзюньцзичу Энциклопедияны қараңыз, 145-147 және 493- 496].

Бұл кезең шетелдегі діни жетекші ходжалар бастаған ұйғырлардың ірі көтерілістері кезіне тура келеді. Осы кезде Қазақ сұлтандары – Әділ, құнан Абылай, Әбілфейіз, Әли, Қонысбай (ағалық) және т.б. қатарлы старшындар Цин шекара қызметіне ірі қара мал мен жылқыларды қайтаруға көмектесеті. Кейде қолға түскен ұрыларды

шекара билігіне әкеп беріп отырды. Соғыс кезіндегі қатаң заң бойынша олар жазаға тартылып, мойындарына бұғау (канга) салынып, өлім жазасына кесілуі де мүмкін болатын. Ұрлық жасағандардың жеке адамдар екенін айтып, оның саяси себептерін төмендетіп немесе жасырғаны анық. Біз үшін бұл құжат Қазақ сұлтандарының мемлекеттілігі болмаса да, халықаралық қатынас жасап отырғанын дәлелдеуімен маңызды. Сұлтандар өзіне бағынышты адамдар үшін жауапты болды. Этникалық қауымдастықты мойындаған кезде сұлтандар өздерін жеке князьдіктердің княздері секілді ұстады. Олар Құлжамен де, Омбымен де тәуелсіз қарым-қатынас орнатты. Алайда, бұл князьдіктерде жасы үлкенін құрметтеу – жақын туыстық, менталитет пен мәдениеттің бірлігіне байланысты болды. Бұл саяси-экономикалық бірліктің, мәжбүрлеу мен ортақ құрылымның әлсіреген тұсындағы қазақ қоғамы мен мемлекеттілігінің бірегей кезең еді. Ол этникалық бірлік пен сыртқы күштердің тепе-теңдігінің арқасында сақталды.

Барлық қарама-қайшылыққа қарамастан, қазақтарға ең жақыны ойраттар мен қалмақтар еді. Себебі олар да өздері секілді көшпелілер болатын. Көшпелі шаруашылық дағдылары, ғасырларға жалғасқан қарым-қатынас – олардың тарихында өшпес із қалдырды. Түркі және моңғол халықтары ғасырлар бойы мал шаруашылығында жинақталған ортақ бай тәжірибеге ие болды. Мал дәрігерлік деңгейімен қарағанда жылқыларда, сиыр мен ұсақ малда кездесетін бірдей аурулар басқаша аталды.

Көшпелілерді ең әуелі дін бөлді. Исламның қазақ және басқа да түркітілдес көшпелілерге таралуы оларды моңғолдардан алыстатты. Олардың арасында әртүрлі әлемдік діндердің таралуына қарамастан бақсылық пен бақсылар ерекше құрметке ие болды. Сонымен қатар, ойраттар мен қазақтарға ортақ саяси және әскери термин көп. Екі халықтың тілінде де бір-бірінен енген сөздер аз болған жоқ.

Цин империясына мемлекеттік тіл ретінде төрт тіл қолданылды: мәнжу, қытай, моңғол. Шығыс Түркістанды жаулап алғаннан кейін оларға ұйғыр тілі мен шағатай жазуы қосылды. Соңғысын Цин дипломатиясы негізінен қазақтармен, қырғыздармен және Орта Азия хандықтарымен хат алмасу кезінде қолданды. Мәнжу тілінде түркі тамыры бар сөздер сақталған. Кейбір тіл мамандары олардың тілін Алтай тілдер тобына жатқызатыны туралы айтты. Қазақ классикалық әдебиетінің үздік аудармашылары сибо өкілдері болатыны кездейсоқ емес. Мысалы, Абай өлеңдері мен прозасын қытай тіліне аударған

аудармашы сибо Ха Хуаньчжан (1928 жылы туған), Тарбағатай қаласының тумасы. Ол М.Әуезовтің «Абай жолы» романын да аударды. Оның әдеби лақап есімі – Хабай. Бұл 1764 жылы сиболарды Шыңжаңға қоныс аударғаннан кейін сиболар мен қазақтар түркі халықтары ретінде қоян-қолтық өмір сүргендігімен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, көшпелілердің ер-тоқымының құйрықбасары әр түрлі болды. Екі халық та сол малды өсіргеніне қарамастан, қазақ жылқыларының табаны недәуір жалпақ болды, себебі қазақтар ол кезде ат тағаламайтын. Көзіқарақты адам қазақ жылқысы мен мәнжу жылқыларының ізін бірден ажырататын. Қытайды жаулап алғаннан кейін мәнжулер түркі халықтарының көшпелі мәдениетіне жақын болды, оларды ханьдықтарға қарағанда оңай және жақсы қабылдады. Ханьдықтар дәстүрлі түрде Орталық Азияны көшпелі және отырықшы деп екіге бөлді. Орта Азия аумағы мен Шыңжаңның оңтүстік бөлігі «Мұсылмандарға» (回 部 – huibu), ал ойраттар мен қазақтар Чжуньбаға (準部) жатқызылды. «Мұсылмандардың» шекарасы нақты шегенделмеді, бірақ Цин әкімшілігі аймақтың жалпы географиясын оңай игерді.

Хат алмасудың кеңеюі қағазға деген сұранысты арттырды. Хандар мен сұлтандар Орынбор билігінен Қазақстанда өндірілмейтін осы бір қымбат тауарды жіберуді жиі сұрайтын. Әбілмәмбет 1743 жылы, ал Барақ сұлтан 1744 жылы қырық парақ жіберуді сұрады [ЭНПКЭ 1, 255 және 264]. Қағаз болмаған кезде сұлтандар орыс және Қытай бекіністерінен келген хаттың артына хат жазды. Бір қызығы, бұл хаттың алынғанын және жауаптың шынайылығын растайтын белгі есебінде де қолданылды. Цин патшалығымен қарым-қатынас орнағаннан кейін хандардың қағазға деген қажеттілігі артты. Сонымен қатар, қытай нарығы орыс, Самарқан, Қытай және Қашқар қағаздарын алуға мүмкіндік берді. Хандар мен сұлтандардың көптеген хаттарында жергілікті орыс губернаторларына да қағаз жіберу туралы өтініштер кездеседі.

Қытайда да хандарға мөрдің қажеттігі ескеріліп, оны қазақ билеушілеріне таныс формада жасап беріп отырды. Осылайша, хандар арасында жазбаша мұрағат жинақталды, бірақ көшпелі өмірде оны сақтау қиын еді, сондықтан да біртіндеп жоғалды. Алайда, құжаттардың кейбір түпнұсқалары көрші елдердің мұрағатында сақталып қалған.

Хат жазу үшін Қазақ хандары қалмақтың «тодо бичиг» – «ашық хатын», түркі шағатай жазуын, араб графикасындағы парсы, ұйғыр

тілдерін, сондай-ақ мәнжу тілі мен жазуын қолданды. Көбінесе ресейлік ресми құжаттарда: «татар тілінен аударылды», «түпнұсқасы татар тілінде», «түпнұсқа татар хаттарында» деген белгілер болды. Сондай-ақ, олар «татар диалектісінде» сөйлесті және т.б. ескертулер бар. Атақты аудармашылар өздері туралы «татар тілінің аудармашысы» деп жазды. Олар ел ішінен ауызша ақпарат жинап, оны шенеуніктерге жеткізіп тұратын. Кейде іссапар құжаттарына естігендері туралы көлемді есептер жазатын. Олар сәті түссе, басқа билеушілердің хандарға жолдаған хаттарын алуға, оны қайта жазуға тырысты. Қазақ билеушілеріне басқа елдерден жолданған хаттарды жаттап алу, көшіру, тіпті жиі ұрланатын.

Мұны әсіресе молдалар оңай іске асыратын, себебі олар араб графикасы мен түркі тілдерін білетін және олар ордада құрметке ие еді. Яғни ордаға емін еркін кіріп-шығуға мүмкіндігі болды.

Қытай мұрағаттарындағы хаттарда: «бөтен (жабайы) тілде, жабайы жазуда» деген ескертпелер бар, бұл көбінесе араб графикасын қатысты білдіретін. Ал моңғол және мәнжу тілдері оларға жақсы таныс еді.

Көптілділік қазақ хандарының бірнеше тіл білетін хатшылар ұстауына негіз болды. Олар татар, башқұрт, мишар (бұрыңғы мещеряктар), бұхаралық (тәжіктер, ұйғырлар), шұғыл жағдайда уақытша моңғол мен мәнжу тілмаштар ұстады. Мишарларды хатшылыққа Сібір және Орынбор билігі жиі жіберетін. Өйткені олар казактар тобына кіретін, оларыдң арасында кейде шоқынғандары да кездесіп қалатын. Мишар тілмаштардың орыс әдет-ғұрыпы мен орыс тілін білуі қазақтарға пайдалы болды [ЭНКПЭ, хатшылар кестесін қараңыз, 1. 615-616]. Өзінің демократиялық саясатын көрсету мақсатында қазақ билеушілері Орынбор губернаторларынан Ордаға «іс жүргізу үшін және бала оқыту үшін» татар тілінің аудармашыларын жіберуді сұрады.

Сауатты татарлар, башқұрттар, сарттар, тәжіктер, ұйғырлар хандар арасында жоғары бағаланды. Алда-жалда орыстардың қолына түссе, оларды тұтқыннан босатуды талап етті. Хатшылар мен молдалар көбінде тексеру мен қарулы қақтығыстарға қатыспайтын. Шын мәнісінде, «Хандар жеті тіл білуі керек» деген ортақ пікір іс жүзінде сирек орындалатын. Бұл тұрғыда Абылай ханның тәжірибелік сипаттағы өте қысқа бейресми жеке жазбалары ғана сақталған [Линь Юнкуан, Ван Си, 1991]. Орыс және Цин әкімшілігінде ауызша аудармашылар мен жазбаша сауаты бар адамдар үшін ақы төлеуде айырмашылық

болды. Татар және орыс аудармашылары көбінесе хаттың негізгі бөлімін айтушының деректеріне сүйеніп, өз ойынан жазып, соңында жоғары лауазымды тұлғаның қолымен куәландыратын.

Қазақ хандығы Ресеймен және Цин империясымен арадағы дипломатиялық келіссөздері моңғол тілінде жиі жүргізілетіні жайлы бұрын да атап өткенбіз. [Хафизова. Китайская дипломатия..., 1995]. Император Цяньлун өз жарлығында 1759 жылы Қазақ хандарының саудагерлерімен сауда-саттықтағы сәтсіздіктерге қазақ-цин сауда жәрмеңкесі ашылған Үрімші шатқалындағы жауапты шенеуніктің моңғол тілін білмейтіндігі себеп болғанын атап өтті. Ол Нусань мен Юндэ гвардиясының офицерлеріне ұйғырларға қарсы жорықтан оралғаннан кейін Үрімші сауда істерімен айналысуды бұйырды [Лин Юнкуан, Ван Си, 1991, 144]. Яғни Жоңғар хандығын жаулап алғаннан кейін моңғол тілін білетін офицерлерді Ұлы далаға жіберді. Олар жас ерекшелігіне байланысты жылқының бағасын, жалпы күйін білетін еді. Сонымен қатар, олар әскери командир ретінде императордың сеніміне ие болған болатын. Император оларға сенім артты. Елшілерді астана-байтаққа немесе императордың жазғы, қысқы сарайларына жеткізуге солар жауапты болды.

Халықаралық байланыстардың кеңеюі, ынтымақтастықтың тереңдеуі – өркениет шеңберінің ұлғаюына, көшпелілердің саяси мәдениетінің дамуына ерекше ықпал етті.

## Қазақ иконографиясы

XVIII-XIX ғасыр мен біздің арамызды бар болғаны екі-ақ ғасыр бөліп тұр. Алайда, біз тарихи қайраткерлеріміз жайлы өте аз білеміз. Біз олардың кейбірінің бейнесін XIX ғасырдың екінші жартысында, ойдан сызылған суреттер мен қазақ билеушілерінің Ресеймен тығыз байланысынан білдік. XIX ғасырдың ортасынан бастап біз олардың келбетін батыс Еуропа, орыс және Қытай суретшілері сызған портреттерінен көрдік. Авторлар Қазақ хандығы қайраткерлерінің бейнесін Бейжің мен Тайбэйдегі Гуғұн мұражайларынан, ҚХР Бірінші тарихи мұрағатынан табуға тырысты. Оған негіз де жоқ емес еді. 1754 жылы Цин билігіне өткен жоңғар хандары – Дабашы, Әмірсана, дөрбеттің (дербет) үш князінің портреттерін салуға қатысты сарай суретшілеріне берген тапсырмасы туралы ақпарат авторлардың ізденісіне жол ашты. Әдетте портреттер мен жанрлық көріністер Чэндэ Бишу шанчжуандағы (көлеңкедегі ауыл) жазғы резиденцияда жазылған. Сонымен қатар, Орталық Азияның әр түрлі елдерінен келген елшілердің, астанада жоғары ресми қабылдауға ие болғандардың суреттері салынды.

Әуелі XVIII ғасырдың екінші жартысындағы сарай маңы суретшілерінің тізімін жасау керек. Олардың арасында еуропалық бірнеше миссионер де болған. Миссионерлер қызметке кіріспес бұрын Қытай есімін иеленіп, тиісті дәрежедегі Цин шенеуніктерінің киімімен жүруге мәжбүр болды.

Қытайда ежелден тушпен кескіндеме (живопись) салу кең дамыған. Сол арқылы мифтік және қолға үйретілген жануарлар мен құстарды, пейзаждарды, жанрлық көріністерді, танымал адамдардың портреттерін салған. Сонымен қатар, б.з.д. III ғасырда қылмыскерлердің жазбаша және көркем портреттері қала көшелеріне ілінген. Б.з.д. II ғасырда сарай маңы суретшілері мен ғибадатхана суретшілері сарай өмірін, қытай билеушілерінің шетелдік қонақтармен кездесулерін бейнеледі. Монастырьлар мен монастырьлық үңгірлердің күмбездерінде батыс керуендері мен «жатжерліктер» бейнеленген. Бұл суреттің барлығы қытай кескіндеме стилінде монохромды және полихромды сүрмемен боялған.

XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасырдың ортасында қытайлар католиктік миссионер суретшілер арқылы еуропалық майлыбояумен танысты. Сарайға шақырылған кейбір итальяндық, неміс және голландиялық суретшілер императордың портретін, сарай өмірінің

көріністерін бейнелейтін сурет сызуға тапсырыс алатын. Цин патшалары Қытай кескіндемесінің еуропалық майлыбояудан гөрі жоғары екендігіне сенімді болды. Сондықтан Батыс суретшілері кейде қытай кескіндеме техникасын немесе оның кейбір әдістерін үйренуге тырысты. Бейжіңдегі Тыйым салынған қала – Гугун мұражайында, Нанкин мұражайларында, сондай-ақ басқа қалаларда сарай қабылдаулары мен шетелдік қонақтардың қатысуымен өтетін ойын-сауық бейнеленген картиналар бар.

XVIII ғасырдағы суреттерден киім киісі мен бет-әлпеттерінен қазақ елшілерін оңай тануға болады. Бұл суреттерді сәйкестіру арқылы елшілерді, тарихи тұлғаларды, әсіресе қазақ хан-сұлтандарының жақындарын, олардың балалары мен жиендерін және басқа да тарихта белгілі тұлғалар болғанын анықтайтын үлкен жұмыс күтіп тұр. Сонымен қатар, елшілердің нақты есімдерін, олардың Қытайға не үшін барғанын, қанша уақыт болғанын білуге болады. Қонақ қабылдау кезінде олардың лауазымы бойынша отырғаны белгілі, демек суреттердің нақты хронологиясы болса, бейнеленген адамдарды анықтауға болады. Алайда, суреттердің көпшілігі әлі де қоймаларда жатыр. Ал қытай жағы өз қазынасын бірден аша салмайтыны ақиқат. Басты себеп – бұл мәселенің әлі де өз зерттеушісі жоқ. Ал шетелдік зерттеушілерге өздері әлі зерттемеген түпнұсқаны ешкім бере салмасы белгілі.

Қытай патшалары кескіндемеге (живопись) қолдау көрсетіп отырды. Юань дәуіріндегі Құбылай хан тұсында (1271-1368 ж) алғаш рет Шыңғыс хан мен оның ұлдарының ресми портреттері жасалды. Цин патшалары да осы дәстүрді ұстанды. Олардың жазғы, қысқы сарайларында әскери және азаматтық істерде ерекше көзге түскен адамдардың портрет галереясы құрылды. Сонымен қатар, императорлар сарай суретшілеріне Орталық Азия билеушілері сыйға тартқан жылқылар мен қыран құстардың және т.б. суретін салуға тапсырыс беретін.

Императорлар шетелдік қылқалам шеберлері мен миссионер-суретшілерді де майлыбояумен портреттер салуға шақыратын. Император Канси мен оның немересі Цяньлун моңғол князьдеріне бағынған Орта Азия хан-сұлтандар өкілдерінің портреттерін сызуға тапсырыс беріп, оларды жаңа жылдық қабылдауларда, жазғы және қысқы резиденцияларда өткізілетін мерекелерде, аң аулау мен жарыстарда өздеріне сыйға беретін. Кейде елшілер арқылы тарту ретінде беріп жіберетін.

Император Цяньлун қытайлық, сондай-ақ сарайда қызмет ететін еуропалық миссионер-суретшілерге өзіне қызмет етуге келген ортаазиялық шонжарлар мен ақсүйек тұтқындардың, билеушілердің табиғат аясындағы портреттерін жазуды бұйырды. Цяньлун императордың осындай бұйрықтарының бірі – «жатжерлік» (еуропалық) суретшілерді шақырып, үш Цэрен мен басқалардың портретін «олардың келбеті ұрпақтарына дейін жетсін» деген талаппен салғызуы еді. Император Цяньлун 1755 жылы қаңтарда жесір Ханшайым – анасының туған күніне арналған мерекеге байланысты суретшілерді жазғы резиденцияға әкеліп, осы мерекені және қысқы аң аулау көріністерін түсіру (сызу) туралы жарлық шығарды [Гаоцзун шилу, 476, 1-2].

Жэхэ түпкіріндегі «Бишу шаньчжуан» жазғы резиденциясындағы мерекені және Жоңғария мен Шығыс Түркістандағы шайқас көріністерін бейнелейтін жібек пен қағазға сызылған тұтас жиынтық бар. Солардың арасынан қазақ хандары мен қазақ елшілерінің, басқа да қайраткерлердің портреттерін табуға болады. Одан бөлек Қытайда өздеріне белгілі этникалық жұптардың ұлттық киім киген ерлі-зайыптылары бейнелеген альбом бар. Олар жаулап алынған халықтар мен ресми әдебиетте жазылғандай, қытайдың бодан халықтары. Цяньлун патшаның (1736-1796 жылдары билік еткен) ат үстінде, үстел басында, аң аулау мен салтанатты қабылдауда, мерекелер мен үй жағдайында, сондай-ақ басқа да салтанатты жиындардағы, жанрлық көріністердегі көптеген ресми және басқа да портреттері бар. Бұл император қытай мәдениетінің деңгейіне және суретшілерінің жоғары шеберлігіне тәнті еді, бірақ сонымен бірге еуропалық қылқалам шеберлерінің артықшылықтарын да мойындайтын. Император қытайлық дәстүрлі кескіндеменің майлыбояумен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екеніне сенімді болды.

Әр түрлі дәуірлердегі Даңқ галереяларында мәнжу мен Қытай қайраткерлерінен бөлек, империяның басқа халықтарының өкілдерінің портреттері де бейнеленген. Олар үлкен шайқастарға қатысып, елдің дамуына күш салғандар (кітаптың арнайы бөлімін қараңыз). Цин империясында жатжерліктер дәстүрлі киімін киіп, марапаттары мен атақ-дәрежелерін тағынып, шен-шекпенін киген мәнжу шенеуніктерін жиі сызатын.

Саяхатшылар Ұлы далаға өздерімен бірге суретшілер ала барса немесе өздерінің суретшіліктен хабары болса, керемет сәттердің куәсі болар еді. Олардың арасында Томас Витлам Аткинсон [Томас

В. Аткинсон. Восточная и Западная Сибирь. История Казахстана в западных источниках XII-XX в. Т. 8. - С. 61-194]; оның әйелі [Люси Аткинсон. Воспоминания о степях Татарии и их обитателях. - С.195-310], өзімен бірге Тянь-Шаньға саяхатқа П.Кошаров пен мәнжулердің, ұйғырлар мен моңғолдардың, қазақтардың және т.б. бірнеше ұлттың портреттерін салған суретші, Шыңғыс ұрпағы Ш.Уәлихановты ерткен П. Семенов-Тяньшанский болды.

Алайда XVIII-XIX ғасырларда кез келген қазақ пен моңғол суретін салуға келісім бере бермейтін. Бұған исламдық және көшпелілік ежелгі сенімдері әсер етті, өйткені сурет арқылы адамға зиян келтіруге болады деп сенді. Мысалы Шығыс Түркістанда жорықтарымен танымал болған қарақшылардың жетекшісі Кубалдос өз портретін Томас В.Аткинсонның салғанын қаламады. Дегенмен ол өзінің қара барқыт шапанымен, қызғылт тымағымен, беліне байланған аң терісі мен атлас орамалымен ерекше көз тартатын еді. Бәлкім Кубалдос портреті арқылы өзін танып қалған билеушілер, қарақшылығы үшін жазаға тартыуы мүмкін деп алаңдаған болуы да мүмкін.

Түркі халықтарының бәрі бірдей адам бейнесін кескіндеуге болмайды деген мұсылмандардың қатаң ережесін ұстанған жоқ. Мысалы академик Ә.Марғұлан (1904-1985) қазақ иконографиясын жинаумен айналысты. Оның топтамасындағы портреттер мен басқа да суреттер Сорос-Қазақстан қорының қаржылай қолдауымен біздің ғасырдың басында ғана жарияланған [Казахи. Лики народа, 2001]. Альбомнан Т.В. Аткинсон сызған және оның әйелі Люси ауызша жеткізген портреттерді, жанрлық көріністерді көруге болады. Саяхат күнделіктерінің альбомы мен мәтіндері бір-бірін сәтті толықтырады. Өкінішке қарай, альбомдағы суреттердің түпнұсқадан айырмашылығы – ақ-қара түсті және жеке тұлғаларды анықтауда қателіктер кеткен. Аткинсонды, яғни мұндай экзотиканы көрмеген еуропалықты қазақтардың киіміндегі бояу үйлесімі, өзен-көлдердің, алқаптар мен таулардың ғажайып көріністері, күннің батуы мен таңның атуы, дауылдар мен жер сілкіністері жиі таңдандырады.

Т.В. Аткинсонның суреттерінің арасында белгісіз тұлғалардың, Қазақстанның шығысындағы, оңтүстік-шығысындағы Қытаймен шекаралас өңірлерде көшіп жүрген Абылай ұрпақтарының портреттері бар.

Ағылшын суретшісінің ақпаратының құндылығы – ол Орталық Азия аймағын Ресей мен Цин империясы бөліп алғанға дейінгі аумағын және сол бөлінбеген өңірде өмір сүріп жатқан тұрғындарын

бейнелегендігі. Ол кезде Ресейдің үлкен бекінісі – Қапал (Қопал) қытайдың Құлжа қаласы мен Ресейдің Барнауыл қаласынан мың шақырым алыста жатқан болатын.

Қазақтардың өзара шапқынға жалғасқан барымталарына қарамастан, орыс билігі мен қазақ сұлтандарының ұсыныс хаттарының арқасында ағылшын саяхатшысы аман-есен өтті. Орыс патшасы І Николай саяхатшыларға қамқор болды. Алайда еуропалықтарға қытайлық Татария баруға рұқсат етілмегендіктен оларды тез арада шығарып жіберді. Соған қарамастан, Аткинсон Ресей мен Шығыс Түркістан (Татария) өзара бөлісе алмай отырған аумақтарда өмір сүрген қазақ көсемдерінің әдемі портреттерін қалдырды.

Бізге Абылай ханның шынайы портреті жеткен жоқ, бізде тек оның тікелей ұрпақтарының, ұлдары мен немерелерінің бейнелері ғана бар. Десе де немересі Тезек сұлтанның жолы болды. Оның П.Кошаров салған екі портреті, Ш.Уәлиханов салған бір портреті және П.Семенов айтқан сырт келбеті туралы егжей-тегжейлі сипаттамасы сақталған.

Сұлтандардың ішінде ағылшын коллекционерлеріне ең танымалы – Абылайдың ұлы Сөк (Сюк). Ол 1849 жылы 80 жастан асқан қария болатын. Сөк Абылай өлерден бір-екі жыл бұрын ғана дүниеге келген. Оған әкесі Жетісу жерін мұраға қалдырған. Суретші де, оның әйелі де сұлтан туралы жағымды ештеңе айтпайды: қарақшылық шабуылдарға, оның ішінде Орта жүз қазақтарының ауылдарына жасалған шапқыншылыққа қатысы болғаны туралы жазды. Ол сондай-ақ: «... Ресей патшасынан зейнетақы алып, оған өз жерін сатқан. Тіпті Жоғары мәртебелі императорды алдаған. Барымта кезінде мұрнына айбалта тиіп, мұрны қисық болып біткен». Сұлтан қазіргі қисық мұрнын емес, бұрынғы түзу мұрнын салуды өтінген. Аткинсон «Портретте ол ашық қызыл шапан киіп, І Александр жіберген алтын медаль мен қылышты тағынып отырды. Ол оны мақтан тұтатын» деп жазды. [Первые английские путешественники в Казахской степи, 2006, 185-186].

Суретте Сөк үш әйел мен бір ер адамның ортасында аяғын айқастырып отыр. Оның тізесінде патша сыйға тартқан қынаптағы қылыш жатыр [Казахи. Лики народа, 2001, рис. 55]. Сұлтан Люсидің айнасындағы өз бейнесіне әрқашан қызығушылықпен қарайтын. Соған қарағанда, Қазақ даласында айна өте сирек кездескен. Сұлтанның жасы ұлғайғанына қарамастан, денсаулығы жақсы болды. Оның өмірге құлшынысы жоғары, белсенді өмір салтын ұстанатын.

Ол Ұлы жүз бен Орта жүз ауылдарына шабуыл ұйымдастырып тұратын. Люси Аткинсон да оны өз жазбасының «Сұлтан сергелдеңі» бөлімінде өте жағымсыз кейіпкер ретінде сипаттайды [Первые английские путешественники в Казахской степи, 2006, 185-186].



***Томас Аткинсонның Орталық Азияға саяхаттары туралы кітаптарға арналған иллюстрациялар.***

Сұлтан Қапалдағы ағылшын отбасына олардың Алатау атты кішкентай ұлын көруге және Люсидің айнасынан өз бейнесін көріп таңдануға жиі баратын. Соған қарамастан ол – балаларды жақсы көретін қамқор әке еді. Ол инені шебер игергені үшін Люсиге тағзым ететін.

Т.Аткинсон Жамантық сұлтанды «ең жақсы адам» ретінде сипаттайды. Сұлтан да, сұлтанның отбасы да Азияда кездестірген адамдардың ішіндегі ең зайырлы адамдар екенін атап өткен [Первые английские путешественники в Казахской степи, 2006, 179-180].

Портретте шапан мен ұшы сүйір қалпақ киген ірі денелі ер адам, оның жанында жас әйел, ал қарама-қарсы жас жігіт (балалары?) бейнеленген. Жамантық – бет әлпеті келісті, әдемі имек қасты, үлкен көзді, қалың қара сақалды.

Бек – ең бойшаң әрі ең бай сұлтандардың бірі атанған. Оның қойын айтпағанда, жылқысының өзі 10 мыңнан асатын. Ол портрет-

те ата-баба аруақтарына арнап ет асылған тайқазанның жанында бүркітін тамақтандырып отырған қалыпта бейнеленген. Оның әдемі екі қызы бар, үлкені – нағыз батыр. Ақын оның ата-бабаларының жорықтарын жырға қосқан. Осы жерде альбомда қате кеткен болуы мүмкін деген ойдамыз. Себебі суретшілердің сипаттауына қарағанда Бек ашушаң адам болған. Олай болса, Бектің бейнесі №58 портреттегі адам болуы керек еді. Ал қазан маңындағы адам өзін Ақсақ Темірдің ұрпағымын деп санайтын Әли сұлтан болу мүмкін.



***Томас Аткинсонның Орталық Азияға саяхаттары туралы кітаптарға арналған иллюстрациялар.***

Бұлания сұлтан – Жетісуда ерекше ықпалға ие. Оның да портретін Т.Аткинсон салған. Бірақ ол портрет дереккөз ретінде жиі қолданылатын «Қазақтар. Халық келбеті» альбомында жарияланбады. Бұлания Аткинсонға Ұлы жүз бен Орта жүз аумағында емін-еркін жүруі үшін «төлқұжат» берді [Первые английские путешественники в Казахской степи, 2006, 179-180].

Ағылшын суретшісі салған портреттерден біз әзірге осындай кейіпкерлерінің бейнесін көре аламыз.

Қытайда портрет кескіндемесі ежелден бері кең таралған. Адамдар суретшілердің алдында өзін тарихи батырлар секілді сезінді. Ал қылқалам шеберлері оларды тура солай кескіндеді. Суретшілердің

қай кезден бастап табиғи портреттер сыза бастағанын нақты айта алмаймыз. Сонымен бірге, ежелгі Қытайда қоғамдық тыныштықты бұзған қылмыскерлердің портреттері таныстары мен туыстарының айтуы бойынша, куәгерлердің мәліметтері негізінде сызылатын. Бұл портреттер базарлар мен алаңдарда, көшелер мен жолдарда ілінді (қытайлық әйгілі «Үш патшалық» («Саньго янь и») және «Өзен қойнаулары» (Шуйху чжуань) романдарын оқыңыз).

Қазіргі портреттік кескіндеме еуропалық кескіндеменің әсерінен дамыды. Еуропалық миссионерлер мен қытай суретшілері салған заманауи портреттер мен жанрлық бейнелер де бар.

Қытай патшаларының ресми сарайларында әйгілі тұлғалардың портреттері ілінген батырлар галереясы бар. Олардың арасында Қытайдың хань өкілдері ғана емес, сонымен бірге әскери және азаматтық ерлік көрсеткен басқа халықтар да болды.

Сондай-ақ әйелдердің, моңғол ханшайымдарының және император Цяньлунның (1735-1795 жж. билік еткен) ұйғыр кәнизагының портреттері болды. Онда әдемі киінген, жасыл ақықтан әшекей тағынған жас күң бейнеленген. Ал екінші бір картинада ұйғыр кәнизагы әскери қару-жарақ тағынған. Алайда келбеті мүлде өзгеше [Цяньлун хуанди цюань чжуан, 2002].

Жоңғария мен Қашқарияда соғысқа қатысқан, Ауғанстан мен Пәкістанда мәліметтер жинап, барлауда болған, Цин елшілігінің Тұрпандағы қазақтарға жіберген алғашқы жансызы, тұрпан билеушісі Эмин қожаның (额敏和卓) портреті жоғалған.

Әскери даңқ галереясының жылтыр күлгін Палатасындағы түркі тектес батырлар арасында ұйғырлардың ең текті өкілінің портреті ілінген. Цяньлунның портретке жазған жазбасында мынадай сөздер бар: «Жастайынан әділет жолына (дұрыс жолға) түскен тұрпандық. Әскери ерлігі үшін марапатқа ие болды. Ол мұсылмандардың (ұйғырлардың) психологиясын меңгерген. (Ненің не екенін) біледі, білгенімен міндетті түрде бөліседі. (Егер) сөйлесе, тек іс бойынша ғана сөйлейді. Жүрегі тастан жаралмаған, алайда өзгерту (өңдеу) мүмкін емес» [ЦХСТ, 4, 44].

Эмин қожа цанцзань дачэнь шеніне дейін жетті, одан жоғары тек цзяньцзюнь (генерал) мәртебесі ғана тұрды. Жорықта цзянцзюнь – қолбасшы, ал цанцзань дачэн – әрі орынбасар әрі кеңесшісі. Бұдан басқа, Эмин қожа долос цзюньван (екінші дәрежелі князь) атағын алды. Қытай ғалымдары Пань Чжипин мен Мяо Пушэн оның қысқаша өмірбаянын жазды. Олардың мәліметіне қарағанда, Эмин қожалар

отбасынан шыққан, атасы мен ұлы атасы Қараходжода ахун болған. Әкесі – Нияз қожа Тұрфан өңіріндегі Лукчин қаласының басты ахуны. Оның барлық ата-бабасы сопы (суфий), қожа, уәли деген атақтарға ие болғанына қарамастан Қашқар қожаларына қатысы жоқ еді. Эмин қожаның өзі де Лукчин қаласының ахуны болды. 1720 жылы Бичжан қаласының әкімі, XVIII ғасырдың 20-жылдары Цин әулетіне бағынған. 1731 жылы жоңғарлар Лукчинге шабуыл жасағанда Эмин қожа қаланы жанын салып қорғады. 1732 жылы «князь фугогун» атағын иеленді. 10 мың ұйғыр шаруасын басқарып, Ганьсудағы Гуанчжоу деп аталатын шағын бекініске көшті. 1754 жылы оның қарамағындағылары роталарға (бөлімдерге) бөлінді. 1755 жылы Жоңғар хандығына қарсы соғысқан Цин әскерлерімен бірге 300 адамнан тұратын Эмин қожа ротасы Әмірсана мен Давашыға қарсы жорықтарға қатысты. Жоңғар хандығын жаулап алғаннан кейін 1756 жылы ұйғырларымен өз Отаны – Лукчинге қайта оралды.

Әмірсана Циндерге қарсы шыққан кезде, тұрпандық старшын Мәңгілік (Мангелик) оған қосылып, Эмин қожаны өз қатарына қосуға тырысты. Алайда Эмин бұл ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартты. Сол үшін Цин Үкіметі оны марапаттап, үшінші дәрежелі бейцзы князьдік атағын және Лукчинді басқаруды тапсырды. 1758 жылы цанцзань дачэн болып тағайындалған соң ағайынды қожалар – Бурхан ад-Дин (Болониду) мен Джахан қожамен (Хоцзицзян) соғысуға жіберілді. Бұл қызметі үшін Цин үкіметі оған II дәрежелі долос князі «цзюньван» атағын берді және Жаркент қаласының бас басқарушысы (банши дачен) болып тағайындалды. Ресми Цин тарихнамасы Эмин қожаның елді біріктіруге қосқан үлесін жоғары бағалайды. Алайда басқа мәліметтерде Эмин қожаның ұйғыр емес, түрік тектес болғаны айтылады.

Жылтыр күлгін галереяда осы құрметке ие болған ұйғыр ақсүйектерінің өзге де алты өкілінің портреті бар. Бірақ билік Эмин қожадан басқаларына сенбеді, сол себепті де олардың Цин елімен байланысын шектеді. Оларды астанадағы алтын торда, негізінен жеңімпаз императордың нөкері болған Дабашы хан секілді кепіл ретінде Бейжіңде ұстады. Қазірге дейін Жоңғария мен Жаркент хандығын жаулап алу кезінде көзге түсіп, портреті Цзыгуангэ галереясына қойылған бірде-бір қазақ немесе қырғыз табылған жоқ.

# 1. КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ДИПЛОМАТИЯСЫ

## 1.1. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ мемлекеттілігін сақтау үшін күрес

1821 жылы патшалық Ресейдің Қазақ хандығын жою туралы реформасы қазақтардың наразылығын тудырды. Жаңа әкімшілік құрылым – шонжарлардың бір бөлігіне аға сұлтандық пен басқа да ұсақ-түйек лауазымдар арқылы өздеріне бағынышты ру, тайпаларға билік ету мәртебесін сақтап қалуға аз ғана мүмкіндік берді. Бұл олардың арасындағы төре тұқымының сұранысын қанағаттандырып, оларға әлі де «сырмақ шетінде» жүргендей әсер сыйлады. Хан әулетінің өкілдері Омбының басқаруында сайлау алды күресте өзара бәсекелес болды. Олар биліктің жаңа инвеститурларының көмегімен отандастарына ықпалын сақтап, патша үкіметі мен халықтың көз алдында маңызды көрінуге тырысты. Осылайша, Сібір қазақтарының наразылығы уақытша жойылып, Патша үкіметі үшін басқаруға ыңғайлы әрі қауіпсіз арнаға бұрылды. Аз да болса, өз билігін сақтап қалған хан тұқымы Ресейдің ерекше қамқорлығымен мемлекеттілік нышанынан айырылмауға тырысты. Алайда ең жақсы кезде де Шыңғыс ұрпақтары өзара ақылдасып, өз ортасынан таққа отыруға лайықты бір үміткерді таңдауға тырысқан емес.

XIX ғасырдың 20-60 жылдары XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап хан отбасымен дәстүрлі саяси байланыс орнатқан циндік Қытай Ресей империясының реформаларына табанды қарсылас болды. Олардың арасында – орталығы Түркістан қаласында орналасқан Әбілмәмбет ханның, орталығы оңтүстік-шығыс, оңтүстік және орталық аудандарда орналасқан Барақ сұлтанның және хандықтың солтүстік, орталық аудандарында орналасқан Абылай ұрпақтары бар еді.

Император Цяньлун Абылай өлген соң оның ұлы Уәли сұлтанның таққа отыруын қолдап, қалған барлық үміткерден бас тартқаны белгілі. Соған қарамастан Цин Үкіметі тынышсыз Шыңжаң шекарасындағы өзге шонжарлармен байланысты үзуге асықпады. Ал Цин билігі басқалардың «хан» болуынан бас тартуын Уәли сұлтанның «өтінішті» бірінші беруімен, сол себепті де император өз жарлығы арқылы Абылай ханның тұңғышына «хан» атағын «бекіткенімен» түсіндірді. Бір сөзбен айтқанда, техникалық сылтау айтты. Сонымен бірге хандық атақ үшін күрескен Абылай әулетінің өзге өкілдерінің

көпшілігі патша сюзерендігінен ешқашан бас тартқан емес. Әрі Ресей патшалығынан толық бөлінуді мақсат етпеді. Керісінше империя құрамында жартылай тәуелді билеуші болуды жөн көрді. Олардың ішінде ең кереғары – өзі айтқандай, он жыл бойы патшамен емес, оның шекара билігінің қиянатымен күрескен Кенесары хан да болды. Абылай ұрпақтарының әрекеті олардың хан мұрагері ретіндегі құқықтарына нұқсан келтіретін әкімшілік шаралар мен реформаларға қарсы бағытталды. Мысалы Ғұбайдолла (Абайділда) аға-сұлтан болып Ресейге ант бергеннен кейін Цин билігі оны хан деп тану туралы бастамасына жауап бергенде, ол сатқындық жасадым деп есептемеді.

Хан болу – билеушілердің жеке амбициясына сай келді, бірақ «хан» атағы ханның билік ететін тәуелсіз хандығының болуын талап етеді. Бұл – қазақ мемлекеттілігін сақтап қалудың объективті жағы еді. Ғұбайдолла Омбы билігінен император Даогуанның (ғибадатханалық есімі – Сюаньцзун, 1822-1849 ж.ж.) жарлығын (мөрі бар жазбаша құжат) алу ниетін жасыруды қажет деп санамады [ҚР ОММ, 338-қор, 1 тіз., 659-іс. «Қазақ даласындағы Қытай патшалығының әрекеттері туралы»]. Бірақ бұл әрекеті оның үмітін ақтамады, нәтижесінде Омбы билігі Ғұбайдолланы қуғынға алды.

Оның «хан» екенін куәландыратын хат әкелген Цин елшілерімен кездесуіне жол бермеу үшін шұғыл жіберілген казак тобының қоршауында қалған Ғұбайдолла Омбыда жүрген ұлы Болатты жазадан құтқару үшін «хан» атағын алудан бас тартты. Ол бас тарту туралы хатқа: «Бұл туралы татар тілінде жазылған пікірге қол қойған Ғұбайдолла» – деп жазды [ЦИКХ, ч.2, 140-141].

Орыс әкімшілігінің алдында Құран ұстап берілген антты бұзу оның бабалары – Абылай мен Уәли сұлтанның дінге деген көзқарасын байқатса керек. «Арамза болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда» дегендей, бұл – орыстар талап ететін осындай анттардың мәжбүрлігін, сондай-ақ көшпелілердің бодандықты өзінше қабылдауының көрінісі. Дала билеушілерінің түсінігіндегі бодандық – бейбітшілік пен өзге мемлекеттердің қарулы шабуылдарынан қорғану үшін ғана керек. Ал орыстардың көзқарасы – мүлде басқа. Олар Ғұбайдолла аға сұлтан лауазымына келісіп, Ресей билігінің инвеститурасын қабылдап, ант берген соң үшінші тараптың ұсынысын қабылдауға, олар берген атақты алуға құқығы жоқ, сол себепті ол заңды бұзды деп санайды. Сол үшін Ресей әкімшілігі оны жер аударды.

Ғұбайдолла Цин императоры ұсынған «Хан» дәрежесінен бас тарту хатына жеке мөрін неге баспағанын нақты білмейміз. Бәлкім ол кезде қолында болмады ма, әлде мөр жасатып үлгермеді ме, әлде әдейі баспады ма, ол жағы әзірге жұмбақ. Әдетте, мұндай құжаттарға мөр басылғаны туралы деректер жазылады. (Автордың ескертпесі: Айтпақшы, бұл құжат сол кездегі аудармасымен берілген, ал түпнұсқасы Қазақстан Республикасының ОММ-да сақталған. 1989 жылы осы құжат толық аударылған күннен бастап Қазақстан тарихы бойынша бірде-бір маман түпнұсқаға қызығушылық танытпады. Оны тіпті араб графикасынан кириллицаға көшірмеді. Түпнұсқа ма, жоқ па дегенді тексерген де жоқ. Бір қызығы бүгінде ешкім «татар» тіліндегі құжаттардың түпнұсқасымен жүйелі айналыспайды. Бірақ олардың аудармасын, өзге тілдерде жарияланған зерттеулерді айыптайтындар көп).

Ресей империясы да, Цин империясы да хан, сұлтан, тәйжі (тайшы), бек және т.б. атақтарды біртіндеп ресми лауазымға айналдырды, содан кейін оларды ақырындап айналымнан алып тастады. Қытайда бұл үрдіс Чжунхуа миньго кезеңіне – 1949 жылы халық билігі орнағанға дейін жалғасты.

Хандықтың жойылуы, Ғұбайдолланың Березовоға жер аударылуы көптеген старшындардың шамына тиді. Тіпті Кенесары көтерілісінің бір себебі болды. Белгілі ақын Орынбай Ғұбайдолла туралы ән жазу арқылы халықтың наразылығын жеткізді. Онда «Итжеккеннен» оралған Ғұбайдолланың қуанышы мен жер аударылған күйеуіне қорықпай ерген әйелі Әлбөбектің ерлігі жырланады [Жапекова, 2014]. Ақын Хан оралған соң қанаушылардың аузына құм құйылып, ал Қазақ Ордасы қайта жанданады деген үмітпен жырлайды [Янушкевич, 1966]. Орынбай біртұтас Қазақ хандығының қайта өркендеуі туралы халықтың және хан тұқымының арман-мұратын жеткізді.

Сөз жоқ, Ғұбайдолла (А-ба-ла-а, Абайділда) биліктің жұрнақтарын жоғалтпау үшін Омбы әкімшілігінің аға сұлтан болу туралы ұсынысына келісті. Ол Уәли сұлтанның үлкен ұлы ретінде де және дала заңы бойынша алдындағы ағасы Ғаббас (А-ба-сы) сұлтанның өлімінен соң оның атағын иеленуі де даусыз еді.

Мұрагерді таңдау, оның құқықтарын қамтамасыз ету – мемлекеттік маңызды іс болатын. Барлық қазақ хандары көзі тірісінде-ақ өз мұрагерінің құқығын қорғауға тырысты. (Монографияның «Жас сұлтандар және дипломатия» бөлімін қараңыз). Тақ мұрагерлігі дала дәстүрі бойынша бәйбішеден туған тұңғыш ұлға тиесілі болды. Бұл

дәстүрді бұзу өте сирек кездесетін. Мысалы, Абылай хан (1780 жылы қайтыс болды) Әбілмәмбеттің ұлы Болатты айналып өтіп, билікті қайтыс болған қағанның ағасына немесе рудағы үлкенге берудің ежелгі түркілік құқығына сүйенді.

Бұл жағдайды Барақ сұлтанның (Әбілқайыр ханды өлтірген) ұлы Дайыр сұлтанның хаты растайды. Абылай үлкен күйеу баласы Дайырға «мен қайтыс болған соң билікті өз қолыңа аласың» деп уәде береді. Дайырдың хаттарының түпнұсқалары Ресей патшалығының сыртқы саясат мұрағатында және ҚХР Бірінші тарихи мұрағатында сақталған. Цин империясы Абылай өмірден өткен соң оның орнына хан болуға лайықты үміткерлер іздеді. Олардың арасында 1759 жылы Қытайға барған елшілікті басқарған Салтамаметтің (Сұлтанмұхаммед) ұлы Орыс сұлтан (О-ло-сы) да болды.

Шындығында Абылай орыс патшалығының да, Цин билігінің де тек өз ұлдарын мұрагер ретінде мойындағанын қалады. Ол император Цяньлунға жазған хатында (1736-1796 жж.) өзінің мұрагері ретінде Ғаббас сұлтанды көрсетті. Боғдыхан бұл құқықты мойындады және Ғаббасқа ханзадалық «гүң» (ғұн) атағын берді. Бірақ ол хан атанып үлгермей өмірден өтті [ЦИКХ, ч.2, 126].

Цин Үкіметі мұрагерлерге атақ беру тәжірибесін Абылай балаларынан бастады. Хан дәрежесін беру рәсімі алғаш рет Уәли сұлтаннан басталған еді. Кейіннен Цин үкіметі мұндай жағдайларға халықаралық қатынастағы маңызды қадам тұрғысынан қарады. 1769 жылы Уәли сұлтан Абылай елшілігін басқарып Бейжіңге барған кезде өз жағдайын нығайтуды да, Жетісуда және көршілес қазақ тайпалары арасында әулет билігін күшейтуді де мақсат тұтты. Сұлтан аудиенция барысында Цин сарайында қабылданатын барлық рәсімді, сондай-ақ оған өз Отанында хан атағын мойындайтын грамоталарды тапсыру кезіндегідей рәсімдерді жасады [Алтан-Очир, У Юаньфэн. ж. Чжунго бяньцзян ши ди яньцзю (ж. История и география пограничных районов Китая). - Пекин, 1998. - № 3. – С.52-58].

Санкт-Петербургке барған қазақ елшілері де орыс сарайының рәсімдерін толық орындады. Бұл көрші мемлекеттердің ханды ресми мойындауы үшін төленетін төлемнің бір түрі еді және ішкі оппозиция олардың мәртебесімен келісуге мәжбүр болды. Қазақтар бір мезгілде көрші елдің бәрімен сауда қатынасын нығайтты. Ресей де бұл жағдайды құп көрді. Әрі Франциямен және Түркиямен соғысқа алаңдап отырған империя Абылайдың ұлын Орта жүз ханы ретінде мойындады.

Алайда Ресей империясы да, Цин патшалығы да Қазақ хандығына қатысты екіұшты саясатқа ұзақ шыдамады. Олардың әрқайсысы хан әулетіне әсер етудің жаңа тетіктерін іздей бастады. Ақыры тапты. Ол – Абылай әлеуетінің бәсекелестері еді. Енді екі көрші соларға ізет білдіргенси бастады. Дегенмен патшалық Ресей мен Цин империясының Орталық Азиядағы текетіресі жекелеген әскери қақтығыстарды есептемегенде, негізінен дипломатиялық «алакөздікпен» шектелді.

XIX ғасырдың алғашқы жиырма жылында Цин әулетінің билігі күшті болды. Жаңа бодандар да тыныштық сақтады. Ұйғыр діни жетекшілерінің билікке қайта оралуды аңсаған ұрпақтары шетелде еді, олар Шыңжаңды басып алуға жетерлік күш жинай алмады. Батыс державалары еуропалық мәселелермен басы қатып, Қытайдағы апиын соғысына араласатын уақыты әлі бола қойған жоқ еді.

Император Цзяцин (1796-1820 жылдары биледі) аң аулап, тыйым салынған Гуғұн қаласының Сиюань және Сихуа бағындағы Үйлесімді сақтау сарайында (Баохэдян) театрландырылған қойылым көріп уақыт өткізді. «Шынайы сыртқы вассалдар» (真外藩 чжэн вайфань) кездесуін өткізді. Олардың арасында Еділден ауған ойраттар мен хошуттар, Волгадан келген торғауыттар, дөрбеттер мен чахарлардың көсемдері, Қашқарияның, Тұрпан мен Хамидің ұйғыр бектері бар. Император оларға өз қолымен шай мен шарап ұсынып, атақ-дәреже беріп, тарту-таралғы жасады. Бірақ олар моңғол патшалығы мен Шыңғыс ханның немересі Құбылай негізін қалаған Юань империясының (1271-1294 жылдары билік еткен) цзунфань чжи го 宗藩之國 тайпаларын иеленушілерден мүлде бөлек еді. Мәнжу хандығының негізін қалаған Нурхаци хан (1559-1626) өз саясатын туыстық иелік (宗藩之國) қағидаттары негізінде құрып, моңғолдармен туыстық одақ жариялады. Соған қарамастан олардан тікелей өзіне ғана бағынатын негізгі әскер құрды. Қытайлар жаулап алғаннан кейін ұрпақтарының құқықтық мүмкіндігі шектелді, олар бар болғаны шартты түрдегі билеушілер ретінде тек символдық беделге ғана ие болды.

«Сыртқы вассалдарға» жататын (外藩) қырғыздар мен қазақтардың билеушілері де Цин империясының назарынан тыс қалған жоқ. Олар Юаньминьюанның жазғы резиденциясында, «Шань гао, шуй чан» деген арнайы белгіленген жерде (山高水長, биік таулар, ұзын өзендер) әскери жаттығуларға, байқаулар мен шерулерге қатысты. Чахар, сібе-солондар (сибо, солон) және ойрат

қатарлы төрт гарнизонының командирлері (қытай тілінде линьдуй дачень) олардың шекараларын үнемі айналып өтуге тырысады. Іле, Тарбағатай, Қобда өңірлерінің қазақ старшындары түркітілдестер арасындағы аудармашы ретінде шолғыншы отрядтарды басқарды.

Хандықтардағы жағдай мен билеушілері арасындағы қарым-қатынастар туралы ақпараттар мұқият жиналып, талданып отырды. Қазақтар хан сайлаған кезден бастап, Іле генерал-губернаторы (цзянцзюнь) және оның қарамағындағы губернаторлары (қытайша - цаңзан дачэн және мәнжуше хэбэй-амбан) Тарбағатай, Моңғол Алтайы, Қашқария билеушінің қайтыс болғанын білді. Цзянцзюнь барлық маңызды оқиғалар туралы Әскери кеңеске, императорға баяндап отырды және мұрагерлердің Боғды ханға өздерінің атақ-дәрежесін бекіту туралы «өтініш» беруін қадағалайтын.

XVIII ғасырдың аяғынан бастап Уәли сұлтан тақты өз ұрпақтарына қалдыруды ойлана бастады. 1800 жылы ол ағасы Бегәліні Қытайға жіберіп, өзін император Цзяциннның Ғаббас сұлтанның мұрагері етіп жариялау туралы 23 мамырдағы (Цзяцин басқарған 5-жыл, 5-ай, гуймао күні) грамотасын алды. Көшпелі ханға оны салтанатты түрде тапсыру үшін делегация жіберілді, онымен бірге шешекпен ауырған ұлды жіберуге тура келді [ЦИКХ, т. 2, 126]. Уәли сұлтанның ұлының Цин елшілерімен бірге жүруі олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, сұлтан ұлының Қытайда болуы – қазақтардан келетін қауіптің алдын алу еді. Алайда, 1809 жылдың қыркүйегінде (Цзяцин басқарған 14-жыл, 8-ай, сычоу) император Әбілмәмбет ханның немересін, яғни Болаттың ұлы – Тоғымның (Токум) хандыққа иелік етуін құптады. Сол күні Тоғымның ұлы Алтынсарыға ханзада лауазымын беру туралы бұйрық шығарылды [Жэньцзун Жуйхуанди шилу, цз. 68, л.8, 217,1].

Екі бұйрық та Цзяцин императорының 50 жылдық мерейтойына орайластырылған еді. Мерейтойды атап өтуге Алтынсары, ағасы Досалы (Досо-ли) мен ұлы Сарбай (Са-эр-бай) бастаған Уәли сұлтанның 16 адамнан тұратын делегациясы да келді [Жэньцзун Жуйхуанди шилу, цз. 68, л.8, 217,11].

Бір кезде хан ретінде мойындамаған Болатқа «хан» мәртебесін және тура сол күні оның ұлы Алтынсарыға «ханзада» атағын беруі – Қытайдың қазақ мәселесінде Ресей патшалығы мен Қоқан хандығына қарсы күреске шындап ниеттенгенін байқатады.

Ресей мен Қытайдың өзара қарама-қайшылығы Қоқан хандығының басқыншылығы мен Уәли сұлтанның өлімінен кейін біртіндеп арта бастады. Бұның айқын мысалы ретінде 1823 жылы

Ғұбайдолла сұлтанның хан атануын айтуға болады. XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі орыс-қазақ қатынастарына әсер еткен құжаттарды 1989 жылы алғаш рет осы жолдардың авторы аударып, жарыққа шығарды. (Сол кезде Ғұбайдолланың Пірәлі деп жазылған інісінің аты-жөнін сәйкестендіруде қате жіберілген, бірақ ол Бегәлі болуы да мүмкін). Бұдан бөлек, Ғұбайдолла өзінің тұңғышы Болатты емес, Құлан атымен көбірек танымал жиені – Абылай сұлтанды мұрагер деп жариялауға қандай себеп мәжбүрлегені күні бүгінге дейін анықталған жоқ. Бұл сұлтанның мінезі дөрекі еді, өз ағалары мен Жетісу тайпаларын бір өзі билеп-төстеді.

Цин империясы өзге әулеттерден шыққан ақсүйектерге де шеншекпен беруі – Қазақ хандығының жойылуына және Ресейдің Жетісудағы ықпалын күшейтуге деген көзқарасын байқатты. Цин әулеті Ресеймен сырттай ашық тайталасқа түспей, Ғұбайдоллаға қатысты оқиғадан кейін Абылай мен Уәли ұрпақтарына хандық мәртебе бермесе де, Орталық Қазақстан мен Жетісудағы өз ұстанымдарынан бас тартуға асықпады.

Уәли сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Цин империясы өз мұрағаттарынан Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі билеуші әулеттерге атақ тарату тәжірибесі туралы барлық материалдарды жинастырды. Бұл жағдай Ресеймен арадағы Алтайдан Іле өзеніне дейінгі шекара бөлу жұмысы аяқталғанға дейін жалғасты. Оны қазақ сұлтандары берген «өтініштердің» мазмұнынан, ең жоғарғы грамоталар мен жарлықтардан, оларды жүзеге асыру жолдарынан, сондай-ақ қабылданған және өткізілген рәсімдерден көруге болады. Мысалы шығыстағы және оңтүстіктегі қазақтар арасында төре тұқымынан шыққан беделді ақсүйектерге төмен дәрежелі лауазым беру әдісі ұқсас еді.

1826 жылы күзде (Даогуан билігінің 6-жылы, 9-ай, куйцзи) Цин әулеті Тоғым ханның ауырып қайтыс болуына байланысты оның ұлы Алтынсарыға хан атағын берді. Алтынсары (А-ле-тань-ша-ла) Іле генерал-губернаторына әкесінің қайтыс болғанын, енді халық өзін хан сайлағысы келетінін айтып хат жазған (ол кезде ақ киізге салып, хан көтеріп қойған еді). Ол өз хатында не істеу керек деп кеңес сұрайды.

1826-1828 жылдары Шыңжаңның кейбір аумағын Жаһангер қожаның жақтастары жаулап алса, ал Түркістан қаласын Қоқан иеленіп қойған болатын. Айтпақшы, Алтынсары кіші інісі Жәңгір (Цзян-си-эр) арқылы императорға сый ретінде берілген Құлжаға жеткізілген аттары мен жасаған үндеуі орынсыз болған жоқ [Дай

Цин Сюаньцзун Чэнхуанди шилу», 105, 42 об. - 43]. Осыдан кейін гүң Алтынсары Циндердің бақылауынан шығып кетті. Екі рет іздеп, оны Қазақстанның солтүстігінен тауып алады. Алтынсарының аса ауқатты болмауы, орыс бекіністеріне апарып сататын көп малы болмауы, ешкімге дұшпанкөз жасамауы оның орыс билігінің назарынан тыс қалуына сеп болды. Цин билігі Қытай қазақтарының қолдауымен ханды, оның балаларын іздеуде табандылық танытты. Бұл шекарадағы халықтарды тұқыртып алудың кезекті әрекеті еді. Марапаттау сәтінде Алтынсары алғыс айтудың орнына, осындай кезде берілетін патша сыйының санына қатысты тәртіп бұзылғанына наразылық білдірді. Алтынсарының құқығын Шыңжаңның Тарбағатай және Алтай өңірлерін және сол өңірлердің шекара маңындағы Найман тайпасының билеушісі пайдалануға тырысты.

Сот ісі басталды, бірақ сайып келгенде, Циндер саяси мүдде үшін бұл старшынның алаяқтық фактісімен келісіп, оларға өздері берген хан атағын «мойындауға» мәжбүр болды. Бұл туралы арнайы бөлімде егжей-тегжейлі айтылады.

Алтынсараның хан ретінде мойындалуы (конфирмация) орыс шекара билігі үшін мүлде күтпеген жағдай болды. Әдетте хандардың ұрпағы да, мұрагерлері де көп болатын. Соған қарамастан Цин әулеті Әбілмәмбеттің ұмытылып кеткен ұрпақтарының бірін ресми түрде «хан» деп танып, өздеріндегі бас көтере бастаған мұсылмандарды ішінен екі тапқа бөліп, көрші мемлекетті шатастырып жіберді. Осыдан кейін Ресей империясы мен Цин патшалығы арасында белгіленген шекараның екі жағындағы жайылымға ие болған көшпелілер жеке басы мен күнделікті тұрмысын сақтап қалу үшін Шыңғыс ұрпақтарының айналасына топтасты. Шонжарлар губернаторлар мен орталық үкіметтің алдында халық атынан сөйлеу үшін орын алуға тырысты. Цин әулетінің Алтынсарыға хан мәртебесін беруі – кеш болса да Кенесары көтерілісіне қатысты ұстанымы мен Ресей билігінің Орта Азияға таратып отырған саясатына берілген жауап еді.

Алғашқы жиырма жылда патшалық Ресей мен Цин империясының бәсекелестігі негізінен саяси сипатта болды. Орта жүзде хан атағының жойылуы қазақ билеушілерінің наразылығын туғызып, қарулы қарсылыққа себеп болды. Оның ең көрнекті өкілі – Кенесары еді. Әрине, ол кезде Цин үкіметінің оған деген көзқарасы анық емес болатын. Десе де, қыспаққа түскен Кенесарының Қытай шекарасында жасырынуға рұқсат сұрағаны туралы болжам жасауға болады. Алайда Цин үкіметі өз қарсыласының жауын жасырып, Ресеймен соғысуға

дайын болмады. Бірақ оның сарбаздарын ұйғырлар мен оларға жанашыр қырғыздардың көтерілісін басу үшін пайдалануға болатын еді.

Қожаларға Қоқан хандығы (әндіжандықтар) қолдау көрсетіп, дем беріп отырды. Қасым әулетінің Ташкент бектерімен араздығы, Кенесарының әкесінің де, ағаларының да сонда қаза табуы, оның 1840-1847 жылдары Қоқан хандығына қарсы жариялаған соғысы – бәрі де Қытайдың да, Ресейдің де көңілінен шықты.

Шыңжаң 1820-1828 жылдардағы Жаһангер қожаның, 1830 жылғы Юсуфтың төрт жорығынан әлі есін жимаған еді. 1847 жылы Қашқарияға қожалардың біріккен 7 жасағы басып кірді. Мұндай жағдайда Бейжің Абылай ұрпағының өтінішін ескермеуі мүмкін емес еді. Алайда Қытай билігі Әбілмәмбет ұрпақтарына арқа сүйеуді ұйғарды, әсіресе сұлтан Әбілфеиздің балалары мен немерелері Алтай мен Тарбағатай қазақтары арасында шынайы билікке ие болатын.

Қай хан болса да, қаншалықты қолайлы болса да қазақ тайпаларының бәрінің басын қосып, ең жоғарғы, ең мықты билікке ие бола алмады. Хан-сұлтандардың қуаты елдің кең-байтақ кеңістігін игере алмай, шонжарлық алауыздықтардың астында құмға сіңген судай болды. Билеушілер арасында тек өз басын ойлап, көшпелі руларға үстемдік ету мүмкіндігін сақтағысы келетіндер де бар. Тыныш заманда да үлкенді-кішілі дала билеушілері мен ру басыларын ұзақ уақыт бойы бірлікте ұстап тұратын ешкім болған жоқ. 1824-1847 жылдары аралығында Қасым сұлтанның және ұлдары Саржан мен Кенесарының патша үкіметіне қарсы көтерілстері империяның реформаларын кейінге шегерді. «Хан» титулымен қоса, циндердің сұлтандарға «Уаң» («Ван») лауазымын беруі Әбілфейіз сұлтанның ұрпақтарына жалғасты. Ал Омбы болса өз шенеунігі болғанын қалады.

Хандар мен хан дәрежесіне үміткерлер өздерінің саяси күресінде демарштар мен дипломатиялық айлаларға, сыртқы күштердің қолдауына жүгінді. Жаңа заманда да Хан қазақ көшпелілерінің санасында жалғыз билеуші ретінде сақталды. Ол билеуші тап арасында әлі де ықпалды болғандықтан, кейбір шонжарлар хан мен сұлтан атағын сақтап қалуды талап етті. «Қарадан шыққандардың» да кейбірі бұл атаққа ие болуға талпынды. Алда-жалда «қарадан шығып хан болғандарды» жақтастары боз бие сүтіне шомылдырып, ақ киізге салып, Тәңіріне ақ боз ат шалып, ханға жасалар дәстүрдің бәрін жасайтын [Обухов, 2007]. Бұл жоралғының барлығы XIX ғасырдың бірінші жартысы мен XX ғасырда өз мемлекеті мен оның тәуелсіздігінің көріністерін сақтауға бағытталды.

## І.2. Әбілмәмбет хан және оның дипломатиясы

Қазақ хандығының халықаралық қатынастары мен сыртқы саясаты мемлекеттілік пен егемендіктің маңызды көрсеткіші болып қала береді. Олар билеуші құзыретіне кірді, артықшылығы да болды, оны алыс-жақын шетелдің бәрі сөзсіз мойындады.

Қолда бар деректерден байқағанымыздай, XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап, 1749 жылы 5 сәуірдегі Жолбарыс ханның қайғылы қазасынан кейін, Қазақ хандығының сыртқы саясатын Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет хан және Төле би жүргізді. 40-жылдарға қарай хан әулетінің қарамағына қазақ руларының бүкілге жуығы бағынышты болды. Билеушілер маңызды сыртқы саяси істер бойынша бір-бірімен үнемі байланыс орнатып, өздерінің жеке мүдделері арасындағы қайшылықтарды да шешуге тырысты. Алайда олар этно-әлеуметтік, саяси-экономикалық басымдықтарға байланысты бұл мәселемен итжығыс түсіп отырды.

Қазақстанның орталық және шығыс бөлігіндегі Кіші жүз бен Орта жүз хан-сұлтандарына бағынатын көшпелі тайпалар Ресейге жақын орналасты. Ал Әбілмәмбет хан бірнеше рет мәлімдегендей, Ұлы жүздің кейбір билеушілері Жоңғар хандығына тәуелді болды немесе бодан болудың алдында тұр еді. Хандар саясаты сыртқы аренада күшті одақтас пен қамқоршы іздеуге бағытталды. Сыртқы саяси мәселелер Хан кеңесінде шешілді. Оған хандардан бастап старшындар мен рубасылар, атақты батырларға дейінгі барлық билеушілер қатысуға тырысты.

XVIII ғасырдың 30-жылдары тарих сахнасына Әбілмәмбет хан (Әбу-л-Мұхаммед-Бахадур-хан) мен Абылай сұлтан қатар шықты. Әбілмәмбет сияқты ірі қайраткердің шынайы өмірі онсыз да қызықты. Оның өмірбаяны Қазақ мемлекеті тарихының күрделі кезеңін неғұрлым дұрыс түсінуге, хандықты басқару ерекшелігін, сыртқы саясаттағы саяси шешім қабылдау тетігін анықтау үшін қажет.

Әбілмәмбет хан шамамен 1690 жылы дүниеге келген (К.Әбуев). Ал хан сайланған жылдары – 1730, 1734, 1739, 1748 жылдар деп әртүрлі айтылады. Осы төрт сан Тәуке хан немересінің билігі мен өкілеттігі артқан кезеңді көрсетеді. Дәстүрлі көшпелі қоғамда «хан» атағына әртүрлі мағына берілді. Әуелде бұл соғыс кезінде Үш жүздің ру-тайпаларынан құрылған әскерді басқару құқығын білдірді. Әбілмәмбеттің өмірбаянында 1730-1734 жылдары жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескені көрсетіледі. Осы кезден бастап

ол азан шақырып қойған ресми есіміне «баһадүр-хан» тіркесін қосып, есімі ойып жазылған жеке мөр ұстауға құқылы болды.

Әскери хан өз мансабының келесі кезеңінде билеушілікке сәтті қол жеткізді. Ол әскери мәселелермен қатар белгілі бір аумақтарды мекен еткен руларды басқарудың ішкі мәселелерін де шешті. Рулар маусымдық қоныстарға – қыс қыстауға, жаз жайлауға, күз күзеуге көшіп жүретін, ал билеушілер қыстақтарға ие болды. Әбілмәмбет хандық құрған кезде оның ордасы Түркістанда болды. Соған қарамастан ол бір жылдары Түркістанның жартысын ғана иеленді, тіпті оның Түркістаннан айрылып қалған кездері де болды.

«Қыз өрісің» деп қазақтардың өзі айтатындай, Әбілмәмбеттің қол астындағы рулар кейде билік өкілдерінің құдандалығымен, кейде басқа да одақтардың есебінен кеңейіп отырды. Әбілмәмбет қыпшақтарды, қоңыраттарды, уақтарды, керейлерді (орыс деректерінде – ұсақгерей ордалары) және бәйбішесінің (үлкен әйелінің) жасауы ретінде берілген арғын тайпасының атығай руының бір бөлігін басқарды. Одан бөлек наймандар мен абақ керейлерге де билігін жүргізді. Ұлдары есейген соң Әбілмәмбет дәстүр бойынша оларға еншіге жер бөліп берді. Тұңғыш ұлы Болатқа – Солтүстік Қазақстандағы атығайларды берді. Алайда бұл төңіректе оның ұлдарымен бір қазанда басы піспейтін, бірақ Әбілмәмбетке бағынатын Абылай сұлтан күшейіп келе жатыр еді. Әрине, Түркістан дәстүр бойынша Болатқа берілді, ол әкесі қайтыс болғаннан кейін мұра ретінде қалды.

Әбілмәмбет өмірбаянындағы хандық дәуірдің үшінші кезеңі – 1739 жылға тура келеді. Ал соңғы мерзімі – 1748-1749 жылдар – оның өзге қазақ хандарынан формалды түрде ғана үстем болғанын көрсетеді. Оның бұл үстемдігін – ұзақ өмір сүруімен, хан тағына ерте отырып, ұзақ билеуімен және басқарудың шаруашылық-экономикалық әрі саяси тәжірибесімен байланыстыруға болады. Әрине Әбілмәмбет үстемдігін дәстүрлі түрде берілетін әртүрлі атақ-дәрежелерді оған қарағанда кейінірек алған басқа билеушілер мойындады. Бірақ бұл үстемдік тұрақсыз еді. Себебі экономикалық және саяси-әкімшілік жүйелер, орталықтандырылған мемлекеттік аппарат оны қолдамады. Соған қарамастан, көшпелілердің иерархиялық жүйесі қазақтардың этникалық және аумақтық бірлігін қолдады. Бұл – XIX ғасырдың бірінші жартысында көрші державалардың Қазақ мемлекеттілігін жою саясатын жүргізгенге дейін өзіндік көшпелі мемлекеттілікті сақтап қалуға ықпал етті.

Алайда, мемлекеттілікті жою үдерісі толық аяқталмады. Себебі қазақтар хан лауазымын осы ғасырдың соңына дейін мемлекеттіліктің нышаны ретінде пайдаланып келді. Ал оның анахронизмдері XX ғасырда да көрініс тапқан-ды. Әбілмәмбеттің өмір бойы Ресей империясымен, өмірінің соңында Цин империясымен жасасқан қарым-қатынасы Түркістан мен оның аумағын хандық орталығы ретінде сақтауға бағытталған сыртқы саяси стратегиясына айтарлықтай өзгеріс әкелген жоқ.

1730 жылы Санкт-Петербург Әбілқайырдың елшілері мен оның хаттарынан Әбілмәмбет пен Барақтың ықпалды билеушілер (хандар) екені туралы мәлімет алды. Сырдария, Сарысу, Торғай өзендерінің аңғарларынан Кішітау мен Ұлытауға дейінгі аумақтағы қазақ билеушілерімен қатар Әбілмәмбет ханның да аты аталған. Олар билік жүргізетін 3 қала аталған: Ташкент, Түркістан және Сайрам [КРО 1, 38]. Өзінің дәуірлеп тұрған уақытында Әбілмәмбет Сауран, Отырар, Сығанақ, Созақ және т. б. қатарлы Түркістанның көптеген кенттерінен алым алып отырды.

Князь В.Урусовтың 1740 жылғы тамыздағы журналдық жазбаларында келтірілген Жәнібек тарханның ақпараты бойынша, Әбілмәмбет онымен тікелей келіссөздер жүргізген: «Әбілмәмбет – бұрынғы Болат (Пулат) ханның ұлы, ол өткен жылы Түркістанда болған кезде, аса беделді қырғыз-қайсақ руларынан, арғыннан, ақтай, уақ, керей руларынан және басқалардың игі-жақсыларының шешімімен ханға лайық деп танылды. Ол ордаға келе салысымен өзге де көптеген рубасылардың қатысуымен иығына шапан жабылып, (ақ киізге отырғызып) хан көтерілді» [КРО 1, 148].

Осы ақпаратқа сәйкес, Әбілмәмбетті сайлау рәсімі екі кезеңнен тұрды: әуелі Түркістан уәлаятының билеушісі болып сайланды, содан кейін оған бағынышты арғындар мен уақ-керейлер ақ киізге отырғызып, хан көтерді. Сонымен қатар, бұл қатарда ақтай руы да бар. Бәлкім бұл жерде Әбілмәмбеттің бәйбішесі, тұңғышы ұлы Болат сұлтанның анасының (Әбілмәмбеттің әкесінің есімі де, тұңғыш ұлының есімі де – Болат) алтай-арғын руынан шыққаны туралы айтылған болуы мүмкін. Әрине, ең қолайлы жағдайдың өзінде де бұл екі шараны ұйымдастырып, өткізуге уақыт қажет еді. Әбілмәмбеттің өмірінің соңына дейін Түркістандағы билігіне Сәмеке (Семеке) ханның [Шемяка хан, ол туралы ЭНКПЭ 1, 410 қараңыз] ұрпақтары қарсы болып келді.

Әбілмәмбетті хан сайлау 1730 жылғы ойраттармен соғыстағы қолбасшылығынан кейін, шамамен, 1738 жылы ағасы Сәмекенің қайтыс болуына байланысты өтті. Нияз батыр Әбілмәмбеттің және оған дейінгі кейбір хандардың Түркістанда билікке келуіне өз үлесін қосты. Ол ханның ағасы Сәмеке кезінде де үлкен күшке ие еді. Князь Урусовтың сұрағына батыр ханның көзінше: «...хандары әрқашан мұрагерлік бойынша және жақын туыстық бойынша сайланады. Егер хан билігіне жақын сұлтан болмаса, онда лайықты саналатын алыс туысын сайлайды» деп жауап берген [КРО 1,155].

Батыр хан тағына Сәмекенің тікелей ұрпақтарын емес, Әбілмәмбетті (1739-1770 жылдардағы хан) неғұрлым лайықты үміткер деп санап, соны қолдады. Әрине, хан сайлау ісінде оның пікірі шешуші болды.

Әбілмәмбет ханның бүкіл саяси өмірінің мағынасы бір ғана сөзбен – Түркістан атауымен байланысты. 1740 жылы оның қонысы солтүстік Қазақстанда, Орынбордан бір-екі апталық, Абылайдан 20 күндік жерде болды [КРО 1,155].

XVIII ғасырдың 30-жылдары Ресей патшалығының белсенді саясатына байланысты Қазақ хандығының халықаралық жағдайының күрделенуі қазақтың ең ықпалды ханы Әбілқайырдың адалдық туралы ант беруне алып келді. Әбілқайыр хандықтың тәуелсіздігінен айырылып, оның әлсіреуіне, бөлшектеніп кетуіне жол бермеді. Оның мақсаты – хандықты нығайтып, Ресей патшалығы мен Жоңғар хандығы секілді сыртқы күштердің қолдауымен қазақ тайпаларына толықтай билік жүргізу еді. Әбілқайыр ұлдары мен старшындарымен бірге Ресейге екі рет ант берді, екіншісі – 1738 жылы 3 тамызда [Ерофеева, 1999, 226-227].

Орынбор экспедициясының сол кездегі командирі В.Татищевпен болған келіссөзде бұл жолы Әбілмәмбет ханмен және оның вассалдарымен талқыланатын мәселелер сөз болды. Екі жылда екі жақ та бірде-бір уәдені орындамады. Ал ол уәделер қазақ-орыс қарым-қатынасындағы өзектілігін жоғалтпады. Сондықтан Әбілқайыр үшін «құ сөзбен қуырдақ қуырып», «қашпаған сиырдың уызынан дәметудің» мәні болмады. Уәденің неге орындалмай отырғанын тектей бастайтындықтан жаңа серіктестермен болған келіссөздерге Әбілхайырдың қатысуы жағдайды қиындата түсетін. Әрине мұндай жағдайда екі тараптың өзара айыптауы мен ақталуы басталатыны белгілі. Сонымен қатар, қазақтардың өзара бітіспес қайшылықтары да аз емес еді. Сол жылы Әбілқайыр Әбілмәмбеттің Ресей саясатын-

да ықпалы бар ұстанымы мен Ұлы хан мәртебесін сақтап қалу үшін ант беру рәсімінің сәтті өтуін шын пейілімен тіледі.

Әбілмәмбет тұсында ішкі саяси күштердің ара-қатынасы күрделі болды. Әбілқайыр хан Ресеймен жақындай түсті, ал қалың найман билеушісі Барақ сұлтан Орынбормен арадағы дипломатиялық байланысқа қарамастан Жоңғариямен ат кекілін кесісе алмады. Ол кезде тек Барақ сұлтан ғана емес, қазақ билеушілерінің ешқайсысы аймақтағы халықаралық қатынастардың ірі орталық күші, әрі қазақтардың басты серіктестерінің бірі болған Жоңғар хандығын есептен шығарып тастай қойған жоқ. Қазақ хандығындағы сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарды басқару біршама іркіліспен, бірақ жұмысын жалғастыра берді.

Ресейдің әскери әрі рухани қолдауына ие болып, Үш жүзді қоластына жинасам деген үміті өшпеген Әбілқайыр сыртқы істердегі қарым-қатынасын тоқтатпады. Яғни, Әбілқайырды әлі де Ұлы хан деп санайтындар бар, сол үшін көпшілігі оның Ресеймен жақындығын қолдады. Ол Орынборға өзінің саяси қарсыласы, ықпалды хан – Әбілмәмбеттің вассалдарымен бірге бару үшін барын салды. Сондай-ақ ол 1733 жылы Төле би мен Ұлы жүз старшындарының Ресеймен байланыс орнатуына да делдал болды. Демек Сарыарқада, Жетісуда тұратын қазақ шонжарлары аяқастынан Ресей патшалығының қамқорлығына зәру бола қалды деу дұрыс емес.

Жоңғар елшілері Әбілқайырдың көмегімен, оның хабарлауы бойынша өзге қазақ билеушілерінің келісімімен Орынбордағы орыс өкіметімен кездесуге келді. Ұлы хан орыс елшілеріне лайықты атқосшылар қосатын. Мысалы, 1742 жылы К.Миллердің жоңғарларға сапары кезінде туған баласы Ералыны ертіп жіберген болатын. 1748 жылы Барақ сұлтан өлтіргенге дейін Әбілхайыр әрі беделді әрі Ұлы хан болып қала берді. Ол өзі басқарған өңірдегі негізгі тұлғалар мен қазақтардың елшілік қарым-қатынасын өз қолында ұстады. Әбілқайырдың ықпалы оның қазақ әскери қосындарына қолбасшы болуымен нығая түсті. Хандықтың экономикалық жағдайы, бағынышты рулардың саны, бақылауындағы аумақтың ауданы да маңызды еді [Ерофеева, 1999, 232].

Әрине, Әбілқайырдың да қарсыластары болды. Олар оның хандығын мойындағысы келмей, шамалары келсе, мәртебесін, дәрежесін тартып алуға ұмтылды. Бақталастары оған қарсы үгіт-насихатта Ресейдің протекторатын мойындауды қолданды, бірақ өздері де оған ұмтылды. Нәтижесінде Әбілқайыр ұлын Ресей-

ге аманатқа жіберуі – Ұлы ханның ұстанымын күшейтудің орына, керісінше әлсірете түсті. Әбілқайыр өзі қажет еткен әрі соған ұмтылған – Ресейден әскери көмек алу мақсатына қол жеткізе алмады. Ол батысқа көшер алдында ықпалды қазақ хандарының дәстүрлі қонысы – Түркістанға да жете алмады.

Жалпы Орта жүз бен Кіші жүздің хан-сұлтандарын ойраттармен күрес біріктірді. Бұл жерде Әбілмәмбеттің рөлі ортақ міндеттерге бағына отырып, мүмкін, өкілетті, бірақ қарапайым еді. Бәлкім, көптеген қазақ ақсүйектері сияқты Әбілмәмбет те қазақ әскерлеріне қолбасшы болып, сыртқы жауларға тойтарыс бере алатын Әбілқайырдан басқа лайықты адамды көрмеген болар. Орынбор экспедициясының командирі, генерал-лейтенант князь В.Урусовпен келіссөздер барысында ол Әбілқайыр ханға қарсы бірде-бір жағымсыз сөз айтпайды. Ал Ұлы жүз билеушілерін алаяқ деп атап, олардың әдетте хан кеңесіне шақырмайтынын айтқан. Әбілмәмбет Әбілқайырмен де, оның ұлдарымен де Ресеймен арадағы қарым-қатынастың маңызды мәселелері бойынша ымыраласуға дайын еді. Алайда, Әбілқайыр 1740 жылы тамыздағы кездесуге келмеді. Себебі ол орыс тарапының екі ұшты ұстанымын, яғни оның хандықтағы жағдайын әлсірететінін анық болжады. Орынбор экспедициясының жетекшісі оның ұстанымын әлсіретуге тырысты және бұл ойын жаңа қазақ билеушілерінің алдында жасырмады. Дегенмен, Әбілқайыр өзі ұсынған маңызды келіссөздерден қалыс қалғысы келмеді. Сол себепті де Әбілмәмбеттің Орынбор экспедициясының командирімен кездесуіне екі ұлын жіберді. Кездесу кезінде Әбілмәмбет жас сұлтандар – Нұралы мен Ералымен келіссөз жүргізді. Бірақ ол билеушілер арасындағы алауыздықты өршітпесе, бәсеңдеткен жоқ. Стратегиялық жағынан Әбілмәмбет Әбілқайыр ұстанған орыс саясатының негізгі бағыттарымен келісті, сондықтан оны бақылауда ұстады. Бірақ оның айласы еркіндікке бейім қазақ старшындарын өзіне қарсы қоймай, Қазақстанның ішінде де, халықаралық саясатта да еркін көсілу амалынан айырылмауға бағытталған болатын.

Әбілмәмбет қатарында ең сенімді серігі Нияз батыр мен өршіл сұлтан Абылай бар 128 адамнан тұратын нөкерлерімен бірге орыс мәртебелісімен кездесуге келді. Олардың бәрі ханнан кейін Ресейге ант берді [КРО 1, 153].

Абылай сұлтан елшіліктің қауіпсіздігіне жауапты болды, мұны оның киіз үйіне орыс сыйлықтарын алудан қауіптенбейтіні мен бұл туралы ашық айтып мақтануы дәлелдейді. Сонымен қатар, Нұралы

мен Ералы сұлтандар да, тіпті Әбілмәмбеттің өзі де «хан талапайға» ұрынбау үшін оларды қол жетпейтін жерге қоюға тырысты. Бұл салт бойынша, билеушілердің етжақындары, батырлары мен старшындары өз дәрежелеріне сәйкес шетел елшілері берген тарту-таралғыларды бөлісіп алатын еді.

Әбілмәмбет хан келіссөзге тыңғылықты дайындалды. Салтанатты рәсімнен кейін ол бірінші болып сөз бастады. Ол көтерген мәселенің көпшілігі Үш жүзге ортақ еді:

1. 1738 жылы қазақтар тонаған, Орынбордан Ташкентке жөнелтілген керуеннің тауарларын қайтару немесе өтеу;
2. Тұтқын алмасу. Бұл ретте Жәнібек батыр казактар мен қалмақтар айдап әкеткен қазақтар мен олардың мал-мүлкінің тізімін бірінші берді. Ал ол өзі қазақтардың кегі үшін орыстарды және Ресей қоластындағы татарларды, ноғайлар мен қалмақтарды Астрахан мен Орынбордан айдап апарып Хиуа мен Бұхарада құлдыққа сатқан;
3. Жаңа орыс керуенін дайындау және оны қазақ тарапының жетегіне беріп, қауіпсіздігіне жауапты ету. Алайда көпестердің бір теңге (тюк) 2 тілім тері төлеуін олар жеткіліксіз деп санады. Нәтижесінде, Ташкент тиынымен төлем жасауға уағдаласты.
4. Әбілмәмбет император сарайына сенімді екі-үш адамнан құралған шағын елшілік жіберуге ниет білдірді. Орыс тарапы аудиенциядан бас тартпауы үшін ең беделді адамдарын (ұлын аманатқа беруді меңзеп) жіберуді ұсынды.

Әбілмәмбет Әбілқайыр ханның 1732 жылы Ресейге жіберген бірінші елшісі Орынборда ұсталғанын ұмыта қойған жоқ. Ол – 11-12 жастағы Ералы сұлтан болатын. Содан кейін хан оны «өз еркімен» басқа ұлымен ауыстыруға мәжбүр болды. Орыстар қазақтардың дұшпандығынан сақтанудың бір-ақ жолы – аманатқа адам алудан басқа сенімді тәсілі бар деп ойламады. Сол үшін билеушілердің – хан-сұлтандардың, старшындар мен батырлардың ағайын-туысын, балалары мен ата-аналарын және басқа да жақын туыстарын мүмкіндігінше көбірек аманатқа ұстады. Сонымен қатар бұл Орынбордан шығатын сауда керуендерін жетелеп, күзетуге келіскен адамдарға да қатысты болды. Олар жақын маңдағы қала бекіністерінде тұруы керек еді. Урусов аманаттарды босату туралы жеке кездескісі келетіндердің барлығымен жасырын сөйлесті.

Кіші жүз сұлтандары мен Ұлы жүздің хан-сұлтандары Орынбор командирінің қабылдауында ешқашан бірге болған жоқ. Әбілқайыр

нақты сылтау айтып, Ресей тарапымен келіссөзге қатысқан жоқ, дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, олардың кездесуіне себепші болу үшін көп күш жұмсады. Қазақ билеушілері келіссөздерде ұсыныстар мен маңызды мәселелерді талқылауда ортақ пікірге келе алмады. Орыс жағы да қазақ билеушілерінің арасына анда-санда от тастап қою саясатын ұстанды.

Әбілқайыр сол кезде Ресейден өзі қоныстанбаған Сырдария бойында бекініс салуды сұрады. Өз отбасынан шығып, кепілде отырған аманатты Орта жүздің адамымен алмастыруға тырысты. Әбілмәмбет бұған да, басқаға да келісе алмады. Ол жоңғарларға қарсы күресте Ресейдің нақты әскери көмек беретініне сенбеді, орыс жағы да оны тек дипломатиялық тұрғыда ғана қолдайтынын байқатты. Әбілмәмбет Әбілқайырға тұңғышы әрі мұрагері Нұралы сұлтанды Ресейге кепілге жіберуді ұсынды. Ол сол арқылы Ұлы ханның беделін әлсіреткісі келді. Бұл жағдай онсыз да «кармазин шұғасына бола» өз ұлын Ресейге бергені үшін көзтүрткі көрген ханға қиын еді. Алайда «екі қошқардың басы бір қазанға симауының» басты себебі – Әбілмәмбеттің қандай жағдай болса да Түркістаннан айырылмауға тырысып, қаланы Әбілқайырға бергісі келмегендігінде еді. Сол себепті де Әбілмәмбет орыстарға қазақ аманатының атын атамай, оны Орынборда емес, ресми қызметіне байланысты деген сылтаумен одан да әрірек – Самарада ұстауды ұсынды.

Ол неге орыстарға мұндай ұсыныс жасауға бекінгенін парықтап көрейік. Жалпы Әбілмәмбет халықаралық қатынастарда «аманат институтына» қарсы болған жоқ. Ол мұның қазақ билеушілері мойнына алған міндеттемелерді орындаудың жалғыз кепілі және әлді көршілердің қолдау көрсетуінің шарты осы ғана екенін білді. Сондай-ақ, ол аманат беру арқылы өзінің барлық вассалын ортақ жауапкершілікке бағындыру керегін де түсінді. Тек осылай ғана өзіне бағынышты, бірақ асау рубасыларының қысастығынан арылуға болады. Бұдан бөлек, аманат ұстау – ханның өзіне бағынышты сұлтандар мен старшындарға ықпал ету мүмкіндігін берді. Себебі аманат алу туралы мәселе бәрінің қатысуымен өткен хан бастаған жалпы съезде шешілетін. Ол хан балаларының нөкерлерін (свита) құрайтын бас старшындарды таңдауға әсер ете алды.

Қазақстанның батысы мен солтүстігіне – Ресей империясы, оңтүстігі мен шығысына – Жоңғар хандығы ықпал етті. Ұлы жүз хандары Жоңғар хандығының протекторатында болды. Бұл туралы Әбілмәмбет Орынбор маңындағы келіссөздерде бірнеше рет мәлімдеген. Ол жоңғарлар

арқылы ғана Түркістан мен оған бағынышты кенттерін өзіне қалдыра алатынын түсінді. Бұған ол орысқа ресми ант бергеннен соң 6 айдан кейін көз жеткізді. Бұл тұрғыда Әбілмәмбеттің Орынборда орыс билігіне ант беруге мәжбүр болғаны үлкен сабақ болды. Ол соңғы жылдары тағы да мұндай жағдаймен ел көзіне түспеуге тырысты. Бұл оның Ресей бақылауындағы алғашқы және соңғы жеке кездесуі еді. Осыдан кейін ол елшілерді тек өз елінде қабылдады. Оның елшілері Ресей астанасына жете алмады, бірақ хан орыс шабармандары арқылы Орынбормен байланысын үзбей, хаттарына дер кезінде жауап беріп отырды. Ол Орынбор маңындағы келіссөздер кезінде орыс бодандығын қабылдағанын растау үшін Санкт-Петербургке ресми елші жіберу туралы алдын-ала келісім алды. Алайда оның бодандық алу туралы бірде-бір хаты формаға сәйкес келмеді.

Сыртқы істер алқасы қорында Әбілмәмбеттің Анна Иоанновна мен Елизавета Петровна патшайымдарға жазған хаттарының көшірмелері сақталған. 1740 жылғы тамыздағы алғашқы хат ханның сөзімен жазылып, аудармашының ескертуімен: «Әбілмәмет ханның татар диалектісіндегі түпнұсқа сөзіне мөр басылды» деп мөр басылды. Бірақ бұл хат тиісті жеріне жолданбаған. Хан таққа отыруына байланысты Елизавета Петровнаға өзі аса қаламаса да жолдаған құттықтау хатын оның елшілері Санкт-Петербургке жіберді. Хатта ол анықтап тұрып: «Елшілер келген соң, екінші рет арнайы елшілер жіберемін, онда халықпен ақылдаса отырып, қаланы қай жерге салу керектігі туралы алдын ала хабардар етеміз» - деп жазды [КРО 1, 186].

Алайда, осы хатқа басылған мөрге тәжірибелі аудармашы Р.Уразин күмән келтірді: «Сөйлемнің соңында сия мөрі бар, ал оның ішінде не бейнеленген, оны анықтау мүмкін емес», – деп шындығын айтқан. Сонымен, Әбілмәмбет хан нақты елшілік жіберуге, яғни ресми елшілік жіберуге уәде берді, бірақ негізінен бұл істің қорытынды нәтижесінен гөрі жоңғар мәселесі маңыздырақ болатын.

Ресеймен жеке келіссөздерден кейін бір жыл өткен соң, 1741 жылдың ақпанында қазақтар ойраттардың шабуылына ұшырады. Ал көп ұзамай Анна Иоанновна патшайым кенет қайтыс болды. Ол 10 жыл бойы (1730-1740 жж.) елге қарадүрсінмен билік етті. Алайда дәл соның тұсында Қазақстанның Ресейге қосылу үдерісі басталды. Оның басым бөлігі әккі дипломатиялық саясаттың арқасында жүзеге асты.

Жоңғар-қазақ қақтығысы Жоңғар хандығының пайдасына шешілді. Бұл кезде орыс ақсүйектері I Петрдің бірінші және екінші

некесінен туған балалары мен немерелерінің пайдасына шешілген қақтығыстар мен сарай төңкерістерімен басы қатып жатқан болатын. Оның сыртында тура осы 1741 жылдың тамызында Швеция Ресейге соғыс жариялады.

Белгілі жағдайда шектеулі болса да соғыс 1743 жылға дейін жалғасты. Бұл жағдай Ресей әскерінің бір сәтке болса да шығыстан алшақтауына, назар аударуға мұрша болмауына әкелді. Осыны тиімді пайдаланған Жоңғар хандығы қазақтарға шабуыл жасауды қайта үдетіп, көшпелі мемлекеттер арасындағы дәстүрлі вассалды қарым-қатынастарды қалпына келтірді.

1742 жылғы қыркүйекте Ресей патшалығы қазақтарға жүрегі жібімейтінін көрсетіп, Жайықтан өтуге тыйым салған әйгілі жарлығын шығарды. Егер олай болмаған жағдайда «бітіспес жауға» айналатыны туралы ескертті. Жарлық бойынша қазақтар өзеннің тек дала жағында ғана жүріп, орыс бекіністеріне жақындамауы керектігі ескертілді. Осы орайда өз кезінде Орынбордың Әбілқайыр ханның өтініші бойынша салынғанын да ескеру керек. Бұл кезде Сырдарияның оңтүстік-батыс алқабына Парсының әйгілі шахы Надирдің әскерлері жылжып бара жатқан еді.

Ал сол уақытта қазақ даласында Әбілқайыр мен Әбілмәмбет арасындағы бәсекелестік күшейе түскен болатын. Әбілқайыр хан орыстың жаңадан тағайындалған патшайымы Елизавета Петровнаға Қазақстандағы істің жай-күйін айтып, ашық хат жазу турлы шешім қабылдады. Ол: «Біздің жұрттың құпия кездесулері өтіп жатыр, ал біздің кіші ағаларымыз бізден теріс айналып, әдепсіз әрекет жасады... Әбілмәмбет сұлтан мен Барақ сұлтан маған: Біз, Әбілқайыр хан сияқты, орыстарға беріліп, оларға бағынып, орыс ұлдарына айнала алмаймыз... (олар, сондай-ақ Батыр сұлтан туралы да айтты – К.Х.). Одан да ұлдарың мен алмандарыңды қалмақтарға берген жақсы» былай деп жазды [ЭНПКЭ 1, 144].

Орынбор үш сұлтанның қазақтарды жоңғарларға «Ақ үйлі аманат» беруге көндіргені туралы нақты мәлімет алды. Сондай-ақ Орынбордан келген сауда керуені Әбілмәмбеттің нұсқауымен тоналғаны туралы сыбыс жетті. Бұл хатты Әбілқайыр хан 1742 жылы наурызда жазған. Сонымен қатар, ол көңілінде көптен жүрген ескі реніші – Урусов пен Әбілмәмбеттің кездесуінде балалары Нұралы мен Ералы сұлтандарға емес, Әбілмәмбет пен Абылайға көбірек құрмет көрсетілгенін айтты.

Бір айдан кейін хан қазақтардан 40 кісі, жоңғарлардан 40 кісі делегация шығып, өзара бейбіт шарт жасасқанын жазды. Қазақ жағын

Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтан басқарған. Келіссөз нәтижесінде Түркістан Әбілмәмбеттің қарамағында қалып, Шығыс Қазақстан жоңғар шапқыншылығынан аман сақталды. Әбілқайыр хан осы маңызды оқиғалардан сырт қалды. Соның салдарынан ол да, оның балалары да Қазақ хандығының рухани және маңызды экономикалық орталығы саналатын – Түркістаннан түбегейлі айырылды.

Әбілмәмбет қалмақ Дондық-Дашимен байланыс орнатып, оған Аюке хан тұсында болған өзара достық қарым-қатынасты қалпына келтіруді ұсынды. «Егер сіз біздің тарапымыздан сұрасаңыз, біз бүкіл ордамен бірге Құдайдың рақымымен Жайықтың бергі жағында, ал сіз Жайықтың арғы жағында барлық адамдармен бірге амандықта болуыңызды тілейміз. Екі орданың арасындағы ұры-қарыға тыйым салып, берік ұстау бізге міндет, ал бізден ұрлық пен дұшпандық болмайды, ол үшін «жұмыла көтерген жүк жеңіл екенін» есте ұстаған абзал. Соғысты мүлдем тастаңыз» [ЭНПКЭ 1 бойынша, 254].

Бұл хат орыс әкімшілігінің қолына кездейсоқ түсіп, бізге жеткен. Ол дала билеушілері өзара келісіп, өз иеліктеріне шекара орнатуды шешкендігін дәлелдейді. Бірақ Әбілқайыр Жайық пен Еділ арасындағы көшпелілерді басып алу әрекетін тоқтатқан жоқ. Соған қарамастан, қазақ-қалмақ келісімі сол кезде екі жақтың да, тіпті Әбілқайыр ханның да мүддесіне жауап берді. Себебі Кіші жүз қазақтарының мүддесіне нұқсан келтірген Ресейдің Жайықтың оң жағалауына өтуге тыйым салу туралы Жарлығының соңы қарулы қақтығыстарға әкеп соқтырды. Көп ұзамай Әбілмәмбет қазақтар Жайықта ұрлық жасамайды дегенге сендіру үшін елшілерін жасырын кеңесшісі И.И. Неплюев пен Астрахан губернаторы В.Н. Татищевке жіберді.

1743 жылы Әбілмәмбет хан «алдағы көктемде» Ресейге өзінің нағыз елшілерін жіберуге уәде берді [Сулейменов, Басин, 1981, 174-175].

1745 жылы Орынбор губернаторы И.И. Неплюев бұрынғы губернаторлардың саясатын жалғастырды. Орта жүз хандарының елшілері оның Жоңғар ханымен қарым-қатынасын ескеріп, Әбілқайырдан гөрі содан көбірек қауіптеніп, көбірек сый-сияпат жасауға тырысты. Шыдамы таусылған Әбілқайыр хан 1747 жылғы 20 маусымдағы хатында императрицаға: «Әбілмәмет сұлтан мен Барақ сұлтан қалмақтарды бізден жоғары санап, құрметтейді, ал мен олардан төменмін, алайда о баста олай болмаған», – деп жазған [ЭНПКЭ 1, 192].

Елизавета Петровнаның (1741-1762 жж. билік құрған) таққа отырғанын құттықтау үшін, Орта жүзден елшілік жіберуге келісуге аудармашы Р. Уразин мырзаны 1742 жылдың маусым айында Әбілмәмбет ханға іссапарға жіберді. Осы арқылы орыстар қазақтардың жаңа билеушіге тағы да ант беруін қалайтынын білдірді.

Орынбор ойраттармен жасасқан келіссөз құжаттарын кейін көрсетпек болды. Сондай-ақ ойрат ордасына жіберілген К.Миллер арқылы Қалдан Серенді Ресейдің құзыретті азаматы ретінде тұтқында отырған Абылайды босату секілді бірнеше талабы бар міндеттерден хабардар етті. 1742 жылы Әбілмәмбет императрица Елизаветадан оның елшілерін ұстамауды өтінді. Олардың қатарында Айтым Баймұрат (Айтым батыр), Қарабаш, Болат, Қараман сияқты батырлар болды. Олар Елизавета Петровнаның таққа отыруына орай ханның құттықтауы мен адалдығын білдіру үшін жіберілген еді.

Ор қаласы маңында өткен келіссөздерден кейін қазақ билеушілерінің орыс өкіметіне адалдығы үлкен сынға түсті. 1741 жылы Қазақстанға Қалдан Цэреннің әскері басып кірді. Осы жорықта Абылай сұлтан тұтқынға түсті. Әбілмәмбет елшілері қазақ-жоңғар істерінің жай-күйі туралы хабарлап, ойраттардан қорғауды, сауда-саттық орнатуды, ортаазиялық және ресейлік сауда керуендерін шығарып салып, күзетуге ниетті екенін білдірді. 1742 жылғы 23 маусымда Айтым мен жолдастарын қайтару туралы Елизаветаның грамотасы шықты [КРО 1, 216-217]. Қазақ елшілері қайтарда «азық-түлік ризығы» және императрицаның «ерекше жалақысымен» марапатталды. Мүмкін, қазақ елшілері орыс императрицасының тәж киюіне байланысты қабылдауға қатысқан шығар, онда Цин патшаның елшілерін – алғаш рет Санкт-Петербургке келген қалмақтарды қарсы алды.

Бұл кезде Орынбордың мәліметі бойынша, Әбілмәмбет Елек өзенінің жоғарғы ағысында – Жайықтың сол жақ сағасында, яғни Қазақстанның батысында көшіп-қонып жүрген. [КРО 1, 216-217].

Орынбор комиссиясының нұсқаулығында аудармашы Уразлинге (дұрыс күні 1742 ж. 7 шілде – Қ.Х.) Әбілмәмбетті құпия кеңесші Неплюевпен кездесу үшін Орынборға шақыру және Орта жүздің Жоңғариямен қарым-қатынасы туралы мәліметтерді тура өзінен алуға көндіру міндеті қойылған [КРО 1, 217].

Нұсқаулықтың мазмұны Әбілқайырдың Орта жүз билеушісін аманатқа ұстау туралы ұсынысы Орынборға өте ыңғайлы болғанын байқатады. Аудармашы Әбілмәмбеттен бөлек, алдағы Хан кеңесіне келуі мүмкін Барақ пен Батыр сұлтандарға да жеке грамота әкелген

болатын. Алайда грамотаны олардың әрқайсысына жеке-жеке, бірбіріне білдірмей тапсыру керек еді.

Урзалиннің негізгі міндеті – билеушілердің Қалдан Серенге аманат беру ниетінен «айныту» болатын. Басшыларына сыйлық қазынадан жіберілді, бірақ олардың қарапайымдылығына және билікке деген қызығушылығын көрсеткісі келмеуіне байланысты елшілердің атынан жеке тапсырылуы керек еді. Урзалинді ұзақ уақыт қазақ арасында өмір сүріп, «татар тіліне риза» болған сібірлік шаруа Иван Лапин ертіп жүрді. Ресей ұстанымы қарама-қайшылыққа толы еді. Бір жағынан ол өзінің жаңа бағыныштылары ретінде қазақ мүддесін қорғаушы рөлінде болса, екінші жағынан қазақтарды үнемі өзара қырқыстырып қоюға, ойраттармен бейбіт қарым-қатынас орнатқызбауға барын салды.

Әбілмәмбеттің сәтсіз сапарынан соң, Орынбор Барақ сұлтанға оң көзбен қарай бастады. Алайда, ол орыс елшісі сый ретінде не грамата, не қылыш әкелмегенін білген соң (императрица Әбілмәмбетке сыйлық ретінде арнайы қылыш пен сауыт жібергенін бәрі білетін) ашуланып, Неплюевтің хаттарын қабылдамай, елшіні өзінен алыстатты. «Біз сұлтаннан ешқандай жауапкершілік күте алмаймыз, оған үміттенбеймін де, – деп жазды Неплюев Үкімет Сенатына. – Ол менімен кездесу барысында өзін аса тәкаппар, ерекше асқақ ұстады. Ол қазір Әбілмәмбет ханмен бірге. Естуімше өз ұлын Әбілмәмбеттің ұлының орнына жоңғар билеушілеріне жібермекші» [КРО 1, 285]. Бұдан Әбілмәмбеттің Ресейге ұнау үшін Қалдан Сереннен кейін билікке келген Жоңғар ханымен жауласуға бармайтын Барақ сұлтанмен нәзік келісімді сақтай алғанын аңғаруға болады.

Әлбетте, Әбілмәмбет өз өмірінде Барақпен де, Абылаймен де, сондай-ақ өзге де ықпалды сұлтандармен кеңесіп отырғаны анық. Хан оларға тапсырма бермесе, олар ханға тапсырма бермегені де шындық. Демек Абылай оның келісімімен әуелі оны қорғаумен, содан кейін ғана халықаралық істермен айналысты. Ал өз кезегінде Әбілмәмбет те Ұлы даладағы осы бір ең ықпалды екі билеушінің қолдауынсыз тырп ете алмағаны ақиқат. Ол Абылайдың орындаушылығына, Қазақстанның шығысы мен оңтүстігінде көптеген руларды уысында ұстап, жоңғар ханының ургасымен (ордасымен) тікелей байланысы орнатып отырған Барақ сұлтанмен санасуға мұқтаж еді.

Сұлтандардың да, әсіресе Барақтың әлді жақтаушылары болды. Жоңғарлармен арадағы кез келген мәселе Барақ сұлтанның араласуынсыз шешілмейтін. Абылай мен Барақ ханға жиі келетін. Олар

өздеріне бағынышты аумақтардағы хабаршылар арқылы жеткен ішкі-сыртқы елеулі оқиғалар туралы ханға ауызша және жазбаша мәліметтер беріп отыратын. Хан өмір бойы өзінің негізгі вассалдарымен байланысын үзген жоқ. Сондай-ақ ханның Кіші жүз бен Ұлы жүздің билеушілерімен, ықпалды рубасылармен, европалық рыцарьлар секілді апайтөс батырлармен байланысы үзілген жоқ.

Орынбор губернаторының міндетін атқарушы А.И. Тевкелев және оның көмекшісі П.И. Рычков Сыртқы істер алқасына ханның 1743 жылы Орта жүз Ордасынан шыққанын және «Түркістанда тұрып, осы қаланы және басқа да жергілікті жерлерге (сарттар, яғни көпестер мен дихандар тұратын) иелік еткендігін», 1758 жылы туған жиені қаладан қуып шыққан соң Ордаға оралғанын баяндаған. Алайда, хан бұған көңгісі келмеді және қаланы қайта жаулап алмақшы болды [11, 1,188]. Бірақ 1758 жылы тамызда Тевкелев Әбілмәмбеттің Ордадан әлдеқашан шығып кеткенін, қазіргі кезде Түркістанда екенін жазды [6, 1758, 4-іс, 162].

Бұл оның Ұлы хан тағына қайта отырғанын, Әбілқайыр өлімінен соң 1748 жылдың тамызынан 1758 жылдың тамызына дейінгі онжылдықта иеленген мәртебесіне қайта қол жеткізгенін білдіреді. Әбілмәмбет қазақ сұлтандары Қалдан Цэреннің заңды мұрагерінің бәсекелестеріне ешқашан қолдау көрсетпейтінін байқатты. Ол Сырдария маңындағы қалалардың қазақтар үшін әрі стратегиялық әрі экономикалық маңызын түсінді. Бірақ ол өңірде тек жоңғар ханының келісімімен ғана билік етуге болатын еді.

Түркістан – Әбілмәмбеттің атасы атақты Тәуке ханның ордасы болған. Әбілмәмбет қаланы өз қолында ұстауға тырысты. Сол үшін жоңғар хандарының уақытша вассалдығын мойындап, бірнеше рет қала мен Түркістан уәлаятынан түскен табыстың бір бөлігін Орта Азия билеушілерімен және ішкі бәсекелестерімен бөлісу секілді саяси жеңілістерге дейін барды.

Әбілмәмбет ханның ішкі-сыртқы саясатының барлық басымдығы «Түркістан» деген бір ауыз сөзге шоғырланды. Алайда, Түркістаннан уақытша айырылған кезінде де ханның бәсекелестері мен ашық дұшпандары оны елдің саяси өмірінен айыра алмады. Хан тағдырының аумалы-төкпелі жылдарында іргелес екі державаның билігі де, ішкі ру-тайпалардың беделді рубасылары да Әбілмәмбет мәртебесін елеусіз қалдырған жоқ.

Әбілмәмбет әлеуеті сыртқы аренадағы ықпалын жоғалтпады. Ойрат пен Орта Азия хандықтары, Ресей мен Цин патшалықтары оның

хан мәртебесіне күмәнданбады. Оны a priori (көшбасшы) деп таныды және даусыз сол мәртебе деңгейінде сөйлесті. Оны байқау үшін 25 жыл бойы бір-біріне жолдаған құжаттарға назар аударсақ жеткілікті:

1) «Орынбор губернаторының Кіші жүз бен Ұлы жүз хан-сұлтандарымен жасасқан келіссөздерінің журналдық жазбасы» 1740 жылдың тамызы;

2) 1764 жылы Әбілмәмбет атынан Қытайға келген елшілердің кездесуі туралы құжаттар. Цяньлунның хан хатына жолдаған жауабы. Бәлкім аталған адресатқа жолдаған соңғы жауабы болуы мүмкін.

Хан Түркістан ауылдарын асықпай жиі аралайтын. Жарты жылдай уақытын Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда өткізді. Ол қажет болса Түркістанда немесе әр сапары сайын кең далада кеңес құратын. Басқарудың мұндай әдісі ұлан-ғайыр даланы мекен еткен көшпелі мемлекет үшін оңтайлы болды және ол Әбілмәмбет кезінде үйреншікті жағдайға айналды.

Хан жеке өмірінде де, мемлекеттік қызметте де салт-дәстүрдің жанашыры болды. Кейбір ғалымдар оның жігерсіздігін, көшбасшылық қабілетінің жоқтығын атап өтеді. Алайда хан өзінің вассалдарының пікірін қалай тыңдауды білді. Күші қаншаға жететінін түсінді және соны қабылдады. Екінші жағынан, ханның дәстүршілдігі (консерватизм) саясаттың тұрақтылығы мен ұстамды шешімдеріне, болжамды әрекеттеріне кепілдік берді.

Әбілмәмбет қазақ ақсүйектерінің съездеріне аса мән берді. Ол ақсүйектер әулетінің бір-екі өкілі қатысқан шағын жиынын, кей жағдайларда күллі Үш жүздің басын қосқан кеңестер өткізді. Кей старшын-билер мен старшын-батырлардың және жиһанкез батырлардың қатысуымен өткен жиын Халық кеңесі ретінде өтетін.

XVIII ғасырдың 60-жылдарының басында ханның сенімді адамдарының арасында – Әбілфейіздің өгей ұлы, Абылай сұлтан, ұлы Болат, Қазбек би мен оның ұлдары Бекболат пен Сырымбет, батырлар – әкелі-балалы Құлеке мен Құлсары, Жәнібектің ұлы Дәуітбай тархан және басқалары бар еді. Хан өзінің асқақ әрі өркөкірек сұлтандары Абылай мен Барақты бағындыру арқылы ұлдары – солтүстіктегі Болат пен шығыстағы Әбілфейіздің жағдайын нығайтуға ықпал етті. Оның қол астындағы сұлтандар әрқашан жеке пікірін ашық айтып, Хан кеңесінде өз ұстанымдарын қорғай білді. Ал хан өзі келіспесе де, көпшіліктің пікірін тыңдаудан тосылған емес.

Мысал, 1753 жылғы кеңесте ойрат тағына үміткерлерге көмек көрсету туралы шешім хан ойымен сәйкес келмеді. Абылай

сұлтан 1740 жылы Әбілмәмбетпен бірге батысқа көшіп, онымен тағдарлас болғалы араларында ашық араздық болған жоқ. Сұлтан орыс билігінің қысымынан қорғану үшін оны «әке санап», Ұлы хан Әбілмәмбеттің дәрегейінде болды. Сол сияқты, Цин билігі қысым жасағанда қазақ билеушілері арасындағы ағалық дәстүрмен Нұралы ханның қолтығына кірді. Бұл біріншіден – Санкт-Петербургтен алыс аумақта орналасуынан болса, екіншіден – Бейжің үшін де «ат аяғы жетпес» қиян болғандығынан болуы мүмкін. Жас Абылай билік иерархиясындағы өз орнын білді және хандықтың халықаралық актілерін қабылдау үшін ұжымдық жауапкершілік қажеттігін түсінді.

1758 жылы Әбілмәмбеттің Түркістаннан қуылуына қарамастан, Абылай «ханмен келісе отырып» Жолбарыс сұлтанды Санкт-Петербургке жіберді [ЦИКХ 1,189].

Ол тек төтенше жағдайларда ғана сыртқы күштердің қысымына бой алдырғанымен, тығырықтан шығатын жол табатын. Сұлтан ерте ме, кеш пе өзінің әрекеттері туралы Төле биге, Әбілмәмбет хан мен Нұралы ханға хабарлайтын. Бір сөзбен айтқанда, Абылай Ұлы ханға моральдық тұрғыдан да, символдық тұрғыдан да тәуелді екенін шынайы ұғынды. Ол көрші елдерге елші ретінде кім баратынын үнемі ханмен кеңесіп, соның мақұлдауымен жіберетін. Алайда өмірінің соңында менмендік билеп, Әбілмәмбет қайтыс болған соң таққа отыруға деген құмарлығы оны тәуелсіз ойындар мен қысастыққа итермеледі. Менің болжамым бойынша, Абылай мен Әбілмәмбет ханның өзара қарым-қатынасындағы Абылайдың кейбір еркіндігін, олардың арасындағы 5-6 жас шамасындағы азғана айырмашылықпен және жақын адамдардың әдеттегі сыйластық әрекеттерімен түсіндіруге болады.

Негізінен Қазақстандағы 1860-жылдардағы ахуалды тамаша талдаған Орынбор губернаторының Сыртқы істер алқасының жарлығына назар аударсақ. Онда Әбілмәмбет Орта жүз ханы ретінде көрсетіледі. «Оны тек қырғыз-қайсақтар ғана емес, олардың сұлтандары мен старшындары да, тіпті Абылай сұлтанның өзі де тыңдап, онымен ақылдасып отырады. Себебі Әбілмәмет хан Түркістан қаласында болса да, жазда Ордаға – алтай-арғын руларына келіп, өзінің көмегіне мұқтаж Абылай сұлтанның көп уақыттан бері шеше алмай отырған қырғыз-қазақ мәселелерімен айналысады». Ханның «әлі де күші көп... бұндай жағдайда, Әбілмәмбет хан тірі тұрғанда бұл Ордада басқа хандық құрудан ешқандай пайда жоқ...» деп атап өтті. Оның мұрагері сайланған соң Алқа оның хандық артықшылығын рас-

тау туралы ұлы мәртебелі патшайымға өтініш білдіруді ұсынды [7, 1, 607-610].

Сонымен, Әбілмәмбет хандықтағы маңызды шешімдерге ықпал етуден айрылғандығы туралы сөз болуы мүмкін емес, алайда оның билігі Кеңеспен (Ш.Уәлихановтың анықтамасы бойынша Сеймमен) шектелгенін мойындау керек. Хан өз мәртебесінің осы ерекшелігімен келісуге мәжбүр болды. Ол кезде Ертіс пен Жайық арасындағы қазақтың күллі ру-тайпаларын тырп еткізбей басқара алатын, бүкіл сұлтандар мен старшындарды «әкімшілік» жүйемен бағындыратын хан болған жоқ.

Олардың әрқайсысының, былайша айтқанда, өз-өзінің парызы мен Ұлы ханмен келісілген міндеттері болды. Сонымен қатар, сол кездегі қазақтардың менталитетінде тұрақты нышандар болған. Бұл біртұтас халықпен (елмен, алашпен) сөзсіз бірге екенін және алтыбақан алауыздықтан сақтай алатын, оларды біріктіріп, қорғай алатын Ұлы ханға деген күмәнсіз саналы қажеттіліктен туындаған.

Әңгімемізді Қазақ хандығының халықаралық қатынастарына, басқа да басты оқиғаларына бұрсақ. Сондай-ақ ол оқиғаларға Ұлы ханның қанша қатысы барын дәйектеп көрсек.

1762 жылы Цин империясы бір жақты тәртіппен көшпелі қазақтар мен қырғыздардың шекарасын орнатты, шекаралық аумақтарды тазарту бойынша бірнеше әскери операцияны жүзеге асырды. Ол Құлжа шатқалындағы Іле өзені жағасына және Тарбағатайдағы ойраттар мен қазақтардың жайылым алқаптарына бекініс салып, кейін оларды қарауылдар желісімен байланыстыруды көздеді. Алғашқы соққыларды шығыс және оңтүстік-шығыс Қазақстан, Ертіс пен Іле арасындағы Әбілфейіз бен оның балалары, Қазбек би, Қабанбай, Қожаберген және т.б. батырларларға қарасты тайпалар қабылдады. Әбілфейіздің бір әйелі мен Қожаберген батыр тұтқынға түсті.

Дәл осы кезде Цин билігі ойраттарды қудалау саясатын тоқтатып, ойрат босқындарын иесіз жерлерге қайта шақыра бастады.

1763 жылы Ресей билігі қазақтарға Жайық пен Ертістің оң жағалауындағы жайылым жерлерге өтуге тыйым салды. Сонымен қатар, олар шонжарларға қазақ және ойрат босқындары мен тұтқындарын беруден бас тартты. Орыстар оларды шоқындырып, Сібірде қалдырудың барлық мүмкіндігін қарастырды. Ойраттарды діни сенімге кіргізу саясаты 10 жылдан астам уақыт бойы жүргізілді. Өйткені оларды батыстағы қалмақ хандығына қарай жылжытуға қаражат болған жоқ. Орта Азия мұсылмандары да ойраттардың ислам дінін қабылдауына барынша ықпал етті.

Қазақ феодалдарының орыс бодандығынан ресми түрде бас тартпағаны секілді, Цин империясы да ойраттарға деген көзқарасын өзгертіп, өзін ламаизмнің қамқоршысы деп жариялады. Шығыс Түркістанды Цин империясының жаулап алуы, ұйғыр қожаларының ұрпақтарының мұсылман елдерінің басшыларын қорғауы – халықаралық қатынастардағы діни фактордың шиеленісуін тудырды. Циндерге өз жерінде өлтірілген туысқан қожалардың не басын, не құлағын кесіп бермеген Бадахшан билеушісі мешіттерде қарғысқа ұшырады. Бұл мәселеде ортаазиялық Бұхара, Ташкент, Хиуа және Қоқан хандары арасында да бірлік болған жоқ. Қазақтар қоқандық Ердан бекпен, қырғыздармен, қарақалпақтармен қарулы қақтығысқа барды. Державалар Абылайға әскери көмек беруден бас тартты.

Бұдан бөлек, Сырдарияда «оба», ал Ертіс өңірінде жамандат (сібір жарасы) өршіді. Жоңғар көшпелілерінің Цин патшалығымен шиеленісі, Ресейдің батыста Жайықтан, шығыста Ертіс өзенінен бері өтуге тыйым салуы, табиғи апаттар – қазақ хандарын ауыр жағдайға душар етті. «Қырғыз арасында бұрын-соңды мұндай толқу болған жоқ», – деп жазды орыс құжаттарының бірінде [РИ ССМ, 1763, 2-іс, 13-п. арт.].

Дін қарындастан көмек болмады, болуы мүмкін де емес еді. Дуррани державасының шахы Ахмад цин билігіне қарсы одақ құруға шешім қабылдады. Осы мақсатпен ол Орта Азия хандықтарына елшілік жіберіп, Түркістандағы Әбілмәмбет ханға дінсіз шүршіттерге қарсы ғазауатқа қосылу туралы ұсыныс хат жолдады.

Хан Ахмад шах хатының мазмұнымен танысу үшін өзге хан-сұлтандарға атшабарлар жіберуге асықты. Содан кейін ол дала төсінде старшындармен бірге Цин патшалығына қарсы одақ құру туралы шахтың хатын және басқа да мәселелерді талқылады. Хан мен вассалдарының әрекеті туралы дереккөздерден олардың төмендегідей шешімге келгенін байқауға болады (бұл жерде біз барлық тараптың әрекеті мен қарама-қайшылықтарының себептерін түсіндіруге тырысамыз):

– Нұралы ханға да, Қайып ханға да бұл жағдай туралы хабарлап, қандай шешім шығару керегін ақылдасу. Олардың және Орта Азия хандарының көмегімен Ахмад шахпен байланыс орнату;
– Ресей мен Қытайдың орыс және циндік губернаторларына тұтқындар мен барымтаға түскен малды қайтаруды талап етіп хат жазу, сондай-ақ осы мемлекеттердің астаналарына жіберілетін елшілерді бірлесе дайындау.

Хан-сұлтандар кез келген соққыға жеке-жеке тойтарыс беру мүмкін еместігін сезіне отырып, саяси маневрлер мен дипломатиялық қадамдарға сүйенуге шешім қабылдады. Олар мынандай шешімге келді: егер шүршіттер Тарбағатай мен Іле қазақтарына шабуылдаудан, ал орыстар Сібір мен Батыс қазақтарын ығыстырып, қысым жасаудан бас тартпаса, онда Ахмад шахтың үндеуіне ұйысып, ғазауат соғысына қосылудан басқа амал жоқ.

Қазақ хандары Ауған шахының ұсынысы туралы Қытайға ескертіп, сол арқылы цин отрядтарының шабуылын тоқтатып, тұтқындағы руластарды босату қажет деп санады. Әбілмәмбет бүкіл әулет атынан өкіл ретінде Бейжіңге елші даярлай бастады. Әрине, Кіші жүз елшілері де сұлтан Әбілфейіз бен Ханбабаның (Барақ сұлтанның ағасы) елшілерімен бірге Бейжіңге баратыны туралы хан ескерткен болатын. Дуррания мемлекетінің шахы Орталық Азия халықтарын біріктіре алатынын, хандық билеушілерін еріксіз жиһадқа қоса алатыны туралы өз мүмкіндігін асыра бағалады. Алайда, Іле аймағында халықты жігерлендіретін ерекше қауесет таралды. Мысалы, Орталық Азия билеушілері арасында – қандай жағдай болмасын қатысушылар мен жанашыр мұсылмандарды қарсыластарға беруге болмайды деген келісім жасалғаны айтылды.

Шекара маңындағы ірілі-ұсақты қарулы қақтығыстар да толастамады. Қазақтар дұшпандарын қуып, екі мемлекеттің шекаралық аумақтарына кіріп жүріп, туыс-туғандары мен мал-мүлкін қақтығыспен қайтарып алды. 1767 жылы Шығыс Түркістан мен Орта Азиядан Семей бекінісіне тауар әкелу 1765 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге, 1766 жылмен салыстырғанда 3 есеге кеміді [Аполлова, 1976, 325].

Ресей үкіметі мұсылмандарды моральдық тұрғыдан қолдады және Ауған шахымен байланыс орнатуға тырысты. Шекарадағы тұрақсыздық Цин билігінің Шығыс Түркістанда нығаюына кедергі келтірді.

Әбілмәмбеттің шекара командирлерінің озбырлығына шағымданып 1762 жылы 8 сәуірде жазған хатына император Цяньлун былай деп жауап жазды: «Цзинэли баяндағандай: «Қазақ саудагерлері Әбілмәмбеттің төтемен жазған хатын алып келді. Хаттың негізгі мәні – біздің отряд тұтқынға алған адамдар мен малды қайтаруды, содан кейін ғана соғысуды сұрайды. Жақында Ағуй «шекарадан өткен қазақтарды қуып шығу үшін Илэту бастаған жасақ жіберген. Ол әлі оралған жоқ. Тура өткен жылғыдай болады –

бастаған іс аяқталу керек. Олар (қазақтар) адамдары мен малдарын тартып алмауды сұрайды, дегенмен, биылғы жылы оларды одан әрі қорқыту үшін қуып шығаруға ниеттіміз». Ағуйға тұтқынға алынған адамдар мен малдарды Әбілмәмбетке қайтаруды бұйырамыз, (ол үшін) Фэнан мен екі шивейді (гвардия офицерлерін) іссапарға жібереміз. Бұл ретте оған (Әбілмәмбетке): «сіз, қазақтар тыйым салуды бұзғандықтан және шекарадан (малмен қыстауға өтетіндіктен) Іле командирлері бұл туралы Ұлы императорға баяндаған болатын. (Ал сіздер) ауыр қылмыс жасауды жалғастырып отырғандықтан, олар (сізді) қайтадан қатаң жазалауды сұрады. Бірақ сіз жақында ғана бағынғандығыңыздан, патша сізді кешіруге, тұтқындалған адамдар мен малды қайтаруға бұйрық берді. Болашақта, өз халқыңызды тізгіндеп ұстаңыз, өз жеріңізде тыныш өмір сүріңіз. Егер сіз қайтадан біздің жерімізге қоныс аударатын болсаңыз, біз генералдар ұсынғандай әрекет етеміз». Сондай-ақ, Цзинэлиге егер саудагерлер тағы да келсе, оларға былай деп айт деп тапсырма берді: «Ұлы император бұл істі қарап, тағы да мейірімділік танытты. Сіз патшалық көрсеткен адамгершілікке риза болуыңыз керек және шекарадан қақтығыссыз өтуге тиіссіз» [9, Маньчжурский фонд Военного Совета, архив исходящих писем №03-129-3-039].

Тоналғандарды қайтару туралы жарлық шығарудан бастап, оны орындауға дейін ұзақ уақыт пен шекара билігінің өкілеттігі қажет еді.

1765 жылы Үш-Тұрфанда ұйғырлар көтерілісі басталды. Ұйғыр бектері Қашқарияны Циннан азат етуге ниет білдіріп, өлген қожалардың ұрпақтарымен байланыс орнатты. Абылайдың қоқандықтармен және қырғыздармен соғысына қарамастан кенеттен олардың қасында тынышсыз қалалар – Қашқар мен Үш-Тұрфанның саудагерлері секілді қазақтар пайда болды. Цин билігі барлық нұсқаны қарастыра келе Шығыс Түркістанда орнығып, қазақтарға қысым жасауды азайтуға шешім қабылдады. Олар шекарадағы қазақ малшыларына шабуыл жасаудан бас тартып, әскерін Шығыс Түркістанға жіберді. 1766 жылы олар ауа райын сылтауратып Үржар ауданында бекініс салу туралы ойларын өзгертіп, құрылыс жұмыстарын Шәуешек (Чугучак) шатқалына көшірді. Қазақ көшпелілеріне Іле генерал-губернаторлығына тиесілі аумақтарды қыстау ретінде пайдалану үшін ең төменгі бағада жалдауға рұқсат берілді. Ахмад шахтың жоспары көптеген себепке байланысты сәтсіз аяқталды. Бірақ В.Кузнецов, Б.Гуревич бастатқан орыс ғалымдарының пікірінше олар өз дегендеріне жетті. Қытай мұрағатының 1762 жылғы

желтоқсан мен 1763 жылғы ақпан аралығындағы құжаттары бұл пікірді растайды [ВД, 2015, 177-187].

XVIII ғасырдың соңғы ширегенде сұлтандар мен старшындардың халықаралық алаңдағы мінез-құлқы өзгерді. Мұны Әбілмәмбет, Барақ және Абылай әулеттерінің таққа талас бәсекелестігінің шиеленісуімен түсіндіруге болады. Бұл бәсекеде Әбілмәмбет пен Барақтың ұрпақтары халықаралық аренада келісіп әрекет етті де, Абылай жалғыз қалды.

Абылай 1767 жылы Дәулеткерей сұлтан (Дулаткерей) бастаған елшілердің Қытайдан оралуын күтпестен Жолбарыс сұлтанды елшілікке жібереді. Император Цяньлун мен II Екатеринадан қоқандық Ерден бидің қалаларын қоршауға, қырғыздармен және ішкі жаулармен соғысуға 20 мың әскер мен зеңбіректер сұрады.

Державаларға оның бодауына не уәде берді?

1768 жылдың қысында сұлтан Бейжіңге әрі «қолбала» әрі «тонды бала» – ойрат Чоноциді жібереді.

1769 жылы желтоқсанда Орынбор губернаторы, генерал-майор И.А. Рейнсдорп Абылайдан II Екатеринаның атына жазған хат алады. Онда сұлтан ұлының бірін аманатқа жібергісі келетінін, оны орналастыру бойынша өз шарттары бар екенін жеткізеді. Бұл хат 1768 жылдың екінші жартысында Цяньлунға жазған хаттың мазмұнымен сәйкес келеді. Абылай екі патшаға да бір өтінішті айтып, бірдей уәде берді. Сол уәделері арқылы ол өзге сұлтандардан асып түсті. Мұны жақтастары да байқады.

1767 жылдың соңында Қытайға Әбілмәмбеттің үлкен ұлы Болат, Әбілфейіз және Дайыр сұлтандар (Барақтың ұлы, Абылайдың күйеу баласы) бастаған хан әулетінің аса маңызды елшілігі келеді. Әбілмәмбеттің заңды мұрагері, ұлы Болат сұлтан, Дайыр және Әбілфейіздің балалары Абылайды арамза деп айыптады. Ол Ұлы ханның мұрагерлік құқығының заңдылығы туралы дауласпады, бірақ өзі белсенді жұмыс істеп, Ресейдің және Цин патшалығының шекара губернаторларына хат жазып, империялардың астаналарына елшілер жіберді. Әрі өзінің мұрагерін екі державаға да сарайға қызметке алуды ұсынды. 1769 жылы ол өзінің тұңғышы Уәли сұлтанды Бейжіңге жібергені түсініксіз жағдай болды. Абылайға дейін мұндай қадамға бірде-бір қазақ ханы бармаған еді, олар тек кіші ұлдарын ғана аманатқа жіберетін.

1769 жылдың басында Цин империясы Абылайдың елшілігінен бөлек Әбілфейіз сұлтанның елшісі – оның ұлы Жошыны (Чжолациді)

қабылдайды. Ол әлі бала, манчжур әскери ойындарынан, олардың шерулері мен отшашуларынан қорқып, жиі жылайтын. Император тақ мұрагеріне бұл Цин әскерлерінің күшінен қорқатын жағдай емес деді. Цин шекара қолбасшылары баланың «көңілін көтеру» үшін шерулер, әскери оқ ату ойындарын өткізіп жатқан болуы керек.

Жошыдан кейін, сол 1769 жылы Абылай Қытайға Жарылғап биді басшы етіп, өзге де өзіне адал бірнеше адамды қосып, тікелей мұрагері Уәли сұлтанды (ол кезде жасы 28-ге толған) жіберді. Абылай саяси ойында өз бәсекелестерінен оқ бойы озды.

Дәл сол кезде қазақ арасында беделді әрі ықпалды би Қазыбектің ұлы Сырымбет Омбыда орысқа ант берді. Осы бір қат-қабат қарбалас олардың жебеушісі Әбілмәмбеттің не қайтыс болғанын, не тірі болса да саяси ойындарға араласуға қауқарсыз қалғанын байқататын. Расымен Әбілмәмбетті ауру бұрыннан меңдеген еді. Ол тіпті сонау 1747 жылдың өзінде Орынбордан жүрек ауруына қарсы дәрі жіберуді сұраған болатын [РИ ССМ, 122 қ., 1747, 3-іс].

1766-1769 жылдары Әбілмәмбет туралы әрі сирек әрі формалды деректер ғана кездеседі. Қазақтар Ұлы ханнан айырылып, елдің ішкі жағдайының тұрақсыздығына және сыртқы саяси жағдайдың нашарлауына байланысты бұл мәліметті бірнеше жыл бойы жасырып келген сияқты.

Өзгелермен салыстырғанда сыртқы ортамен көбірек байланыс орнатқан, енді өз мүмкіндігін пайдалануға жанталасқан Абылайдың саяси белсенділігінің жандануы – Әбілмәмбеттің 1766-1767 жылдары қайтыс болғанын болжауға негіз болады.

Әбілмәмбеттің 1771 жылдан бұрын қайтыс болғанын растайтын қытайлық тағы бір құжатты қарастырайық.

1769 жылы қарашада шекара командирі Ао Цзиньге қатысты қылмыстық іс қозғалды. Ол жасырын жекеменшік атқора ұстаған. Ал жылқыларды көшпелілерді алдап-арбап, үркітіп-қорқытып, тіпті қызметін асыра пайдалану арқылы жинады. Ао Цзинь шекараның орталықтан алыс екенін, осы әрекеттеріне бола жазаланбайтынын білді. Әрине, біздің қолымызда бұл әскери шенеунікті тергеу барысы туралы құжат жоқ, бірақ Цяньлун патшаның 1769 жылғы 5 қарашадағы Жарлығы ғана бар. (Цяньлунның билігінің 34-жыл 10-ай, имао күні): «Ең жоғары бұйрық. Юн Гуйдің мәлімдемесі: «Ао Цзинь Әбілмәмбетті еске алу үшін қазынаның екі жүзден астам атын пайдаланған». Ао Цзиньнің сапары ас беру (мақсатындағы) жай ғана қызметтік іссапар. Ол үшін көп жылқы қажет пе? Бұл мүлде іске

сәйкес келмейді. Сонымен қатар, Ао Цзинь әскери қолбасшылық жүйесінде (фудутун жүйесінде қызмет етеді) және оның міндеті мәліметті хабарлау (және өзінен жоғарыдағы командирден рұқсат сұрау). Ол тіпті кеткені туралы (тиісті жерге) баянат та жазбапты. Бұл Юн Гу-ге жеткізгенде де субординация да сақтамаған. Қылаяғы, ол (Ао Цзинь) сарай гвардиясының офицерлерін (шивейлермен) басқарса да, генерал-губернаторға (цзянцзюнюге) бағынуы керек. Тәртіпті мүлдем білмеу – (тәртіпті анық бұзу)! (Ао Цзинь ісі бойынша) тергеуді бастауды бұйырамыз. Императордың бұйрығын барлық ұйғыр қалаларының қадірлі адамдарына жеткізуі, әрі қарай барлық істер туралы әскери дәрежесі бойынша баяндауы, әрбір адам қолбасшылық құрылымындағы өз орнын білуі керек» [Гаоцзун шилу, 844, 27].

Бұл құжаттың маңыздылығы – Әбілмәмбет ханның қайтыс болған күнін дұрыс есептеуге мүмкіндік беретіндігі. Өкінішке қарай, біз әлі біраз сұрақтың жауабын білмейміз: яғни хан қашан қайтыс болды, оны кім, қай уақытта ресми хабарлады? 1769 жылы Әбілмәмбетті еске алу туралы императордың бұйрығы қайғылы оқиғадан қанша уақыттан кейін шығарылды? Ол қайда, қашан өткізілді?

Олай болса, Ао Цзиньнің қылмыстық ісі мен билеуші өмірінің соңғы жылдарын көрсететін басқа кез келген құжатты іздеу керек. Бір сөзбен айтқанда, Әбілмәмбет ханның 1769 жылдың қарашасынан бұрын қайтыс болғаны күмәнсіз. Сонымен қатар, қазақтар екі жыл бойы Ұлы ханның қайтыс болғанын және жаңадан хан сайлау туралы өзара келіспеушіліктерін жасырып келді.

## І.3. Төле бидің сыртқы саяси қызметі

Төле бидің Шыңғысхан ұрпақтарына қатысы жоқ. Соған қарамастан Жетісуда жоғары беделге ие болып, билікке қол жеткізген ірі тұлғалардың бірі. Би «қарадан шыққан». Бірақ халық оны Шыңғыс ұрпақтарынан кем көрген емес. Кейде сол Шыңғыс тұқымының өзі Төле бидің қамқорлығын іздеп келетін. Мысалы Орта жүзден – Барақ пен Абылай, Кіші жүзден – Нұралы хан мен Ералы сұлтан және т.б. ықпалды сұлтандар Төленің шапағатын көп көрді.

Би – дулат тайпасының жаныс руынан шыққан. Бұл – әрі көне, әрі күшті тайпа. Саны жағынан да, иеленген жер аумағы жағынан да аймақтың көп бөлігін алып жатыр. Төле би – Ұлы жүздің ірі шонжарларының бірі. Ол Орта Азия базарларына отарлап қой-ешкі, келе-келе түйе айдататын. Ташкент – Орта Азия қалалары арасында Төле бидің ықпалында болған ең басты қалалардың бірі. Төле онда өз жандайшаптары арқылы билік жүргізді. Төле бидің түйелері Ташкент пен Шымкент арасында келе-келесімен жүретін. Бидің басты ордасы Ташкент маңындағы Шыршық өзені жағасында, Кендіртаудан бастау алатын Бозсу арығының бойында орналасқан. Төленің ұлы Ниязбек Ташкент маңында бекініс салды. Сол бекініске орналасқан Төле әулеті Орта Азиядағы ең ірі қала – Ташкентті сумен қанымдауды қолға алды.

Төле бидің негізгі қызметі Орта Азия хандықтарымен, олардың қалаларымен шектелді. Кейде бұл қарым-қатынас қарулы қақтығыстарға дейін баратын. Соған қарамастан, ол өзі де, бағынышты ру-тайпалар да Ташкент пен Тараздың арасын емін-еркін қыстап-жайлап өмір сүрді. Орыс деректеріне сүйенсек, 1758 жылы Төле би Ұлы жүздің тоғыз руын басқарған [1, 113/1 тіз., 3-п, 1759 г. 32-35-пп.].

Төле би өмір бойы Ташкент пен оның маңында бекіністер салған қазақ шонжарларын бақылауда ұстау үшін барын салды.

Бәлкім ол сауда істерімен айналысқандықтан немесе өз заманындағы байлардың бірі, тіпті ат-көлігі сай, мал-мүлкі, жекеменшік жері, су арналары, дүкендер мен ғимараттары және ақша капиталы болғандықтан болар, дереккөздер оны би немесе бай деп көрсетеді.

Төле би әулеті қазақтың, қырғыздың, қарақалпақ пен сарттардың (сол кезде өзбектер мен тәжіктерді солай атаған) ықпалды әулеттерімен туыстық қатынаста болған. Өзі өмір сүрген жылдары

(83-тен 92 жасқа дейін) ол көптеген қазақ және жоңғар хандарын, олардың гүлденуін, өзара тартысын, жоңғар хандығының жойылуын, Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі Қазақ хандығының әлсіреуін көрді.

Бидің жасына қатысты көптеген болжам бар. Қытай дереккөздеріне сүйенсек, оның туған жылы – 1675 жыл, өйткені 1758 жылы тамызда ол Цин офицерлерімен келіссөз жүргізген. Егер келіссөзді оның атын жамылып, басқа біреу жүргізбей, шынымен Төле бидің өзі жүргізсе, онда ол қайтпас сапарға осы жылдың тамызынан кейін кетті деуге болады.

Би әртүрлі өркениет өкілдерімен кездесіп, өзін ой-өрісі кең, мейірімді, ашық, төзімді адам ретінде көрсетті. Оның жоңғарлармен және Орта Азия шонжарларымен дипломатиялық келіссөздерде тәжірибесі көп еді.

Төле би қазақ билеушілері мен қарапайым халық арасында беделді болды. Сот процесінде туыстарының арасында болған қақтығыстарды шеберлікпен шешті. Бұл оның дала заңдарын жетік білетінін, соған сай әділеттілігін танытатын. Оның атағы бүкіл Қазақстанға тарап, аңызға айналып, бүгінгі күнге дейін жетті.

Төле би жалпы мемлекеттік істерге де, халықаралық деңгейдегі сот істеріне де қатысты өз шешімін айтатын. Мысалы ол Қойгелді батырдың Ташкентке бет алған орыс керуенін тонау ісінде және Әбілқайыр хан өліміне қатысты тергеу ісіне қатысқан.

Төленің билеушілігі мен билік айтуы туралы революцияға дейінгі белгілі қайраткерлер мен зерттеушілер жазды. Бүгінгі таңда да оның өмірбаянының жаңа деректерін анықтауға, қызмет жолын қайта қарастыруға деген қызығушылық жойылған жоқ. Төле бидің өмірі мен қызметі туралы бұған дейін де филологтар, тарихшылар, заңгерлер жазып келген, әлі де жаза береді.

Бұл кітапта Төле бидің тарихи тұрғыда аз зерттелген, дерегі аз халықаралық қызметіне баса назар аударылады.

Төле би туралы орыс құжаттарын айтқанда – Төле би мен Ұлы жүз старшындарының Санкт-Петербургке жолдаған белгілі хаттарын, орыс патшайымының жауап хатының көшірмесін, Әбілқайырдың Төле би туралы жазған хатын атап өтуге болады. Сонымен қатар, алғаш рет 1771 жылы жарияланған Төле би мен оның жақтастарының елшілігіне қатысты Қытайдың бірнеше құжаты, Тайвань мұрағатында сақталған Төле би мен басқа да қазақ шонжарлары император Цяньлунға (1736-1796 жж. билік еткен) сыйға тартқан жылқылар туралы құжаттар бар.

Оның халықаралық қызметін және құжаттармен жеткілікті расталмаған саяси қадамдарын түсінудің кілті – «Ташкент» атауы. Егер біз кез келген жағдайда оның қаланы немесе оның бір бөлігін бақылаудан шығармауға деген ұмтылысын үнемі есте сақтайтын болсақ, онда XVIII ғасырдың бірінші жартысы мен ортасындағы ең күрделі халықаралық жағдайлардағы оның мінез-құлқының нақты себептерін түсінген болар едік.

Қытай құжаттарына сәйкес, қазақтар Ташкентті басқару туралы мәселені соңғы рет жоңғар ханы Дабашымен және тура сол уақытта оның қарсыласы әрі тақтан дәмелі Әмірсанамен ақылдасқан. Демек 1755 жылы Ұлы жүз қазақтары оларға әскери көмектің қайтарымы ретінде Ташкентті басқарудың Қалдан Серен енгізген – жергілікті тұрғындардан бір әкім, жоңғарлардан бір тағайындау жүйесін жоюға ұмтылды. Ұлы жүз атынан келіссөзді Төле би жүргізгені сөзсіз.

Екі фактордың үйлесуі – байлық пен заңдарды білу (қазақтың әдеттегі құқығы, шариғат, жоңғар заң ережелері) – Төле бидің Ұлы жүз хандарын халықаралық мәселелерді шешуден біртіндеп ығыстыруына әкеп соқтырды. XVIII ғасырдың ортасынан бастап орыс барлаушыларының, елшілер мен өкілдерінің Ұлы жүзге қатысты деректерінде Төле би (Төлебай) есімі көрсетіле бастады. Көпес ретінде сауда керуеніне қосылып, Қазақстанға арнайы жіберілген Мурзалей Шихов Орынбор кеңсесіне жолдаған хабарламасында: «Қырғыздың Ұлы ордасы қазір Тюлябидің иелігінде, ол бұхарлық Сайрам қаласының маңында қоныстанған және Орынбор қарамағындағы Бұқара қалаларының билеушісі...» – деп мәлімдеді [8,1 кн 171-172].

Төле бидің билігі туралы қазақтар ол қайтыс болғаннан кейін де айтатын. Бұл туралы Кристофер Барданестің 1771 жылғы этнографиялық жазбаларынан көруге болады: «Бұл Ұлы орда Ташкент пен Түркістан қалаларының маңында орналасқан. Қарапайым адамдарды ол өз құзырындағы азаматтар деп санайтын. Орда бастығы Ташкент қаласында тұрады. Оны олар хан деп таниды және Тюлебий-хан деп атайды» [13,1 Ү, 167- 168].

1758 жылдың жазында Цин әскери экспедициясы Ташкентке келгенде хандар шетке ысырылуға мәжбүр болды. Бидің ықпалы туралы генерал Чжао Хойдің есебінде нақты айтылған.

Осылайша, бізге қазақтың тарихи аңыздары мен орыс құжаттарынан белгілі Төле бидің ықпалы осы кітаптың авторы аударған Қытай деректерімен расталып, толыға түсті. Осындай

сан алуан дереккөздердің мәліметі Төле бидің Ұлы жүзде шынайы билікке ие болғанын, тіпті хан деңгейінде құзіретті екенін көрсетеді. Бірақ ол ешқашан таққа ұмтылған жоқ. Орта Азия мен Қазақстандағы Ордаға қатысты сыртқы қағидаларды сақтаған. Дегенмен ол өзін «хан» деп атағанды ұнатты. Жағымпаздар ескі атауды бүгінгі таңда да елдің қазіргі басшыларына қатысты қолданады.

Төле би өмір бойы Ресей мен Қытайдан азат болды. Ресей мен Қытайға оның руластарын қалай болса солай бағындыра алмады. Десе де олардың қауіпсіздігі Орта Азия хандықтары мен Жоңғар билеушілеріне байланысты еді. Сондықтан да Төле би сыртқы саясатта осы көршілерімен достық қарым-қатынас сақтауға мүдделі болды.

1755 жылы Төле би Дабашы ханмен (1760 жылдың басында цин билігінде «мырзақамақта» болған) қатынас орнатты. Орталық Азиядағы саяси жағдайдың өзгеруіне мен Ұлы жүз аумағына Цин әскерінің басып кіруіне байланысты би Бейжіңмен байланыс орната бастады. Алайда, ол бұрынғы саяси тепе-теңдікті сақтап қалуға тырысты. Тек Жоңғарияның орнын Цин империясымен, ал жоңғар ханның орнын шүршіт (мәнжу) ханымен алмастырды.

Сауда тұрғысынан алғанда, бұл әлдеқайда пайдалы әрі өнімді болды. Өйткені қытай тауарларының көбеюі саудагерлердің таңдау мүмкіндігін едәуір кеңейтті. Ал жоңғар мал иеленушілерінің бәсекелестігін жойды. Жоңғар хандығы күйреген соң Төле би сыртқы саясатта өзіне таныс қарым-қатынас үлгісінде әрекет ете бастады.

Ол өзінің батырларымен бірге Ресей билеушілеріне де, қытайлық Цин билеушілеріне де мазмұны бірдей хаттар жазды. Бірақ оның бұл қадамы ұзақ уақыт бойы нәтижесіз болды. 1733 жылы Төле би мен Қодар би және Сатай, Қангелді, Бөлеке қатарлы батырлар орыс бодандығын мойындауға келісетіндерін айтып хат жолдады [2, 101-103].

Осы хатты алып Аралбай мен Арыскелді (Арасгельди) батырлар Ор қаласына аттанды. Ұлы жүз билеушілері дәл осы уақытта Бөлеке батырды Қалдан Серенге жібергендерін хабарлады (Ж.Дәдебаевтың пікірінше, Бөлек батыр мен Төлекей батыр бір тұлға). Біздің қолымызда қазақтардың Қалдан Серенге жазған хаты жоқ. Алайда оның мазмұны орыс билігіне жазған хатпен бірдей деп сеніммен айтуға болады. Онда Ташкент, Түркістан және басқа қалалардағы сауда туралы бірдей айтылды. Старшындар орта азиялық ірі қалаларда орыс және жоңғар керуендерімен бірге еркін сауда жасауға көмектескендердің билігін мойындайтындарын ашық айтты. Олар

тек осы талаптары орындалса ғана шетелдік билеушіге ант беруге дайын болды [2, 101].

Анна Иоанновна патшайымының жауабы дайындалғаны анық, бірақ ол хат тиісті жерге жеткізілді ме, жоқ па, белгісіз [2, 118-119].

Бір анығы – басты талап оларға жетті. Патшайым Аралбай мен Арыскелдінің Санкт-Петербургке елші болып келуін жеткіліксіз деп санады, ал хатқа келер болсақ, «оны өз қолына алды». Орыс бодандығын қабылдау үшін хатта аты аталған қазақ старшындары Ор қаласына Иван Кириллов пен Мурза Тевкелевке өздері денелей келуге тиіс болды. Бірақ Ұлы жүз шонжарларының Ресей шекарасына барған сапары туралы мәлімет жоқ. Ант беру туралы мәселе осымен тоқтады. Қалай болғанда да қазақтар Цин командирлерімен кездесуде орыстар туралы тіс жармады. Ал, мысалы, Абылай сұлтан кеш болса да, Цин билігіне өзінің Ресеймен қарым-қатынасының барысы туралы хабарлаған.

1742 жылы қазақтар мен төменгі қалмақтар (жоңғарлар) арасында бейбітшілік келісімі орнады. Оған әр тараптан 20 өкіл қатысты. Әбілмәмбет бастаған қазақ делегациясының құрамында Төле батыр да бар. Бұл туралы Әбілқайыр хан мен Есет батыр Ор қаласының билігіне 1742 жылы 21 мамырда (алған күні) жазған хатында хабарлады [2, 201]. Дегенмен бұл Есет батырдың 1749 жылы И. Неплюевке Абылайдың хатын жеткізген Есет пе, әлде оның аттасы ма дегенді анықтау қиын. Айтпақшы, орыс-қазақ қатынастары бойынша бірнеше рет дәйексөз келтірілген құжаттарда есімі әр түрлі жазылған, бірақ бір адам ретінде сипатталатын Төле би және Төле батыр есімдері кездеседі [2, 201]. Алайда, бұл екеуі екі бөлек адам. Мұндағы Төле батырдың Қабанбай батыр секілді найман Қаракерей руынан екені белгілі [2, 498].

Қазақстанда қара басы ханға тең Барақ сұлтан 1748 жылы Әбілқайыр ханды өлтіргеннен кейін оның балаларының теперішінен қорқып, Ұлы жүзге бассауғалауға мәжбүр болды. Барақ сотына қатысқан Төле би оның елге келуіне қарсы бола алмағаны белгілі, бірақ хан атануына келіспеді [2, 434-435]. Бұл Төле бидің қазақ даласындағы кез келген оқиғаны өзінше пайымдап, билеуші топ арасындағы алауыздықты қолдамағанын көрсетеді. Оның көзқарастары мен ұстанымдары Қазақ хандығының бірлігін жақтағанын байқатады.

1749 жылы Төле би Ресейге тағы да хат жолдайды. Бірақ бұл жолғы хат Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевке бағытталған. Оны бидің ұлы Айтбай мен Жолдас батыр жеткізуі керек еді. Хат иелері

өз хабарларында шығыс билеушілеріне арналған шығыс дәстүріне сай әсірелеудің бәрін қолданған. Ол II Екатерина туралы: «Байлығы – асқар тауға тең, ақылы – дария, ашуы – биік аспан, әрекеті – ежелгі Ұлы Ямшид патшадай, тәкаппарлығы – Кяиван патшадай, әділдігі – ұлы патшалар Баграм мен Навширвандай, батырлығы – ұлы мәртебелі Рүстем батырдай, мейірімі – ертедегі атақты патша Хатямдай, кедей-кепшік пен жетім-жесірдің мейірбан анасындай, менмен...» – деп жазады [2, 484].

Хаттың басты ақпараты – Әбілқайыр ханды өлтірген Барақ сұлтанды Ұлы жүзге қабылдағаны, бірақ бұл жағдайға өз көзқарасын білдірмегені болды. Бәлкім, ол Орынбордың Әбілқайыр мен Барақ сұлтан арасында екі жақты ойын жүргізгенін болжаған шығар.

И.Неплюевтің жауабы Төле биге сол жылы 26 қыркүйекте келді. Генерал-губернатор оның патшайымның қамқорлығын қабылдауға дайын екенін императорға жеткізетініне сендірді. Ақыры, Ұлы жүздің бірінші хатынан 13 жыл өткен соң, ол старшындардың басты бастамасына жауап берді. Ол Төле би мен басқалардан Орта Азия мен Балхан, Бадахшан, Иран және т.б. қатарлы алыс елдердің және орыс көпестерінің керуендері, егер қазақ жері арқылы өтетіндей болса, қауіпсіздігіне көмектесуін сұрады [2, 490- 491].

Ұлы жүз рубасылары 1733 жылғы хатында Ресейдің Ташкент, Самарқан, Бұқара, Хиуа, Түркістан және басқа қалалардағы сауда саласында делдалдық рөл атқаруға дайын екенін білдірді [3, 291]. Олар Ұлы жүздің мұндай ұсыныс-хатын Бөлек батыр арқылы Жоңғарияға жолдағанын жазған.

1733-34 жылдары Төле би Ұлы жүздегі ең ықпалды адам бола қойған жоқ. Старшындардың есімі келесі ретпен жазылған (емле сақталды – Қ. Х.): Қодарби (атасының бұрмаланған аты?), Төле би, Қангелді батыр, Күләк батыр, Ибуляк батыр. Олар Ресеймен және Жоңғариямен сауда жасауға және Орта Азиядағы халықаралық сауда керуендерінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болды.

Қазақтар да, Орта Азия халықтары да мұсылман еді. Ал олар мұсылман мәдениетінің орталығы саналған Бұхара, Ташкент, Түркістан, Қашғар және Тегеранға құрметпен қарады. Бұл қалалар бір уақытта ірі сауда, қолөнер және мәдени орталықтар болды.

Төле би мұсылман қайраткерлерімен қарым-қатынаста барлық мұсылмандық рәсімдер мен этикетті ұстанды. Сонымен бірге ол орыс және Цин елшілерімен сенімді әрі терезесі тең дәрежеде

мәмілелесті. Би өмір бойы өзге өркениет өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болды. Мысалы 30-40 жасында жоңғарлармен, орыстармен тізе түйістірсе, қартайған шағында циндермен сыйластықта араласты. Оның аса діндар, есейген шағында қалай болса, қартайған соң да тура солай бір көзқараста болғанын, бейтаныс адамдармен шынайы достық қарым-қатынаста болып, олардың әдет-ғұрыпын құрметтегенін құжаттардан көреміз. Ол кез келген күрделі келіссөздерді шебер жүргізетін жігерлі, қандай шешімі қиын дауды талассыз шешуді білетін. Ол 1758 жылы жазда Цин командирлерімен кездескенде, өзі атап өткендей, 83 жаста еді. Соған қарамастан, тынымсыз келіссөздер жүргізіп, Цин идеяларын тез игеріп, қазақ шонжарларының саяси және сауда мүдделерін қорғауға тырысты.

Төле би бірнеше күн бойы Цин командирлерімен кемінде үш рет кездесті. Ол болмаса Әбіляз хан да, басқалар да келіссөз жүргізгісі келмей, Төле бимен ақылдасу керек дейтін. Кездесулер қысқа мерзімді болды, кейіннен біржолата тоқтады. Бірақ ол қазақ-қытай қарым-қатынас тарихында айтарлықтай із қалдырды.

Циндер Ұлы жүз билеушілерінің Жоңғар хандығы құлаған соң Ташкентті түбегейлі басып алу ниеті барын жақсы білді. 1755 жылы жоңғар жорығын басқарған Цин армиясының қолбасшылары – мәнжу Банди мен моңғол Сарал алғаш рет Ташкенттегі Жоңғар хандығының әкімшілік лауазымдарын жоюды талап етіп, Төле би, Қойгелді мен Төлеке батыр, Сасық би және т.б. біраз адам қол қойған хат әкелген қазақ елшілерімен кездесті [5, 126-140].

Цин жағы 1758 жылға дейін белгіленген дәстүрді бұзуға болмайды деген сылтаумен старшындардың талабына нақты жауап беруден бас тартып келді. 1758 жылы генерал-цзянцзюню Чжао Хойға бағынған цанцзань дачэнь Фу Дэнің басшылығымен әскери экспедиция басталған. Фу Дэ қазақтардың Ташкентті иелену мәселесіне қайта оралатынын нақты білді. Бұл мәселе Ұлы жүз билеушілерінің Қашқарияға жорыққа көмектесіп, Бейжіңге елші жіберу амалының басты жемісі болды. Фу Дэ басқаруындағы Цин отряды Төле би билеген жерлерге жақындады. Олар арасында қазақтардың жиені, ірі шонжар Қазақ-Сары бар жоңғар көтеріліс басшыларын қуып келеміз деген сылтауымен Ұлы жүз көшпелілер қоныстанған аумақтарға кіре бастады. Цин барлаушыларының мәліметіне қарағанда бұлар қуып жүрген Буку-Шаған мен Қазақ-Сары батыс қазақтарына (бір кездері Цин Іле өзенінің батысында тұрған Ұлы жүз қазақтарын осылай

атаған) қарай қашқан, оның үстіне Бұқа-Шаған Ханбабаға, ал Қазақ-Сары – Төлекеге бағынды [9, 58, 3 об.].

Император Ұлы жүзден Қазақ-Сарыны талап ету – тұтқындарды қайтару туралы келісім жасалған Жоңғарлардан Аблайды сұрағаннан гөрі қиынға соғады деп санады.

Сонымен қатар, Фу Дэнің деректерді кейінгі оқиғалармен салыстыра талдау арқылы нақтыланатын басқа да тапсырмалары болды. Бірақ бұл мәселелер оның императорға арнаған кең көлемдегі баяндамасында айтылмайды. Ол төмендегідей мәселелер еді:

1. Қазақтар мен ташкенттіктердің Қазақ-Сарыны және осы жерді паналаған немесе тұтқында отырған басқа да атақты жоңғарларды қайтаруына қол жеткізу;
2. Патша үшін ежелгі заманнан бері танымал, текті тұқым «давань» жылқыларын сатып алу және цин атты әскеріне қажетті жылқыларды қазақтардан тұрақты сатып алып тұру үшін сауда келісімін жасау;
3. Қазақтар мен қырғыздарды Қашқар мұсылмандарына қарсы қойып, оларға қарсы бірлесіп одақ құру; Сонымен қатар, Цин әскері ұйғырлар күтпеген тұстан, мысалы солтүстіктен Қашқарияға бағыт ашып, соны пайдалануы тиіс болды. Көп ұзамай Ұлы жүз руларының арасында Қазақ-Сары жоқ екені анықталды. Қалай болғанда да Төле би мен Әбіляз хан және басқалары оларды осыған сендірді.
4. Сонымен қатар циндер Кіші жүз ханы Нұралының інісі, Ұлы жүз тағынан үміткерлердің бірі Ералы сұлтанмен байланыс орнатуды шешті [6, 34- 41].

Фу Дэ қазақ мен қырғыздар жайлы, олардың қашқарлықтармен қарым-қатынасы туралы барлық тың деректерді жинап, олардың ең ықпалды билеушілерімен байланыс орната бастады. Төле бидің иеліктері алғашқы болып Цин отрядының жолында тұрды. Оның серігі Сасық би (Сасықбай) Әбіляз ханмен, бимен және ташкенттіктермен келіссөздерде делдал болуға ниет білдірді, өзі Фу Дэ елшілеріне жол көрсету, күзетуді қолға алған. Нәтижесінде Фу Дэ Төле би мен оның Ташкенттегі қолбасшысынан император Цяньлунға жазылған хатты алып үлгереді. Ол өз хатында қарттайғанын айтып, жоңғарларды жаулап алған қуатты билеушіге адал болуға уәде береді. Төле би осы хатты жеткізген қосынға өз туысын қосты, ол патшамен кездеседі деген Фу Дэнің сөзіне сенімді болды. Цин құжаттар жинағына Төле бидің хаты толықтай дерлік енген. Цин генералының бұл хаты мен баянда-

масы қазақ-қытай қатынастарының дәлелі ғана емес, сонымен қатар қазақ тарихының кейбір көмескі беттерін анықтайды. Қазақтардың Ташкентті иелену үшін күресі туралы тың деректер береді.

Төле би Абылай сұлтанның 1756-1757 жылдардағы Жоңғарияға жасаған жорығынан хабардар болғанымен, оған көмекке өз отрядын аттандырғаны туралы тікелей мәлімет жоқ. Цин әскері Орта жүз жасақтарына қарсы шапқанда, би Ташкенттегі өз жағдайына алаңдады. Көзі тірісінде Ташкент уәлаятында салық жинау үшін өзінің бір шенеунігін (хархан) және ташкенттік бір бекті тағайындау туралы шешім шығарып үлгерген жоңғар қонтайшы Қалдан Серен қайтыс болған соң, қазақтар қала билігін дипломатиялық жолмен қайтарып алуды қарастырды. Әлбетте, олар бұл мәселені әуелі Әмірсанамен ақылдасып, оған әскери көмек көрсетуді ұсынған болуы мүмкін. Бірақ Жоңғарияға Цин әскерін бастап кірген Әмірсана дәл сол кезде империяға қарсы шықты. Ол Цин империясының көмегімен Жоңғар тағына отыруды жоспарлады. Цин оның көмек сұрауын бүкіл Жоңғарияны жаулап алуға қолданды. Қазақ елшілері Құлжадағы Цин қолбасшылығы орналасқан лагерьге келді. Жағдай күтпеген арнаға түсті. Қытай деректеріне қарағанда, қазақтар қолбасшыдан Цин императорына Ташкентке қатысты жоспарлары туралы баяндауды өтінгенін, бәлкім, сол кезде Ұлы жүз өкілдері императорға алғашқы хатын жазғанын байқауға болады.

1755 жылы барлық фигурант екі жақты, тіпті үш жақты ойын өткізді. Ташкент үшін күреске қазақтардан – Әбілмәмбет хан, Төле би, Абылай сұлтан қатысса, басқа жақтан Ташкент шонжарлары мен Жоңғарияны жаулап алған жеңімпаз Цин империясы араласты. Соған қарамастан 1757 жылы жоңғарлар Ташкент пен Қашғардан салық жинауға тырысты. 1758 жылы торғайтоз болған жоңғар күштерін Циндер есепке де алған жоқ. Олар уәдеге тойдырып әуелі Абылайды, одан кейін Төле би мен Ералы сұлтанды өз жағына тартты. Осы кезде жоңғарлар мен Ұлы жүздегі хан ордасының әлсіреуін пайдаланған Төле би Ташкент пен оған жақын жатқан жерлердің бір бөлігін өз билігіне алды. Алайда ол өзбек пен қырғыз шонжарларының қарсылығына тап болды. Цин отряды Төле биді осы бір ірі мәдени және сауда орталығы үшін күрес тағы да шиеленіскен кезеңде – 1758 жылы кездестірді.

Фу Дэнің Ташкенттегі елшісі Меңғұлдай әртүрлі әңгімелесулер мен ұзынқұлақтан Ұлы жүз билеушілерінің жағдайы, олардың қалалық шонжарлармен және өзара қарым-қатынасы туралы құнды мәліметтер жинады. Қазақтардың бас ханы сол кезде Әбіляздар (Абили) болған. Ал, Ташкентте әрқайсысы өз бөлігін

басқаратын екі иеленуші болды. Біріншісі – Мола (Молда?) Самуши – Төле бидің адамы, Шада (қырғыз Садыр?) және Турчжан. Қазақтармен Турчжан жалғыз соғысқан. Шаданың күрестен неге шетте қалғаны белгісіз. Ол бейтараптықты сақтап, қай жақтың жеңетінін күткен болуы мүмкін. Меңгұлдай Сасықбайдан Әбіляз ордасына жеткізуін өтінді.

Цин командирі қарсылас тараптар арасында төреші болуға шешім қабылдады, оларды татуласуға және сол арқылы патшалықтың ұстанымын нығайтуға тырысты. Бұл сондай-ақ Орта Азиямен бір тұтас конфессиялық-мәдени өңірді құрайтын болашақ маңызды қарсылас – Шығыс Түркістанға қарсы әскери одақ құру үшін қажет еді. Мұны Цин үкіметі де түсінді.

Цин деректерінде Шығыс Түркістан мен Орта Азия халықтары буруттар мен қазақтардан бөлек, «хуэй-цзы» («мұсылмандар») деп аталады. Сондықтан, бұл ұжымдық этнонимді «өзбектер» немесе «ұйғырлар» деп аудару, сондай-ақ Қытай географиялық терминінің «Хуэйбу», сөзбе-сөз «мұсылмандар», Ұйғырстан немесе Шығыс Түркістан ретінде аудару өте шартты. Шын мәнінде, Хуэйбу – бұл Оңтүстік Тянь-Шань маңы (Қашқария) және Орта Азияның жалпы атауы, онда мұсылман халқы басым болды.

Өзбекстан мен Қазақстан тарихшылары үшін Қазақстан мен Қырғызстандағы операцияларға жауапты Цин қолбасшысы Фу Дэнің ауқымды баяндамасындағы 1758 жылдың жазындағы оқиғалардың баяндалуы үлкен қызығушылық тудырады. Бұл құжат «Жоңғарларды тыныштандырудың жоғары бекітілген стратегиялық жоспарлары» жинағына енгізілді [9, цз. 61, 10-14-пп].

Аталған жинақты 1990 жылы Тибет автономиялық ауданының Қоғамдық ғылымдар академиясы 4 томдық фотолитографиялық жолмен қайта басып шығарды. Онда түпнұсқалары әлі анықталмаған құжаттар да бар еді.

Фу Дэ баяндамасының ҚХР АТМ-да сақталған мәнжулық нұсқасында Төле би мен Молда Самушидің хаттары жоқ. Бірақ хаттардың жеткізілгені жазылған. Әзірге бұл мұрағаттан хаттардың түпнұсқасы, Орталық Азия билеушілерінің шынайы қолтаңбалары мен мөрі басылған адал болуға ант беру туралы өзге хаттар табылған жоқ. Егер бар болса оларды Қытай және мәнжу тілдеріндегі құжаттар жинақталған екі томдық «Цин кезеңіндегі қазақ-қытай қатынастарының тарихы жөніндегі құжаттар жинағына» енгізер еді [7, 2007].

Бұл жинақта сауда-экономикалық мәселелерге қатысты көптеген түпнұсқа құжаттар мен жазбалар бар. Бірақ сыртқы саяси мәселелерге қатысты құжат аз. Алайда томдар ауқымды түсіндірмелерді, атаулардың индекстерін, географиялық атауларды, терминдерді және т.б. талап ететін құжаттарды жариялау ережелеріне сәйкес келмейді. Жинақ бұндай басылымдарға қойылатын отандық талаптарға сай емес. Ол Қытай қаражатымен және әрине, Қытай ғалымдарына арнап шығарылды. Оның материалдарын ТМД кеңістігінде, өкінішке қарай классикалық білімі бар қытайлық және мәнжулық ғалымдардың өте азғантай тобы ғана пайдалана алады, ал Қазақстанда ондай мамандарды дайындамайды.

1. Цин үкіметі көшпелі билеушілердің, соның ішінде қазақ шонжарлары ұсынған талап бойынша оларды бодандыққа қабылдамады;
2. Қазақтың ірі билеушілері Цин императорының қамқорлыққа алу туралы талабы мен өтініштеріне мөр басып, қол қоюдан бас тартты;
3. Олар бодан болу туралы өздеріне тән әдеттегідей ауызша ғана айтты.
4. Хаттар Цин қолбасшылары мен шекаралық губернаторлардың штаб-пәтерінде сұлтандар мен олардың көпестерінің айтуымен Цин дипломатиялық құжаттарына тән дәстүрмен жазылған;
5. Билеушілердің бірде-біреуінің бүкіл Қазақстанның өзге елге бодандығы туралы тек Үш жүз былай тұрсын, тіпті өз хандығының атынан да айтуға өкілеттігі болған жоқ. Ол бұл туралы тек өз жеке басынан немесе әулеті атынан ғана сөйлей алатын, онда да аса қатты қысымға ұшыраса ғана;
6. Сонымен қатар, олардың елшілерінің де кез келген құжатқа қол қоюға құқығы жоқ еді. Олар тек қойып, мөр бастыру үшін хат-тар мен өтініштердің жобасын өз билеушісіне апаруға уәде бере алатын;
7. Мемлекеттік деңгейдегі хаттардың түпнұсқасы анықталмаған, жоғалған немесе бізге белгісіз себептермен жарияланбаған;
8. Қазақ хандарының саяси сипаттағы шынайы түпнұсқа хаттары әзірге ҚХР-дың Бірінші тарихи мұрағатынан да (Бейжің), ҚХР-дың Екінші тарихи мұрағатынан да (Нанкин), Тайбэйдің Гуғұн музейі Мұрағат бөлімінен де (Тайбэй қ., Тайвань) табылған жоқ. Себебі, феодалдық циндік Қытайда мұрағатшылық қазіргі ғылыми мағынасында болған жоқ.

9. Қазақ билеушілері туралы көп деректі қамтыған шынайы түпнұсқа хаттары XIX-XX ғасырлардағы мемлекеттік дағдарысқа, Қытай мұрағат құжаттарының едәуір бөлігінің шетел асып кетуіне, өңделмей, едәуір бөлігінің жоғалып кетуіне байланысты шетелдерден табылуы мүмкін;
10. Тіпті, қазақ хандығының мәртебесіне қатысты Хан кеңесі ресми бекітіп, келісілген, хандар ресми қабылдаған хаттардың да түпнұсқасы табылмады;
11. Шыңжаң, Ганьсу, Тибет аймақтарының мұрағаттарындағы бізді қызықтырады-ау деген құжаттар мүлде қолжетімсіз немесе Цин патшалығының Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасын ресми түсіндіруге қайшы келетін құжаттар ретінде әдейі жойылған. Осындай маңызды жағдайларды анықтамас бұрын, Цин кезеңінің әйгілі жинақтарынан табылған хаттармен ғана қанағаттануға тура келеді. Олар қандай да бір шынайы оқиғалар мен жағдайлардан хабар береді. Әсіресе, Фу Хен редакциялаған XVIII ғасырдағы «Жоңғарларды тыныштандырудың жоғары бекітілген стратегиялық жоспарлары» жинағы. Ол 1771 жылы – Цин империясының қол астында болған Еділ қалмақтары толығымен Жоңғарияға қоныс аударған жылы аяқталды. Қалмақтардың оралуын цин үкіметі жоңғар мемлекеттілігінің түпкілікті күйреуі ретінде қарастырды. Бұл мәселеде қазақ элитасының көзқарасы мен іс-әрекеті циндік стратегтердің пікірімен жиі сәйкес келді.
12. Ұлы жүз хандары мен старшындарының хаттарын қазақ тілінен сауаты әртүрлі деңгейдегі тілмаштар аударған. Енді ол хаттарға академиялық аударма керек.

Менің білуімше, Төле би мен Турчжанның хаттары орыс тіліне әлі аударылған жоқ. Сонымен қатар, ол Ташкенттегі ең ықпалды болған Төле би өмірінің соңғы жылдарын анық көрсете алады деп ойлаймын. Осы хатқа байланысты ҚХР-ның бірінші тарихи мұрағатынан мәнжу нұсқасында белгілі болған Фу Дэ-нің ауқымды баяндамасына және одан біршама ерекшеленетін қытайлық нұсқасына байланысты Әбіляз, Әбілмәмбет хандарға және Әбілфейіз сұлтанға, сондай-ақ Ташкенттің Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардағы маңыздылығына қатысты сұрақтар туындайды.

## *Цанцзань дачэнь Фу Дэнің Оң қанат (Ұлы жүз) қазағы Төле би мен ташкенттік мұсылман Турчжанды бағындыру туралы баяндамасы*

*«Фу Дэ баяндайды: Сіздің адал құлыңыз (мен) Қазақ-Сарыны ұстау үшін Меңғұлдай мен Хэшанды Оң қанаттағы қазақтарға жібердім. Сондай-ақ, қазақтар мен Ташкент мұсылмандары өзара соғысып жатқаны бізге белгілі болды. Сондықтан оларға соғысты тоқтатып, бізге бағыну бұйырылды. Мен өзім әскерлерді (Меңғұлдай мен Хэшан) отрядының соңынан қозғап, Манкент қаласынан 2 күндік жерде орналасқан лагерьге тоқтадым. 7-айдың 24-і күні (1758 жылғы 27 тамыз) Меңғұлдайдың хабарламасын алдым. Ол: «Оң қанаттың билеушілері Тулибай (Төлебай), Куйгельди (Қойгелді) және Сасакэбай (Сасықбай) бәрі Ташкентте, мұсылмандармен соғысып жатыр. Тэлюкэ (Төлеке) ауырып қайтыс болды, ал оның ұлы Ямубалакенің ордасы біздің лагерьден аса алыс емес, (мен, Меңғұлдай) оған біздің лагерьге келуге шақыру жібердім. Сасакэбайдың қайда екенін анықтадық, ол көп ұзамай 40 адамын ертіп кездесуге келді. (Қазақтар) оң қанатты Әбіліс (Әбіляз) хан басқаратынын айтты. Ташкентті Молдо Самуши, Шада және Турчжан бөліп басқарады. Қазақтармен тек Турчжан ғана соғысады. 7-айдың 13-күні (1758 ж 16 тамыз) Сасакэбай бізді (жеткізген) Әбіліспен кездестірді. Олардан Қазақ-Сары туралы сұрағанымызда, ешқайсысы (ол туралы) ештеңе білмейтінін айтты. Олар Тулибай келгеннен кейін ақылдасатындары туралы мәлімдеді. Тулибай 7-айдың 15-күні (18 тамыз) кездестік. Әбіліс 7-айдың 16-сында (1758 ж 19 тамыз) өз нөкерлерімен бірге келді. (Ол) былай деді: «Біз – Оң қанаттың қазақтары бұрыннан бері бағынуға ниетті едік, бірақ Жоңғария жол бермеді. Бүгінде Ұлы армияның Жоңғарияны тоқтатқаны белгілі болды. Біздің Сол қанаттағы Абылай да Ұлы империяның жомарт мейіріміне бөленді. Сондай-ақ, буруттар бірінен соң бірі (Сізге) бағына бастағаны да (белгілі). Мен (маған да императордың) қайырымдылық пен қамқорлық танытқанын естігеніме қуаныштымын және аса мәртебелінің ресми қабылдауына лайықты болуға шын пейіліммен дайынмын. Бірақ мен қартайдым, алыс жолға жүре алмаймын, сондықтан орныма Тулибайдың Чжоланын (Жоланын), Куйгельдинің кіші інісі Босурманды (Басұрман) жіберемін. Мен үш жылқы сыйлаймын. Сонымен қатар алғашқы кездесудің белгісі ретінде цанцзань даченге (Фу Дэ) ат мінгіземін және т.б.». (Мен – Меңғұлдай) қазақтардың*

*әрқайсысына жеке-жеке дайындалған бір қиық жібек сыйладым. Содан кейін олардың (сол күннен бастап) (ұлы императордың) құзыретіндегі азамат болғандығын жарияладым. Бірақ оларға бұл (жағдайды) пайдаланып, Ташкент мұсылмандарымен соғысқанның (орнына бейбітшілікпен) татуласқандары тиімдірек екенін айттым.*

*Бұл туралы Тулибай: «Басында біз Ташкент мұсылмандарынан күдіктенген де жоқпыз, араздық та болған жоқ. Бірақ Турчжан менің Молдо Самуши бегіммен араздасып, жанжалдасты. Енді олар шынымен соғысты тоқтатқысы келеді» – деді. Содан кейін мен (Меңғұлдай) солон (атақты) линъцуй Туэрсунды (Тұрсын), гиринц линцуй Лю Баоны, мацзы Эссентэде Буху және басқалары бар (барлығы) 21 әскер жібердім. (Олар) өзеннің екі жағасына тізілген қазақтар мен ташкенттіктерге оқ жаудырып, өзенді қорғап, су үшін күреске (түсті). (Біз) бұйрықты дауыстап жариялай бастадық: «Ұлы мемлекеттің елшілері сіздердің араларыңыздағы соғысты тоқтату үшін арнайы келді. Соғыстың қандай қиыншылық әкелетінін айтып, Турчжанды Тулибаймен кездесуге шақырдық. (Жатжерліктер) осы уақыттан бастап соғысты тоқтатып, ұлы империяға бірге бағынуға нақты сенім білдірді. Бұл мұсылмандар ұзақ уақыт бойы қазақтарға салық төлеп тұрған. Ал қазақтар сол үшін Ташкент арықтарына су жіберіп келді. Турчжан ризашылығын жасырмай, өз елшісін міндетті түрде императорға жіберуге уәде берді*

*Содан кейін (біз), қазақ елшілері – Чжолан мен Босурманды, Молдо Самушидың елшісі (есімі) – Мониясыны алып, (Фу Дэ ордасына жылжыдық). Турчжанның елшісі (лагерьге) келмеді». (Меңғұлдайдың баяндамасы осымен аяқталады да әрі қарай Фу Дэ баяндамасын жалғайды – К.Х.).*

*Жалпы алғанда, Оң қанаттағы қазақтар мен Ташкент әкімшілігін Тулибай басқарады. 29-күні (7-ай – 1758 жылы 1 қыркүйек) жоғарыда аталған елшілер менің лагеріме келді. Сіздің адал құлыңыз (Фу Дэ) оларға ең жоғары бұйрықты толық түсіндірді. Бейжіңнен келген офицерлермен бірге (елшілерді) қалай жіберуге болатындығы туралы ақылдастым. Сонымен қатар, Меңғұлдай Молдо Самушиде (ордасында) болғанда Әмірсананың үлкен ағасы Батэм-Цэрэннің ұлы (есімі) Иши-Джабуды кездестірген. Барлығын Бейжіңге жеткізу үшін Меңғұлдайға бердім. (Меңғұлдай қазақтар мен тұтқындарды алып) Бейжіңге 8-айдың 4-і күні (1758 ж 4 қыркүйек) шықты. Мен*

*Тулибайдың барлық хаттары мен өтініштерін (олармен) бірге жоғары мәртебелінің қарауына жіберемін. Баяндама мен Жарлық императорға берілді».*

Бұл адамгершілікке жатпаса да, Фу Дэ қазақ билеушісінің хаттарын ашты. Бірақ ол өз лагерінде хат мәтінін, жалпы мазмұнын аудара алатын, тіпті жай ғана ауанын түсіндіріп бере алатын адам таппады. Елшілер де онда не жазылғанын білмейтіндерін айтты, өйткені хаттар соңғы сәтте бекітіліп, мөр басылып берілген болатын.

Ташкентте өскен ірі шонжарлардың балалары Жолан мен Басурманның сауатсыз екенін қалай түсінуге болады? Сарт Қойгелдінің ұлы Бұхара медресесінде біраз уақыт оқығаны белгілі. Бірақ жоңғарлармен соғыс кезінде оның оқуы жайына қалған. Ал әулеттің кенжесі қара танымайтын сауатсыз болуы мүмкін бе? Өкінішке қарай, дереккөзде Басурманның жасы мен әке-шешесі кім екені көрсетілмеген. Демек оны – қарапайым «аманат» деуге болады. Егер біз оның Қойгелдіге жақын ағайын екенін білсек, ол мүмкін болар еді. Жолан шағын елшіліктің басшысы бола тұрып сауатсыз болса, Төле би оған маңызды миссияны орындауға тапсырма бере ме? Елші Бейжіңде тұңғыш рет бүкіл Ұлы жүз билеушілері атынан келіссөздер жүргізуі керек еді. Мүмкін, елшілер билеушілердің патшаға арналған хаттарын тікелей жолдама екеніне қарамастан мың жерден мәртебелі, жүз жерден жоғары дәрежелі болса да, жолай ашқанына наразы болған шығар.

Біз сол кезеңнің тағы бір дереккөзіне жүгінейік. Бұл жолғы дереккөз – орыс тілінде. Бұл 1752-1759 жылдары Шығыс Түркістан мен Орта Азияда болған татар көпесі Усеин Сеюшевтің бұйрығымен Орынборда хабарланған өте қызықты және сенімді ақпарат [1, 113/1-тіз., 3-іс, 1759 г. 32-35-пп].

Шенеунік Ташкентке Цин шапқыншылығына қарсы қарулы қарсылықты басқарған Қожа-Джахан елшілерімен бірге келді. Ол «қытай әскері аманатқа қырғыз-қайсақ Ұлы ордасының тектісі, тоғыз рудың ақсақалы Төле бидің күңнен туған ұлын алып кетті. Өйткені ташкенттіктер жоңғар билеушілері талқандалған соң, қырғыз-қайсақтың Ұлы ордасына, қызыл тілді Төле би мен басқаларға бағынып, салық төлейді. Алайда қытай кепілдігінен бас тартады. Ал қытайға аманатқа берілген, Төле бидің ұлы қырғыз-қайсақтар үшін маңызды емес. Өйткені ол жоғарыда айтқанымыздай, заңды әйелден емес, күңнен туған. Тіпті ол қайтарылмаса да, қазақтар оған

аса ренжи қоймайды». Көпті көрген саудагердің айтуынша, Жоланды Қытайға келіссөздерді бастаудың белгісі ретінде, құнсыз аманат етіп жіберген.

Сонымен, Ұлы жүз қазақтары Фу Дэ әскеріне айтарлықтай қарсылық көрсеткен жоқ, сондықтан оларды әскери экспедиция деп есептеген жөн. Цин жасақтары о бастан Ұлы жүз бен Орта Азия қалаларының тұрғындарымен қарым-қатынасты ушықтырғысы келмеді. Тек олардың жерлері арқылы Қашқарияға өтуге ұмтылды. Фу Дэ, шамасы, ешқандай жанжал болмас үшін Төле биге көп нәрсе уәде еткен. Ең бастысы – Түркістанға иелік ету мен Ташкенттен салық жинауды қазақтардың қарамағына қалдырды. Оның әскерінің құрамында қазақ, қырғыз және өзбек өкілдерінің болуы – циндердің ұйғырларға қарсы жорықта осылар жағында екенін байқатты.

Ұлы жүз билеушілерінің атынан елшілік жіберу, оның құрамында кімдер болуы керегін Меңғұлдайға Әбіляз ханның өзі жариялады. Бір қызығы, оның әулетінен ешкім болған жоқ. Ол Цин патшасына бағынышты болатындығы туралы өтінішіті неге өз қолымен жазып, мөрімен бекітпеді? Осы жағдайдың бәрі Төле би мен Молда Самошидің хаттары олардың қарым-қатынас форматы бойынша Цин үкіметінің ұстанымын нақтылау тетігі ғана болғанын көрсетеді. Вассалитет туралы мәселе Әбіляз ханның келісімінсіз шешілген жоқ. Бірақ ол өзінің ресми елшісін Қытайға жіберу мүмкін емес деп санады. Бұл Меңғұлдайдың Фу Дэге, Фу Дэнің императорға баяндаған хан сөздеріне қайшы келеді.

Қауіпсіздік мақсатында ма, әлде Турчан бектің елшілері келмейтінін білді ме, әйтеуір Фу Дэ оларды күтпеді. Сондықтан Бейжіңге қолында барын жіберді. Ал өзі біраз уақыт орнында қалды. Цин генералының Турчан мен Шадамен (қырғыз Садырмен) кездесуді қанша уақыт күткені, тіпті кездескен, кездеспегені туралы құжат жоқ.

Патша Фу Дэнің қазақтардың Оң қанатын бағындырғаны туралы баяндамасын алғаннан кейін, оның көп жылғы қызметтегі еңбекқорлығын ескеріп, былай деп жазды: «Біз (император) сол сәтте оны марапатқа ұсынуды бұйырдық. Қалған офицерлер – Меңғұлдай мен Хошанды да қазақ елшілерін ресми қабылдауларға жеткізген соң марапаттауға шешім қабылданды. Фу Дэ өзі Меңғұлдай отрядының қалған мүшелерін марапаттау туралы мәселені шешіп, тиісті бөлімге есеп беруі керек. Төле би мен Ташкент Молдо Самушидің хаттары аудармаға жіберілді». [9, 61,13 айн.].

## Төле бидің хаты

*«Қазақтың Оң қанатындағы қызметшіңіз өзін еске алғаны үшін Ұлы патшаның дәрегейіне тізе бүгіп, ризашылығын білдіреді. Ұзақ уақыттан бері бағынғысы келетін, бірақ шалғайдағы қызметшіңіздің хабарына көңіл аударыңыз. Қазақтардың Сол қанатын билеген Абылай да, мен де өз жерімізді өзіміз басқарамыз. Жоңғарлардың келтірген кедергілеріне байланысты (Қытаймен) еркін араласа алмадық. Жақында бізге Сол қанаттың құдіретті императорға бағынып, (оның) кең пейілінен барқадар тапқаны туралы хабар жетті. Біз (бізге) Тәңір сыйы аса мейіріммен жіберіледі деп ойладық. Ол барлық қол астындағылардың, қызметшілер мен құлдардың ерекше шынайы қуанышына (ең даналардың) нұсқауын жеткізеді. Ұлым мен бауырым – Жоланды және басқаларды Тәңірінің назарына ілігіп, адамгершілік пен құрметтің керемет сыйына кенеледі деп жібердім. Қасиетті адам қашан да биікте. Қызметші (оған) екіжүзділік көрсетпей, қаусаған кәрілігінің соңғы сәтіне дейін қызмет еткісі келеді. Жоғарғы мәртебелінің назарына (бізге қамқорлық жасауда) Сол қанаттың қазақтарымен тең дәрежеде қараса екен деген қарапайым өтінішімізді жолдаймыз».*

Төле бидің хаты Орта Азияда кең таралған шешендік үлгіде жазылған. Ол Цин империясы Ұлы жүз билеушілеріне де Орта жүз басшыларына қарағандай, атап айтқанда, Абылаймен қарым-қатынас жасаған деңгейде қараса дейді. Бұл – Цин үкіметі сауда және саяси жеңілдіктер беріп, Ұлы жүз билеушілерінің ел басқарудағы дәстүрлі ұстанымдарына араласпасын деген сөз.

Әбіляз хан мен Төле бимен кездескен Цин командирлері суреттегендей, Цин бодандығының артықшылықтары шексіз еді. Ал Төле би Ташкент туралы мәселе шешілді деп есептесе керек – ташкенттіктер су салығын төлеуді жалғастыруға келісті.

Турчан өз елшілерін қазақ елшілерімен бірге жібергісі келмеді.

Төле бидің хаты – оның Қытай редакциясындағы бізге жеткен жалғыз құжат. Ал одан Төле бидің Цин бодандығын қабылдауға деген тікелей әрі нақты ниеті жоғын байқауға болады. Хат қытай тілінде берілуі мүмкін және онда би қолданған сөз өрнектері орыс тіліне аударылмауы мүмкін. Алайда, оның негізгі саяси мазмұны түсінікті – Төле би де, Әбіляз хан да Цин империясының Абылай ханға ұсынған шарттары сияқты негізде елшілік байланыс орнатуға дайын болды.

Молда Самушидің хаты мазмұны жағынан қарапайым. Себебі оның вассалдығы оған жоғары саясат туралы айтуға мүмкіндік бермеді.

## Молда Самушидің хаты

*«Ташкенттегі мұсылман қызметшісі Молда Самуши адамгершілігі жоғары, бәріне қамқор, қуатты императорға қол жайып, өтініш білдіреді. Тәңір елшісінің біздің жерге келуін аса зор құрметпен қабылдадық. Жоғары бұйрық алған қызметшінің қуанышында шек жоқ. Мәңгі қызмет етуге дайынмын. Мен Ұлы мәртебеліме сатып алынған ойраттың бәрін Иши-Чжабумен (бірге) тапсырамын. Құрметпен кіші інімді қасиетті нұсқауларды мұқият тыңдауға жібердім. Ал елге оралған соң ол туралы өзіміздің барлық тайпамызға хабардар етемін. Біз, тек хатымызға аса назар аударылмай қалуынан қорқамыз. Шынында да, мен өз өтінішімді қорқынышпен, күйзеліспен және құрметпен жеткіземін. Өтініш (императорға) берілді»*

Орта Азия билеушілерінің хаттары Цин сарайына жетті. Сол себепті де біз ол туралы және онда не жазылғаны туралы мазмұнын біліп отырмыз. Хаттар императорға қазақ елшілері келгенге дейін жеткізілді. Бұны патшаның офицерлер Меңғұлдай мен Хошанды елшілерді астанаға жеткізгеннен кейін ғана марапаттауға бұйрық беруінен байқауға болады.

1758 жылдың жазы мен күзінде ұйғырлар мен жоңғарлардың Цин шапқыншылығына қарсылығы тоқтамағанын ұмытпаған жөн. Олар сондай-ақ Орта Азияның діндарларымен одақ құруға ұмтылды. Төле бидің Бейжіңге елші дайындауда аса сақ болуын осымен түсіндіруге болады. Ұлы жүз елшілерін Бейжіңге барарда да, кері қайтқанда да үлкен салтанатпен алып жүрді. Патшаның Ұлы жүздің алғашқы елшілерін қабылдағаны туралы сол жылы «Батыс өлкенің ең жоғары бекітілген тарихи-географиялық сипаттамасында» жазылды [11, цз. 44].

Император елшілік мүшелеріне «Паньшань цзиньцзи шаньчжуан» резиденциясында түскі ас берді. Содан кейін оларды Наньюан қорығына (қазіргі Бейжің университетінің аумағында, сол кезде Бейжің қаласының маңында болған) алып барды. Онда үлкен әскери шеру мен отшашулар ұйымдастырылды. Елшілік мүшелері Қытайда жақсы сауда жасады. Императордың пікірінше «тек пайда табу...» мақсатында еліне қайтатын қазақтар үшін, көп жылқы бөлінген [Кузнецов, 1983, 27].

Императордың бұл бұйрығы 1759 жылы ақпанда орындалды. Соған қарағанда, хан Әбіляз бен Төле би елшілері Бейжіңдегі жаңа

жылдық мерекенің көрермені болған болуы керек. Цин императорлары Орталық пен Шығыс Азия елшілерінің сапарын – бірінші айдың 15-күніне дейін атап өтетін Жаңа жылға – шамдар мерекесіне дейін белгілеуге тырысты.

Цин командирлері шығынды азайту мақсатында императорға арнап аңызға айналған «давань жылқысын» сатып алмақ болғандарын мұқият жасырды. Цин шенеуніктері Хань дәуірінен бері (б.з.б. II ғасыр – б.з.д. II ғасыр) ұзақ уақыт бойы өзінің асыл тұқымды жылқыларымен әйгілі болған қазақ даласын «Давань аймағы» деп атады. Әбіляз хан мен Төле би сыйға тартқан жылқылар императордың атқораларына жеткізілді. Оларды бәлкім Фу Дэ, бәлкім Қытайға баған тұлпарларды әкелген жасақ командирлері алдын-ала сипаттап үлгерген болуы мүмкін. Қалай болғанда да, ішкі істер департаментінің сарай жазбаларында олардың түсі мен басқа параметрлері жазылған.

Әбіляз берген жылқы – «Сюетуаньхуа» (Шұбар) деп аталды немесе Қытайда қайтадан ат қойылды. Оның шоқтық биіктігі – 1 м 60 см, ұзындығы – 2 м 40 см.

Төле би сыйлаған жылқы – «Синвэньлинь» тобылғы торы, шоқтық биіктігі – 1 м 60 см, ұзындығы – 2 м 21 см.

Әбілисадан (Әбіляздан) – қарала түсті, өлшемі – 1,31 м және 2,21 м.

Қойгелді батырдың қандай ат сыйлағаны да белгілі. Ол – 1,31 м және 2,1 м өлшемді «Минюэти» деп аталатын (маңдайында айтөбелі бар) ат.

Фу Дэнің жоғарыда келтірілген баяндамасында Қойгелді батырдың сыйы туралы айтылған жоқ. Бәлкім жылқы басқа уақытта, басқа жерде сыйға тартылған болуы мүмкін. Мұнда «сыйлық» сөзі Қытай дипломатиясында қабылданған терминологияға сәйкес қолданылады. Шын мәнінде, жылқыларды жібек пен жоңғар тұтқындарына алмастырды. Ал айырбастау үдерісін қазақ билеушілері әр кездесуде мұқият талқылады.

Елшілер мен жылқыларды әуелі Цин лагерлеріне апарды. Содан кейін Баркөлге дейін қарапайым коммерциялық тауар ретінде емес, соғыс уақытының қатаң заңымен тасымалданатын стратегиялық тауар ретінде жеткізілді. Барлық командирге бұл өнімнен мүмкіндігінше көп алу міндеті жүктелді. Патшаға сыйға тартылған жылқылар көшбасшылардың ізгілігі мен кішіпейілдігінің белгісі ретінде маңызды саяси мәнге ие болды.

Жоғарыда айтылғандай, Фу Дэ бастаған Цин отрядының Оңтүстік Қазақстан аумағына басып кіруіне түрткі болған – көтерілістің

жетекшісі, танымал ойрат Қазақ-Сары мен Цин еліне қатты қарсылық көрсеткен басқа да жоңғар князьдерін қуғындау еді. Шын мәнінде, бұл Цин әскерінің Түркістан мен Ташкент уәлаяттарын бағындырудың бір сылтауы болды. Қазақстанның түкпір-түкпірін шағын отрядпен аралаған Фу Дэ достық пейіл танытып, бұл жорықтың қазақтар мен ташкенттіктерге қатысы жоқ екеніне сендіруге тырысты. Қолбасшылар жорыққа мұқият дайындалды және оның саяси міндеттері барлық жағынан ойластырылды. Цин Үкіметі Ташкентте қазақтардың да, «мұсылмандардың» да рөлінің күшеюін қаламады. Ол басқарудың «жоңғарлық жүйесін» сақтауды жоспарлады. Яғни Орта Азия қалаларынан салық жинау үшін екі басқарушы тағайындалды – бірі – жергілікті мұсылмандардан, екіншісі – хархан, яғни жоңғар ханының өкілі.

Дегенмен дәл осы кезде Қытай Ташкент пен Жетісуды қарумен жаулап ала алмайтын еді. Оған әскерлері де жеткіліксіз болды, әрі үш жүздің бүкіл қазағын, қырғыздар мен Орта Азия мұсылмандарын өзіне қарсы қойып, бір сәтте бірнеше бағытта соғыс жүргізуді қаламады. Ол кезде Ярхашан бастаған Цин әскерлері Қашқариядағы Кучар қаласын қоршауы сәтсіз болып, оның үстіне Ерен-Қабырғаның таулы аудандарынан Сарыбелге дейін жасырынған көтерілісшілермен күресуге мәжбүр болды.

Бұл жағдайда Цин билігі Шығыс Түркістан алқаптарын иеленуге бағытталған Орталық Азиядағы соғыстың екінші кезеңін бұзбау үшін Орта Азия мұсылмандарының қарсылығын болдырмауға тырысты. Орта Азияға жорық, мүмкін болса, бейбіт сипатта болуы керек еді. Өйткені 1758-1760 жылдары оның жанама мәні болды. Цин билігі әзірше өзіне қарсы соғысып жатқан әртүрлі тайпалардың жасақтарын жоюды жоспарлады. Алайда олардың Орта Азия мен Қазақстандағы жоңғар мұрасына иелік ету құқығын жариялауды біраз уақыт кейінге қалдыру қажет еді.

Чжао Хоя, Фу Дэ және Хэшици отрядтары Жоңғарияның шығыс аудандарында, Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында болған. Оларды Цэбудэн-Чжабу басқаратын Урянхай (Тува) қосыны мен А Гу басқаратын Моңғолия қосыны қолдады.

Төле би де, Абылай да, тіпті өзге қазақ билеушілері де Цин көмегімен Ташкентті бағындыруға, жеке билік етуге тырысты. 1755-1758 жылдары Цин дипломатиясы үшін «мұсылман» билеушілері (Цин ақпарат көздерінде Шығыс Түркістан мен Орта Азия халықтары солай аталады), қырғыздар мен қазақтар арасында дипломатиялық

айналым жасауға кең мүмкіндік ашылды. Орта Азияның кейбір билік өкілі баяғы жоңғар хандарына жасағанындай, император Цяньлунге деген адалдықтарын көрсетіп, көздеген мақсатына жетуге үміттенді. Төле би Қалдан Серенмен (1745 жылы қайтыс болған) және оның ұрпақтары – Цэван-Доржи Намучжармен де (Аджа хан, 1749 жылы қаза болды), Лама-Доржимен де (Батыр қонтайшы Лама-Эрдени, 1753 жылы қаза болды) қарым-қатынас жасау арқылы дипломатиялық қатынаста көп тәжірибе жинады. Ол Құлжадағы жағдайды, жоңғар рулары арасындағы қақтығыстарды мұқият бақылап отырды. Төле би 1753 жылғы Қазақ хандығының жоңғар тағына отыру үшін болған соғысқа қатынасы туралы мәселе шешілген хан кеңесіне қатысқан жоқ. Соған қарамастан, оның Қазақстанға шегінген атақты князь Дабашыға, Әмірсана мен Баньчжурға моральдық, материалдық және әскери көмек көрсету себептерінің негіздемесін көрсетіп, Абылай ханға жазған хаты шешуші болып шықты. Осылайша, Төле би Абылай сұлтанның белсенділігін қолдап, Әбілмәмбет ханның пікіріне қарсы ұстанымда болды. Цин империясы Жоңғар хандығын жаулап алғаннан кейін Төле би жаңа көршімен сауда қатынастарын орнатуды жөн көрді.

Баркөл лагері мен Құлжадан шалғайдағы Фу Дэ отряды қырғыз-қазақ билеушілерінің қолдауымен ғана алға жылжуы мүмкін еді. Олардың көмегінсіз, яғни қырғыз-қазақтың жолбасшылығы мен аудармашылығынсыз олардың өздеріне қарсылас тайпалар мекен еткен бейтаныс жерге кіруге батылы жетпес еді. Мысалы, Төле би қоныстарына дейін Цин отрядының жолсеріктері моңғолдар мен қырғыздар болғаны белгілі. Фу Дэ сөзсіз, қауіпсіздік грамотасымен немесе Абылайдың ауызша келісімімен қорғалды. Сұлтан Әбілмәмбет хан мен Төле биге шақырылмаған қонақ туралы алдын ала ескертті.

Абылай түрлі мәселемен құрметті ақсақал биге жиі келетін. Ол Төле биді өз заманының өзге билерінің бәрінен жоғары қойды. Қазақтың ауызша айтылатын тарихи аңыздары бойынша Төле би сұлтанның жастық шағы, шығу тегі мен өмірі туралы құпияларға қанық болды. Абылай басқа қазақ билеушілеріне циндермен келіссөздерінің барысы туралы үнемі хабарлап отырды. Бұл Төле бидің Цин патшасына жазған хатында Абылайды атап өтуінен де байқалады.

Ташкенттік Әбілязға (Әбілфейіз, Әбілпейіс) келер болсақ, ол туралы орыс деректерінде кездеседі, бірақ мәлімет өте аз. Оның сыртында, сол кездегі тарихи сахнасында Әбіляз есімді бірнеше сұлтан болған.

Әбілфейіз (阿布拉毕斯）– Тұрсын ханның ұрпағы. Шежіресі: Тұрсын – Күшік – Әділ жүлгесімен тарқаса, соңғысының Сәмен және Әбілфейіз деген екі ұлы болған. Әлбетте, орыс деректері бұл Әбілфейізді Ташкент маңында билік еткен Тұрсын ханның ұрпағы деп атайды.

Дәл осы кезеңде әйгілі Барақ сұлтанның баласы делінетін тағы бір Әбілфейіз болды. Оны Барақ өлген соң Әбілмәмбет асырап алған. 1747 жылы Әбілқайырдың өлімінен кейін Барақ Ташкентке қоныс аударды. Барақтың қарамағындағы наймандар Ташкенттің төрттен бірін алып жатқан – Шыназды (Чинас) биледі. Барақ сұлтанға және ол қайтыс болғаннан кейін балаларына Түркістан қалаларының басым бөлігі, Шығыс Қазақстан мен Моңғол Алтайының қазақ рулары бағынды. XVIII ғасырының ортасындағы дереккөзде ол туралы өте аз әрі көмескі мәлімет берілген. Оны XVIII ғасырдың екінші жартысында Шығыс Қазақстанда өмір сүрген Барақ сұлтанның ұлы Әбілязбен (Әблес, Әбілфейіз) шатастырып алуға болады. Ал шын мәнісінде біз сөз етіп отырған Әбіляздың ұрпақтары – Моңғол Алтайы мен Өр Алтайда тұрды.

Құрбанғали Халидтің шығармасында Әбілмәмбеттің ұлы Әбілфейіз (Әбілпейіс) хан деп жазылған [Тауарих хамса, 104]. Бұл Әбілфейіздер Оңтүстік Қазақстанда өмір сүрген ең беделді Шыңғыс ұрпақтары еді. Олар дипломатиялық келіссөздер мен халықаралық шарттар жасасу бойынша негізгі құқыққа ие болды. Алайда, Тұрсынның ұрпағы Әбіляздың жасы үлкендігі бойынша артықшылығы бар сияқты, сондықтан ол ресми түрде циндік гвардия офицері Меңұлдаймен келіссөзде басты тұлға болды.

Орыстың да, Қытайдың да дереккөздерінде сол кезде Ташкент пен Түркістан арасындағы Әбілмәмбет ордасына Цин қолбасшыларының келгені туралы ешқандай дәлел жоқ. Хан келіссөздерге дайын еді. Себебі бір жыл бұрын ол Орта жүздің – Абылай, Құлеке, Құлсары бастатқан атақты билеушілерін Қытаймен байланыс орнату мәселелерін талқылау үшін кеңеске шақырды [8, 195- 196].

Төле би орыстарға Ұлы жүздің ханы, әдетте, әр жылдың күзінде шақырылып, бір жарым айға созылатын Хан кеңесі кезінде Ташкентке жақын қоныстанатынын айтқан. Ханның уақытша орда тігетін орны – «ханабад» деп аталады. Басқа жүздердің аймақтық билеушілері ол кезде Түркістан маңына тоқтайды. Бұл «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген тәмсілмен тарихта қалды.

Төле бидің сыртқы байланыс орнатудағы ұстанымы байсалды, дәлелдері салмақты болды, сондықтан Шыңғыс ұрпағы оны елемей қалмады.

Төле бидің Қытайға аттандырған елшілерінің құрамында оның туысқан інісі – Жолан (Чжолань) бар еді. Қазақтың кей аңыздарында Жоланды Төле бидің туған ұлы деп айтылады. Жоғарыда жазғанымыздай, Ор қаласының офицері Усеин Сеюшевтің айтуынша, бұл бидің күңнен туған ұлы еді. Қалай десек те ол бидің жақын туысы әрі сенімді адамы болатын. Көп ұзамай Меңғұлдай Ұлы жүзде бірнеше атақты билеуші болғанына қарамастан, Төле би іс жүзінде Ташкенттің бір бөлігі мен қала маңындағы қазақ көшпелілерінің нақты билеушісі екенін түсінді. Меңғұлдайдың пайымымен келіскен Бас қолбасшының көмекшісі Фу Дэ, бұл туралы император Цянлонгке хабарлады. Ол 1758 жылы 16 тамызда Әбіляз хан Төле бимен алдын ала ақылдасу үшін оның келуін күтіп, циндермен неге келіссөз жүргізбегенін енді түсінді.

Цин командирі мен бидің кездесуі осы мәлімдемеден 2 күн өткен соң – 18 тамызда болды. Әбіляз хан (Әбілфейіз) тек өз нөкерлерімен ертеңінде ғана келді. Оның не дегені Қытай құжатында жазылған. Бізге осы бір қарт ханның әрекеттері мен сөздері туралы, оның Төле биге деген көзқарасы туралы басқа да жазба деректер белгісіз. Қытай құжаттарында бұл хан Аби-ли-сы деген атпен белгілі. Әдетте Әбілмәмбет ханның өгей ұлы – Әбілфейіз сұлтанды қытай құжаттарының бәрі осылай жазатыны бізге белгілі. Бұл сұлтанның Жошы атты ұлы болды (қытай жазбаларында Чжолаци немесе Чжоэрци деп таңбаланған). Ол 1758 жылдан бастап әкесінің елшісі ретінде Қытайға бірнеше рет барған. Фу Дэнің баяндамасында айтылатын Әбилиса ханның ұлы Ямубалакэ – қате жазылған Жанбарақ немесе Жанболат болуы мүмкін.

Әбілмәмбеттің үлкен ұлы Болат сұлтан әкесі қайтыс болған соң Түркістанды биледі. Болат 1772 жылы Қытайға хат жолдап, әкесі Әбілмәмбеттің хан тағына ие болғанын хабарлаған [10, цз. 12].

Тұрсын ханның ұрпақтарының арасында Әбіляз есімді баласы болған-болмағаны бізге белгісіз.

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, бұған дейін көптеген кітаптар мен оқулықтарда көрсетілгендей Төле би 1756 жылы қайтыс болмағанын байқауға болады. 1758 жылы тамызда ол әлі тірі, Ташкент маңында Цин командирлерімен келіссөз жүргізді. Ал оның есімі «би» емес, «бай» сөзімен қатар айтылатыны ешқандай күмән тудырмауы керек. Өйткені ол Ұлы жүздің ең бай ақсақалдарының бірі болған.

Қытай құжаттарында да, орыс құжаттарында да би Үш жүздің басын біріктіріп, билік жүргізгені туралы дерек жоқ. Әрине, ол қазақ

тұтастығының жақтаушысы болды. Бірақ ол Цин патшасына жазған хатында Абылай екеуінің өздеріне тиесілі қазақ руларын жеке-жеке басқаратынын айқын көрсеткен еді. Ол Кіші жүз туралы тіс жарған жоқ. Сонымен қатар, оның Цин командирлерімен кездесудегі мінез-құлқынан да, патшаға жазған хатынан да Абылайдың өз бетімен «императорға бағынғанына» наразы болмағаны байқалады. Егер ол сол кездегі жалғыз билеуші болса, өзінен дәрежесі төмен билеушінің өкілеттігін асыра пайдаланғанына наразы екенін қытайларға сездірер еді. Керісінше, ол Қытаймен қарым-қатынас орнатуда Абылайды үлгі етіп, өзіне де сондай жағдай жасалса деген ниетін білдіреді.

Баяндамада айтылған келесі адам – Шада. Бәлкім ол қырғыздың Саяқ руынан шыққан Садыр болуы мүмкін, себебі қырғыз халық аңыздарында оны кейде хан деп те атайды. XVIII ғасырдың 50-жылдарында ол Талас өзенінің аңғары мен Іле өзенінің жоғарғы сағасынан қазақтарды ығыстыруға тырысты. Қазақтың Шолаққорған, Созақ қалаларына шабуыл жасады. Ол Абылайды өзіне бағындырып, Ташкентті басып алуға тырысты. Цин құжатында ол Ташкент билеушілерінің бірі ретінде көрсетілген. Аңыз бойынша, Абылай сұлтан Оңтүстік Қазақстанда жүргенде Садырға қатысты үйсіндердің көптеген арыз-шағымы мен қырғыздардың өзі туралы «сарт Абылай, құл Абылай» деп қорлағандары үшін оны ұстап, жазалауды ұйғарады. Абылай айтқан сөзінде тұрып, Садырды тұтқындап, оны дарға асуды бұйырды [12, 109]. Қазақтарда мұндай жазалау түрі сол кезде өте сирек қолданылған. Бұл оқиға XVIII ғасырдың 60-жылдарының басында болуы мүмкін.

Баяндамада кездесетін келесі адам – Са-са-кэ-бай батыр. Ол өзінің 40 нөкерін ертіп Цин командирінің ордасына келді. Құжатта оның ұлты көрсетілмеген. Сондай-ақ, Дулат тайпасының шымыр руынан шыққан Қойгелді батырға қарағанда Сасықбай туралы мәлімет аз. Шымырлардың дәстүрлі мекені Шымкент пен оның маңайы еді. Ал Қойгелді батыр Төле бидің адал қолдаушысы, жақын досы Сарттың ұлы болатын. Сарт атымен белгілі бірнеше қазақ қайраткері бар. Солардың бірі – Әбілфейіз сұлтанның немересі Жошының ұлы Сарт (Ючи, демек Сарттың орыс құжаттарындағы тегі – Ючин – К.Х.).

Қазақ пен өзбектің «сарттар» деп кімдерді атайтыны туралы бірнеше пікір бар. Қазақтар егіншілікпен, саудамен айналысатындарды және Ташкенттің бүкіл тұрғынын осылай атаған. Әрине, бұл атау қазақ билеушілері мен старшындарының Орта Азиядан келген

келімсектермен достық немесе туыстық байланысы барын білдіру үшін берілген.

1758 жылы Қойгелді 70 жасқа толар еді. Ташкентте Төле бидің көзі тірісінде қарақалпақ қайраткері Сасық би болған. Ал бұған дейін байқағанымыздай цин құжаттарында Төле би де, Сасық би де «бай» деп жазылды. Белгілі филолог Жанғара Дәдебаевтың пікірінше, Сасық би сол заманның атақты алты батырының бірі, қара қылды қақ жарған төреші болған. Егер ол құжатта айтылған Са-са-кэ-бай (би және батыр) болса, онда ол Төле би жағында болып, өз жасағымен Ташкентті басқару ісіне араласты. Демек, ол мегаполистегі сауда операцияларынан да пайда тауып отырды. Ол Әблес ханның жақын адамы және онымен сенімді қарым-қатынаста болған. Сондықтан да цин командирлерімен кездесуге ерікті болып, күтпеген қонақтарды өзі ертіп жүрді. Ал Қойгелді батыр ол кезде қайтыс болған.

Цин командирлері сұраған Төлеке – осы оқиғалардан екі жыл бұрын қайтыс болған. Демек, ол шамамен 1756 жылы өмірден өтті деп болжауға болады. Цин қолбасшыларының бұл қайраткерлерге деген қызығушылығы сонау 1755 жылы олардың елшілері Батыс өлкесін бағындырушы әскерлердің қолбасшы-генералдары Банди мен Саралмен Ташкент туралы келіссөз жүргізген кезден басталды.

Баяндамада айтылатын өзге адамдар – Ямубалакэ, Мония, Басурманды бүгінде бізге белгілі тарихи тұлғалармен нақты сәйкестендіру қиын. Одан кейінгі құжаттарда олар туралы ешқандай мәлімет айтылмайды. Не десек те, бүгінде мұндай құжаттар белгісіз. Тарихшылар Жолан, Мония және Басурман өмірінің 1758 жылдан кейінгі деректерін қалпына келтіруі керек.

Төле би ұзақ өмір сүрді. Оның қайраткерлік тұлғасы Қазақстан тарихының үлкен бөлігін қамтиды. Қытай деректеріне сүйене отырып, оның 1756 жылы өлмегенін болжауға болады [4, 360]. Өйткені ол 1758 жылы тамызда тірі еді.

Қолда бар құжаттар жиынтығын талдау – бізге қазақтың саяси тұлғаларының өмірі мен қайраткерлігін нақтылауға мүмкіндік береді. Біз Төл бидің Орталық Азиядағы қазақ сауда қатынастарын кеңейтудегі бейбіт бастамаларының саяси астарын жақсы түсіне аламыз. Бұған дәлел, сол кезде оның жайылымдарында жүк тасымалы үшін дайындалған келе-келе түйесі болған еді.

Төле бидің дипломатиялық қызметінің қорытындысын шығарып көрсек:

1. Халықаралық құқыққа сай көшпелі халықтардың заң ережелері мен дәстүрін сақтау;
2. Қазақ хандығының мүддесі үшін, ел мен жерді сақтау мақсатында бейбіт шешім шығара білу;
3. Бейбітшілік үшін күрес; тұтқын алмасу; барымтаға түскен мал-мүлікті қайтару бойынша халықаралық келісімдер дайындау;
4. Халықаралық деңгейдегі келіссөздерге қатысу;
5. Қазақ жерін, Орта Азиядағы сауда-қолөнер орталықтарын, қалалар мен кенттерді сақтау ісінде ел мүддесін қорғау;
6. Ташкентті билеп, оның сауда-керуенін бақылау;
7. Қазақ хандығының географиясы мен халықаралық сауда өрісін кеңейту.

Қазақ шонжарларының хаттары бізге сол кездегі шығыс билеушілері арасындағы ресми эпистолярлық стильді түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ олар шонжарлардың дәстүрлі иерархиясын дәл бейнелейді. Төле бидің басқа мемлекеттердің өкілдерімен және қазақтың ірі шонжарларымен арадағы халықаралық байланыстары – олардың өмірінің хронологиясын нақтылайды. Олардың тарихи реттілігіне елеулі түзетулер енгізеді. Олардың өмір сүрген уақыты мен күрделі кезеңдерін, қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктерін және қазақ менталитетін түсінуге көмектеседі.

## I.4. Жоңғар ханы Дабашы

*Басшылары келіспеген ел жетім*

Дабашы (Дабачи, Даваци, Дебача) (шамамен 1723-1760 жылдың қаңтар айының ортасы) – Жоңғарияның соңғы ханы. Елді үш жылға жуық азаппен басқарды. Соған қарамастан тағдыр оған мейіріммен қарады. Ол қуатты көшпелі империяның тағына отыру мүмкіндігіне ие болды. Сонымен бірге ол империяның күйреуіне куә болды. Оның ордасы Шығыс Қазақстандағы қазақ көшпелілерімен көрші және әуелі жақтаушысы, кейін жауына айналған Әмірсана қонысының солтүстігінде орналасты. Дабашының бастамасымен Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығының саяси барыс-келісі жиілей түсті.

Тарих ғылымында Дабашының хошыт және хойт князьдерінің көмегімен билікке қалай келгені толық зерттелген (И.Я. Златкин және басқалар). Сонымен қатар, негізгі дереккөз – орыс және мәнжу мұрағат материалдары болды. Олардың көп дерегін мұсылман тарихшысы Зийа ад-дин Мұхаммед Имин Садық Қашқари растайды. Бірақ ол Цин патшалығының Жоңғар хандығы мен Шығыс Түркістанды жаулап алу кезеңінің қосымша деректерін келтіреді. Мұхаммед Имин Бадахшан мен Қоқанға қашқандардан сұрастыру арқылы бізге белгісіз жазбаларды ұсынды. Оның мәліметтері Бейжің кітапханасында сақталған Ци Юньшидің (1751-1813 жж.) «Цинчао фанбу яолюе» (Цин әулетінің вассальдық иеліктерінің сипаттамасы) атты шығармалар тізімінің бірінде қамтылған дерекпен салыстырылды. Кезінде оны танымал моңғол тарихы маманы Чжан Му (1805-1849 жж.) қарап, өңдеген болатын. Ци Юньшидің еңбегі Цин кезеңінің ресми жинақтарына кірмеген немесе онда қысқаша жазылған деректерді келтіруімен маңызды. Ол деректер біздің кітабымызда алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, Жоңғар хандығын жаулап алу тарихына елеулі өзгерістер енгізеді.

Дабашы өміріндегі негізгі оқиғаларды және олардың хронологиясын білу – өлке тарихын пайымдау мен Қазақ хандығының сыртқы саясатын түсіну үшін ерекше қызығушылық тудырады. Дабашы мен әулетінің қызмет географиясы – Жоңғария, Шығыс Түркістан, Моңғолия, Қазақстан, Ресей, Цин Қытай және Орта Азия хандықтарын қамтиды. Дабашы XVIII ғасырдың ортасында қазақ-жоңғар, қазақ-орыс, жоңғар-цин қатынастарының эпицентрінде болды.

Дабашының саяси қадамдарына қатысты қазақ билеушілерінің ұстанымы – әсіресе Әбілмәмбет пен Нұралы хан, Абылай сұлтан мен Төле би және ықпалды старшындар мен батырлар қатысқан сыртқы саяси жағдайды, олардың саяси мүдделерін нақтылайды. Оның кезінде Жоңғар хандығының күші жойылып, көшпелі өркениеттің күйреуі басталды. Әлсіреген, қарама-қайшылыққа толы аса ірі түркі-моңғол одағы мәңгіге аяқталды. Ойраттар зұлматқа ұшырап, өз мемлекетінен айырылды. Өзара қақтығыстардан, эпидемиялардан, Цин патшалығымен және Қазақ хандығымен болған соғыстардан халықтың үштен екісі қырылды. Қазақтар уақыттың жаңа сын-тегеуріндерімен, еуропалық және қытай өркениеттерінің тартысы-мен бетпе-бет келді.

Ойрат аңыздарына сәйкес, Дабашы – Шыңғыс хан тұсында өмір сүрген тайшы Эсымотэ дарханның он бірінші, жоңғар ханы Батыр қонтайшының бесінші ұрпағы. Дабашы Намучжар-Дашаның ұлы, әйгілі ойрат қолбасшысы үлкен Цэрен-Дуньдобудың немересі және Галдан ханның (1697 жылы өлген) інісі – Бұмынның шөбересі еді. Өзінің тектілігіне сүйенген Дабашы Қалдан Цэреннің бейбақ ұлы Лама-Дарчжадан (1753 жылы 12 қаңтарда кісі қолынан өлген) гөрі таққа отыруға көбірек құқығым бар деп санады. Дабашының ата-сы Цэрен-Дуньдобу Цэван-Рабдан (1727 жылы қайтыс болған) мен оның мұрагері Қалдан Цэреннің (1745 жылы қайтыс болған) кезінде ықпалды шонжар болған. Жетісудың шығыс-солтүстігі мен Ертіс өзенінің жоғарғы ағысында Ресеймен, Қазақ хандығымен көршілес алқаптың бәрі оның иелігінде еді. Цэрен-Дуньдобудың ерліктерінің ішінде ең әйгілелі ретінде – 1715 жылғы Бухгольц басқарған І Петр экспедициясының жеңілісін, 1717 жылы Гималай арқылы Тибет-ке жорық ұйымдастырып, жүзеге асыруы, қасиетті Лхасаны басып алуын атауға болады. Цэрен-Дуньдобу Тибеттегі хошыттардың билігін түбегейлі жойып, бірнеше жыл бойы Циндермен, халха-моңғол әскерлерімен соғысқан. Ол стратегиялық жоспар жасаудың хас шебері еді. Одан бөлек, жеке батылдығымен де ерекшеленді. Оның бар арманы күллі моңғол тайпаларының басын біріктіру болатын. Чорос тайпасынан шыққан Батыр қоңтайшы әулетінің өкілі ретінде хандыққа елеулі үлес қосқан ойраттың ұлы қолбасшысының өлімі мен Жоңғар хандығының күйреуінің тұспа-тұс келуінің символдық мәні жоғары.

Дабашының анасының кім екені белгісіз, бірақ ол ойрат ақсүйектерінің бірінің қызы екені сөзсіз. Егер Дабашының шыққан тегі

мінсіз болмаса, ол Қалдан Цэреннің күңнен туған ұлымен бәсекелес болмас еді. Менің ойымша, Дабашының анасы хошыт тайпасының қызы болуы мүмкін. Себебі, осы тайпадан шыққан Әмірсана мен Баньчжурдың князьдері оны жиен дейтін. Сонымен қатар Дабашы Көккөлден (Кукунор, Цинхая) келіп, Цин жағына өткен хошыт Саралға қарсы жорыққа шығудан бас тартқаны белгілі.

Дабашының екі ағасы болды. Дарба – үлкені, Жаманқұл – кішісі болатын. [Ма Дачжэн, Чэн Цзундэ, 2006, 736]. Біз олардың Дабашының туған ағалары ма, әлде асыранды ағалары ма, оны білмейміз. Себебі олардың өмірбаяндары туралы мәлімет аз. Жаманқұл (Яманкул) – түркі сөзі. Ойраттарда көптеген түркі және мұсылман есімдері кездеседі. Олардың балаға ат қою дәстүрінде қазақпен ұқсастық көп. Жаманқұлдың анасы түркі отбасынан шыққан болуы да мүмкін.

Қалай болғанда да, Дабашы әулетінің бірнеше ұрпағы көрші елдердің шонжарларымен соғыса жүріп, жақсы қарым-қатынас орната білді. Хан Лама-Дарчжа Галдан-Цэреннің мұрагерін өлтіргеннен кейін ағасына қарсы соғысқа қатысқанда Яманқұлға Дабашының мүлкі мен қол астындағы жердің бір бөлігін берді. Дабашы Қазақстанға қарай шегінген соң хан оның бүкіл отбасын тұтқындап, Құлжада қамауда ұстады. Осы және өзге де фактілер Лама-Дарчжаның өзімен бәсекелес ықпалды әулеттің қайта бас көтергенін қаламайтынын көрсетеді. Бұл бейбақ Қалдан Цэреннің ең ақылды ұлы еді.

Дабашының Лобучжа және Фучунси (Фу Наси) атты екі ұлы және үлкен ұлы Лобучжадан туған Фурна есімді немересі болды. Есімінің мағынасына назар салсақ, Дабашының екінші ұлы, бәлкім, Қытайда тұтқында болған мәнжу ханшайымынан туған болуы мүмкін. Себебі оның есімі қытай тілінен аударғанда «бақыт әкелетін көктемгі қуаныш» немесе «көктемгі қуаныш бақыты» дегенді білдіреді. Фучунси 1757-1758 жылдары көктемде тұтқында болғанда туды деп болжауға болады. Ол кезде әкесі шамамен 33-34 жаста еді. Дабашының балалары мен жалғыз немересі де онымен бірге Бейжіңде тұтқынға алынды. Олардың шетелдегі тағдыры кісі қызығарлық болған жоқ. Бұл туралы алдағы бөлімдерде айтамыз. Ал үлкен ұлы 1751 жылы Лама-Дарчжидің қолында тұтқында болған болуы ықтимал, бірақ ол оны өмірінен айырған жоқ.

Орыс деректерінде 1755 жылы күзде Дабашы цин-ойрат әскерлерінен жеңіліп, Шығыс Түркістанға шегінген кезде, қатын-баласын тағдыр тәлкегіне тастап, өз басын сауғалауға тура келді делінген. Ал мұсылман деректерінде Лобучжа әкесінен бір елі

қалмағаны, оларды Үш-Тұрфан билеушісінің қызметшілері тұтқынға алған сәтте қайсарлық танытқаны айтылады.

Сонымен, Дабашы 1744-1745 жылдары қайтыс болған Қалдан Цэреннің тікелей мұрагері болған жоқ. Бұл туралы Павлуцкидің жолжазбаларында жазылды. Ол 1745 жылы 12 шілдеде Дабашы ноянның ордасына келгені жайлы былай деп жазды: «Жоңғардың бұрынғы иесі Қалдан-Серен (әр түрлі адамдардың риза болған хабарларына сәйкес) өткен қыркүйек айында қайтыс болды...» [Потанин, Наши сношения...378].

Дабашы ойраттардың ішкі тартысының нәтижесінде хан болса да, Әмірсананың (1758 жылы қайтыс болды) қолшоқпары ретінде ғана қызмет етті. Бастапқыда ол Эмиль өзенінің бойындағы тақ мұрагері ойрат тайпасының маңына шоғырланған дөрбет, тортұл және хойт руларын басқарды. Оның шығысында – тывалар мен алтайлықтар, солтүстігінде – қазақтың уақ, керей және найман тайпалары қоныстанған.

Дабашы екі рет өз дұшпандарынан бойтасалап, қазақтар мен ұйғырлар арасында жасырынуға мәжбүр болды. Екі ретінде де жасырынар жерін өзі таңдады. Қалдан Серен билігінің соңғы жылдарында ол Шарғұрбан өзені жағасындағы көшпелілерге иелік етті. Осы алқапта кейбір орыс эмиссарлары ойрат деп атайтын Қожаберген (Хоцзибоэрген) батырдың да ауылдары орналасты. Дабашы Жоңғар хандығының солтүстік аумағын күзетіп, Сібірден Құлжаға баратын орыс керуендерінің қауіпсіздігіне жауап берді [Потанин, Наши сношения...377].

Көшпелілердің рухани жақындығы мен қалыпты қарым-қатынасы Дабашының қазақтардың арасына бойтасалауына аса кедергі болған жоқ.

Біз Дабашының жеке сипаттамасын әртүрлі әлеуметтік топтардағы әртүрлі этника өкілдерінен табамыз. Күшті тұлғалардың ықпалына бой алдырып, ерік-жігерінен айырылған, әлсіз, кейде қарапайым пенденің бейнесін көруге болады. Сонымен бірге, ол айналасындағы адамдарды түсінбеді, көз алдында не болып жатқанын көрмеді деуге келмейді. Ол қазақтардың өзіне не үшін көмектесіп жатқанын түсініп, 1753 жылы қарашаның соңына дейін іргесін аулақтады. Себебі ондай көмекке екінші рет жүгінгісі келмеді. Ол Әмірсана мінезін түсінді. Оның достығының бағасын біліп, іс-әрекеті менмендіктен туындағанын ұқты. Сондықтан, Дабашы тезірек таққа ие болып, оны мұқатып, мүмкіндігінше тезірек әлсіретіп, оның жақтастарын орда

маңынан аластауға тырысты. Ол кейде қатал әрекет ететін, бірақ онысы ұзаққа бармайтын. Нәтижесінде ол дөрбет шонжарлары – Цэрен, Цэрен-Убаши, Цэрен-Мэнке және өзге де ойрат басшыларымен жауласты. Дөрбеттердің басқа ойраттардан ерекшелігі, олар Ертіс алқабында егіншілікпен табысты айналысып, суаруды өте жақсы меңгерген. Дабашы басқарған жоңғар әскерлері аштық пен бітпейтін ішкі қайшылықтардан қашып Ресейге, Қытайға, Шығыс Түркістанға, Көккөлге, Халха-Моңғолияға және Қазақстанға қоныс аударды.

Қоқан ғалымы Зийа әл-Дин Мұхаммад Имин Садық Қашқари Дабашыны қатты сынап сипаттайды. Мұның бірнеше себебі бар. Цин тарихнамасында Дабашыны Шығыс Түркістаннан келген мұсылман билеушісі Цин билеушілеріне бергені анық жазылған. Расында солай еді. Алайда, ұйғыр билеушісі Әмірсана жоңғар тағына ие болатын күн туса, аймақ билеушілерінің бірі болудан дәмеленіп, Дабашыны соның қолына беруді ойлады. Зийа ад-Дин Мұхаммед Имин осы хакімге сенім артқан ойрат ханының ауысуын моральдық тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да айыптайды. Сонымен бірге, Имин Садық мәнжу, қытай және орыс авторларымен келісіп, Дабашыдан гөрі Әмірсананың қолбасшысы ретінде де, саясаткері ретінде де алымды болғанын мойындайды: «...заң бойынша ойрат патшалығының астана-байтағы мен тағына, әсіресе ұлы ноянның, яғни Әмірсананың ілтипатына Дабаци хан ие болды. Алайда жоғарыда аталған падишах адамгершілік тұрғысынан бұл мәртебеге лайық емес еді. Себебі ол ашушаң, ақыл-есі кем, бұйығы, ашықауыз, ашкөз, қыңыр, мақтаншақ, қанқұмарлығы мен қорқыту арқылы таңқалдырады. Осылардың бәріне қарамастан, ол (адамның) бет-әлпетінен маңғаздық пен маңыздылықты тани білетін» [Асар ал-Футух, 118 б.].

Қытайдан көмек сұрамас бұрын және одан кейін Цин әскерімен бірге Жоңғарияға жорыққа дайындық кезінде Әмірсана көрші елдердің билеушілеріне хабарласып, хаттар жіберіп, оларды өз жағына шығарып алды. Император Цянлонг 1754 жылы өзінен пана іздеп келген Әмірсананы жоғары бағалады. Оған бірінші дәрежелі «цин ван» атағын екі рет берді. Алғаш Бишу шаньчжуандағы жазғы резиденцияда марапаттаса, екінші рет – Дабашы тұтқындалғаннан кейін сыйланды. Соған қарамастан, император өзінің уақытша одақтасына сенген жоқ. Әрі Батыс Цин әскери қосыны қолбасшысының орынбасары, әрі озық жасақ командирі болып тағайындалған Әмірсана барлық жерге шабарман жіберуге, тұтқындармен сөйлесуге мүмкіндік алды. Десе де, Дабашы тақтан тайған соң Әмірсананың бірден Цинге қарсы

шешуші шабуылы мен 1755 жылдың күзінде Цин әскерлерінің екі қосынында қолбасшылықтың жойылуы – Цяньлун патшасы үшін күтпеген жағдай болды. Әмірсана көтерілісіне байланысты император тұтқындағы Дабашыға деген көзқарасын жеңілдетті. Бұл туралы сөз әлі алда.

«Асар әл-Футух» жазушысына бұрыннан келе жатқан оқиғаларды баяндаған тірі қалған ұйғыр тұтқындарының сөз-ләмдеріне қарағанда, Шығыс Түркістан қалаларының әкімдері бұл уәделерге сенген. Ұйғыр Шараф ад-Дин Йусуф (қытай деректерінде – Хоцзис, бұрмаланған Қожасы – К.Х.) бүкіл Шығыс Түркістанның губернаторы болады деп үміттенген, ол 1755 жылы Цин бас қолбасшысының ордасында Әмірсанамен кездесіп, онымен құпия келіссөздер жүргізді [Бао Вэньхан, 1997, 250].

Хоцзис Цин патшасы Жоңғар тағына сені отырғызғысы келеді деген уәдесіне сеніп, Дабашыны Әмірсананың қолына тапсырды. Үш-Тұрфан әкімі өзін Ұйғырстанға билеуші етуге уәде берген аса ықпалды ойрат қолбасшысын өзгемен оп-оңай ауыстыра салды. Сондықтан ол бір кездері әулетіне тірек болған атасының игі істерін ұмытып, Дабашыға опасыздық жасады. Қытайдың ресми тарихнамасы оның бұл әрекетін циндерге бағыну ниетімен ұштастырады.

### 1.4.1. Дабашы Қазақ елінде

XVII ғасырдың аяғындағы Цин империясы мен Қалдан Серен арасындағы соғыстан бастап, сонымен қатар Цеван-Рабдан тұсында Жоңғария мен Халха арасында шекара белгілеу кезінде кейбір шонжарлар мен старшындар өздерінің қол астындағы адамдарымен бірге Цин империясының бақылауындағы өңірге қоныс аударды. Канси патша да (1722 жылы өмірден өтті), оның ұлы Юнчжэн де (1735 жылы қайтты), немересі Цяньлун да ойрат пен моңғол босқындарын қабылдады. Оларды Чжанцзякоу маңына, Ганьсу түпкіріне, Моңғол Алтайы мен империяның басқа да шекаралық аймақтарына жайғастырды. Қоныс аударғандардың арасында ірі шонжар Сарал (Салар) және жоғарыда есімдері аталған үш дөрбет ханзадасы болды.

Сарал ірі шонжар, Даши-Даваның зайсаны, Қалдан Цэреннің жақыны әрі өсиет орындаушысы болған. Ол Цин патшалығының аумағына Көккөл, Газкөл арқылы өтті. Онымен бірге 81 үйлі аталастары да болды. Әуелде олар 380-нен астам адам еді, ары-бері тентіреп жүргенде жүзге жуық адамынан айырылды [БТМ, Мәнжу қоры, Банди

хабарламасы, 30 қаз 1750 ж.; Гао цзун шилу, 373,10-11; Ма Дажэн, Чэнь Цзундэ, 2006, 118].

Цин билігі Саралдан алғаш рет Қалдан Серен қайтыс болып, оның әулетінде басталған тартыс туралы сенімді ақпарат алды. Бұл туралы 1750 жылы 23 қазандағы Бандидің баяндамасынан бір апта бұрын жазба енгізілді. Дөрбет ханзадасы Цэрен-Дундобудың кіші ұлы Даши-Дава Галдан-Цэреннің өсиеті бойынша өзінің екінші ұлы, «ажа хан» атағын алған Цеван-Доржи Намучжардың (1745-мамыр 1750) мүддесін қорғады. Бірақ 14 жастағы хан өзінің қатыгездігімен әрі ұстамсыздығымен көптеген ықпалды шонжарларды өзінен алыстатты. Олар тек бір адам – Лама-Дорж ғана таққа лайық деп шешті.

Орыс және қытай дереккөздері жас ханға қарсы басты қастандық жасаушылар деп біраз адамның есімін атайды. Олардың арасында Қалдан Цэреннің күйеу баласы Сайын-Бөлек және Гумьу, Эрчжуйин, Оулэчуй (Олдзо), Оулошиху (Олдзоришео), Бахаманжи (Сэха-Маньжи? Сары-Манжи?), Бохээрдай (Боғылдай) бар. Алайда Дабашы жас ханды қолдап, 1750 жылы Лама-Доржның жақтастары оның көзін ойып алып, Ақсуға жер аударған кезде өз зайсандарын жіберді. Әуелі жас ханды аяған Лама-Дорж кейін оны Дабашы елшісі екі зайсанмен бірге өлтіруді бұйырған [Ма Дачжэн, Чэнь Цзундэ, 2006, 118]. Әрине, осыдан кейін Дабашы мен Әмірсана ургада Лама-Доржға тәж кигізу рәсіміне қатысуға жүрексінді.

Бейжіңге «Цинхай варварларының іс басқарушысы» ретінде фудутун шенін беріп Саралды және этникалық моңғол Бандиді (боржигит руынан шыққан) жіберді. Әскери кеңестің құрметті адамдары бірнеше күн бойы атақты ойратпен әңгімелесіп, оның аузынан Дабашы туралы естіді. Цин үкіметіне де, Ресей үкіметіне де Дабашы туралы құнды мәліметтер орыстар арқылы бір мезгілде дерлік – 1750 жылдың күзінен бастап келе бастады. Ал бір жылдан кейін Дабашы ісіне қазақ сұлтаны Абылай мен Қожаберген батыр және басқа да старшындар араласты.

Цин үкіметі Цэван-Доржи Намучжар өлтірілгеннен кейін Дабашы көмек сұрайды немесе Қытайға келеді деп болжаған болатын. Алайда, Дабашы керісінше 1752 жылы Қазақстанға бет алды. Бұл туралы патшаға Дабашыны қуып жетуге асыққан Мамут зайсанның өтінішімен Шығыс әскери қосынының қолбасшысы (динбянь цзо фуцзянцзюнь) Энгуньчжаб ханзада хабарлады. Зайсан моңғол қарауылдарына жақын келіп, оларды сезіктендірмеу үшін өз жасағының шекараға келу себебін түсіндіруге мәжбүр болды.

Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін жоңғар тағынан үміткерлердің ешқайсысы тақ үшін талас кезінде де, таққа қол жеткізгеннен кейін де Қытаймен қарым-қатынасты бұзғысы келмеді. Керісінше, бәрі де қуатты көршінің қолдауына ие болуға тырысты. Сондықтан жоңғар жорығын бастаған Цяньлун ойраттарға басып кіруге нақты сылтау таба алмады. Ол жоңғарлардың бауырлас халықпен соғысын тоқтату, көрші елдердің қауіпсіздігіне қамқорлық жасау секілді екіжүзділікке толы уәждерін көлденең тартты.

Чэнғұн-Чжабудың баяндамасына назар салайық. Онда Дабашы 12 нөкерімен Нарын (Налинь) Бұлыр аймағында жеңіліске ұшырап, белгісіз бағытқа шегінгені айтылады. Лама-Дорж алтайлық үш зайсанға халха шекараларына апаратын жолды жеті жерден жауып тастауды бұйырды. Қытай тарапына өз әскерлерінің Цин патшалығының иелігіне жақын келу себебін хабарлауды бұйырды. Сонымен қатар қолбасшы Урянхайға (Туваға) сенімді ақпарат жинау үшін офицер жібергені туралы жазды. Ол жоңғар барлаушыларының мынадай мазмұндағы айғақтарын келтірді: «Өткен жылдың 9-айында (1751 жылы 19 қазан мен 17 қараша аралығында – К.Х.) Даваци Лама-Дарчжа ханмен ерегесіп қалды. Даши тәйжі, Әмірсана, Банчжур, Цэрен, Шакедур (Әмірсананың үлкен ағасы) және басқалары кеңесе келіп, ұлы императорға бағыну керек деген қорытындыға келгенін айтады. Бірақ содан кейін Даши тәйжі мен Шакэдур сөзден тайқып, осы жоспарлары туралы Лама-Дарчжаға хабарлады. Осыдан кейін оның Даваციге жіберген әскері одан жеңіліп, (қайтуға мәжбүр болды). Даваци Әмірсанамен, Банжурмен және басқалармен тағы да ақылдасты. Қайда бас сауғаламақсың. Моңғол Алтайы арқылы Қытайға баратын жолды (Лама-Дарчжи) қосындары жапты. Ал (тау) асулар, өздерің білетіндей – «тар жол тайғақ кешу». Ақыры олар қазақ арасына бойтасалау үшін Ертіске қарай шегінген әлдеқайда қауіпсіз деп шешті» [Гаоцзун шилу, 407, 1-9].

Моңғол қолбасшысының баяндамасы патша құзырына ұсынылды. Цин шежіресіне бұл құжат патша қарарымен бірге Цяньлун билігінің 17-жыл 1-ай, цзяшэнь күні (1752 ж. 8 наурыз) берілген. Демек, жоңғар ханзадалары қазақ жеріне шамамен 1752 жылы ақпанда көшті.

Орыс дереккөздеріне сүйенсек, 1752 жылы наурызда Дабашы Іле өзенінің бойында үш жүз түтінмен отырған [Моисеев 1998, 128- 29]. Демек, оның қарамағында 1000-ға жуық адам болған. Ханмен қарулы қақтығыс сол жылдың күзінде болды [Гао цзун шилу, 407, 1- 9].

Бұл жерде Лама-Дорж ханға қарсы жасалған қастандыққа қатысы бар басқалар туралы айтудың қажеті жоқ. Шакэдур – хойт тайпасына жататын. Ол – өгей еді. Ал Баньчжур – хошут тайцзисы – Әмірсананың туған ағасы болатын. Әмірсана хошут тайпасынан еді, бірақ хойт тайшысы болған.

Император Цяньлун жоңғарлардың арандатуынан қорқып, сақтық шараларын қабылдауға және қажет болған жағдайда шекаралас моңғолдарды ішкі өлкеге көшіруге бұйрық берді. Бірақ бір жыл өтсе де Жоңғариядан ешқандай хабар келген жоқ. Қытайға қаша көшкендердің арасынан Ниязы (Нияз?) деген біреудің ғана аты аталады.

Император Цяньлун билігінің 18-жыл екінші айында (1753 ж. 27 наурыз), Әскери кеңестің құрметті адамдарына Лама-Дорж бірнеше рет өзінің саудагерлері мен құлшылық етушілерін Тибетке жіберу туралы өтініш жасағанын айтады. Бірақ ол ойраттың бұл өтініштерін ешқашан орындаған жоқ. Сонымен қатар, император жоңғар құлшылық етушілерінің Тибетке жасырын барғанын жоққа шығармады. Сондықтан ол бұған жол бермеуге шешім шығарып, Лхасадағы Далай-Ламаға елші жіберуді, оны жоңғарлардың әрекетінен хабардар етіп, өз пікірін білдіруді бұйырды [Гаоцзун шилу, 439, 8 об. - 9].

1753 жылы маусымда Ченгунжабудан Лама-Дорж қазақтарға жасақ жіберіп, қашқындарды ұстап беруді талап еткені, бірақ оның сарбаздары Дабашы жағына өтіп кеткені туралы хабар келді. Дабашы, Әмірсана және Банчжур отрядтары қазақ одақтастарымен бірлесіп ханды ұстап, Дабашыны таққа отырғызуды жоспарлаған [Гаозун шилу, 433, 14].

1753 жылы шілденің ортасында қолбасшысы Ченгунжабу Лама-Доржның өлгенін, Дабашының таққа отырғанын хабарлады. Сонымен қатар, Дабашы бұл туралы ескертіп, Бейжіңге елші жібергені белгілі болды. Патша Хамиге елшіні дәстүрге сай қарсы алып, ертіп келу үшін өзінің сенімді адамдарын жіберді. Гвардия офицерлері арасында Нусаньның аты аталды. Бұл Нусань осыдан бірнеше жылдан соң Цяньлунның тапсырмасымен бірнеше рет Абылай сұлтанға барған және ол 1758 жылы қазақтармен арадағы сауда-саттықты жаңғыртты [Гаоцзун шилу, 440, 26-п. айн. – 27].

Егер біз Ченгунжабудың есебінің дәлдігіне сүйенсек, онда Дабашы өзін 1753 жылдың 14 шілдесінен кешіктірмей хан деп жариялады. Сонымен Қалдан Цэреннің тікелей мұрагерлерінің ешқайсысы тірі қалмады. Өз билігі арқылы Дабашы өзі сияқты Қалдан Цэреннің алыс туысқандары да таққа отыруына болатынын көрсетті.

Дабашының Қазақстанға келгенін, осында тұрғанын дәлелдейтін материалдарға назар салсақ. Олардың ең басында – Сібір және Орынбор билігі жинаған орыс мәліметтері тұрады. Олар әйгілі қашқындар мен 1751-1755 жылдар аралығындағы қазақ-жоңғар қатынастарында болған өзгерістер туралы шынайы мәліметтер алу үшін Қазақстанға офицерлерді, аудармашыларды, көпестер мен башқұрт старшындарын бірінен соң бірін жіберді. Цин барлаушылары үшін дүрбелеңі басылмайтын ойрат көшпелілері арқылы қазақ даласына өту қиынырақ болды. Олар ақпараттың көп бөлігін қашқындардан алды.

Дабашының 12 жақтаушысының ішіндегі ең атақтысы – хойт тайшысы Әмірсана болды (анасы оған жүкті кезінде хойтқа үйленді, бірақ оның биологиялық әкесі хошут тайпасының ханзадасы еді). Ал Әмірсананың ең жақын туысы – хошут Банжур тайджи еді. Қазақтарға барған орыс елшілері өз хабарламаларында оларды жиендер деп атаған. «...олар (Даваци мен Әмірсана – К.Х.) Құдай айдап қазақ облыстарынан ордаға кетіп бара жатқанда, ол Әмірсанаға көп уәде берді. Жорық ісі жоғарыдағылардың ақыл-ойы мен көрегендігіне тапсырылсын деп шешілді: Даваци хан оның кеңесі мен келісімінсіз үлкенді-кішілі іспен айналыспайды» [Асар ал-Футух, 118-п].

Дабашының қарамағында 5 мың түтін болса, Банжур – 990 үйді басқарды. Олар Жоңғариядан 1751 жылы күзде шығып, Досымбек, Қожаберген және Қайып старшынның ауылына келеді. Дабашы Абылайға хат жазып, өз жағдайы туралы хабарлады. Сонымен бірге сұлтан ордасында немесе қалаған жерде кездесуге дайын екенін білдірді. Дабашының алдында бірнеше таңдау бар еді. 1) Қазақстанда қалу; 2) Еділ қалмақтарына көшу; 3) Лама-Доржмен шайқасу үшін күш жинап, Жоңғарияға оралу.

Ол үшінші нұсқаға тоқталып, қазақтар мен Әмірсананың көмегімен тақ үшін күресуге бел буды. Нояндар «өз өмірлері мен амандығын сол кезде Дешті Қыпшақтың бас хақаны болған қазақ Абылай ханға тапсырды», – деп атап өтті» [Асар ад-Футух 118-п .].

Қожаберген мен Абылай бірге жіберді ме, әлде әрқайсысы жеке-жеке жіберді ме, анығын білмедік, бірақ, екеуі де күтпеген қонақ келгені туралы хабарлау үшін Лама-Дорж ханға елші жібергені анық.

Лама-Дорж билігіне наразы ойраттар Дабашыға ағыла бастады. Көп ұзамай 150-ден астам адам жиналды. Қазақтар жағдайды ушықтырғысы келмей, оларды әртүрлі қоныстарға орналастыру үшін жиналды. Дабашы адамдарын бытыратқысы келмей, қазақтарға өтініш жасады, қазақтар оған келісті. Лама-Дорж қашқындарды

қайтаруды талап етіп, қазақтарға өз елшісін (Еркінді – Қ.Х.) жіберді. Содан кейін шекара маңындағы қазақ тайпаларына шабуыл жасады.

Дәл осы кезде Ресей де тор құрып, қашқындарды, әсіресе Дабашыны кез келген жағдайда қолға түсірудің амалын қарастырып жатқан еді. Орынбор әкімшілігі қазақтардан ойрат ханзадаларын қайтсе де алу үшін түрлі амал-айлаға басып, жағымпаздық пен парақорлыққа, сақтандық пен қорқытуға дейін барды. Оның елшілері оларды үгіттеп, Ресейде бассауғалауға көмектесу үшін кездесуге тырысты. Сонымен қатар, хан Лама-Дорж елшілеріне орыстар қарсыластарын қолдайды деген күдік алмауы үшін Абылай жасағына қосылуға қатаң тыйым салды.

1751 жылы ақпанда сарай қазынашысы Аюши, Имин молда, көпес Кеңесбаевтар бастаған Лама-Дорж елшілері Ресей аумағына кірді. Жоңғар елшісінің құрамында 12 ұйғыр бар еді. Ал елшілік құрамының жалпы саны – 41 адам. Қарамағында 80 жылқы, 50 түйе бар, көліктерге тауар тиелген болуы мүмкін. Жоңғар ханы елшілік құрамы мен түйе санына қарай сауда байланыстарын жалғастыруға бейім екенін байқатты. Сонымен бірге ол саяси мәселелерде, әсіресе Обь және Енисейдің жоғарғы ағысындағы жерлерге, орыс билігінің халықтан алым-салық алуына қатысты мәселелерден бас тарта алмады. Ресей бұл елшілерді 4 жыл бойы – Лама-Дорж билігі аяқталғанша ұстады. Олар Отанында не болып, не қойып жатқанынан мүлде бейхабар болды.

Орыстар елшілерге ханының қайтыс болғаны туралы ресми хабарды 1754 жылы 4 сәуірде айтты [Здаткин, 1983, 286].

Ресей үкіметі Орталық Азия халықтарының билеушілерін «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстау үшін Жоңғар ханының елшілерін босатпай, керісінше олармен бір мезгілде, бәсекелестері Дабашыны Қазақстандағы ықпалды жақтастарынмен бірге тырп еткізбеуді ойлады.

Орыс дипломатиясы орталық және Шығыс Азиядағы саяси салмағын нығайту үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Шығыс Сібірдегі кикілжіңді тоқтатып, қазақ-жоңғар байланысының нығаюына жол бермеуді көздеді. Орынбордан, Тобылдан, Троицк бекінісінен, кейде Сібір командирлерінен Абылайдың ордасынан алдыңғы елші қайтып оралғанша, тәжірибелі барлаушыларды бірінен соң бірін аттандырды. Олардың мақсаты – ойрат ханзадаларын қазақтардан алу және соңы жоңғармен соғысқа әкеп соқтыруы мүмкін Лама-Дорж достығынан бас тартуға көндіру еді. Бірақ қазақтар оған көнбеді.

Халықаралық қатынастардағы шиеленістен бөлек, Қазақстанның өз ішіндегі жағдай да күрделі болатын. Қазақ билеушілерінің әрбірінің жеке мүддесі болды. Сондықтан да Жоңғариямен қарым-қатынаста әркім өз бағытын ұстанды. Нұралы хан әпкесін Лама-Доржға ұзатуға келіскен. Бірақ іс оңға баспады. 1749 жылы жоңғар елшілері қалыңдықты таныстырудың өздері күткендей болмағанына наразы болды. Қызды шымылдықтың ар жағынан кешке көрсетті. Сондай-ақ олар Нұралының туған әпкесі қайтыс болған деген қауесетті естіген. Сол себепті олар қазақ ханы қызды басқамен алмастырып қойды деп күдіктенді.

Нұралы хан Лама-Доржны алдағысы келді ме, жоқ па, бізге белгісіз. Шата Лама-Дорж ешқандай жағдайда да Әбілқайыр ханның кіші әйелінен немесе қалмақ күңінен туған қызын ала алмады. Жоңғар хандары мен ханзадаларына арналған қалыңдық үйінде Еділ бойындағы қалмақ хандары мен Көккөлдегі хошут хандары үйлерінің ханшайымдары болды. Лама-Дорж құдалықты кейінге қалдырған хатында, егер бар болса ханның өзге қарындасын қалыңдық етуге болатыны туралы сөйлесетінін жазды.

Қазақтармен құдаласқысы келетінін 1740-1741 жылдардағы соғыстан кейін Қалдан Цэреннің өзі ұсынған. Ол осы арқылы Қазақстандағы әскери табысын бекітудің саяси және экономикалық амалын іздегені анық. Көшпелілер құдалығы қазақ-жоңғар қарым-қатынасын жақсарту мен билеушілер арасында сенім орнату жолындағы маңызды саяси бастамасы болды: «Осы жағдайда ғана біз ажырамас одақ болуымыз мүмкін. Сондықтан мен сізді әкеңіздің орнына нағыз хан тағына отырғызып, толық билікті өзіңізге сеніп тапсырып, бүкіл орданы сізге икемдей аламын», – дейді Лама-Дорж қазақ ханына жазған хатында. Бұл хат Орынбор аудармашысы Яков Гуляевтің қолына тиіп, ол хаттың үзіндісін 1750 жылы 7 маусымдағы баяндамасында келтіреді. Осы уақытта Лама-Дорж 200 көпесін Нұралыға жіберді. Ол Нұралыдан көпестерінің бір тобын Орынборға, ал екіншісін Хиуаға күзетпен жіберуді сұрады. Лама-Доржның хаты Нұралыға 1750 жылы маусымнан кешікпей жеткізілді [КРО 1, 1961, 514- 519]. Сонымен бірге, Лама-Дорж Нұралы ханға әкесін өлтірген Барақ сұлтанның ұлын ұстап әкеп беруден үзілді-кесілді бас тартты [КРО 1, 1961, 518].

Қалай болғанда да, ойрат ханының хаты Нұралы ханның анасын қатты ренжітті. Ол Нұралы мен Ералыны қасына шақырып, ұзақ сөйлесті. Көшпелілердің билеуші әулеттері арасындағы құдаласу мүмкіндігі Ресейдің Сыртқы істер алқасын алаңдатты. Сондықтан

шекара генерал-губернаторларына бұл құдалықты болдырмау үшін барлық шараны қолдануға кеңес берді. Бірақ көп ұзамай қалыңдық кенет қайтыс болды.

Қазақтың тағы бір ханы Әбілмәмбет Түркістан қаласының мәртебесіне қатысты Лама-Доржмен арадағы мәселені сәтті шешуге тырысқаны анық. Ұлы жүздің іс жүзіндегі билеушісі Төле би ойрат ханымен бүкіл Ташкентті немесе бір бөлігін билеу, Орта Азияда сауданы дамыту туралы келіссөздер жүргізді. Қанша қоян-қолтық араласса да билеушілер арасында жоңғар қашқындарына қатысты ауызбіршілік болған жоқ. Төле би Жоңғария күштерінің ара салмағын бағамдаған соң, ойлана келе Абылай пікіріне қосылды.

1751 жылдың бірінші жартысында Төле бидің елшілері, кейбір мәліметтерде ол өзі (би ол кезде 60 жастан асқан) Лама-Доржмен кездесуге барғаны айтылады. Орта жүз билеушілерінің арасында ханның қарсыластарына көмек беру немесе оларды татуластырып, оған беру туралы талас туындады. Абылай да кеңесте дауыс беру құқығына ие болған серіктері – старшындар мен батырлардың пікірін назардан тыс қалдыра алмады. Олардың күші таразы басын басып кетті. Өйткені оларсыз хандықта соғыс та, сауда да, елшілік байланыстар да жүзеге аспайды. Сонымен қатар, бір кездері кейбір батырлар жайылымды, бақташыларды, тіпті кейде тұтқындарды да бөліске салатын әскери олжаны үлестіретін өз тайпаларының әртүрлі руларына рубасы болды.

Орыс барлаушыларының мәліметтері бойынша, Кеңестің кейбір қатысушылары Жоңғар ханзадаларын Қазақстанда қалдырып, оларға қоныс бөлуді қолдады. Атақты бәсентин батырлары мен рубасылары – Дабашыны, уақ-керейлер – Әмірсананы, ал наймандар – Банжуранды аға тұтып, өз орталарында қалдыруға қарсы болмады. «Бақлы-Керейлер (абақ-керей? – К.Х.) Давациді ұнатып, одан Абылайдан өздеріне басшы болуға билік сұрауды өтінді» [Вельяминов-Зернов, Т. 1, 1853, 97- 98]. Вельяминов-Зернов байсалды ғалым, оның ақпаратына сенуге болады. Шоқан Уәлиханов оны жоғары бағалап, еңбектерін тауып оқуға бар күшін салды. 1740 жылы наймандар оны қабылдап, өзін Қалдан Цэреннің ағасымын деп жүрген өтірікші Қарасақалды бірнеше туыстарымен бірге басқаруға бергісі келді.

Қазақтардың Ертіс бойы мен Іле маңындағы тайпалары Тарбағатай мен Жетісуда аралас-құралас бола бастаған жоңғар ханзадаларымен бірлесіп күшейе түсті. Орыс дереккөздері жоңғарларды қазақтың мәңгілік жауы деп көрсетеді. Алайда ол мүлдем олай емес еді. Қазақтар өз қауіпсіздігін де, көшпелілердің қанат жаюын да естен

шығарған жоқ. Сол үшін өздеріне ең ыңғайлы және ойраттарға да, көшпелілерге жақсы түсінікті тәсілмен күресті. Қазақ рулары Жоңғар хандығында «Ақтабан шұбырындыдан» кейін де тұрған. Уақ-Керей қашқындарды өз ауылдарында ұстап тұрған кезде, қалған старшындар оларды жылқымен және қажетті заттармен қамтамасыз етіп отырды. Абылай сұлтан уақыт өте келе, қазаққа үлкен зардап шектіретін осындай күрделі мәселені бір өзі шеше алмайтынын білді. Сондықтан, орыс ғалымының еңбегінде айтылғандай, 1752 жылы жазда Хан кеңесін шақыруды ұсынды.

Әкесін өлтірген Барақ сұлтанның балаларымен дауды аяқтаймыз деген желеумен Нұралы ханды да кеңеске шақырды. Бұл сылтаудың өзі ықпалды қазақ әулеттерінің арасындағы араздыққа сыртқы күштердің араласуына түрткі болғанын айтпағанда, күллі қазақты біріктіру ниетінен туындаған сияқты. Нұралы Орынбор келісімінсіз Шығыс Қазақстанға баруға батылы жетпей, інісі Ералыны (ол шамамен 30 жаста еді) өз орнына Кеңеске жібереді. Өкінішке қарай, ақпарат көздерінде Ералы ағасынан қандай нұсқау алғаны туралы да, сөйлеген сөзінде қандай дәлелдер келтіргені туралы да мәлімет жоқ. Бәлкім ол жай көпшілік пікіріне бас шұлғып қана қайтқан болуы да мүмкін.

Дабашы Жоңғариядағы жақтастарының белсенді қолдауымен және қазақтардан қарулы көмек алу арқылы таққа таласуға дайын еді. Ол қазақтардың Хан кеңесінің шешімін күтті. Сөйте тұра, Жоңғариядағы жақтастарына көбірек сенді. Қазақ аңыздарында сол жолғы Кеңес Ұлытау маңында, орыс және жоңғар шекараларынан біршама қашықта өткізілді деп айтылған.

Кеңес қызу өтті, пікір екіге жарылды. Дәстүршілдер (Әбілмәмбет хан, Малайсары батыр, Лама-Дорж сарайына барған елшілерге өз еркімен ерген Жапақ (Япак) батырдың ұлы) – ханмен қарым-қатынасты насшарлатпау керек деп санады. Жоңғар хандығымен қарым-қатынасты жақсарту үшін оның қарсыластарын қайтару керек десті.

Он жылдан астам уақыт бұрын жоңғар тұтқынында болғанда Дабашының өзіне жасаған жақсылығын ұмытпаған Абылай оларға қарсылық білдірді. Дабашы әулетімен туыстық байланысы бар Қожаберген батыр мен уақ-керейдің рубасылары оның Құлжаға берілуіне қарсы болды. Бөкенбай мен Дәуіт батырлар, Жәнібек тарханның ұлы кеңеске шақырылмады. Алайда Лама-Доржға қарсы шығуға дайын екендіктерін білдірді. Ургаға барған Төле би Абылай ханға хат жолдап, Дабашының елінде оны жақтаушылардың көп екенін хабарлады. Қазақтарға жіберілген орыс елшісі Андрей Яковлев

(оның Орынборға бағытталған хабарламасы 1752 жылы 3 желтоқсанда жазылған) Кеңесте Абылайдың көп дауыс алуына Төле бидің пікірі себеп болды деп есептеді. Қазақтар атақты ойраттарды қолдау үшін азды-көпті әрекеттенді. Орыс билігі қазақ сұлтандары мен старшындары өз шешімдерінде «мәңгілік жауын» титықтатуды басшылыққа алды деп сенді. Абылай туралы жазылған жағымсыз пікірдің бәрі, шамасы, жоңғарларды құдіретті Ресейдің дәрегейіне тізе бүктіру үшін айтылған болса керек.

1753 жылы күзде Абылай бастаған қазақтар жорыққа шығып, Ертіс бойындағы көшпелі дөрбеттерді талқандады. Бұл, елде басталған аштықтан басқа, олардың үш ханзадасының Қытайға қоныс аударуы мен Дабашыға жаңа бәсекелестердің пайда болу себептерінің бірі ғана еді. Бірақ бұл себептерді 1755 жылы император Цяньлун оған қарсы өте сәтті пайдаланды.

1753 жылы 18 желтоқсанда Моңғолиядан Цяньлунға дөрбеттің ең ірі үш ханзадасынан – жоғарыда аталған Цэрендерден өз еліне қабылдауын өтінген егжей-тегжейлі хабарлама келді [Гаоцзун шилу, 451, 11-13]. Ал біраз уақыттан кейін Дабашы билігі жаңа кедергіге тап болды. Оның қарсыласы – кіші Цэрен-Дуньдобудың немересі Намоку-Джиргал еді [Гаоцзун шилу, 451, 13]. Сонымен қатар «Асар Әл-Футух» Лама-Доржны өлтірген соң Дабашы екінші рет таққа отырғаны туралы айтады. Дабашы Әмірсананың көмегімен «әлсіз ханзадаларды» жеңіп, Жоңғар тағына тағы да отырды. Нояндар одағы осымен аяқталды.

Сол жылдардағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастарын мұқият зерттеген Вельяминов-Зернов, Дабашы Жоңғарияға көшерде одақтасы Абылайға хабар бермеді, өйткені ол Абылайға шынайы сенбеді деген қорытындыға келді. Ал Абылай Лама-Доржның жасақтарымен соғыспай жатып, күтпеген жерден Қазақстан шекарасынан шығып кеткенін естігенде, шынымен қуанды.

Біздің ойымызша, Дабашы қазақ көшпелілерін бірден тастап кете алмады. Себебі Кеңестен кейін әскери жоспар құрылды. Соған сәйкес қазақтар мен Дабашының азғана жауынгерінен құралған отряд әрекет етті. Олар екіге бөлініп, бір бөлігі Абылайдың басқаруымен Ертіс бойымен жоғарыға жылжып, Дабашының қарсыластары – дөрбеттерге шабуыл жасады. Мұны Қытай ақпарат көздері де растайды. Ал екіншісі – Дабашы мен Әмірсана басшылығымен Жоңғар астанасы – Құлжаға немесе Текестегі жазғы ордаға қарай жылжыды. Не де болса Іле өзенінің аңғарын бетке алғаны анық.

Жоңғар ханының да қарсыласы болған дөрбеттер мен урянхайларға жасаған Абылай жорығы Лама-Доржны біраз алаңдатқанымен зиянын тигізбеді. Жорық Лама-Дорж мен Дабашыға және дөрбеттерді күйретіп, олжаға кенелген қазақтарға пайдалы болды. Бірақ, тұтастай алғанда, ол жоңғар хандығының шығыс шекарасын әлсіретті. Осы уақытта Дабашы оңтүстік-батыстағы Жоңғарияға басып кіріп, астана-байтағына күйрете соққы берді. Оқиғалар 1752 жылғы қараша мен 1753 жылғы қаңтар аралығында болды. Егер біріккен күштер бір-екі ай аралығында бірлесіп, әуелі дөрбеттерге, содан кейін Лама-Дорж ордасына екі шабуылды бірінен кейін бірін жасаса да ешқандай маңызды емес еді. Урянхай (тыва) старшыны, Дабашының зайсаны әрі тәжірибелі қарт жауынгер Мамутэ Лама-Доржның бұйрығымен дөрбеттерді қуып жетіп, олардың Халхуйге, одан әрі Қытайға өтетін жолын бөгеуге шыққан еді.

Дабашының таққа отыруы сәтті болды. Ал Қалдан Цэреннің қабылетті әрі ақылды ұлы Лама-Дорж өлтірілді. «Асар Әл-Футух» шығармасының авторы оны «ғалым падишах» деп атайды [118-п].

Осылайша, өзара тартысты қақтығыста екі ханзада, ханшайым және Қалдан Цэреннің күйеу баласы қайтыс болды. Оның тікелей ұрпақтарының ешқайсысы тірі қалмады. Барлығының да Дабашыға өшпенділікпен қарайтын жақтастары болды. Дабашы уақытша мәртебесіне қарамастан, кіші Цэрен-Дуньдобу ханзаданың немересі Намоку-Джиргалмен қылыш айқастырар сәтті күтті. Бірақ оның түбіне Әмірсананың опасыздығы жетті.

Бұл жағдайға көбі негізінен Әмірсананы айыптайды, бірақ басқа да пікір бар. Мысалы Қоқан ғалымы былай деп жазады: «Бұрынғы ұлы адамдар атап өткендей: «достық әркімнің жеке мүддесіне негізделгендіктен, ол [достық] межесіне жеткен кезде іс дұшпандықпен аяқталады»... Даваци хан көлеңкесінен қорқатын қоян жүрек адам, Әмірсананың батылдығы мен аужарлығынан қорықты...» [Асар Әл-Футух, 118-п].

Дабашы қорқақ емес, қарапайым адам еді. Цяньзун патшасының айтуы бойынша ол байқампаз саясаткер болған. Алайда таққа отырған соң оның жағдайы өте қолайсыз болды. Ішкі алауыздық, Цин әскерінің жауларымен бірге басып кіруі, бәрі де оның тағдырындағы ауыр сынақтар еді. Бір жылдан соң Әмірсана мен Банжур оған қарсы шықты. 1754 жылы олардың қол астында шамамен оң мыңдай адам болды. Яғни олар Қытайға қоныс аударған кезде осынша еді. Үлкен Цэрен – 3700-ден астам отбасымен, Цэрен-Убаши – 1200-дей, ал Цэрен-Мэн-

ке – 700-ден астам шаңырақты бастап кетті. Бұл соңғысының барлық бағыныштыларының тек 40%, көпшілігі Жоңғарияда қалды. Жоғарыда аталған ханзадалардың барлығы қазақ, урянхай және моңғол тайпаларымен көршілес, Ертіс бойында көшіп-қонып жүрді. Сондықтан олар әуелі Моңғолияға қоныс аударды.

Үш Цэрен Қытайға қашқанда қарамағында 5600 шаңырақ болды. Әмірсана Қытайға көшкеннен кейін ойрат қашқындарының саны 10 мыңға жетті. Ал Цяньлун патша оларды жүздікке, ал жүздіктерді ондыққа (цзолинь) бөлді [Бао Вэньхан, 1997, 195]. Қашқындар арасындағы беделділердің өзара қатынасы өте күрделі еді. Ұлы әкесіне қарсы шығуы мүмкін. Мәселен, әкесімен бірге Қытайға қашқан Цэреннің ұлы Мэнке Балан әкесін тастап, циндерге қарсы шықты. Ол Жоңғарияда қалған 60% туысы өзін қолдайды деп үміттенгені анық. Император Лифаньюан шенеуніктерінің кеңесімен өз әскерлерінің батыс және солтүстік қосындарына қашқындарды шеберлікпен бөліп берді. Олардың бәрі өздерінің ойрат бәсекелестері мен әскери қолбасшылардың және моңғолдардың қырағы бақылауында болуға тиіс болды.

Әмірсана Бұлғын (Урунгу) өзенінің бойында, бір кездері Дабашының атақонысы болған аумаққа жақын маңға ие болды. Дабашы оған көршілес Тарбағатай алқабын беруге дайын еді. Қытай деректері бойынша, Әмірсана өз қызметі үшін Бураталадан солтүстікке қарай Алтайға дейін, яғни Моңғолиямен шекараға дейінгі жерді сұраған.

Дабашы 1753 жылы 27 қарашада таққа отырды. Ал желтоқсанда ол өзінің бұрынғы одақтасына қарсы отрядты айдап салды. Әмірсана Эмильге шегініп, Абылай сұлтанды қайтадан өз жағына тартып, одақтас етті.

### 1.4.2. Дабашының сыртқы саясаты

Дабашы өзінің қысқа мерзімді билігі кезеңінде көрші елдердің бәрімен достық қарым-қатынасты сақтауға тырысты. Ол билікке келген соң 1753 жылы қыста көрсеткен қолдауы үшін шығыс қазақтарына ризашылығын білдіріп, хат жолдап, тұтқындарды қайтаруға уәде берді. Сонымен қатар, ол өзінің билікке қайта оралғанын хабарлап, Ташкентпен де, Түркістанмен де қарым-қатынасты қалпына келтірді.

Дабашының қазақ билеушілерімен бірлесіп қандай одақ құрғаны бізге белгісіз. Бірақ біз оны бұған дейін болған оқиғалар мен бұрынғы хандардың саясатын ескере отырып, болжай аламыз. Негізі

оқиғалардың өрбу қисынына қарайтын болсақ, Дабашы Лама-Дорждан гөрі өзінің қазақ одақтастарына көбірек кепілдік беруге тиіс еді. Жоңғар хандығының тарихында алғаш рет қайта жаңғыруы елдегі күштің ішкі сапқа орналасуына ғана емес, сыртқы көмекке де тәуелді бола бастады.

Дабашы қазақтарға өз қарсыластарына шабуылдап, тонап, отандастарының малы-мүлкін иеленіп баюына мүмкіндік берді. Бірақ, әрине, өзі билікке келгенге дейін. Осыдан кейін қазақтар Жоңғарияға шабуылдамауы керек еді. Алайда олардың туыстарын тұтқыннан босатуы және Сыр бойындағы қалаларға көбірек жеңілдік беруді талап етуге құқығы болды. Осы ретте, Әмірсана мен Абылай сұлтанның байланысы анағұрлым берік болды. Әмірсананың сенімсіздігі туралы біле отырып, Дабашы оны басып алу үшін үш рет отряд жіберсе де, мақсатына жете алмады.

Әмірсана Абылай ханмен жаңа одақ құрып үлгерді. Сондықтан болар, 1754 жылы қазақ жасақтары жорық бағытын Ертістің батысына, Жайырдан Іле өзеніне дейінгі аумаққа өзгертті [Гаоцзун шилу, 695, 8].

Әмірсана Дабашыдан жеңіліс тауып, сол жылдың аяғында жоғарғы Ертістен Цин патшалығының қол астындағы Халха-Моңғолияға қашады. Әмірсана бірнеше рет императорға сұлтанды қол астына әкеп беретінін айтып уәде берді. Төрт жылдан соң Цяньлун көшпелі билеушілердің әскери одағын күйрету үшін Әмірсананың осы уәдесін Абылайға жеткізді. Ол Абылай одақты бұзбайтынына сенімді болды. Абылайға деген осынша мызғымас сенімнің неге негізделгені түсініксіз. Олар анда болуға ант берді дейді. Бірақ Абылай шын мәнінде өзінің андасын қаһарлы императордың кек алуынан құтқарды [Хафизова, 2007,16- 17].

Дабашы билікке келген жылы қазақтарға қарсы жорық жасады. Одан кейінгі екі жыл қазақтардың, әсіресе Жоңғария астанасы – Құлжаға жасаған жүйелі жорықтарынан бас көтере алмай қалды. Мұны Әмірсананың айдап салуы деп қана түсіндіруге болмайды. Қазақ шонжарларының аса маңызды экономикалық мүдделері болды. Оларға Ертістің сулы-нулы жайылымдары қажет еді. Қазақтарға шығыс пен солтүстіктен орыстың, ал жоңғарларға оңтүстіктен циндердің бодандық қамыты таяп қалған еді.

Дабашының Цин патшалығымен елшілік және сауда қатынасын орнату әрекеті де сәтсіз аяқталды. 1754 жылы жазда Дабашы Бейжіңге 200 адамнан тұратын елші жіберді. Қытай талабына сәйкес көпестерді, күзетшілерді қосқанда елші құрамының жалпы саны

осы межеден аспауы керек еді. Цяньлун билігінің 19-айының жэньу күні (1754 жылы 24 маусым) елшілердің шекараға жақындағаны туралы әскери кеңес мүшелеріне патша бұйрығымен хабарланды. Цяньлун Цин империясы мен Қалдан Серен арасында жасалған шартқа сәйкес Дабашы грамотасының жалпы мазмұны туралы, оның «салалық сауда» деп аталатын сауда байланыстарын орнату туралы ұсынысын білді. Императордың Дабашы мен Әмірсана арасындағы араздық туралы да ақпараты болды. Патшаның жоңғар істері туралы ақпараттарға жетік екені елші Дундукпен келіссөз барысында да анық аңғарылды. 24 маусымда Цяньлун Әскери кеңестің құрметті қызметкерлеріне Дабашы елшісінің жақын арада патшалыққа келетінін хабарлады. Ал сауда керуені оның соңынан келуі керек болатын. Патша Қалдан Цэреннің тікелей мұрагерлері – Цэван-Дорж Намучжар мен Лама-Доржға рұқсат етілді деген желеумен ойраттарға сауда айырбасына рұқсат бермеді [Гаоцзун шилу, 464, 8-п. айн. – 11].

Император алдағы жоңғар жорығын тоқтата алмады. Цин әскерлері өз халқын Дабашыға қарсы қанды қақтығысқа дайындап отырған ойрат ханзадалары есебінен толықтырылған кезде мүмкіндікті жіберіп алды. Цин саясаткерлерінің болжамы бойынша, Жоңғариядағы өзара тартыс ұзаққа созылып, оған қазақтардың араласуы – болашақта жерден айрылу мен өзге де болжаусыз қиындықтарға әкелуі мүмкін еді.

1754 жылы маусымда Дундук бастаған Дабашы елшілері патша күткендей Бейжіңге келді. Сарай шежіресінде Дундук елшіні 10 күн өткеннен кейін, шамамен 4 шілдеде ресми қабылдауға Министр Лифаньюан Наянтай мен солшыл шилан Юн Бао ертіп келгені айтылған. Патша Дундукқа жоңғар істері туралы естігендерін айтты. Елші жалпы алғанда, император айтқан ақпараттарды растады. Патшаның бүкіл сөзі Дабашының Лама-Дорж өлтірген Цэван-Намучжарға Тибетте ас беру ниетін естігенін, бірақ оған оның ешқандай моральдық құқығы жоқтығын айтқан наразылық сарында өрбіді. Лама-Дорж қанышер әрі озбыр, Қалдан Цэреннің мұрагерінен тақты тартып алған заңсыз билеуші. Бір кездері зымияндықпен таққа отырса да, Лама-Доржның әлі де хан баласы деген аты бар. Дабашы – заңды билеушілерге – тақ мұрагерлеріне қарсы бүлік шығарған үй қызметшілерінің бірі ғана болды. Император бір-біріне және ойраттарға қарсы сорақы қылмыс жасаған чорос әулетінің сары ілімнің таралуы мен нығаюын ойлауға ешқандай қақысы жоқ екенін атап өтті. Оның үстіне, Дабашының

бұйрығымен айдарын кескен ламалар оның жорықтарына қатысуға мәжбүр болды.

Цяньлунның мәлімдемелерінің мәні кейбір қаңғыған варварлардың Цин империясы сияқты ұлы мемлекетпен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуға батылдық танытып, аймақта буддизмді тарату мен нығайтудың жаһандық міндетін мойнына алуына байланысты болды. «Біз, император, ішкі және сыртқы (халықтарға) тең қараймыз, оларды өзіміз және өзгелер деп бөлмейміз», – деді император. Бұл халықтардың әл-ауқатына және адамгершілік қағидаттарды сақтауға бірдей қамқорлық жасауды білдірді. Елші ламалардың жалпы зайырлы өмірге бет бұрмағанын, тек діни басқарманың жекелеген өкілдерін жазалау ғана бар екенін айтты. Император ламалар туралы қауесеттердің негізсіз еместігін айтып, қарсылық білдірді. Жақша ішінде Дабашының джисайдан (монастырлары, мектептері және крепостнойлары бар дін қызметкерлері) әскерді толықтыру үшін адамдарды жіберуді талап еткенін атап өтейік. Император ханды екіжүзді деп айыптады. Өйткені ол сауда мәселесі туралы айтқысы келсе, оны біресе құлшылықпен, біресе Тибеттегі патшалық ас беру мәселелерімен байланыстырмай, тікелей жазуды сұрады. Дегенмен, аталған мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты еді. Себебі жібек пен шайды сыйға беру діни қызметтердің ажырамас бөлігі болғандықтан, олар ао ча (сөзбе-сөз – қайнату, шай тұнбалары) деп аталды. Ал ойраттар жібек, алтын-күміс құймаларын айтпағанда, шайды да Қытайдан алатын. Бұны қытайлар да жақсы білетін.

Содан кейін патша елшіден Дабашының не сұрағанын сөзбе-сөз айтып беруін өтінді. Дундук хан айтқысы келгенінің бәрін өз хатында жазды деп жауап берді. Цяньлун хатта елші өзінің құпия бұйымтайын жеткізетіні туралы айтылған деп жауап берді. Ол қашып кеткен ханзадаларды қайтаруды талап еткісі келген болар бәлкім? Дундук хан бұл туралы император елшісін жылы шыраймен қарсы алса ғана айтуды бұйырды деп жауап берді. Цяньлун тағы да ашуланып, оған жақында ғана бағынған дөрбеттік үш ханзаданың ақсүйектік жағынан Дабашыдан кем түспейтінін, оларды ешқашан, тіпті ресми түрде талап етсе де ханға бермейтінін айтты. Егер Дабашы Лама-Доржға қарсы күрес кезінде Қытайдан пана сұраса, оны да дәл солай қабылдаған болар еді. Дабашы одан көмек сұрап қанатының астына тығылмақ болған, алайда оны дөрбет Цэрен-Убашидің ұлы Даши тоқтатты. Сондықтан да Дабашы қазақтарға

бассауғалады. Дабашы оны тұтқындап, өлтірді (Цэрен-Убаши Циндер жағына өткен екінші ақсүйек ханзада екенін ескеріңіз). «Сонымен қатар, – деп жалғастырды Цяньлун, – Даваци Галданның (Қалдан Серен – К.Х.) мейіріміне немқұрайды қарады, мұрагерлік жолын үзді, заңды мұрагерлердің орнын алды. Міне сен оның қызметшісісің, ханның қайырымдылығын пайдаланасың, сен өкіништен қиналған жоқсын ба, сонда саған ұят емес пе?». Дундуктың аузына құм құйылды, тілін жұтып отырып қалды. Есін әрең жинаған Дундуктың: «Ұлы патшаның нұсқаулары жарқын сәуле сияқты, олар жарықтандырмайтын ештеңе жоқ, (олар) ең қараңғы (жан) түкпіріне жетеді. Құзырыңыздағы қызметшіңіз тағы не айта алады?» – деуге батылы әрең жетті. Патша бұған: «Біз өз жарлығымызда Давацидің хатында айтылған сұрақтарға өз бұйрықтарымызды толық және анық білдірдік. Сіз оны барған соң ханға бересіз. Бүгін біз жаңадан бодан болған дөрбет ханзадасы Цэреннің және басқалардың құрметіне қабылдау ұйымдастырамыз. Мен сені дастархан басына және театрландырылған қойылымды тамашалауға шақырамын» – деді. Дундук мұндай қорлаулар үшін алғыс айтып, (сарайдан) кетті» [Гаоцзун шилу, 464, 18- 21-п. айн].

Император елшіні өз жағына өтуге үгіттеді. Бірақ Дундук өмірінің соңына дейін Дабашыға адал болды. Олар бірге тұтқындалды, тыйым салынған қала аумағында қорлаудың ең сорақысы – патшаға ұсынылатын олжа-тұтқындардың арасында бірге болды және бірге кешірілді. Бұл оқиға Дундуктың Бейжіңге сапарынан бір жыл төрт ай өткен соң болған еді.

Император о баста қылмысты болса да Дабашыға қару кезену ойында болмағаны туралы шенеуніктеріне талай рет айтты. Кейінірек Цяньлун жоңғар жорығының сәтсіз аяқталуына байланысты, шын мәнінде, Дабашыға қарсы айыптауларының біразынан бас тартуға мәжбүр болды. Патша көптеген ойрат ханзадалары – дөрбеттер – Цэрен, Цэрен-Убаши, Цэрен-Мэнке, хойт тайпасының ханзадасы – Әмірсана, хошыт тайпасының өкілі – Банжур, жоңғарлық – Сарал және басқа да адамдардың өтінішін қабыл алғанын мәлімдеді. Дабашы Цин патшалығына қарсы ешқашан ешқандай дұшпандыққа барған жоқ. Керісінше ол патша наразылығын тудырмауға тырысты. Цин әскерінің қысымынан бойын аулақ ұстауға тырысып, қақтығысқа бармауды көздеді. Сол үшін жаушылар арқылы қолбасшыға өзінің Қызыл Туын жіберіп, ұлын кепілге беруге дайын екендігін білдірді [Златкин, 1983, 291].

Дабашы жоңғар билеушілерінің дәстүріне сәйкес ао ча рәсімін, яғни ата-бабаларына бағыну және Далай-ламаның өз билігі үшін батасын алу рәсімін өткізу үшін Тибетке діни елші жібере алмады. Ол Цинхай мен Лхасаның қасиетті ғибадатханаларына құрбандық шалу үшін тауарлар алған жоқ. Ол сондағы моңғолдарымен байланыса алмады. Мұның бәрі Жоңғар хандығын жаулап алуды жоспарлаған, хан билігі мен беделін әлсіретуге, елдегі ішкі күресті өршітуге мүдделі Цин императорының саясатына сәйкесе берді. Сондықтан Бейжің Жоңғар хандарының барлық қарсыласын, Дабашыны да, оған дейінгі екі ханды да қабылдады. Оларға Моңғолиядағы және Ганьсу түпкіріндегі жоңғар алқаптарымен шекаралас жайылымдарды бөлді. Ол Жоңғарияда болып жатқан қантөгіске адамгершілік тұрғысынан қатты өкінетін адамның кейпіне еніп, Дабашының қарсыластарын оның қолына беруден үзілді-кесілді бас тартты. Цяньлун ұлы мемлекеттің патшасы ретінде өзінің іс-әрекетін аспан астында болып жатқан барлық оқиға үшін моральдық тұрғыда өзіне жүктелген аса зор жауапкершілік деп түсіндірді. Ол «... Даваци ханның мемлекеті мен халқының бақытсыздығының, аштыққа ұшырауы мен жойылуының себептері бір-бірімен байланысты болғанымен, шын мәнінде Моғолстанның барлық сұлтандары мен нояндарының асқақтауының негіздерінен» көрді, – деді Мұхаммед Садыр Қашқари [Асар Әл-Футух, 59-п].

Дабашы өз билігін циндердің тез мойындағанын күтпеді. 1755 жылы наурызда Цин әскерінің басып кіруі ол үшін күтпеген жағдай болды. Ол қазақтардың шабуылымен айналысып жатқан [Гаоцзун шилу, 487, 20-23.]. Әскерлердің Батыс және Солтүстік қанатын моңғол қолбасшылары басқарды. Олар – жиектелген сары тулы хошунына тағайындалған Боржігіт руынан шыққан Банди және 1750 жылы Цяньлунға бағынған жоңғар тайпасынан шыққан Сарал, ол сары жиегі бар чахар хошунына тағайындалған болатын. Екеуі үшін де жорық сәтсіз аяқталды. Банди қаза тапты (сол кездегі ресми нұсқа бойынша, ол ойрат көтерілісші қоршауында қалып, өзін-өзі өлтірген), ал Сарал тұтқынға түсті, бірақ 1756 жылы қашып шықты. Ол Цин қамауында болып, ақталып шыққан соң 1759 жылы өзі қайтыс болғанға дейін циндерге қызмет етті.

Император бұйрығымен бұл екі генералдың портреттері Бейжіңдегі Бейхай император резиденциясындағы Цзыгуангэ Даңқ галереясына ілінді. Ханьдықтар арасынан Оу Жунань әскерлер жүріп өткен жолдардағы ел мен жер туралы тарихи мәліметтерді жинауға

жауапты жоғары лауазым атқарды (ол Бандимен бірге қайтыс болды). Сонымен қатар Ганьсу, Баркөл және Улястайдағы интенданттық қызмет офицерлері де жоғары лауазымда болды.

Дабашының дипломатиясы аумақтық деңгейде ғана, адам шығыны мен саяси жеңілістерге толы болса да, оның хандықты сақтау үшін жанталасқанын көрсетеді. Ол өзінің әскери жеңілісі мен мемлекеттің Цин патшасына тәуелді екенін мойындауға дайын еді. Алайда Жоңғария мәңгіге күйреді.

Қашқария әлі де Жоңғар хандығының қол астында қалды. Шығыс Түркістаннан шыққан ақтаулық ағайынды қожалар Бурхан ад-Дин мен Жаһангер Галдан-Цэрен (1745 ж. қ.б.) заманынан бері Жоңғарияда аманатта еді. Оларға Дабашының қандай байланысы бар екені бізге белгісіз. Қытай деректерінде Цин армиясы оларды 1755 жылы Құлжа тұтқынынан босатты деп жазылған. Сондықтан Дабашы ақтаулықтарға сенбеді. Бірақ Ақсу, Үш-Тұрфан, Жаркент қалаларының уәлаят хәкімдеріне сенетін еді.

Қашқар әлі Жоңғариядан бөлінуді ойламаған. Кезінде Әмірсана өзінің өкілі Нагэчты Давациге қарсы тұру үшін Шығыс Түркістанның жазиралы қалаларына жіберді. Ол үшін оларды әрі экономикалық әрі саяси тұрғыдан қызықтыруы керек еді. Дала мен қала билеушілерін жоңғарлық өзара тартысқа тарту саясаты цинге қарсы одақ үшін негіз болды. Ол Жоңғар хандығын жаулауды үш жылға шегерді.

### 1.4.3. 1755 жылғы Құлжа шайқасы

Циндердің 1755 жылы Жоңғарияға жасаған жорығы туралы мәліметтер тарихи әдебиеттерде толық берілген. Оған үш Цэреннің, Саралдың, Әмірсананың, ықпалды зайсандар мен ұйғыр билеушілері қосындарының қатысуы Дабашыға қатты соққы беруге көмектесті. Бірақ хан бұл соғысқа ешқандай қарсылық көрсетпестен тізе бүкті деп ойлау қателік болар еді.

Цяньлунның Құлжаны қансыз басып алу туралы үгіт-насихаты моңғолдар мен ойраттардың өздеріне қолдау көрсетіп, оның жоңғар істеріне «бейбітсүйгіштікпен» араласуын ақтап, ағайын арасындағы араздықты адамгершілікпен тоқтату мақсатын көздеді. Бұл жерде Қоқан ғалымы Мұхаммед Имин Садыр Қашғаридің Цин әскерлерінің хан ордасын басып алуы және Құлжа үшін шайқас туралы шығармасына жүгінген орынды. Себебі әзірге ешкім егжей-тегжейлі сипатталған басқа еңбек тапқан жоқ. Онда қосындардың

Іле өзенінен өтуі сипатталады: «...әскери қолбасшы үлкен тақтайлар мен бөренелерді дайындауды, оларды таудай атандарға артып, тоғайдан алып шығуды бұйырды. Бір сөзбен айтқанда, жауынгерлер сол маңызды істі екі-үш күнде орындады. Олар шеберлер мен нұсқаушылардың кеңесі бойынша бөренелерді мықты арқанмен бір-біріне байлап, үлкен торсықтарды (ауаға) толтырып, бөренелерге байлады. Содан кейін салдарды суға салып, екі ұшын үлкен тірекке байлады. Бәрі аяқталғанда өзен үстінде сал тізбегінен жасалған қалқыма көпір пайда болды. Қалқыма көпір арқылы жылқылар мен түйелер оңай өтті. Әскери қолбасшы Иран ханның (Богдыхан – К.Х.) бұйрығына сәйкес өзеннен өтті. Қалған әмірлер көпірден өтіп, Іле өзенінің жағасына тоқтады. Өзенінен өткеннен кейін олар асуға жақындап, Текес өзенінен өтіп, Хайхай даласына ат басын бұрды. Олар Дабачи хан лагерінен шамамен бір фарсахта (1 фарсах – 6,24 км) әскери лагерь құрды. Таңертең... барлаушылар Дабачи ханға жау келгенін хабарлады. Хан ірге көтеруге мәжбүр болып, тау етегіндегі Ұлан Қасангта ұрысқа кірді. Қытайлықтар да осы жағынан әскердің оң және сол қанатын, алғы шеп пен артқы қосындарын ретке келтірді. Бірі жоғарыдан, бірі төменнен кездескен екі жақтың шайқасы қос қапталдан бірдей жүрді. Ала таңнан басталған ұрыс қара кешке дейін жалғасты. Сәске түс Дабачи ханның басынан бақ құсы ұшқан (уақыт) болды. Аспан мен жер тұтасып, адамды адам тану мүмкін болмай, бет жүзін көру мұң болды. Ат тұяғынан ұшқан шаң бақылаушылардың көзіне кіреуке болып, жарылған тас терезенің әйнегіне // адамдарына түсіп, орны толмас зақым келді. Ол қаламаса да, үмітсіз шешіміне бола екі қолын төбесіне қойып, құла түзге безіп кетуге бел буды. Оның барар жер, басар тауы жоқ еді. Ақыра аяғында, қазіргі Ақсу деген атпен белгілі Ардабил әулетін бетке алғанымен, бәрібір тұтқынға түсті [Асар ал-Футух, 122-123-п].

Әрі қарай тарихшы Дабашы кеңесі туралы өз жақтастарымен сөйлеседі: «Даваци хан қашқанда кейбіреулер одан: «Қайда барғың келеді?» деп сұрады. Ол: «Мен Ақсу қаласына барамын. Онда әкемнің шәкірттері мен ізбасары Қожа Йусуф бауырларымен бірге тұрады. Соңғы уақыттарда Үлкен шоқжұлдыз бен Жетіқарақшы сияқты шашырап кеткен жақтастарым мен қолдаушыларым менің аман жүргенімді естіп, Үркердей ұйысып, маған қосылғанға дейін мен сол жерде бірнеше күн бойы тыныға тұрамын», – деп жауап берді.

Дабашы шайқасты тоқтату туралы ойлаған жоқ. Тек кезегін күтіп, Шығыс Түркістан шекарасында күш жинамақшы болды. Дабашыға

адал ойраттар: «...моңғолдың қорғаны – маң дала. Бізге қазақ ханы Абылайдың қолтығына кіргеннен басқа таңдау жоқ. Ұлы ханның Румға, Үндістанға немесе Синдке көш түзеуі Ақсу қаласынан әлдеқайда жақсы. Біз – құлдар, оймызға не келгенін баяндадық, ал қалғаны жоғары мәртебелінің қалауы бойынша». «Бірақ, – деп жалғастырады жазушы. – Жазымыш (сол сәтте) өтіп кеткендіктен, жанашыр кеңесшілердің жағымды сөзі ол бейбаққа ұнамады. Ол қайрымсыз кеңестен бас тартып: «Мен Қожа Йусуфке толықтай сенемін» – деді [Асар Әл-Футух, 123-124-пп.].

Цин әскери қолбасшылары Шығыс Түркістандағы ұйғыр дінбасыларынан көмек сұрауға шешім қабылдады. Олар Жоңғар тұтқынынан ағайынды қожаларды – ақтаулық Аппақ-Қожаның ұрпақтарын босатып, оларды өз жағына тартты: «... әскери қолбасшы (цзянцзюнь Банди - К.Х.) Ұлы мәртебеліден (Қожа Бурхан ад-Динді Әмірсанадан да құрметті орынға отырғызған – К. Х.) мынаны өтінді: «Хаканның атажауы Дабачи хан жеңімпаз әскерлердің қолынан қашып, Ардабилге кетті. Ол (ерте ме, кеш пе) Ұлы мәртебеленің арқасында қолға түседі. Иджан ханға жасаған қызметінің ешбірінің құны жоқ, ол бұл қызметіне өмір бойы шүкіршілік етеді [Асар ал-Футух, 123-п. айн.].

Ағайынды қожалар бұл жағдайды пайдаланып, отанына оралып, Шығыс Түркістандағы билігін Цин арқылы қайтарып алуға тырысты. Бурхан ад-Дин Дабашыны ұстау туралы ұсыныспен Қожа Йусуфқа (Хоцзис) хабаршы жіберді. Хабаршылар бір күнде үш күндік жол жүріп, Қожаға Дабашыдан бұрын жетті. Бурхан ад-Диннің талабы Үш-Тұрфан билеушісінің барлық күмәнін сейілтті. Ол қарапайым жоңғар ханының отбасының берекесін ұмытып, оны Банди қолбасшысының ордасына беруді ұйғарды.

Ағайынды қожалардың одан кейінгі тағдыры Дабашы тағдырынан да қайғылы болды. Бірақ бұл Мұхаммед Имин Садыр Моғолстан мұрагері деп санаған Жоңғар хандығының күйреу тарихының мүлде басқа парағы болатын.

Соңғы көшпелі елдің билеуші болуға талпынысы сәтсіз аяқталған Әмірсана қаңғып өлді. «Әмірсана да, өзге бектер мен нояндар да таңнан кешке дейін оңашада да, ел ішінде де Дабачи ханды жоюды ойлады. Бірақ ол шын мәнінде өз әулетін жоюды ойлаумен бірдей еді» [Асар ал-Футух, 120-п. айн.].

Даваци хан ұят пен қасірет құйылған шараны әлі де сарқып ішкен жоқ. Ол мәнжу әулетінің ақсүйек тұтқынына айналды.

## 1.4.4. Дабашының тұтқындалуы

1755 жылдың жазында Цин әскерлерінің қысымымен Дабашы Қашқарияға Үш-Тұрфанға шегінді. Ол жерде оны қожа Бек Йусуф Цин қолбасшылығына, дәлірек айтқанда оның қатыгез жауы Әмірсанаға ұстап берді. Бектің атасы бір кездері билікті Дабашының атасы – қолбасшы Цэрен-Дундобудың қолынан алған. Ал әкесі бұрынғы қамқоршысы Дабашының әкесімен дос еді. Бірақ бекті де атаққұмарлық жеңді, ол өмір бойы алақандай уәлаяттың хакімі болып қалғысы келмеді, оңтүстік Тянь-Шаньнің бүкіл қаласына билік жүргізуден дәмеленді.

Қашғар ғалымы Дабашының қалай тұтқындалғанын бүге-шігесіне дейін жазды. Йусуф Қожаның қызметшілері Дабашыны қоршап алып, оны аттан қалай түсіргендері туралы: «Оның ұлы Лубжа Нуйин не болып жатқанын байқады да, қылышын қынабынан суырып алып, оларға қарай қатыгез жыртқышша долданып, арыстандай атылды. Шабуыл жасай жүріп, моңғолша «қолыңды тарт!» деп ақырды. Жазымыштан озымыш жоқ, тағдыр өз дегенін істеді, оның батылдығынан ештеңе шықпады. Оны жан-жағынан қоршап алып, тұтқындар торына айдады» – деп жазды [Асар алФутух, л. 123 об.-124].

Манчжур ғалымы Ци Юнши да Дабашының ұлының батылдығын атап өтті: «(Цяньлун билігінің) 22-жылы Гуачжоу мен Хами әскерлерінің 500 сарбаздан тұратын мұсылман қосыны Ілеге (Құлжаға – К.Х.) жетті. Даваци Кулук шыңы арқылы Гэден (қазіргі ҚХР ШҰАР Іле – Қазақ автономиялық округінің Чжаосу уезіндегі шаня – Кетпен) сілемдерін бағындырды. Ал шекара орнатқан әскерлердің Солтүстік қанатының қолбасшысы генерал Банди оны ұстап алу үшін (Шығыс Түркістанға өтініш жасап) елші жіберді. Ал Үш қаласының ұйғыр қосынын басқарған Хоцзис бекке шатқалға шеп құруға бұйрық берді. Хоцзис (есімін қолжазба мәтініне атақты Цин ғалымы Чжан Му енгізген. Ол Ци Юншидің қолжазбасын оқып, өз түзетулерін енгізген – К.Х.) Даваци Қашқарға шегінуді ойластырғанын, өз тобын Үш (Үш-Тұрфан – К.Х) қаласынан тыс жерде жасырғанын білген соң, шарап пен (тың) аттар беріп кездесуге інісін жібереді. Шамамен, оның (Хоцзисты) қарауыл бастығы (аты-жөні) Салиғжон (Жоңғар ханымен) амандасып, оны аттан түсіруге асыға бастады. Даваци қолына садағын алып, жебесін тартып жіберді. Саличжон (садақтың) адырнасын кесіп үлгерді. Давацидің артынан жеткен ұлы Лобучжы (Саличжонның) иығына үш оқ қадап, (оны) жаралады. (Жоңғарларды)

қолға түсіріп, (жерге) құлатты. Даваци мен ұлы және (соңынан ерген) 70-тен астам адамды (бізге жіберу) үшін тұтқынға алды. Хабарды жылдам жеткізу үшін шапқыншы жіберілді. (Жоңғарларды) 500 жауынгер айдауылмен алып жүрді. (Давацидің ізіне түскен Цин жасағын) Музартта қарсы алып, оларды Цин әскерінің өкілдеріне тапсырды. (Хоцзисы) императордың ресми қабылдауына (аудиенциясына) бару үшін Ілеге жолға шықты. Оның ағасы Әбдібек (ол туралы) Жаркент пен Қашқардағы бүкіл баоциндер мен қыпшақтарға хабар берді» [Бао Вэньхан, 1997, 249-250].

Сонымен, Қоқан мен Цин дереккөздері Дабашының ұлының батылдығын ерекше атады. Ол кезде хан шамамен 32 жаста еді, ұлының қанша жаста болғанын өзіңіз шешіңіз. Қалай болғанда да, ол 15 жастан асқан жасөспірім болатын.

Мұсылман шежірешісі Қожаның әрекетін қатаң айыптайды: «Арожданға сүйеніп айтар болсақ, жоғарыда атаған әкенің (тарапынан) осынау жомарттық пен игі істердің барлығын жан-тәнімен айта отырып, Шарафаддин-Қожа Юсуф-бектен шүкіршілік пен адамшылық жолында жүруді, арамдық пен нашар (адамдарға) тән мейірімге шүкірлік етуден тыйылуды және одан бас тартуды талап етті. Алайда, өзімшілдік пен шайтани азғырулардан, қорқаудай ашкөздіктен «Жақсылыққа жақсылықтан асқан не бар»? деген адамгершілік талапты аттап, Джарандундук (Чердондук) берген тәрбиені, жұмсалған қаражатты және жасалған жақсылықтың қарызын ұмытып, тектілікке де, батылдыққа да сай келмес істі бастады. (Бұл) Тұрфан әмірлерінің қызғаншақ, діни сенімі әлсіз, опасыз адамдар болуының нәтижесі немесе өз ағаштарының жемісі: олардың құдайға сенімі мақтаныш пен өркөкіректікке негізделген: олар мұсылман сұлтандары мен дінсіз хақандар ұстанған дұрыс заңдардан бас тартты, олардың әртүрлі билеушілер мен патшалармен бірге дұрыс жол мен әртүрлі нанымсенімді ұстануға деген ұмтылысы анық болмады, бірақ олар (өздері) ризашылығы жоқ – қайырымды адам ретінде көрінді. Соңында, рақымшылық үшін ризашылық білдірмеу Тұрфан әміршілерінің өміріне әсер етті, ал тағдыр оларды теріс әрекеттері үшін жазалады...», – деп жазды жазушы [Асар ал-Футух, 124-п. айн.].

Автор Қожадан бөлек, тұрфандық Эмин қожаны да атап өтті (1777 жылы қ.б.). Ол Багнидің басшылығымен 500 тұрфандықтан құрылған әскери қосынға қосылған. Ал 1758 жылы Жаркентте бадахшандық ағайынды қожаларды ұстау бойынша жасырын операцияны басқарды.

Қожа (Ходжасы, Шараф ад-Дин Ходжа-Йусуф) сол кезде жоңғар үкімімен Үш-Тұрфан қаласының хакімі болған (қытай деректерінде – Уши). Оның ата-бабалары Тұрфанның тумалары еді [Шыңжаң лиши цыдянь, 1996, 729]. 1710-1781 жылдары өмір сүрген. Қожаның әкесі 1720 жылы жоңғарларға бағынып, қол астындағы мың сарбазымен әуелі Қарашарға (қазіргі Ян Ци), сосын Үш-Тұрфанға көшті. Енді міне хакімнің бұйрығымен жоңғардың соңғы ханы мен өзге де тұтқындар шынжырға тізбектеліп, Іле бойындағы Цин әскерлерінің штабына айдауылмен жөнелтілді. Үш айға созылған тергеуден кейін оларды Жоңғар соғысының тұтқындары мен олжаларын (трофей) тапсыру рәсімін жасау үшін Тяньаньмэнь алаңына әкеледі.

### 1.4.5. Дабашы ханның тұтқындағы өмірі мен балаларының тағдыры

Тұтқында болған жылдары туралы ақпаратты Тәуелді жерлер істері жөніндегі Палатаның мұрағатынан (Лифаньюань) Цин тарихшысы Ци Юньши алып жариялады. Әуелі жоңғар ханы мен балалары және жақтастары көпшілік алдында қорлау рәсімі – сянь фу ли-ден – тұтқындарды патшаға сотқа беруден өтті.

Бұл рәсім Цин патшаларына хань династиясының Мин әулетінің патшаларынан мұраға қалған. Ол Бейжіңдегі тыйым салынған қалада өткізіледі. Әскери жорық аяқталып, көтеріліс басылған соң, ақсүйек тұтқындар астанаға жеткізіледі. Ол жерде тұтқындар не ажал құшады, не ақталып шығады. Бұл үкім жоңғарға да, ұйғырға да, тіпті Цин патшалығының кез келген қарсыласына жасалады.

Император бұған дейін ораза ұстап, бірнеше күн дуа оқыды. Цяньлун басқарған 20-жылдың 10-айының уу күні (1755 жылы 21 қараша) император Жоңғар ханы мен ұлы Лобучжиды, туыстары мен жақындарын сотқа беру рәсімін өткізді.

Салтанатты жиында Цяньлун бұларды жазалау басқармасына бермей, Лифаньюанға, яғни Тәуелді жерлер палатасына тапсыру туралы бұйрық шығарды. Бұл бөлімнің қызметкері тізе бүгіп, жазбаша бұйрық алып, тұтқындарды шынжырға байлап, Аспан тыныштығының (Тяньаньмэнь) батыс қақпасынан шығарды. Арасында мәртебелілер мен шенеуніктер бар жүзден астам адам, Түстен кейінгі тыныштық (Умэн) қақпасынан Аспан тыныштығы қақпасына дейін тізіле тізе бүгіп, императорды және бір-бірін ұлы жеңіспен құттықтауға кірісті [Гаоцзун шилу, 499, 7 айн. - 8].

Сол жылы тамызда Дабашының әрі серігі, әрі туысы, әрі ата-жауы Әмірсана Банди бастаған Батыс қанат әскерлерінің барлық қолбасшылығын жойып, Солтүстік қанат қолбасшысы Саралды тұтқынға алды. Бірақ содан кейін Әмірсана тағы да Қазақстанға шегінуге мәжбүр болды. Жоңғарлардың 1755 жылы Циндерге қарсы сәтті басталған шапқыншылығы мүлде сәтсіз аяқталды. Мұндай жағдайда Цяньлун мен Цин патшалығының Әскери кеңесінің Дабашыға деген көзқарасы біршама жұмсарды. Бәлкім оның Әмірсана мен оған баспана беріп қана қоймай, әрі материалдық, әрі әскери көмегін аямай отырған Абылайға қарсы күресте пайдасы тиюі мүмкін.

Император Цяньлун Дабашыны мәнжу ханшайымына үйлендіріп, оған циньван (doroi efu qinwang - манж. тілі) – І дәрежелі ханзада күйеубала атағын берді. «Эфу» сөзі қытай тілінде «жегілген ат» (қазақтың «күйеу атымен күл тасы» деген сөзін еске алуға болады) деген мағына береді. Маньчжур император әулетінің күйеу балаларын, сондай-ақ үлкен әпкелерінің күйеулерін, яғни жезделерін солай атайтын. Алайда император моңғол ханзадаларына ұзатқанға дейін асырап алған ақсүйек әулеттен шыққан қыздарының күйеулерін де ресми түрде эфу деп атаған болуы мүмкін. Дабашы жоңғар хандарының отбасынан шыққан, яғни тәйжі (сұлтан – қаз. тілінде) болатын. Бұл патшаның оған кешірім жасап, атақ беру туралы Жарлығында атап көрсетілген. Алайда, оның саяси себептері басым болды. Әскери деңгейде Цин патшалығымен терезесі тең болмаса да, Дабашының бұрынғы одақтасы, кейінгі қарсыласы, циньван атағын екі рет иеленген хойт ханзадасы Әмірсана 1755 жылы күзде Цин патшалығына қарсы күрес бастады. Сондықтан да Дабашы сияқты ірі саяси қайраткер Жоңғарияны жаулау ісінде соңғы орын емес еді. Цяньлун оны тірі қалдырып, хан мен өзге жоңғарлардың жақтастарын өз жағына тартады. Ол Цин патшалығы құрамындағы болашақ Жоңғарияны құру үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Дабашы Әмірсана сияқты айлакер әрі опасыз емес еді. Мұсылман жазушысы Мұхаммед Имин Кашғари да, Цин патшасы да, қазақ шонжарлары да – бәрі оның бекзаттығын айтатын. Тұтқында болған кезде ол сөзбен де, іспен де өз беделіне нұқсан келтірмеген сияқты. Ханның өзі мен ұлдарының өмірін сақтап қалу үшін Цин билігіне берілгендігі туралы бірде-бір маңызды дерек жоқ. Бірақ оның өмірі кенеттен үзілді.

Дабашы Лифаньюанның, сарайдың, тіпті патшаның жеке бақылауында болса да, Бейжіңде қайтыс болды. Бұл Цяньлун билігінің 24-жылының 12-айынан (1760 ж. 18 қаңтар-16 ақпан) кеш болмады. Оның өлімнің себебі де, қайда жерленгені де белгісіз. Ци Юньшидің Бейжің кітапханасында сақталған қолжазбасында келтірілген император Жарлығында: «Ойрат цинван Даваци, Жоңғарияның тайжысы болған, ол тұтқынға алынып, (бізге) берілді. Біз (император) оның сыртқы вассалдарға жататынын ескере отырып, қылмыстарын кешіріп, оған атақ бердік. Біздің мейірімімізге ие болғаннан бері ол бізге жақын жерде тұрды, зейінділік көрсетті. (Ол) шынымен де адал адамдардың бірі еді. Қазір (Даваци) кенеттен қайтыс болды. (Бұл бізге) өкініш пен қайғы әкелді. Біз оның жерлеу рәсіміне мың күміс лян бөлеміз. Ал оның үлкен ұлы Лобучжаға цзюнь ван атағын алуға рұқсат береміз» [Бао Вэньхан, 1997, 221].

Бірақ тұтқын Дабашыға I дәрежелі ханзада атағы – цинь ван, ал джун ван – II дәрежелі ханзада атағы берілгені жоғарыда айтылды. Ұлына бұрынғы жоңғар хан мұрагерлерінің әрбір ұрпағы сайын олардың дәрежесін біртіндеп төмендету туралы бұйрыққа сәйкес төмен атақ берілді. Дабашы әуелі мұрагерлік құқығымен цзюнь ван атағын алса, кейін мұрагерлік құқығынсыз цинь ван дәрежесіне көтерілген еді. Император Дабашының адалдығын, оның Цин патшалығына қарсы жаулық пиғылда болмағанын атап өтті. Ол варварлардың салтына сай жоңғарлардың өзара күресіне ғана қатысты. Дабашы өзіне адал бір адамынан Әмірсананы ұстап, жазалауға көмектесуін ғана сұрады. Цин сарайы одан бұдан өзге ештеңе де таба алмады. Дабашы өз халқы мен өз жағдайын және берілген мүмкіндіктерді шынайы бағалады. Ол ауру мен уайымын ішімдікпен басуға ерте үйренді, ал бұл оның өлімін тездетті.

Біз Дабашы ұрпақтары туралы ақпаратты Ци Юншиден табамыз. 1783 жылы Лифаньюанның шенеуніктері императорға Дабашының немересі Фурн есімді ойрат ханзадасының өзге де атақ-дәрежелерімен қоса, бэйле лауазымынан айыру туралы баяндама ұсынған. Соған қатысты Цяньлун Жарлық шығарған: «Фурннің атасы – Даваци, шығу тегі бойынша (ол) ірі жоңғар тайшысы. Жоңғарияны жаулап алу кезінде ол (Даваци) тұтқынға алынып, бізге берілді. Біз (император) оған ерекше мейіріммен қарап, ханзадалық атақтар бердік (цзюнь ван және цинь ван – Чжан Му анықтамасы – К.Х.). Оның үлкен ұлы Лобучжы дәрежесі төмендетіліп, мұрагерлік цзюнь ван атағын иеленді. Бірақ ол (біздің) заңдарымызды сақтамағаны

үшін атақ-дәрежесінен айыру туралы есеп берілді. Давацидің екінші ұлы Фунаси (Фучуньси) да ханзадалық атағын бір дәреже төмендетіп, бэйл атағын алды. Бірақ немқұрайлылық пен жалқаулығы үшін және «өрескел мінезі» үшін ол осы атақтан да айырылды. Лобучжидің ұлы мұрагерлік лауазым – бацзаны алған, қызметінен кемшіліктер табылғаннан кейін біз оның дәрежесін төмендетуді қаладық. Әрине біз Даваци жоңғар тайшысының ірі мұрагері болған деп есептейміз (оның ұрпақтары атақсыз қалғаны) біз үшін де қуанышты жағдай емес. Сондықтан, мейірімділік таныта отырып, Фурнге оны төмендетпей-ақ, мұрагерлік бейзи атағын алуға бұйрық береміз» [Бао Вэньхан, 1997, 232].

Ци Юньши ризашылық білдірген жоңғар ханзадалары әулеттің адал қызметшісі болып қала береді, оған қарсы дұшпандық әрекеттер жасамайды деп санайды. Ойраттар тәуелсіздігінен айрылып, Цин патшалығының вассалды иеліктерін басқарудың жалпы жүйесіне кіріп, ішкі моңғол жасақтарының билеушілерімен теңестірілді. Цин ақпарат көздерінің мәліметтерінде, Дабашы кеуде аумағы 20 дюйм (1 дюйм – 2,54 см), беті табақтай, алып адам болған. Ол өзінің көркем келбетімен, келісті болмысымен, адалдығымен көзге түсіп, императордың маңайына нұр шашып жүретін.

Император өзіне мәнжулық шенеунік тарту еткен шапанға Дабашының портретін салуды бұйырды. д’Аттиренің қылқаламынан шыққан Дабашының портреті Берлин этнографиялық өнер мұражайында сақталған [қараңыз: Духовная культура Китая, т. с., ИК в РИ, т.3, 2005, вкладыш перед стр.421; ЭНКЭ1].

Жоңғар хандығы Азия картасынан жойылды. Бірақ оның даңқты тарихы мен ойрат ұлдарының есімдері із-түссіз жоғалған жоқ. Бізге ең құнды мәліметтер көршілес екі ұлы державадан және Орталық Азияның парсы тілді тарихнамаларындағы тарихи материалдарының арқасында жетті.

# 2. ЕКІ ДӘУЛЕТ АРАСЫНДА

## 2.1. Абылай, Уәли және Ғұбайдолла хандардың сыртқы саясаты мен дипломатиясы

### 2.1.1. Абылай қай жерде хан көтерілді?

Абылай ханның қызметі жаңа тарихи тартыстарда Қазақ хандығын сақтап қалуға бағытталды. Жоңғар хандығы картадан жойылып, Қалмақ хандығына да құрып кету қаупі төнді. Екі держава Қазақ хандығына екі бүйірден ашықтан-ашық саяси қысымы жасай бастады. Қазақ билеушілеріне ықпал жасаудағы көрші империялар арасындағы бәсекелестік те айқын көрінді. Хан солтүстік пен оңтүстік көршілер арасындағы саяси тепе-теңдікті сақтау үшін күш пен дипломатияны қатар қолдануға мәжбүр болды. Сонымен бірге, ислам әлемімен де қарым-қатынасты ушықтырмай, Орта Азия қалаларының бірін иелену идеясын да естен шығармады.

Абылай туралы аңыз көп. Бұған оның шығу тегінен бастап, өліміне дейінгі өмірбаянындағы түсініксіз беттер себеп. Ол өз өмірінің көлеңкелі жақтарын жасыруға тырысты. Сол үшін өзіне жағымды қауесеттер мен дақпырттың таралуына ықпал етті. Оның Түркістанда үш жүздің басы қосылған құрылтайда хан сайлануы, ол нақты қай жерде, қалай өткені туралы аңыздың бірнеше нұсқасы бар.

Абылайды ақ киізге отырғызып хан көтерді. Бұл оқиға оның 1771 жылы бұрынғы Жоңғар хандығының жұртына көшіп келген Еділ қалмақтарына қарсы жасаған шабуылымен тікелей байланысты болды. Осы жорықта оның жасағының жоңғарларды әлсіретіп, хандықтың қайта бас көтерместей тұралауына қосқан үлесі үшін марапат ретінде осы рәсім жасалды. Қалмақтар Цин билігінің шақыруымен ойраттардың ескі қонысына оралуға шешім қабылдады. Ертіс пен Іле өзендерінің аңғарын, Тянь-Шань, Тарбағатай және Алтай сілемдерінде бос жатқан жайылымдарды заңды-заңсыз иемденіп алған қазақтар да ойрат жұртынан дәмілі болатын.

Осы бір шүбәсіз шындықты алға тарта отырып, оны хан көтерген аймақты іздеу керек.

Қоныс аударар алдында қалмақтар Орынбор билігін шатастыру үшін көрші қазақ ауылдарымен қақтығысып қалды. Осыдан кейін қазақтардан кек аламыз деген сылтауымен Жайықтан өтіп, далаға кетті. Орынбор билігі қоныс аударғандарды қуып жетіп, кері қайтару

үшін Нұралы ханды көмекке шақырды. Бірақ Кіші жүз ханы бұл міндетті атқара алмады. Сондықтан қалмақтарды Орта жүз жеріне кірген кезде ұстап беру туралы өтініш айтып, дереу Абылай сұлтанға шабарман жіберді.

Цин императоры Цяньлун осыдан көп бұрын Абылайдан қалмақтардың Іле өзенінің төменгі ағысы мен Ертістің жоғарғы ағысына аман-есен көшіп, Цин гвардиясының алғашқы қарауылына дейін жетуіне көмектесуін өтінген болатын. Абылайдың әрекеттеріне қарағанда ол қалған қалмақтарды Ұлы жүз руларының аумағына дейін қуған. Ал олар Жетісуға ілінген бойда шабуылды тоқтатып, оларға тамақ пен сусын толы торсықтарды беруді бұйырған. Императордың бұйрығы бойынша шекара гарнизондарының командирлері қалмақтар туралы мәліметтер алу және оларға қазақтардың шабуыл жасауын болдырмау үшін офицерлерді қазақтарға барлауға жіберді.

Абылай қашанғы әдетімен, «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмеудің» амалымен бір жағынан қалмақтарға жасалған шабуылдың алдын алмаған секілді болса, екінші жағынан Цин императорының қалмақтарға қамқорлық жасау туралы өтінішін орындаған сияқты көрінді. Тарихи ақпарат өте кереғар. Ол Цин гарнизондарының аты жетпес алыс аумақтарда шегіне ұрыс салған қалмақтарға қарсы шабуылдарды қолдады деп болжауға болады. Қалмақтар үлкен шығынмен Жетісуға жеткенде, Абылай аяқ астынан оларға көмек көрсете бастады. Абылайдың өмірі мен қызметін зерттеп жүрген танымал зерттеуші К.К. Абуов Абылай хан қоныс аударуды басқарған қалмақ көсемдерінің қазақ жерінен өткенде қауіпсізсіз жүруіне ықпал ету туралы өтінішіне құлақ асты деуге бейім [Энциклопедия, 2013, 31].

Қалмақ Убашы хан мен Бамбар батыр Іле өлкесінің билігі сияқты Абылаймен үнемі байланыста болды.

Алайда оның жақтастары мен сарай ақын-жыраулары қалмақтармен болған ұрыстағы хан мен батырлардың ерлігін жырлай бастады. Бұл уақытша одақтастар, қазақ көсемдері, сарбаздар мен төленгіттер қолға түскен қалмақ олжаларына риза болып, Абылайға өзі көптен аңсаған «хан» атағын беру туралы шешім қабылдады. Басқаша айтқанда, бұл – старшындар құрған жасақты басқару ғана емес, сонымен бірге олардың толық бағынуы мен өмір сүру құқығын мойындау еді.

Кейбіреулер бұл тарихи оқиға Сарысу өзені құятын Телікөлдің жағасында (Андреев және басқа да зерттеушілер) болды дейді.

Сарысу ежелден қазақтың Үш жүзіне ортақ жер. Сонымен қатар қазақ даласы мен Жоңғар хандығы арасындағы шекара қызметін де атқарған болатын. Кейін цин билігі де солай бекітті.

Кейбіреулер Абылайдың хан сайланған жері деп Ертіске жақын маңдағы қонысты көрсетеді. Ал Абылайдың жақтастары хан көтеру рәсімі Қазақстанды біріктіретін қасиетті мекен Түркістан қаласында өткенін үнемі айтумен келеді. Абылай Екатерина патшайымға жазған хатында өзінің Үш жүздің ханы болып сайланғанын, ал хан көтеру рәсімі Түркістанда жасалғанын айтқан [КРО 1,87].

Ол кезде бұл қалада хандыққа сайлану қиын болар еді, өйткені Әбілмәмбет әулеті өздерінің заңды мұрагер ретінде хан болу құқығынан бас тартпаған болатын.

Абылайды хан көтеру салтанатына кей ақындар жырлап, кейін қазақ ғалымдары мәлімдеген кейбір батыр қатысқан жоқ. Мысалы Қаракерей Қабанбай (1770 жылы қайтыс болған), Қанжығалы Бөгенбай (1775 (?) әлде 1778 жылы қайтыс болды), Бөгенбай Көжекұлы (1759 жылы қайтыс болды), бәсентейін Малайсары (1756 жылы қайтыс болды), Шақшақ Жәнібек тархан (1752 жылы қайтыс болды), арғын Қанай (1780 жылы қайтыс болған).

Абылаймен қарым-қатынаста біраз тәжірибе жинаған Санкт-Петербург оның бұл тұжырымына толық сене алмады. Соңғы жылдары хандарды маңындағы жандайшаптары өздері ғана сайлап, ел арасында таңданыс пен шиеленіс тудырып жүр. Көп ұзамай қазақ даласындағы саяси ойындар Ресей мен Цин патшалықтарына да белгілі болды. Әрине, қос держава Абылайды тек Орта жүз ханы деп таныды, бірақ келеңсіздіктерге жол бермес үшін «қазақ ханы» деп атады. Ресей әр түрлі сылтаумен Абылайдың хандық дәрежесін мойындауды 8 жылға созды, яғни оның хандық құрған жылдарында Ресей оны хан деп мойындамады. Ал Абылай Хан патентін өмірінің соңына дейін көрмей кетті. Цин империясы Нұралы, Қайып хандардың елшілерін Абылайға тәуелді емес, дербес билеушілер ретінде қабылдады.

Қазақтың батырлық жырларында Абылай мен өзге де батырлардың қалмақ батырларымен болған шайқастардағы ерліктері жырланады. Ол XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі ерліктермен бірдей сипатталады. Сарбаздар арасында Ұлы жүздің шапрашты руынан шыққан Қашқа және т.б. батырлар туралы айтылады.

## 2.1.2. Абылай ханның ойрат туыстары

Қазақ-жоңғар қатынастары туралы аз жазылған жоқ. Әсіресе Батыс моңғолдармен болған соғыстарда ерлік көрсеткен ақсүйектер мен қарадан шыққан көсемдер жайлы көп жырланды. Бұл халықтарды көп нәрсе біріктіреді. Көшпелі өмір салты да, бір өзеннің суын ішіп, бір таудың қойнауын бірге қыстап-жайлауы да олардың бірлігін нығайта түседі. Түркі тілінің көп сөзі араласқан диалектімен сөйлейтін батыс моңғолдарды жоңғар емес, ойрат деп атаған дұрыс болар еді. Жоңғарлар төрт ірі тайпалық бірлестіктің тек біреуі ғана, онда да ең үлкені емес еді. Билеушілері чорос руынан шыққан. Халықтың этникалық құрамы бұрыннан біртекті болған жоқ. Кейбір рулардың моңғолдануы, кейбірінің түркілену үдерісі (процесі) ғасырлар бойы жүріп жатты.

XVII-XVIII ғасырларда, әсіресе ойраттар үшін қайғылы кезеңдерде Қазақ халқынан пана іздеп келген ойраттар халық санын едәуір толықтырды. Ойрат компоненті қоғамға, әлеуметтік-саяси орны мен рөлі дала билеушілерінің өміріне, сыртқы және ішкі саясатқа, ел дипломатиясына жаңа рең әкелді. Қазақ пен ойрат ақсүйектерін ғұн дәуірінен келе жатқан туыстық байланыстар біріктіреді. XIII ғасырда Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Қазақ хандарының арғы атасы атанса, Ұлы Қағанның туған інісі ойрат хандарының атасы саналды.

XVII-XVIII ғасырларда екі ел арасындағы құдандалық та үзілмеді. Ал өзара қақтығыстар мен Жоңғар хандығы күйреген кезде көптеген қазақтың ақордасы мен қараша үйінен ойрат босқындары, тұтқындар мен құлдары пана тапты.

Шығыс қоғамындағы күрделі тайпалық құрылымының туыстық байланыстарына баға беру қиын. Олардың тілдеріндегі (қытай тілінде де) туыстық қатынастардың иерархиясы өте айқын және қысқа-нұсқа. Мысалы, қазақ тілінде туыстық атауларды білдіретін көптеген жеке сөздер бар. Олар арқылы олардың қайсысы кіші, қайсысы үлкен, кім ана жағынан туыс, кім әке жағынан туыс екенін бірден аңғаруға болады және т.б. Ал орыс тілінде қосымша түсіндірулер арқылы ұғынуға тура келеді.

Таяу өткен дәуірде көшпелі рулар мен тайпалар арасындағы қарым-қатынас нақты реттеліп, әрбір жеке адамның мінез-құлық нормаларының жіктелуіне және сақталуына әсер етті. Көшпелі қоғамда әулеттер арасындағы құдалықтардың ауқымы әлдеқайда кеңейіп, қоғамдық қатынастарда әлдеқайда ықпалды болады.

«Құда – мың жылдық» ұғымы арқылы кейінгі ұрпақтың жадынан өшірілмеді. Тіпті олардың дәстүрлі ділінде айтарлықтай із қалдырды десек артық айтқандығымыз емес.

Көшпелі қазақтың билік басындағы әулеттерін түгелдей ілік-шатыс, құда-жегжат дегендей туыстық қатынастар байланыстырды. Билеушілер мен олардың мұрагерлері бәйбіше таңдауға ерекше назар аударды. «Қатын алма, қайын ал» дегенді ұстанған ақсүйектер үшін бәйбішенің басты артықшылығы – оның өзі емес, шыққан тегі мен тайпасы болды. Әрине, тоқалға да, аққолтыққа да, тіпті кішілікке де кездейсоқ үйлене салмайтыны белгілі. Бай қазақтардың көпғасырлық дәстүрге сай көп әйел алу салты бойынша ресми бәйбішесі мен тоқалдарынан бөлек күңдері, қызметші әйелдері де болған. Жорықтарда қолға түскен олжалардың қатарында болған әйелдер, барымталанған мал сияқты – ешкімнің рұқсатсыз иемденуге құқығы жоқ, заңды олжа болып саналды.

Абылай хан (1780 жылы қайтыс болды) әйелдерінің арасында, басқаларға қарағанда қалмақ (ойрат) қыздарының саны көп болды. Бұл оның жеке өміріне әсер етпеді деп айтуға болмас, себебі оның қызмет жолында әртүрлі із қалдырды. Абылайдың хан сарайы одан бұрын хан болған Әбілмәмбет сарайы мен ауылдарынан үлкен әрі этникалық саналуандығымен ерекшеленетінін атап өтуге болады. Сұлтанның ойрат әйелдерінің көпшілігін 1755-1759 жылдары қолға түскен тұтқын қыздар. Олардың арасында хан туысы – чорос тайпасының өкілдері, ақсүйектердің қыздары, іргелес хойт, дөрбет, торғыт (торғауыт) руларының қарапайым әйелдері де болуы мүмкін деп болжауға болады. Абылай өз әйелдерінің білімді әрі жауынгер туыстарын – туған балаларын да, өгей балаларын да, әкелері мен ағаларын да жоғары бағалады. Бұл туралы біз орыс және қытай тілдеріндегі аңыздар мен деректерден оқи аламыз.

1741 жылы Абылай Қалдан Цэреннің (1745 жылы қ.б.) құрметті тұтқыны болды. Бұл, шамамен, 1741 жылы ақпан-мамыр айлары аралығында болғанға ұқсайды, өйткені дәл осы уақытта қазақтың Ертіс аймағына Септен мен Лама-Доржының әскерлері шабуыл жасай бастаған болатын. Ол 1743 жылы тамыз-қыркүйек айларында тұтқыннан босатылды. Сұлтан тұтқында жүріп үйленді. Сонымен қатар әйелінің туысқаны – хойт ханзадасы Әмірсанамен анда болды. Ол кезде Абылай 30 жаста болатын, сондықтан бұл әйел бәйбішесі болды деп айта алмас едік. Бірақ орыс дереккөздері оны Абылайдың «бәйбішесі» деп атайды. Себебі ол әйелді Абылайға ойрат ханының

өзі құда түсіп әперген болатын, сондықтан оның мәртебесі бәйбіше деңгейіне көтерілді. Ал екінші жағынан, Абылайдың жеке өмірі жаугершілік пен әскери жорықтарға, Төле би мен Әбілмәмбеттің жалшылығында жүруіне байланысты дұрыс бағыт-бағдар берілмегендігі ешкімді таңқалдырмаса керек.

Орыс деректерінде және өзге де ақпарат көздері бойынша Абылайдың бәйбішесі әрі тақ мұрагерінің анасы Сайман есімді қарақалпақ әйел. Көптеген зерттеушілер Уәли сұлтан 1741 жылы туған деп көрсетеді. Бірақ ол Абылай тұтқынға түскенге дейін дүниеге келді ме, әлде 28 айдан астам уақытқа созылған тұтқында болған кезде туды ма белгісіз. Осы орайда Ғаббас сұлтанды Абылайдың тұңғышы деуге болады. Себебі оған Цяньлун патшасы «гүң» атағын берген. Бұл қазақ тағының мұрагері ретінде Ғаббасты мойындағанын білдіреді. Бірақ ол Абылайдың қай әйелінен туғаны белгісіз. Сонымен қатар біз Абылайға Қалдан Серен алып берген әйелдің аты-жөнін және одан туған балалардың кім екенін де білмейміз. Алайда, ол әйелдің әкесі туралы әртүрлі мәлімет бар. Оның есімі – Кенже сарт (Кинзя сарт) болатын. Есімі түркі, бірақ одан ештеңе түсініксіз, өйткені ойраттарда түркі және мұсылман есімдері жиі қойылатын. Кейбір деректерде Кенже сарт найман тайпасынан шыққандығы туралы айтылады. Есімінің екінші бөлігіндегі «сарт» сөзі оның ұлтының өзбектерге, қарақалпақтарға, ұйғырларға немесе тәжіктерге қатысы барын көрсету үшін тіркелген болуы мүмкін. Сол заманда сарттар деп қалада тұрып, сауда мен егіншілікпен айналысатындарды атаған. Сұлтан жас кезінде сарттардың арасында өмір сүрді. Абылайды аса жақтамайтын жақындары да оны сарт дейтін. Бұл енді басқа әңгіме.

Абылайдың қайын атасы Орта Азия халықтарының арасында өмір сүрген, олардың тұрмыс-тіршілігін бойына сіңіріп, сол өлкенің қалаларымен сауда-саттық байланыста болған. Өзін әдейі найман тайпасының қазағы ретінде танытқан оның ойрат руынан шыққанын жоққа шығаруға болмайды. Ойрат ханымен әмпәй-жәмпәй болғанына қарағанда Кенже сарт анау-мынау саудагер болмаған секілді. Қалдан Серен әрқашан Ресеймен де, Орта Азия хандықтарымен де сауда-саттыққа қолдау көрсетіп отырды. Кенже сарт Қалдан Цэреннің саяси тапсырмаларын орындап, барлық ірі саудагерлер сияқты қаржылай көмегін де аямай, қызмет көрсетті. Орта Азиядағы және орыс шекара маңындағы қалаларға баратын жол қазақ жерінің үстімен өтетін. Елшілер мен сауда керуендерінің қауіпсіздігі көбінесе транзиттік алқап билеушілерінің достық қарым-

қатынасы мен делдалдығына тікелей байланысты болды. Қалдан Серен Абылайды қонаққа шақырып отырып, мұндай адамды оның бойынан таппаққа ниеттенген. Сондай-ақ ол Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет ханға және Әбілмәмбеттің вассалдары – Барақ пен Абылайға Ресей ықпалын азайтуға ұмтылды. Абылайдың тұтқынға түсерден бір жыл бұрын өз басиесімен бірге Ресей бодандығын қабылдағанын еске түсірейік. Абылай өміріндегі осы екі оқиға оны қазақ мемлекетіндегі елеулі тұлғаға айналдырды.

Абылай араға 22 жыл салып, 1763 жылы Цин империясымен жеке уағдаластық бойынша Кенже сартты әйелдерімен, бала-шағасымен, мал-мүлкімен бірге бес түтінді Іле өңіріне шығарып салған: «... және адалдық үшін Абылай, қытай билеушіге аманат ретінде үлкен әйелінің әкесін, туысқаны, Найман руының қырғызы (қазағы) Кенже батырды жіберді. Ол Қалдан-Серен өміріндегі ыстық ықылас пен тектілікті таныған. Сондықтан Қытай иесіне Кенже үшін жылына бес жүз лян, яғни жылына мың рубль жалақы беруге уәде береді...» [ЦИКХ2, 44].

Абылай қайын атасын 1763 жылы маусымда Орыс сұлтан бастаған елшілерге ертіп, өз ордасынан қайтып бара жатқан Цин елшілерімен бірге, солардың күзетімен Цяньлунға жібереді. Бұл елшілікке Нұралы ханның және ағасы Ералы сұлтан мен Хиуа хандарының алғашқы елшілері де қосылды. Қытай аумағына жеткен кезде оларға Ауған Ахмад шахтың елшісі қосылды [«Мысль», 2013, №11, с. 39].

Бұл қазақ хандығының халықаралық қатынасындағы елеулі оқиға болды. Кенже сарт Абылайдың үлкен сеніміне ие болған тұлға, сол себепті де Шыңжаңдағы өкілі болды.

Бәлкім Іледен атшабар болып келіп-кетіп жүрген әлдебір Кенже-қара Абылайдың балдыздарының бірі болуы мүмкін. Орыстар оны бухаретин дейтін. Бұл – мұсылман, сарт, Орта Азияның немесе Қашқарияның (үлкен және кіші Бұхария) тумасы дегенді білдіреді.

Келесі жылы Шыңжаңдағы балдыздары Абылаймен байланысқа шығып, Цин губернаторымен кездесуге келмеуге кеңес берді. 1764 жылы Троицк бекінісінің бастығына: «...қалмақ жұртындағы жаңа (бекіністерде) тұратын қытай генералдары Абылай сұлтанды кездесуге шақыру үшін құпия кеңес өткізді. Сонымен қатар, қытай жеріндегі Кенже сарт балалары, яғни Абылай сұлтанның туған балдыздары, саудагер қырғыз-қайсақтардан сұлтанға қытай генералдарының шақыруына келмесін, келсе өзі де, елі де құриды деген құпия хабар айтқан. Сұлтанға бұл хабар жеткен» [КРО 1, 669].

1757 жылы Қытайдағы Абылайдың 12 адамнан тұратын елшілігінің құрамында (шын мәнінде, басшылығында) старшын Омар (Умор, Өміртай) болды. Бейжіңнен оралғаннан кейін қазақ-цин келіссөздерінің кейбір жағдайлары белгілі болды. Омар өзге елшілермен ақылдаспастан Цяньлун патшаға Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның бірнеше жыл бұрын Ресей бодандығын қабылдағанын айтты. Императордың қазақтар Ресейге қарсы шыға ала ма деген сұрағына Омар: «қырғыздардың (қазақтар – К. Х.) ешқандай жағдайда да Ресейге қарсы тұруы мүмкін емес. 30 жыл бұрын (мәтінде солай! - К.Х.) Ресей мәртебесін қабылдаған құзыретті азаматтары Ресейге өте жақын. Бірақ олардың бәрі де кішкентай адамдар, олар ұлы империялар арасындағы барлық жанжалдар мен кедергілерге жол бермеуі керек. Сондықтан богдыхан бұдан да көп талап етпеді» [ККІ, 122/1, 1758, 4-іс, 215-216-п]. (Генерал-майор Тевкелев пен коллеж кеңесшісі Рычковтың 27 тамыздағы құпия есебі. 1758 ж.).

Омардың мәлімдемесі елшіліктің өзге мүшелері үшін неге күтпеген жағдай болды? Омар бұл пікірді Абылай нұсқауымен айтты ма, әлде өз пікірі ме, оны біз тек болжай аламыз. Бірақ ол Абылай ойындағы сөзді айтқаны анық.

Елшілер Бейжіңге қазақтың әйгілілерін біріктірген 60 адамның тізімін әкелді. Тізім олардың көпшілігіне ескертілместен шекарадағы Цин әскери қолбасшыларының қысымымен жасалды. Ол Абылай мен Әбілфейіздің әскери жеңіліске ұшырауын жылдамдатып, қазақ шонжарларының әулетке толық бағынышты болғанын жариялауға асықты. Енді оның бұл ойы жүзеге аспайды. Абылай Омарды «қателегі» үшін жазаламай, оны Қытаймен дипломатиялық байланыс үшін пайдалануды жалғастыра берді.

Қытай құжаттарында Абылай сенім артқан тұлға – Омардың өмірбаяны біршама айқын беріледі.

1762 жылы Омар Дәулеткерей (Дулаткерей) сұлтан бастаған Абылай елшілерінің қатарында болды. Цяньлун патшасына жазған хатында Абылай оған хандыққа мөр беруді және Іле өлкесіне Омарды қоныстандыруға рұқсат беруді сұрады. Патшаның 30 қыркүйектегі жауап хатында: «Сіз өз хатыңызда елшіліктің бұрын Іледе өмір сүрген мүшелерінің бірі Омар туралы айтып отырсыз. Ол қайта оралып, (сол аймақта) еркін жүруге ие болғысы келеді. Біз (сіздің) өтінішіңізді орындауға шешім қабылдадық. Омарға цяньцинмэнь шивэй (сарай офицерінің ұланы) атағын мейірімділікпен тарту етеміз. Ол өз отба-

сын алып келуі үшін (Қазақстанға) уақытша оралуға рұқсат етеміз. Біз Омар мен оның інісіне жол шығыны ретінде тайтұяқ күміс береміз. Олар сізге бұл туралы хабарлауды бұйырды. Арнайы бұйрық!» [Цин Гаоцзун шилу, 668, 13–14: ПЧФС 18, 5-6 айн.].

1762 жылы 5 қазанда Омарға тайтұяқ күміс беру туралы императордың бұйрығы шықты. Алайда, Омардың қызметіне зәру болса да, оны адалдығы үшін құрметтесе де, патша күдіктен толықтай арыла алмады. Бірнеше күннен кейін 12 қазанда ол идеологиялық генерал-губернатор Агуйге Омар туралы жасырын ақпарат жинауды бұйырды: «Ол бұйырды. Біздің ресми қабылдауымызда болған Абылай елшілерінің арасында Омар есімімен белгілі бір адам болды. (Ол) Абылайдың өтінішін табыс етті. (Онда) Омардың Ілеге көшпек ниеті бары айтылады. Абылай ол үшін өтініш жасады. Біз Омардан (жекелеп) сұрадық, ол шынымен бүкіл отбасымен Ілеге қоныс аударғысы келеді. Біз оны Цяньцинмэнь шивэйге шығарып, бұл туралы Абылайға хабарлауды бұйырдық. Омар Қазақстаннан келесі жылы 3-айда кеткісі келетінін айтып, Іле генерал-губернаторынан оны алып өту үшін тиісті қызметшіні сол жерге іссапарға жіберуді сұрады. Мин Жуйге қазақ тілін білетін бірнеше ойратты таңдап алып, қажет болған жағдайда оларға Омарға баруды тапсыруды бұйырамыз.

Омардың айтуынша, ол Іледе туып өскен, туған жерін сағынған, бұндай болады. Бірақ бір сұрақ (туындайды), егер оның үлкен әпкесі Абылайға тұрмысқа шықса, ол неге қоныс аударады? Әлде Омар Ілеге қоныстанған соң, олар (қазақтар) шекараны кесіп өтіп, (біз жақта) көшіп-қонып жүруді ұйғарса, алдағы уақытта қуып шығу операциялары туралы ол алдын ала хабарлай алады деп үміттене ме? Әбден мүмкін. Алайда, бұл негізсіз болжам. Мысалы, ол (Омар) расында да (Абылайға) хабар бере алады. Ендеше Қазақстаннан (бізге) қашып келген көптеген ойраттардың әрқайсысын қадағалап, басқан ізін аңдып, сақтанып жүру керек пе? Мин Жуй біздің (күдігімізді) түсініп, жасырын әрекет етіп, (Омарды) (ешкім сезіктенбейтіндей) аңдуы керек». [Гаоцзун шилу, 669, 10-11: ПЧФС, 18, 10. - 11.].

Көп ұзамай 1762 жылы 19 желтоқсанда Іле мен Бейжің арасындағы қашықтық пен ақпарат жинау уақытын ескеріп, Агуядан ақпарат келді: «Қазақ елшілігінің мүшесі Омардың Ілеге қоныс аударғысы келуінің себебін анықтау туралы бұйрық алып, шивэй Шитунға оның таныс ойраттарына баруды бұйырдым. Олар Омардың ойрат екенін айтты. Әкесі Галдан-Цэрен кезінде қазақтарға шапқыншылық жасап, олармен үнемі жауласып келген. (Омар) Абылайдың әйелінің кіші інісі

болғандықтан, ол оның (өмірін сақтап қалу үшін) елшілік құрамына арнайы қосқан. Бұл мәліметтер Омардың жәй-жапсарын баяндаған Абылай баяндамасымен және оны (кек алудан) қорғауға деген ниетімен сәйкес келеді. Бірақ біз Омар Ілеге қайта оралған жолында қазақтар оған шабуыл жасамай ма деп күдіктеніп, қауіптенеміз. Келесі жылдың 3-айында өз адамдарымызды Омарды Ілеге әкелуге жіберуге бағыттау керек деп болжаймыз. Олар Абылайдың жіберген хатқа жауап апару сылтауымен (барады)». Есепті император тыңдады» [Гаоцзун шилу, 674, 4- 5: ПЧФС, 19, 9-10 айн.].

Өкінішке қарай, құжатта Омардың жасы және інісінің аты-жөні мен жасы көрсетілмеген.

Цин үкіметі Жоңғар хандығы жойылып, ойрат ақсүйектері аяусыз қудалағаннан кейін 5 жылдан соң барлық босқынға рақымшылық жариялап, отанына оралуға мүмкіндік берді. Оларды осы күнге дейін қазақ көшпелілері иеленіп келген бос жерлерге қоныстандыру туралы шешім қабылданды.

Ойраттар қуғынға түскен кезде көптеген қазақ шонжарлары Цин қыспағынан құтылу үшін әрі ойрат туыстары мен төлеңгіттерінің өмірін сақтап қалу үшін оларды қазақтар деп жариялап, исламға кіргізді. Бұл бір жағынан оларды өз қазақтарының кек алуынан құтқару мақсатында жасалды. Цин соты тірі қалған ойраттарға қатысты саясатын түбегейлі өзгерткен кезде, олардың кейбіреуі Циндер берген жеңілдікті пайдаланып, туған жеріне оралуға шешім қабылдады. Алдымен, қызметке қабылданғандарға ақшалай жәрдемақы берілді. Бұл көмектің көлемі қарапайым малшыларға қарағанда ақсүйектерге әлдеқайда көбірек берілді. Ойраттарды гарнизондарға, пошта мен әскери станцияларға таратып, алдарына мал салып берді. Олар уағдаластық бойынша қазақ жерінен Абылай мен Әбілфеиздің елшілері ретінде қазақ жолсеріктерінің басшылығымен өтті. Ал Батыс Моңғолия мен Шыңжаң аумағына жеткенде қазақтарды Цин отряды алмастырды.

Цин жағында болып, шайқаста қаза тапқан Меңғұлдайдың кіші інісі, ойрат тайшысы Чоноци 1768 жылы Циннің қайта оралған елшісі Наванмен бірге Бейжіңге жіберіледі. Чоноци – Абылайдың асықты жілік ұстатып, асырап алған ұлы болып жарияланды. Ол да Сарай сақшысының тауыс қауырсынды офицері дәрежесін алып, Бейжіңде қалды [Гао зонг шилу, 819, 33- 33в.]. Абылайдың оған бауыр басып, өзіне адал адам ретінде үміт артқаны анық. Патша сұлтанға оның бағып-қаққан ата-анасына барып тұруына рұқсат беруді бұйырды.

Бұл Абылайдың бір жылдан кейін өз ұлы Уәли сұлтанды Бейжіңге жіберер алдындағы болжамды қадамы болатын. Сонымен қатар сұлтанның өзі қалаған хан тағына тағы бір қадам жақындай түсуіне Цяньлун патшаның бұйрығына жауап ретінде қазақ көшпелілерінің Цин біржақты белгілеген шекара сызығынан өтіп, Тарбағатай мен Іледе қыстауына рұқсат беруіде оң әсерін тигізді. Абылайдың Ресеймен, Қоқанмен, тіпті қырғыздармен қарым-қатынасынада да ойрат туыстары араласып отырды.

1764 жылы Орынбор губерниялық кеңсесінің аудармашысы Яков Гуляев шетелдік экспедиция кезінде генерал-губернаторға елшілерді және Абылайдың II Екатеринаға арнайы жіберген Барақтың ұлдары Дайыр (Абылайдың күйеу баласы Дайыр) мен Бөкей сұлтандардың жеке парағын жеткізді. Абылай оларды «өгей ұлындай киіндіріп, өзін жоңғар қалмақ баласы етіп алып, оны Бөрі сұлтан деп атаған» және онымен бірге сегіз старшынның баласын жіберген [КРО 1, 667]. Басқаша емес, сұлтан Бөріні (Чоноци) Орынборда немесе жақын маңдағы Троицк бекінісінде тұратын аманаттарға жолдады.

1767 жылы Абылай «асыранды ұлы Бөрі сұлтанды» басшы етіп 300 сарбазды Қоқан бегі Ерден бидің әскеріне қарсы «тамырын басып келуге» барлауға жіберді, бірақ жолда оны Әбілрахманның жақтаушылары ұстап алды. Ол отрядты екі ай бойы ұстап, барлығын «бір тал шашына да тимей» қайтарды [КРО 1, 685].

ҚОҚ Құжаттар жинағындағы есімдер көрсеткішін құрастырушылар Абылайдың асырап алған ұлын басқа Бөрі сұлтанмен – Абылайдың күйеу баласы, Батыр ханның ұлымен шатастырады. Екінші Бөрі аз уақыт Қарақалпақтарға хан болып, артынан солардың қолынан қаза тапқаны туралы хабар орыстарға бір жыл бұрын – 1763 жылы наурызда жеткен болатын [КРО 1,643- 644].

Абылай сұлтанның Санкт-Петербургке жіберген елшілерінің арасында тағы бір ойрат болған. Оның аты – Байыр еді. Ол туралы 1760 жылдың басындағы деректерде кездеседі. 1760 жылдың қаңтарында Орынбор гарнизонының Пенза жаяу әскер полкінің лейтенанты князь Иван Ураков пен Орынбор губерниялық кеңсесінің татар тілмашы Яков Гуляев Абылай сұлтанның ордасынан «жоңғар қалмақ туыстарын – Абылай сұлтанның әйелінің екі ағасы Юлбулда мен Баирді» көрген, олар әрқашан Абылай жанында болған...» [МОЦА 2, 153].

Бұл нояндар сұлтанның аудармашы төлеңгіттері ретінде тұрды. Хан Талас өзенінің жағасында өлер алдында оған адал төлеңгіттер жанында болғаны белгілі. Олардың көбі түрікмендер мен ой-

раттар болатын. Кейбіреулері Абылайдың анасы түрікмен күңі болған деседі. Жас кезіндегі далабезерлігі, сардарлығы, жоңғар тұтқынында болуы сияқты маңызды оқиғалар Абылай мінезіндегі кейбір демократиялық көзқарасқа, қиындыққа төзімділігі мен діни ұстанымдарының шыңдалуына себепкер болды.

Абылайдың дәуірлеп тұрған кезінде хойт тайпасынан шыққан ойрат әміршісі Әмірсана оның інісі болды. Олар кейінірек – Лама-Доржның қарсыласы Дабашымен бірге 1754 жылы Әмірсананың алғаш рет Қазақстанға қашып келген кезінде де анда болған еді.

Ақсүйектердің, әсіресе ойрат билеушісінің отбасы мүшелерінің бассауғалауы Абылай ханның жоспары мен көмегінің арқасында сәтті жүзеге асқан болатын. Қазақ сұлтаны мен одан бір мүшел жас кіші ойрат тайшысының тағдырында жұмбақ көп. Олар XVIII ғасырдағы еуропалық рыцарьлар мен атақты авантюристерге тән ерекше шешімдер қабылдауға және шытырман оқиғаларға деген құштарлық, билікке деген талпыныспен байланысты болды. Бір ғажабы, тағдырдың тәлкегіне, бұралаң соқпағына қарамастан Әмірсана Абылайдың өз антына адалдығынан еш тайынбайтынына сенімді болған. Бұл сенім неге негізделгені бізге беймәлім. Ал олардың қарым-қатынасы қандай болса да, Абылай Әмірсананы паналатуға дайын жалғыз ел – Ресейге ат басын бұруға рұқсат бергені рас. Ол қанша қиын жағдай болса да, осы үшін Цинмен соңына дейін күресуге дайын еді. Ал оған дейін сұлтан Әмірсананы үш жыл бойы үйінде жасырып, моральдық және материалдық жағынан қолдау көрсетті. Тіпті оны аман сақтап қалу үшін оны Қалдан Цэреннің қызынан туған жиені, қос цин атағының иегері – текті ханзада (цинван) деп қауесет те таратқан еді. Жеңіліске ұшырап, өміріне, халқының тәуелсіздігіне қауіп төнген Абылай құдіретті Цяньлунға көшпелілердің ежелгі дәстүрі бойынша «қырғидан қашып, бұта түбін паналаймын деп торға түскен торғайды босатуды» өтінеді.

Халықаралық байланысты нығайтқан Абылай ордасында татар, ортаазиялық молдалармен қатар қытай тілінен үнемі «қалмақ диалектісіне» аударатын «жоңғарлар» мен қазақ және ұйғыр аудармашылар болды. Тибет медицинасының емші-ламалары онымен бірге өмір сүрді. Кейбір хатшылар мен аудармашыларды цин Қытайдың, патшалық Ресейдің, сондай-ақ Бұхара мен Қоқан хандықтарының шекара бөлімдері жіберетін. Абылай мен ұлдарының сарайында есімі қазақ ойрат төлеңгіттері қызмет етті. Олар бұйрық орындауда өте шебер болды. Үкімет елшісі Г.Лилингрейннің 1779 жылғы журна-

лында қалмақтар, керейлер, ағайынды қырғыз және Көкша батыр, т.б. болғаны жазылған. Олар орыс көпестерін қамшының астына алып, тауарларын тартып алған. Ықпалды старшын Кулебаки мен жиенін пышақпен қорқытқан [4, 96-98].

1763 жылы наурыз айында III Петр патшаның таққа отыруына байланысты Санкт-Петербургке Абылайдың қайынағасы Байыр мен немере ағасы Сұлтанмәмет сұлтанның ұлы (Сұлтан-Мұхаммед) Орыс сұлтан бастаған 5 адамнан тұратын сұлтан елшісі барды. Олардың сапары шамамен бір жылға созылды. Бұл жерде Байырдың «туада қазақ емес, хойт тектес жоңғар нояндарынан шыққаны және қазақтарға қашып бара жатып ислам дінін қабылдағандықтан Абылай оның қарындасына үйленіп, сонымен қалғаны» айтылады [ККІ, 1762-1763, 122/1-тіз., 9-іс, 49-п. айн.].

Негізгі астанада Абылай елшілерімен бірге болған елші Нұралы, Жәнібек пен Байыр жас Орыс сұлтанды Сыртқы істер алқасының шенеуніктерімен хаттамалық сипаттағы жанжалдан бірнеше рет алып шықты. Бұл мекемеде Мәскеудің бұрынғы «татаршыл» приказынан ештеңе қалмады. Сондықтан олар: «Бұл сұлтандар өздерінің барлық іс-әрекеті мен әңгімелері арқылы бұрын-соңды болмаған варварлар екенін көрсетті», – деп қорытындылады.

Көп ұзамай Екатеринаның таққа отыруына байланысты орыс үкіметі қазақ елшілері мен старшындарына: Байырға алтын, Орыс сұлтанға күміс медаль берді. Марапаттар Абылай сұлтанның ордасында берілді. Ойрат туыстарының Қазақ хандығының елшілік байланыстарын дамытуға қосқан үлесі Абылай сұлтанның және екі ұлы держава – Ресей мен Цин империясының халықаралық мойындауына ие болды. Олардың кейбіреулері Қазақстанда қалып, қазақ халқына қосылып, өздерінің шағын болыстарын (ауылдарын) құрады.

## 2.1.3. Абылай өлімінің құпиясы

Абылай хан осыдан небары екі ғасыр бұрын ғана өмір сүрген. Бірақ өмірінің көптеген кезеңі әлі күнге дейін беймәлім. Оның қызметін көптілді құжаттар негізінде неғұрлым көп зерттесеңіз, соғұрлым жауап беру қиынға соғатын сұрақтар туындайды. Сонымен қатар, зерттеген сайын жаңа құпия қосыла береді. Мен өзім үшін «Абылай ханның қырық жылда шешілмеген 40 жұмбағы» деген тақырып қойып, сұрақтардың жауабын іздейтін жұмыс тізімін жасадым. Қолыңызға

тиіп отырған еңбек арқылы мен Қазақстан тарихындағы осы әрі дара, әрі қарама-қайшы тұлғаның қайтыс болу құпиясына ғана тоқталып, оқырмандар талқысына өз нұсқамды ұсынуды жөн көрдім.

Абылайдың қайтыс болуы да оның тууы секілді, құпияға толы, аңызға айналып кеткен. Қазақ тарих ғылымында Абылайдың қайтыс болуының нақты күні мен мән-жайы соңына дейін әлі егжей-тегжейлі анықталған жоқ. Ғалымдар өз тұжырымдарында көбінесе, оның ұлы әрі мұрагері Уәли сұлтанның әкесінің сырқаты мен қайтыс болғаны туралы патшалық Ресей мен Цин империясының шекара билігіне жасаған ресми хабарламаларына ғана сүйенеді. Тарихшылар ханның қайтыс болған күнін державалардың билігі осы хабар жазылған құжатты алған және аударған күн негізінде есептеп шығаруы керек. Бұл жерде, бір қарағанда, болмашы сәйкессіздіктер мен олқылықтар секілді көрінгенімен, көптеген ақпарат берушілердің ашық өтірігі алаңдатады. Бұл неден туындады? Абылай өмірінің соңғы жылдарындағы қызметі мен жазысқан хаттарына да мұқият талдау жасаған жөн. Сондай-ақ хандықтың ішкі және сыртқы істеріне айқындық енгізу керек. Бірінші кезекте:

1. Абылай қайтыс болардан 5 жыл бұрынғы сыртқы саяси қызметіне шолу жасау;
2. Оның ықпалды қазақ сұлтандарымен және старшындарымен қарым-қатынасын анықтау;
3. 70 жастағы Абылайдың қысқа мерзімді, бірақ оқиғаларға бай хандығының соңындағы физикалық және психологиялық жай-күйін түсіну;
4. Оның қайтыс болған уақыты мен орны.

Көпшілігі Абылай қырғыздарға қарсы жорыққа аттанған кезде қайтыс болды деп жазады. Оның қырғыздармен қақтығысының шырқау шегі 1765-1769 және 1774-1777 жылдарға келеді. Бұл туралы қытай деректерінде жазылды. Өйткені оқиға Іле генерал-губернаторының көз алдында өрбіді. Бірақ хан 1778-1779 жылдары осындай жорыққа шыға алды ма?

1775 жылы ханды көзімен көрген капитан Брехов: «Абылайдың жасы біршамаға келіп қалған, менің байқауым бойынша жетпістен асқан сияқты, бірақ әлі денсаулығы жақсы, бойы биік емес» деп жазады [ЦИКХ 2, 97].

Бірақ екі жылдан кейін хан жасының келгенін, сырқат меңдегенін айтады. Орынбор мұны ант беруге келуден жалтарған бос сылтау деп санады. Егер Абылай іс жүзінде жорықты басқара алмаса, онда

неге Көкшетаудағы ордасынан едәуір қашықтықта қаза болды? Ол қаласа Ташкентке тамыр жайған жақтасы Әбілфейіз сұлтанды немесе қолбасшылықтан құралақан емес ұлы Шыңғысты жорыққа жібере алатын еді. Сонымен хан нақты қай жерде қайтыс болды?

Уәли сұлтанның 22 мамырда Сібір корпусының командир бөліміне жазған хатында: «...әкем жорықта жүргенде жабысқан аурудан 69 жасында қайтыс болды» деп жазылған [ЭНКПЭ, 290]. Бұл бірінші хабар еді және ол жаңалық орыс эмиссарларынан емес мұрагерден алынды. «Жорықта» сөзін сөзбе-сөз әскери жорық ретінде түсінуге болмайды. Адамның үйден тыс, басқа жерде, яғни бір жерге бара жатқанын білдіреді. Орынбор, әрине, алыста болғандықтан Уәлиден келген хабар бір айдан кейін жетті. Сонымен қатар, Абылайдың соңғы елшілігінің құрамында Санкт-Петербургке барған старшындар – Төлек (Тюляк) мырза мен Тәуекел молдадан хат келді [ЭНКПЭ 2, 291].

Бұл хатта да, Уәлидің Екатерина патшайымға жазған хатында да ханның қай жерде қайтыс болғаны туралы сөз жоқ. Патшайымының Орта жүз сұлтандары мен старшындарына арналған грамотасында Абылай Ташкент қаласында қайтыс болды деп жазылған [КРО 2, 104].

Басқа да нұсқалар бар, олардың ең көмескі тұсы – Ташкент, яғни Жетісу, Ташкент және Түркістан уәлаяттарының қазақ және қырғыз аумақтарының бір бөлігі. Көпестер Абылайдың өткен сәуірде Түркістан қаласында болғанын, одан кейін «Түркістаннан шығып, Ташкент қаласынан алты күндік жерде орналасқан ...» айтқан [КРО 2, 102].

Бұл ақпарат 1780 жылы жаздың басында жазылып алынған және қай жылдың сәуір айы туралы айтылғаны белгісіз. Ал Ташкент сөзінен кейін құжатта көпнүкте қойылған. Жердің атауы бар келесі сөз оқылмауы мүмкін, бірақ ол Ташкенттен алты күндік қашықтықта орналасқан. Менің ойымша, бұл Түркістанға жақын орналасқан шатқалдың бірі немесе кент туралы айтылған. Мысалы, 1765 жылы Сұлтан Цин патшасынан Пскентті қоршауға алуға әскер сұрады (шамамен. Ташкенттен 60 км.) [ЦИКХ 2, 74].

Абылай Қазақ хандығының саяси және экономикалық өміріндегі қалалардың маңыздылығын түсінді. Оны Орта жүздің ең ықпалды сұлтаны Әбілфейіз қолдап, інісі Болатпен бірге Түркістанды биледі. Бірақ Абылай қаланы немесе оның бір бөлігін өз иелігіне алғысы келді. Сондай-ақ, Абылай 1779 жылы Талас пен Шу өзендерінің арасындағы шатқалда біраз уақыт тұрып, Таласқа жақын жерде егіншілікпен айналысты. Оның жанында ұлы Әділ болған. Ол үйсіндерге одан да бұрын жіберілген еді, әкесінің жоспары бойынша

үйсіндерді билеуге тиіс болатын. Рүстем сұлтан әкесінің орналасатын жері туралы Әбілмәмбеттің ұлы Болат сұлтанмен және басқалармен келіссөз жүргізу үшін Жетісудың батысына қарай бет алды.

Ханды улап өлтірген болуы мүмкін деген пікірлер айтылды. Оның қырғыз, Қоқан және Ташкент феодалдарының арасында дұшпандары бар еді. Сібір билігімен қарым-қатынас орнатылмады. Бұл оның 10 жылдан астам уақыт бойы күнделікті істеріне қатысты болды. Ханның өлімін оған ауыр тиген тағы бір оқиға тездеткен сияқты. Бұл – оның ет жақындарының, адал жақтастарының хандықтың орталығында бөлінуі еді. Әсіресе 1778-1779 жылдары анық байқалды. Бірақ екінші жағынан, халықаралық алаңдағы істер соншалықты жаман болған жоқ. Ханға Орынбор, Тобыл, Омбы, Троицк, Петропавл, Семей бекіністерінің, Сібір шекара бойы қолбасшыларының, сондай-ақ Бейжің, Құлжа және Шәуешектің (Чугучак) азаматтық және әскери өкілдері үнемі келіп тұратын.

1778 жылы Санкт-Петербургте, ал 1779 жылы Бейжіңде оның елші боп барған ұлдары Тоғым мен Сыздықты «ең жақсы адамдар» қабылдады. Державалармен дипломатиялық байланыс ханның қазақ билеушілері арасындағы беделін нығайтты. Ол бұл артықшылығын басқа рулар арасында өз билігін нығайту үшін жиі асыра пайдаланды. Әскери жоспарларды орындау үшін әскерлер, қару-жарақ, оқ-дәрілер мен зеңбіректер қажет болды. Шекара командирлеріне және одан жоғары генерал-губернаторларға жазған хаттарында ол әскер жіберу туралы жасырын өтініш білдіретін. Мемлекеттердің өз уақытында жалдамалы әскер қолдануы қалыпты жағдай болды. Сібір корпусының жаңадан тағайындалған әрбір қолбасшысына хан құттықтау жолдап, ат беріп, өтінішін қайта бастайтын. 1772 жылы ол былай деп жазды: «Осы арқылы мен сіздердің жоғары мәртебеліңізге бұрынғы шекара бойындағы генералдардан және Қытай шекарасынан қандай да бір халық маған реніш білдіріп, қысым жасаса, көмекке он мың әскер беруді талап еткенімді хабарлаймын. Бірақ менің ол өтінішіме олар қандай да зәбір немесе реніш болса ғана көмек беруге уәде берді. Алайда, менің бұл талабым ешқашан орындалған жоқ және ешкім ренжген жоқ. Ал қазір Тобыл өзенінің бойымен жүрген қырғыздар маған бағынышты қырғыздарды ренжітіп, Ресей жағынан да адамдарды тұтқынға алып жатыр. Тіпті күшпен тартып алып, малды айдап әкетеді. Мен өз бағыныштыларыммен бірге оларға тоқтау сала алмағандықтан Сіздің Жоғары мәртебеліңізден көмек сұрап хатты жібердім...». Сонымен қатар ол хатында шекарадағы

зұлымдар мен тыныштықты бұзушыларды қарауылға алып, «қатаң жазалауды» ұсынды [ЭНКПЭ 1, 329]. Шын мәнінде, Абылай ұсынысы орыс билігінің мүддесіне жауап берді, себебі шекарада тыныштық болғаны оларға да тиімді еді. Шекара тәртібін қазақтардан басқа Еділден көшкен қалмақтар, Пугачев көтерілісінің алдында және оның кезінде башқұрттар бұзды. Өкінішке қарай, біздің қолымызда патшалықтың құзыретіндегі азаматтарын қорғау туралы хаттамалық сипаттағы жалпы мәлімдемелерден басқа нақты әскер беруге уәде етілген орыс құжаттары жоқ. Абылай шекара командирлерінің кейбір уәделерін номиналды түрде қабылдағанды жөн көрді. Сонымен бірге ол әскери көмек туралы жазбаша растау алғысы келеді.

1778 жылдың көктемінде ол Сібір жеке корпусының қолбасшысы генерал-майор Н.Ж. Огаревке былай деп жазды: «Неліктен, жоғары мәртебелі мырза менің жоғарыда аталған жиенім Дәулеткерей сұлтанмен сөйлесуді жөн көрді? Олар маған бұйрық беруге уәде берді, бірақ қазір оның қажеті жоқ. Егер керек болса өзім-ақ талап етемін. Ал маған уәде еткен команда туралы кішіпейілділікпен жазбаша бұйрық беруіңізді сұраймын. Бұл ауызша болуы мүмкін емес, мен бұл туралы дереу хабарлауыңызды сұраймын» [ЭНКПЭ 1 ,351352].

Ащы тәжірибеден сабақ алған көшпелі билеушілер орыс билігінің бұйрықтарын «жазбаша түрде» сұрай бастады. Абылай қазақтардың барымтасына байланысты және олардың Қазақстан арқылы өтіп жатқан қалмақтарға шабуыл жасауының алдын алу үшін Цин тарапына да дәл осындай дәлелдер келтірді. Мүмкін, Цин тарапы оған қандай да бір шарттарда әскери қолдау көрсетуге уәде берген болар. Алайда, Абылайдың сол жылы Рейнсдорпқа айтқан мәлімдемесіне сену екіталай: «Мен қытайлық богдыханмен осындай бағытта шарт жасадым: егер тараптар және қандай да бір билеуші бізге дұшпандық немесе менмендік жасаса, онда оған қарсы тұрамыз. Мен одан, богдыханнан, күш талап етер болсам, ол менің өтінішім бойынша кем дегенде он мыңнан жиырма мыңға дейін әскер береді. Сонымен, мен Қытай тарапынан әскерді қай уақытта талап ететініме қарамастан, олар әрқашан дайын» [ЦИКХ 2, 8889].

Шын мәнінде, қытайлық құжаттардың мәліметінше ханның мұндай өтініштеріне ең жоғары деңгейде бас тартылғаны белгілі. Екі қуатты көрші патшалық билеушілерінің оны сөзсіз қолдағаны туралы мәлімдемелер Абылайға ішкі есебі үшін, Орта Азиядағы өзге халықтарды сескендіру үшін, тіпті өзінен әлдеқайда текті, тақ мұрагері болуға әбден лайық сұлтандар алдында өз беделін

көтеру үшін қажет болды. Абылай екі жақпен байланыс барысында дипломатиялық тәжірибе жинап, оны өмір бойы қолданды. Бұл өнер оған қазақ ақсүйектерінің арасында уақытша артықшылық беріп, Еділ қалмақтарына қарсы «Шаңды жорық» кезінде оның хан болып сайлануына көмектесті.

Оның үстіне, хан кейде оның бұрынғы сөздеріне қайшы келетін дәлелдер келтіреді. Ол қаланы басып алу үшін оған әскер керек деп жазады да, көп ұзамай оның қалаларды алуға ниеті жоқ екенін айтады. Ол үшін ең бастысы – екі мемлекеттен әскери көмек туралы уәде етілген құжат алу, егер ол болмаса, онда көрші мемлекеттердің мөрлері бар кез келген хат қолданылды. Сөзін көрсету үшін өзімен бірге тұтқынға түскен орысты солдат киімімен алып жүруге және басқа айла-амалдарға баруға болады. Бүкіл қырғыз жорығында және 1778 жылға дейін ол өзінің әскери шараларын Цин империясы мен Ресей билігі қолдайтыны туралы қауесет таратты.

Бұрын да Абылай өз билігінің қиын сәттерінде бірнеше рет орыс (1771, 1775, 1778 жылдары) және Цин (1765, 1778, 1779 жылдары) биліктерінен уақытша барлық құрал-жабдығымен, қару-жарағымен, зеңбірегімен әскери жасақ беруді өтініп, әскери көмек сұраған. Демек, жалдамалы әскерлерді Ресей мен Қытайға қарсы қоя алмайды, тек Азияның өзге халықтары мен ішкі жауға доңайбат жасауға болады. Ол 1771 жылы сол кезде Цин империясының қарамағындағы бұрынғы жоңғар жеріне қоныс аударған қалмақтардың жолын бөгеу үшін орыстан әскери көмек сұрады [ЭНКПЭ 1, 329]. Он немесе одан да аз күнге «мың адам немесе төрт жүз, кем дегенде үш жүз, тым болмаса екі жүз сарбаз беруді» сұрады [ЭНКПЭ 1, 329-330].

Орынбормен 4 жыл хат алмасқаннан кейін, 1776 жылы хан оған тағы да әскер беру туралы сөз қозғады. 1779 жылы ол өтінішін II Екатерина патшайымы мен Цяньлун императорына жазған хатында қайталады.

Цин кезінде ол Қоқан мен Ташкентке қарсы көмек сұрады. Хан Оңтүстік Қазақстандағы егістік жерлерді иемденуге, жеке егіншілікті дамытуға және Ташкент базарларына қол жеткізуге, осы қаладағы сауда операцияларынан тұрақты пайда алуға ұмтылды. Тұтастай алғанда, оның жоспарлары мемлекеттің мүддесіне сай келді, бірақ Жетісуда олар Қоқан хандығы мен қырғыздардың мүдделеріне қарсы келді.

Абылай да, жасақтары да державалардың өтініші бойынша солар жағында болды. 1771 жылы ол Орынбормен келісіп Еділден қашқан

қалмақтарды қуса, оған дейін ойраттар мен ұйғырларға қарсы соғысты. Әскери көмектің басты шарты барлық олжаны – әйелдерді, балаларды, ерлерді (құлдарды), сондай-ақ мүлікті – малды, киіз үйді, қару-жарақты иемдену болды. Сондықтан хан өзін осы екі мемлекеттен қарулы әскер сұрауға құқылымын деп санады. Шетелдік әскердің көмегімен өз халқын қырғынға ұшыратты деген сөзден қорқып, 1778 жылы ол жасақтардың жартысын башқұрттардан, татарлардан құрауды сұрады.

Абылай 1778 жылға дейін билік регалиясын алмай, de facto басқарған. Ендеше неге нақты сол жылы ол кенет Ресейден хан дәрежесін алуға құштар бола қалды? Дәл осы кезде ол өз вассалдарының көз алдында сенімнен айырылып, қонысын тастап кетуге мәжбүр болды. Бірақ ол ұлын өз орнына қалдыруға тырысты. Сонымен бірге жауларымен күресуге деген үмітін жоғалтпады, бірақ оны тек төлеңгіттердің ғана күшімен жасай алмады. Ол тіпті көп әскер де жинай алған жоқ. Өйткені ол қосындар адал старшындар мен батырлар сарбаздарының көмегімен уақытша ғана жасақталатын еді. Сондықтан әскер мен қару-жарақ үшін екі державаның үкіметтеріне қайта-қайта хат жолдайтын.

Абылай әдетте бір-екі мақсатпен (өтініш-талаппен) өте қысқа жолдаулар жазған. Сондықтан, ол әуелгіде II Екатеринаның атына қысқа ғана хат жазып, тек екі өтінішін орындауды сұрады. Біріншісі және ең маңыздысы – ұлдарының бірін сарай қызметкері ретінде қабылдау туралы болды. Ал екіншісі – «патшалық дәрегейінде Абылай ханды билеуші ретінде тану» еді [КРО 2, 95].

Ал оның басқа ұзақ мазмұнды хаттары білікті аудармашылар мен Орынбор шенеуніктерінің көмегімен құрастырылған. Олар хаттарды орыс елшілерімен, негізінен капитан Бреховпен, аудармашы Мендияр Бекчуринмен, Ягуда Усмановпен және басқалармен кездесу кезінде ауызша айтқан сөздерімен толтырды. Немесе өзінің шабармандары арқылы жолдады, бұндай хат алмасулар 1776-1778 жылдары екі жақтан да бұрын-соңды болмағандай көп болды. Хан Орынбор әкімшілігіне үміт артса да, Сібір әкімшілігімен де санасуға мәжбүр болды. Сонымен бірге ол Сібір бекіністерінің бүкіл шекара бойы командирлерін оларға шағым жасамайтынына сендірді. Адам мен мал ұрлығына қатысты өзара наразылықтарға байланысты олардың тартысы ауыр болатын. Петропавл бекінісінің коменданты С.В. Сумароковпен қарым-қатынасы тоқтады. Бригадир ханды ашықтан-ашық қорлайтын хаттар жазды. Абылай жауап ретінде өз

қарамағындағыларды орыс шекараларынан шетке қоныс аударту және «айырбас» үшін бекініске баруға тыйым саламын деп қорқытты [ЭНКПЭ 1,344 [.

Абылайдың Санкт-Петербургке елші жіберу туралы шаруасы Рейнсдорпқа қолайлы болды. Өйткені ол 1775 жылы Абылай ұлдарының бірін орыс сарайына жіберуді мақсат еткен еді. Бұған дейін Әбілқайыр мен Нұралы хандардың ұлдары ғана барған. Бұл қандай да бір қуйтұрқылықпен жоғары дәрежеде хан болып отырған Нұралыға Абылайды қарсы қою және Абылайдың Цин патшалығымен байланысының жолын кесу ниетінен туындады. Абылай бүкіл қазаққа хан болу патентіне қол жеткізуден бас тартқан жоқ.

1777 жылғы Мансұровқа жолдаған бірінші хатында Абылай былай деп жазады: «Мен «бір аяғы төрде, бір аяғы көрде тұрған» қария болдым, енді биыл ұлымды ұлы мәртебелі император сарайына хабаршы ретінде жіберу ниетім бар» [ЭНКПЭ 1, 343].

Алты айдан кейін ол былай деп ренішін жазады: «Айтпақшы, мен сіздің аса құрметті қызметшіңізге менің ұлы мәртебелі императордың боданы болғаныма қырық алты жыл болғанын (мәтінде солай – К. Х.) және оған ерекше құлшыныспен, жанымды салып қызмет етуге, мүмкіндігінше тұрақты әрі алдағы уақытта да қызмет етуге дайын екенімді хабарлаймын. Барлық жаман ниет жойылды. Тек ұзақ уақыттан бері маған ұлы мәртебелі императордың құтты жүзін көру бұйырмады. Менің бірде-бір елшім жіберілмейді. Не үшін, қандай кемшілігі бар екенін білу мүмкін емес. Себебі ешкімге белгісіз. Егер менен қандай да бір кемшілік болса, маған айтуды сұраймын. Өйткені менің қытайға, парсы немесе басқа билеушілерге жіберген елшілерім, мен олардың қол астында болмасам да, еркін барып қайтады. Ал Ұлы мәртебелі, мейірімді хан иеме, жоғарыда айтылғандай, менің оның боданы болсам да елшілерім ұзақ уақыттан бері жіберілмей жатыр...» [ЭНКПЭ 1, 343].

Бір қызығы, ол елшілікті өз атынан емес, өзінің Уәли сұлтан, Шыңғыс, Гумер қатарлы үш «үлкен» ұлының атынан жібереді [ЦИКХ 2, 96]. 1778 жылдың басында ІІ Екатеринаға жазған хатында ол Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хан қайтыс болған соң хан болып сайланғаны туралы хабарлайды. Сонымен бірге 1741 жылы ант бергендерден қалған көзі тірі жалғыз билеуші екенін еске салды [ЭНКПЭ 1, 359].

Орынбормен келіссөздер жүріп жатқан кезде Абылайдың Ордадағы билігі шайқалды. Арғын тайпасының ірі руларының

ықпалды старшындары мен батырлары оған бағынбай, құрметсіздік танытты. Ханның өзі ордасын тастап кетуге мәжбүр болса да, соңынан кері қайтты. Ол қысымға көнді. Өйткені Солтүстік және Шығыс Қазақстанның Ресеймен шекаралас қазақтарына билік етуден айрылу қаупі төнген болатын. Абылайдың қол астынан найманның 300 отбасы Қытай шекарасына қоныс аударды. Егер біз бір отбасына 4 адам деп есептейтін болсақ, онда шамамен 12 мың адам кетті деген сөз. Ханға наразылардың қоныс аударуы жалғасты. Осыған байланысты Цяньлун патшасы оған бағыныштыларсыз қалуы мүмкін екенін ескертті.

1778 жылы Қазақстанның солтүстігінде табиғи катаклизмдер орын алды. Қыста Қазақстанның солтүстігінде көп қар жауып, жемшөп жоқтықтан көптеген мал қырылды [ЭНКПЭ 1, 354]. Оларға басқа шығын қосылды. Қазбек би қайтыс болды. Ал оның ұрпақтары мен Абылайдың қарым-қатынасы нашарлады. Бұл Іле генерал-губернаторының 1780 жылы 1 наурызда Абылай мен старшын қаракесек (халақайсаке) Бекболаттың арасындағы жаулық қарым-қатынасы туралы Ілеге жасаған баяндамасында айқындала түседі (Цяньлун билігінің 45-жылы, 1-ай, цзячэнь күні): «Іле цзянцзюні Илату баяндады: «Қазақ ханы Абылай төте жазумен (араб ғарпімен жазылған қазақ жазуы) хат жолдады. Ол (өз істері жайлы) ұлы Сэйдекеден (Сыздықтан) де сұрады. Ол былай деді: «Өткен жазда ақалақшы (ахалакэци) отока халакесайке (қаракесек жұрты - Қ.Х.) Бекболотэ (Бекболат?) әкеммен соғысқан. Содан кейін Бекболат қасына мыңнан астам әскер ертіп келді. Әкем басын иіп, өз кінәсін мойындады, бірақ (ол) келіспейтін сияқты. Олардың үш жұртында ержүрек батырлар өте көп, біз олардың қайтадан (әскер) шығаруынан қорқамыз. Көмек алу үшін 500-600 адамнан тұратын жасақ жіберулеріңізді сұраймыз. Егер цзянцзюнь императорға өтініш білдіре алса, онда ол жеткізсін. Егер ол батылы жетпесе, онда бұл (әңгіме) аяқталды». Шенеунік бұл қазақтардың ішкі ісі деп ойлады. Біздің әскерлеріміздің араласуы ыңғайсыз. Сондықтан ол: «Сенің әкең – қазақтың ханы. Оның барлық әрекеті орынды. Егер оның қол астындағылар оған бағынбай, қарсы болса, оларды (осындай) әрекеттер үшін жазалау керек. Бүгін сіз отряд беруді сұрайсыз. Бұл заңсыз (әділ емес). Біз сізге көмек бере алмаймыз ба деп қорқамын. Бұл туралы (императорға) айту маған ыңғайсыз».

(Ол төмендегідей жазды): Илатуға жауап: «Таныстым. Бәрі дұрыс» [Гаоцзун шилу, 1099, 7].

Хат 1778 жылдан кешіктірілмей, Көкшетаудан алғаш көшкен көштің үшінші күні, бәлкім, Абылай Сыздықты Ілеге жіберген кезде жазылған болуы мүмкін. Бәлкім, Абылайдың хаты Іле және Тарбағатай биліктерімен астыртын хат алмасу үшін моңғолдың тод жазуымен жазылған болар, тіпті сол мақсатта ол ойрат хатшы ұстаған.

Абылайдың денсаулығы нашарлады. Орыс әкімшілігіне жазған хаттарында ол бірнеше рет қартайғанын айтқан. Ол «қартайғанда ұлыстарға бару үшін» арба (коляска) жіберуді сұрады [ЭНКПЭ 1, 351-352].

1779 жылдың басында ол Рейнсдорпқа қартайып, қалжырағанына байланысты оған берілген регалияларға келе алмайтынын түсіндірді: «...құрметпен сізден Петропавл қамалына жақын жерде кездесуді сұраймын. Себебі мен тек Орынборға ғана емес, Троица бекінісіне де бара алмаймын. Менің жасымда мұндай қашықтықты талап етпеуіңізді құрметпен қайталай өтінемін және бұл туралы құрметпен хабарлаймын» [ЭНКПЭ 1, 360].

Мұның бәрі оның енді жорыққа аттана алмайтынын көрсетеді. Сол жылдың жазында ол кездесуден бас тартуының себебін Сібір жеке корпусының командирі Огаревқа басқаша түсіндірді:

1. Цин патшалығының бақылауындағы шекараларға берілген 200 ақнайман отбасының ұрпағын қайтару;
2. Қырғыздарға қарсы жорыққа дайындық [ЭНКПЭ, 363].

Ханның кез келген орыс бекінісіне баруға құлықсыздығы анық байқалады, Құлыбақ батыр мұны ұсталып қалудан қорқады деп түсіндірді. Мұндай қауіп туралы оның Ресейге барған соңғы елшілері Дат батыр мен Тәуекел молда да ескерткен [КРО 2, 95].

Ауылы орыс елшілерінің Абылайға баратын жолында орналасқан Құлыбақ 1778-1779 жылдары олардың назарын Абылайдың Ресейге қарсы бағытталған іс-қимылдарына аударды. Абылай қарсыластары Ордадағы саяси оқиғаларға орыс билігінің ханды жақтай араласуынан қауіптенген болуы мүмкін. Сонымен қатар, өзін биліктен шеттеткен қарсыластарына кектенген Абылай да оларды аз-кем ықтырып қоюды көздеді [РИ ССМ , 122/1 қ., 1779- 1780.1-іс, 263-п. айн. - 264].

Одан кейін Цин үкіметінің Абылайдың Ташкентте алым-салық жинауын қолдайтындығы туралы қауесеттің жалған екені әшкереленді. Ол жерде оның сенімді өкілі Отаршының кепілге алынған ұлын қаланың ашулы тұрғындары өлтірді.

1779 жылы 14 маусымда (Цяньлун басқарған 44-жыл, 6-ай, гуйчоу күні) Іле цзянцзюны Илату Абылайдың Ташкент істері бойынша Әскери кеңеске баяндама жасады: «Өткен жылы қазақ Абылай өзінің

елшісі Отаршыны (Оутоэрци) әскери көмек сұрап, Ілеге жіберді. Ол Ташкентті бізге сыйлау үшін басып алмақшы екен. Сонымен бірге (Құранмен) ант берген парағын жіберіпті. (Абылайдың) құйтұрқы амалын түсінген Сіздің мойынсұнғыш қызметшіңіз (Ортаршыға) қайтуды бұйырды. Осы жылы қазақтар сату үшін біраз малды барымталап кетті, олардың қасында мұсылман Бабахожа болды. Әңгіме арасында (мен) одан қазақтардың соңғы жаңалықтары туралы сұрадым. (Ол) былай деді: «Өткен жылы Абылай мөрмен бекіткен қағазбен Отаршыны Ташкент жеріне (уәлаятына) жіберді. Ұлы император Ташкенттен алым-салық жинау туралы жарлық шығарып, бұл істі Абылайға тапсырғанын, оның дәлелі мөрмен бекіткен қағаз екенін айтты. Ташкент бектері әуелі келісіп, Отаршының ұлын кепілге алды. Ал (өзіне) кетуге мүмкіндік берді. Содан кейін олардың (ташкенттіктердің) жиналысы өтті. (Онда) олардың алданғаны анықталды. Ашу үстінде Отаршының баласының басын шапты. Осыдан кейін Абылай елші жібермеді».

Шамасы, Абылай өте әккі, ол (біздің) шенеунікті тұзаққа түсіргісі келеді. Ташкентте салық пен баж жинау үшін мөр басылған құжатты ташкенттіктерді алдау үшін пайдаланды. Алдыңғы амалы (ашылғанын) сезіп, жаңа құйтұрқылық (амал) ойлап табады. Ол айлакер болғандықтан, елші жіберудің жаңа себебін табады. Егер олар келсе, қызметші (оның өтініштерін) қалай қабылдамау керектігін ойлайды». (Император былай жазды: Таныстым. (Илэту) ісінің дұрыстығы туралы жарлық шығарыңыз [Гаоцзун шилу, 1084, 1-2].

1775-1778 жылдардағы оқиғаның барлығы Абылай денсаулығына нұқсан келтіргені анық. Оның жүрегі мен өкпесі дімкәс еді. Ол Орынбордан кеудені емдеуге арналған дәрі-дәрмектер – тамвутарь, құндыз ағынының тұнбасы, запыран (шафран) және «қытайша «дарувина» деп аталатын» дәрілерді жіберуді сұрады [ЭНКПЭ 1, 352].

Ресей Сыртқы істер алқасы сұлтандар мен старшындар кеңесі сайлаған қазақ ханын бекітуді аса қажетсіне қойған жоқ. Ол шекара билігіне хан сайлауға рұқсат сұраған Халық жиналысының өтінішін алуға кеңес берді. Абылай қайтыс болған соң, II Екатерина жаңа хан сайлау туралы «Орта қырғыз-қайсақ ордасының сұлтандары мен старшындарына және бүкіл халыққа» Жарлық жіберді. Онда былай делінген: «Біз, ұлы императрица, яғни, біздің адал қырғыз-қайсақ халқына мейіріміміз түсіп, оларды анархияға қалдырғымыз келмей, одан туындайтын жағымсыз әрі зиянды зардаптар мен оның күйреуіне жол бермеу үшін рақымшылықпен сіздерге – сұлтандар

мен старшындарға және бүкіл халыққа әдеттегідей сайлау өткізіп, жақсы сөзімен және парасатты мінезімен қырғыз-қайсақ халқының тыныштығы мен өркендеуін сақтап қала алатын ханды таңдауға рұқсат етеміз...» [КРО 2, 104].

1781 жылы 23 тамыздағы бұл жарлық Уәли сұлтанның әкесінің қайтыс болғаны туралы хабарламасынан кейін жазылды. Жарлықты Троица кеденінің директоры П.Чучалов Уәли ордасына жеткізген болатын.

Жыл аяғында, 30 желтоқсанда Уфа және Сібір губернаторы И.Якобиге Орынбор губернаторы князь Хавбулатовтың басқарушы қызметінен Чучаловтың екі есебімен бірге баяндамасы келді. Оның біріншісі – жаңа хан сайланғаны туралы есеп болса, екіншісі – егер мақұлданса Уәлидің Петропавл бекінісіне хандық антын қабылдау үшін келуге дайын екенідігі туралы рапорты болатын.

Осылайша, қазақ жаңа ханы Императордың рұқсатынсыз сайланды. Алдымен Петропавл бекінісіне дейінгі 250 шақырым жерден Чучаловты қуана қарсы алған Уәли жарлықпен танысып, оны тек бір рет қана қабылдағаны түсінікті. Бірақ патша үкіметі жас ханды post factum (кейіннен) мойындауға мәжбүр болды.

Оқиға Қазақ мемлекетіндегі Халық жиналысының беделі мен оның өміршеңдігін, дағдарыстық жағдайлардан шығу жолын таба білу және дипломатиялық оқиғаларды жеңе білу қабілетін анық көрсетеді.

1778 жылдың аяғы – 1799 жылдың басында Абылай ешқандай әрекетсіз тыныш жатты. Бұл – ауруына байланысты немесе ұлы үшін тақтан бас тартқан болуы мүмкін дегенді көрсетсе керек.

1799 жылы жазда Ордаға келген Ресей елшісі капитан Ж.Лилигрейнді ешкім құшақ жая қарсы алған жоқ. Ол қаншама жыл хан табандылықпен күткен орыс билігінің хандықты мойындау жайлы патентін және хан регалиясына Петропавл қамалын беруге келіскендігі туралы хатты жеткізген еді. Абылай ұлдары елшіге түсініксіз жиіркенішпен қарады. Олар әсіресе татар көпесіне өте қатал болды [КРО 2, 96-98].

Хан ұлдары өздерінің жиіркенішін шын себебін байқатпас үшін, елшілердің тезірек қайтуын қалаған болар?

Абылай 1780 жылы 2 қыркүйекте жазған соңғы хатында өткен 1779 жылы қырғыз, Ташкент, қарақалпақ істерін шешу үшін аттанғанын, алайда қазақ жұрты мен ұлыс орда шекаралас Ресей аумағында қалғаны айтылады [ЭНКПЭ 1, 366].

Бірақ бұл хатқа «Уәли – бахадур Сұлтан бен Абылай» деп оның мұрагерінің мөрі басылған. Бұл Уәлидің әкесінің атынан жазған бірінші хаты емес. Қайшылықты мәлімдемелерде олардың көзқарасы үнемі сәйкес келе бермейтін. Біз Ресей шекара әкімшілігінің құжаттарына сүйенеміз, ал олардың оқиғаларының мерзімін шатастыруға себеп көп. Бұл түсініксіздік – құжаттарды болған оқиғалардан көп кейін аударғандықтан да туындауы мүмкін. Оның үстіне, Абылай өлімі туралы баяндамаларда құпиялық белгісі болған. Қазақтардан да жасыратын нәрселер бар еді.

Соңғы көш 1779 жылдың көктемінде басталды. Бірақ бұл қайтыс болған адамды Түркістанға жерлеуге апара жатқан қаралы көш болуы мүмкін. Олай дейтініміз:

1. Өзінің тек Орта жүз ханы деп танылуына хан ешқандай мән бермеді. Ол 1772 жылы осы мәртебені иеленген кезде ғана ашуланған болатын;
2. 1779 жылы хан мәртебесін айқындайтын белгілерді алу ол үшін маңызды емес еді. Себебі ол кезде ол шын мәнінде өзін хан сайлаған рулардың билеушісі болудан бас тартқан еді;
3. Бәлкім, ол циндік Қытайға бағынбайтын, Ресейдің қолы жетпейтін аумаққа, жаңа ордаға бара жатқан болар.

Қазақстан тарихында билеушілердің қоныс аударуы туралы көптеген мысал бар. Орыс шекара билігі Абылайдың көшуі оларға қарсы наразылық білдіру емес пе дегенді анықтауға тырысты. Олардың эмиссарлары әдеттегідей Құлыбақ батырдың старшыны арқылы өтті. 1778 жылы ол Абылайдың 1000 шақырымға жуық алысқа кеткенін, бірақ Байжігіт, Сейтен (Сайтан), Бекболат (Бекболат Қазыбек бидің ұлы) және Кенжебай (Кинзебай) қатарлы атығай, қарауыл, керей, қаракесек және қашқал руларының старшындарының отряды қайтарып алып келгені туралы хабарлады [КРО 2, 94].

Бәлкім, әкесінің қарсыластары туралы Сыздық сұлтанның Іле генерал-губернаторы Илетуге айтқан ержүрек адамдары бар үш жұрт осылар болар.

Құлыбақ Абылайдың соңынан былай деп сәлем жолдағанын айтты: «Абылай хан қайта оралып, бұрынғы жағдайында қалу үшін; ал егер ол Орданың әдет-ғұрпы бойынша арнайы жіберілгенін берсе, Ресей шекарасында қалған қырғыздарға оның ешқандай билігі жүрмейтінінің белгісі ...» [КРО 2, 94].

Абылай тек хабаршы арқылы ғана емес, айдауылмен де кері қайтуға мәжбүр болған шығар. Бәлкім, оның мың адамнан тұратын

жасағы қуғыншылардан аз болған шығар. Тіпті ол жолда өзін ұнатпайтын адамдармен жолығып қалған болар. Не қылса да, Абылай Көкшетауға орала сала, ұлы Сыздықты көмек сұрап Құлжаға жіберіп үлгерді.

Жанама деректер бізге хандықта туындаған саяси дағдарысты хан мен балалары мұқият жасырған болуы мүмкін деген ой туғызады. Әйтпесе, Абылай Ташкентте үш жыл немесе жеті жыл, «тіпті өмір бойы қалуға» ниет білдірді деген қауесетті таратудың қанша қажеті бар еді [КРО 2, 96].

Ол қайтыс болғандықтан, оның мәйітін жерлеу үшін Түркістанға апарған шығар? Бірақ бұл үшін қала билеушілерінен, ең әуелі Абылай хан сайланғанда өзін айналып өтті деп есептейтін Болат сұлтанның келісімін алу керек болды.

1779 жылы жазда капитан Лилигрейн келген кезде Абылай Көкшетаудан кетіп қалған еді. Хан көктемде қоныс аударғандықтан Лилигрейн онымен кездесе алмады. Оған дәлел – капитан журналында ханмен келіссөз өткізгені туралы жазбалар жоқ.

Абылай ұлы үшін биліктен бас тартқаны туралы мәселе сол кезде (1779 жылдың басында) түпкілікті шешілген болатын.

Жаңа ханның кандидатурасын қабылдау туралы шешім, оның қазақ мемлекеті үшін маңыздылығын ескере отырып, бір топ ықпалды старшын арқылы қабылданды. Кеңеске Абылайдың ержеткен ұлдары, Әбілфейіз сұлтан мен оның ағаларының бірі және старшындар Байжігіт, Сейтен, Бекболат, Кенжебай, Құлыбақ батыр қатысқан болуы мүмкін [ЭНКПЭ 1, 285].

Абылай тұсында Сейтен батырдың дәрежесі көтеріліп, кейіннен Уәли ханның қол астында қызмет етті. Уәли сұлтан Бекболат пен Сейтен батырды жақын адамдарым деп санады [КРО 2, 103].

Абылай Бекболат биге тізе бүккен.

Бұларды 1778-1779 жылдардағы оқиғалардан әрі хабардар, әрі оған белсене қатысқаны үшін атап өттім. Бұдан басқа, олар Абылайдың дәуірлеп тұрған кезінде де оның ең жақын адамдары болды.

Байжігіт – әрі мырза, әрі батыр, әрі тархан, арғын тайпасының старшыны, Тобылда, Омбыда Абылай тапсырмасын бірнеше рет тыңғылықты орындаған, «үлкен көмекші орыс генералитетімен өте таныс» (Абылайдың хаттарынан, 1765- 1771жж.).

Белгілі Қазыбек бидің ұлы Бекболат би 1749 жылы Барақ сұлтанның қолынан қаза болған Әбілқайырдың балаларына әкесінің өліміне байланысты көңіл айту үшін Абылаймен бірге барған [6, 285].

Қытай құжаттарында Бекболатты «ақалақшы» (ахалакэци) деп атаған. Абылай оның алдында тізерлеп кешірім сұрап, ағасы Ботақанның құнын төледі.

Өкінішке қарай, Қазақстан тарихшылары хандықтың саяси құрылымындағы ақалақшы мәртебесін әлі зерттеген жоқ.

Сейтен батыр – Абылай хандығының соңғы жылдарында беделі артып, оның маңызды тапсырмаларын орындап, Уәли ханның қызметіне ауысты. Бекболат би мен Сейтен батырды Уәли сұлтан өзіне жақын тұтты [Гаоцзун шилу, 1099, 7] және ағасы Ботақанды өлтіргені үшін құн төледі.

Демек, Ордада 40-жылдардан бері адал қызмет еткен осы қадірлі адамдар Абылайдың ұлына тақты қалдыруға тырысты. Билік сабақтастығы сақталды. Абылай ханның заңды мұрагері таққа отырды. Абылайдың, Әбілмәмбеттің және Барақтың арасындағы алауыздықтың алдын алды. Саяси күрес салдары өзге тақ үміткерлерінің: Болат ханның, Дайыр сұлтанның халықаралық алаңдағы хаттары мен әрекеттерінен көрінді. Соған қарамастан Уәли державалармен байланысын қалпына келтіріп, жағдайды нығайта түсті.

Орыс және қытай шекара әкімшілігінде мықты жақтастары болғанына қарамастан Абылайдан кейінгі ең ықпалды билеуші – Әбілфейіз сұлтанның таққа отыруына биязы мінезі тежеуіш болды. Қазақ мемлекеттілігі өміршеңдігін көрсетіп, ХІХ ғасырдың бірінші ширегінің соңында Ресейдің хан билігін жойғанға дейін ұзартты. Дағдарысты еңсеруде қазақ шонжарлар съезінің немесе басқаша айтқанда, Хан кеңесінің рөлін атап өткен жөн.

Неден өлсе де, Абылай өлімі, тәуелді, бірақ егемен мемлекеттің хан билігін шайқамады. Өз ішкі мәселелері мен соғыстан арыла алмай жатқан державалар үкіметті жаңа билеушіні тез арада мойындап, онымен дипломатиялық және сауда қарым-қатынасын орнатты. Уәлидің кезінде әкесі үнемі ушықтыра беретін дипломатиялық өзекті мәселелер шешімін тапты. Уәли қарым-қатынасы ресми түрде державаларға бағынышты болғанымен, оған екі жақты бір-біріне қарсы қою қажеттілігі жойылды. Абылай ұлдары Әділ мен Рүстем, кейіннен басқа да балалары мен ұрпақтары Ұлы жүз руларының билеушілері болды. Олар Уәли ханның вассалдары болып қала берді және осылайша жарты ғасырға жуық мемлекеттің бірлігін қолдады.

## 2.2. Уәли ханның халықаралық байланыстары

Абылай ханның үлкен ұлы Уәли (1741-1821 жылдары өмір сүрген) Орта жүзге 1781-1821 жылдары хан болып, яғни 40 жыл бойы билік еткен. Мұндай ұзақ басқару Қазақстан тарихында ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінде біреу ғана. Тіпті оның билік еткен уақыты Қазақстан тарихындағы ең ұзақ билік құрған билеуші – Әбілмәмбет ханның ел басқарған уақытынан он жылға артық болды.

Уәли ханның мінезі әкесінен гөрі байсалды әрі жұмсақ еді. Ол өз үйінде қайтпас сапарға аттанды. Сұлтан әкесі секілді шамадан тыс менмендікпен, қаталдығымен, әккілігімен ерекшеленбеді. Оның мақсаты – әке жолын жалғастырып, тақты келесі ұрпаққа аман-сау жеткізіп беру болды.

Зерттеушілер Уәлидің ішкі-сыртқы саясаты мен дипломатиясына көп көңіл бөлмеді. Сондықтан да ол орта деңгейдегі адам ретінде, заман ағынымен ғана жүре беретін, болашақты болжамайтын, қалай болғанда да бастамашыл саясаткер ретінде танылмауы мүмкін. Әрине, Уәли хан әкесі сияқты даңқты тұлға болған жоқ. Абылай небары 10 жыл хан болды, бірақ ол хан болғанға дейін-ақ даңққа бөленіп қойған еді. Абылай өмірі көбінесе әскери жорықтарда өтті. Ол жоңғарларға, маньчжурларға (шуршут, чурчут), қырғыздарға, ташкенттіктерге, урянхайларға (тувалықтарға) қарсы жорықтарға жеке өзі қатысты. Абылай хан тағын қан төкпей жаулап алса да, Әбілмәмбеттің заңды мұрагерлерінің өзіне өлім әкелер дұшпанға айналуына жол бермеді. Басқа үміткерлермен салыстырғанда оның сыртқы аландағы артықшылығы taққа отыруына әбден лайық екенін көрсетті. Абылайдың тақтағы ең маңызды міндеті – билікті өз әулетіне қалдыру еді. Сол себепті де ол өз мұрагеріне алдын ала қамқорлық жасай бастады.

Уәли Абылай ханның екінші әйелі – қарақалпақ Сайман-ханымнан туған үлкен ұлы [Ерофеев, 1997, 83].

1789 жылдан бастап әкесі Ұлы жүз үйсіндерінің бір бөлігіне басшы етпек болған Әділ сұлтан – оның жалғыз інісі болатын. Ол 1815 жылы Уәли ханнан бұрын қайтыс болды. Ағайынды сұлтандар Қазақ хандығының дипломатиялық және әскери қызметіне жастайынан араласты. 1766 жылы Уәли сұлтан әкесіне Ташкентті жаулап алу үшін отряд құруға көмектесті [ҚҚІ 1762-1775. 14-іс, 271-п].

Бәлкім бұл жас сұлтанның хандыққа қызмет етудегі алғашқы қадамы болуы мүмкін. Уәли сұлтанды өз сарайында қабылдаған

Цин императоры оның мемлекет басқару ісінде әкесіне лайықты көмекші бола білгенін ерекше атап өтті. Уәли билік еткен жылдары қырғыздармен бірлі-жарым қақтығысқа түскені болмаса, басқа әскери ірі жорық жасаған жоқ. Сондықтан да шайқастарда асқан батылдықпен ерекшеленбеді. Ол әдетте жорыққа бауырларын жіберетін. Уәлидің бәсекелестеріне оны тақтан тайдыру туралы ой келмеген сияқты. Ал Әбілмәмбет хан әулетінің сұлтандары мен ұрпақтары – Болат пен Әбілфейіз аз уақыт жігерлі қарсылық көрсеткенімен, Уәли билігіне мойынсұнды. Алайда, бұл Уәлидің саяси шиеленістерден аулақ, бәсекелестерден ада болды дегенді білдірмейді. Абылай ханның кенеттен келген жұмбақ өлімінен кейін Әбілмәмбет ұрпақтары қазақ хандығының тізгінін өздері ұстауға тырысты. Хандыққа үміткерлер арасында Әбілмәмбеттің үлкен ұлы, Түркістан мен сол өңірдегі кенттерді басқарған Болат сұлтан болды. Екінші үміткер – Әбілмәмбеттің (Барақ сұлтанның ұлы) өгей баласы, Орта жүз руларын басқарған Әбілфейіз еді. Әбілмәмбеттің Ұлы жүз тайпаларын басқарған екінші ұлы Тәуке де таққа ұмтылды. Бұдан басқа, Барақ сұлтанның ұлы, Абылайдың күйеу баласы, арғын, найман және қоңырат тайпаларының бірнеше руын басқарған – Дайыр сұлтан (Таир сұлтан, Тагир, Тахир) хан болудан дәмелі еді. Көршілес қос державаға осы бәсекелестер арасынан тек екеуі ғана белгілі болатын – Уәли және Әбілфейіз. Бұл үміткердің барлығы өз аймақтарында хан сайланды. Бірақ олар өз лауазымдарының тұрақсыздығын түсініп, әйтеуір өз руларында орнығуға және көрші державалардың қолдауына ие болуға ұмтылды.

Бастапқыда Ресей патшалығының Сыртқы істер алқасы қайтыс болған қыңыр Абылай ханның орнына Әбілфейіз сұлтанның кандидатурасын ұсынды. Олар Абылайдың Омбы мен Орынбордың қолы жетпес жерге қоныс аударуын кешіре алмады, бұны Ресей билігін мойындамау деп түсінді.

Алқаның Әбілфейіз кандидатурасын қолдауы – қазақ ақсүйектері арасына іріткі салуды көздеген, астарлы қадамы ғана болуы мүмкін. Бұл жердегі Ресейдің басты мақсаты – қазақ хандығын түбегейлі жойып жіберу болғанын ұмытпаған абзал. Түркістандағы Болатты және Әбілмәмбет әулетінен шыққан Дайырды олардың ең жақын ортасы мен бағынышты рулары хан сайлады. Әбілфейіздің артында – сыртқы саясатта Ресей, ал ішкі жағдайда – Ұлы даланың ең ықпалды екі әулеті – Абылай мен Әбілмәмбет әулеті тұрды. Алайда, Әбілмәмбеттің барлық ұрпағы тақ мұрагерлігіне тек өздері ғана лайық екенін бір

мезгілде білдіріп, өзара алауыз екенін көрсетіп алды. Ал Абылай әулеті ішкі алауыздықтарын анық байқатпады, оның үстіне Дайыр күйеубала болғандықтан тек жанама туыс еді.

Дайыр мен Тәуке туралы аздаған мәлімет қытай мен орыстың түрлі құжаттарында шашырап жүр. Дайыр – Барақ сұлтанның үшінші ұлы әрі Абылай ханның үлкен қызын алған күйеу баласы. Сондай-ақ жалпы жасы бойынша да ең ықпалды әулеттің үлкен сұлтаны болды. Дайыр сұлтанның (1786 жылы қ.б.) ханнан сәл кіші екені анық. Әрине, ол оның барлық ұлынан үлкен болды.

Орыс деректерінде Дайыр сұлтан Барақ ханның ұлы әрі Тұрсын ханның немересі ретінде XVIII ғасырдың 70-жылдарының басында Абылай ханмен таққа таласқаны жазылады. Дайыр сұлтан туралы капитан Андреев өз күнделігінде ауқымды жазба қалдырған. Қайын атасы қайтыс болғаннан кейін, Дайыр өз мақсатынан бас тарту былай тұрсын, ниеті одан сайын бұзылды. Дайыр сұлтанның әкесі Барақ аз уақыт Ұлы жүзге хан болды, алайда оның билігі әрі тиімсіз әрі өте қысқа болды. Ал Тұрсын ханның сыртқы саяси қызметі негізінен Орта Азия хандықтарымен байланысты болған еді. Сондықтан Дайырдың саяси әлеуеті әлсіз, аумақтық тұрғыдан тар шеңбердің ішінде ғана қалды.

Дайыр ордасы Арал теңізінің шығыс жағалауында, Сырдың төменгі ағысында болды [Ерофеева, 1997, 83 және 123]. Алайда оған бағынышты тайпалардың бір бөлігі Қытайдың жаңа шекарасына іргелес жерлерде көшіп-қонып жүрді. Дайыр Абылай хан Қоқан бегі Ерденмен соғысқанда қолдау көрсетіп, оның жасағын өз әскерімен толықтырды [РИ ССМ, қ. ҚҚІ, 1766-1769, 18-іс, 96-п].

Абылай хан күйеу баласына сенді. Ол да өзінің үлкен ағасы Ханбаба сияқты ханның халықаралық байланыстарын білді. Абылай хан Цин Үкіметі алдында Дайырдың мүддесін қорғады.

1779 жылы ол Қытаймен шекара маңындағы Дайырға бағынышты көшпелілерге жасалған шабуылдар мен барымтаға мал алып, адам ұрлағаны үшін Іле цзянцзюньдарына қарсы шағым жасап, Бейжіңге елшілік жібермекші болды [ҚҚД, 1779 ж. –1780 ж., 1 ж., л. 221 том].

Ол Әбілмәмбет ханның өзге ұрпақтары сияқты Оңтүстік Қазақстандағы Ұлы жүз руларымен қатар, Моңғолия мен Тарбағатайдағы Қытай иелігіне іргелес Шығыс аудандардағы ауылдарды да биледі. Дайыр сұлтан тақтың заңды мұрагерлігінің негіздемесі ретінде Цяньлунға жазған хатында мыналарды атап көрсетті:

1. сөзсіз тектілігі;
2. жасы;
3. Абылай көзінің тірісінде оны өзінің мұрагері деп жариялаған, оған куәгерлер бар.

Абылай хан Орталық Қазақстан мен Шығыс Қазақстандағы қазақ ұлыстарын ұлдарына алдын ала бөліп, өз мұрагері ретінде әуелі Ғаббас сұлтанды, содан кейін Уәли сұлтанды ресми бекітіп кеткені белгілі.

Дайыр өзіне бағынышты азғана адамның хан сайлағанымен шектелмей, бұл жолы Ресей мен Қытай үкіметтерін өз жағына тартуға тырысты. Ол орыс патшайымы II Екатерина мен Цин патшасы Цяньлунға хат жіберді. Ресейге жолданған хаттың уақыты – 1781 жылдың 29 маусымы. Әрине, Дайыр сұлтан да өзге үміткерлер сияқты Абылай ханның мұрагері ретінде Ресейден де, Цин патшалығынан да қолдау таппады. Ол Ресей мен Қытайға өз істерімен, мысалы, Әбілфейізден әлдеқайда төмен, бір сөзбен айтқанда, танымал емес еді.

Уәли де қаражаяу болмады, ол әкесінің өлімін екі державаның үкіметтерінен біраз уақыт жасырып, саяси көрегендік танытты. Ол бүкіл халық сайлаған әрі қазақ ақсүйектері арасында танымал хан ретінде халықаралық алаңға шығуға тырысты. Осы әдісімен ол екі державаның өзінің хан дәрежесін алғашқы болып мойындауда бір-бірімен өзара бәсекелес болуына ықпал етті. Бірақ Ресей оған ресми патент пен сыйлықтар беруді кешеуілдетіп, ақыры ең жақын орыс бекіністерінің бірінен алуға шақырды. Көрші империялардың Уәлидің хандық мәртебесін мойындауы – хандыққа сыртқы қысымның уақытша әлсірегенін және қазақтың жаңа билеушісіне ықпал ету үшін державалар арасындағы бәсекелестіктің белгісі еді.

Қытайдың да, орыстың да дереккөздері Абылай ханның қайтыс болуы туралы хабардың Ресей мен Қытайдың шекара билігіне ресми емес, тек олардың Ұлы далада болып жатқан маңызды оқиғалар туралы баяндаған эмиссарлары арқылы жеткенін айтады. Осыдан кейін Орынбор мен Құлжадағы (Іле) шекара билігі хан сайлауына қатысқан «ерікті» сұлтандар мен ықпалды старшындардың сөздері арқылы растауға тырысты. Уәли шекара билігіне өз билігі туралы сұраулардан кейін ғана ресми хабарлады. Ол өз қоластындағы азаматтардың көз алдында заңды билеуші болды.

Мұндай жағдайда Ресей мен Қытай Болат, Тәуке және Дайыр қатарлы өзге Шыңғыс тұқымының талаптарын елемей, Уәли ханның мұрагерлігін бірден мойындады.

Уфа және Сібір генерал-губернаторы Якоби Сыртқы істер алқасына «Семей мен Ямышев бекіністерінің арасында қоныстанған төртуыл (Тартауыл) болысының қаракесек, төртуыл, қанжығалы, басантай (бәсентин), керей және уақ болыстарының старшындар мен билері Тәуке сұлтанды хан етіп сайлау туралы» хабарды жеткізгенін және ұлдарының бірін Санкт-Петербургке жібергісі келетінін айтты.

Ресей үкіметі Тәукенің ниетін бірден қабылдамай, өтінішін құптамайтынын білдірді. Якоби Тәукеге тек 1784 жылы ғана жауап беріп, онда Орта жүзге Уәлидің хан сайланып қойғанын, сондықтан басқа адам хан бола алмайтыны туралы айтқан. Сонымен бірге генерал-губернатор Уәлиге хат жолдап, оған Тәуке сұлтанның талаптары туралы хабарлады. Сонымен қатар өзгелердің өзін Қазақ ханы деп жариялауына жол бермеуге кеңес берді [ҚҚІ, 1782- 1784, 1-іс, 14-14-п. айн.].

Бірақ Уәли не істей алады? Барлық үміткер өздерінің саудагерлері мен туыстары арқылы хаттар жіберді. Осындай алауыздықты жою үшін Цин Үкіметі Қытайда басқа билеушілердің елшілері тек қазақ хандығының ресми елшілігінің, яғни Уәли хан елшілері басқарған құраммен келген кезде ғана қабылданатынын жариялады. Бірақ кейде елшілік құрамындағы мұндай мүшелері, олармен бірге жүрген саудагерлер Цин билігіне өз билеушілері мен старшындарының құпия бұйымтайларын да жеткізіп тұратын. Іле генерал-губернаторының міндеті – қазақ ақсүйектерінің арасындағы күрделі қарым-қатынастарды мұқият зерделеу болатын.

Іле билігі Дайырдың үлкен ағасы, ұзақ жыл бойы Абылай әулеті мен Қытай арасында дипломатиялық делдал болған Ханбаба сұлтанды жақсы білген. Сұлтан арқылы олардың құпия хат-хабарлары, жасырын кездесулері мен келіссөздері жүргізілді. Екі тараптың елшілігі оның ордасына тоқтайтын еді. Алайда, Дайыр сұлтан Цяньлун патшаға жазған хатында, оның пікірінше, сол кезде таққа отыруға өзінен гөрі көбірек лайықты Ханбаба да марқұм болған. Дайырдың шағатай тілінде жазған хатын оның ұлы Маймутэ (Қытай транскрипциясында) мен өз еңбегі арқылы немесе делдалдық қызметі үшін бесінші дәрежелі тауыс қауырсынымен марапатталған старшын Малтабар жеткізді.

Абылай қайтыс болғаннан кейін Дайыр өзін хан сайланғаны туралы хабарлады [Алтан-Очир, У Юаньфэн, 1998, 56]. Алайда, ол Шығыс дәстүріне сай, өз дәрежесін император мойындамай, өзін қазақ ханы деп атауға батылы жетпейтінін мәлімдеді. Маймут әкесінің хан

тағына лайық себептерін айтты. Қазақ халқының үш белгілі ханы болды: олардың бірі – Дайырдың әкесі Барақ (1750 жылы қайтыс болды) оның орнын Әбілмәмбет басса, Әбілмәмбет ханды Абылай алмастырды. Осы үшеуінің және Ханбабаның өлімінен кейін Ұлы далада аға буын өкілі қалмады.

Дайыр Ұлы даладағы Шыңғыс ұрпақтарының шежіресін бес саусағындай білетін еді. Бірақ бұл жерде ол қулық жасады ма, әлде аудармашыдан қате кетті ме, белгісіз. Анығы – Әбілмәмбет Бaрақтан бұрын хан болған. Сонымен қатар, орыс шежіресінде Дайырдан гөрі бақыттырақ болған бір ғана ағасы – Бөкей сұлтан туралы жазылған. Ол Ресейден хан атағын алып, 1816-1819 жылдары Уәли ханмен тең билеуші болды. Бұл шежіре нақтыланды, оған сәйкес Барақтың ұлдары келесі ретпен аталған: Сығай (Шығай), Дайыр, Ханбаба, Бөкей, Маман, Ханхожа.

Ал Уәли ханның бәсекелестеріне келсек.

Дайырдың Уәлиді хан деп мойындауы – хан титулының нақты мағынасы мен өзге билеушілердің хан дәрежесінің айырмашылығын түсіну үшін өте маңызды болған секілді. Дайырдың балаларына келер болсақ, олардың бірі – Маймут Қытай деректерінде анық жазылған. Орыс дереккөздері Дайыр сұлтанның екі ұлы – Қарқаралы округтік приказында қызмет кеткен Майлы сұлтан мен Омбыға жіберілген Бешағаш (Бесағаш) сұлтан жайлы мәлімет береді. Бұл Орта жүздегі билеуші әулет екі державамен де қарым-қатынастан бас тартпағанының тағы бір мысалы. Алайда, Барақтың әкесі Қытаймен барыс-келіс жасай алмады. Өйткені ол Жоңғар хандығы құлағанына дейін қайтыс болып кеткен еді. Ал Уәли ханның әкесі қазақ-цин қатынасының бастауында тұрды. Уәлидің өзі 1769 жылы Бейжіңге барған сапарында Цяньлун патшамен танысқан болатын. Бұған дейін бірнеше рет айтылғандай, хан мұрагері туралы мәселе цин билігімен алдын-ала талқыланды. Ол сол кезде қазақ дипломатиясындағы ең маңызды мәселенің бірі болатын. Осы жағдайларға байланысты Сібір корпусының командирі генерал-майор Н.Ж. Огаревке Дайырдың өзінің текті тұқымынан шыққанын айтып жазған хаты әкесі Барақтың Ресеймен байланысын, оған 200 рубль көлемінде жалақы тағайындау туралы ескертуімен толықтырылды.

Дайыр сұлтанның айтуына қарағанда, Ұлы жүз Тұрсынның ұрпағы болғаны үшін ғана оның хан болуға үміткерлігін қолдаған. Соған қарамастан, ол өзіне бағынышты наймандар мен арғындардың аз ғана бөлігінің қолдауымен хан сайланды. Өйткені соңғы жылдары

ол негізінен Орта жүз маңында қоныстанды. Ал Ұлы жүздің Шыңжаң өлкесімен шектесетін байырғы жерлерінде Абылай ұрпақтарының үстемдігі күшейіп, Іле генерал-губернаторлығымен қарым-қатынасы нығая түсті.

Дайыр Ресейге жазған хатында Абылай Барақтың ұлдары жас болғандықтан ғана таққа ие бола алғанын үлкен наразылықпен атап өткен.

Сонымен, Уәлиге тақ оңай тиген жоқ. Дала демократиясына сай – таққа бірнеше ақсүйек тұқымы үміткер болды. Әбілмәмбет әулеті тек бір ғана үміткер ұсынып, соның айналасына біріге алмағандықтан жеңіліске ұшырады. Уәлидің бағына орай Абылай ұлдарының арасында аса қатты алауыздық бола қойған жоқ. Оның үстіне Уәлидің мұрагерлігін бекіту кезінде Абылайды сайлау кезіндегідей жаңа ханға қатысты Ресей мен Қытай арасында өткір дипломатиялық күрес болған жоқ. Керісінше, жоғарыда айтылғандай, Уәли сайланған жағдайда, екі держава да Уәлиге хандыққа патент беру ісінде бір-бірінен озуға ұмтылып, қазақ сұлтанының бәсекелес елмен байланысын мұқият қадағалады. Екі державаның үкіметтері ханды өздерінің мейірімімен, сауда-саттықтағы мүдделерімен баурап алуға тырысты.

XVIII ғасырдың соңғы онжылдығындағы Қытай мен Ресейдің Орта Азиядағы саяси жағдай мен сақтық саясатын олардың ішкі мәселелерімен түсіндірді. Оның үстіне Ресей Түркиямен соғысып, әзірге Қазақстанға қарауға мұршасы жоқ еді. Ал Цин әулеті болса Жоңғария мен Қашқарияда өз билігін нығайтып, солтүстік және солтүстік-батыс шекараларда тұрақтылық орнатуға мүдделі болды.

70-80-жылдары Цин патшалығы оңтүстік пен оңтүстік-батысқа қарай кеңейе түсуді ойлады. Бұл Ресейдің еуропалық саясатымен әуіре болып жатқан кезі еді. Ғасырдың бірінші ширегінде Ресей Наполеонмен соғысып, Қара теңізге шығу үшін Түркиямен шайқасты. Бірақ екі держава да қазақ билеушілері арасындағы алауыздықты назардан тыс қалдырмады, ал сұлтандар оны көршілерден жасыруды ойламады. Уәлидің билік басына келуі, хандықтағы ішкі саяси жағдайды біраз уақытқа тұрақтандырды.

Ресейге тәуелділік күшейіп бара жатса да, Уәли екі держава арасындағы әкесі негізін қалаған тепе-теңдік саясатын қатаң ұстанды. Десе де әкесі секілді қатаң билігі мен күшті әскері болмағандықтан басқа билеушілерге көбірек еркіндік беруге мәжбүр болды. Уәли ханға Әбілмәмбет ұрпақтарымен ынтымақта болу маңызды еді. Өйткені олар Іле, Тарбағатай секілді Бейжіңмен елшілік алмасу,

сауда-саттық жасау қатарлы байланыстарды арттыруда қолайлы мекендерде қоныстанған болатын. Уәли ханның басқаруына атығай-арғындардың 44 жұртының (оток) басым бөлігі бұйырды [Синьцзян шилюэ, 12].

Басқа бауырлары Ұлы жүз бен Орта жүздің аумағында билік етті. Одан бөлек, олардың қол астында Кіші жүз руларының өкілдері де болды. Хан сайлаған соң Уәли ең алдымен Ресей мен Цин империясымен сыртқы байланысты нығайтуға тырысты. Жаңа хан осы елдерге елші жіберуге дайын екенін білдірді. Әке үлгісімен әрі қалыптасқан тәртіп бойынша аманат жіберуге де келісті. Оларды көрші елдердің үкіметтері ұсынатын жеңілдіктер мен артықшылықтарға байланысты таңдады. Олардың арасында бәйбішесінен және басқа әйелдерінен туған ұлдары, туысқан және өгей інілері болды. Уәли хан Орта Азия хандықтарының билеушілерімен үнемі хат алмасып отырды. Ал Кіші жүз хан-сұлтандарымен байланысын ешқашан үзген емес.

Уәлидің хандық кезеңі Цин әулетінің екі императорының билігімен тұспа-тұс келді. Қытайда 1796 жылға дейін император Цяньлун патша 60 жылға жуық билік жүргізді. Оның кезінде Цин империясы Азиядағы ең қуатты державаға айналып, Қазақ хандығымен алғаш рет бейбіт сауда келісіміне қол жеткізілді. 1796-1821 жылдары Қытайда Цин әулетінің бесінші императоры Цзяцин ұранымен билік етті.

Ресейде патшалар көбірек ауысты. Олардың арасында Павел патшаның билігі қысқа болды. Оның Қазақстанға қатысты барлық Жарлығы тек қағаз жүзінде ғана қалды. Ресей мен Қытай біраз уақыт Қазақстанға қысым жасауды азайтты. Бұл Уәли ханның салыстырмалы түрде тұрақты билік жүргізуіне мүмкіндік берді. Ұзақ жыл оның басқаруында болған қазақ сұлтандары мен старшындары тек 1795 жылы ғана наразылық білдіре бастады.

### 2.2.1. Уәли хан және Ресей

«Ресейдің келісімінсіз Еуропада бірде-бір зеңбірек атылмайды» деген Ресейдің Сыртқы істер министрі, генерал-майор Безбородко «қазақ ханын сайлау ісіне араласудың қажеті жоқ» (жаңа ханды сайлауды «орданың өз еркіне қалдыру керек») деп санаған. Тіпті жаңа ханға хандық дәрежесін беру үшін Санкт-Петербургке елші жіберудің де қажеті жоғын айтқан [ҚҚІ 1781–1784, 122/3-тіз,, 2-іс, 11–12-п.].

Бұдан Ресейдің қазақ хандығымен қарым-қатынасқа қаншалықты аз мән бергенін, 60-жылдарға қарай ресей-қытай қайшылықтарының

бәсеңсігенін көреміз. Алайда, Уәли ханның хандық патентіне ІІ Екатерина 1781 жылы 16 тамызда (КРО1, 104) қол қойып, шекара билігі арылы беріп жіберді.

Санкт-Петербург қазақтың тек екі елшісін ғана қабылдады. ІІ Екатерина Қазақ істерін қарауды Сыртқы істер саласынан Ішкі істерге ауыстыруға нұсқау берді. Осыған байланысты сол замандағы қазақ елшілері «депутация» деп аталды. Императордың 1779 жылғы 28 қаңтардағы және 1782 жылғы 3 қаңтардағы жарлықтарына сәйкес «қалмақтар мен соларға ұқсас халықтардың істері генерал-губернаторлардың ведомствасында және сол халықтар тұратын немесе көшіп жүрген губерниялардың губернаторларының қарауында болады. Сол себепті оларға қажетті барлық шығын мен есептер сол бастықтардың міндетінде. Бірақ, аталған халықтарға қатысты саяси істерді Алқаға (сыртқы істер – К.Х.) баяндап, қажетті нұсқаулар алу керек» [ҚҚІ 1781–1783, 122/3-тіз., 4-іс, 2-п. айн.– 3]. Патшалық Ресей аталған ережені қытаймен тығыз қарым-қатынаста болуына байланысты қазақ билеушілеріне де қолдануға тырысты.

Уәли хан өз елшісін Петербургке 1782 жылы жібермек болды. Ол кезде оның таққа отырғанына бір жыл, әкесінің жылдық асын бергеніне екі жыл өткен болатын. Сондықтан, «орда ұлы мәртебелінің бодандығында тұрғандықтан, тек сыртқы істерді басқару үшін құрылған бөлімге (Сыртқы істер – К.Х.) тән емес, ол ішкі мәселе деп қарастыруы керек» деп жазылды [ҚҚІ 1781–1783, 122/3-тіз., 4-іс, 3-п].

Сондықтан Уәлидің елшілері Орынбор генерал-губернаторлары мен генерал-прокурорына баратын болды. «Дәл солай, монарх билігіне губерниядан келген депутаттар тура солай жолданады». Содан кейін генерал-прокурор «әдеттегідей» олардың ісін ұсынады. Ресейдің басқа да халықтарының елшілері сияқты, олар енді елші емес «депутаттар» деп аталады. Сонымен қатар Алқа «депутаттарды» қабылдау ісіне көмектесіп, аудармашымен қамтамасыз етіп, шекара билігінен хандықтағы жағдай туралы баянат талап етуі керек болды.

Бәрібір сыртқы саясат пен шекара істеріне қатысты қазақ істері баяғыдай сыртқы істер Алқасының қарауында қалды. Сонымен бірге қазақ билеушілерінің елшілерінің мәртебесі, оларды қабылдау деңгейі, генерал-губернаторлар мен үкімет арасындағы пошта және басқа да байланыстардың деңгейі мен жылдамдығы төмендеді. Бұл тым алыста көптеген қолайсыздық пен патшалық күрделі бюрократиялық жүйені әкелді. Шындығында қазақстандық

істер «шекара істерін («қытайлық» деп оқыңыз) талқылау» үнемі Петербургта шешіліп келгендіктен, XIX ғасырдың соңына дейін ішкі істер саласына ауыстыру мүмкін болмады. Онымен қоймай, патша үкіметінің көп ісі қазақ-қытай байланысы мен қазақ ханының басқа да сыртқы қарым-қатынастарын әлсіретуге бағытталды.

1785 жылы Уәли мен басқа да Орта жүз феодалдарының жайылым алқаптарындағы құрғақшылықтан кейін шекара билігі Ертіс маңына мал жайуға рұқсат берді. Ол кезде қазақтарға Ертістің сол жағалауына 100 шақырымға жақындауға тыйым салу туралы 1755 жылғы Жарлықтың күші әлі де жойылмаған еді. Уәли хан өзінің бес мың жылқысын және басқа да старшындардың жылқысымен қоса есептегенде барлығы 120 мың жылқыны айдап келді. Олар бір-бірінен және өзен жағасынан рұқсат етілген қашықтықта жылқыларын жаюға мәжбүр болды. Әр қосқа жауапты бақылаушы солдаттар бөлінді. Мал жаюдың басты шарты «жақсы адамдардың» әулетінен аманат алу болды [ҚҚІ Орта орда, 1785, 122/3-тіз., 1-іс, 1-п.]. Алайда ондай жағдай сирек болатын.

Ішкі істерге – шекара бойы қазақтарының шапқыншылығы, барымта жататын. Алайда ол туралы Сыртқы істер алқасына баяндалып отырды. 1795 жылдың қысында қазақтар жылқыны барымталап, адамдарды айдап, мүлікті тонады. Оны қайтару туралы жазылған хаттар жауапсыз қалды. Хат алмасу еш нәтиже бермеді. Алайда Уәли хан өз ұлдарына барымтаға рұқсат бермей, орыс шекара билігімен достық қарым-қатынаста болуға тырысты.

Уәли хан билігі тек Орта жүз қазақтарымен ғана шектелген жоқ. Ол өзінің және Кіші жүз ханының екі империяға да аманат беру міндетінен құтылудың жолын іздеді. Өз билігін нығайта түсу үшін 1786 жылы Уфа генерал-поручик Игельстромнан (хат 1786 жылы 5 қазанда аударылған) Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанның әкелерінің қазақты Ресей бодандығына кіргізген қызметі үшін аманат жолдау міндетінен босатуды сұрады. Егер ол мүмкін болмаса ағаларының біреуіне «жол көрсетуді сұрады». II Екатерина аталған хатқа жауап ретінде Игельстромға «Ханға айт, Кіші жүз ісінің оған қатысы жоқ. Ал менде империяның оңтүстік аудандарын аралауға байланысты бұл іспен айналысуға уақытым да жоқ деп жаз» деп бұйырды [ҚҚІ Орта орда, 1786, 122/3-тіз., 1-іс, 10-п –10-п. айн.].

Кіші жүз үшін аманат мәселесі өте ауыр еді. Себебі олар Ресейде ұзақ уақыт бойы жүрді және оларды алмастыру үшін орнына басқа аманаттар келуі керек болатын. Хандар жаңадан аманат жіберуге

асыққан жоқ. Алайда бұрынғы аманаттарын қайтаруды үнемі талап ететін. Ал Ресейде әуелі Әбілқайыр ханның, кейін Нұралы ханның туған балалары аманатта болды. Патша үкіметінің аманат алмастыруға қатысты талабы өте қатаң әрі ымырасыз еді. Ол – хандарға ықпал етудің басқа бейбіт жолы жоқ екенін көрсетеді. Әскери ізденіс өте қымбатқа түсетін, ондай әрекеттер үкімет пен халықты шыңдай түсетін.

Бұл уақытта Орта жүздің цин сарайындағы аманаттары көбіне ерікті әрі символикалық сипатта қысқа мерзімге ғана жүретін.

Ол шамамен екі жылға созылатын. Оның өзінде Бейжіңге дейінгі үш айлық жол, елшілердің Қытайда болған уақыты, одан бұрынғы қазақ елшілерімен бірге жолданған цин елшілерінің Қазақстаннан келетін уақыты да осы екі жылдың ішіне кіретін. Уәли ханның тұсында сауда дауларын шешу құқығы біртіндеп қоқандық старшындардың қолына көше бастады.

1798 жылы Уәли ханның бес адамнан тұратын депутациясы: інісі Шыңғыс сұлтаннан туған немересі Баһадүр (Батыр) сұлтан мен төрт старшын (Қожакелді, Аққісі, Ералы, Өмірбек) Санкт-Петербургке келді.

Император Павел 10 қазандағы жарлығымен Уәли ханның ұлы Ғаббасқа (Аббас) 300 руб., ханның ағасы Есімге – 250 руб., старшын Байезитке – 20 руб. жалақы және әрқайсысына 50 пұт ұн жазды. Батыр сұлтанға «айнымас адалдықта болғаны үшін» жылына 100 руб. тағайындалды [[ҚҚІ Орта орда, 1786, 122/3-тіз., 1-іс, 106 және 130пп.].

Уәли ханның елшілері де тура әкесінің 1778 жылғы Тоғым бастаған елшілері секілді қаржылай қамтамасыз етілді [сонда, 115-п].

Ғаббас елшілік құрамында болмаса да Павел патша оған 300 руб. тағайындады. Бұл Санкт-Петербургтің аталған сұлтанның мұрагерлік құқығын мойындағанын және Уәли сұлтанның тұңғышы сол екенін байқатса керек. Оның үстіне, Павелдің Жарлығы тақ мұрагерін белгілеуде патша қолдауына қол жеткізуді көздеген Уәли ханның өтінішінен кейін шыққаны анық. Ғаббастың гүң титулы және Цяньлун императорының гвардия императоры атағы бар.

Сонымен Уәли тақ мұрагерін тағайындауда жетістікке жеттім деп санады. Алайда, өзі қайтыс болғаннан кейін патшалық Ресейдің хандықты жоюына байланысты таққа таластың дипломатиялық күресі Уәли ұрпақтарының патшалық Ресейге қарсы қарулы күресіне алмасты.

1799 жылдың соңы, 1800 жылдың басында Санкт-Петербург қаласына І Павелдің таққа отыру салтанатына қатысуға Бөкей сұлтанның немересі Әли сұлтан басқарған 2 старшын мен 2 төлеңгіттен

тұратын депутациясы келді. Әли сұлтан хатта (1800 ж. 23 қаңтарда аударылған) аталары да, өзі де Ресей империясының қызметінде екенін еске салып, орыс сауда керуендерін Ташкентке, Қашқарияға, Қоқанға, Наманган мен Әндіжанға жеткізуде жолбасшы болғанын айтты. Бөкей сұлтан әдетте Түркістан қаласында тұрды. Ұлы Шыңғыс қаракесек қазақтарының төртауыл тармағын биледі. Әли сұлтан әкесі екеуіне «керуенбасы шені мен мөрін және атқарған еңбегі үшін қаражат алғысы келетінін айтты». Павел 1800 жылғы 14 наурыздағы жарлығымен Әли сұлтанға коллеж асессор (алқалық кеңесші) шенін, ал екі старшынына титулдық кеңесші шенін берді [сонда, 38-п. айн. – 40 және 75-п]. Әрине, қазақтар да сауда істері бойынша барған елдері туралы мәліметтер жеткізіп отырғаны белгілі.

Әлидің Уәли ханды жақтамайтынына оның «Уәли хан Орта Азия мен қашқарлық көпестердің керуенін тонауға ықпал етті» деген сөзі дәлел [сонда 38-39-п.айн.].

Бұл жерде Ресей мен Орта Азия елдері арасындағы сауда істеріне деген бәсекелестік қана емес, сонымен қатар ішкі істердегі бәсекелестігі де анық байқалады. Уәли ханның ұлы Шыңғыс[1] та қаракесектің бір тармағына билік жүргізді. 1799 жылы Шыңғыс Ресейге депутация жібергісі келетінін айтты. Оған бір-екі атқосшысы бар екі адам ғана болуы керек деген шартпен рұқсат берілді. Бұл Шыңғыс сұлтанның өз ұлы Тоқтаны 1803 және 1809 жылдары Бейжіңге келген делегация құрамына екі рет қосуына кедергі болған жоқ.

1799 жылы Санкт-Петербургке келген «қырғыз қоғамының» депутациясы – Хиуа ханы Қайыптың ұлы Жаһангердің де, Жаншуақ Құдаймендиннің де коллеж асессор шені бар еді. Келіссөздер қазақтар мен башқұрттар арасындағы өзара кикілжіңдерге қатысты болып, арағайын ретінде орыстар шақырылды. Уәли ханның қытайлық саясатына Ресейдің де қарсы болмағаны секілді олар да дұшпандық пиғылын білдірмеді.

Өзінің билік құрған уақытында Уәли хан Ресей мен Қытайдың наразылығын туғызбауға тырысты. Державалар үкіметі мен шекаралық билігі қазақ хандығының жағдайын жіті бақылап отырды. Олар да бұл жерде ашық кикілжің туындататын жағдайларды болдырмауға тырысты.

[1] Бұл жерде дереккөзден қате кеткен секілді. Себебі Уәли ханның ұлы Шыңғыс 1818 жылы, кей деректе 1811 жылы дүниеге келген болатын – редактор

## 2.2.2. Уәли хан және Қытай

Уәли жас кезінде-ақ әкесінің ордасына келген Қытай елшілерімен кездесіп, шама-шарқына қарай келіссөздерге қатысқан. Сонымен бірге Абылай Уәлиді дипломатиялық істерге сирек араластырып, үнемі қасында болды.

Уәли сұлтан Қытайға алғаш рет 1769 жылы, шамамен 28 жасында аттанды. Елшілік құрамында он бес адам болды. Олардың ішінде жас сұлтанның бас кеңесшісі, Абылай ханның атақты қарулас жолдасы Бұқар жыраудың ұлы – Жарылғап би бар еді. Елшілер Бейжінге 1769 жылы 1 мамырда келді [Гаоцзун шилу, 83, 14 п.].

Елшілікке ерекше саяси мән берілді. Шыңғыс ұрпағы (чингизид) ретінде қабылдауларда Уәли сұлтан моңғол «ақсүйектерінің» қатарындағы құрметті орында отырды. Уәли ханның келуіне орай император Цяньлун поэма жазды [Сиюй тучжи, цз. 44].

Абылайдың әрі тұңғышы, әрі мұрагерінің Цин сарайына келуі – ханға ауыр саяси салмақ пен экономикалық зардаптарға әкелуі тиіс еді. Уәли сұлтан ханның көзі тірісінде де, ол қайтыс болғаннан кейін де Абылай әулетіне қолдау көрсету үшін Цин үкіметіне адалдық кепілі болуы керек еді. Абылай ханның осындай уәдесінен кейін ғана Уәли 1800 жылы Цин үкіметінен қазақ тағының мұрагері патентін және гүң титулын ала алады [Гаоцзун шилу, 831, 14].

Бұл Цин сарайының 1782 жылы Уәлиді хан мұрагері ретінде бекітудегі шешімпаздығын танытты, өйткені олардың әуелгі қамқорлығындағы Ғаббас сұлтан ол кезде қайтыс болған.

1781 жылы Уәли Абылай ханның мұрагері атанды. 1781 жылы 13 қарашада Омбыға хабар келіп, сол жылдың 22 қарашасы мен 1 желтоқсанында, сондай-ақ 1782 жылы 22 қаңтарда Сібір корпусының командирі генерал-лейтенант Огарев Уәлиді хандыққа бекіту миссиясымен Қытай елшілерінің келгені туралы рапортты Уфа мен Сібір генерал-губернаторы Якобиға жолдайды. Қытай елшісі Баян-ола шатқалындағы Ханбабаға (Барақ сұлтанның ұлы) тоқтап, Уәлиді «марқұм әкесі Абылай ханның құрметіне сыйлық алып, еске алу рәсімін өткізуге» шақырады [ҚҚІ, 1781, 3-іс. Орта орда, 21-п.].

Қытайлардан қасына 130 адам ертіп, 50 түйеге артқан «сыйлыққа арналған заттар мен оларды жолда тамақтандыруға арналған азық-түлігі» бар елші амбань (ірі шенеунік – К.Х.) Башисы (маньчжур есімі немесе қазақша бұрмаланған басшы – көшбасшы, басшы?) келді. Уәли өзінің старшындарымен бірге келді. Императордың атынан

сыйлық ретінде оған шәйнек, тостаған мен күміс ыдыстар, түрлі жібек маталар берілді. Уәлиге еріп келген старшындар да сый-сияпатсыз қалған жоқ. «Оның үстіне Уәли сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтеріп құттықтады». Қытай елшілігі бұл сапарын Уәли сұлтанды «хан» деп жариялау рәсімімен байланыстырды деп болжауға болады. Немесе ол бұл оқиғаны заңдастырып, дәйекті қолдауын көпшілік алдында көрсету үшін сайлау рәсімін қайталауды талап етті. Сайлау салтанатында жүз қой сойылып, келген халыққа таратты. «Сосын Абылай ханды еске алу белгісі ретінде алау жағып, оған көптеген жібек мата мен қағаздарды өртеді».

Ал басқа бір деректерде циндіктер түркі-моңғол тайпаларының көне әдет-ғұрпы бойынша жүн өртегені айтылады. Осылайша, Цин императорының өкілдері Абылай ханды еске алуды және оның мұрагерін сайлауды аралас ырыммен дәріптеді. Уәли өз нөкерлерімен бірге шатқалда төрт күн болып қайтқан.

Қазақтың Құлыбақ старшыны – Абылайдың жасырын қаскөйі – Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін «Қытай сарайынан амбо линзамен жабылған орындықтар әкеліп, олардың үстіне Уәли сұлтанды отырғызып, хандық қадір-қасиетін мойындағанын» айтады. Одан кейін сыйлықтар табыс етілген. Ол салтанатты шарада 20 өгіз, 40 қой сойылды деп көрсетеді. Құлыбақ «Қытай сарайының осындай салтанаты – хан мәртебесін ұлықтау рәсімі Уәлидің әкесі Абылай хан болғанда да дәл осылай жасалған» деп сендірді.

Марқұмға діни рәсім бойынша қағаз қиындылары мен маталарды өртеу кезінде старшын Байжігіт мырза «қытайлар әр түрлі сөздерді айқайлап айтып тұрды» деп куәлік етті. Уәлидің айтуы бойынша салтанатқа 300 қытай келген [ҚҚІ, 1781, 3-іс. Орта орда, 17-25].

Қытай елшілерінің қауіпсіздігі еріп келген қытай отряды мен Өскеменге жақын орналасқан қарауылдардың жауапкершілігінде болды. Алғыс ретінде Уәли хан жақын арада Қытайға інісі Сағит (аты бұрмаланған) бастаған он бес старшынды қосып, елші жіберуге дайын екенін хабарлады.

Оқиғаның мән-жайын анықтау үшін ҚХР Бірінші тарихи мұрағатының Әскери кеңес (Цзюньцзичу) қорындағы қытай деректеріне жүгінейік. Рәсім делегация басшысының ұсынысы бойынша Қытай (маньчжур?) әдет-ғұрпы бойынша өткізілген. Елшілердің Абылай ханды еске алу кешін өткізу ниетінен хабардар болған Уәли өзінің алты інісін ертіп, Баянауылдың батысына қарай орналасқан лагерьге келеді. Уәлиді Цин сарайында қабылданған

хандық патентін алу рәсіміне дайындаған шекара әскері Чахар гарнизонының қолбасшысы Фу Цзинь «бұл рәсім императордың ізгі ниеті мен мейірімінің белгісі» деп сендіріп, салтанатты сарай рәсіміне сай өткізгісі келетінін айтады. Ол үшін Уәли хан 9 рет иіліп, 3 рет тізерлеп отырып, хатты қабылдауы қажет болды. Дәл осы рәсімді атақты моңғол хандары мен вандары, Цин императорларының моңғол күйеу балалары – эфулар жасаған. Уәли өзінің Қытайда болғанын, сарай әдебімен тікелей таныс екенін жеткізген. 21 желтоқсанда қытайлықтар құрбандық шараптары мен малдарын, өздерімен бірге әкелген жерлеу заттары мен рәсімдік ақшаны дайындады. Еске алу рәсімінен кейін Уәли хан Цин сарайындағыдай тізе бүгу рәсімін орындап, өз атынан және өзінің бауырларының атынан Императорға еске алу рәсімі мен хан титулының сый грамотасын бергені үшін алғыс айтты. Ол ханның патентін алып, Императорға деген жеке ризашылығын білдіру үшін інісі Шығай бастаған елшілікті Бейжіңге жіберу туралы ниеті барын хабарлады. Дәстүр бойынша Цин елшілері Уәли хан елшілерімен бірге Ілеге аттанады. Қазақстан елшілерінің саны басым болды.

Шығай сұлтанмен бірге барған он екі адамның аты-жөні (қытай транскрипциясымен): Даяр, Есен, Декэтер, Дүрал, Бөлеке (Болэкэ), Якагэладу, Бейімбет, Кебек, Чуман (Шорман?);

Әділ сұлтанның елшілері – Уәлидің інілері: Тастемір, Жырғал (Джиргал), Адиянь [Алтан-Очир, У Юаньфэн, 1998, 66].

Бұл кезде Дайыр мен Тастемірдің шивэй – Цин сарайы гвардиясының офицері шені бар еді. Демек, олар император сарайында бұған дейін де болған.

Құлжаға қазақ билеушілерінің елшілері келгеннен кейін Іле цзянцзюні 1782 жылғы 11 наурызда оларды Үрімжі – Хами – Ланьчжоу – Бейжің бағыты бойынша Бейжіңге аттандырды. Уәлиге сыйға тартқан жеті арғымақ Цин әулетіне берілген алым-салық ретінде, сол жерде қалдыру туралы шешім қабылданды. Қазақ елшілерін сарай қарауылының Адун деген үшінші дәрежелі офицері және Баянауылдан оралған Башысы бастаған жасақ алып жүрді. Уәли ханның елшілігі Цин империясының астанасына мамыр айының басында жетті. Цяньлун Юаньминьюань сарайында (жүз жылдан кейін, 1881 жылы Батыс отаршыл әскерлері талқандады – К.Х.) тамаша қабылдау ұйымдастырып, тиісті сыйлықтар табыстады. Сарайдағылардың айтуы бойынша, он жыл бұрын Абылай ханға да дәл сондай сыйлықтар берілген. Уәли хан мен Әділ сұлтанның елшілері Ілеге 1782 жылы

қазан айының басында оралды. Ал Қазақстанға 20 қазанда алғашқы қарауылдарға дейін Цин отрядының күзетімен аттанды.

1787 жылы Уәли ханның інісі Қасым сұлтан бастаған тағы бір елшілер тобы Бейжіңге аттанды. Елшілік құрамында 39 адам болды, олар Бейжіңге жүз жылқы айдап барды. «Барлауға сәйкес, бұл сәлемдеме қытай сарайына бұрынғы әдет-ғұрпы бойынша Уәли ханның амандығын білдіру үшін жіберілген, айтарлықтай маңызды емес. Ол үш жыл бұрын қырғыз (қазақ ?) иелерімен бірге жіберілді. Сондықтан Қасым сұлтан келесі жаздың ортасында оралады деп санайды», – деп атап өтті Ресей шекара билігі [ҚҚІ, 1791, 1-іс, 49-п].

Алайда, Татран деген хабаршының хабарламалары негізінде жасаған И.В. Якоби баяндамасының мазмұнына сәйкес, богдыханның Уәли ханға хат беру кезінде қасында болған және хатты Омбыға әкелген өз әкесі мен Маттың (немесе Дат батыр) мағлұматтарынан мүлде басқа картинаны көруге болады. Олардың айтуынша, Уәли хан Қытайға жіберген Қасым сұлтан кенет сырқаттанып, «сәлемдемесін толық жеткізе алмай, сол жылдың күзінде Қытай елшілерімен бірге оралған. Бұл елшілер Уәли ханға императордың хаты мен сыйлықтар әкеле жатқан болатын («үш шапан шығатын фанзи», «оларға хатты да, сыйлықты да ешкімге бермей, Уәли ханның өзіне тапсыру бұйырылған») [ҚҚІ, 1791, 1-іс, 37-п]. Сонымен қатар, елшілік қызметкерлері қытай мен ойрат қыздарын Қазақстанға құлдыққа сату үшін өздерімен бірге ала келген.

Қазақ старшынынан алынған мәліметке қарағанда, Уәли хан Қасымның орнына Қытайға басқа бір бауырын жібермек болған.

Уәли хан өзінің саяси-экономикалық мүддесін көздеп, елшілерін Қытайға әрі жүйелі әрі жеткілікті деңгейде жіберуге тырысты. Бұл реттілік елшілер мен сауда керуендерінің Қытай шекарасына жіберілген күндерін есте сақтау үшін сарай вассалдарына берілген арнайы күнтізбеде бекітілген.

Цин императоры да, орыс патшасы да Қазақ ханының қарсы жақпен саяси байланысынан хабардар болды. Бұл жағдайға тосқауыл қоюға жеткілікті күш болмағандықтан, олар бұған әзірше көз жұмып отыр. Бұл Уәли ханға көрші державалармен қалыпты сыртқы саяси қатынасты сақтай отырып, дербес саясат жүргізуге мүмкіндік берді.

Уәли хан билікке келген соң 10 жылдан кейін Цин императоры өз жарлығында былай деп атап көрсетті: «Баяндамада (Тэчэнъэ) айтылған Ақ патшалар (Цаган-хандар) өз жақтарына тартқан Қанқожа мен Абылай ұлдарына келер болсақ, бұл мәселе соншалықты маңызды емес.

Қазақтар өз пайдасын алуда өте шебер. Олардың жері Ресей мен біздің мемлекеттің арасында орналасқан. Олар маған бағынатындықтарын білдіреді, сонымен бірге Ресейден де қорқады. Бұл – табиғи нәрсе. Одан бөлек, (билеушілердің) інілері мен ұлдары ресми қабылдауға үнемі келе бермейді. Өйткені олар не ақ патшалардың иеліктерінен алыс, не өз бетінше көшіп-қонып, (өздері үшін тиімді жерде) саудамен айналысады. Анығын білмейміз. Сонымен бірге олар Ресейге (сол жаққа) адамдарын кепілге жіберіп, қызмет етпейді» [1791 ж. 24 наурыздағы Жарлық. Гаоцзун шилу, 1372, 36].

Уәли ханның інісі Досалының 1790 жылы 7 қазанда Құлжаға келгені туралы жазба сақталған [Гаоцзун шилу, 1361, 35 айн.].

Сұлтан бұл жерде шиншилла (жұпартышқан) терісін және басқа жануарларды қытай атласы мен түрлі-түсті жібекке айырбастауға келген. Шекара органдары оны өткізуден бас тартпақ болды. Себебі оның келуі негізгі уақыттан тыс, әрі тауарлары сауда келісіміне сай реттелмеген. Терілер ресейлік болуы мүмкін, ал Шыңжаңда ресейлік тауарларды сатуға тыйым салынған. Алайда Бейжің басқаша шешім қабылдады. Ойланбастан бас тартпақ болған шекара билігін айыптады. Досалының сауда-айырбасы үшін император жарлығымен рұқсат берілді. Мынадай дәлелдер алға тартылды:

1) Цин билігінің арамзалығын байқаған қазақтар байланысты сақтаудан бас тартуы немесе тым шалғайға көшіп кетуі мүмкін;

2) Рұқсат етілмеген тауарлар саудасына тыйым салу – Шыңжаңда жасырын сауданың етек алуына әкеледі (Сол жерде).

Сонымен қатар император Тарбағатай билігінен қазақтардың торғауыттарды тұтқынға алуы туралы істі ушықтырмауды сұрады [Гаоцзун шилу, 1375, 24].

Бірлесе атқарған осы бірнеше әрекет Цяньлунның Уәли ханмен және Әбілфейз ұрпақтарымен байланысты үзбеуге тырысқанын байқатады. Дегенмен, Досалы Уәлидің ресми елшісі емес еді. Ол жеке тапсырмамен, әлдебір отбасылық шараға тауар алу үшін келген. Бірақ Қытай күнтізбесі бойынша (күнтізбе бойынша 1791 жылдың 27 қаңтарына келеді) Бейжіңдегі Жаңа жыл қарсаңында Досалы бес адамнан тұратын қазақ елшілерімен бірге сарай қабылдауына қатысады. Олардың ішінде тек Айзибайдың аты ғана аталады.

Әдеттегідей жаңа жыл алдындағы және жаңа жылдық қабылдауларға көптеген шығыс елдерінің өкілдері, ұйғыр бектері, моңғол князьдары – вай фань (сыртқы вассал), Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Қытай халықтарынан тустар (старшындар) шақырылды. Досалы

сұлтан қатысқан қонақтар тізімінде дөрбет, торғауыт хандарының, Корея, Бирма, Сиам билеушілерінің елшілері бар барлығы 30-ға жуық адам көрсетілген [Гаоцзун шилу, 1369, 13 айн. - 14].

Цяньлунның 30 қаңтарда екінші, ал 12 ақпанда үшінші қабылдауы болды. Досалының жаңа жыл мерекесіне келуі өте қолайлы болды. Шетелдіктер түрлі-түсті ұлттық киімдерін киіп, сарай қабылдауына сән берді. Бұл қабылдаулар Цин империясының саяси күшін көрсетті. Досалы Қытайда бір жылдан астам уақыт тұрып, сол жылы күзде Жэхэдегі жазғы резиденцияда Цяньлунның 80 жылдық мерейтойына қатысуы керек еді.

Цин сарайының дипломатиялық айла-шарғысы 1791 жылдың көктемінде Уәли ханның ұлы Әміржанның Бейжіңге келуіне, ал Уәлидің інісі Досалының жас жиенін императормен кездесуге алып бару үшін генерал-губернатордың қонағы ретінде Құлжа (Іле) шекарасында қалуына себеп болды. Қорыта айтқанда, Досалы Қытайда жіпсіз байланып, Уәлидің туған ұлы келгенше бейресми кепілдікте болғанын байқауға болады. Бәлкім, ол отбасының сауда-саттығын жалғастыру үшін қалған болуы да мүмкін.

Мұрагерлік құқығын қамтамасыз етуді көздеген Уәли хан бұл жағдайда Цин императоры патент алуға кедергі болмайтынын түсінді. Мұндай қадамның саяси қажеттілігін әкесінің билікке келу тәжірибесі де, өзінің жеке тәжірибесі де растады. Император Цзяцин да Шыңжаң билігінен қазақтардың мұрагерлік ісін назардан тыс қалдырмауды талап етті. Бұл мәселе Ресейдің Қазақстандағы хандық институтты жою жоспарына байланысты үлкен саяси мәнге ие болды.

1800 жылы (Цзяциннің 5-жылы, 5-ай) Уәли ханның үлкен ұлы Ғаббас сұлтанды (Аббас) мұрагер деп тану туралы құжат шығып, осыған орай оған гүң атағы мен император Цзяциннің атынан сарай шеберханасында жасалған жібекті сыйлыққа берді [Жэньцзун шилу, 68, 8].

Құжат 1801 жылы Уәли ханның ордасына жеткізіліп, ол жерде сарай талап еткендей салтанатпен табыстау рәсімін өткізу керек-ті. Қолымызда бұл құжаттың Уәли хан мен оның тұңғышы Ғаббасқа нақты қашан және қай жерде тапсырылғаны туралы құжат жоқ. Бірақ бұл рәсімнің болғаны сөзсіз.

Оған Цзячиннің Уәли хан елшілерін Бишу шанжуанның Жэхэдегі жазғы резиденциясына қонаққа шақырғаны дәлел. 1803 жылдың күзінде Уәли ханның ұлы Бөгелі (Бегәлі - К.Х.) бастаған ресми қазақ делегациясы Жэхэге келді. Делегация басшысынан кейінгі ең құрметті

қонақ – оның орынбасары, Уәлидің інісі Шыңғыстың ұлы Тоқта сұлтан[2] болатын. Оған сыйлыққа күміс құймалар берілді.

Бегәліге қарауыл офицері атағы беріліп, асыл тасты бас киіммен және екі жақты тауыс қауырсынды шлейфімен марапатталды [Жэньцзун шилу, 118, 29].

Бишу шанжуанға шақыру – қытай дипломатиясы тілімен айтқанда, «таза сенімді қарым-қатынас» дегенді білдіреді. Бұл қазақ-қытай қарым-қатынасындағы Уәли әулетінің елші ретінде елордадан жырақта жайбарақат, жасырын келіссөз жүргізетін саяжайға екінші рет келуі еді. Елшілік мүшелері бұл жерде әдеттегідей, негізінен аң аулау, ат жарысы, цирк қойылымдары (джигитовка), отшашумен өтетін жазғы-күзгі «бай си» ойын-сауықтарын (жүз спектакль) тамашалады.

Қытай сарайының жылнамаларында Уәли ханның 40 жыл билігінде 1782, 1787, 1791, 1795, 1800, 1803 және 1809 жылдарда келген жеті ресми елшілігі туралы айтылады. Уәли хан қайтыс болғаннан кейін Цин сарайының оның ұлы Ғұбайдоллаға мұрагерлік патент беру әрекеті сәтсіз аяқталды. Ол туралы әңгіме бөлек.

Цин сарайының Әбілмәмбет ұрпағымен қарым-қатынасы Уәли ханның тұсында да, ол қайтыс болғаннан кейін де Цин мен Ресей империяларының Орта Азия арасындағы аумақтық межелеуге дейін, яғни XIX ғасырдың соңына дейін жалғасты. Бірақ олар мұндай ресми сипатқа ие болмады. Сапардың көпшілігі шекаралас Тарбағатай мен Құлжа қалаларымен, кейде Қашқармен шектелді.

1799 жылы Қытайға келген Әбілфейздің немересі Жанқожа әулет елшісі ретінде әкесі Ханқожаның қайтыс болғаны туралы хабарды әкелді. Олардың қол астындағылары Шыңжаң шекарасына жақын Семей мен Өскемен бекіністерінің арасында көшіп-қонып жүрді.

Дереккөзде елшілердің Уәли ханның келісімімен жіберілгені айтылмайды, тіпті Уәли ханның бұл сапардан мүлде хабары бар-жоғы да түсініксіз. Егер бұл елшілер Уәлидің мақұлдауымен, келісімімен жіберілген болса, онда оның саудагерлері олардың қатарында болған болар еді. Бұл жағдайда Уәли өз елшілерін төрт-бес жылда бір жіберген болып шығады, ал Цин үкіметі үш жылда бір рет елші жіберу туралы ереже бекіткен болатын.

Уәли ханның Цин Қытаймен байланысының қарқыны патшалық Ресеймен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Қытайға жіберген

[2] Бұл жерде Уәлидің інісі Шыңғыс сұлтан деп дұрыс жазылғанымен, тағы бір деректе 1803 жылы Бейжіңге барған елшілердің құрамындағы Тоқта сұлтанды Жолбарыс сұлтанның ұлы деп көрсетілген (арнайы кестені қараңыз) – редактор

елшілерінің қатарында бауырлары – Досалы (1786, 1809 ж.), Қасым (1787, 1788 ж.), Әміржан (1791 ж.), Шамухамет (1795 ж.), ал балаларынан – Ғаббас, Богелы (Бегәлі) (1800, 1803 ж.), Сарбай (1809 ж.), сондай-ақ жиендері болды.

Уәли ханның Бейжіңмен байланысын ұрпақтары үзген жоқ. Алайда келесі ұрпаққа өткен сайын әлсірей берді.

Уәли ханның ұрпақтары көп болды. Бұл сол кезеңдегі қазақ қоғамында күш-қуаттың белгісі болған. Орыс материалдары бойынша Уәли ханның 14 ұлы – бәйбішесінен – 5 ұлы, орыс сарайына жақсы таныс тоқалы Айғаным ханымнан – 9 ұлы болған. И.В. Ерофеева оларды былайша жіктейді: Әбілмәмбет, Шыңғыс, Хамза, Бегалы, Абылай, Шеген, Төрежан, Аббас (Ғаббас), Жошы, Тәуке, Қанқожа, Әли, Ғұбайдолла (Ғұбайдолла) және Есім [Ерофеева, 1997, 123 б.].

Мүмкін ол ұлдарының жасына қарай тізімдеуге мән бермеген болар. Алайда бұл мәселе тақ мұрагерін анықтауда аса маңызды.

Шыңғыс – 1818 жылы, Уәли хан қайтыс болардан бір жыл бұрын өмірге келген. Ол 33 жасқа толғанша біршама тәжірибе жинады. Мысалы ол 1851 жылы 30 тамыздан бастап Аман-Қарағайдың (кейін Құсмұрын деп өзгертілді) аға сұлтаны болса, 1838 жылы 20 жасында-ақ майор шенін орденімен, ал 1843 жылы – Александр лентасындағы алтын медальмен марапатталған [ИКРИ, т.8, 2006, 342].

Сібір бөліміндегі сұлтандардың 1891 жылғы фотосуреті сақталған. Ортада полковник формасын киген, иығында әшекейлі погоны, жанында атаулы қылышы бар Шыңғыс отыр. Ол кезде аға сұлтан 73 жаста еді. Наградаларды Кенесары көтерілісі жылдарында алынған!

Төрежан – 1810 жылы дүниеге келген. Ол 1859 жылы болыс губернаторы болса да, орыстардан ешқандай марапат алған жоқ.

Жоғарыда Павел патшаның Ғаббасқа айлық беріп отырғаны – оның артықшылығын айғақтай түссе керек. «Синьцзян шилюе» (цз. 12, л. 3-12) қойылған хан шежіресінде Уәли ханның үлкен ұлы – Аббас (Ғаббас), одан кейін – Әміржан, Абалайда (Абайділда, Ғұбайдолла), Бегали (Бөгелі), Сарбай екені анық жазылған.

Бар болғаны бес ұлдың аты-жөні берілген, сірә, олар Уәли ханның бәйбішесінен туып, дала заңы бойынша хан тағына заңды үміткер болуы мүмкін еді. Қалған тоғыз ұлдың аты-жөні шежіреде жазылмаған. Бірақ олардың кейбіреуі ұзақ өмір сүрді. Уәлидің балаларының көпшілігі Көкшетау сыртқы округына тіркелген. Орыс бағытын ұстанып, Ресейдің қызметіне ауыстырылды. Цин сарайы барлық жағынан бәйбішенің ұлдарына артықшылық берді. Бұл тоқал ханым

Айғаным мен одан туған балалардың неге орыс түсікте болуының себебін белгілі бір дәрежеде түсіндіреді. Алайда Айғанымның балалары дипломатиялық қызметтен мүлде шет қалған жоқ, өйткені хан әулетінде оның өзіндік орны бар еді.

## 2.2.3. Уәли хан елшілерінің кестесі

| Жылы, айы, күні | Елшінің, хабаршының, шабарманның аты-жөні | Қайда және кімге жіберілді | Дереккөзі |
|---|---|---|---|
| 1782, маусым. 1782 жылы 11 маусымда Іледен жолға шығып, 26 наурызда Үрімжіге, 15 мамырда Ланьчжоуға, 11 маусымда Пекинге жетті. | Уәли ханның інісі Шығай сұлтан; Даяр, Дектер, Дұрал (Дұрат), Есен, Кебек, Чуйана, Белек, Жанкелту (Яхагеледу), Мәмбет (Бейімбет). Әділ сұлтан және оның елшілері Тастемір, Жырғал, Азиан | Пекинге, император Цяньлунға | ҚХР БТМ, қ. Хасаке данъань, 1. дәптер.; Цин Гаоцзун шилу, цз. 1156, 7; 2, 56 |
| 1781 26 қазан, 1782 | Уәли ханның інісі Есіл (Есім) сұлтан; Есіл сұлтанның қол астындағы Төлеу мырза, Шәуқал Баһадүр, Байтұқ, Тілеуқабыл, Мұрзатай, Құйлып, Токус (Текуш старшинасы) және Есіл сұлтанның екі нөкері. | Санкт-Петербургтегі II Екатеринаға | КРО 2, с.103 |
| 1784 қазанда қайтады | Уәли ханның інісі Жәнібек сұлтан әріптестерімен | Санкт-Петербургтегі II Екатеринаға | КРО2,.108 |
| 1787 маусым | Жолбарыс (Юлбарыс) сұлтанның ұлы Айбақ сұлтан үш нөкерімен, 6 старшынымен. | Санкт-Петербургтегі император Павелге | ЭНЭХ2, 297, 302,305 |
| 1787 қыркүйек | Уәли ханның інісі, аз уақыт қырғыздарда тұтқында болған Хасам (Қасым) сұлтан, Даяр, Балтай, Хара Батур, Бедегер | Пекинге, император Цяньлунға | ҚХР БТМ. КФ.тетр.2 - 3; Цин Гаоцзун шилу, цз. 1286, 13 |
| 1791, қаңтары | Уәли ханның кіші інісі Досалы сұлтан | Бейжіңдегі император Цяньлунға | ҚХР БТМ. Ф.ХД.дәптер 2 - 3; Цин Гаоцзун шилу, цз. 1369, 13,15- 15 об. |

| Жылы, айы, күні | Елшінің, хабаршының, шабарманның аты-жөні | Қайда және кімге жіберілді | Дереккөзі |
|---|---|---|---|
| 1791 шілде-тамыз | Уәли ханның кіші інісі Әмидай, Әміртсай (Әміржан) | Бейжіңдегі император Цяньлунға | Цин Гаоцзун шилу, цз.1383, 27 |
| 1795 қыркүйек | Уәли ханның кіші інісі Шамухмуд сұлтан мен ханның туысы Балакэ | Бейжіңдегі император Цяньлунға | Цин Гаоцзун шилу, 1483,16 |
| 1798 | Уәлидің жиені, Шыңғыстың кіші інісі Баһадүр (Батыр сұлтан), Қожагелді, Аққиші, Ирари, Умарбек старшындар | Санкт-Петербургке | РИ ССМ, қ. ҚҚІ 1781, 3-іс |
| 1803 қыркүйек | Уәли ханның кіші інісі Бегәлі сұлтан, Жолбарыс сұлтанның ұлы Тоқта, Бабақтың ұлы Айшуақ | Бейжіңдегі император Цяньлунға | Цин Жэньцзун шилу, цз.118, 29; Синьцзян шилюе, 12 |
| 1809 қыркүйек | Уәли ханның кіші інісі Досалы (Досали), Уәлидің ұлы Сарбай, Уәлидің жиені Тоқты, Абаздың ұлы Сұлтанкерей, Дәулеткерей (Дулаткерей) сұлтанның ұлы Шарухұл, Уәли ханның інісі Айшуақ | Бейжіңдегі император Цяньлунға | Цин Жэньцзун шилу, цз.217, 1: Синьцзян шилюе, 12 |

*Ескерту: Уәли хан Ресейге – 4, Қытайға – 7 елшілік жіберген.*

## 2.3. Ғұбайдолланың (Абайділданың) хан атағын сақтау саясаты

Ғұбайдолла (Ғабайдолла, Абайділда, Әбілада, 爱毕勒达,阿拜拉达) Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі жолындағы күреске үлес қосқан Абылай ханның тарихта белгілі немересі. Өмір сүрген жылдары 1778-1851 жылдар, 73 жасында қайтыс болды. Оның есейген шағы қазақ мемлекеттілігінің әлсіреуі мен кейіннен мүлдем жойылып кеткен қиын кезеңіне тап келді. Сондықтан оның саяси қызметін патша үкіметі әрі жылдам, әрі қайта бас көтерместей етіп басып-жаншыды. Ғұбайдолланың саяси қызметінің нығаюына қазақ қоғамындағы феодалдық алауыздық, хандық институтының жойылуы мен Қазақстандағы орыс-қытай бақталастығының жаңа өрлеуі әсер етті.

Зерттеушілердің көпшілігі Ғұбайдолланы Уәлидің екінші ұлы деп атайды. Бұл жартылай ғана шындық. Рас, ол XIX ғасырдың 20-жылдары Ұлы далада өзі үшін де, Қазақ хандығы үшін де тағдырлы оқиғалар басталғанда аман қалған Уәлидің екінші ұлы болатын. Оның да өз себебі бар, көптеген шежіреде Уәли ханның тұңғышы Ғаббас мүлде аталмай, үлкен ұлы Ғұбайдолла[3] сұлтан деп көрсетіліп келді. Тіпті 1821 жылдар шамасында Іле генерал-губернаторы Сун Юнның жарлығымен Шыңжаңда құрастырылған хронологиялық кестеде Ғұбайдолла Уәлидің үшінші ұлы деп көрсетілген. [Циньдин Синьцзян шилюе, б/м, 1821, цз.12, 5-п.айн].

Бір қызығы, хронологиялық кестеде сұлтан балаларының да, оған бағынышты рулардың да аты аталмаған. Бұл кесте құрастырылған кезде олар әлі дүниеге келмеген болуы мүмкін. Олай болса, Ғұбайдолла қытайларға неліктен жиенін мұрагері ретінде атағаны түсінікті. Бақытымызға орай, Ғұбайдолланың балалары туралы толық мәліметті орыс деректерінен алуға болады.

XIX ғасырдың басындағы Қазақ хабаршылары да, олардан кейінгі Іле билігі де сұлтанды хан тағына үміткер ретінде қарастырмады. Оның төмендегідей себептері болуы мүмкін:

1. Қытай құжаттарының мәліметтеріне сәйкес, шежіре Ғаббас сұлтан қайтыс болғанға дейін қазақ елшілері мен көпестерінің мәліметтері негізінде Қытайда құрастырылған;
2. Көкшетау төңірегінде тұратын Ғаббас отбасы Ғұбайдолла отбасымен салыстырғанда әлдеқайда ықпалды әрі көп болатын. Ресей

[3] Ескерту: И.В. Ерофееваның мақаласындағы 18-19 ғ. ортасындағы қазақ хандары мен хан әулеттерінің тізімінде Ғаббас жоқ, әрі аталған тізімге хан-сұлтандардың ұлдары жас ерекшелігіне қарай алынбады (122, 123 т.б. беттерді қараңыз). Ал Қытай шежірелерінде тақ мұрагерлігіне байланысты балаларды жас ерекшелігі бойынша тізімдеу қатаң сақталған.

ықпалы күшейген 1840-1850 жылдары Ғаббасовтар Бейжіңнің қолдауына ие болған Ғұбайдолла ұрпақтарының беделін патша үкіметінің алдында әбден түсіріп, оларды шетке ығыстырды.

Ғұбайдолланың әкесі Уәли хан таққа отырған кезде Ғаббас сұлтанды мұрагер етіп тағайындайды. Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша ол жас кезінде ұзақ уақыт Қытайда болып, қытай, маньчжур тілдерін, сондай-ақ конфуций ілімін меңгерген. Әзірге Ғаббас сұлтанның Қытайда қанша уақыт болғаны, қай қалада болғаны, білім алуына кімдер ықпал еткені туралы нақты деректер табылған жоқ. Өмірден жас кеткен Ғаббастың қайтыс болған уақыты мен өлімінің себебі де белгісіз. Тек әкесінен бұрын қайтыс болғаны анық. Өйткені әкесінің мұрагерлік тәртіпке түзету енгізгені белгілі. Сірә, жас сұлтанның өлімі Уәли хан қазасынан аз уақыт қана бұрын – 1819 жылдың қысында болған секілді. Ғаббастың қарамағында арғын тайпасының атығай, бағыс рулары болды [Сичуй цзунтун шилюе, 1809, цз. 11].

Міржақып Дулатов Ғұбайдолла Ғаббастың еншісіне ие болғанын айтады. Бұл туралы Жанақ ақынның жырында да айтылады. Оны тарихи дерек ретінде қабылдауға болады. Әрине, Ғаббастың мұрагерлігі оның ұлдары Абылай мен Пірәліге, болмаса 1822 жылы туған немересі Әділге де өтуі мүмкін еді. Бәлкім, Ғаббастың тікелей ұрпақтарының жастығына байланысты Ғұбайдолла олардың қамқоршысы болған шығар.

Уақыты келгенде Уәли хан Ғаббастың тақ мұрагерлігін нығайта түсу үшін орыс өкіметі мен өзінің старшындарынан жасырып, қытайлық гүн титулын алып беруге қол жеткізді. Бұл жағдай Уәлидің Хан кеңесінің сайлауына сүйенбей, өз ұрпағы үшін тақ мұрагерлігін құжаттандыруға ұмтылуын байқатады. Сөйтіп ол хан сайлауында үлкен рөл атқарған старшындардың әлеуметтік мәнін әлсірету жолындағы әке саясатын жалғастырды. Уәли дала демократиясының дәстүрі бойынша дала халқы оның балаларының мүддесін қорғамауы мүмкін екенін білді. Өйткені Барақ сұлтан ұрпақтары әлі де күшті болатын, ал хандыққа қатысты Ресей мен Қытайдың жоспарлары мүлде қарама-қайшы еді.

Уәли хан дипломатиясы көршілес екі держава – Цин мен Ресей империяларының көмегімен өз ұрпағының таққа талассыз мұрагер болуын қамтамасыз етуді көздеді. Ардақты адамдар балама ретінде хандыққа аға сұлтанды, мысалы, ханның ағаларының бірін ұсына алатын еді. Уәлидің бұл бағыттағы іс-әрекеті өз отбасының мүддесін қорғаудағы көрегендігі мен хандықтың болашағына деген жалпы алаңдаушылығын көрсетеді. Қазақ хандықтарын Ресей

империясымен арадағы табиғи тосқауыл арқылы сақтап қалуы Цин империясының мүддесіне сай болды. Ресей хандықты жоюдың ұзақ мерзімді жоспарларына байланысты жалтару ұстанымын ұстанды, өйткені олар Ғаббас сұлтанға аса сене қоймады.

Цин империясы мен Әбілфейіз (Әбілмәмбет) және Уәли (Абылай) әулеттерінің өкілдері тұрақты байланыста болғандықтан, хан таңдауда біраз тартыншақтады. Әбілфейздің балалары мен қарамағындағы рулар өз тіршілігін біртіндеп Моңғолия мен Шыңжаң аумағындағы жайылымдармен байланыстырды. Бұл өз кезегінде Цин үкіметімен саяси тығыз қарым-қатынасты қамтамасыз етті. Цин империясы да XVIII ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның шекаралық аумағындағы, тіпті одан да алыс солтүстік облыстарының билеушілерімен орнатылған саяси-экономикалық байланыстары үзбеуге тырысты. Император Цяньлун көп ойланбастан Абылайды (Әбілмансұрды) Қазақ ханы деп мойындады. Содан кейін Бейжің хандыққа мұрагер атақтары мен жарлықтарды (ярлык) оның тікелей ұрпақтары – Уәли мен Ғұбайдоллаға берді.

Уәли хан таққа мұрагер болу мәселесін ең болмағанда бір тарап – Қытаймен түпкілікті шешіп алуға ұмтылғаны сөзсіз. Алайда ол әлдебір маңызды себептермен Ғұбайдолланың халықаралық аренадағы құқығын дер кезінде қамтамасыз ете алмады. Бұған Ғаббастың, одан кейін Уәлидің кенет қайтыс болуы себеп болса керек.

Бәлкім, Уәли хан бірнеше әйелден туып, өзара бақталас болған мұрагерлерді таңдауда өмірінің соңына дейін күманданған болуы мүмкін. Ол көрші державалар арасындағы күш тепе-теңдігін де ескеріп, Ғаббасты Қытайда, Шыңғысты Омбыда оқытқан. Өйткені кіші әйелі Айғанымның ұлы Шыңғыс Ғаббастан кейін мұрагерлік құқыққа ие болатын. Бұл отбасы Омбымен тығыз байланыста болып, қолдауына сүйенді. Ал Уәли Ресей қамқорлығына толық сенімді болмады. Себебі Ресей Орта жүз ақсүйектерінің арасына от салып, таққа үміткерлер арасындағы бәсекелестікті қоздыру саясатын ұстанғанын білетін. Бұл саясат сондай-ақ Орта жүз бен өзге екі жүздің арасындағы алшақтықты тереңдетуге бағытталды. Жоғарыда атап өткеніміздей, Ресейдің Уәли тұсындағы саясаты қазақ мемлекеттілігін бірте-бірте жоюға негізделген. Сондықтан Ресей шекаралық әкімшілігі хан сайлауын бастаудан тартынды және Уәли ханның мұрагерін бекітуге қатысты істі әдейі созып жіберді.

XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Цин империясы керісінше, Қазақ хандығын сақтап қалуға және сол арқылы Ресейдің Солтүстік

Қазақстандағы жағдайын әлсіретуге, сондай-ақ оның ықпалының Жетісуға таралуына жол бермеуге мүдделі болды. Бірақ Цин империясы Ғаббас қайтыс болғаннан кейін Ғұбайдолланы бекітуге, дәлірек айтсақ, мұрагерлік құқығын мойындауға асықпады. Себебі ұйғыр көтерілістері мен Қоқанның қолтығына су бүріккен Қожа ұрпақтарының әскери шабуылдарына байланысты билігі шайқалған Қашқариядан айырылып қалу қаупіне тап болды. Соған қарамастан, Уәли ханның қайтыс болғаны туралы хабар алған Цин үкіметінің бюрократиялық машинасы бұрынғы прецеденттерден бір тамшы да ауытқымауға тырысып, жұмыс істей бастады. Олар Көкшетау (қазіргі Көкшетау) мен Есіл өзенінің арасын орыс шебін жайлаған арғын тайпасының атығай руының 44 жұртының (отока) бір бөлігін Ғұбайдолла әкесінен мұра етіп алғанын да ескерген.

Соңғы шешім Цин үкіметінен алынбай тұрып-ақ Уәлиден кейін кім хан болады деген мәселені ақсүйектер мен старшындардың көпшілігі Ғұбайдолланың пайдасына шешті. Ғұбайдолланың інісі Қасым оның «әкесі Абылай мен ағасы Уәлидің мұрагерлігімен» сайланғанын ресми түрде мәлімдеген [КРО 2, с. 215][4]. Алайда, осы уақыт аралығында патша үкіметі хандық институтты жойып, Ұлы далада уездік приказдар (дуандар) құруға арнайы кірісуінен туындаған Ресейдің Қазақстанға қатысты саясатында үлкен өзгерістер болды. Бұл дуандардағы аға сұлтандар хан әулетінің ықпалды мүшелерінен сайланса да, шын мәнінде Ресей тарапынан тағайындалды.

Құқығы біршама азайса да, билігін сақтап қалуға тырысқан Ғұбайдолла Көкшетау уезіне аға сұлтаны болып сайлануға келісті. Бірақ ол бұл жағдайға көңілі толмай, бір мезгілде Тарбағатай губернаторымен (цаньцзань дачэнь), сол арқылы Қытайдағы Іле генерал-губернаторымен хат алысады. Осы тұста Ғұбайдолла Ғаббастың баласына «гүң» атағын алып беру үшін әбігерге түсті. Бұл сұлтанның оны мұрагер етіп, Қытай билігі арқылы заңдастырмақ болғанын білдіреді. Ғұбайдолланың бұл жоспары оның дипломатиялық қабілеті мен Абылайдың өзге ұлдарын өз жағына тартуға талпынғанын байқатса керек. Еске салайық, олардың барлығы тақ мұрагерлігі мәселесінде бірауыздан пікір білдірген жоқ.

Ғұбайдулланың кандидатурасына Айғаным ханшаның екінші күйеуі (әмеңгерлікпен тиді ме? - К.Х.), ноғай билеушісі Тортай, сұлтан Сартай (Сортай) Шыңғысов қарсы шығып, ол «Ғұбайдулла Сартайға

[4] Сұлтан Қасым Аблайхановтың Орта жүзде уездік приказдардың енгізілуіне байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторы Капцевичке наразылығы. 1824, 17 қыркүйек.

қарсы тұра алмайды» деп, өз әкесінің әулеттегі үлкендігін алға тартты [КРО 2, с. 209-211][5].

Айтпақшы, Сартайдың сөзі Уәли ұлдарының дүниеге келу ретін жазудың дұрыстығын жанама түрде растайды. Сартай жақсылық-қарауыл руын басқарып, хандықтың қақ ортасынан – Көкшетауда уездік приказдың ашылуына қазақтардың ықтимал қарсылығын басуға келген орыс жасақтарына қарулы қарсылық көрсетуге дайын болды. Сартай орыс жасақтарының Ұлы далада қалмайтынына сенімді болды және оған басқаларды да сендірді.

Уездің ашылу салтанатына өзі де келмеді, Тортай сұлтан мен оған жақтас өзге адамдарды да бұл рәсімге жібермеді. Бұл Сартайдың Сперанский әзірлеген «Сібір қазақтары туралы жарғыға» қарсы күресуге бел байлағанын көрсетеді. Ғұбайдолла әлі де оның уезіне бес жүз отбасы «яқшылық» (жақсылық), үш мың отбасы «ноғай» қосылатынына үміттеніп, бұл жағдайда олардың екі билеушісі де оның билігінде болады деп сенді.

Ғұбайдолла құқығының заңдылығын дала жұрты жақсы түсінген, оны Орынбай ақынның жырынан-ақ аңғаруға болады. 8 жыл «Итжеккенде» айдауда болған Абайділда – Абылайдың заңды мұрагері Қызылжарға оралды деген сөздер бар. Ол ауыр жұттан кейін, ұн 5 теңге тұратын қиын уақытта (таразының мөлшері көрсетілмеген, бәлкім 1 пұт ұн – К. Х.) халықтың бақытына және Орта жүздің амандығына оралды.

Хан атағын беру үшін қытай құжат дайындап, оны жеткізу мәселесі біршама кешіккендіктен, сұлтан Көкшетау приказының аға-сұлтаны болып тағайындалуына байланысты Ресей үкіметі алдында Құран ұстап ант беріп үлгерді. Дегенмен, генерал-губернатор П.М.Капцевич пен Омбы облыстық басқармасының төрағасы подполковник Григоровскиймен жазысқан хаттарында Ғұбайдолла өзінің мұрагерлік құқығының аяқ асты болғанына, Орта жүздегі жаңа әкімшілік құрылымға қатысты патша әрекеттеріне наразылығын жасырмай, оның аумағында «диван» (*приказ – сыртқы округтің кеңсесі және сыртқы округтің өзін білдіреді – Қ.Х.*) жасаудың заңсыздығын ашық айтты.

Ол тақ мұрагерлігі жөнінде Қытаймен хат алысып тұрғанын жасырмады. Цин императорының Ғұбайдоллаға хандық титул беруге дайын екені туралы сенімді хабар жеткенде, ол өзінің одақтастары – Абылай ұлдары мен оған жаны ашитын старшындар мен билердің

---

[5] Омбы облыстық басқармасының төрағасы подполковник Григоровскийдің Батыс Сібір генерал-губернаторы Капцевичке Сортай сұлтанның Көкшетау уездік приказының ашылуына байланысты сөйлеген сөзі туралы баяндамасы. 1824 жыл 30 сәуір.

басын қосып, кеңес өткізеді. Соның нәтижесінде император Даогуаннан (1821-1850 жж. билік құрған) хандыққа фирман алмас бұрын, Ғаббастың ұлы Абылай сұлтан мұрагер болады деген шешімге келеді.

Осы жерде тағы бір қиындық туындайды – Шыңжаңда жинақталған шежіреде бірнеше рет аты аталған Ғаббас сұлтанның ондай есімді ұлы жоқ болып шығады. Құлжаға келген қазақ елшілерінің мәліметі негізінде жасалған Қытай шежіресі бойынша Ғаббас сұлтанның ұлдарының тізімі келесідей: Сұлтанкерей, Қашқынбай, Әбілғазы. Бірақ мұнда Абылай атымен Әділдің баласы (хан Абылайдың үшінші ұлы, яғни Ғұбайдолланың ағасы) айтылады [Циньдин Синьцзян шилюе, б/м, 1821, цз.12, 5-п; 6 п. айн. - 7].

1828 жылғы 10 наурыздан бастап Көкшетау маңындағы атағай-бағыш болысын басқарған тағы бір Әбілқайыр Ғаббасов аталады [ИКвРИ, т. VIII, ч.1, 43].

Ол 1830 жылы капитан атағын алып, 150 рубль жалақымен болыс губернаторы болып тағайындалды [ИКвРИ, т. VIII, ч.1, 99].

1852 жылғы 30 қыркүйектегі ресми тізім бойынша Әбілқайырдың 343 рубль 10 тиын жалақымен Көкшетау уездік болысының аға сұлтаны болғанын, ал майор шенін 1843 жылдары алғанын көруге болады [ИКвРИ, т. VIII, ч.1, 491- 493]. Сол жылы бұл сұлтан 49 жасқа толды. Әбілғазы немесе Әбілқайыр есімдері бір адамның есімі болуы мүмкін екені де жоққа шығарылмайды.

Орыс деректерінде тағы бір Ғаббасов, яғни Пірәлі Ғаббасов туралы айтылады. Ол 1851 жылы 40 жаста еді, демек ол 1811 жылы туған, яғни Ғаббас 1811 жылы әлі де тірі деген сөз! Пірәлі Әбілқайыр сияқты 1830 жылы жүзбасы шенін алып, Бабасан-Бағыш болысының болыстық губернаторы болды. Ол 1834 жылы қазан айында екі рет шекара командирінің мақтау қағазымен, ал 11 қыркүйекте Анна лентасындағы алтын медальмен марапатталды. Ұзындығы 50-ден 270 шақырымға дейінгі жерде көшіп-қонып жүрді [ИКвРИ, т. Ү111, ч.1, 367].

Қалай болғанда да, Ғұбайдолла таққа үміткерлердің бірі – Ғаббас әулетінің қолдауына ие болып, осы әулеттің сұлтанын өз мұрагері деп мойындайды. Әрине, бұл Әділ сұлтанның отбасы туралы болуы да мүмкін.

Қазақстанның тағы бір аймағы – Жетісуда, яғни Кіші жүз аумағында да Абылай ханның осы ұлы мен ағасы Ғұбайдолланың ықпалы біршама күшті болды. Мұны әулет мүшелерімен азды-көпті тұрақты байланысын үзбеген Құлжа, Тарбағатай, Қашқардан бергі

Цин шекаралық шенеуніктері жақсы білетін. Бұл арада Омбы, Томск, әсіресе Орынборда Әділдің танымалдығы төмен еді. Демек, құжат бір заманда өмір сүрген Абылай Әділевке (Құлан) қатысты болуы әбден мүмкін.

Сұлтанның Абылай есімімен байланысты отбасылық қатенің Цин құжатына да еніп кетуі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Қазақтар мен циндер үшін Абылай әулетінің бұл тармағының Ресей бодандығына әлі ресми қабылданбағандығы да қолайлы болуы мүмкін. Оны Ғұбайдолланың қол астына қосу – болашақ хандықты айтарлықтай нығайтып, оның аумағын Абылай ұлдарының позициясы айтарлықтай берік болған Жетісу өңіріне дейін кеңейтер еді.

Ғұбайдулланың өзі Цин әулеті алдында өзінің нақты тең билеушісі ретінде Абылай Ғаббасовты немесе Абылай Әділевті жариялау туралы өз бетінше шешім қабылдады ма, әлде оның бірінші кеңесіне қатысқандардың бірінің ұсынысы бойынша жасады ма, әлде бұл Цин үкіметінің талабымен жасалды ма деген сұраққа жауап жоқ. Қалай десек те, Абылай әулетінің тағы бір тармағына «гүң» атағын беру – хан әулетінің кеңеюіне, хандықтың өмір сүруіне бағытталған қадам болды. Кезінде Ғаббасқа тағайындалып, бірақ туысқаны Ғұбайдоллаға қалдырмақ болған «гүң» атағы цин тәртібі бойынша мұралыққа қалған жоқ.

Сұлтан Абылай Ғаббасовтың (Аббасов) да Қазақ хандығында айтарлықтай беделі болды. Оның дүниетанымы біршама кең, хандық құрылымына қатысты саяси көзқарастары Ғұбайдолланың жоспарларымен үндес еді. Ол ағасы Пірәліні Қытайға жіберуді мақсат етті. Жоғарыда айтылғандай, Пірәлі де Абылай Ғаббасов сияқты орыстың капитан дәрежесі, 1830 жылы Ресей үкіметі тағайындаған 150 рубль жалақысы болды. Бірақ бұл оның хандыққа байланысты істерімен Қытайға баруына кедергі болған жоқ.

Көшпелі билеушілердің азаматтық мәселелеріне қатысты XVIII ғасырдағы ата-бабалары сияқты саяси көзқарастары мен менталитеті өзгеріссіз қалды. Абылай ұлдарының екінші және үшінші буыны жаңа жағдайда қазақ мемлекеті үшін күресті жалғастырды.

Абылай Ғаббасов (Аббасов) пен Тұрсын Шыңғысов (олар немере ағайындар) 1830 жылы Көкшетау мен Қарқаралы округтерінен Санкт-Петербургке барған депутацияны басқарды. Бұл кезде Ғұбайдолланың қазақ тағын дипломатиялық жолмен қорғау әрекетінің сәтсіздікке ұшырағанына 6 жыл өткенін, ал Кенесары Қасымовтың сол үшін

қарулы күреске шығуына дейін де осыншама уақыт қалғанын еске саламыз.

Ресей астанасына келгеннен кейін көп ұзамай сұлтандар І Николайдың атына бірнеше петиция тапсырды. Олардың талаптары Ресей СІМ мен СІМ Азия департаментін үлкен әбігершілікке түсірді. Бұл құжаттар Батыс Сібір генерал-губернаторы сұлтандарды Санкт-Петербургке дәл осы сапарда дәл осы мақсатта жібергенімен, округтердің ашылғанына ризашылық білдіру үшін келген депутация деп санамағанын көрсетеді.

Сұлтандар Қазақ хандығы атынан жіберілген елші ретінде келген. Омбыға жіберілген Ресей СІМ жоғары лауазымды қызметкері «Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры, жеке тұлғалар кеңесшісі К.К. Родофиникиннің Батыс Сібір генерал-губернаторы, инфантерия генаралы И.А.Вельяминовқа Қарқаралы және Көкшетау сыртқы округі қазақтары депутациясының Петербургке баруы туралы хабарласуы. 1830 жыл 6 маусым» деген құжатқа жүгінейік [ИКвРИ, т. УШ, ч.1, 29- 33].

Онда қазақтардың аса маңызды талаптарының тізімінде аға сұлтандарды хан дәрежесіне көтеру, Уәли мен Бөкей хандар әулетінен тарайтын барлық сұлтанға хандық дәреже беру жазылған. Егер бұл нұсқа мүмкін болмаса, тым болмаса, осы екі әулеттің өкілдеріне аға сұлтан атағын мұра етуді сұрады. Сұлтандардың бірқатар талабы қазақтарды басқаруға қатысты болды:

1. сұлтан әулетін жөндеу жұмысынан босату;
2. төлеңгіттерден салық алуды сұлтандардың өздеріне қалдыру;
3. олардың «жер-суға, орман-тоғайға мәңгілік иелік етуін» қамтамасыз ету;
4. қазақ жеріне барлау жүргізбеу;
5. қырғыздардың (қазақтардың) дауын ескі дәстүр бойынша шешуге мүмкіндік беру, бұл құқықты орыстың қағазы мен тергеу тәртібіне емес, сұлтандар мен билерге беру;
6. сұлтанның балаларын әскерге шақырмау;
7. киіз үйлерінде еркін өмір сүруіне мүмкіндік беру (басқаша айтқанда, өз заңдары бойынша өмір сүруді жалғастыру).

Осы талаптардың бәрі Ресей империясының астанасына іссапармен барған Абылай Ғаббасовтың елшілік іс-әрекетіндегі ойлампаздығы мен саяси кемелдігін айғақтайды.

Сұлтандар өздерінің артықшылықтарының сақталуын, міндеттер орындауда дербестікті, сот қызметін дәстүрлі тәсілдермен орын-

дауды, яғни биліктің барлық тармақтарын: саяси, атқарушы және сот билігін талап етті. Олар мұраға қалдырылған жағдайда «аға сұлтан» дәрежесін мойындауға және жерді барлауды тоқтатып, әкімшілік аймақтарға бөлмесе ымыраға келуге дайын болды. Төлеңгіттерден алым-салық жинау шын мәнінде хан сақшыларын заңдастыру ниетін білдіреді. Бірақ бұл талаптар Ресей енгізіп отырған «Сібір қазақтары туралы жарғының» ережелеріне сәйкес келмеді.

Негізінде беделді сұлтандардың талабы намысына тиген Ғұбайдолланың болмашы жеңілдіктермен қойған талаптарымен сәйкес келді. Одан бөлек, Абылай Ғаббасов пен Тұрсын Шыңғысов жақтастарына ресейлік сый-сияпат, шен, наградалар алу бойынша өтініш айтты. Ресей империясының СІМ хан дәрежесін қалпына келтіруден үзілді-кесілді бас тартып, олардан өзге де талаптарға шекаралық билік жергілікті жерде шешу керек деген сылтаумен жалтара жауап берді.

Абылай ұлдарының екі елшілігін де ымыраға келіп, хандық билікті сақтап қалуда Ресейге тәуелділікті азайтудағы сәтсіз әрекеті ретінде қарастыруға болады. Ғаббасовтар ол кезде патша өкіметіне ашық қарулы қарсылық көрсетуге дайын емес еді. Абылай Ғаббасовтың ұлы Әділді орыстар «жиырма жастағы зерделі, «иманға сенетін», бай, ағасы Әбілқайырмен бірге көшіп жүрген момын жігіт» ретінде сипаттаған [ИКвРИ, т. УШ, ч.1, 111].

30-жылдардағы қазақтардың дипломатиялық айла-шарғылары нәтиже бермеді. Патша үкіметі Абылай ханның ұрпақтары қойған барлық талапты елемей, хандық билікті жою мәселесін түпкілікті шешілді деп есептеді. Бұл немқұрайдылық 10 жылдан кейін әулеттің кіші тармағы – Қасымовтардың 15 жылға жуық уақытқа созылып, Қазақстанның бүкіл аумағын дерлік қамтыған қуатты көтерілісіне әкеп соқтырды.

Абылайдың көп ұрпағынан Қасымұлының әулеті Ғұбайдоллаға барынша қолдау көрсетті. Ғұбайдолла мен жолдастарының күшпен тұтқындалуына алғаш болып әулеттің үлкені Қасым сұлтан қатты наразылық білдірді. Ол Батыс Сібір генерал-губернаторы Капцевичке былай деп жазды: «Бұл не үшін жасалды және оның болысы неліктен қонысынан айырылды? Егер ол, Ғұбайдолла, Ресей үшін қандай да бір жамандық жасаған болса, бұл туралы маған хабарлаңыз; егер ол қырғыз (қазақ) халқына зиянын тигізген болса, мұны біздің сотқа ұсыну керек еді. Сол туысымның қылығы туралы маған хабар бермесеңдер, біз бұл туралы сұрауға мүмкіндік табамыз. Ол кезде

бізге ренжімеңіздер». Қасым сұлтан дәл осындай Ресей билігінен «Шекарамызда тұратын бодандықты қабылдамаған қырғыз азаматтарына зиян тигізбеуді», салынып жатқан құрылыстарды бұзуды, әкесі Абылай хан тұсында белгіленген шекара сызығын сақтауды қатаң талап етті. Соңында ол былай деп қосты: «Сізден келетін қауіптен қорғанатын батырлар бізде әлі де бар» [КРО 2, с. 215-216].

Бұл хат кейбір билеушілердің Ғұбайдолланың тұтқындалуына қаншалықты ашуланғанын, Омбы тарапының әрекетін бірауыздан заңсыз әрекет деп санағанын көрсетеді. Хаттың сарынынан Қасымның ұлдарына жұққан қатал мінезін тануға болады. Уәли ханның мінезі анағұрлым жұмсақ еді. Ол орыс билігіне бұлай мінез көрсете алмады. Старшындар арасынан Ғұбайдолла сұлтанға Цин елшілерімен кездесу барысында казак отряды өзімен бірге ұстаған, Қарқаралы уезінен келген Торайғыр би белсенді қолдау көрсетті. Сондай-ақ, Ғұбайдолланы хандыққа көтеру үшін келген Цин делегациясын найман тайпасының сыбан руының билеуші батырларының бірі, цин билігінен екінші дәрежелі «гүң» атағын алған сұлтан Сарыбай Жәңгіров ертіп келді. Гүң атағы дәрігер Зибберштейннің айтуынша, орыстың генерал-лейтенант дәрежесімен тең [ИКвРИ, т.V1, 222-223].

И.Ерофееваның зерттеуі бойынша Ғұбайдолланың Жәнібек, Болат, Жошы, Қанқожа, Әбілфейіс атты бес ұлы болған [Ерофеева: Казахские ханы и ханские династии, 136].

Бірақ, бірлікті сақтау мақсатында, Ғұбайдолла өз мұрагері ретінде ұлдарының бірін емес, немере інісін таңдады. Мүмкін, бұл оның ұлын Ресей билігі тұтқындауына байланысты болар? Ұлы Бекболат (Болат?) жаңа ханның патшаға деген адал ниетін білдіру үшін Ресей империясының астанасына аттануы керек еді. Бірақ 1824 жылы жазда Ғұбайдолланың сенімді аманаты ретінде Омбыда ұсталады. Цин императорының жарлығы туралы ақпарат алғаннан кейін ұлының тұтқындалуы, Іле гарнизонының қолбасшысы басшылық еткен Цин елшілігімен келіссөздеріне казак отрядтарының кедергі келтіруі Ғұбайдолланың мінез-құлқына әсері етті.

Көп ұзамай Ұлы далада хан тағына жаңа үміткер үшін де, хандықты сақтап қалу үшін де маңызды оқиғалар орын алды. Бұл жерден Ресей мен Қытай арасындағы мүдделер қақтығысын, оның Қазақстан даму өркениетіне тигізген тікелей әсерін көруге болады. Патшалықтың әкімшілік реформаларын жүзеге асыру үшін Сібір әкімшілігі өз пайдасына қолданған жанжалды жағдайлар туындады. Бұл ретте

Ресей шекаралық органдары қазақ билеуші күштерінің шынайы арақатынасын ескерді, соған қарамастан Ғұбайдолла сұлтан өзінің барлық бәсекелесін озып, уездік приказдың бастығы лауазымына тағайындалды.

Қазақтың бәсекелес сұлтандары әдетте, хан қайтыс болған соң, қырқы мен жылдық асы берілгеннен кейін таққа таласа бастайды. Жылдық асын беру салты аяқталған соң, рәсімнің екінші бөлігі – өтініш берушінің жақтастары бірден жаңа хан сайлайды. Кейде рулардың бір бөлігі өз хандарын алдын-ала сайлап қоятын, бірақ соған қарамастан хандар арасындағы тектілік, ханның жасы және нақты лауазымына негізделген иерархия сақталды. Бұл ретте басқа ішкі күштердің арақатынасы, оған бағынышты рулар саны, иеленген жерлердің стратегиялық маңызы, сыртқы тірек күші ескерілді. Өтініш берушілердің халықаралық қарым-қатынастарының қарқынына, олардың Ресейге, Қытайға және Орталық Азия хандықтарына елші дайындау жиілігіне қарап-ақ, бәсекелестіктің қаншалықты ауқымды екенін бағалауға болады. Мысалыға, 1823 жылы Шамұхамет сұлтан (Сәмеке) елшілерінің Шәуешекке келуі мен келіссөздерінің өзі көп нәрсені аңғартады. Қытай жағы Уәли хан қазасын Ғұбайдолладан емес, содан естіді. Шамухамет қайғылы оқиғаны баяндап хат жазып (хатты алып, аударған уақыт – 1822 жылы 16 маусым), символдық сый ретінде 9 жылқыны қоса жолдап, ұлы Жаһангерді жіберген [ЦИКХ 2, док. № 195].

Қожайынның тоғыз жылқыны, сондай-ақ басқа да бағалы заттарды немесе тоғыз-тоғызбен берілген бірнеше сыйлық жиынтығын қабылдауы – өтініш берушінің өз ұлысын басқару жөніндегі талабын қабыл алғанын білдіреді. Шамухаметтің сыйы оның да тақ мұрагерлігінен дәмелі болғанын анық аңғартады. Өкінішке орай, құжатта Шамухаметтің шыққан тегі нақты көрсетілмеген. Бәлкім бұл орыс деректерінде – Шамамет (Чама) деп, ал қытай тілінде – Шама деген атпен белгілі Абылайдың баласы, Ғұбайдолланың ағасы Шама болуы мүмкін. «Сичуй цзунтун шилюе» дерегінде Абылайдың 14-ұлының есімі Шама екені жазылған [Сичуй цзунтун шилюе, б/м, 1809, цз. 11].

Бірақ, хат пен сый-сияпаттың Абылай ұлдарымен бәсекелес Әбілмәмбет әулетінің өкілінен болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Олардың біріншісін Әбілфейіздің ұрпақтары деп атаған жөн. Олардың арасында да Шама есімді сұлтан бары белгілі. Бірақ ол Әбілфейіз ұрпақтарының бірінші емес, жетінші ұлы еді.

Шамұхамет қай рудан болса да, хан сайлану мүмкіндігі болмады. Әбілфейіз ұрпақтары дәстүр бойынша Шығыс Қазақстан жерінде тұрып, Цин империясының шекарасындағы Тарбағатай мен Қобданы белсенді игере бастады. Губерниялық үкімет бұл процесті бақылауға алмаса да, қазақ руларын өз мәртебесін көтеруге ұмтылған көптеген сұлтандар арқылы басқаруды жөн көрді. Шамұхамет, бәлкім солардың бірі болған шығар.

Қазақстандық арызданушылардың Ресей мен Қытайдың шекаралық органдарына жолдаған хаттарының мазмұны шамалы, тіпті елеусіз ғана айырмашылықпен, бір типте жазылатын. Шамұхаметтің хаты император Даогуанның күтпеген реакциясын тудырды. Ол мұндай жағдайда атасы Цяньлун әзірлеген ережелерді басшылыққа алу үшін қазақ хандарын бекіту туралы Әскери кеңестің барлық ісін көтеруді бұйырды. Шенеуніктер Бейжіңге хандық титулды тану тәжірибесінің бастауы 1780-1782 жылдары Абылай ханның ұлы, Ғұбайдолланың әкесі Уәли ханның таққа бекітілуімен қаланған деп жауап берді. Қазақ хандарының дәрежесіне, императорлық грамота-фирмандарға, бір мезгілде берілетін сыйлықтардың түрлері мен санына қатысты істердің барлығы Әскери кеңестің талқылауы мен шешімінен өткенін айта кету керек. Ал бұл шешімдердің орындалуына Іле (Құлжа) генерал-губернаторлығы тікелей жауапты болды.

Қазақ істерімен танысқаннан кейін император мен оған бағынышты Әскери кеңес Абылайдың тікелей ұрпағы, Уәли ханның үлкен ұлы – Ғұбайдолланың кандидатурасы туралы шешім қабылдады. Император Даогуан Ғұбайдоллаға әкесі Уәли ханды еске алу кешін өткізгені үшін 300 лян күміс сыйға беріп, хандық құқығын мойындау туралы хатты және жиені Абылайға «гүң» атағын беру туралы жарлық дайындауды бұйырды [Цин Сюаньцзун шилу, цз. 61, лб. 39- 41. Даогуан билігінің 3-жылындағы императорлық жарлық, 11-ай, Синьмао күні (辛卯)].

Бұл шешім – Ғұбайдолланың келеңсіз жағдайын біле тұра, оның тең билеушісі мен мұрагерінің құқығын қатар мойындаған Циндердің көреген болжампаздығын байқатады. Бұл Ғұбайдолланың ұзақ мерзімді жоспарларымен сайма-сай келді ме, жоқ па, белгісіз. Ал тура сол кездегі жағдайды ескерсек, таңдау жасайтын кез емес еді. Ғұбайдолла Уәли хан салған сүрлеумен жүріп, қажетті мазмұндағы хатты жазып, інісі Жантөрені[6] Қытайға жіберіп үлгерді. Сөйтіп, Ғұбайдолла өзінің әбжілдігімен тақты әулетке қалдырып,

[6] Уәлиханның ұлдарының бірі Төрежан кейбір деректерде Жантөре деп көрсетіледі

ағайынды Ғаббастарды (бәлкім Әділді, бәлкім өзгелерін), сондай-ақ Кенесарының әкесі Қасым мен өзге сұлтандарды және кейбір беделді старшындарды өз жағына тарта алды.

Өкінішке қарай, Ғұбайдолла жақтастарының көбінің аты-жөні әлі анықталмай отыр.

Ғұбайдулланың титулымен байланысты айла-шарғылары туралы мәліметті 1823 жылы 9 желтоқсанда император атынан оған жіберілген хат та толықтыра түседі. Хаттың толық мәтіні төмендегідей:

«Өткен жылы Іле цзянцзюньдары бізге өткен қыста әкеңіз Уәли сұлтанның (瓦里苏剌坦) қайтыс болғаны туралы хабарлап, іниңіз Жантөре сұлтанды (占图喇) жібергеніңізді баяндады. Әкеңізді жерлеу науқаны аяқталған соң әкеңіздің қайтыс болғаны туралы хабарлап, сый-сияпат ретінде жылқыларын жетелетіп іниңіз Жантөрені жібердіңіз. Сондай-ақ әкеңіз қайтыс болғаннан кейін бүкіл қазақ елі өзіңізді хан сайлауды қалағанын жазыпсыз. Әйтсе де, (бұған) біздің разылығымызды алмай, өзіңізді хан деп атауға, батылыңыз бармайды.

Біз (император) әкеңіздің қайтыс болғаны туралы хабарды естіп, қатты қайғырдық. Сенің атаң мен әкең өте мойынсұнғыш болды және біздің рақымымызды көрді. Енді сенің әкең қайтыс болды, қазақ халқын (шын мәнінде) билеп тұрсаң да, бізден рұқсат алмай, өзіңді хан деп атай алмайсың. Сондықтан інің Жантөре сұлтанды халықтың сенің өз (әміршісі) болғанын қалағанын айтып хабаршы етіп жібердің. Осыған біздің жарлықты сұрадың. (Сіздің) сыйластығыңыз бізді қатты қуантады. Хан атағы ата-бабасынан қалған Әкеңнің көзі тірісінде ел басқаруға көмектестің. Бағыныштты қазақтардың бәрі сені қастерлейді, оларды тізгіндей білесің, біз мұны жақсы білеміз.

Біз (император) әкеңізге (біздің атымыздан) тризна өткізу үшін қағаз ақша және басқа да ғұрыптық заттарды жеткізу үшін (шекаралық) мәртебелі шенеуніктерге арнайы жарлық бердік. Осы жарлығымызды алғаннан кейін, біздің мейірімімізге шүкіршілік етіп, қазақ халқын ұқыптылықпен басқарып, ұрпағыңмен, бауырларыңмен тату-тәтті өмір сүріп, жанжал тудырмай, шекараны берік күзетіп, қарақшыларды қатаң жазалап, көршілеріңізбен тату-тәтті өмір сүруіңіз керек. Барлық мәселеде біздің Іле цзянцзюнь мен Тарбағатайлық цанцзань дачэнді (кеңесін) тыңдаңыз. Олардан алған нұсқауларды (бұлжытпай) орындау керек. Өзіңіздің амансаулығыңызды (ғана) ойламаңыз. Ата-бабаңдай шын еңбекқор, пара-

сатты болсаңыз, Біз (император) саған ерекше қамқор боламыз. Егер сіз біздің бұйрықты шынымен орындасаңыз, Сіз біздің игілігімізді мәңгі қолданатын боласыз. Бейқам болмаңыз!

Енді осы қаулыны (өзіңе арнайы) тапсырып жатқандықтан, сыйлығымыз – 4 сай атласты қабыл ал.

Оған қоса, Іле генерал-губернаторы бізге, жиеніңіз Абылай сұлтан менініңіз Пилайли (Бегәлі)[7] сұлтанды жібергіңіз келетінін айтты. Сіз Абылай сұлтаннан үлкен ағаңыз марқұм Ғаббас (阿　帕斯) сұлтанға, т.б. берілген гүң атағын мұра етуді (сұрайсыз). Ол атақ (Ғаббасқа) атаңның көп жылғы жемісті еңбегіне байланысты арнайы берілген. Және ол мұраға қалмайды. Енді Ғаббас сұлтан қайтыс болды, әрі ереже бойынша мұрагерлік құқығы тоқтатылды. Бірақ, жиеніңіз Абылай сұлтан өз інісі Пирали сұлтанды жіберіп, Бізді құрметтеп, денсаулығымыз туралы хабардар болу үшін, тарту ретінде жер шалғайлығына қарамай жылқыларын да беріп, (сол арқылы) бізге құрмет көрсетіп, мойынсұнушылық танытқандықтан, біз Абылай сұлтанға гүң атағын береміз. Бұл біздің сыртқы вассалдарға деген зор құрметіміз бен қолайлы көзқарасымыздың көрінісі, бірақ бұл қатып қалған қағида (заң) емес. Осыны жиеніңіз Абылай сұлтанға түсіндіріңіз, Ұлы мәртебелі!» [Қазақ ханы Айбиладаға (爱毕勒达) деген құрмет грамотасы. Даогуан басқаруының 3-жылы, 11-ай, синь-мао күні. Цин Сюаньцзун шилу, цз 61, б 39 об - 41 об ЦИКХ 2, 1989, 128- 130].

Хатта Ғаббас әулеті нағашысы Ғұбайдолланың тақ мұрагерлігіне деген талап-тілектерін қолдауы үшін, оны Ғаббастың бір баласы Абылайға тапсыруға уәде беруі керегі көрсетілген. Сірә, Абылай ойын-да тақ мұрагерлігіне деген үміті болды, әйтпесе інісі Пірәліні Құлжаға жібермес еді. Бірақ бұл Ресейдің Орта жүзге (Сібір қазақтарына) қатысты жаңа саясатына байланысты шындыққа жанаспады.

Императордың хатында Ғұбайдолланың інісі деп аталған Жантөре сұлтан Айғаным ханым асырап алған бала болуы мүмкін. Егер со-лай болып шықса, Ғұбайдолланың тақ мұрагерлігі туралы қытайлық шиеленіске Уәли ханның дәстүрлі орысшыл жесірі мен оның ұлы Шыңғыс араласқан деп болжауға болады. Олар хандық билікті жою

[7] ЦИКХ жинағы, 2-кітап, 128-130 бет. 196-құжаттың аудармасы дұрыс емес: Пилайли (丕喇伊里) атауы тура мағынада Пірәлі болып оқылады. Бірақ бұл жерде, сірә, Ғұбайдолланың інісі – Бегали туралы сөз болып отыр. Оны қытай деректері де, орыс деректері де бірауыздан Уәли ханның 4-ұлы деп атайды. Абылай әулетінің шежіресін жан-жақты зерттегенде Пірәлі есімді ұл табылмады. Бұл факт зерттеушілер үшін Қытай құжаттарын ресейлік құжаттармен салыстырудың қаншалықты маңызды екенін тағы да растайды.

жоспарын шынайы қолдамағанын, бірақ тақ мұрагері болу құқығы жоқ екенін білгенін нық сеніммен айтуға болады. Олар да Ресей билігінің ықыласы мен қамқорлығынан айырылғысы келмеді, бірақ Қытаймен қарым-қатынастан толықтай іргесін аулақ сала алмады.

Жантөренің әке-шешесі белгісіз. Демек Уәли ханның тоқалы асырап алған баланы, оны туған інісі деуге болмайды. Екіншіден, 1822 жылы ол небәрі 9 жаста еді және оны аманат ретінде көрсетуге болатын. Бұл істе Ғұбайдолла өзінен бұрынғы дәстүр бойынша әрекет етті. Жантөре Омбыда Уәли ханның ұлы Шыңғыс сұлтанмен бірге казак училищесінің Азия мектебінде оқыған [Өтениязов, Шоқан өскен орта, 41]. Олар тетелес еді. Төрежан 1813 жылы, Шыңғыс 1810-1813 жылдары дүниеге келген.

Ресей билігіне жақсы таныс Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанның дүниеге келуі туралы мәліметтер де қарама-қайшы. Ол мектепке 1834 жылы 20 жасында ересейген соң түскен. Іс қағаздарының бір жыл бұрын дайындалғанын ескерсек, Шыңғыстың туған жылын 1813 жыл деп айтуға болады. Алайда, басқа деректерге қарағанда, Шыңғыс 1902 жылы 91 жасында қайтыс болған. Олай болса ол 1811 жылы дүниеге келген болады.

Г.Н. Потанин 1895 жылы Шыңғыстың ауылында қонақта болғанда сұлтан 85 жаста болған. Бұл ретте оның туған жылы 1810 жыл болады. Қалай болған күнде де, Шыңғыстың нақты жасын көрсету қиын. Оған қоса қазақтар кейде балаларына жас қосуды жөн көрген. Бірақ не десек те, Ғұбайдолла мен циндер арасында тақ мұрагері мәселесіне қатысты байланыс орнату кезінде Шыңғыс сұлтан әлі жасөспірім еді. Сонымен қатар, орыс деректерінде – Төрежан, қытай тілінде – Жантөре деп берілгендіктен Ғұбайдолланың аманатын анықтау да түсініксіз күйінде қалып отыр. Бұл жерде бір адам туралы айтылып отыр ма, әлде басқа адам ба, белгісіз.

Императордың фирман-хаты 1823 жылдың аяғында жазылған. Демек Ғұбайдолла 1822 жылдың маусымы мен 1823 жылдың желтоқсаны аралығында Цин шекаралық билігімен байланыс орнатқан деген сөз. Сонымен бірге хат-хабарлар Сібір билігінен құпия сақталса, тек 1824 жылдың жазына дейін ғана, яғни Цин үкіметіне жазған өтінішіне оң шешім берілгені туралы сенімді хабар келгенше ғана сақталады.

1824 жылы 29 сәуірде Көкшетау уезі ашылып, Ғұбайдолла аға сұлтан болып сайланды. Сайлау рәсімі мен Ғұбайдолланың ант беру рәсімі әкесінің Ресей бодандығын қабылдау рәсімінен

айырмашылығы шамалы болды: зеңбіректен оқ ату, сенімді молда бастаған дұға, Құран ұстап ант беру, Ресей императорына ұзақ ғұмыр тілеу, сыйлық алмасу. Түсте бәйге өтіп, кешке отшашу болды [Омбы облысы шенеунігінің Көкшетау уездік приказының салтанатты ашылуы туралы және қазақ халқының бұйрыққа қатынасы туралы облыс басшысы Г.Броневскийге берген баяндамасы. 1824, 30 сәуір [КРО 2, 211 – 213].

Салтанат, жалпы алғанда, аға сұлтан мен басқа феодалдардың мақтанышын арттырды, бірақ Ғұбайдолладан басқаның бәрі хандық жойылу қаупі бар екенін түсінді.

Ғұбайдолла 1824 жылдың 29 сәуірінен 1825 жылдың 28 шілдесіне дейін аға сұлтан ретінде тізімде болды. Сол кезде Омбы оны көгілдір гауһар тасты алтын медаль тағылған Андреев лентасымен, бау тағылған алтын қылыш пен аға сұлтанның оюы бар белдікпен (мөр), алтын шарфты барқыт кафтанмен, қара түлкі құрсауы бар бөрікпен марапаттауға шешім қабылдады. Қытайлықтармен болған оқиғадан кейін сұлтанға сыйлықтар жіберілді. Бірақ ол Цин елшілігінің алдында оны қорлағаны үшін наразылық білдіріп, оларды қабылдаудан бас тартып, сыйлықтарды кері қайтарды [ИКвРИ, т. УШ, ч.1, 98].

1833 жылы сұлтанды орыс соты қудаламады, керісінше, инерциядан шығар, ол подполковник шеніне дейін көтерілді.

Бұл деректің барлығы Сібір билігінің біршама жеңіліске ұшырағанын, мұндай ашу-ызаны күтпегенін және қақтығысты тоқтатуға тырысқанын көрсетеді. Сондай-ақ, Ғұбайдолланың ұлы Болат та сый-сияпаттарды қабылдады. Омбыда онымен келіссөздер жүргізген орыс офицерлері атап өткендей, оның мінезі «шақар» болған. Ол туралы бұлай деуге әкесін қолдауы мен оның нақты тұтқындалуы және шекара әкімшілігінің қытайлар мен олардың ісіне араласуына наразылығын ашық білдіргені негіз болды.

Болат 1824 жылы 6 мамырда, яғни әкесінің кінәсінен халықаралық қақтығысқа ұласуы мүмкін жанжалдың алдында ғана 8-сыныптық шенеунік дәрежесін алған болатын. 1827 жылғы 3 наурыздағы жарлықпен Ғұбайдолла уездік тәртіп сақшылығынан бас тартып, далаға айдалуына байланысты 1831 жылдан бастап ұлы екеуі бақылауға алынды [ИКвРИ, т. УШ, ч.1, 99/.

Аға сұлтан мәртебесі хандық дәрежеге аздап болса да сәйкес келмеді. Хандық мүлде билеушісіз қалды. Омбы облысы билігі алдын ала дайындаған сұлтанның анты қазақ тіліне аударылып, Ғұбайдолла мөрімен және сауатсыз феодалдардың көпшілігінің

таңбасымен бекітілді. Көкшетау уезі Қарқаралыдан кейін екінші болып ашылды. Ал Ғұбайдолла Ресейге ресми ант берген екінші қазақ аға сұлтаны болды. Бәлкім, ол бастапқыда ханның бірінші мұрагері ретіндегі құқығының бұзылуынан қорқып, ымыраға барған шығар. Алайда, Капцевичтің ауданның ашылуына жауапты шенеуніктерге «сұлтанға қатысты қандай да бір мәжбүрлеу болды ма?» деген тіке сауалына олардың дәл солай тіке жауап бермегені түсініксіз. Тек баяндаманың шетіне Г.Броневский Ғұбайдолла: «Хан тағына үміткерліктен және оған қол жеткізу үмітінен айрылған соң, округтен жалтарып кетті» деп жазған. Қазақтар арасында басталған толқуларға байланысты сұлтан ұзақ қамаудан құтылып, Көкшетаудан 400 шақырым жердегі Қорғалжын көліне дейін барды [ИКвРИ, т. VIII, ч.1, 99].

Аға сұлтан Ғұбайдолланың алғаш ант қабылдап, оны бұзуы Омбының Абылайдың немересін таққа отырғызуды ойлаған Қытай елшілігімен батыл қарым-қатынас жасауына негіз болды. Сонымен, Цин императорының Ғұбайдолланың хан мәртебесін тану туралы хаты 1823 жылы дер кезінде жарияланды, ал оның орыс антын ресми қабылдауы 1824 жылдың басында болды. Бюрократиялық қағазбастылықтың кесірінен сұлтанға фирман ұсыну әрекеті сұлтан ант қабылдағаннан кейін жасалды. Оның үстіне Ғұбайдолланың аманаты Құлжаға әлі жетпеген еді.

Қазіргі халықаралық құқық тұрғысынан да пікірталас тудыратын халықаралық деңгейдегі заңды оқиға туындады. Патша өкіметі Ғұбайдолланы Цин үкіметімен байланысы үшін емес, көтерілісші Кенесарымен қарым-қатынасы үшін көбірек айыптады. Ғұбайдоллаға қарсы сот ісі 1847 жылдың қыркүйегінде сұлтанның бүлікшіл немере інісінің қайғылы қазасынан кейін бірден тоқтатылды. Ғұбайдолла үшін таққа барар жолдың бәрі жабылып, ол айдауда болды. Бірақ соған қарамастан, хандық үшін күресте Кенесарыға моральдық қолдау көрсетуге күш тапты.

Ғұбайдолла тек өз билігін, өз мүддесін ойлаған адам болмаған сияқты. Қазақ мемлекетін сақтауды мақсат тұтқан, мемлекеттік дәрежедегі адам болды. Сұлтан халықаралық қатынастардың бейбіт дипломатиялық әдістерін артық көрді. Немере інісі Кенесары сияқты қарулы күрес жүргізуге қабілетсіз еді. Сондықтан ол өзінің хандыққа сайлануын, тіпті Қытай үкіметінің оның тақ мұрагерлігін мойындау ниеті барын орыс әкімшілігіне өзі хабарлаған. Қытай саясаты Ғұбайдолланың мүддесіне сай болды, сондықтан ол тай-

салмай, өз ниетін Тобылдан, Омбыдан жасырмай, Цин делегациясымен белгіленген кездесу орнына барды. Ол Қытай елшілерімен кездесудің нақты уақыты мен орнын айтпағандықтан, оның артынан үш бағытқа казак отрядтары жіберілді.

Сөзсіз, Ғұбайдолла Қытайдағы елшілері арқылы Ресей үкіметінің Ұлы далада жоспарлаған реформалары туралы хабардар болды. Омбы әкімшілігі оны аға сұлтандыққа сайлауға асықты, кейін Ғұбайдолланы сатқын, «алаяқ, екіжүзді» деп айыптады. Осындай айыптаулардың қысымымен сұлтан Цин елшілігінің басшысына хан атағынан бас тартуға мәжбүр болғанын жазды. Ғұбайдоллаға оның хан болғысы келетінін «екі державаның билеушілері... мүмкін болмайтынын» түсіндіргендіктен, оның кездесуге келуі «заңға қайшы, мен енді Ижен ханнан хандық сұрамайтынымды Анбан елшісіне жеткізіп, орыс қожайындар – майор мен есәулдің рұқсатымен өзімнің тұрғылықты жеріме қайтуға ниеттімін. Соның дәлелі ретінде татар тілінде жазылған хатқа Ғабайдолла Уәлиханов қол қойды» [ЦИКХ 2, 1989, 140- 141].

Әрине, ол ұлының Омбыда ұсталғанынан хабардар болды. Екі казак отрядының бірінің қолбасшысы Ғұбайдоллаға қытайлық билік инвеституraларын алуға кедергі жасап, ал өзін айдап әкетеді. Алғаш рет өздері мойындаған ханға және өздеріне деген осындай көзқарасқа тап болған Қытай елшілігінің қызметкерлері де казак отрядының күзетімен Қазақстан шекарасынан шығарылды.

Басынан өткерген күйзеліс Ғұбайдолланың өмірінде өз ізін қалдырды. Ол бұрынғыша формальды түрде Баянауыл приказының аға сұлтаны болып қалатынын, бірақ шекара әкімшілігімен ешқандай жұмыс істегісі келмейтінін жариялады. 1824 жылдың күзінде ол өзін өлді деп жариялап, Омбыдан келген хаттарға жауап беруден бас тартты. Оған Тобольск генерал-губернаторының сыйлығы (1838 жылы Омбыға ауыстырылған) – шойын пеш пен басқа заттарды беріп, аудармашы Усовты жіберілгенде, сұлтан өзінің тірі адам емес екеніне сендіріп, хатты лақтырып, ресейлік шекара органдарынан ешқандай сыйлық алғысы келмейтінін айтты. Көп ұзамай ол аға сұлтан қызметінен босатылды. Жоғары лауазымды шенеунік Броневскийдің айтуынша, кейіннен сұлтан, шамасы, наразылық ретінде аға сұлтан лауазымын алудан өзі жалтарған.

Ғұбайдолланың айдаудағы тағдырын әйелі Әлбөбек пен қызы бөлісті. Н.А. Абрамовтың дерегі бойынша 1844 жылы айдаудағы Ғұбайдоллаға әйелі Әлбөбек келеді. Бұны туған жерлерін тастап,

күйеулерінің артынан белгісіз жаққа барған желтоқсаншылардың әйелдері бастан кешкен ұқсас тағдырмен салыстыруға болады. Әлбөбектің итарқасы қияндағы солтүстікке қаршадай қызы Хадишамен бірге келгенін өз көзімен көрген замандасы Н.А.Абрамов таңғалысын жасыра алмай, былай деп жазады: «...бірақ 1844 жылы оның қуанышына әйелі – Әбу-Мәмбетовтің қызы Әлбөбек, ұзын бойлы, сымбатты, сұлу, 34 жастағы, ақылды әйел мен олардың 11 жастағы сүйкімді, келбетті қызы Хадиша келді. Ол үш жасында Березовта қырғызша сауатын ашып қоймай, арабша «Әл-Құранды» зерделеп, түсініп оқитын. Оның үстіне ол жібектен әдемілеп кесте тігіп, орысша еркін сөйлеп, оқып, жазуды үйренді. 1844 жылы ханның жасы 67-де (яғни, Ғұбайдолла – Ж.Г.) болса да, тағдыр тәлкегіне қарамастан, көңілді болмысы әдемі жүзі мен келбетін сақтап қалған. Мұнда оның негізгі жұмысы намаз оқу еді. 1847 жылы қарашада Уәлиев отбасымен Көкшетауға қайтарылды. Еліне қайту туралы хабарды естіген сәттегі оны мен бүкіл отбасының қуанышын ешбір қаламмен жазып, жеткізу мүмкін емес».

Біраз уақыттан кейін жақтастарының көмегімен сұлтан Қытаймен байланысты қайта қалыптастыра бастады. Араға 10 жыл салып, 1833 жылы Ғұбайдолла жаңа тағайындалған тарбағатайлық цанцзань дачэннен хат алып, оны дереу Сібір өкіметіне хабарлады. Сол жылы оған подполковник шені де осы әрекеті үшін берілген жоқ па еді?

Көтерілісші Кенесарының басына 6000 рубль тігілген тұста Ғұбайдолланың үстінен хандық билікті қалпына келтіру қозғалысына қолдау көрсетті деген сылтаумен қайтадан іс қозғалды. Ғұбайдолла 1847 жылы 29 қыркүйекте ұлы мәртебелі тарапынан кешіріліп, сол жылдың 30 қарашасында Березовте болған айдауынан оралды. Сұлтан өзінің азғана халқын билеп, өмірінің соңына дейін болыс губернаторы Бабаковтың қарамағында болды. Бұл туралы «1851 жылғы Көкшетау сыртқы округі сұлтандары, билері және старшындарының әліпбиінде» жазылған [ ИКвРИ, т VIII, б.1, 357].

1842 жылы Ғұбайдолланың ұлы Әбілфейіз сұлтанның 31 жастағы, орта дәулетті, орыс үкіметі алдында ешбір еңбегі жоқ, бірақ ешқашан қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған адам екені жазылды. Ашуланшақтығы туралы арнайы жазбада Ғұбайдуллиндердің патша үкіметіне наразылықтарын жасыруды қажет деп таппағаны айтылады.

30-жылдары Аягөз уездік приказын құру кезінде Цин билігі қазақ билеушілеріне атақ берудің ескі дәстүріне қайта кірісті. Олардың

ішінде Әбілфейіз сұлтанның немересі Сарт Ючин мен ұлы Жошы болды. Ресей билігінің Сарт Ючинге және ол қайтыс болғаннан кейін ұлы Абдоллаға жаңа толқуларды болдырмау үшін Цин билігінің инвеститурасын алуға рұқсат беруден басқа амалы болмады. Бұл рәсім ресейлік шенеуніктердің қатысуымен, бұрынғы сән-салтанатсыз, ешқандай этиканы сақтамай өтті. Сартқа әкесінің қайтыс болуына байланысты император мен Іле генерал-губернаторы көңіл айтып, сыйлықтар табыс етті. Ресей империясының мұндай саясаты мен Ғұбайдолланың өмірбаяны қазақтардың өз мемлекеттілігінің жойылуына наразылық деңгейін көрсетеді. Қазақ тарихының бұл парағы әлі зерттелмеген.

Жағдайды сараптай келе, Цин патшалығы Сібір қазақтарын Ресейге түпкілікті қосуға бағытталған Ресей үкіметінің Орта жүзде жүргізген әкімшілік шараларына қарамастан, қазақ ақсүйектеріне титулдық саясатын бұрынғыша жалғастыра беруді ұйғарды. Бірақ ақсүйектер Ресей үкіметінің ресми лауазымдарында болғандықтан, бұл князьдік атақ қана болды. Моңғолия мен Шыңжаң территориясын мекендеген қазақ феодалдарымен қарым-қатынастың бұл түрі 1911 жылы Цин империясы ыдырағанша жалғасты. Қазақ хандығы XIX ғасырдың 60-жылдары өмір сүруін тоқтатты. Одан кейін Орта Азияның барлық хандықтары да өз тәуелсіздігінен айырылды.

Ескерту: Автор «Шоқан Уәлихановтың өскен ортасы» атты мақаланың қолжазбасын ұсынған әріптесі Самат Өтениязовқа, «Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әйел мәртебесі» мақаласы үшін Гульфайрус Жапековаға, сондай-ақ, ООММ-нан №279-281 // Өркениеттер тоғысындағы Шығыс дипломатиясы, 2015, 289-293/ мұрағаттық құжаттары үшін жапон ғалымы Джин Нодаға алғыс айтады.

## 2.4. Қазақ хан-сұлтандарының орыстардан алған шен-шекпендері

Қазақ хандығымен байланыс орнаған соң Ресей үкіметі хандарға жалақы белгіледі. Бұл туралы тарихшыларымыз дала билеушілерінің тәуелділігінің тағы бір көрінісі ретінде жай ғана айтып, атүсті жазады. Құжаттар ресей-қазақ қатынастарындағы марапаттар институтын тек осындай тар мағынада қарастырудың мүлде дұрыс еместігін дәлелдейді.

Басқарушы Сенаттың, Сыртқы істер алқасының, одан кейін шекаралық органдардың құжаттарында «жалақы» сөзі жиі кездеседі. Оларды талдау барысында бұл сөзге бірнеше мағына берілгенін байқауға болады.

Бүгінгі таңда біздің түсінігіміз бойынша, жалақы төлеу – еңбек үшін, қызмет үшін төленген ақшалай сыйлық қана болмаса керек. Бұрынғы заманда [Ожегов, 168] «жалақы» сөзі – берілген сыйақы, сыйға берген деген мағынаны білдірген. Бұл атау Ұлы Моңғол империясының дипломатиялық терминдерін қолданып, «татар» рәсімін ұстанған Мәскеудің Елшілік орденінің құжаттарында жиі кездеседі. Мысалы, берілген сый грамотасы қандай да бір жеңілдіктің, артықшылықтың актісі (белгісі) болды. Ол жеке тұлғаларға, кішігірім билеушілерге мүлік, киім-кешек түрінде де берілді. Мысалы Шыңғыс ханның екі тоны – әртүрлі дәрежедегі адамдар арасында сыйлық алмасудың, төменнен жоғарыға берілген және жақсы ниетпен берілгендердің арасындағы айырмашылықты тамаша көрсетеді. Оның қолында болған ең құнды зат – әйелі Бөртеге қанжыға ретінде берілген (төркінінен келген немесе жасауымен келген) бұлғын ішігі еді. Шыңғыс хан өзінің саяси қызметінің басында оны Уан ханға сыйға тартып, әкесінің досы өз қамқорлығына алады деп үміттенеді. Шыңғыс ханның өз иығына жапқан шапан – сіңірген еңбегі мен адалдығы үшін әміршінің ізгі ниетінің белгісі болды. Ол сыйлық, қымбат зат болғандықтан ғана алушының көңілін толқытқан жоқ. «Тәтті (ащы) терге» малынған тон құрмет көрсеткен адамның өмірлік энергиясын қоса сыйлағанын атап өткен дұрыс.

1675 жылдан 1730 жылға дейін қазақ хандары мен елшілеріне берілген жалақы мен сый-сияпаттар, Ресей мемлекетінің территориясында көлік және қызмет көрсету шығындары деп аталды. Оған азық-түлік пен белгілі мөлшердегі кейбір заттар кірді.

Ресей империясының бодандығын қабылдаған билеушілерге тұрақты сыйақы төлеу қажеттігі XVIII ғасырдың 30-жылдарында қарала бастады.

Әбілқайыр хан орыс императрицасының сюзерендігін бірінші болып мойындады. Бұл мойындау бүкіл қырғыз-қайсақ (қазақ) әскерінің атынан да айтылды, сондықтан оны әскери одаққа жатқызуға жеткілікті болды.

Әбілқайыр 1723 жылы жоңғарлармен соғыста қазақ әскерінің қолбасшысы болып тағайындалғаны мәлім. Бұл оған осындай одақтар құруға толық құқық берді. Бірақ ол үшін қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша төре сұлтандар, беделді старшындар мен билер кеңесінің қолдауы қажет еді. Алайда Әбілқайыр Хан кеңесін шақырмай, Халық жиналысы институтын елемеді. Сондай-ақ, ол Ресей үкіметінен күткен түсіністік пен қолдауға да ие бола алмады. Ол Ресейді өзінің адалдығына сендіріп, соның белгісі ретінде ұлын аманатқа берді. Бірақ ол қадамы сәтсіз болды, керісінше «балаларын кармазин шұғасына сатты» деген қорлыққа қаламын ба деп қатты алаңдады. Бұл басқа өркениетпен диалог құруға арнайы шешім қабылдаған көрнекті қолбасшы мен саясаткердің жеке трагедиясының себебі болды. Дегенмен бұл өркениет ол кезде әлі таза еуропалық бола қоймаса да, татар дәуірінің тұжырымдамаларымен араласып кеткен. Соған қарамастан, қоғамдық-саяси жүйедегі және саяси мәдениеттегі айырмашылық ондаған жылдарға жалғасып, одан сайын айқын көрінді. Әбілқайыр хан да саяси прагматизм мен цинизмнің сұрқай сезімінен ада емес еді. Тектілік пен батырлық кодын ұстану әсер етті. Егер Әбілқайырға жалақы берілсе де, ол жүйесіз әрі құпия болды. Орынбор өкіметі Әбілқайыр саясатының мәнін түсінбегендіктен берер жалақыны кешіктіріп, тіпті жаза ретінде жалақы төлеуді тоқтатты. Хан 1742 жылы ағылшын көпесі Гокуға орыс билеушісі өзіне жалақы тағайындағанына көп болғанын, «тек генерал оны өзінде сақтап, маған тиесілі дүниені бермейді» деген [КРО 1, 208].

Біздің Гоктің ақпараты мен Абылай сияқты тез анықталатын жалған ақпаратқа жүгінбейтіндігімен ерекшеленетін хан сөзіне сенбеуімізге негіз жоқ.

Ресей үкіметі Қазақ хандарының арасынан бірінші болып Әбілқайырдың ұлы – Нұралыға жылдық жалақыны ашық белгіледі. Әбілқайыр хан қаза болғаннан кейін бригадир А.Тевкелев 1748 жылы 24 қыркүйекте Сыртқы істер алқасына қазір де, болашақта да «Қырғыз-қайсақ ордасында жарлықсыз (Ресей үкіметінің – Қ.Х.),

халық өзіне хан сайлауына болмайды» деген алдын алу шараларын қабылдау туралы қысқаша ұсыныс енгізген. Алайда Халық жиналысы арқылы Әбілқайыр ханның мұрагері ғана емес, сондай-ақ ұлы Хиуа ханы болған Батыр сұлтан да сайланды.

Хан тағына үміткер болу үшін Шыңғыс ұрпағының қол астында екі мың киіз үйі, он мыңға жуық бағынышты адамы болу керек. Алқаның жауабын күтпей, Тевкелев 4 айдан кейін, 1748 жылы 24 желтоқсанда «Ұлы мәртебелі ағзамның жарлығымен бекітілген» ханға жыл сайынғы жалақы тағайындау туралы ұсыныс жасап, тағы бір хат берді. Мырза қазақтың үшінші ханы – Барақтың да сайлануы мүмкін деп орынды пайым жасады. Орыс шенеунігінің пайымдауынша, старшындарды «ойламсыз, озбыр, бассыз-баусыз кеткен халық» деп, ал кім сыйға жомарт болса, соны хан деп атайды. Ал бұл қазақтар арасында әртүрлі бытарау-тарау, «ыдыраған, ұсақ париялардың» қалыптасуына әкелді [КРО1, 436-438].

Басқаша айтқанда, қазақтардың бақылаусыздығынан арылу үшін хан тағайындалмаса, Ресей үкіметі бекіткен бір ханның жағдайын күшейтіп, жылдық жалақы белгілеу арқылы, жалақы тайғайындауы тиіс еді. Тевкелев Нұралының кандидатурасын қолдап, отбасынан Ресейде кепілге алынғандар (аманаттар) ұсталды. Оның ұсынысы қабылданып, Елизавета патшайымның Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевке бағыттаған 1749 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен бекітілді [КРО1, 444-447].

Ханды ұлықтау салтанаты үшін қазынадан ханға және Нұралының сұлтандары мен старшындарына 1000 рубль немесе одан да көп ақшалай «жалақы» мен дүние-мүлік беру ұсынылды. Сондай-ақ, бұрынғы «аманатқа» сый ретінде 120 рубль, құны 30 рубль тұратын қылыш пен құпиялап тағы 100 рубль беру ұсынылды. Одан бөлек старшындардың балаларына 40 рубльден, ал қосшылардың әрқайсысына 10 рубльден берілді.

Ресей императрицасының алдында ант берудің құны осындай болды. Бұл жалақыны моральдық зиянды өтеп, адалдыққа бейімдейтін бір реттік жәрдемақы деп қарастыруға болады. Құпия берілген ақша – ханның басқалармен салыстырғанда артықшылығын байқатса, екінші жағынан – сөзсіз, пара еді.

Ханға өздерінен жасырып, артық ақша бергенін білген кезде, әрине старшындар мен хан арасындағы қатынасқа сызат түсті. Құлсары батыр 1761 жылы Абылай орыс жалақысының бір бөлігін жасырды деп күдіктенді [ҚҚІ, 1762, 122/1-тіз., 6-іс, 1-п].

Ежелгі дәстүр бойынша, хан тағына отырған билеуші (сюзерен) де, жоғарғы әскери қолбасшының әскери кірісті (олжа) рулық жасақтарды басқарған батырлар мен старшындарға бөліп бергені сияқты, өз кірісін сайлаушы вассалдары – сұлтандармен, старшындармен бөлісуі тиіс еді. «Хан талау» дәстүрінің негізгі мағынасының өзі – барлық пайда мен олжаны әділ бөлу болатын. Ханды ұлықтау салтанатында, халықаралық келіссөздерде, кездесулерде Ресей билігі сыйлаған тарту-таралғыны оның рұқсатынсыз жиналғандар бірден бөліп алған мысалдар бар. Жалақының құпия бөлігі – билеушінің оны ешкіммен бөліспеуі үшін беріледі.

Жалақы қазақтармен сауда-саттықтан, олардың Троица бекінісіне әкелген Орта Азия көпестерінің керуендерінен түскен орасан зор табыстан бөлінді. Ол тіпті, Орынборды толық қамтамасыз етуге, шекаралық басқару аппаратын ұстауға жеткілікті болды. Бастапқыда генерал-губернатор оларды 200 рубль 30 тиынға тең парсы рупиімен «жарлықсыз-ақ, жәй» берді [Сулейменов, Басин, 1981, 192-193].

Қазақ хан-сұлтандары дәстүр бойынша өздері келіп, өздерінің немесе орыс елшілері мен шабармандары арқылы бағалы сыйлық – жорғаларды беріп отырған. Генерал-губернаторлар, әскербасылары мен Сібір бекіністерінің коменданттары «сыйға сый» дегендей оларға құпия рубль сыйлайтын.

Орталық құзырлы органдар Нұралының ағасын емес, өз баласын аманатқа жіберуін күтіп, жылдық жалақысын беруді соза берді. Бұған қоса, Жоңғар мен Қазақ хандарының құдалығы да үрей шақырды.

1754 жылы 27 қыркүйек пен 28 желтоқсан аралығында хан Орынбор губернаторы И.Неплюевке жалақы тағайындау туралы тағы да хат жолдады. Бұл жалақыға өзінің адалдығымен лайық екенін, баласын аманатқа беріп, ұлдарын кезек-кезек кепілге жіберетініне сендірді. Нұралының марапат алуына төмендегідей қажеттілік негіз болды:

1. Хан тағының беделін көтеру;
2. Жақтаушыларына берілетін марапаттар, өйткені олар «ханнан не көрсе соны сұрайды... олардан бас тарту мүмкін емес»;
3. Ол жалақы алса, жақсырақ қызмет етіп, балаларын жақсы жағдайда өсіреді» [КРО1,537].

Хан тек хандықтағы ішкі дәлелдерді келтірді. Ал Ресей үшін қазақтардың башқұрт көтерілісіне көмектескені мен олардың жоңғарлармен жақындасуына жол бермеу маңызды еді.

1755 жылы тамыз айының аяғында сенатор Бестужев-Рюмин Нұралы ханға императрицаның оған 400 рубль мөлшерінде жылдық жалақы тағайындағанын, оған қоса өзінің «ханның өзіне және арнайы қолданысы үшін» қосымша 200 рубль бөлдіргенін, яғни барлығы 600 рубль болғанын хабарлап, хат жазды [КРО 1, 538].

Бұйрық бойынша жалақы төлеу Орынборда жүргізілетін болды. Ол үшін Нұралы бекініске өзі келіп, алғаны туралы қолхат беруі керек еді. Бұл ханды бақылауда ұстауға, оның Ресейге тәуелділігін арттыруға, сондай-ақ Қазақстандағы оқиғаларды мұқият бақылауға көмектесті.

1759-1763 жылдар аралығында Нұралы түрлі сылтаумен Орынбор генерал-губернаторлығына келуден жалтарды. Ал 1763 жылдың басында оның елшілігі Бейжіңде қабылданады. Жалақы – Жайық және Ертістің оң жағалауына мал жайуға тыйым салу, аманат жіберу туралы қаулыға наразылықты азайтты. Орынбор санкция ретінде жалақы беруді біраз уақытқа кейінге шегерді немесе біржола тоқтатты. Бірақ тұтастай алғанда, Нұралыға берілген хандық патент (жүзді айтпай-ақ) пен жылдық жалақы оның басқа хандарға қарағанда билігін арттырып, билігінің өзге жүздерге де таралатынына, олармен бірлесе отырып, біртұтас билеуші бола алады деген үмітке арқау болды.

Әлбетте, Ресей өз мүддесін алға тартты. Дегенмен ол кезде Қазақстанмен орталықтандырылған, өзіне тәуелді бір ғана билеушінің билігіндегі мемлекет ретінде қарым-қатынас жасауды жөн көрді. Оның сыртында Шыңғыс ұрпақтары арасынан анағұрлым мойынсұнғыш хан тағайындау мақсатын ұстанды.

Нұралыға ақшалай және азық-түлік үшін берілетін жалақы да осы ақшаның ішінде болды. Ал ол туралы сөзді үнемі бір аманаттың екіншісіне ауысуымен байланыстыратын. Мысалы, 1764 жылы 299 рубль (тағы да 50 рубль жіберуді өтінді) және тоғыз ширек нан алды [ЭНКПЭ 2,150]. 1767 жылы жалақы есебінен елшісі арқылы 100 рубль мен бір тең ұн жіберуді сұрады. Ресейдің түйе жалдауы қиынға соғып, қыстауға көшкенше нан алмаған Нұралы өзінің ат-көлігін жіберуге дайын болды [ЭНКПЭ 2, 169]. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады:

1. жаңа егін орағынан кейін және хан қыстауға көшкенше мемлекет есебінен хан ордасына азық-түлік жеткізіліп тұрған;
2. Орынбор ақшаның бір бөлігін ханға сенімді өкілдері арқылы берген.

Нұралы орыс жалақысы өзінің позициясын нығайтуға көмектесті деп есептеген. Қалай болғанда да бұл дәлелді жиі алға тартады. Ал ол бұған орыс тағына адалдықпен жауап береді. 1758, 1770 жылдары аманат беруден жалтарды [ҚҚІ, 1793, 122/3-тіз, 1-іс, 12-п].

Сірә, бұл оның елшілері көпұлтты империя халықтарының бірінің депутациясы ретінде қабылдана бастағандығынан болар. ІІ Екатерина мемлекет ішінде мемлекет (хандық) болмауы керек деп есептеді. Қазақ және қалмақ хандарының мәртебесінің төмендеуі олардың наразылығы мен қоныс аударуға құштарлығын арттырды.

1785 жылы Ресей үкіметі Нұралыны Уфаға шақыртып, жеке басының қауіпсіздігін сылтау етіп, 1790 жылы қайтыс болғанға дейін қамауда ұстады. Ол қазына есебінен өмір сүрді, патша берген жалақы тіршілігінің негізгі көзіне айналды. Алайда, Ресей үкіметі хандықты толық жоюға батылы жетпей, халықаралық қатынастарда жаңадан сайланған хандарды Марапаттау институты дәстүрлі түрде жұмыс істей берді. Ералы (1791-1794 жж.) және Айшуақ хандар (1797-1805 жж.) тиісті жалақысын үстемемен алып отырды. Әуелі сайланып, кейін тағайындалған аға сұлтандарға да қызметтік төлемдер берілді. 1829 жылы Жәңгірдің ұлы Жантөреге қырғыз (қазақ) ордасының Шығыс билеушісі қызметін атқарғаны үшін әскери губернатордың бұйрығымен «асханалық күміспен 100 рубль көлемінде айлық жалақы және бір жылдық қажеттілік ретінде 60 ширек қара бидай ұнын» берді [Сулейменов, Басин, 1981, 204].

Ғасырдың ортасында Орта Азияның саяси картасын қайта көмкерген оқиғалар болды. Цин империясы шекарасы Ресей империясы мен Қазақ хандығына дейін созылатын Жоңғар хандығын жаулап алды.

Қазақтың ықпалды билеушілері үшін жалақы мәселесі өзекті еді. Бірақ сыйақы қайтарымсыз болған жоқ, дипломатияның басқа институттары арқылы қарастырылды.

Цин империясында Орта жүз билеушілерінің Ресейге жариялаған бодандығы формальды сипатта болғаны туралы деректер жеткілікті. Ресей өз қол астындағыларды әскери тұрғыда қорғауды жоспарлаған жоқ. Әбілмәмбет хан мен сұлтандар орыс-қазақ қатынасының қалыптасқан шеңберінен шығуға ұмтылмады.

Цин империясы дала билеушілерімен дәстүрлі қытайлық «сюзерен-вассал» схемасы бойынша қарым-қатынас орната бастады. Ресей мұны Қазақстан ұстанымына қол сұғу және оның Орта Азия мен Сібірдегі қауіпсіздігіне қатер төндіру деп дұрыс болжады. Орыс

дипломатиясы «қытайлық жағдайларды талқылауда» қарап қалған жоқ. Орта жүз билеушілерінің бодандықтан шығуға талпынуы мен қарулы қақтығыс жасау мүмкіндігінің алдын алудың ең тиімді жол – олардан аманат алып, көсемдеріне жалақы төлеу деп санады.

1757 жылы Орынбор Орта жүз бен Кіші жүздің хандары мен ықпалды сұлтандарын Жоңғар мен Қытай істері жөніндегі кеңеске шақырды. Ондағы негізгі мақсат – Цинге қарсы коалиция құру еді. Абылай кездесуге келмеді. Бірақ 1758 жылы желтоқсанда елшілері ханның шұғыл шаруамен айналысып жатуына, оның ішінде қытай істері де бар, байланысты жиналысқа келе алмайтындығы туралы жазған хатын алып келді. Абылай Ресей бодандығын қабылдаса да, оған жылдық жалақы берілмеді. Ал ол Ресей билігінің алдында Нұралы ханның мәртебесімен тек жалақы алуда ғана емес, оның көлемінде де тең болуға талпынды. Орынбор билігі «еркелету» саясатына кірiскенде, оны алу мүмкіндігін меңзей бастады. Абылай хан М.Арапов жеткізген генерал-майор А.Тевкелев мырзаның «тәтті тілімен» айтылған «дәмді» сөзінің мағынасын бірден түсінді. Сұлтан Санкт-Петербургқа елші жіберіп, жалақы сұрады. Ол қызғанышпен былай деп хат (хатты алған күн – 1758 ж. 8 қыркүйек) жазды: «Орта орда мен Кіші орданың қырғыз-қайсағы тең болғаны секілді, сұлтандары мен оларға бағыныштылары да тепе-тең. Алайда Орта орданың Кіші орданың алдында артықшылығы бар, бұл туралы сізге де белгілі. Сонымен қатар, Кіші орда сұлтандары ұлы мәртебелі императордың құлы болса да, жыл сайын жалақы алады. Ал менің оны алудан үмітім бар, сол үшін Ұлы мәртебелiге қызмет еткім келеді» [КРО 1, 568.]. Бұл өтінішті хандықтан қашқан қалмақтарды қайтару туралы талаптарының арасына жазады. Басқа талаптары – қыстауларды кеңейту, Қызылжарда (Петропавл бекінісі) нан алу секілді болды. Бұл хатты 1758 жылы жазда Жолбарыс сұлтан жеткізді.

Осы жылдары Орта жүз хан-сұлтандары халқының 2/3 бөлігі қырылып, кейін қаңырап қалған Жоңғар мемлекетінің жайылымдарын сұрап, сауда-саттық жасау туралы келіссөздер жүргізді. Осының бәрі жалақы талап етумен бірге қазақ феодалдарының әскери одаққа біртіндеп жақындай түсіп, «олжадан» өз үлесін анықтағанын байқатады.

1758 жылы Сыртқы істер алқасы бірдей қылыштарды сыйлық ретінде Нұралы ханның інілері – ағайынды Ералы мен Айшуаққа 90 және 55 рубльге, ал Абылай сұлтанға 120 рубльге сатып алды [КРО 1, 551].

Орта жүз бен Кіші жүз қоныстарына шабуыл жасаушыларға тойтарыс беру үшін қазақ жасақтарын басқаратын да солар деп есептелді. Алайда дала билеушілері жер мәселесін Цин үкіметімен дипломатиялық жолмен шешуге үміттенді. Сонымен бірге қазақтар Сарыарқаның және оның солтүстігіндегі еркін жайылымдарды тастап кете алмады. Бұл оларды Ресеймен байланысты үзбеуге міндеттеді. Мұны Әбілмәмбет хан Абылай сұлтанға кеңес ретінде айтты, ал ол Нұралы мен мұрагері Уәлиге жеткізді.

Абылай уақыт ұтуды ұйғарды. Бірақ әзірге Ресейден Нұралымен тең дәрежеде ұстауды (жалақы беруді) талап етті.

Тілмаш Матвей Арапов 1758 жылғы 26 мамыр мен 5 қазан аралығында «Абылай сұлтан мен оның старшындарын Қытайға берілуден сақтануға» көндіру мақсатымен іссапарда болды [ҚҚІ, 1759, 4-іс, 199-п. айн.].

Абылай хан Әбілмәмбетпен және өзге де сұлтандар мен старшындармен ақылдаса келе, немере ағасы Жолбарыс сұлтан бастаған елшілерді тілмашпен бірге Санкт-Петербургке жіберді. Елшіліктің 1758 жылдың 15 қазанынан 1759 жылдың 31 желтоқсанына дейін астанада болған кезінде Орынбордың 1759 жылғы 22 қаңтардағы ұсынысы негізінде Абылайға жалақы беруді анықтау мәселесі мен сұлтанның өз өтініштері талқыланды. Сыртқы істер алқасының шенеуніктері министр Безбородкоға кейін түсіндіргендей: «…сол кезде қытайлардан өз жағына тартылған Абылай сұлтанды жақсырақ күту үшін» [ҚҚІ (Орта жүз), 1781- 1784, 122/3-тіз., 2-іс, 27-п] елші Жолбарысты «текті аманат» деп атауға болар еді, бірақ бұл Сыртқы істер алқасын қанағаттандырмады. Ол Абылайдың таққа отыруына және өз ұлының бірін аманатқа алуға көмектесуді сұрады. Канцлер Михаил Воронцов 1759 жылы 31 тамызда Орынборға жолдаған хатында Абылайдың жалақысы туралы мынадай пікір айтты: «толығырақ... жақсырақ еркелету үшін», «мұндай жалақы үшін ол оны жоғалтпауымызға, біздің жақтасымыз болуға немесе ең болмағанда қарама-қайшылықтарға жол бермеуге міндетті болады» [ҚҚІ, 1759, 122/3-тіз, 3-іс, 75-п. айн].

Сонда да олар 300 рубльге қосымша тағы 100 рубль құпия қаржы қосуға тоқтады. Әкелі-балалы қайырымды старшындар Құлсары мен Құлекеге 200 рубльден ақшалай сыйақы берілді.

Жолбарыс сұлтан Орынбордан қайтқан соң Абылайға аудармашы Я.Гуляев пен лейтенант князь Ураковты жіберді. Олар 1760 жылғы 23 қаңтарда Абылайдың елшісімен бірге сұлтан бірнеше рет елші әрі шабарман ретінде жіберген Байжігіт батырдың ауы-

лына келді. Сұлтанның қонысы Көкшетау маңындағы Қылшақты өзенінен шамамен үш шақырым жерде болатын. Орыс елшілері сұлтанның көңіл-күйін бақылап, егер хан болса, Ресейге аманат жіберуге келісе ме, жоқ па дегенді анықтау үшін құпия нұсқау алған. Нұралыдан үлгі алса ғана оған жалақы белгіленеді [ҚҚІ, 1759, 122/1-тіз. 4-іс, 450-п].

Абылай елшілерге 30 қаңтарда жолықты. Оған 300 рубль жалақы мен 500 рубльдің сыйлықтары берілді [ҚҚІ, 1760, 122/1-тіз., 66-67-п].

Сұлтан орыс елшілерін үш күн ішінде қайтарып жібермекші болды. 7 ақпанда өткен екінші кездесуде елшілер сапарының негізгі мақсатын бастады. Олар одан «хан болса, ұлын Троицк бекінісіне аманатқа бересің бе?» деп сұрай бастады. Сонда ғана оған жыл сайын көп жалақы төленіп, мәртебесі хан Нұралы мәртебесімен тең болады делінді. Сұлтан бұл мәселені тез шешу мүмкін емес, Әбілмәмбетпен ақылдасу керек деп жауап берді.

Кезінде Нұралы да әке жолымен жүріп, Ресейге аманат жіберуге келіскен болатын. Ол бекіністердің біріне кездесуге келуден үзілді-кесілді бас тартты. Жиынға Нұралы хан келіп, қазақ жасақтарын жіберуге уәде берді, бірақ Сенат ұсынысын жазбаша түрде растауды сұрады. Ол шынында да Жетісуға өзінің інісі Ералы бастаған жасақты жіберді. Ол Ұлы жүздің де ханы болып сайланғысы келді делінеді.

Батыр Құлсары мен ұлы және бауыры 1761 жылы қазанда Петропавл бекінісіне сыйлық алу үшін келді. Цин әскерін өз қонысының маңына орналастырғанынан алаңдаған Әбілфейіз сұлтан 1760 жылы Ресей бодандығын қабылдауға ниет білдірді. Бұл жағдай оған да жалақы төлеуді қажет етті.

Орта жүз билеушілері Цин империясы Әскери кеңесінің Ресейге қарсы әрекеттеріне қосылудан бір мезгілде үзілді-кесілді бас тартты. Сондай-ақ Ресей шекаралық билігі феодалдардың «әдеттегідей өз еркімен» жорық жасайық деген ұсыныстарына да қанағаттанбады. Цин империясы қазақтардың жоңғарлар мен ұйғырларға көмектесуіне жол бермеуге, әскерді олардың малымен, әсіресе жылқыларымен қамтамасыз ету мәселесін шешуге ұмтылды [Хафизова, 2007]. Қазақ билеушілері екі жақты да адалдықтарына сендіре отырып, мүмкіндігінше өз мүдделерін қорғауға тырысты.

1762 жылдың көктемінде Сыртқы істер алқасы Орынбор губернаторы А.Давыдовқа «сол орданы қамтамасыз ету үшін» Абылайға, оның ақсүйек старшындарына құрылыс үшін 6 мың рубль бөлінетінін хабарлайды [ҚҚІ, 1762, 122/1-тіз., 4-іс, 108-п].

РИ ССМ мұрағатында Абылай үшін «Петропавловск бекінісінен 300 шақырым жердегі Көкшетау шатқалында» салынған ағаш үй туралы құжат сақталған [ҚҚІ, 1765, қ. 122/1, 1-іс]. Қыстаудың, оның ұлдарына арналған 4 бөлмелі үйдің, ұсақ мал мен асыл тұқымды жылқыларға арналған жабық қоралардың құрылысы 1765 жылы аяқталды [Аполлова, 1976, 241]. Әскери коллегия ол үшін орыстың 20 ұстасын жіберуді бұйырған.

1778 жылы Салтамамет сұлтанға, Құлсары мен Құлыбақ (Құлбақы) батырларға арнап үйлер салынды.

Жоғарыда айтқанымыздай, старшындар Құлсара мен Күлеке батырларға Абылаймен бір мезгілде жалақы белгіленді. Одан да ертерек, 1764 жылы Абылайдың немере ағасы Салтамамет сұлтанға 150 рубль мөлшерінде жылдық жалақы мен қылыш беру туралы жарлық шығарылған [ҚҚІ, 1764, 122/1-тіз., 5-іс, 2-п.айн.].

Оның ұлы Ұрыс сұлтан 1762 жылы Абылай елшілігін басқарды. Ал Санкт-Петербургке одан кейінгі елшілік 16 жылдан кейін ғана келді. 1768 жылы Ресей үкіметі мемлекеттік кеңсесінің Промемориасында қырғыз-қайсақ ордасының жалақысына жұмсалған қаржының қорытындысы шығарылды [ҚҚІ, 1768, 122/1-тіз., 1-іс].

1778 жылы II Екатерина Абылайға хан титулының патентін және тиісті сыйлықтарын тапсырғаны белгілі. Бірақ ол жалақыны алу үшін Орынборға да, Троица бекінісіне де келмеді. Бұл оған төленетін жалақыны тоқтату туралы қаулыға түрткі болды.

Абылайға арналған жалақының жүйелі жүргізілмегенін, тіпті кейде тоқтап қалғанын көреміз. 1778 жылы Абылай әулетінен Тұғым бастап Ресейге келген соңғы елшілік орыс билігін райынан қайтарды. Абылайдың тынымсыз мінезімен ерекшеленетін ұлы Шыңғыс 1779 жылдың жазында әкесінің жалақысы есебінен орыс көпестерінен күштеп тауар алды. Олардың арасында өзіне ұнаған қылыш та болды. Шыңғыс төлеңгіттеріне орыс көпестерін қамшының астына алуды бұйырды [КРО2, 97-98].

Ол барымта арқылы әділдікті қалпына келтіремін деп сенгені анық. Орынбор губернаторы И.Рейнсдорп 1779 жылы 4 қазанда «дөрекілік көрсетіп бағынбағаны үшін жоғарыда көрсетілген жалақыны өзіне қалдырып, оған жол бермеу себептерін айтқан» жарлық алды [ҚҚІ, 17811784, 122/3-тіз, 2-іс, 28-п. айн.]. Бірақ бұл кезде Абылай ұлы Уәли үшін тақтан бас тартып, өзі Қазақстанның оңтүстігіне қоныс аударған болатын (толығырақ «Мысль» журналынан қараңыз, 2015, № 9).

Шекара шебіндегі әскери қолбасшы генерал-лейтенант Деколонг 1774 жылғы 14 қазандағы және 1775 жылғы 12 қаңтардағы баяндамаларында Абылайдың баласы Уәли сұлтанға, Абылайдың немере інісі, Салтамаметтің ұлы Ұрыс (Орыс) сұлтанға және Әбілмәмбеттің ұлы Әбілфейізге жылдық жалақы белгілеудің себебін алға тартты. Әбілфейз Семей мен Өскемен бекіністерінің арасындағы Цин империясымен шекаралас аумақта көптеген найман тайпасын биледі. Сұлтандар өздерінің «ұлы мәртебелінің рақымына» лайық екенін қайта-қайта еске салды. Ал Уәли сұлтан үшін жалақыны әкесі сұраған. Деколонг бұл тұлғалардың бәрі де арнайы жалақыға лайық деп есептеді, өйткені олар:

1. «қол астындағыларға келеңсіздік жасауға мүмкіндік бермеуге» тырысады;
2. шекара органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;
3. қазақтардан орыс тұтқындарын анықтап, оларды қайтарады;
4. «бұрынғы көтерілістер кезінде ешқандай азғыруларға жол бермеді, басқаларды тыныштандырды».

Ұрыс сұлтан Ташкент пен Бұқар керуендерін Ресей бекіністеріне дейін шығарып салып отырды. Әрине, кейіннен Ұрыс керуендердің бірімен Шоқан Уәлиханов сияқты Тарбағатайда салынып жатқан бекіністердің біріне барып, Сібір билігін қызықтыратын мәлімет жинауға келіскені секілді сыртқы саяси себептер де болды.

14 қазан күнгі баяндамасында Деколонг Әбілфейіз сарайға туыстарының біріне басқартып, елші жібермекші болғанын жазды.

Естеріңізге сала кетейік, сол кезде сұлтандар Цин империясымен тұрақты байланыста болды. Өйткені оларға бағынатын рулардың қонысы Цин империяның шекарасымен іргелес болатын.

Үш сұлтанның да Циндерден алған марапаты, құрметті атақтары мен титулдары болды. Деколонг егер оларға жалақы беруден бас тартсақ, олар «пайдалы адамдардан зиянды адамдарға айналады» деп қорықты. 1776 жылы 26 мамырда Орынбор губернаторының атына Сыртқы істер алқасының келіспеу туралы рескрипті жіберілді [КРО 2,81- 83].

Құжатқа сырқаттануына байланысты Н.И.Панин қол қоймаған, ал 2-3-тармақтары күрделі іс қағаздар жүргізу тілінде жазылған. Олардың негізгі мазмұнын беруге тырысайын.

Оның басты себебі, сұлтандарға жылдық жалақы беретіндей айрықша ештеңе жасамағаны. 50-жылдардағы қазақ істерін түгелдей ескере отырып, оны табыстауды Орынбор дәлелдеген болатын.

Сонымен қатар, жалақы туралы бұйрықта азаматтыққа ант беру қарастырылған. Бір кездері Әбілмәмбет пен Абылай орыс тағына (1740 жылы тамызда – Қ.Х.), одан кейін II Екатерина таққа отырғанда тағы да қайталап ант берді. Ант қабылдауды қайта-қайта талап ете беру оның маңызын төмендетуі мүмкін.

Құжатта Әбілқайыр ханның балалары Нұралы мен Айшуаққа «қырғыз-қайсақ жұртында айтарлықтай атақты адамдар» бола тұра айлық берілмегені жазылған (Әбілқайырдың көзі тірісінде солай болса керек). Қазақ билеушілерінің ұлдары көп екенін, оларға жалақы төлеуге қазынадағы ақша жетпейтінін ұмытпаған жөн.

Жалақы – «аға буын мен алдыңғы қатардағы адамдардың» ең жоғары белгісі. Сонымен бірге шекара қолбасшыларының атынан сұлтандарға «көрсеткен құлшылықтары үшін» мезгіл-мезгіл сыйлықтар жіберілетін. Олар адал және қайырымды болған жағдайда, оларды ұлы императордың қажетті көмегінен тыс қалдырмайтынына үнемі сендіруге кеңес берілді.

Деколонг қаржыны Сібір шебінің бюджетіне аударуды ұсынды. Ал ол қаржыны сұлтандардың айрықша еңбегіне қарай бөлетін еді. Қазақ старшындарының жалақысы Орынбор генерал-губернаторының төтенше шаралар бабына енгізілді. Қазақ істеріне бөлінген қаржыдан Орта жүз сұлтандары мен старшындарының адалдығы үшін жалақы төлеуге болады, бірақ өздерінің сый-сияпаты ретінде көрсету қажет. Басқаша айтқанда, Деколонгқа ынталандырудың мемлекеттік қазынадан келгенін анықтауға рұқсат етілмеді. Сонымен бірге ол әр істе Орынбор генерал-губернаторымен ақылдасып, ол өз кезегінде Сыртқы істер алқасына есеп беріп тұруы керек еді. Әлбетте, Сыртқы істер алқасы Әбілқайыр, Әбілмәмбет және Абылай хандардың ұрпақтары Ресей империясының қол астында екеніне ешқашан күмәнданбады.

Уәли сұлтанға жалақы төлеу мәселесі Абылай қайтыс болып, оның мұрагерлік мәртебесі бекітілген соң қайта көтерілді. 1781 жылы 19 маусымда Сібір шебіндегі әскери қолбасшы генерал-майор Н.Огаревтың сұрауымен «хан-сұлтандар мен старшындарды марапаттауға және мойындауға, сондай-ақ «құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасауға» жылына 1000 рубль бөлінді [ҚҚІ, 1781-1783 (Орта жүз), 4-іс, 1-п].

Уәли хан 1787 жылы наурызда Огаревтің хатын алған соң, Петр Федоровичтің таққа отыруымен құттықтау үшін өз елшілігін жіберуге ниетті екенін жазды. Онда үй салуға жұмыс істейтін адам жіберуді,

жалақыны көбейтуді – «марқұм әкем бұрын ұлы императордан жылына 300 рубль ақшалай жалақы алды. Мен де сонша ақша қолданамын, бірақ бұл менің отбасыма жетпейді. Одан басқа мен ештеңеге мұқтаж емеспін» деп өз мұқтаждықтарын бірден санамалап береді [ЭНКПЭ 2,297-298].

Алты айдан кейін, 1786 жылдың тамызында Уәли тағы да Огаревке былай деп жазады: «Осы жылғы маған тиесілі жылдық жалақыны, оған лайық болмасам да, беруіңізді сұраймын. Өйткені Әулие Петр бекінісінен біраз тауар сатып алу үшін ақша өте қажет. Ал егер Сізде дайын ұн болса, мен жіберген адамға беруді бұйырсаңыз» [ЭНКПЭ 2, 207- 298].

Уәлиге ақша керек болуы екіталай еді. Алайда оған осы ақшаға сатып алатын тауарлар керек болатын.

1788 жылы Уәли тұтқындар мен жылқыларды қайтару үшін оған кем дегенде 200 пұт ұн жіберуді талап етті, ол одан аз болса қабылдамайтынын ескертті [ЭНКПЭ 2,307].

Уәли ханға берілетін жалақы мөлшері мен сыйлықтардың саны прецедент негізінде тағайындалды.

Император Павелдің 1798 жылғы 10 қазандағы жарлығы Сібір әскери билігіне көбірек еркіндік берді. Олар Уәлидің ұлы – Ғаббас ханға (Аббас) 300 рубль, ханның бауыры Есімге – 250 рубль, старшын Байезітке (Байжігіт?) – 20 рубль және 50 пұт ұн, Батырға – 100 рубль «олар қанша уақыт адал болса, сонша уақыт» жалақы төлей алатын еді [ҚҚІ, 1798 (Орта жүз), 122/3-тіз., 1-іс, 166-п.]. Тізімдегілердің барлығы Уәли ханның император сарайындағы елшілерінің құрамында болды.

Жылдар өте Кіші жүз хандары бұл бекіністерге жалақы үшін баруды қойып, сенімді адамдары арқылы алатын болды. Абылай 1740 жылдан кейін Ресей мемлекетінің жеріне ешбір себеппен келмеді. Оған берілген жалақы Ұлы жүз ханы Нұралының жалақысынан екі есе кем еді.

Уәли хан өз сарайына келген орыс көпестерінен өз жалақысы есебінен тауар алып, оларға қолхат жазып берді. Көпестер оны шекара шебінің қолбасшысына төлеуге ұсынатын. Сондай-ақ, Хан өз елшілеріне Петропавл бекінісінен жалақы алуды, бірақ көбінесе жалақы есебінен тауар алуды тапсырды. Оның үстіне тауар түрі көбейіп отырды. 1785 жылдың қысында Уәли хан француз шарабын, арақ (коньяк болса керек – Қ.Х.), бал, шафран, қанттың басы (науат), көк шай, жазу қағазы, мөрге арналған балауыз сұрады. Сондай-ақ,

ол астық марапаты ретінде 200 пұт ұн беруді ескертті [ЭНКПЭ 2, 311-312].

Хандар бәсекелестеріне Ресей үкіметінің өздерімен байланыс орнатуға мүдделі, қызметтеріне мұқтаж екенін дәлелдеп, саяси ұстанымдарын нығайту үшін жалақы пен сыйлықтар алуға ұмтылды. Олар ақшаға жаппай саудаға тыйым салынған тауарларды сатып алып, экзотикалық заттар мен бұйымдарды пайдалануға тырысты. Жыл санап жалақы алатындардың саны көбейе түсті. 1812 жылы Уәли хан өзінің үш сұлтанның әрқайсына 100 рубльден, ұлы Ғаббасқа (Аббаты) 300 рубль, екі немересі мен екі жиеніне одан аз мөлшерде «орыс тағына қызмет етуге еш күмәні жоқ» деген өтінішпен жалақы сұрап жазды [ЭНКПЭ 2, 317-318].

Хан Ғаббасқа сай келетін жалақы көлемін оны елшілікті басқартып Санкт-Петербургке жібермек болғандығымен түсіндірді. Ал өзі үшін Ұлы мәртебелі императордан жалақысын тағы да өсіруді сұрауға ниеттенді. Бір қызығы, бұл құжатта аудармашы французздың «пан-сионат» сөзін қолданған. I Александр кезінде Ресейдің Сыртқы істер министрлігі еуропалық дипломатияның тілі болған француз тіліне толығымен көшкен болатын.

Сұлтандар ғана емес, старшындар мен батырлар да (әрқайсысы 150, 100 рубль) ұзақ мерзімді қызметтері үшін еңбекақы төлеу туралы талаптар қойды [ЭНКПЭ 2, 497]. Бұл қызметтерге – керуендерді күзету, Ресей шекара әкімшілігінің елшілерін алып жүру, хан-сұлтандардың хаттарын жеткізу және сол арқылы пайдалы ақпараттар беру де кірді. Бұл ретте керуен жолбасшылары мен қарауылдары қызметтері үшін тауардың түріне, бума саны мен тасымалданатын малдың санына, қашықтығына және т.б. байланысты саудагерлермен тікелей келісті. Бұны ешкім жоққа шығарған жоқ, керісінше олардың үкіметтік жалақы алу туралы талаптарын күшейтті.

Император Павел тұсында қазақ елшілеріне орыс шендері мен марапаттары тағайындалды. Бұл үрдіс еңбекақыны шенге қарай төлеуге алып келді. Мысалы Хиуа ханы Қайыптың ұлы Жаһангер мен Жаншуақ (Жанчувяк) Құдаймендиндер 1800 жылы Троицк бекінісінің маңында жүрген 32 рудың «еркелігі» үшін жауапкершілікті өз мойнына алғанын мәлімдеген [ҚҚІ, 1799-1800, 122/3-тіз., 3-іс, 99-п. айн.].

Бөкей сұлтанның (Барақтың ұлы) немересі Әли Санкт-Петербургте елші болып жүргенде коллеж асессорының дәрежесін алып, содан бастап жалақы тағайындалады. 1800 жылы 24 қаңтарда Әли император Павелге өзін керуенбасы етіп тағайындап, мөр беруді сұрайды.

Уәли ханға бағынбайтынын баса айтады. Түркістанда тұрған Бөкей Қашқариямен, қырғыздармен және Қоқан, Әндіжан, Наманган, Ташкент, Бұхарамен жақсы қарым-қатынас орнатқан. Оның балалары орыс керуендерімен бірге сол жерлерге дейін барып қайтатын. Шыңғыстың ұлы төртұл руының қаракесектерін билеген [ҚҚІ, 1799-1800, 122/3-тіз., 1-іс, 39-40-п.].

1811 және 1817 жылдары Бөкей сұлтан өзі мен Әли сұлтанға жалақыны көбейтуді және Сібір билігінен жіберілген молдасына (қызметші) офицерлік шен беруді сұрады [ЭНКПЭ 2, 465 и 469].

1814 жылы Ресей үкіметі Бөкейдің хандық мәртебесін бекіткеннен кейін оның депутациясы Ресей облыстарының депутацияларымен бірге астанаға аттанды. Бөкей ханның саяси тәуелділігі Әбілқайыр ұрпақтарының орыс қызметіндегі орнымен тең болды. Бірақ оның шалғайда орналасуы, тәуелділікті жеңілдетті. Орыс үкіметі Орта жүздің екі ханының арасындағы келіспеушілікті сәтті пайдаланып, хандық билікті жоюы – Шыңғыс ұрпағын орыс әскери және азаматтық шенеуніктеріне айналдырудағы тағы бір қадамы болды.

Билеушілер орыс билігінің мейірімділігі үшін жалақы беруді ойлады. Оған – өз қоныстары аумағында елшілер мен уәкілдердің, керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, туыстары (қазақтар) алып кеткен жылжитын және жылжымайтын мүлікті іздестіру мен қайтару кіреді. Жалпы, олар өз қол астындағылардың Ресейге және орыс халқына қатысты «қорлау мен бұзақылыққа» жол бермеулері тиіс болды.

Қазақ билеушілерінің адалдығы мен оларды бақылаудағы державалар арасындағы бәсеке бір жарым ғасырға созылды. Ресейдің Сыртқы істер алқасы ең осал бағдарлама – қазақ феодалдарын Қытайдан «қайтару» деп белгіледі. Әйтпесе, Цин империясының жоңғар жеріне орнығуына жол бермеуді көздеді. Жалақы беру – Ресейдің сыртқы саясатының басқа да шараларымен бірге билеушілерді бағынышты етуде маңызды рөл атқарды.

Алайда, бұл адалдық декларациясы олардың басқа мемлекеттермен халықаралық қарым-қатынас орнатуына кедергі болмады, олардың шабуылын бірлесіп тойтаруға оң әсер етті.

Марапаттау институты тек Сыртқы істер алқасының ғана емес, сонымен бірге Әскери алқаның да құқығына кірді. Оны орындау шекара әскерлерінің қолбасшылары мен Сібір бекіністерінің әскери коменданттарына жүктелді. Бұл жағдай мемлекет қауіпсіздігін сақтаушы мекеменің әскери-қорғаныстық маңызын айғақтайды.

Қазақ феодалдық элитасына арналған тұрғын үй құрылысы сияқты, оны да Әскери алқа басқарады және қаржыландырады.

Марапаттау институты тетіктері бірнеше буыннан тұратын. Алдымен оның идеясын Орынбор генерал-губернаторы мен Сібір шекаралық шептерінің қолбасшылары қатарлы шекаралық билік органдары көтерді. Олардың өтініштері Сыртқы істер бөлімінің инстанциялары арқылы императорға жеткен. Оң жауап болған жағдайда министрлік немесе канцлер шекара органдарына қаулы мен нұсқаулар берді. Бұл туралы дала әміршілеріне хабарлап, арыз жазуға шақырады. Өтініш елшілер арқылы елордаға жіберілді. Осыдан кейін император атынан хандықтың патенті және канцлер немесе вице-канцлерден жалақы беру туралы хат келді. Бұл тетік елшілік пен сауда қарым-қатынасындағы өзара қызығушылықтың арқасында жұмыс істеді. Сондай-ақ әрбір жеке жағдайда, қай тарапқа – берушіге немесе алушыға тиімдірек екенін анықтау қажет. Қазақ билеушісі өз егемендігінің бір бөлігінен айырылды, ал империя жартылай тәуелді иеліктер есебінен өз билігі мен шекара әкімшілігінің қаржылық жағдайын нығайтты.

Жалақы төлеу жылдар өте келе өзінің мәнін өзгертті. Бұл заңды да еді. Өйткені мемлекеттер мен халықаралық қатынастардың нысаны да ғасырлар бойы өзгеріп отырады. Елшілік приказының Сыртқы істер алқасына, ал алқаның Сыртқы істер министрлігіне айналуына байланысты оның терминологиясы да өзгерді. Сол сияқты Цин империясының шетел ведомстволарының атаулары да келесі схема бойынша өзгерді: Лифаньюань мен Либу – Цзунли гэго шиу ямэнь – Вайцзяо бу, бірақ бұл процесс орыстармен салыстырғанда артта болатын.

Уақыт өте келе тізе бүгіп, ант беру секілді бағыныштылықтың сыртқы формасын көрсету анахронизмге айналды. Алайда, билеушілердің әрбір кейінгі буынының нақты саяси-экономикалық тәуелділігі артты. Ресей үкіметінің марапаты мен жалақы тағайындау арасындағы шекара жойылып, қарапайым жалақыға айналды. Бұл қазақ билеушілерінің саяси мәртебесін дәл көрсете отырып, 300 жыл бойы біртіндеп орыс билеушілерінің пайдасына шешілген орыс-қазақ қатынасының жартылай тәуелділіктен бағыныштылыққа дейін жеткеніне дәлел. Бұл процесс кейбір өкілеттіктерді сақтағанымен егемендік институттарының түпкілікті жоғалуын, әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылуы мен одан кейінгі жаулап алу кезеңдерінің ерекшеліктерін көрсетеді.

# 3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖОЙЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ ДАЛА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ДИПЛОМАТИЯСЫ: ЕЛ МЕН ЖЕРДІ ҚАЙТАРУ

## 3.1. Кенесары ханның хандықты қалпына келтіру жолындағы қарулы күресі мен дипломатиясы

### 3.1.1. Кенесары хан: таңдау қиындығы

Абылай ханның ұрпақтары Ресей бодандығын формальды түрде мойындады. Сонымен бірге олар Орта Азия хандықтарымен тұрақты қарым-қатынастарын үзбей, Цин империясымен эпизодтық байланыстарын жалғастырды. Билеушілер мен Қытай арасындағы байланыстың қарқыны XVIII ғасырмен салыстырғанда XIX ғасырда өте төмен болды. Сонымен қатар, Қытаймен қарым-қатынас орталықтандыруды тоқтатты, оларды әр феодал жеке жүргізді. Бұл олардың бұрынғы қазақ-қытай қатынасынан басты айырмашылығы болатын. Дегенмен, дала билеушілері жалпы саясаттың бағытын хат алмасуда, әулет құрылтайлары мен сұлтандардың, беделді билердің, старшындар мен батырлардың тұрақты жалпы жиналыстарында талқылап отырды.

Қазақ хандарының халықаралық қатынастары дәстүрлі сауда-экономикалық қатынастар аясында, «вассалитет» түрінде жүргізілді. XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап патша әкімшілігі қазақ билеушілерінің сыртқы байланысын үзуге батыл кірісті. Алайда, нақты ықпал етуге әлі де мүмкіндігі аз еді. Себеб Омбы билігінің пәрмені қазақтар қоныстанған аудандарға толық тарамады.

Сонымен қатар, хандық билікті сақтау немесе тақ үшін күрес мәселесі Абылай әулетінің кейбір өкілдерінің циндік Қытаймен және басқа да шығыс елдерімен саяси байланысты қалпына келтіруге түрткі болды. Бұл өрлеу хан әулетінің іштей араз өкілдері арасындағы саяси текетірестің белгілі бір кезеңдері мен сыртқы қауіп төнген кезде пайда болды. Дегенмен, қарым-қатынас ауқымы XIX ғасырда өзінің бұрынғы дамуына ешқашан жете алмады. Хан әулетінің жекелеген өкілдерінің көрші елдермен байланысы ұзаққа созылмады және бұрынғыдай бола алмады. Кейде байланыс орнату – Құлжа мен Шәуешекке елшілік жіберудің екі-үш сәтсіздігімен ғана шектелетін. Шығыс Түркістандағы тұрақсыздық кедергі болуына байланысты сұлтандардың Цин империясы астанасына жетуі қиындай түсті. Өз мақсаттарын Іле генерал-губернаторлығына ғана жеткізген кейбір

елшілер еш нәтижесіз қайтуға мәжбүр болды. Қазақтың кішігірім билеушілерінің империяның шеткі шекаралас аймақ – Шыңжаңмен саяси байланысы ғана жалғасты. Құлжадағы Іле генерал-губернаторы (Іле цзянцзюнь) мен оның Шәуешектегі кеңесшісі (цанцзань дачэнь) қазақтардың елшілері мен керуендерін белгіленген тәртіп бойынша қарсы алып, шығарып салды.

Бұл аймақтардың шалғай орналасуына байланысты көршілес Ресей мен Цин империялары шекара әкімшілігіне орталық үкіметтегі сыртқы саяси функциялардың бір бөлігін жүктеген еді. Генерал-губернаторлар үкіметке үнемі есеп беріп, қазақ, қырғыз, қоқандықтардың жағдайын Әскери кеңеске баяндап отырды. Шыңжаң маңызды транзиттік аумақ болса да, XIX ғасырда ол бірнеше рет империя билігінен тысқары қалды. Қазақ билеушілері ол кезде ұйғыр уақытша билеушілерімен қарым-қатынас орнатты. Бірақ көп жылдар өткен соң революцияға дейінгі тарихнамада, шынында да олар Қытаймен қарым-қатынас деп атала берді. Өйткені Қытай барын салып, Шыңжаңға қайта оралды. Содан кейін қазақ хан әулеттерінің Цин үкіметімен байланысы қайта жаңарды. Қазақ билеушілерінің алға қойған мақсат-міндеттерін білу олардың сыртқы саясаты мен ішкі мәселелері туралы түсінік береді.

Кенесары хан жаңа тарихи жағдайда өзінің барлық қызметін Қазақ хандығын сақтап қалуға бағыттаған үшінші қазақ билеушісі болды. Территорияны қамтуы, іс-әрекетінің ауқымы мен ұзақтығы, дипломатиялық қарым-қатынасының кеңдігі мен сипаты жағынан Кенесары XIX ғасырдағы Шыңғыс әулетінің ішінде айтарлықтай ерекшеленді. Өз заманының көрнекті тұлғасы ретінде оны қазақ тарихшыларының үш буыны әртүрлі қабылдады. Кенесары тұлғасы төңірегінде дау-дамай толастаған емес. Хан қызметіне, кейде атасы Абылайдың қызметіне тікелей қарама-қарсы баға да беріледі.

### 3.1.2. Кенесары отбасы

Кенесары – Абылайдың немересі, қалмақ әйелдерінің бірінен туған Қасым ханның ұлы. Дереккөздер оның туған жылын нақты көрсетпейді, тек қайтыс болған уақыты ғана даусыз – 1847 жыл.

Кенесарының әкесі Қасым сұлтан (? -1833 жылы өлтірілген) Абылайдың кіші әйелдерінің бірінен туған он үшінші ұлы. Әкесі оның жас кезінде-ақ, 1774 жылы Есіл мен Нұра өзендерінің аралығын мекендеген Орталық Қазақстан руларын басқаруды тапсырады. Ол

Абылай ұлдарының арасында мінезімен, ерік-жігерімен, батырға тән қасиетімен ерекше көзге түскені анық.

Аңыз бойынша, Абылай өзінің кеңесшілері мен ықпалды билерімен бірге Қасымның тақ мұрагерлігіне үміткерлігін талқылайды. Бірақ оның қатыгездігі, өжеттігі, билер сотын менсінбеуі, тіпті олардың кейбіреулеріне кісі екен деп қарамағаны үшін қабылданбады. Ол қызба мінезді еді. Қасым сұлтанның Абылайдың мұрагері Уәли ханға бағынбағаны туралы нақты мәлімет жоқ. Демек, Қасым өз ағасының үлкендігін сөзсіз мойындап, билігінің бүкіл кезеңінде ішкі тартыстарға жол бермеді. Уәли інісіне сенім артып, оны халықаралық істерге араластырды. 1787 жылы Бейжіңге барған Уәли хан елшілігінің құрамында Қасым сұлтанның болғаны, оның Уәлидің інісі деп аталғаны айтылған [РИ СММ, ҚҚІ қ. 1791ж., 122/1-тіз., 1-іс, 49. Көшірме; ҚХР БТМ, Қазақ қоры, 1-дәптер].

Уәлидің қандас туыстары арасында мұндай есімді ешкім болмағандықтан, Кенесарының болашақ әкесі Қасым болуы ықтимал. Хандар ең жақын туыстарын елшілікке қосу арқылы оларға жоғары мәртебе мен сенімділік беретін. Сонымен қатар, олар өздерінің қандас жақын адамдарына арқа сүйеуді жөн көрді. Хандардың жекелеген тапсырмаларын орындай отырып, жас сұлтандар хандықтың халықаралық істеріне араласып, дипломатиялық өнерді меңгерді.

Қасым дүниеден өткен кезде 60-63 жастар шамасында еді. Оның өзіне тартқан, ожар мінезді, ержеткен бірнеше ұлы болды. Бұдан оның Қытайға шамамен 23-25 жасында барғанын есептей аламыз. Ол Цин билеушілерін қазақ-орыс, қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының жай-күйінен жан-жақты хабардар ете алды. Осыдан екі жыл бұрын, яғни 1785 жылы Уәли ханның бұйрығымен Қасым қырғыздарға қарсы жорыққа қатысқан. Қасым сұлтан бастаған жорық пен елшіліктің кейбір нақты мәліметтерін Сібір қолбасшысы, Уәли хан ордасына «құпия нұсқаумен» келген Омбы көпесі Захар Пеневскийдің хабарламасынан білсек, оның Бейжіңге барған сапарын растайтын мәліметтерді Цин сарай шежіресінен білеміз.

Қазан айында Петропавл бекінісінде жүргенде орыс көпесі кездейсоқ бір қазақтан Цяньлунның Уәли ханға жазған хаты туралы, ол хатта өзінің Ресеймен соғысуға ниетті екенін және Уәлидің «өз жағына шығуын» қалайтыны жайлы жазғанын естиді.

Орыс саудагерінің хабарламасында есімдерге қатысты шатасу бар. Ол найман батыры Даттың, Мата батырдың (Матай адам есімі

ме, әлде Найман тайпасының матай руы ма белгісіз), сондай-ақ әкесімен бірге жүрген Татран деген біреудің есімін де атап өтеді.

Батыр Дат Қарабатыров Уәли хан серіктерінің қатарында болды. Ол Тоғым бастаған Абылайдың ең алғашқы елшілерімен бірге Ресейге барды. Петропавлда Уәлидің бұйрығын да орындады. Бірақ ол арғын руынан болатын.

Цин императорының Уәли ханға жазған хатын 1785 жылы қыркүйекте Қытай шекарасында көшіп жүрген найман батыры Мат (Дат) жеткізген. Ол кездері орыс жеріне, Еділ бойындағы туыстарына қашқан торғауыттардың жолын кесу үшін Цин отряды шекара маңында шоғырланған болатын. Сондықтан олар Ресеймен соғысу туралы қауесетке шынымен сенбей, алайда оны тексеру үшін Пеньевскийді хан ордасына жібереді [ЦИКХ, 2, 113-115].

Пеньевский жазғандай, ол хандықтың халықаралық қатынастары туралы хан кеңесшісі Дат батырдан «толық мәлімет алады». Ол Уәли ханға Қытайдан келген хаттың мазмұнын да, оның император Цяньлунға қайтарған жауабын да біліп үлгереді. Орыс билігі Абылайдың қырғызбен соғысынан бастап Қазақ хандығының қазақ-қырғыз қарым-қатынасына қызығушылық танытты. Әсіресе Сарыбағыш руының манабы сол жылдың тамызынан кешіктірмей Ресейге алғаш рет елші жіберуі қызығушылықты күшейтті [ЦИКХ, 2, 205].

Ал Уәли ханның інісі Қасым сұлтан басқарған елшілікке келсек, оның құрамы қалмақтардан тұрды. Уәли де қалмақ (ойрат) босқындарының ісін талқылауды көздегені. Сол арқылы ойраттардың есебінен туған інісі Қасымға бағынатын халық санын толықтыруды көздегені анық. Хатта Уәли хан да бұрынғы әкесі сияқты:

1. қырғыздармен соғысы және олармен бітімге келуі туралы;
2. Цин империясымен шекарада жүрген Төртуыл, Қаракесек, Алтай, Найман руларының күші оның шағын руларымен салыстырғанда басымдығы туралы жазды.

Уәли қырғыздарға қарсы жорыққа алдымен інісі Шыңғысты, одан кейін Қасымды аттандырғаны белгілі болды. Шыңғыстың бұйрығымен барлауға жіберілген Қасым өзінің шағын отрядымен тұтқынға түседі. Бірақ қырғыздар бейбітшілік белгісі ретінде ақысыз босатады. Уәли императорға қырғыздармен болған қақтығыстар мен келіссөздерге байланысты Қытай сарайына елшілік жіберуді кешіктіргенін хабарлады [ЦИКХ 2, 115-118].

Міне, Қасымның қырғыздармен осы кезде басталған қарым-қатынасы оның ұлдары – Кенесары мен Наурызбай үшін 60 жылдан кейін қайғылы аяқталды.

Қасым аз уақыт Түркістанды билеп, Орта Азиядағы ішкі тартыстарға араласты. 1826 жылы Ташкентке қарсы Қоқан жағына шықты. Потанин оның Тилли есімді қызы қоқандық Мадаярханның бәйбішесі болғанын, бәлкім, оның бай адам екенін жазған. Оның бауыры деп көрсетілген Жафар жорық кезінде орыстардың «орыс қырғыздарына» тұтқынға түсіп, Березовке жер аударылған. Балалардың атына қарағанда, олар Орта Азия тумасы [ИКвРИ, Т.Ү11, 2006, 302].

Ташкент әрқашан өз бостандығын жоғары бағалайтын қала еді. Қазақ хандары бұл қаланы бақылаудан айырылған кезде Ташкенттің қысымына тойтарыс беруіне тура келді. Олар Ташкенттің Түркістанға жасаған өктемдігіне төзбеді. Қасым сұлтан тек саяси ұстанымдарға ғана емес, сонымен қатар, шамасы, дінге байланысты да, сыртқы қатынаста Қоқанға басымдық беруді жалғастырды. Қоқан хандығының бүкіл қазағын өз қолына алмақ болғаны үшін екі ұлымен бірге Ташкентте өлтірілді. Бұл өлімнің астарында қазақтар мен қоқандықтар арасындағы тек бітіспес кек қана жатқан жоқ. Мәселе, ең алдымен, Қоқан, Бұхара, Ташкент және Хиуа арасындағы күрес – Қоқан хандығының ішкі саяси тұрақсыздығында болды. Өзбек ғалымдары Қоқан хандығының 165 жыл (1709-1876) өмір сүргенін, осы уақытта 24 билеуші ауысқанын айтады. Оның ішінде 20 билеушінің тағдыры аянышты болды: жетеуі – феодалдық ішкі тартыс кезінде қаза тапса, жетеуі – биліктен күшпен қуылды, Алтауы – небәрі бірнеше аптадан бір жылға жетпейтін уақыт қана билік етті.

Қоқан да, Бұхара мен Хиуа да әдетте қазақ руларын басқаруға старшындар мен сұлтандарға ғана рұқсат беріп, олардан алым-салық жинап отырды. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда қару-жарағымен, ат-көлігімен қамтамасыз етілген жасақ шығаруға міндеттеді. Алайда олар Орта Азия қазақтарының Шыңғыстың бір өршіл ұрпағының қол астына бірігуіне қарсы болды. Сонымен қатар, Ташкент халқы, әрине, Қасымның Қоқан жағындағы сөзін ұмыта алмаса да, өздерінің оған тәуелді екенін ресми мойындады.

Сөйтіп, Қасым сұлтанды Уәли хан хандықтың маңызды істеріне тарта бастады. Дегенмен, бәрінен бұрын Қасым өзінде бар дипломатиялық қабілет пен әскери қару-жарақ арқылы қазақ хандығын қалпына келтіріп, хан тағын әулетке қайтару үшін ұзақ жыл-

дар күрескен Кенесарының әкесі ретінде танылды. Қасым Абылайдан мұраға қалған негізінен қалмақ тектес төлеңгіттерді қабылдады, олар кейін Кенесарыға өтті.

Бұл 1837-1847 жылдары тақ үшін күресте дипломатиялық және әскери қызметін бастаған Кенесары ханға да қатысты. Кенесары туралы көптеген еңбек жазылып, арнайы құжаттар жинағы да жарық көрді. Алайда оның бәрі 10 жылға жуық уақытқа созылып, Қазақстанның бүкіл аумағын дерлік қамтыған Кенесары көтерілісіне бір-біріне түбегейлі қарама-қайшы баға береді. Жүз жылдан астам уақыт бойы Кенесары тұлғасына көптеген зерттеу жасалып, ол бастаған көтерілісті сипаттауда көптеген сәтсіз талпыныстар болды. Бұл зерттеулерде мәселенің мәні емес, негізінен зерттеушілердің өз өмірінде болған саяси-тарихи процестер көрініс табады.

Кенесары бастаған қозғалыс орталығы Қазақстанның батысынан солтүстікке, солтүстігінен оңтүстігі мен оңтүстік-батысына қарай жылжып, Қазақстанның бір жерінде көтерілген қозғалыс толқыны басқа бір өңірде шарықтау шегіне жетіп, келесі аймағында аяқталып жатты. Барлық маңызды оқиғалар көтеріліс басшысының сарқылмас қайраты мен жеке басының белсенділігінің дәрежесіне байланысты болды.

Көтеріліс Абылай немересінің Қазақ хандығын және өз әулетінің қазақ тағына заңды мұрагерлігін қалпына келтіруге ұмтылуынан туындады. Осы ұран аясында көтерілістің басқа мақсаттары мен міндеттерінің бәрі көлеңкеде қалды. Сондықтан қаһарлы Кенесары бастаған қозғалысқа біржақты баға беру өте қиын. Ол феодалдық-монархиялық ерекшеліктерді айқын көрсетіп, сонымен бірге қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің идеяларын білдірді.

Кенесарының эпистолярлық мұрасы оның жеке мақсат-мүдделерін алдыңғы қатарға қойып, Ресей шекаралық әкімшілігінің өзіне жасаған әділетсіздігіне реніш пен ашу-ыза лебіздерін көрсетеді. Қазақ тағының немесе Орта жүз ханы тағының өзгеге өтуіне ол келісе қояды дегеннің өзі мүмкін емес еді.

Абылайдың үлкен ұлдары өз тағдырын Ресеймен байланыстырып, ең мықтағанда аға сұлтан болғанын қанағат етіп, тағдырларына мойынсұнды. Таққа соңғы рет Кенесарының ағасы Ғұбайдолла сұлтан отырды. Бұл оның аға сұлтан қызметінен айырылуымен аяқталды. Мұнан соң таққа Шыңғыс әулетінің қолы мүлде жетпейтіндей болып қалды.

Кенесары – Абылай ханның бесінші қалмақ әйелінен туған Қасым сұлтанның ортаншы ұлы. Қытай деректерінде Қасым Абылайдың

он үшінші ұлы [Шыңжаң шилуэ, цз. 12, 11], сондықтан оның үлкен ұлдарын айналып өтіп, хандық мұрагерлікке өтуі, сондай-ақ халықаралық аренадағы құқықтарын мойындау мәселесі күрделі болды. Кенесарының қайтыс болған жылын орыс деректері нақты жазады. Ал оның туған жылын қазақ ғалымдарының бір бөлігі 1802 жыл десе [Уәлиханов Э. 27], басқалары оны көрсетуден бас тартады.

Бұл жерде бізге ханның 1843 жылы назар руының билері мен рубасыларына жазған хаты көмектеседі. Хатта мынадай сөздер бар: «Eger kelmesengiz biz otyz zhaska kelippiz, sizni kudaidan tilep endi otyz zhyl zhaularmyn; enshalla hak!» [НОБ,39]. XIX ғасырдағы орысша аудармасында бұл сөйлем: «Егер сіз келмесеңіз, мен сізді күтумен 30 жыл өмір сүріп, 30 жыл жазалаймын» («Ежели не явитесь, то я, прожив в ожидании Вас 30 лет, 30 же лет буду карать Вас») деп аударылған [НОБ, 212].

Айтылған сөздің мәні мынадай секілді: «Егер сендер келмесеңдер (көзге көрінбесеңдер), (қазір) 30 жасқа жеткен біз, сендерді Алланың жәрдемімен тағы 30 жыл азаптаймыз. Құдай куә! (Кімдікі дұрыс екенін Құдай өзі шешеді!)».

Қазақ ғалымдары бұл аударманы дұрыс деп таныса, 1843 жылы Кенесары 30 жас шамасында болғаны. Демек, ол 12 жылдық бір (мүшел) бұрын, яғни 1812-1813 жылдары дүниеге келіп, 45 жасында қайтыс болды. Кенесары дұшпандарынан толық 5 мүшел (12 жылдан 5 рет) кек алуды тоқтатпайтынын айтқысы келді, мұны «өмір бойы және өлгенше кешірмейтінін» түсіну керек.

Бұл нұсқаның дұрыстығына тағы бір мысал, 1843 жылдың аяғында шыққан материалдарда ханның «тоғыз баласы бар, бірақ олар әлі жас, барымтаға қатыса алмайды» делінген [НОБ, 220].

Кенесарының 30 жасында бірнеше әйелінен 9 баласы (ұлдары туралы айтылып отыр!) болды. Олардың жастығына байланысты аңшылыққа шығармады. Сұлтанның балаларын әдетте жастайынан, шамамен 5-6 жасынан бастап атқа мінгізіп, 15-16 жасында, кейде бір-екі жыл бұрын, яғни 13-14 жасынан бастап жорыққа жіберетін болған. Осы жастарында олар елшіліктердің басшысы болды. Демек, Кенесарының үлкен ұлы 13 жаста екен. Бұл есептеу бойынша Кенесары 1813 жылы дүниеге келген және оны 13 жасында, яғни 1826 жылы үйлендіруі мүмкін. Қазақта «13-те отау иесі» деген сөз бар. Ал 18-19 жасында әке атана алатын.

1847 жылы әкесі дүниеден өткен жылы әкесінің мінезі мен әскери өнерін бойына сіңірген, екінші әйелінен туған ұлы Сыздық небәрі 10

жаста еді. Ол 1837 жылы дүниеге келген және кеш туған бала екені анық.

Кейбір деректерге қарағанда Кенесарының жанындай жақсы көрген ең кіші інісі одан 20 жас кіші. Ағайындылардың мұндай жас айырмашылығы таңқаларлық емес. Бірақ, сірә, Наурызбай хан өлген жылы 15-16 жаста болса керек. Мұны оның кенже (кіші ұл немесе сүйікті інісі) ретінде төбесіне қойған жасөспірімге тән айдары дәлелдейді. Бұл туралы 1846 жылы бір жылдан кейін Омбыға Кенесарының басын жеткізген белгілі қырғыз манабы сипаттап берген. Ол Кенесарының інісі ұзын бойлы, мұрты енді ғана тебіндеп келе жатқан жігіт екенін айтқан [Бекмаханов, 1992, 332-333].

Қалай десек те, Наурызбай әлі сақал-мұрт қоймаған еді. Егер сол кезде оның жасы жиырмадан асқан болса, әлбетте, бет әлпеті қазақтарға қарағанда ірі келген, оның мұрты болар еді [Бекмаханов, 1992, 213].

Наурызбайды жорықтардың көбіне Абылай ханның батыры, Олжабайдың ұлы атақты қолбасшы Ағыбай жетекшілік етіп, батырлыққа баулыды. Абылай Олжабайды әскери істерде, дипломатиялық сапарларда пайдаланса, Кенесары Ағыбайды осылай пайдаланды. Ағыбайды жәй әскербасы ретінде тағайындаса да, Наурызбай онымен ағасынан әскери өнерді үйреніп, көзсіз ерлік көрсетті деу дұрыс болар еді. Алайда бұл жасөспірімдер арасында таңғаларлық жағдай емес еді.

Наурызбай өз ажалын сүйікті ұстазымен бірге қарсы алмаққа, жау шабуылына тойтарыс беруді ұсынды. Тіпті осы арқылы Кенесарыны аман алып қалуды ойлаған болуы да мүмкін.

Алғаш рет Наурызбайдың есімі Кенесарының серігі ретінде 1843 жылдың желтоқсан айынан бастап құжаттарда кездесе бастайды. Сол кездегі жалпы қабылданған дәстүрге сәйкес келетін жасында, яғни 13-14 жасар Наурызбай барымтаға, жорықтар мен елден зекет жинауға қатыса бастайды. Тәжірибесіз Наурызбай Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарының арасында көшіп жүрген жаппас руынан зекет жинау кезінде орынсыз қатыгездік танытып, қателік жасады. Орыс тұтқындарына аяушылықпен қарап, мейірімділік танытты. Сол жылы жас жауынгер жорық жолында бау ашып, орыс отрядымен шайқаста ауыр жараланғаны туралы қауесет тарады [НОБ, 1996, 232].

Тәуекел мен жорыққа толы өмірі Кенесарыны да, бауырлары сияқты жасына жетпей қартайтты.

Кенесарының даңқты ұлы Сыздықтың (Садық) Қашқарияға дейінгі белсенді әскери қызметі 1864-1876 жылдарға тура келді. Ол әкесінің

партизандық күресінің бай тәжірибесін ойдағыдай қолданды. Оның ерекше қолбасшылық қабілетін жаулары да, қарсылас қоқандықтар да мойындады.

Кенесары шабуылды өзі басқаруды жөн көрді. Ол 1838 жылы Лебедев отрядымен болған шайқаста жараланады [Середа, 1992, 114].

Кенесары мен өзге де билеушілердің хаттары сол кездегі қазақтардың менталитеті мен психологиялық ерекшелігін бізге жеткізді. Бұл тұрғыда зерттеуші мамандарымызға алда атқарар жұмыс көп.

Кенесары Нұра, Есіл өзендерінің аумағын өзінің ата қонысы, жайлауы деп атады.

Абылай ханның ұрпақтары 1780 жылы атақты бабасы қайтыс болып, хандық жойылғаннан кейін Цин империясымен эпизодтық қарым-қатынасты жалғастырды. Бұл қарым-қатынастың өзі көбінесе «вассалдық қатынастар» деген бүркеншікпен, дәстүрлі сауда-экономикалық қатынас аясында сақталды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап патша әкімшілігі қазақ билеушілерінің сыртқы байланыстарына батыл тосқауыл қойды. Алайда хандық билік пен атадан мұраға қалған Хан тағын сақтап қалу мәселесі оларды басқа сыртқы күштермен, әсіресе Қытаймен саяси байланысты қалпына келтіріп, одан ары күшейтуге итермеледі.

Бұл, ең алдымен, 1837-1847 жылдары атасынан қалған хан тағы үшін күресте саяси қызметін бастаған хан Кенесарыға қатысты. Бұл билеуші туралы көптеген еңбектер жазылды, арнайы құжаттар жинақтары да жарық көрді, сондықтан бұған тоқталудың қажеті жоқ[8].

Кенесары қозғалысының соңғы үш жылы Цин империясының солтүстік-батыс аймақтарына жақын жерде өтті. XIX ғасырдың бірінші жартысында бүкіл Шығыс Түркістан Цин империясынан бөлініп шығу үшін ислам жетекшілері күресінің туы астына бірікті.

Қазақ даласындағы қуатты қозғалыс орталығының беймаза шетке жақындауы Цинді де, Ресей шекара әкімшілігін де бейжай қалтырмады. Орынбор мен Омбы Абылай ұлдарының Қытаймен

[8] Бекмаханов Е.Б. Кенесары хан көтерілісі («Қазақ КСР тарихы 1943 ж. бөлімнің жеке басылымы. Бас редактор Тәкенов А.С.); Бекмаханов Е.Б. Қазақстанның Ресейге қосылуы – (М.: Ред. КСРО ҒА, 1957 ж.); Қасымбаев Ж. Кенесары ханның соңғы жорығы және оның өлімі. – (Алматы: «Ана тілі» ЖШС, 2002 ж.); Кенесары хан (Шығармалардың қайта басылуы: Середа Н. Қырғыз сұлтаны Кенесары Қасымов пен Ахмед Кенесариннің толқуы. Кенесары мен Садық). (БҚО, Орал қаласындағы «Диалог» фирмасының Атырау қалалық Қазақ мәдени қорының бөлімінде қайта басып шығаруға дайындаған, 1992 ж.); Кенесары Қасымовтың басшылығымен қазақ халқының ұлт-азаттық күресі (Құжаттар жинағы). Құрастырған Галиев В.З. және Жанаев Б.Т. – (Алматы: Ғылым, 1996 ж.)

байланысын үзіп, отрядтары арқылы көтерілісшілердің Қытайдың қолы жетпейтін алыс шекараларға дейінгі жолын кесуге ұмтылды. Ал Цин билігі Шыңжаң көтерілісшілерінің Орта Азия мен Қазақстандағы өзге халықтармен бірлесе әрекет ету мүмкіндігінің өзінен қорықты.

Қожалардың Қоқан билігінің жетелеуімен Қашқарияға жасаған тұрақты шапқыншылықтары Жаһангер қожа мен оның әскерін қырғынға ұшыратқаннан кейін, Цин үкіметінің Қоқанға жасаған кейбір экономикалық жеңілдіктеріне байланысты уақытша тынышталды. Ол қоқандық сауда старшындарына (ақсақалдарына) оңтүстік Тянь-Шань аймағындағы (Қашқария) мұсылман көпестерінен, негізінен «әндіжандықтардан» салық жинауға мүмкіндік берді. Бұл салық шариғат ережелері бойынша алынып, халықаралық қатынастардағы исламдық элементті күшейтті.

Ақсақалдар (сауда консулдары) көбінесе Орта Азия көпестерінің коммерциялық мүдделерін ғана емес, мұсылман елдерінен көшіп келгендердің басқа да барлық құқықтарын қорғауды өз мойнына алды. Және бұл жағынан олардың қызметтері батыс елдерінің консулдары атқаратын қызметтерге ұқсас болды. Мұндай шаралар Қоқан хандығындағы қыпшақ әулетінің Қашқарға жорықтарын қолдауды уақытша тоқтатты. Аз уақыттық тынығу жаңа, жүйелі, ұйымдасқан шапқыншылық үшін пайдаланылды. Бұл Шыңжаңның көп бөлігінің қайта-қайта бөлінуіне әкелді.

1827 жылы Жаһангер қожа тұтқынға алынып, өлім жазасына кесілу үшін Бейжіңге жеткізілді. Бірақ 1830 жылы Қашқарды Жүсіп қожа қайта басып алды. Содан кейін 1847 жылы Кенесары қайтыс болардан бір ай бұрын жеті қожа шапқыншылығы болды. Кенесары қозғалысы Ош алқабы мен Қырғызстанның таулы аймақтары арқылы өткен осы екі шапқыншылықтың арасында болды.

Цин билігі қазақ билеушілері мен көрші қырғыздардың Қоқан хандығымен қарым-қатынасын мұқият зерттеді. Қытайдың Кенесарыға қатысты саясаты көбіне Шығыс Түркістандағы жағдайға және халықаралық күштердің қайсысын қауіпті, қайсысын табиғи одақтас деп санайтынына байланысты болды.

Қытайдағы халықаралық қатынастардың екінші маңызды аспектісі – 1840-1842 жылдардағы Батыс елдерінің апиын соғысы еді. Әсіресе ағылшындар мен олармен бірге Кашмирден апиын партияларының мол мөлшерде келуі болды.

Жетісудың оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс аймақтарына казак бекеттерінің сұғына жылжуын, орыс әскерлерінің шығыс пен

батыстан қатар қысқан Шу мен Талас сағасындағы жорықтарын Цин үкіметі империя мүддесіне жасалған шабуыл деп бағалады. Бірақ Жетісуға бекіністер салу мен Кенесарыны ұстауға жіберілген казак жасақтарына деген көзқарас қайшылықты болуы мүмкін.

Цин империясы бұрынғысынша Қоқан хандығын өзінің батыс аймақтарын бақылаудағы басты бәсекелесі ретінде қарастырды. Теңіз жағалауындағы соғыс басымдық саналғандықтан, Цин билігі Шыңжаңдағы әскери шығындарын уақытша қысқартты. Сондықтан саяси шиеленістер олардың негізгі қаруы болып қала берді.

Мұндай жағдайда Кенесарының өздерімен қарым-қатынас орнатуға деген ниетін елемеуі мүмкін бе? Кенесарының өзі Цин империясын халықаралық қатынастардың күрделі тізбегінен шығарып тастай алар ма еді? Тағы бір жайт, Кенесары бірнеше жыл күрескеннен кейін ғана Цинге тікелей жүгіне алды. Сонымен бірге ол Жетісуға шегіну үшін айтарлықтай қолайлы жағдай жасады.

1827-1847 жылдары Қазақстанда болған көтерілістер негізінен көсемінің күш-жігеріне, қазақтар арасындағы ықпалы мен тектілігіне немесе әскери дарынына байланысты болды. Кенесарының бойында екеуі де бар еді. Оның үстіне ол өзін хан деп жариялады. Көтеріліске өзге қатысушылардың мақсаттары мен міндеттері монархиялық ұранның көлеңкесінде қалды. Демек, ұлт-азаттық идеяларын ортағасырлық әдіспен жүзеге асырмақ болған Кенесары қозғалысына біржақты баға беру өте қиын. Көтерілісте оның жарқын тұлғасына байланысты феодалдық-монархиялық белгілер айқын көрінеді. Кенесарының эпистолярлық мұрасы да оның алғашында Ресей шекара әкімшілігінің өзіне жасаған қорлығы мен әділетсіздігі үшін күресуге түрткі болғанын көрсетеді. Бірақ ол атасы Абылай мен ағасы Уәли хан бағынған шартпен Ресейге бағынуға дайын еді. Тіпті орталығы Ұлытауда орналасқан, Ресей құрамындағы жаңа сыртқы округтің аға сұлтаны болуға да көнген болатын.

Сонымен қатар, ол хан әулетінің басқа өкілдерін айтпағанда, Абылай ұлдарынан өзге біреудің қазақ тағына ие болуына келісетіні туралы сөз болуы мүмкін де емес еді. Сонымен бірге, Кенесары тақ мұрагері болуға тек Абылай әулетіне сіңірген еңбегімен ғана емес, хандық билікті жаңғырту жолындағы күресімен де лайықты екенін дәлелдеді.

Қырғызстан және Қоқан хандығымен көршілес қазақ жерінің Жетісудағы шағын алқабынан басқа, Қазақстанның басым бөлігін қамтыған патша реформаларының нәтижесінде тақ тек арманға

айналды. Кенесары бұл аймақты өз хандығының нақты өзегі еткісі келіп, Қазақстанның оңтүстігіне қарай жылжыса керек.

Бұл зерттеудің мақсаты – Кенесары қозғалысындағы ақпараты аз, зерттелмеген «қытай» тақырыбын талдау болмақ. Оның үстіне, кей автор өз еңбектерінде Сұлтан мен Қытай арасындағы байланыс орнату мүмкіндігіне күмән келтіреді [Уәлиханов Э., 175].

Әзірше Кенесарының Цин императорына жазған не бір хат немесе оның Қытайдағы елшілеріне қатысты не бір материал табылмады. Нақты қанша елшілік жасақталды, олардың құрамында кімдер болды, бізге беймәлім. Сондай-ақ, Кенесары кімге қанша хат жазды, онда нақты не айтылды, оның барлығы Бейжіңге жетті ме, жоқ па, ол да белгісіз. Хабарлама алмасу механизмі мен хат-хабар жеткізу әдісі де қызығушылық тудырады. Цинның орталық және шекаралық ведомстволарының Кенесары көтерілісіне нақты әрі толық реакциясы, бұл мәселеде олардың арасындағы хат алысып, пікір алмасу барысы, Үкімет Сенаты мен Тәуелді жерлер істері жөніндегі Палата арасындағы хат алмасулар да (орыстар бұл палатаны «Моңғол трибуналы» деп атағанды жөн көрген) белгісіз. Кенесары мен Цин империясының қарым-қатынасы туралы осы еңбектегі тұжырымдардың көпшілігі – гипотетикалық сипатқа ие.

Жағдайды нақтылау үшін көтерілісші ханның елші дайындап, жіберген уақытын анықтау қажет. 1846 жылы 24 қазанда Орынбор шекара комиссиясының төрағасына Назаровтар әулетінің биі Дәулеткілді Биебаевтың хабарламасы баяндалған баяндама жасалды [ООММ, 366 қ, 1-тіз., 1-іс, 116-122-п].

Кенесары қайғылы қазаға ұшырардан бір жылдай бұрын Назаров ұрпақтарын (руы) ауыр жазаға кесті. Бидің айтуынша, ол өткен жылдың күзінде, яғни 1845 жылы бір қазақпен бірге ханның тұтқынында жатқан өз әулетінің биі Жалмашбет Кучуковке айырбас жасау үшін Кенесары қосынына бір қызды жеткізуі керек еді. Назаровтар жүрген жол олардың Кенесары жасағының қайда барып, қайда тоқтайтынын нақты білгендігін көрсетеді. Назаровтар Ембідегі ауылынан Қарақұмға қарай бет алады. Ол жерде олар Кенесарының тұтқыннан босатылған сүйікті жары Күнімжанды жеткізіп беру үшін Кенесарыға жіберілген Сүйдақ қожа бастаған 75 адамдық жасаққа кездеседі. Бұл кезде Кенесары Шу өзенінен әрі қарай көшіп кеткен болатын. Назаровтар тобы мен құрамында орыстар бар қожалар отряды Кенесарының ізімен Мойынқұм, Мың бұлақ (Тысяча ключей) маңы, Сарысу өзені арқылы Шу өзенін кесіп өтті. Жалпы, Дәулеткелді

тобының ауылынан Кенесарының ордасына дейінгі жол 96 күн болды, яғни үш айдан астам уақыт.

Кенесары ауылын Алатау сілемдерінен тапты. Жол бағыты мен жер бедерін сипаттаған қазақ оны өмір сүруге жарамайтын шөлейт әрі күдір жер ретінде көрсетуге тырысты. Шу өзенінің жағасы тік жар, одан өту қиын, оның үстіне жағалауда қыстауға қолайлы жер жоқ.

Дәулеткелді өз міндетін орындап, туысын хан тұтқынынан босатады. Кенесары ордасынан көптеген қызықты нәрселерді көріп-біледі. Ол сонда жүрген кезде Кенесары қырғыздардан алым-салық жинауға 6 адам жібереді. Қырғыздар мойынсұнбағандықтан, хан оларға қарсы екі жасақ жібереді. Бірақ қырғыздар оларға қатты тойтарыс беріп, Кенесары жасағы жаяу-жалпы кері қашқан. Сұлтандар мен әскербасылар өлтірілді. Жеңіліске байланысты Кенесары Рүстем сұлтан қоныстанған Іле өзенінің шығыс жағалауына шегінуге мәжбүр болды. Рүстем көтерілісшілерге көмектесіп жатыр деген қауесет осы жерден шыққаны анық.

Кенесары өз жақындарының барлығын қырғыз тұтқынынан босату үшін жылқы, түлкі ішік, тері, жібек шапанмен құн төлейтіндей жағдайда емес еді. Қырғыздардан бар болғаны 50 адамды құнын төлеп қайтарып алды. Содан кейін Назаровтың айтуынша, Кенесары Қытайға өту үшін Іле өзеніне қарай бет алды.

Кенесары қырғыздардан жеңіліп, Қытай шекарасына шегінуге ұмтылған сияқты. Демек, Рүстем сұлтан оны қасында қалтырғысы келмеген. Бұған Абылайдың өзге ұлдары да келіспейтіні анық еді. Кенесары Үйгентастағы албандарға барған, ал бұл ру Шыңжаңмен айтарлықтай тұрақты байланыста еді.

Үйгентас – Ташкент пен Семейден Құлжаға баратын керуен жолдың бойы. Бұл жерден Кенесары елшілігі үшін Шыңжаңға жол ашық, кез келген керуенге қосыла салатын. Ақпарат беруші қазақ Кенесарының «Қытай үкіметінен өз жерінде жүруге рұқсат сұрағанын» сенімді айтты [ООММ, 366 қ., 1-іс, 239-п].

Орыс тұтқынынан босаған Күнімжанмен бірге келген Сайдақ қожа (Сүйдақ) Кенесарыға Кіші жүз жеріне көшуге кеңес береді. Екінші жағынан, хан өзінің әйелі мен жақындарының ордаға жеткізілуіне байланысты Ресей үкіметінің жақсы қадамы үшін ризашылығын білдірді. Алайда түсініксіз себеппен Орынбор шабармандарын аса жақтырмады. Мұны Бас штаб лейтенанты Гернңің баяндамасынан байқауға болады [НОБ, 415- 428].

Себебі, Жетісуға көш мәселесі әлдеқашан шешіліп, Қытайға кетуге үміт болған. Бұл шешімнің аталған аймақтағы сұлтандардың келісімінсіз жүзеге асуы екіталай еді. Бірақ бұл туралы Қытай жағын хабардар ете алды ма, жоқ па белгісіз. Қалай болғанда да, олар Кенесарының Қытай шекарасына көшу ниеті бар деп сендірді. Кенесары үш жүздің билеушілерімен хат алысып, өкілдерімен келіссөз жүргізді. Бірақ оның бұл хаттарының ешқайсысы әлі жарияланған жоқ. Билеушілер Омбы мен Орынборға оның хаттарының жалпы мазмұнын ғана хабарлауды жөн көрді. Олар көп нәрсені жасырып қалғаны сөзсіз. Мысалы, Кенесарының Құлжа әкімшілігімен байланысуға әрекет жасағаны туралы хабарлаған тек Назаровтар ғана. Ал хан 1845 жылы Кіші жүз билеушілері – Сұлтан Ғали Туғанчинге, Арман Жантөринге, Ирмухамед Қасымовқа үш хат жолдаған [ООММ, 366 қ., 1-іс, 220-п].

1845 жылы Орынбор бұл сұлтандарды Кенесары Қоқанмен соғысқа қарсы көмектесуге шақырғанын белді [НОБ, 425-427].

Кенесары мұндай хаттарды мүмкіндігінше сенімді адамдары арқылы Ұлы жүз сұлтандарына да жіберіп, Қоқан хандығына қарсы күрес ұйымдастыруға шақырды. Оның бұл ұсынысы Цин империясының Қашқариядағы үстемдігін нығайту мақсаттарына сай келді. Себебі бұл өлкедегі Қожа шапқыншылығының бәрі де Қоқан бектерінің айдап салуымен жүрді. Еске сала кетейік, Қоқан – Ресейдің де Жетісудағы қарсыласы болатын.

Қытай факторы және оның қазақ-қытай, қытай-орыс қатынасындағы салдары XIX ғасырдың ортасындағы Қытайдың Орталық Азиядағы саясатын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл саясаттың тамыры тереңде. Ол Қытай тарихнамасы мен Қытайдың аймақтық дипломатиясының дамуына ықпал етті. Қытай тарихшылары Кенесары көтерілісіне онша мән берген жоқ. Ал орыс жасағының екі жақтан батыс Жетісуға жасаған жорығын көтерілісшілерге емес, Цин империясының өзіне қарсы бағытталған шапқыншылық деп санады. Цин империясының қол астындағы аймақты мекен еткендіктен Кенесарының тағдыры қылмыскерлерді өзара ұстап беру туралы орыс-қытай келісімінің негізінде шешілуі тиіс еді деп ойлау – қисынды. Алайда XIX ғасырдың ортасында Цин империясы шығыста – қуатты Батыс державаларымен, батыста – ұйғыр көтерілісшілерімен және оларға қолдау көрсеткен Орталық Азияның өзге халықтарымен күресе отырып, Жетісудың қырғыз-қазағына өз ықпалын көрсетуге тырысты.

XIX ғасырдағы сыртқы саясат Әбілмәмбет, Абылай және Әбілқайыр хандардың ұрпақтары қарамағында қалды. Ресей сұлтандардың сыртқы байланысын XIX ғасырдың соңына дейін тоқтата алмады. Сұлтандар бұл құқықты өз ру-тайпаларын басқару құқығынан кем түспес табандылықпен қорғады. Е.Бекмаханов: «Кенесарының бүкіл сыртқы саясаты тәуелсіз Қазақ хандығын құруға бағытталды» деп әділ пікірі айтады. Ғалым Орта Азиядағы және оның төңірегіндегі сыртқы саяси жағдайды, Кенесарының көршілес ислам хандықтары – Қоқан, Хиуа және Бұхарамен, сондай-ақ Ресеймен қарым-қатынасын жан-жақты сипаттайды. Сонымен қатар ол: «Кенесары өзінің хат-хабарларында ханның бұрынғы өкілеттігі сақталатын болса, Ресей бодандығынан бас тартпайтынын жазған» деп атап көрсетті [Бекма-ханов, 1957, 115].

Кенесары хан тағына мұрагер ретінде өзін ғана көрді. Бұл оның біліктілігінен ғана емес, сонымен қатар Абылай әулетінің үшінші буындағы басқа ұлдарымен салыстырғанда хандыққа қосқан үлесі үшін де әділдік болатын. Өкінішке қарай, ғалым ханның циндік Қытаймен қарым-қатынасына өте қысқаша тоқталды. Бұл осы сала бойын-ша материалдардың аздығын көрсетсе керек. Ал бүгінгі таңда, бұл тақырыптағы қытай материалдарына біздің де көңіліміз толмайды.

Кенесары феодалдық қоғамның билеушісі болды. Ол бұрынғы хандық билікті өзінің барлық халықаралық құқықтары мен өкілеттіктерін пайдаланып, қалпына келтіруге ұмтылды. Бодандықты күшті, үстем сюзереннің протекторатындағы салыстырмалы тәуелсіздік деп түсінді. Бірақ бұл тұрғыда ол Қоқаннан да, әсіресе қайта-қайта қарайлаған Санкт-Петербургтен де түсіністік таппады. Қоқан билігі Қасым ұрпақтарының Қоқан мен Хиуа қазақтарының билігіне қол сұғуын кешірмеді.

Қасым ұлдары, әсіресе Кенесары көшпелі малшыларға да, егіншілікпен айналысатын дихандарға да зекет пен ұшыр деп салық салды. Орта Азия хандықтарының территориясына келген қазақтар-ды Кенесары өз төңірегіне біріктіріп, оларды тәуелділіктен арылтып, өз езгісінде ұстауға ұмтылды. Оған қай жерде жүрсе де, бүкіл қазақтың басын біріктіруге тек Шыңғыс ұрпақтарының ғана заңды құқығы бар екені даусыз шындық еді. Руларға әлі де зор ықпал етіп, іс жүзінде басқарып отырған қазақ старшындары да Шыңғыс ұрпақтарының бұл өктемдігіне аса мән берген жоқ. Алайда, салық пен сауда бажы Орта Азия хандары үшін маңызды табыс көзі болғандықтан, олар одан айырылмауға тырысты.

Кенесары өз күресінің соңғы кезеңінде Қытайға бет бұрды. Циндік Қытай сол кездегі Жетісу мен Шыңжаңдағы қазақ хандарының ұрпағымен дәстүрлі қарым-қатынасын жалғастырып, оларға тектілігіне, бағынышты рулардың саны мен дән-дәулетіне қарай шен-шекпен берді. Цин үкіметі Шыңжаң мен Жетісу қазақ феодалдары мен қырғыз билеушілерінің, рубасылар мен старшындардың арасында аса айырмашылық байқамады.

### 3.1.3. Ресей саясатындағы адал бодандық пен қазақ саяси мәдениетіндегі бодандық ұғымы

Қазақ хандарының сыртқы саясатын зерттеу – бодандық институты мен оның XIX ғасырдағы эволюциясын қайта қарауды қажет етеді. Азаматтық туралы, екі жақтың міндеттері мен жауапкершілігі туралы әркімнің өз ой-пікірі болды.

Патша үкіметінің қазақ төрелеріне қойған талаптары мен міндеттерін толығырақ талдап көрейік. Бұл XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан әлі қосылып бітпеген, ал Орта Азияны жаулау әлі басталмаған көпұлтты Ресей империясында бодандық дегеннің не екенін елестетуге көмектеседі.

1824 жылы Ұлы даладағы реформалардан кейін сұлтандық жоғарғы таптың құқықтары мен міндеттері Ресей империясының заңдары ретінде қарастырылып, Орынбор шекара комиссиясының ресми құжатында тұжырымдалды [НОБ, 354-358]. Бұл шамамен 1730-1840 жылдар аралығындағы Ресейдегі адалдық институтының даму эволюциясын көрсетеді. Құжат 8 тармақтан тұрады.

**Бірінші тармақ** – төре тұқымы болсын, қарапайым азамат болсын түтін (шаңырақ) басы 1 рубль 50 тиын күміс ақша төлейтін «Түтін салығы». Ол үшін әрбір болыс, әрбір округ нақты түтін (шаңырақ) санын анықтауы қажет болды. Бірақ ол кезде бұған Орынбордың да, Омбы әкімшілігінің де құзыреті жетпеді. Ресей әкімшілігінің өзінде Орынбор мен оларға бағынышты Сібір қазақтарына қатысты көптеген түсініспеушілік болды. Кенесары көтерілісінің басты себептерінің бірі де осы түтін салығын төлеуден үзілді-кесілді бас тарту болатын. Бұл қаржының ішінде орданы басқарудың кеңсе жұмысына, басшылардың марапаты мен жалақысына жұмсалғаны болды.

**Екінші тармақ** – төрелердің өз пайдасы үшін зекет жинауына тыйым салынды. Яғни малдың белгілі бір мөлшерінен алынатын жылқы, қой т.б. секілді заттай салық. Кенесары мұндай жинақты

сұлтан мен ханның қасиетті құқығы деп есептеді. Көшпелілер дәстүр бойынша өз малының санына қарай салық төлейтін. Кенесары қол астындағылар мен жауларынан ең алдымен зекетті малмен, ал егіншілерден егіннің 1/10 бөлігі көлемінде ұшыр жинады. Яғни мал шаруашылығы мен егін шаруашылығынан табиғи өнім күйінде салық жинауды қолға алды. Көшпелі қоғамға тауар-ақша қатынасы әлі тереңдей ене қоймағандықтан, ханның алым-салығы түсініспеушілік пен наразылыққа ұшырады. Бұл наразылық ірі малшылардың да, қарапайым көшпелілердің де мүддесін біріктірді.

**Үшінші және жетінші тармақтар** – қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты. Алайда Кенесары қылмыстық істерге саяси астар беріп, сол арқылы олардың патша үкіметі алдындағы салмағын едәуір арттыра түсті. Қылмыстық жауапкершілікке көбінде жазықсыздар тартылды. Бұл тараулар далада тек тыныштықты қалпына келтірмей, ру-тайпалар арасындағы және сұлтандардың онсыз да қызғаныш пен күдікке толы қарым-қатынасын шиеленістіре түсті. Орыс шекара әскерлерінің «Әскери іздестірулері» көбінесе әділетсіз болды. Үкімет олардың шығынын қазақтардан тәркілеген мал-мүлік есебінен жабуды ұйғарды. «Әскери іздестіру» шығынын бұлай өтеу өрескел қиянат саналып, халықты патша үкіметіне қарсы күреске итермеледі. Тінту кезінде қазақ балаларын ұрлап әкетіп, басқа елдерге құлдыққа сатқандар да болды [Середа, 37].

**Төртінші тармақ** – Шекара комиссиясы сот ісін жүргізу тәртібін бекітті. Бұл заң негізінен көшпелі қоғамда билер институтын жойып, хан-сұлтандардың сот істерінде жоғарғы төрелік ету құқығына нұқсан келтірді. Дәстүрлі биліктің тағы бір тармағы жоғарғы феодалдық топтың қолынан алынды.

**Бесінші тармақ** – қашқын орыстар мен қалмақтарды, татарлар мен башқұрттарды қатаң жазалады. Осы халықтардың барлық өкілі үнемі Кенесары лагерінде болды. Қашқындар да, қашпақ болған тұтқындар да күшпен ұсталды. Олардың арасындағы іс жүргізуші татар молдалар, қолөнершілер мен қару ұсталары айрықша бағаланды.

Орысша айтқанда, Кенесары «татарларды» түрмеден босатуға ұмтылды. Кейде кейбірін туысым деп (мысалы, ол Арынғазыны туған інісіндей көрді) атады. Орынбор мен Омбы арасында тұтқынға түскен орыстар немесе орыс тұтқынына түскен қазақтар туралы хат алмасулар екі жақтың қарым-қатынас тарихында алмасхан бүкіл хаттың маңызды бөлігін иеленді.

**Алтыншы тармақ** – сыртқы байланыстарға қатысты болды. Қазақ феодалдарының құқығын шектеп, Орта Азия мен Қытай шекарасының аумағы бекітілгеннен кейін де үнемі бұзылатын бұл тармақтың мәтінін толық беру маңызды: «Орыс монархына адалдығыңызды сақтай отырып, Ресей өзіне жау санайтын адамдармен және үкіметтермен осы ант негізінде барлық қарым-қатынасты тоқтатуыңыз керек. Сондықтан көрші елдермен жасырын қарым-қатынас жасамайсыз. Егер ондай қажеттілік туындаған жағдайда сіз тек Шекара комиссиясының келісімімен ғана байланыс орната аласыз» [НОБ, 357].

Тек Кенесары ғана емес, басқа ақсүйектер де бұл баптың бәрін болмаса да, біразын бұзды. Кенесары Хиуа, Қоқан, Бұхара, тіпті Қытаймен де жан-жақты халықаралық байланыста болды. Бұған саяси-экономикалық байланыстар, соғыс қимылдары мен бітімгершілік кірді. Орынбордан (арандатуымен болмаса) жасырын Орта Азия иеліктеріне шабуыл жасап, Ресейді ыңғайсыз жағдайға қалдырып, тіпті кей жағдайда оның күрделі жоспарын бұзды. Сыртқы байланыста Кенесары өзінің бұлжымас әрі даусыз құқығын білді. Мұны оның халықаралық саладағы барлық қызметі дәлелдейді.

**Сегізінші тармақ** – өз-өзіне хан атағын беруге тыйым салынған: «Сізге де, Сұлтан мырза, Сіздің туыстарыңызға да, жақтастарыңызға да, ордалықтардың ешқайсысына да үкіметтен сыйланбаған немесе одан тағайындау туралы ешқандай мәлімдеме берілмеген атақ-дәрежені иемденуге және өз-өзін атауға, сондай-ақ жоғары мәртебелінің мейірімімен марапат ретінде берілмеген киімдерді киіп, белгілерді тағуға рұқсат етілмейді» [НОБ, 1996, 358][9].

Қазақ билеушілерінің барлығы дерлік алғашында өз жерінде киізге көтеріліп, рәсім сәтті аяқталғаннан кейін ғана Ресейден жарлық іздеуді жөн көрді (алдыңғы бөлімдерді қараңыз).

Кенесары Қоқанға жасаған жорығы сәтті аяқталып, Ақмола қазақтарын және басқа уездерді өз жағына тартқаннан кейін, 1841 жылы жақтастары ақ киізге көтеру рәсімін жасағанда ол осы тәртіпті сақтады. Кенесары бұл ғұрыпты ата заңы бойынша жүргізген. Әуелі әкесі Қасым мен қоқандықтардың қолынан қаза тапқан екі ағасы – Саржан мен Есенгелдінің кегін қайтарып, олардың рухын тыныштандырдым деп есептеп, болашақ үшін әруақтардан қолдауын сұрап, ас берді. Демек, оның өзі де, оның жақтастары да Қоқан хандығына қарсы әрекеттерге риза болды. Содан кейін ол құрметті адамдар мен

[9] Орынбор шекара комиссиясының Кенесары Қасымовқа жолдаған қатынасы. 1845, 13 ақпан.

халық үшін дастархан жайып, ат шаптырып, бәйге үлестірді. Осы жерде оны ақ кигізге отырғызып, хан деп жариялау рәсімі өтті.

Ол феодалдар мен бай ақсүйектерге өзінің тақ мұрагері ретіндегі заңды құқығын былайша реттеп көрсетті: Абылай – Уәли – Ғұбайдолла. Ғұбайдолланы бір кездері Цин империясы ғана мойындағандықтан, бұл елді Кенесарының сыртқы саясатынан тыс қалдыруға болмайды. Маңызды саяси оқиға болған Торғай жағасындағы шатқал – Қоқанның да, Ресейдің де иелігінде емес, тіпті Қытай үшін де мүлдем қол жетпес алыс еді. Бұл шағын шатқал Кенесарының негізгі күші орналасқан жер болса да, хан қасынан табылғысы келетіннің бәрін сиғыза берер ұшы-қиырсыз емес болатын. Сондықтан, хан сайлауынан кейін көптеген ру бектері мен құрметті адамдар Ресей қол астындағы өз қоныстарына оралды. Бірақ олар кетерінде ханға жасырын зекет төлеуге уәде берді [Середа, 1992, 117].

Демек, Кенесары өзін хан сайланудағы ең басты еңбегін Қоқан уәйяттарындағы сәтті жорық деп санады.

Еске салайық, талай батырлық пен ерлік жасаған оның айбынды атасы Абылай қалмақтармен болған шайқастардың ішіндегі ең маңыздысы 1771 жылы болған шайқас деп есептеген. Екеуі де ақындар жырға қосқан бұл ерліктері Ресейдің мүддесіне түбегейлі сай келетініне еш күмәнданған жоқ. Алайда екеуі де тақ иесі болуға деген талаптарын Ресейдің тым болмаса қолдамайтынына таңқалды.

Құжатта XIX ғасырдың ортасында да Ресейдің қазақ билеушілерімен әлі де вассалдық негізде қарым-қатынас құрып келе жатқаны көрсетілген. Онда хандар Алқа немесе Сыртқы істер министрлігі атынан Ресей үкіметіне емес, орыс монархына бағынуға ант беретіні жазылған. Сібір билігі ант берген хандардың ұрпақтарынан бірнеше рет қайталап ант қабылдады. Бұл XVIII ғасырда ант берген әкелері мен аталарының адалдығына ресми түрде күмән келтіргенін білдіреді.

Билеушілерге нақты ықпал ете алмайтынын түсінген Ресей билігі олардан аманат алуды жалғастырды. Бұл қажеттілікті алғашында Кенесары да мойындады. Оның кеңесшілері Ор бекінісінде олардың Кенесарыдан басқа кез келгенін аманатқа алуы мүмкін екенін айтқан. Ал ол 1840 жылы жалған бодандық таныту үшін нағашысы Қарабайды аманатқа бермек болады. Ол сұлтанның жас балаларынан гөрі құрметті тұтқын болып көрінді. Себебі оның орнына жіберген адаммен салыстырғанда жақын туысы әрі жасы үлкен еді.

Сонымен бірге, Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Ладыженскийдің айтуынша, Қарабай саясаттан алшақ, «қарапайым,

қараборша біреу» болған. Алайда, Қарабай Кенесарыға орыс шекара билігінің казак тыңшылары туралы пайдалы мәліметтер жеткізіп үлгерді [НОБ, 1996,294]. Ол Кенесарыға шекара бойына жақындамай, «биліктің талабын алыстан орындасын» деп сәлем жолдады [НОБ, 332].

1842 жылы Кенесары нағашысын қайтаруды талап етеді. «Қарабай сұлтан тым ұзақ аманат болды, тезірек қайтарыңдар», – деп Кенесары талап қояды [НОБ, 189].

Бұл кезде Кенесарының Ресей келісімінсіз хан болғанына бір жылдан астам уақыт болған еді. Сондықтан ол Ресейге аманат беруді қажет деп санамады. Сол себепті де оның хаттарында бұрынғы аманатты жаңасымен ауыстыру туралы ешқандай сөз жоқ.

II Николай тұсында Ресей СІМ басқарған К.В. Нессельроде бұл фактінің өз саясаты мен елінің беделі үшін маңызын түсініп, аманатты қайтарудан бас тартуды ұсынды. Көп ұзамай «өзін-өзі жариялаған» ханды Орынборға жақынырақ көшуге мәжбүрлеу үшін Қарабай түрмеге жабылады [НОБ, 213].

Алайда шебер дипломат Кенесары 1845 жылдың басында оның босатылуын қамтамасыз етті. Бірақ оған дейін Қарабай Ресейге ант беруге мәжбүр болды. Бұдан бөлек, Орынборда Кенесарыға адал тағы екі адам аманатта болды.

Осылайша, Қазақстанның көп бөлігі Омбы мен Орынбордың бақылауында болғанымен, XIX ғасырда кепілге алу – қазақ билігіне салынған қыл бұрау болып қала берді. Орынбор мен Омбы әкімшілігі Кенесары билеген дербес кеңістікті батыс пен шығыстан бірте-бірте мысықтабандап қыса берді.

Жаңа тәуелділіктің Ресей талап еткен талаптары – түтін (шаңырақ) салығы, сот процессін енгізу және тәуелсіз сыртқы байланысқа тыйым салу болды. Бірақ, қазақ сұлтандарының құқығы туралы құжаттың барлық пунктін Кенесары әдейі бұзғаны анық. Мұны қазақ мемлекеттілігі мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күрестің бір көрінісі деп бағалау керек.

### 3.1.4. Кенесары және ислам

Мұсылман билеушілері үшін Ресейге бодан болғанда Құран ұстап ант беру тіпті 100 жылдан кейін де міндетті болды. Бұл исламның қазақ билеушілері өмірінде маңызды орын алғанын көрсетеді. Олар мұсылманшылықтың барлық жоралғысын ұстанды. Бірақ Меккеге

қажылыққа баруы сирек еді. Қазақтар үшін Түркістан қаласы қасиетті болды. Алайда Кенесарының көзі тірісінде қала қоқан құшбектерінің немесе олардың жақтастары – Ташкент бектерінің (беглер бегі) қол астында болды. Қазақтар ең құрметті билеушілерін Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанындағы мазарға жерлеген. Бұл жерде Кенесарының әкесі, Қоқанның бұйрығымен ташкенттіктер қолынан қаза болған Қасым жерленген. Уәлят Қоқан хандығының бір бөлігі болғанына қарамастан, қоқандықтар төрелердің Түркістанға жерленуіне кедергі жасамады.

Кенесарының діндар болғаны сөзсіз, бірақ оны «тақуа» деп айта алмайсың. Ол да, оның әкесі Қасым да жасыл Ту көтерді. Бұл оның қозғалысы әлі басталмаған, Қоқан мен Ташкентпен одақ құрудан әлі де үмітті кездер еді. Ал Абылайдың ақ Туы тікелей заңды мұрагері Уәли ханға, одан кейін оның ұрпақтарына мұраға қалды.

Ислам қазақ төрелерінің тұрмысына енді. Кенесары күндізгі уақытты бес уақыт намаздың уақытымен, ал жыл санауды мұсылман күнтізбесі бойынша есептеген. Ол өз хаттарын, әдетте, Аллаға мадақ айтудан бастады, жеңістері мен жеңілістерін Алла тағаланың еркіне жатқызды. Өкінішке қарай, жоғарыда атап өткеніміздей, оның хаттарының барлық аудармалары қазіргі археография мен палеография тұрғысынан мінсіз емес. Бұл оның көзі тірісінде жарияланған тоғыз хаттың түпнұсқасымен олардың аудармаларын салыстырған кезде байқалады. Ал түпнұсқалардың өзі кирилл қарпіне біршама сауатсыз көшірілген. Князь Горчаковтың жеке аудармашысы Құрбанақовтың [Середа, 1992, 48] жасаған аудармалары түпнұсқаға жақынырақ болып көрінеді. Кенесарының барлық хатында «тек ол ғана шындықты біледі және әділеттің қайда екендігін шеше алады» деген Аллаға сенім байқалады. Хаттардағы мұндай формальдылық та, артық сөз тіркестері де түсіп қалғаны анық. Осылайша XIX ғасырда қазақ қоғамдық-саяси өмірінің ерекшелігі бұрмаланады. Әйтсе де, Ақсақ Темірдің өзінен гөрі балалары мұсылман болғаны сияқты, Абылай ханның ұрпақтары да бабасына қарағанда әлдеқайда діндар болған деген ой әлі де туындайды. Дін – басқару формаларында, сендіру әдістерінде және қолдаушыларды тартуда өз ізін қалдырды.

Үнемі көшіп-қонып жүргендіктен, Кенесарыға балаларын оқыту қиынға соқты. Жас сұлтандардың қаншалықты сауатты екенін оның ержүрек қарындасы Бопайдан туған жиені Нұрханның мысалынан байқауға болады. Ол 17 жасында Омбыда орыстардың тұтқынына түскен кезде: «Мен азияша сауатты оқи аламын, жазуды үйренбедім»

деген [НОБ, 156]. Ол ата-анасының өмір салтына байланысты, Кенесарының тірегі болған барлық өзге сұлтандар сияқты әскери өнерге көбірек уақыт бөлуге мәжбүр болды. Кенесары балаларының білімі туралы: «Олар кәмелетке толғанша ауылдағы жалдамалы молдадан сауат ашқан. Сонымен қатар, мылтық атып, атқа мінуге жаттықты. Кәмелетке толғаннан кейін сұлтандар ... әскери қызметке кірісіп, барлық жерде өздерінің ерліктерін көрсете бастады» [Середа, 1992, 128-129]. Орта Азия хандықтарымен байланыс, балаларының сауатын ашу қажеттілігі Кенесарының тұтқынға түскен хатшы-молдалар мен қару-жарақ жасаушыларды бағалауға мәжбүр етті.

Садық сұлтан бекіністі басып алуда әкесінің әскери тәжірибесін өте жақсы меңгеріп, оны Орта Азия мен Қашқария да қолданған. Ол қамыс пен жусаннан матастыра жасалған қалың дуал арқылы орыс оқтарынан қорғануды ұсынды. Шөл далада бұл қорғаныс дуалы сексеуілден, жыңғылдан және басқа да бұталардан жасалды. Матастырылған дуал арқылы қарсыласқа барынша жақындауға мүмкіндік алып, содан кейін сарбаздар қоян-қолтық ұрысқа кірісті.

Көтерілісшілердің өздеріне сауда керуенін жіберіп, Орта Азиядан сатып алған зеңбіректері, оқ-дәрілері үнемі жетпей қалатын. Сұлтандар өз ерліктері мен беделін жоғалтпауға тырысты. Мысалы, Кенесарының жорыққа мінетін ат тауып кел деген бұйрығын жүрдімбардым орындаған Саржанға әскери ар-намыс кодексін бұзды деген айып тағылды.

Әкесімен бірге Қоқан хандығында болған Кенесары жорықтар кезінде де бес уақ намазын қаза қылмауға тырысты. Әрбір жеңісінен кейін ол той-думан, аң аулаумен бірге Аллаға шүкіршілік етуді ұмытқан емес. Орынбор комиссиясы төрағасының бұйрығымен Кенесарыға жіберілген елшіге: «Сізге бұл туралы өз пікіріңіз бен сенімділігіңізді дәлелдегенде, ант беру ыңғайлырақ әрі лайықтырақ болады. Құдай алдындағы ант үкіметке мойынсұнғыштығын ауызша уәделерге қарағанда көбірек куәландырады. Олар жеңілтектікке байланысты жиі бұзылады, бұған мысалдар да бар. Белгілі болғандай, діндарлығына қарағанда, ант беру – оның уәдесінде тұруына жеткілікті кепіл бола алады» [НОБ, 349].

Кенесарының Долгов арқылы генерал-майор Ладыженскийге жіберген хатында Құран сүрелерінен келсін-келмесін дәйектемелер беріп, сол арқылы Ресей бодандығының артықшылығына көз жеткізуге тырысқан: «...ақылға салып көріңіз, Сізден қазір осы талап етіледі, Сіз үшін ең қасиетті Құранда не жазылған: «О, діндар адам-

дар! – сіздерге айтамын, – Құдайға, оның пайғамбарына, патшаға және олардың Үкіметіне мойынсұныңдар», Сіздер пір тұтатын пайғамдар солай деген, «аманат етемін, – дейді ол, – өздеріңіздің патшаларыңа және белгіленген билікке мойынсұныңдар».

Ант қабылдау рәсіміне молданы да жіберіп, оған Кенесарыны сауапты діни әңгімелер арқылы насихаттап, мұсылмандар үшін қасиетті Құрандағы: «Оны орындамаған Жаратушының қаһарына ұшырайды» деген сөздерді еске түсіру міндеті жүктелді [НОБ, 359- 362]. Құраннан келтірілген дәйектемелер де Кенесарының сол кезде діндар адам болғанын дәлелдейді.

1845 жылы күзде Кенесарыға барған Бас штабтың поручигі Герннің баяндамасында Шекара комиссиясының төрағасы «әсіресе татар тіліндегі Құранның таңдалғанына риза екенін білдіріп, Жоғары мәртебелі Усманов қожа мен сұлтан ханымының қасындағы қырғыз әйел Ұлғараға сый-құрмет көрсету үшін мен дайындаған заттарға қоса тағы бір Құран мен бірнеше сыйлық сатып алуды бұйырды» делінген [НОБ, 429- 421].

Алайда, Кенесары өзінің күрделі жорық жолында кездескен аңызға айналған қазақ батырларының, белгілі би-сұлтандардың қабірлерін қасиет тұтып, тағзым етті. Типі бойынша Кенесарының хандық билігі монғол және жалпы мұсылмандық ұстанымдарымен аралас болды. Осыған байланысты оның айыптаулары мен жазалары, халықты өзінен ықтыру үшін әдейі әсірелеу болмаса, өте тұрпайы еді. Орыс билігінің талабымен Кенесарыға қарсы ұйымдастырылған Омбы, Орынбор мешіттерінің ахундарының уағыз-насихатын да бағаламауға болмайды.

Алайда, Кенсары үшін көшпелілерді басқарудағы идеал – атасы мен әкесінен қалған және ол өзі үнемі айтатын дәстүрлі әдістері болып қала берді.

Кенесары өзіне жақын тартқан діни каста өкілі – Усманов Мұхамед Қали қожаның тағдырына араласты. Дәстүр бойынша қожалар барлық мұсылман елдерінде де, қазақ даласында да кез келген баж бен салықтан босатылды. Далада Сайдақ қожа ретінде танымал болған Усманов Бұхараның қол астында болған. Оның айтуынша, оның әулеті «Бұхара, Хиуа, Қоқан және Қырғыз даласы секілді көптеген елге бытырап кеткен». Қайда барса да олар қарапайым халықтан жоғары тұрды. Қожа саудамен айналысқан. Сол себепті ол Кенесарыға Азия билеушілерімен қарым-қатынаста делдал болып, атыс қаруы мен суық қаруды, мылтықтар мен әскери сауыт-сайман-

дарды және басқа да тауарларды сатып алуда сенімді адам ретінде пайдалы болды.

Кенесары оны пайғамбар ұрпағы деп құрметтеп, «сұлтанның қызына» үйлендіріп, онымен ақылдасып отырды. Кенесары оны Ор бекінісінен тұтқыннан босатуға атсалысты. Алайда қожаны түрмеден босатқан Оренбург шекара комиссиясының Кенесарыға қатысты өзіндік ұстанымы болды. Дегенмен, соған қарамастан Кенесарының ең жақын туыстары – Наурызбай, Саржан және оның Қытайдағы елшісі Құдайменді сұлтан ең сенімді адамдары еді. Олар Хан кеңесінің құрамында болып, оның қайтпас ұстанымының негізгі орындаушылар болды. Кенесары оларға өмірінің соңына дейін сенім артты.

Кенесары өз қозғалысының идеологиясының негізіне ислам дінінен гөрі ата-баба культін қойды. Ол хан Абылайдың бейнесін жан-жақты дамытты. Текті сұлтандарға, ру старшындарына негізделген дәстүрлі басқару әдістерін идеал деп санап, әр істе атасына еліктеуге тырысты. Барлығы оның Алланың мейірімінен үміт күткенін және ата-баба (аруақтардың) рухын тірек еткенін көрсетеді. Бұл Қазақстандағы исламның өзіндік ерекшелігі болған қазақ психологиясына өте тән еді. Бұл құбылыс өз алдына діни фанатизмді жоққа шығарады. Өйткені Алла Тағала кіршіксіз, ал ата-баба қанша әулие болса да адами кемшіліктерден құралақан емес, әрі дүниелік мақсатқа жетуді армандады.

Кенесары Абылай тұсындағы салыстырмалы вассалдық тәуелділік кезеңіндегі қазақ ханының мәртебесін айқындаған ережені іздеді. Ол қазақ төрелерінің талабына жауап берген, әрқайсысының жүрек түбіндегі сеніміне сәйкес келген еді. Сондықтан да болар, олар Ресейдің шекара билігінің талабына әйтеуір кедергі жасап, Кенесарымен жасырын араласа берді. Ал шекара бойындағы қазақтар амалсыз, бірақ жасырын түрде зекет төлеуге мәжбүр болды.

Кенесарының орыс кәпірлеріне, яғни өзге дін ұстанушыларға қарсы күрес жайлы ұран тастаған кейбір үндеулері Орта Азия мұсылман билеушілерінің ықпалымен айтылды. Алайда бұл оның жақтастарын көбейтуге бағытталған үгіт-насихатынан басқа ештеңе емес еді. Оның күресінің басты нысаны кәпірлік емес, яғни орыстардың конфессионалдық белгісі емес, патша үкіметінің езгісі еді. Ол хаттарында үнемі қолданатын «кәпір» сөзі орыстарды меңзеу, сол кездегі орыс тілінде мұсылмандарды «бусурман» деп қолданғаны сияқты синоним еді. Соған қарамастан Кенесарының Бұхара, Хиуа, Қоқан

елдерімен бірге ұйғырлардың Қытайға қарсы жиһадында жасыл Тудың астында бірігуді қалайтыны туралы ешқандай дерек жоқ. Кенесары іс-әрекетінің негізінде оның табиғи діндарлығына қарамастан, әлі де діни емес, шынайы таза зайырлы саяси себептер жатыр.

Кенесары уақытының саяси мәдениеті қазақы қағидаларға, бөтен елшілерді қабылдау ережелеріне баса назар аударады. Олар көп өзгере бермейтін әрі Ресей мен Қытайдың Ұлы даламен арадағы өркениеттік диалогтың ерекшеліктеріне сәйкес болды. Орынбор мен Омбыдағы патша губернаторлары XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қонақ күту салтына мұқият қарады. Әртүрлі атқарылатын саяси мәдениеттер байланысының негізінде діни емес, зайырлылықтың көбірек екенін, саяси және өркениетті диалогты қолдау үшін серіктес мәдениетіне құрмет көрсетудің айрықша маңыздылығын анықтады.

Елшілік сұлтанның (ханның) ауылына жақындаған кезде, оған жіберген монархтың хатымен бірге, елшімен бірге келе жатқан оның ең жақын адамдарын немесе оның туыстарын алдын ала жіберу керек.

Біз бұл жерде бұған дейінгі еңбектерімізде жазған елшілік алмасу тетіктеріне тоқталмай-ақ қояйық [Хафизова, 1996].

Елші келгені туралы ресми хабар алған сұлтанның нөкерімен бірге қарсы алуға келуін немесе оның атынан жіберілген құрметті адамдардың амандасуын және шақыртуын күту керек. Осыдан кейін ғана ордаға қарай жүріп, (үй) иесі көрсеткен жерге жайғасу керек. Қазақ билеушілері көбінесе қонақтарына арнап ауылдан екі шақырым жерде немесе өз ордасы орналасқан төбенің қарсы бетіне шатыр тіккен. Бұл – елшілерді қабылдаушы жақ үшін келіссөздің маңыздылығын көрсетуге, көз алдындағы елшілерді бақылауға, қажетті ақпаратты жинауға ыңғайлырақ болды.

Қонақтар сұлтан ауылына неғұрлым жақын орналастырылса, келіссөздерге деген қызығушылық та жоғары деген сөз. Одан әрі елшілер келіссөздің бас елшінің киіз үйінде өтуіне, сол арқылы оны жіберген үкіметтің беделін көтеруіне қалай болса да қол жеткізуі керек. Алайда, бұл жағдай сирек болады. Елшілердің билеуші шаңырағында тезірек қабылдануы да дипломатиялық жетістік болып саналды. Алғашқы кездесудің кешеуілдеуі – келіссөздің күрделілігін немесе тіпті толық сәтсіздігін нақты болжады.

Азия дипломатиясында тәжірибелі Орынбор басшыларының Кенесарыға жіберген елшіге берген нұсқауында: «... Алғашқы

кездесуіңізді үкімет сенім білдірілген адам ретінде, яғни өз қадір-қасиетін түсінетін және оны сендіруге толық құқығы бар адам ретінде Өзіңіздің шаңырағыңызда (шатырда) өтетіндей етіп ұйымдастырыңыз», – деп қатаң ескертетін.

XIX ғасырдағы ортаазиялық және орыс көпестері әлі күнге дейін хан алдында үш рет тағзым етіп, етегінен сүйді. Орыс шенеуніктері, XIX ғасырдағы шекаралық билік өкілдері бұл әдет-ғұрыпты толық орындаудан аулақ болуға тырысып, оң қолын жүрек тұсына қойып, бас иіп тағзым етуді немесе қарапайым қол алысуды қалайтын.

Сондай-ақ, елші үйіндегі (бөлек тігілген шатыр немесе киіз үй) алғашқы кездесуде: «Әзірше сән-салтанатыңызбен келіп, сыпайылық танытып, амандық-саулық сұрасып, дастархандас болыңыз» деген ұсынысы да қызық. Бұрынғы заман әдептерінен айырмашылығы да осында еді. Әдетте хан қонақтарды өз үйінде қабылдап, хат-хабар, сый-сияпатын алып, содан кейін оларды жақсылап күту үшін, арнайы дайындалған орынға жіберетін. Қонағы келмей жатып бірден бұйымтай сұрап, маңызды әңгімені бастау әдепсіздік болды. Ал елшіге берілген нұсқауға қайта оралайық: «Содан кейін оған мүмкіндігінше қысқа уақытқа кіріп-шығыңыз». [НОБ, 1996, 348- 354].

Қабылдаудың ұзақтығы үй иесіне байланысты болды. Алайда мұндайда қарым-қатынастың түбегейлі жақсаратынына сұлтанды негізсіз сендіруге тырысып, оған аса мұқтаждықты байқатпауға қысқа уақыт жеткілікті деп санады.

Елшіліктерді азық-түлікпен қамтамасыз ету біртіндеп Ресей СІМ Дипломатиялық хаттамасынан алынып тасталды. Алайда мұны Азия елдері – Түркия, Парсы, Қоқан, Хиуа, Бұхар хандықтары мен Цин империясына қатысты жүзеге асыру қиын болды. Қазақтың саяси мәдениеті өзге ел билеушілерінен, шет елдерден келген қонақтарды ас-ауқатпен қанымдауды өз мойнына алған.

Қонақ күту дәстүрі аса ыждаһаттылықпен түсіндірілді. Себебі ауылда дүкендер болған жоқ. Ал ең жақын базардың өзі тек шекара маңында еді. Ауылдағылардың келген қонаққа дұшпандығы мен қонақжайлық ережелерін бұзу жағдайы қаншалықты ауыр болғанын түсіну үшін алдыңғы бөлімдерде келтірілген ағылшын барлаушысы Аткинсонның деректерін оқу жеткілікті. Ағылшындар аңшылықпен тек саятшылыққа деген сүйіспеншілігінен ғана емес, сонымен бірге жануарлардың немесе құстардың етін ас-ауқат қылуға мәжбүр болғандықтан айналысты. Әрине, құрметті елшілерді аштан қатыру мүлде әбестік болар еді. Сондықтан нұсқаулықта: «Егер ол сізге

азиялық әдет-ғұрып бойынша жеуге болатын тағам жіберсе, онда алып келушілерді лайықты, артық жомарттықсыз сыйлап, біршама уақыттан соң жауап беріңіз», – делінген.

Сыйлықтардың ішінде қазақтар шайды, қантты ерекше бағалап, шарап ішуге біртіндеп үйренген. Шығыс қожайындарымен қарым-қатынас жасау міндеті жүктелген жоғары лауазымды тұлға үшін тағы бір маңызды ескерту болды: «...жалпы, барлық азиялықтар асығыстықты ұнатпайды. Сондықтан салқынқандылықпен, біртіндеп, бірақ нық әрекет ете отырып, сіз өзіңізге арналған мақсатқа қол жеткізесіз. Керісінше, асығыстық пен ерекше табандылық, әсіресе ақылсыз қарсылық кезінде қытымырлық таныту, мәселені бұзуы мүмкін ...».

### 3.1.5. Кенесары және Қытай

Кенесары елшілеріне қатысты Цин үкіметінің ұстанымы туралы бір-бірін жоққа шығаратын екі тұжырым бар. Екеуін де Қазақстан тарихына қатысты іргелі мұрағаттық материалдарды және жеке Кенесары қозғалысын ұзақ жылдардан бері зерттеп келе жатқан қазақ ғалымдары айтқан. Е.Бекмаханов былай деп жазды: «Ол да сол кезде қазақтармен тату көршілік қарым-қатынаста болған Қытайға арқа сүйеуге үміттенді. Кенесары Қытай билігімен келіссөз жүргізу үшін Құлжаға өз өкілін жіберді. Құлжадағы Кенесарының елшісі ерекше назарға алынды. Кенесары қазақтарды қолдап, олармен достық қарым-қатынаста болуға уәде берген Қытай императорымен дипломатиялық хат алыса бастады» [Бекмаханов, 1992, 33].

Ал Ж.Қасымбаев бұл тұжырымды жоққа шығарып, Кенесарының Қытайдан көмек алуға бағытталған дипломатиясы шын мәнінде сәтсіз болды дейді [Касымбаев, 2002, 104].

Жалпы, Кенесары Абылай хан мен Уәли ханның Қытаймен қарым-қатынасының тарихынан, олардың таққа отыруында Қытайдың маңызды рөл атқарғанынан хабардар болғаны сөзсіз. Ол 1824 жылы ағасы Ғұбайдолла сұлтанның хан мәртебесін алған кездегі, салыстырмалы түрде жақында ғана басталған Қытай мен Ресей арасындағы саяси шиеленісті әлі ұмыта қойған жоқ.

Ғұбайдолла Даогуан билігінің 3-жылы (1824) Қытайға елші жіберіп, оның басшысы ретінде бауыры Қасымды тағайындады [Цин Сюанцзун шилу, 63, 14]. Бұл Қасым – Кенесарының сол жылы 57 жасқа толған әкесі ме, басқа Қасым ба оны да анықтау керек. Бірақ Ғұбайдолланың мұндай есімді басқа бауыры болған жоқ.

Қасым әулетінің тарихында Қытаймен басқа да тікелей байланыстардың болғанын жоққа шығаруға болмайды. Қасым деген бір сұлтан 1787 жылы Қытайға барған елшілікті басқарып, «гүң» атағы мен екі көзі бар тауыс қауырсынын алған. Бұл Цин үкіметінің жас қазақ ханзадасына берген ең жоғары марапаты болатын. Қытайлар сол кезде оның қарамағында ноғай-арғын тайпасы болғанын атап өтті [Синьцзян шилюэ, 12, 11].

Қасым 1837 жылы 70 жасында қаза болды, яғни шамамен 1767 жылы дүниеге келген, ал 20 жасында, нағыз жігіт шағында Бейжіңге барған. 1824 жылғы сапар Қасымның өміріндегі екінші сапар болуы мүмкін еді. Бұл болжам дәлелді қажет етеді. Естеріңізге сала кетейік, Кенесарының шешесі ойрат болатын және оның төлеңгіттері де негізінен ойраттар.

Қалай болғанда да, Кенесары Абылайдың өзге ұлдарына ұқсамай, ағасына жанашырлықпен қарады. Кенесарының Ресей билігіне қойған батыл талаптарының бірі – Ғұбайдолланы айдаудан босату болатын. Оны Омбыға «сатқындық үшін» алып кеткенін, яғни көтерілісшілермен байланысы және таққа мұрагерлік құқығын мойындау туралы Қытаймен хат алмасқаны үшін қамағанын еске сала кетейік.

Кенесары Ғұбайдоллаға тақ мұрагеріне берілетін фирманды табыстау кезіндегі Цин үкіметі өткізген сәтсіз операцияның тарихын білмеуі мүмкін емес еді. 1838 жылы арғындардың атығай, қарауыл және т.б. руларына шапқыншылық жасаған кезінде Кенесары Ғұбайдолланы тұтқындады. Алайда, кейін сұлтанның өзі Ресейге жазғанындай, «халықтың талабы бойынша» оны босатты [НОБ, 443]. Ғұбайдолла Кенесарының қолында болған кезінде, әрине, жиеніне өзінің Цин Қытайымен байланысын, ол жаққа өз елшілігін жіберіп, Қазақстандағы Цин патшалығы елшілерімен кездесуді қалай ұйымдастырғанын айтып берді. Кейін Көкшетау уезінің басшылары Ғұбайдолланы «бүлікшімен» байланысы бар деп айыптап, Березовке айдауды талап етті. Ал Кенесары бұл мәселеде ымырасыз ұстанымын бірнеше рет білдірді.

1841-1843 жылдары хан мұрагері құқығын Цин әулеті мойындаған, өзі де таққа лайық санаған хан ағасын босатуды Орынбордан тоқтаусыз талап етумен болды. Ол бұл туысқанын бұдан кейін көрген жоқ. Ал Уәлидің кіші әйелі Айғаным ханымды да, одан туған балаларын да өмір бойы ұнатпағаны белгілі. Ол қарындасы Бопайға Ресейге адал ханымның ауылын шауып, мал-мүлкін айдап, адамдарын тар-

тып алуға, қоймалар мен қазынаны тонауға рұқсат береді. Шоқанның әкесі, аға сұлтан Шыңғыс Кенесарыға қарсы күрескені үшін Ресей үкіметінен марапат алды.

Сондай-ақ, шүршіттер Ғұбайдолла айдауда болса да назардан тыс қалдырмай, едәуір алыс Березовке хат жеткізіп үлгергенін есте ұстаған жөн. Бұл деректің барлығы Ресейдің Ғұбайдоллаға да, Кенесарыға да жаулық әрекеттерімен бірге хаттың (хаттардың) кіріспесінде, хан елшілерінің келіссөздерінде болуы мүмкін еді.

Ғұбайдолланың ауыр жазасы мен Кенесарының қудалануы Цин империясымен байланыс орнатуға жақсы сылтау болды. Ол Қытаймен дәстүрлі байланысымен әйгілі Жетісуға шегінуге мәжбүр болған кезде одан сайын өзекті бола түсті. Шыңжаңға баратын барлық жол осы жерден өтті. Олардың негізгілері – Ертіс пен Іле өзендерінің аңғарлары, Жоңғар қақпасы мен Алтын-Емел арқылы өтетін өткелдер және Қырғыз тауларының асулары болды. Бәлкім Бейжіңмен, Іле шекара басшыларымен байланыс орнату идеясын Ғұбайдолла берген болар.

Кенесарының Қытайға деген қызығушылығы туралы да деректер бар. Ол Жетісуда болған кезде, оның ордасына Құлжадағы жәрмеңкеден қайтып бара жатқан Семей көпесі (приказчик) Уфимцев келеді. Кенесарының уақытша қонысы арқылы керуенін қауіпсіз өткізіп алмақ болған көпес ханға Қытайдан сыйлықтар ала келген еді, ол билеушіге қатты ұнады. Кенесары Уфимцевті жылы қарсы алып, одан бірнеше күн қонақ болуын өтінді. Апта бойы хан мен саудагер күн сайын оңаша (!) жайылған дастархан басында «әр түрлі жағдайлар туралы әңгімелесіп» отырды [Бекмаханов, 1992, 217].

Бұл жерде хан Қытайдың іргесінде жүргендіктен де, Цин үкіметімен қарым-қатынас орнатуға ниетті болғандықтан да өзіне қажетті мәліметтерді сұрастырғаны анық.

1845-1847 жылдар аралығында Кенесары Қытайға елші жіберді. Ең оңтайлы кезең 1845 жылдың жазы болды. Естеріңізге сала кетейік, 1845 жылы мамырда оған шепті казактардың сенімді өкілі Долгов пен Бас штабтың лейтенанты Герн бастаған екі делегация жіберілген болатын.

Долгов қызметін Орынборда Шекара комиссиясының хатшысы болып бастады. Қатардағы казактардың сенімді өкілі болғандықтан, қарамағындағы адамдармен жиі араласып, олардың арасында әділдігімен танымал болды.

Елшілер (Кенесары оларды солай деп қабылдады) сұлтан босатқан орыс тұтқындарына айырбас ретінде Кенесарының өтініші бойынша оның адамдарын қайтарып берді. Бірақ олар Кенесарыға ант бергізіп, белгілі бір жерлерде ғана көшіп-қонуға көндіру мақсатына жете алмады.

Гернге Ырғыз бен Торғайда жаңа бекіністер салу үшін аумақты жасырын барлау міндеті де жүктелген. Бұл міндетті аса құпия сақтау үшін оған Кенесарының бәйбішесі Күнімжанды жеткізу құрметі жүктелді. Офицерлер Кенесарының қыстау-жайлауы орналасқан жерлері, оның барар жер, басар тауын, әскери күштері мен ішкі-сыртқы байланыстары туралы барынша нақты мәліметтер жинауы керек екені айтпаса да түсінікті. Оларға көтерілісшілерді жою үшін қажетті әскери және саяси барлау міндеттері жүктелді.

Герн Кенесары қонысына жақындаған соң, ханға хабаршы жіберді. Кенесары әйелінің қайтып оралғанына және оған жақсы қарағанына ризашылығын білдіру үшін дереу «жүз жүзбасыдан тұратын құрметті делегацияны» қарсы алуға жіберді. Құшақ жая қарсы алғандардың қатарында Наурызбай мен Құдайменде сұлтандар да болды. Бірақ ол кезде Саржан жоқ еді.

Осылайша, Кенесары Гернге үлкен құрмет көрсетті, тек ол сұлтандардан өзі ғана жоғары тұрды. Бірақ кейін Кенесарының ұстанымы күрт өзгерді. «Поручик Герн бірнеше рет күн сайын өзіне келетін адамдар арқылы Кенесарымен кездесуге ниетті екенін білдіріп сәлем жолдады. Келгендер оған үнемі уәде беретін, бірақ іс жүзінде ешкім орындауға мүдделі болмады. Соңында, 25 мамыр күні олар Гернге Кенесары ауырып қалғанын, сол себепті Гернді қабылдау мүмкін еместігіне қатты өкінетінін, оны енді бөгемейтінін және одан әрі билеушінің қаһарын төндіріп алудан қауіптенетінін» хабарлады [НОБ, 306- 397].

Кенесарының ауруы «дипломатиялық» болды ма?

Олай емес сияқты. Бүлікшінің сырқаттанғаны туралы, оның лагеріндегі індет туралы хабар Орынборға бұрын жеткені анық. Сондықтан да, Долгов отрядының құрамына шекара комиссиясының дәрігері Майдельдің кіруі кездейсоқ емес еді. «Бұл жағдайда ол қырғыздардың (қазақтардың) арасындағы аурулармен танысып, қажет болған жағдайда керуендегі адамдарға жәрдем бере алады», – делінген 1845 жылғы 4 ақпандағы Орынбор әскери губернаторының Орынбор шекара комиссиясы төрағасына жазған хатында [НОБ, 340].

Долгов отрядының құрамындағы қазақтардың да, казактардың да денсаулығына билік ешқашан мұндай қамқорлық жасаған емес. Көтерілісшілер арасындағы індет және оның үстіне олардың көсемінің ауруы Орынборды тек стратегиялық мақсатта ғана қызықтыруы мүмкін еді.

Долгов баяндамасы бастан-аяқ қолымызда болмағандықтан, Кенесарының неден «емделгеніне» тек болжам ғана жасай аламыз. Оның сапары туралы әртүрлі инстанциядағы шенеуніктердің баяндамаларында ғана айтылады. Жоғарыда бірнеше рет дәйектеме келтірген ҚР МОМ қорында сақталған Гернің есебі жолға бөлінген ақша, азық-түлік, сыйлықтарды жұмсауды ақтау мақсатында жазылған.

Қорытындыны растау үшін Орынбор әскери губернаторы Обручевтің 1843 жылғы 12 шілдеде Сыртқы істер министрлігінің басшысы граф Карл Нессельродеге жазған №14 хатына жүгінейік. Кенесарыға қарсы сәтсіз әскери жорықтар туралы баяндай отырып, ол «қатаң шараларды» жүргізуге рұқсат сұрады: «…жалпы азиялықтардың амал-айласын, әсіресе Кенесарының қырағылығын ескере отырып, оның қашып кетуіне барлық мүмкіндігі бар иен далада ұстау өте қиын, тіпті мүмкін емес. Сондықтан Сіздің кішіпейіл, мейірімді құзіретіңізден егер мүмкін болса, экспедиция бастығына осы қатыгез сұлтанды тірі немесе өлі ұстау үшін құпия құралдарды пайдалануға рұқсат беруіңізді сұраймын…» [Середа, 1992, 74].

Ауыр бюрократиялық машина іске қосылды және 1845 жылға қарай құпия құралдарға қаржы бөлінді. Олардың кейбіреулерін ғана атасақ:

– қазақ сұлтан-әміршілеріне пара беру үшін қаражат шығару;
– олармен бірлесіп отрядтар құру, әрине, тек штаб немесе обер-офицерлердің басшылығымен ғана;
– көтерілісшілер лагерінен өз ханының басын алып, ойланбастан жеткізіп беретін сатқындарды табу;
– барлаушыларды мұқият таңдап, оларға сыйақы беру;
– ханға татар емес, орыс хатшы жіберу;
– Кенесарының басқан ізін аңдып, әрбір қателігін, әрбір кемшілігін дабырайтып, оның жауыз, сатқын екенін ұдайы қайталап, оған қарсы жан-жақты насихат жүргізу.

Ең үлкен құпия операция ретінде 1844 жылы Дуниковский жазалаушы отрядының алғы шебіне «бағыныштылар арқылы бүлікшілерді жеңу» деген сылтаумен сұлтандар мен балаларын, билер мен

басқа да құрметті «Орда адамдарын» салғанын атауға болады. Ал отряд Тобыл маңында түнеп жатқанда Кенесары шабуыл жасап, 44 адамның басын шапты. Тек 20 адамды тірі қалдырып, казактарға көмектескендерден қалай кек алатынын өзгелерге жеткізу үшін оларды босатты. Әрине марқұмдардың отбасыларына Ресей үкіметі атынан берілген жәрдемақы олардың Кенесарыға деген өшпенділігін тудырды.

Жаңа бекіністерде жасақтың екі түрін қамту туралы шешім қабылданды. Бірі – жорыққа қатысатын жылжымалы жасақ, екіншісі – бекіністерді қорғайтын тұрақты жасақ. Кенесары бекіністеріне жақын дала қойнауындағы жаңа бекіністердің маңында халықтың ең кедейі саналатын егіншілерге деп жер бөлінді. Бір айта кетерім, жеріне бекініс салынған малшы аз болса да, жайылымдық жерін табандылықпен сақтап қалды.

Көшпелі және отырықшы мәдениеттер арасындағы қайшылық бір этнос тарихындағы қатал парақтар еді. Жазалаушы отряд Кенесары сарбаздарын тақыр дала мен сусыз шөлдерге ығыстырып, түйелері мен ат-көлігін жою арқылы оны аш-жалаңаш, жаяу-жалпы қалдыруы керек болатын. Кенесары жақтастарын, мысалы, 1000-нан 7000-ға дейін тұтқынға алғаны туралы хабарлар таралды. Бұл жазалаушы отрядтың нағыз тонаушылығын көрсетті.

Кенесары да барлауға ерекше көңіл бөлді. Билеуші сұлтандардың ауылдары мен ордаларына өз адамдарын (тортуылдарын) жіберіп, келген-кеткен елшілерді қадағалап отырды. Барлық жерде көз-құлағы (тыңшылары) болды. Оның құпия хаттары бас киімге немесе басқа киімге емес, таяқшалардың түтігіне тығылған. Ол тіпті Герн елшілерінің шынайы мақсатын білген болуы ғажап емес. Сондықтан, сүйікті жарын босатқаны үшін тым болмаса алғыс та айтпай, жеке кездесуді қаламай, оны қайтарып жіберді.

Кенесары қайырымсыз адам емес. Ол ерлік дәстүрімен адамдарды жомарттықпен марапаттайтын, мейірбан адам болған. Бірақ осы жолы ол шекара әкімшілігінің күрделі айла-шарғысына тап болды. Олар ресми құжаттардың бәрінде өздерінің қисынсыз әрекеттерін «азиялық» құлықпен ақтады. Кенесары «бейбітшілік сүйгіш» елшілерге сенбеді. Сондықтан ол қонақтардың қосын өз қонысынан барынша алыс тіктіріп, өз ордасының орынын жиі ауыстырды.

Хан қанша көтеріліс жасаса да Қазақстан шекарасынан шықпады және қолында бар құралды пайдаланып, өз жерін басқыншылардан қорғауға құқылы еді. Шын мәнінде, ол өз мүддесін ұмытқан жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы оның бойында Жетісуға көшу идеясының 1844 жылдың аяғында пайда болғанын және ол оны 1845 жылы жүзеге асырғанын көрсетеді. Оның Цин Қытайға бет бұру ниеті сол кезде пайда болды.

Көтерілісші ауылдары мен хан ордасының жиі орын ауыстыруы – Кенесарыға қашқындық сезім қалыптастырып, оның қарсыласудан үміті үзіле бастағандай әсер берді. Әрине, ол өзі мен жақтастарына жаңа қауіпсіз орын іздегені сөзсіз. Ол жерлер патшаның жазалаушы отрядтарының аты жетпес алыс болуы керек еді. Бірақ ол қауіпсіз баспана тауып, сонда жасырыну үшін кеткен жоқ. Ол Жетісудағы негізгі күшті қайта қалпына келтіру – хандық үшін күрестің бір жолы деп есептеді. Сарбаздары ірі жеңіліске ұшыраған жоқ. Орынбор, Сібір ведомствосының қазақтары, соның ішінде 7 уезге бөлінген қазақтар оның жағына өтті. Кенесары жақтастарының саны әрқашан кемінде 6-7 мың адам болса, кейде 20 мыңға жеткен. Кез келген уақыттағы арқа сүйер көмекшілері – інісі Наурызбай, жиені Саржан және Құдайменде сұлтандар өмірінің соңына дейін қасында болды.

Өткен жылдармен салыстырғанда Кенесарының дипломатиясы ерекше табысты болды. Ол Ресей әкімшілігінің оның өтініші бойынша жақындары мен әйелін босатқанын жақсы пайдаланды. 1845 жылы көктемде оның лагерінде Долгов пен Герннің елшіліктерінен бөлек, бір мезгілде Хиуа, Қоқан және Бұхар елшілері болды. Орта Азия билеушілері өзара тартыстарын ауыздықтау үшін ханнан әскери көмек сұрап, оның орнына өз хандықтарынан жер беру туралы ұсыныс жасады.

Оның алғашқы елшілері Құлжа әкімшілік орталығынан Қытайға сәтті аттанған болуы керек, елшілігіне жауап ретінде жіберілген хабаршылармен бірге келді. Құлжа генерал-губернаторы өкілдерінің келуі – байланыстың қайта жалғасатынын білдірді. Кенесары олардың Құлжаға аман-есен жетуін қамтамасыз етуі керек еді. Бәлкім олардың көмегімен Қашқарға өтіп кетер ме еді. Қашқарияға келген қашқарлар мен әндіжандықтарды жаулап алу үшін Қытай да оның жауынгер жасағына сенім артуы мүмкін. Әрине, бұл болжамдар құжат бетіне түспеген және тарихта оқиғалар әрқашан логикаға сай бола бермейді.

Тағдыр оған оң көзімен қарады. Ол ауыр дерт – шешектен әлде тырысқақтан аман қалды. Сондай-ақ Кенесары Жетісудағы туысқан сұлтандармен, оларға бағынышты рулармен әскери қақтығысқа бармады. Сыртқы серіктестерінің ешқайсысы оны ренжіткен жоқ. Ол ұзақ жыл бойы олардың амал-айласын көріп, тәжірибе жинағандықтан

берілмеді. Билеушілер берген уәделерінің шынайы бағасы мен олардың қармағына ілінбеуді білді. Мысалы, оның бірнеше жыл бойы Орынбор билігін Омбы билігіне қарсы қойып келгені белгілі. Оның қайсар мінезі барлығына мәлім еді. Қалай болғанда да, хан Шу, Талас өзендерінің жағасына мәжбүрліктен келген жоқ. Моғолстанның осы түкпірінде оның бабалары Жәнібек пен Керей үйсін, дулат, найман, керей ұрпақтарын біріктіріп, хандық құрды. Аңыз бойынша, осы жерде, Телікөл көлінің жағасында, олардың әулетінің бірінші ханы болған атасы Абылай ақ киізге отырғызылған. Осының бәрі Кенесарының жауынгерлік рухын көтеріп, күресіне кие дарытып, жақтастарын шабыттандырды. Жетісуда қазақтармен емес, негізінен Жетісу қырғыздарымен, біршама ұзақ – екі жылға жуық соғысты.

Ендеше, Қытайға қанша елшілік жіберіп, Кенесарының қандай мақсатты көздегенін анықтау керек.

Сібір қырғыздарының (қазақтардың) шекара бастығы генерал-майор Н.Ф.Вишневский баяндамасында: «…мұнда сауда жасайтын ташкенттіктерден жиналған мәліметтерге қарағанда, бүлікші Кенесары жылқылардың едәуір бөлігін барымталап, Ғали сұлтанға (Әли Әділев - К.Х.) сыйлық жіберген. Өз жақтастарын Тарбағатай тауларында және Аягөз округінің кейбір болыстарында, Лепсіге жақын маңда көшіп-қонып жүрген тәуелсіз қырғыздарға жіберді» - деп жазды [НОБ, 443]. Қытайға баратын негізгі жол тура осы жерден өтетін.

Кенесары Кіші жүздің кез келген аймағына көшпес бұрын, әдетте, алауыздықтың алдын алып, сол елдің сұлтандарына хат жазып, сыйлықтар жіберді. Алайда, бұл жерде «біраз» жылқының саны көрсетіледі. Бұл құжатты Кенесарының Қытайға жіберген елшілігі туралы алғашқы жаңалық деп бағалау керек сияқты. Елшілер Тарбағатай қазақтары арқылы Шәуешекке жіберілсе керек. Тіпті олар 1846 жылдың мамырынан кешікпей жолға шыққан сияқты. Ал Кенесары 1845 жылы Жетісуға келгенде алдымен ағасы Сөкке бағынатын Үйсін тайпаларының жеріне табан тіреді. Тарбағатайлық цанцзань дачэнь (хэбэй-амбань – мәнжу тілі) көп жылғы тәжірибесіне сүйеніп, бұл елшілікті Құлжадағы Іле генерал-губернаторына жіберуі тиіс еді. Кенесары кепілдік үшін елшілікті Тарбағатай мен Үйгентас арқылы екі бағытта жібере алатын. Бірақ, қалай болғанда да елшіліктің соңғы баратын жері Құлжа болатын.

Бекмаханов та, Қасымбаев та Кенесары елшілігінің Құлжаға келгені туралы сенімді мәлімет береді.

Бүгінде Кенесарының елшілігі туралы біраз мәлімет бар, соған назар салсақ. Кенесары елшілігі Үйгентас шатқалынан жолға шықты. Бұл аймақ Тезек сұлтанның ағасы Хакім Нұралиннің (Хәкімбек, Ақымбек) қарамағында болды. Қытай дәрежесіне ие болған Хакім албан-суан руларына билік жүргізді. Шыңжаң территориясында уақытша немесе тұрақты мекендеген албандар мен суандар да оны өз төрелері деп қабылдаған. Бұдан Хакім Кенесарының Цин генерал-губернаторлығымен байланыс орнатуына тікелей немесе жанама түрде ықпал етті деген қорытынды шығаруға болады. Қалыптасқан әдет бойынша Кенесары елшілері Хакімнің немесе басқа сұлтандардың сауда керуеніне қосыла алады. Осы арқылы Кенесарының айырбасқа арналған көп жылқыны қалай жібергенін түсінуге болады. Қытай билігі Шыңжаңмен ұзақ жылдар сауда және саяси байланыста болған билеушілердің ұсынысы бойынша жаңа адамдармен кездесіп, қабылдауды жөн көрді. Туысқанға жанашырлық таныту ретінде Хәкімнің көмегін қабылдау да жеткілікті.

Алайда оның әрекетінде экономикалық мүдде де, саяси астар да бар еді.

Біріншіден, ол өз аумағы арқылы өтетін әрбір керуеннен алым жинады. Бұл оның тұрақты табысының бір көзі болатын.

Екіншіден, ол Іле генерал-губернаторы мен басқа қазақ билеушілерінің арасында делдал болуға дағдыланған. Циннің жоғары лауазымды шенеуніктері әдетте қазақ елшілері мен көпестерін қабылдау ұйымдастырып, дала жағдайынан жан-жақты мәлімет алуға ұмтылды.

Үшіншіден, Хәкім, әрине, Кенесары мен оның ауылының өз жерінен тезірек кеткенін қалады.

Кенесары әдетте өз туыстарына қарасты алқаптарға ат басын тіремес бұрын, алдын ала хат жазып, рұқсат сұрайтын. Кенесары 1846 жылдың көктемінде сұлтан Әли (Ғали) Әділевке де сондай мазмұнда хат жазған.

Сөк өзі иелік ететін Қаратал алқабынан көшкен соң Кенесары Іле бойына қоныстанғанын айтқан. Лепсі өзенінің маңында орыстың үш отрядының басын қосқан Вишневский жиыны да Кенесары ауылдары бұл жерден көшіп кеткен соң өтті. Сөйтіп, орыс атты әскері жем-шөбі уланған алқапқа жетті. Лепсі – Тарбағатай (Чугучак) хебеамбанның қарауындағы шығыс өңірдің шекарасы болса, батысында – тікелей Іле (Құлжа) цзянцзюньге дейінгі жермен шекараласты. Хан съезд басталмай тұрып Лепсіден Қытайға елші жіберіп үлгерді.

Бұл жерден Құлжаға да, Шәуешекке де тура жол бар еді. Сондықтан Вишневскийдің Виктор Ивашкевич басқарған бір отрядты Алакөлге қарай Шәуешектің тіке өзіне жіберуі кездейсоқ емес. Бірақ ол Кенесары жақтастарының ізін таппай қалды. Бұдан елшілердің Құлжаға «үйсіндер», сірә, «албан-суан» жері арқылы кеткенін болжауға болады Бұл – ең қысқа жол болатын. Бәлкім, Кенесары бұған қол жеткізу үшін шүршіттерден:

1. ғасыр бойы шекара маңындағы қазақтар жасағандай, оған Іле болысының аумағынан қыстаулық жер беру;
2. хандық билікті қалпына келтіру үшін әскери көмек беру;

Соңғы талап жетісулық Абылайдың кейбір ұрпақтарына тиімді еді.

Одан кейін Кенесары қазақ пен қырғыз тайпалары ежелден бірге қыстап-жайлаған Жетісудың батысына жорық жасауды жоспарлады. «1846 жылдың тамыз айының басында Кенесары сұлтан Шу өзенінен жоғары жылжып, шамамен 1836 жылы Көккөл көлін қоныстануға келген, көшпелі Үлкен Орданың әйгілі сұлтаны Рүстемнің достығынан үміттеніп, қырғыздарымен көрші болуға болатын, болмайтынын сұрап бірнеше адам жіберіп, хат жолдады» [НОБ, 414].

Ал сұлтан Рүстем Әбілфейзов (Тентекханов) Кенесарыдан бас тарта алмады. Сол себепті көпшілік сұлтан көтерілісшілер жағында ұзақ уақыт болды деп сене бастады [Уәлиханов Э., 2004, 174]. Хандық билікті қалпына келтіру жолындағы ұзақ күрес олардың қолдауына ие болды. Абылай ұлдарының көбі үнемі онымен бірлесіп, өз ауылдарында бүлік ұйымдастырып, оған азық-түлікпен, мал-мүлікпен көмектесіп жүргені кездейсоқ емес. Жетісу билеушілері де өз халқының санын Кенесары ауылдарының есебінен толықтырар еді. Бірақ Кенесарының билікке құштарлығын байқаған кейбір билеушілер өзінің құдіретті туысынан сескеніп, оны болашақ хан ретінде қолдаудан жасқанды. Сондай-ақ, оның сәтті болатынына сұлтандардың сенімі аз еді. Бірақ бәрінен де Кенесары қырғыз, Қоқан, Хиуа хандықтарының наразылығын тудырды.

Орыс жазалаушы отрядтары оны тоқтаусыз қуды. Ол тек Қытаймен ғана дұшпандық қарым-қатынаста болған жоқ. Жетісудағы ең беделді тайпаның ықпалды биі, сұлтан Әли Әділевтің тұрақты елшісі Мәңке Кенесарыға қатысты басты мәселелерден хабардар еді: «Бүлікші сұлтан Кенесарыға қатысты Мәңке би оның ауылдарын қара қырғыздар талқандап, тонап кеткен соң ол солардың арасында екенін жариялап, олардан өзіне басқа жер тапқанша, біраз

уақыт көшуіне рұқсат беруін өтінген, сол себепті оны тек олар ғана қабылдаған» [НОБ, 444-445].

Бірақ бұл өлкеге үйреніп қалған Рүстем сұлтан үшін үрейлі жағдайлар болды. Оның алғашқысы – Кенесарының осыдан он жыл бұрын – 1836 жылы бұл жер өз қонысы болғанын, сондықтан Шудың батыс жағалауындағы жерлерді иемденуге құқығы барын еске салуы еді. Кенесарының әкесі Қасым сұлтан Қоқанға бассауғалап бара жатқан кезде отбасымен бірге осында тұрған.

Рүстем үшін екінші жағымсыз фактор – Кенесарының бұл жерлерде ұзақ уақыт мекендеп қалуы болды. Сондықтан да хан сұлтандарға не Хиуаға, не Шығыс Түркістанға көшетінін үнемі айтып отырды. Ұлы жүз билеушілерінің «оны қонақ ретінде қабылдағымыз келеді, бірақ Кенесары Қасымов бұл өлкеге түбегейлі ие болғысы келді» деген пікірімен толық келісуге болады [Уәлиханов Э., 2004, 59].

Осыдан сәл бұрын Хәкім 1845 жылы Ресей бодандығын қабылдауға ниет білдірді. Маусым айының басында өткен Лепсідегі жиналыста оған сұлтан Әли Әділевпен бірге Ресей азаматтығын қабылдағаны үшін марапаттау туралы императорлық бұйрық берілуі керек еді.

1846 жылы Омбы билігі үлкен күш-жігермен Абылай ұрпақтарының, оның ішінде ең үлкені Сөк сұлтанның 1 маусымға дейін Лепсі өзеніне жиналып, ол жерде Кенесарыға қарсы бірлесе күресу үшін орыс жасақтарымен ымыраласу туралы уәдесіне қол жеткізді.

Алайда белгіленген уақытта ешкім келмеді.

Шекара бастығы Ұлы жүз билеушілерінің шынайы ниеттері жайлы болжамында қателескен жоқ. Бұл оның СІМ берген құпия хабарламасынан байқалады: «...егер олар оған кетуді ұсынамыз деп уәде берсе, онда бұл қырғыздардың (қазақтардың) жеңілтектігі мен рухының тұрақсыздығынан. Бұған сену мүмкін емес» [НОБ, 445].

Өйткені, Кенесары алғашында қырғыздардың шабуылына ұшырап, одан кейін қазақ жеріне қоныс аударған. Әділ сұлтан Абылай ұлдарының қолбасшысы ретінде кеңес өткізіп, оған қырғыздардың және орыс билігіндегі қазақтардың өкілдерін шақырды. Ол шиеленісті дәстүрлі заңдардың көмегімен шешіп, барлығын ортақ келісімге келтіруге ұмтылды.

Абылай ұрпақтарының лагерьге келетінін естіген Вишневский, олардың келуін тездетуді өтініп, хат жібере бастады. 20 күнге жуық кешіксе де, жалпы шешім қабылдаған Жетісу би-сұлтандары «онымен ешқандай қарым-қатынас құрмаймыз, Кенесары да, оның

жақтаушылары да біз қоныстанған жерлерде болмайды» деп уәде беріп, құжатқа қол қояды. Міне, Сібір казактарының шекара бастығы генерал-майор Вишневский Ұлы жүз сұлтандары мен билерінен керемет күш-жігер жұмсап, осындай шешімге қол жеткізді. Билер Кенесарымен бұрынғы байланыстарын оның өз ауылдарында қалуына тосқауыл болғысы келетіндігімен түсіндірді. Жалпы бұл олардың қалауына сай келетін. Қалай болғанда да, олар Кенесарыны Ресей билігіне бермеді.

Вишневский сұлтандар мен билердің отрядтарында олардың балалары мен басқа да жас туыстары кепілде болғанын қалады. Оның үстіне Вишневский көтерілісшілерге қарсы жорыққа керек жылқыны қазақтардан алуға үміттенді. Тіпті олардың жолбасшы болатындығына сенді. Көбінесе қазақтар жорық туралы нақты мәлімет алу үшін орыс жасақтарына жолбасшы болады да, межелі жерге жетуде қателескен болып немесе әдейі айналмалы жолмен апаратын. Олар естіген мәліметтерін Кенесары жақтастарына немесе оның өзіне жеткізуі ғажап емес. Сұлтандар мен билердің орыс жасақтарына әскери көмегі әдетте кеш келетін.

Вишневскийдің отряд командирлері Нюхаловқа, Абакумовқа жазған құпия хаттарында сұлтандар мен әулет билеушілеріне сенімсіздік айқын көрінеді. Жетісу өлкесіндегі әскери қимылдардың кейбір жоспарларымен бөлісуге болатын бірден-бір сенімді адам ретінде, ол, тіпті сол кезде де ойланбастан Барақ сұлтанды атайды: «Кенесарыны оның ауылдарымен қоса толық талқандау шараларын қабылдау үшін Сізге болжам жасауды және Барақпен кеңесуді тапсырамын. Егер сен оған толық сүйенсең, ол тек өзіңізге ғана белгілі аса құпия сақталуы керек» [НОБ, 454- 455].

Барақ сұлтан – Көкпекті болысы Әбілмәмбет әулетінен шыққан, Әбілфейіз сұлтанның немересі. 1846 жылы қыркүйекте Барақ сұлтан Кенесары сарбаздарынан қолға түскен тары тиелген үш түйе мен екі қазақты Нюхаловтың қосынына жеткізіп, орыстарға көмектесуге дайын екенін іс жүзінде дәлелдеген.

Сібір қазақтарының шекара қолбасшысы Батыс Сібір генерал-губернаторлығына берген рапортында Бөлен мен Барақ сұлтандардың келуін «жасақпен бірлескен іс-қимыл үшін қырғыздар партиясымен» күтіп тұрғанын жазды [НОБ, 451-452].

Кейіннен Барақ Аягөз (Сергиополь) округінің аға сұлтаны болып тағайындалды. Тағайындалғаннан кейін Вишневский олардан әскери көмек күтті, «қырғыздар партиясы» деген отрядтарды білдірді.

Демек, Ұлы жүз билеушілері Кенесарының Қытай шекарасына көшуіне, Қытаймен байланыс орнатуына кедергі болған жоқ. Олардың өздері де көршілес шығыс мемлекеттері – Қытаймен, Орталық Азия хандықтарымен байланысты үзуге келіспеді. Мәселе, олар қандай шектеулерді қытайлық деп санағанында. Ол Жетісу емес екені анық.

Кенесарының 10 жылдан астам уақытқа созылған көтерілісі Қазақ хандығын сақтап қалу жолындағы күрестің жалғасы еді. Мұндай күрестің кез келген көрінісі жүз жыл бойы циндік Қытайдың геосаяси мүдделері аясында болды. Бұл алдыңғы тарауларда толығырақ қарастырылады. Сондықтан бұл жерде Орта жүзде Ресейдің аймақтағы басты қарсыласының ірі саяси оқиғаларына бұл биліктің қатысуы сезілгенін дәлелдеудің қажеті жоқ.

Кенесары елшісі Құлжаға 1845 жылдан ерте жеткенін сеніммен айтуға болады. Оған қарапайым қабылдау рәсімі жасалғанын орыс басшылары да белді. Орыс шенеуніктерінің пікірінше, «миссияның мақсаты қарапайым – Цин үкіметінің жеріне қоныстануға келісім алу» делінген [Касымбаев, 2003, 104].

Алайда Цин билігі Ресеймен қарым-қатынасын қиындатпау үшін бұл өтінішке құлақ аспады-мыс. Сонда да олар Ұлы даладағы мұндай беделді тұлғаның өтінішін мүлде елеусіз қалдыра алмады. Циннің екі шенеунігі мен бір аудармашының елшілермен бірге Кенесарыға келуі осының дәлелі. Олардың Кенесарының Жетісудағы жағдай жайлы толық ақпарат алғысы келгені анық.

Кенесары қайтадан қырғыз өлкесіне қарай бет алды. Бәлкім, ол кезінде жеріне кіргізбей, қарсы шабуыл жасағандары үшін қырғыздардан кек алмақ болды.

Қырғыздар әу бастан-ақ Кенесарыға дұшпандығын көрсеткен. Қоқандықтар оның жасақтарының Сырдария бекінісіне жасаған шабуылдарын, Орта Азия қазақтарынан зекет пен ұшыр жинағанын әлі ұмыта қойған жоқ. Бұл жерде Кенесарының қырғыздармен араздығы екі державаның мүддесіне сай болғанын байқаймыз. Қожалар мен оларды қолдаған манаптарға көмектескен қырғыз ауылдарын талқандау, олар Қоқан ықпалын әлсірету – Цин билігінің қышыған жерінен тиді.

1847 жылы Шыңжаңда Қашқар ұйғырлары мен қырғыздардың көтерілісі басталып, ол қоқандық 7 қожаның басып кіруімен аяқталды. Цин үкіметі батыс елдері бастаған апиын соғысы кезінде өз күштерін теңіз жағалауын қорғауға жұмылдырды. Қашқариядан

көршілес Үндістанды отарлаған Англияның қысымы да сезілді. Бірақ Шыңжаңдағы Цин үкіметіне басты қауіп қожалар мен қоқандықтардан келді. Мұндай жағдайда, қалай болғанда да, Кенесарының көмегі артық болмас еді.

Кенесары ордасының Шу мен Талас өзендерінің сағасында орналасуы өте қолайлы болды. Цин билігі бұл аумақты өзінің бақылау аймағына жатқызып, қоқандықтарды бұл жерден қууға әрекеттенді. 1830 жылы Жаһангер қожаның алғашқы шапқыншылығын тойтарып, Қашқарияға үстемдігін қысқа мерзімге қалпына келтіріп, Қашқарияға қайта оралған Құлжа генерал-губернаторы Ю Линь императорға бұл аймаққа жасақ жіберу туралы өтініш жасады. Бірақ өтініші қолдау таппады [Цин шилу].

Кенесары елшілігін Құдайменде сұлтан басқарды. Кенесарыны жақтағандардың қатарында Орта жүздің осы аттас екі сұлтан болды. Бірі – Бөкей ханның ұрпағы Құдайменді Ғазин (Ресей Уәли ханға қарсы тағайындаған), екіншісі – Кенесарының немере інісі Құдайменді Саржанов.

Олардың біріншісі 1838 жылы Кенесарыға қосылып, Батыс Қазақстанға өз халқын әкелді. Алайда Қытайға елші ретінде үнемі өзінің сюзеренімен бірге жүретін Құдайменді Саржановты [Касымбаев, 2002, 104] жіберген болуы мүмкін. Ол хан кеңесінің мүшесі болып, көбінесе жорықтар мен құрметті өкілдерді басқарды. Сұлтан ханмен бір күнде қайтыс болды. 1843 жылы Кенесарының тапсырмасымен Гернге сәлем беруге барады. Бір қызығы, 1845 жылы тамызда бауыры Саржанмен бірге Сібір қырғыздарына аттанды. Содан 1847 жылға дейін ол туралы хабар болған жоқ. Егер ол Қытайға барса, 1845 жылы жаздың соңында, не 1847 жылы көктеміне дейін баруы мүмкін еді.

Елшілік құрамында Шоқпар би мен (Сүйдақ) қажы да болды. 1843 жылға дейін Кенесарының наразылығына қарамастан Орынбор түрмесіне қамалып, күшпен ұсталған бұхарлық Мұхамед-Ғали Усманов Сайдақ қажы есімімен белгілі. Бұл да Кенесары елшілерінің Қытайға 1845 жылдан бұрын бармаған деген тұжырымды растайды.

Сөйтіп, Кенесары өзінің ақылды кеңесшілерін Қытайға жібереді.

Құдайменді Саржанов бастаған Кенесары елшілігі Құлжаға тоғыз жылқы жеткізді. Мұндай сыйлықты ұсыну – ұсынушы билеушінің ерекше қолқа салатынын және оның мәртебесін тануға үлкен үміт артатынын білдіреді. Мұндай маңызды сыйлықты қабылдаған император сыйлық берушіге өзінің қамқорлығын көрсетуге міндетті болады.

Кенесарының негізгі міндеті – округтерді жойып, Қазақ хандығының бұрынғы мәртебесін қайтару болды. Ол туралы кезінде император I Николайға өз хатында жазған [НОБ, 120-121].

Қазақ хандығын қалпына келтіру міндеті – Цин патшалығының Қазақстандағы саясатының жалпы бағытымен сәйкес келді. 40-жылдары оның басты жауы – Шыңжаңды қайтарып алу үшін жанталасқан Қашқар қожалары болатын. Қоқан феодалдары мен дінбасыларының моральдық әрі материалдық қолдауымен теократиялық ұйғыр көсемдері Шыңжаңға басып кірді. Олардың әскерін Кенесарының талқандауы, жауы Қоқанға қарасты Шу-Талас сағасын қайтарып алуы – Цин билігінің пайдасына шешілді.

Кенесары елшілері Шыңжаңда бір айға жуық болды. Бұл – бірнеше рет кездесу өткенін, келіссөздердің күрделі болғанын білдіреді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында бұл аймақ Кенесарыны жан-жақтан қысып келе жатқан орыс жасақтары үшін жабық болды. Жетісудың шығысы мен солтүстігінде жазалаушы отрядтар орналасты. Жетісудағы ең мықты шабуылшылар – Аягөздегі жүзбасы Иван Карбышев пен Қараталдағы Нюхаловтың отрядтары еді. Осыны ескерген Кенесары Балқаш өңірінен шығып, Шу өзені арқылы Ыстықкөл аймағына өтуге ұмтылды.

XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін Қытаймен шекараны шегендеп үлгермеген патша үкіметінің шекара әкімшілігі қазақ және қырғыз жерлерін әлі өз билігін кеңейте қоймаған қытай территориясы деп қателесті.

Бірақ бұл XIX ғасырдың 40-жылдарында, қытайлық «басқарудың» суреті айқынырақ болған кезде де неліктен бірнеше рет айтылды?

Патша үкіметі алдын ала Шу-Талас пен Ыстықкөл аймағының аралығын Қытай жері деп санауы, Кенесарының солай қарай шегінуі – Омбы билігін қырғыздар мен Іле генерал-губернаторына хабарласуға мәжбүр етті. Патша үкіметі Іле өзенінің батысы Қытайдың жері екенін үнсіз мойындады. Ал өзі оның шығысын жаулап алумен айналысты.

Кейбір ресми құжаттарда Іле өзенінен батысқа қарай Шу өзеніне дейінгі аралық қытай жері деп көрсетілді. Бұл арада олар бірте-бірте Қоқан хандығының қол астына өтіп, жеке аралдар ретінде шығысқа қарай жылжи бастады. Мұндай ілгерілеудің ең тиімді көрінісі аталған аумақта Қоқан бекіністерінің салынуы еді. Кенесары ауылдары 1845-1847 жылдары Іле-Шу сағасында қоныстанған үш жылда бұл жерде тек Қоқан билігі ғана үстемдік құрды. Орыс пен Циннің шекаралық шенеуніктері өз қызметін жергілікті манаптармен және старшындар-

мен хат алмасумен шектеді. Бірақ Ресей билігі бұл аумақты қытай жері деп ойлап, басып кіруге ыңғайсызданды.

### 3.1.6. Кенесары және Қоқан

Кенесарының Орта Азия хандықтарының билеушілерімен қарым-қатынасын алғаш рет егжей-тегжейлі баяндаған қазақ ғалымы – Е.Бекмахановтың зерттеуіне жаңалық қосу қиын. Кенесарының Қытаймен жақсы қарым-қатынас орнатуға ұмтылуы мен Қоқан хандығының Ферғанамен ежелгі тарихи-мәдени ынтымақтастығын қалпына келтіру саясатына ұмтылуынан күрделі жағдай қалыптасты. Ал дінбасылар Шығыс Түркістанды жат қамыттан азат етіп, мұсылман билігін қалпына келтіруге ұмтылды. Кенесарыға Қоқан хандығының көмегіне сенудің қажеті жоқ еді. Өйткені ол өз қол астындағы халықтың санын хиуалық, қоқандық және бұхаралық қазақтар есебінен көбейтуді көздеген болатын. Оның үстіне Әулие-Атада әкесі мен екі ағасын қоқандықтардың тапсырысымен өлтіргені бәріне белгілі еді.

Ақыр соңында, Кенесары өз өлімін қырғыздардан тапты. Кенесары әулетінің қырғыздармен қарым-қатынасының нашарлауына арғы атасы Абылай хан кезіндегі жағдайлар, өзінің де қырғыздарға қатысты қатыгез іс-әрекеттері негіз болды. Сонымен қатар, Шу-Талас алқабынан хандыққа қажетті бос жер (жайылым) табу қиын еді. Ал қырғыздардың Қоқан хандығына тәуелділігі күшейе түсті. Кенесары үшін құтылудың бір ғана жолы – Қытай, дәлірек айтсақ, Шыңжаң болды.

Шыңжаңның қай аймағы шегінуге қолайлы? Солтүстік Тянь-Шань (Жоңғария) ба, әлде Оңтүстік Тянь-Шань (Қашқария) ба?

Кенесары әскерінің бағыты әуелі Орталық Қазақстаннан Тарбағатайға, одан Құлжаға дейін шайқасуға әрекеттенгенін, ақыры жорық бағдары Қырғызстанды бетке алып, Қашқарияға қарай өзгергенін көрсетеді. Бұл бағыт Құлжа генерал-губернаторының ықпалымен өзгерген болуы мүмкін. Бірақ себебін осы аудандардың 1846-1847 жылдардағы жағдайыннан іздеу керек.

Кенесарының Қытайға шегінуге ниеті болды ма, жоқ па, ол дәлелдеуді қажет етеді. Мұның анық болғанын 1846 жылы артиллериялық қондырғылармен жабдықталған орыстың жазалаушы отрядтарының жорықтарын басқарған генерал-майор Вишневский-дің хатынан үзінді дәлелдейді. «Кенесарыны ауылдарымен бірге түбегейлі жою шараларын қолдану үшін мен сізге жорамал жасауды

тапсырамын, – деп жазды Вишневский есаул Нюхаловқа ... – оған қарсы шешуші жорық жасаудың қолайлы уақыты қашан келеді? Менің ойымша, ерте көктем. Ол кезде аттар арық, Іле өзені тасып жатады. Көтерілісшілердің одан өтіп, тау асып-тас басып, Қытай шекарасына жетуі екіталай болады...» [ҚР ОММ, 374 қ., 1-тіз, 2909-іс, 118-п].

Вишневский өзіне белгілі фактілер негізінде болжам жасады. Ол, ең алдымен, Кенесарының Қытаймен байланыс орнатқан, орнатпағаны туралы ақпарат алғаны анық. Ал бұл мәлімет өздерінің маңына көшіп келген беймаза ауылдарды, тіпті Қытайға болса да Жетісудан аударып жіберуді ғана көздеген қазақ билеушілерінің қолында болды. Кенесары олардың дұшпандығынан сақтану үшін, олардың өздерін соған сендірді. 1846 жылғы, сондай-ақ 1847 жылғы қытай факторын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, кездейсоқ болса да Кенесары сол кезде қолға түскен 500 (!) жалайырдың қамыстан жасалған салы мен екі паромы арқылы, мал-мүлкімен Іледен өтіп кетті. Жалайырларды Сөк пен Қамбар биледі. Олар қол астындағылардың мал-мүлкін пайдалануды, реквизициялауды ұната қоймады.

Кенесары Іледен Шуға көшіп, мұнда Ұлы жүз қазақтарымен араласып, егінші қырғыздарды шапты. Осы шабуылда 200 қырғыз өліп, соншасы тұтқынға алынды [НОБ, 456- 457].

Жоғарыдағы деректер Кенесары жақтағының айтарлықтай көп екенін көрсетеді. Мәліметтерге қарағанда, әдейі асырып айтылған болуы да мүмкін, десе де оның қол астында 8 сұлтаны, 3000-ға жуық сарбазы, 4000-дай арбасы, 15 мың түйесі, 40 мың жылқысы болған [НОБ, 463].

1846 жылы Кенесарының Іleні өрлеген жорығы сәтсіз аяқталып, қайтадан Шу өзеніне оралды. Бұл жолы оған Шымыр, Жаныс, Сары Үйсін, Сыйқым руларының қазақтары – жалпы 20 мыңдай адам қосылды [НОБ, 457].

Ең сенімді деген соңғы мәліметтерге қарағанда, Кенесарының «Орынбор мен Сібір ведомстволарында, сондай-ақ Орта Азия тайпаларында, әсіресе Ташкентпен шекаралас» 2000-нан астам жақтасы болған [НОБ, 469].

Кенесары мен інісі Наурызбайды және басқа жақтастарын тұтқындаған қырғыз манаптары небәрі 3400-дей адам болса, өлтірілгендердің арасында 30 сұлтан болған [НОБ, 472].

Мұндай күшпен шекараны бұзып өтуге болады, бірақ оларды Шыңжаңға қоныстандыру қиынға соғар еді. Цин билігі Қашқарияға басып кіріп, Бейжіңмен жанкешті күрес жүргізген қожаларға қарсы

соғыста Кенесарының дайын жауынгерлерін пайдаланып, оларды өздеріне қосылған қырғыз жеріне орналастыра алалатын еді.

Кенесары орыс жасағынан құтылып, «Ресейдің қол астына кірмеген» Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз жеріне қарай бет алды. Орыс қолбасшылары қазақ пен қырғыздың Кенесары жасағына қарсы шабуылын ұйымдастыруды қолдады. Бірақ, онсыз да олар сұлтанның 1845-1847 жылдары жолындағы ауылдарды тонап, халықты аяусыз қырған кегін әлі ұмытпаған болатын. Оған қоса, сол кезде Кенесары олардан салық (зекет) төлеуді талап етті. Сондай-ақ азық-түлік жетіспеді, ол 1846 жылы қазақтарды Іле аңғары мен жағалауларында егіншілікпен айналысуға шақырды.

Кенесары Іле өзенінің жоғарғы ағысына, яғни Шыңжаңға көшу үшін үйсіндермен жақсы қарым-қатынас орнатып, қырғыздармен татуласуға ұмтылды. Тұтқынға алынған көтерілісшілер: «Қырғыздармен болған шайқастан кейін Кенесары інісі Наурызбай екеуі Қытай шекарасына қарай аттанды» деп куәлік етеді [НОБ, 463].

Кенесары мен жақтастары 1847 жылы сәуір айының соңында қырғыздардың қолынан қаза тапты.

Демек, Абылай ханның атақты немересі Кенесары мен кенже ұлы Садықтың өмірінің соңғы жылдары Қытаймен байланысты. Қоқандық Якуббекті жақтаған Садық Ташкентті орыс әскерінен қорғауға қатысты. Шығыс Түркістанда Ийетти-шаар (Жеті қала?) (Семиград) мемлекетін құрып, оның дамуы үшін Цин патшалығымен күресті.

Кенесарының Цин империясымен қарым-қатынасы туралы қарама-қайшы мәліметтер бар. Кенесарының патша үкіметіне қарсы көтерілісі Кіші жүз бен Орта жүз жерін түгел қамтып, Орта Азия хандықтарына қарасты Қоқан, Хиуа және Бұхараға жетіп, 1846 жылы Жетісуға өтті. Ал Іле аңғары мен шығысындағы билеушілердің көпшілігі Цин үкіметіне адал еді.

Шындығында, кейде оған Ресейден бөлек, Орта Азия мемлекеттерінің әскерімен де, қырғыз манаптарымен де соғысуға тура келді. Қазақтың ықпалды сұлтандары Ресей жағында болды. Олардың ішінде Абылай ұлдары да бар еді. Абылай хан әулетінің ішінде қаһарлы, кекшіл сипат алған алауыздық өршіді. Үш жүз өкілдерінің Кенесарыны хан сайлауы олардың арасына бірліктен гөрі араздық әкелді.

1846 жылы патша жасақтарының шабуылы Кенесары көтерілісшілерін Ұлы жүз жеріне – әуелі Балқаш көліне, одан әрі оңтүстікке қарай қырғыз маңындағы Шу өзеніне қарай жылжытты.

Бұл жылжу кездейсоқ болды ма?

Кенесарының дипломатиялық қабілетін біле отырып, бұл қозғалысты Шыңжаң билігі де талқылады деп болжауға болады. Кенесарының Шыңжаң генерал-губернаторымен 40-жылдары байланысқа шыққаны белгілі.

Мұнда жауап беруге қиындық тудыратын көп сұрақ бар. Құлжамен байланыс нақты қай жылы, қалай орнатылғаны, Кенесары елшілігін кім басқарғаны, құрамында кімдер болғаны белгісіз. Қарым-қатынас орнатуға кім көмектесті? Құлжадан Бейжіңге біреу жіберілді ме? Келіссөздер нақты не туралы болды? Екі жақ қандай нәтижеге жетті? 1837 жылы басталған Кенесары қозғалысына Цин үкіметінің реакциясы қандай болды? Цин билігін не қызықтыруы мүмкін?

Дәлірек айтқанда, қазақ билеушілерінің барлық елшілеріне қатысты да осындай сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға осыған қатысты бірнеше оқиғаны талдау арқылы жауап алуға болады. Кенесарының жағдайында бұл қиындық тудырады. Себебі ол көп ұзамай қайғылы қазаға ұшырады. Бірақ біз одан бір жарым жыл бұрынғы оқиғаларды талдап көрейік.

1943 жылы жарыққа шығып, бірден айналымнан алынып тасталған «Қазақ ССР тарихына» Кенесары көтерілісі туралы бөлім жазған, ол да кейін айналымнан алынған Е.Б.Бекмаханов монографиясында былай делінген: «Ол [Кенесары – К.Х.] сол кезде қазақтармен тату көршілік қарым-қатынаста болған Қытайға да сүйенеміз деп үміттенді. Кенесары Қытай билігімен келіссөз жүргізу үшін Құлжаға өз өкілін жіберді. Құлжаға барған Кенесары елшісі ерекше назарға алынды. Кенесары Қытай императорымен де дипломатиялық хат алыса бастады. Ол қазақтарды қолдап, олармен достық қарым-қатынаста болуға уәде берді» [Бекмаханов, басп. 1992, 33].

Ол өз еңбегін сол кезде сілтеме бере алмаған Ахмет Кенесариннің «Кенесары мен Садық» кітабына сүйене отырып жазған болар. Бұл мәліметтер 50 жылдан кейін 1898 жылы жазылып алынған. Бұл жерде Кенесарының Қытай үкіметімен қарым-қатынас орнатуына қатысты отбасылық аңыздарда ғана сақталған кейбір егжей-тегжейлі мәліметтер бар. Себептердің ішінде: орыс бекіністерін салуға байланысты қоныстың тарылуы, ықпалды күшке сүйеніп, қырғыздарды бағындыруға ұмтылу көрсетілген.

Шынында да, Кенесары қасарыса қуған орыс әскерлері жете алмас алысқа қоныс аударуға мәжбүр болды. Жетісу Қытайдың дәстүрлі саяси-сауда мүдделерінің аясында болды. Алайда, 40-жыл-

дары оңтүстіктен Қоқан хандығы еніп, Ресей империясы шығыс пен солтүстік-батысқа жылжыды. Кенесары еріксіз Қытайға ешқандай шартсыз үндеу жолдады. Себебі патша үкіметі Ұлы жүз бен Орта жүздің ықпалды сұлтандарының жасақтарымен күш біріктіруге көшіп, ол Жетісуда дұшпандар ортасында қалды. Кенесары қыстау үшін Шу жағасын, жайлау үшін Үш-Алматы жағасын иеленуді көздеді. Қытаймен қарым-қатынас орнату үшін алдымен Қарақұмға, кейін Іле өзеніне қоныс аударып, одан Шыңжаңға елші жіберді.

1846 жылы ол жылқы сатып ала бастады, бір жорғаға 5 түйе берді [Янушкевич, 98]. Ол сатып алған жылқыларды Әли Әділев сұлтанға сыйлаған-мыс. Әрине, Кенесарыға жүйрік тұлпарлар әрқашан қажет болатын. Бірақ оның әскері үшін ат сатып алуы сирек еді. Ат керек болса, жай ғана кез келген қарсыласынан тартып алу үшін сарбаздарын жібере салатын. Соған қарамастан, ол жақсы жорғаларды сатып алып, оның ескі дәстүр бойынша құлжалық цзянцзюнь арқылы Цин императорына тарту етуді көздегенін білдіреді. Бұл сыйлық үйсіндердің арасына орнығып қалу үшін Әділдің өзіне берілген деген қауесетті де жоққа шығару қиын.

Бізге Янушкевичтің күнделігінен алынған ақпарат түсінік береді. Хан Қытайға елші жіберер алдында үйсін билеушілерін кеңеске шақырады. Ол бұл елшілікті Құлжаға, сондай-ақ Аягөз уезіне де елші аттандырған [Янушкевич, 51].

1846 жылы мамырда сол кездегі әйгілі Абылай ұрпақтары – Абылайдың ұлы Сөк сұлтан мен Абылайдың немересі Әли, олардың билері мен старшындары елші болып барды. Кенесары оларды өзін хан деп тануға шақырды. Орыстардың мәліметі бойынша, Кеңес бір аптаға созылды [Янушкевич, 54]. Сөк пен Әлидің делдалдығы болмағанда, Кенесары елшілерінің Цин империясының Іле ауданына баратын жолы кесілер еді. Көздеген мақсатына анық жету үшін Кенесары Шәуешекті бағыттап, Аягөзге де адам жіберсе керек. Құжаттарда Кенесарының немере інілері – ағасы Саржанның ұлдары Ержан (Ирджан) мен Құдайменденің (Хулайменле) «шариғат жолымен емес, өз беттерімен» зекет жинауға жиі шығатыны жазылған.

Кенесарының айнымас сеніміне бөленген Құдайменде, Наурызбай, Ержандар үнемі барымташылар тобын бастайтын. Барлаушылар хабарлағандай, Ырғызда отырып, Ержанды 500 сарбазбен Сібір қазақтарына, ал Құдайменденді саны белгісіз сарбаздармен Ұлқаяқ өзеніне жіберді. Бұл оқиға 1844 жылдың қысынан бұрын болды [НОБ, 291].

Ахмед Кенесарин: «Кенесары хан Құдайменде сұлтанды Құлжадағы қытай басшысына елші етіп жіберді. Қытай басшысы елшіні бір ай ұстап, оған құрмет көрсетті. Ол күн сайын ас пен той, ойын-сауық ұйымдастырды. Оған қоса, садақшы мергендерінің өнерін тамашалатты. Сол кезде Қытай императорымен сөйлесіп, Абылай хан тұсында басталған достықты жалғастыруға уәде беріп, Құдаймендеге мол сый-сияпат беріп жіберді» деп жазады [Кенесарин, 1992, 121].

Цин билігінің ықпалымен Кенесары болашақ хандығының орталығын Ұлы жүздің жеріне көшіріп, Шу бойында қыстап, жайлауда Үш-Алматыға кетуді ұйғарды [Кенесарин, 1992, 121].

Сөйтіп, Іле алқабына шығыстан Ресейдің, батыстан Қоқан хандығының түртпектеуі тоқтатылды. Кенесары бұл мемлекеттермен қарым-қатынасында Цин империясының айнымас одақтасы болды.

Қасымовтардың «тентек әулеті» алғашында Ұлытауға қоныстанбақ болғанымен, патша үкіметінен рұқсат ала алмады. Кенесары да Ұлытауға етек жаюды қолдап, оның жүзеге асуына ұмтылды. 1844 жылы патша өкіметі оған Ресеймен шекаралас (Солтүстік Қазақстан облысы) Қарақоға көлінің маңын мекендеуді ұсынды. Одан кейін Қасым отбасымен, өзіне бағынышты Алтын, Тоқа, Уақ руларымен бірге Сыр бойына қоныс аударуға мәжбүр болды. Хиуа Кенесарыға өз аумағындағы қалалардың біріне ірге бекітуді ұсынды. Олай жасаса хан көп сұлтанның біріне айналар еді. Хандық территориясының жаңа аумағы Кенесарыға ұнауы мүмкін болатын. Өйткені мұнда формальды түрде хан сайланбаған жартылай тәуелсіз аймақтарды біріктіруге болар еді. Дегенмен Кенесары олардың арасында қалаған уақытында Кеңес өткізуге құқылы сұлтан болды. Ортақ шешім қабылданғаннан кейін барлық билеушілер атынан түйін сөзді өзі айтатын.

XIX ғасырдың ортасында оңтүстік көршіні қолдау – аймақ елдерінің халықаралық қатынастардағы маңызды саяси факторы болып қала берді. Қытай деректеріне сүйенсек, Ұлы жүз руларында барлығы мойындаған бірде-бір хан болмаған, оларды Әбілмәмбет хан, оның ұлы Әбілфейіз (Әбілес) және Абылай үштігі билеген [Сюй Сон, 4, 1821].

Кенесарының Жетісудағы Алматы шатқалын қыстап шығу идеясы кімнен, қашан шыққанын айғақтайтын сенімді дерек жоқ. Қазақ ауыз әдебиеті бойынша Кенесары Жетісуға көшіп келуге Сөк пен Рүстем сұлтандардан шақырту алған. Сөк сол кезде Ресейдің қорғауына толығымен өткен болатын. Рүстем де «Тентек хан» лақап атымен та-

нымал әкесі сияқты Қоқан хандығына қарсы соғысқан. Оның есімі орыс құжаттарында Рүстем Асфендиаров, Рүстем Абулфеизов, кейде Абылай ханның ұрпағы ретінде де кездеседі. Сірә, ол хан Әбілмәмбеттің тікелей ұрпағы, Әбілфейіздің немересі, Асфендиярдың ұлы. Сонымен қатар, әулеттің екінші тармағы бойынша оны хан Абылайдың әулетіне де жатқызуға болады. Өйткені барлық хан бір-бірімен құда-жегжат. Бірақ Рүстем Абылайдың тікелей ұрпағы емес еді. Мысалы, 1850 жылы К.Гутковскийге жазған хатында «Кенесарыны өлтіргені үшін оны жек көретін Абылай ұрпақтарының жаласына сенбеуді» өтінеді [Махаева, 2006, 167].

Кенесары батырды Жетісуға көшіру идеясы – соғысуға дайын туысына көмек көрсетумен қатар, Қоқан мен Ресейдің экспансиясына қарсы бағытталды. Ал бұл Цин империясының саяси мүдделеріне сай еді. Осы кезде көршілес үш мемлекет те Кенесары мен қырғыз арасындағы араздықты қоздыра түсті.

Кенесары қырғыздармен қырылыспай, жанжалдарды Жетісу билеушілерінің көмегімен дәстүрлі дала құқығы негізінде бейбіт жолмен шешуге тырысты. Ол қырғыздармен бірлесіп, Қоқан басқыншыларына тойтарыс беруді ойлады. Ал шын мәнісінде оның қырғыздарды тізе бүктіруі – Ұлы жүздегі беделін көтерсе, Қоқанмен қақтығысы – Цин әулетінің қолдауына айналуы керек еді.

Кенесарының дипломатиялық айла-шарғысы – Омбы шекара басқармасының бастығын Лепсі өзенінің жағасында Ұлы жүз қазақтарының және Орта жүздің жеті болысы мен аға сұлтандарының съезін өткізуге мәжбүр етті. Съезде Аягөз округына жаңадан аға сұлтаны сайланды. Оған Ұлы жүзге сапар шегу үшін Аягөзге алғашқы болып келген Бөлен сұлтан тағайындалды.

Сібір билігі Құлжадағы Кенесары елшілері туралы мәліметтерді әртүрлі деректерден алып отырды. Құнанбай би 1846 жылы Кенесарының Құлжаға жіберу үшін 200 адамдық елшілік жабдықтағанын айтып, «кейбір келісімдер бойынша оған кезінде Абылай хан иеленген жерлерді бөліп беру қажеттігін еске салды. Жергілікті билік елшілерді жақсы қабылдап, Кенесарыға мол сыйлық жіберді. Бірақ орын мәселесін шешуді Бейжіңге қалдырды» [Янушкевич, 198].

Құнанбайдың бұл сөзін Кенесары Шыңжаңнан біраз жер алмақ ниете болды деп түсінсек, қателік болар еді. Бұл жерде әңгіме Жетісу туралы да болуы мүмкін. Себебі, сол кезде жазылғандай, Ресей өз бақылауындағы кейбір аймақтарды Қытай жері деп ойлады.

Өзінің тікелей Абылай ұрпағы екенін алға тартқан Кенесары, тақ мұрагері ретіндегі заңды құқығын Цин үкіметінің де мойындағанын қалады. Құлжа генерал-губернаторы бұл мәселелерді өзі шеше алмай, императорға есеп беруге мәжбүр болды. Даогуан (1821-1850) тұсында Цин империясы құлдырап, еуропалықтардың жағалау аймақтарына, ұйғырлар мен қырғыздардың діни жетекшілерінің Шығыс Түркістанға (Хойбу) көз алартуын тойтарумен басы қатып жатқан болатын.

Ахмед Кенесарин бұрын: «Абылай хан мен Қытай арасындағы келісім жасалғаннан бері олармен Абылай хан ұрпақтары арасында жаулық әрекет болмаған» деп толықтырады [Хан Кенесары, 1992, 129-121].

Қарым-қатынас одан әрі дамымаған, әйтпесе жаңа фактілер келтірер еді. Кенесарыны жақтастарымен бірге, оның ішінде Құдайменде де бар, 1847 жылы көктемде қырғыздар өлтірді.

Ж.Қ. Қасымбаев Жетісудағы орыс-қазақ біріккен жасағы Кенесарыны ығыстырғаннан кейін, ол Шыңжаңға көшіп, сол жердегі қазақ руларының арасына орнығып қалуға ниеттенген деп есептейді. Алайда Іле генерал-губернаторы оның ауысуына қарсы болып, Кенесарыға өзінің қазақ ханы екенін, оны Қытайдың қамқорлығына қабылдай алмайтынын, «Ақ патшадан рақым сұрау керектігін», Цин үкіметі оның алдында «кінәлі болғысы келмейтінін» жариялап, келген жағыңа бар» деді [Касымбаев, 2002,104].

Цин империясы бұл жерде Жетісу қазақтары мен қырғыздарына Ресей империясы мен Қоқан хандығының билік жүргізуіне қарсы болды. Ол бірқатар дипломатиялық демарш жасап, бір кездері Кенесарының туған ағасы – Ғұбайдолланың хандық құқығын мойындады. Ғұбайдолла өзіне қазақ ханы деген атақты беру үшін шағарылған «жарлықты» тапсыруға келген Цин императорының өкілдерімен кездесу кезінде қамауға алынды. Кенесары бірнеше рет ағасын орыс жерінен қайтару туралы талап-тілегін жолдады.

1847 жылы Цин үкіметі Жетісуда Қапал бекінісін салуға ресми наразылық білдіріп, Батыс Сібір генерал-губернаторынан оны тез арада бұзуды талап етті. Кенесарының Ресей мен Қоқанға қарсы қарулы күресі Цин империясының Орта Азиядағы аймақтық мүдделері мен дәстүрлі сыртқы саяси тұжырымдамаларына сай келетін ұсыныстарынан үзілді-кесілді бас тарта алар ма еді? Орталық Азия мемлекеттерінің Қазақстандағы исламдық ұстаныммен жариялаған дипломатиялық және қарулы әрекеттеріне Кенесары

тарапынан жауап болмағанын да айта кеткен жөн. Өмірінің соңында Қытай мемлекетін одақтас санап, мұсылман бауырларының қолынан ажал құшты.

Цин үкіметі көтерілісшілерді 40-жылдары тынышсыз болған Шыңжаңға қоныстандырудан бас тартуы мүмкін. Сондай-ақ, қазақтардың келесі қоныс аударуына келіспеді, бітімге де келмеді. Бүлікшіл қырғыздар мен ұйғырларға қарсы тұру үшін оған болмағанда жасырын да келісім бере алмады. Цин патшалығына Шыңжаңнан айырылу қаупі төнді. Ол Еуропа елдерінің ұзақ мерзімді басқыншылығына, елді отаршылардың тәуелділігінен азат етуге барын салды. Цин үкіметіне Кенесарының хандық құқығын мойындау қиынға соғуы мүмкін, өйткені олар мұны бұрын басқа Абылайұлы – Ғұбайдолла үшін жариялаған болатын.

Қытай дипломатиясы осы қиын да күрделі жағдайдан шығудың қандай жолын тапты? Бұл сұрақтардың жауабын сол кезеңдегі Қытай құжаттарынан табуға болады, бірақ олар әлі күнге дейін ғылыми айналымға енгізілген жоқ.

Кенесары ханның ұлдары әртүрлі жолдармен жүрді, біреулері Ресейге, енді бірі Қоқанға бағынды. Бірақ олардың ешқайсысы Қытайға бағынбады. Екінші әйелінің ұлы Садық әкесі дүниеден өткен жылы 10 жасқа толды. Мұсылман дінінде тәрбиеленіп, соңына дейін исламға адал болып, кәпірлер – орыстар мен қытайларға қарсы күресті. Түркістан, Шымкент, Ташкент, Хиуа қалаларын қорғауға қатысып, әр жерде ғажайып ерлік көрсетті. Негізінде ол 1865 жылы Черняев әскерлеріне қарсы Ташкент қоршауын жалғыз өзі жүргізді. Ташкент халқы оны бас қолбасшы (эмир-ляшкар) етіп сайлап, қолдады. Ал қоқандықтар «ақ сүйек» болса да, қазақтан билеуші болуын қаламай, өлтіруді жоспарлады. Билікті Бұхараға тапсырған Садық Ташкенттен шығып, Жизаққа аттанады. Жизақтағы, одан кейін Хиуадағы қазақтардың, қарақалпақ және басқа көшпелілердің билеушісі болып тағайындалды. Садық Қашқарда өз мемлекетін құрған Якуббекпен Жизақта танысуы мүмкін. Тағдыр Садықты Қытаймен аз уақытқа ғана байланыстырды.

Ол кезде Садық Орта Азиядағы ержүрек әскери қолбасшы ретінде танымал еді. Оның қарсыластарының қатарында Черняев, Веревкин, Бардовский, Кауфман қатарлы генералдар мен Қытайдың Қашқарды жаулаушылары болды.

Якуббек Садықты жақсы қарсы алды, бірақ оған айтарлықтай мансап бермеді. Якуббек Қашқарда «әндіжандық келімсек» деп са-

налды. Ол 1877 жылы кенет қайтыс болғанда, ұлдарының арасында жанжал туады. Қашқарды аздаған қытай әскері бағындырды. Қытай отрядымен соғысып жүргенде Садық қолынан жараланады. Тағы да Ресей шекарасына өтіп, орыстардың алдында басын иді. Генерал Кауфман лайықты қарсыласын кешірді, оның қолын емдеп, отбасымен қайта қауышуына көмектесті. Содан кейін уез бастығының кіші көмекшісі болып, орыстарға қызмет еткен ағасы Ахмет Кенесаринмен бірге тұруға ниет білдірді. Ұлы әкесі мен ержүрек ағасының жанқиярлық ерліктері туралы жазған да сол еді.

Рүстем Кенесарының орыс әскерлерімен күресіне түсіністікпен қараса да, Шу-Талас сағасындағы өз жайылымдарын құрбан ете алмады. Сондықтан ол оған жауап ретінде былай деп жазды-мыс: «ол көптеген ауылдың тар жерге көшуіне риза емес, сонымен қатар оның шатақшыл қырғыздары үйреншікті әдетін қайталайтыны сөзсіз». Рүстем сұлтанның жауабына «Ташкент пен Қоқанды мекендеген қыпшақтар және бұл қалаларда хан болмағандықтан қырғыздар жазбаша түрде үйсін сұлтаны Рүстем Тентекхановты (лақап аты - К.Х.) шақырғаны да хандық абыройына әсер еткен болуы мүмкін» [НОБ, 440].

Қоқанның Орта Азия қазақтарын билеу үшін хан мәртебесін беруге келісе қоюы екіталай. Омбы билігінің қырғыздарды Кенесарымен соғысуға үгіттегені маңызды факты болып қалады. 1847 жылы қыстың соңында Қапалда жасақталған есауыл Ихаловқа Кенесарымен өш қырғыз манаптарына «олар Кенесары мен оның жақтастарына бүлікшілер мен қарақшылар ретінде жан-жақты қастандық жасауға тырысуы керек...» деген хат жолдауға, сондай-ақ Ресей тарапынан «бүлікші Кенесары мен оның сыбайластарына қарсы үздіксіз қудалау болатынына» нық сендіруге өкім шығарылды [НОБ, 471- 472].

Жоғарыда атап өткеніміздей, 1846 жылы қазақтың ықпалды билеушілерінің бәріне мазмұны ұқсас хаттар жолданып, олардың Ресей үкіметі алдындағы міндеттемелері бар, қол қойылған құжат жан-жақты талданды. Алайда, келесі жылы Вишневский Әли Әділев, Ақыш Абылаев, Рүстем Асфендиаров, Сөк Абылаев, Бөлен Шанхаев бастаған сұлтандар, олардың 5 биі және батырлары қырғыздармен береке-бірлікте өмір сүру міндеттемесі бар жаңа тармақ енгізілген келісімге қол қоюды қажет деп санады [КРО 2, 342- 343].

Сібір қырғыздары (қазақтары) шекара бақылауының бастығы генерал-майор Вишневский рубасы Рүстем сұлтанмен және оның үш сұлтаны мен билерімен келісімге келді. Құжатқа 1847 жылы 22 та-

мызда, Кенесары қайтыс болғаннан кейін тараптардың таңбасы басылып, қол қойылды. Дегенмен, Рүстем сұлтанмен келісім хан өлгенге дейін ауызша жасалса керек, өйткені онда сұлтандар «жыртқыштар тобы» пайда болған жағдайда бір-біріне және отряд басшысына хабарлауға, Орта жүз қазақтары мен қырғыздарды татулық пен тыныштықты сақтауға міндеттейтін тармақ бар [КРО 2, 340].

Бұл құжаттар Рүстем мен Сыпатай батырдың Кенесары қырғыздармен жан алысып, жан берiскен шайқасында неге қасында қалмағанының себебін түсінуге көмектеседі. Рүстемнің таңдауымен қырғыздар манаптың мөрі басылған хат пен ханның басын оған тапсырып, Омбыға жеткізуді жүктеді [НОБ, 474].

Рүстем 1850 жылы Гутковский басқарған орыс жасағына да дәл сондай қисынсыз опасыздық жасады. Бұдан шығатын қорытынды – ол жаныс руының басшысы мен т.б. қырғыздармен арадағы жақсы қарым-қатынасты Кенесары мен Сібір өкіметіне бола бұзғысы келмеді. Бірақ Тойшүбек бекінісін қоршауға қатысудан бас тартуға мүмкіндігі болмады. Сондықтан өзінің үлкен ұлы Абылайды әшейін «бас көрсетіп қайтуға» жіберді. Бұл кезде Ташкенттің салығынан шаршаған, Кенесарыдан кек алуға құлшынған қырғыздар Ресей бодандығын қабылдауға бет бұрып, империя қорғайды деп үміттенді. Ал бүлікшінің басына тігілген сыйлық оларды қызықтыра қойған жоқ, ол тек Кенесарының өлімін дәлелдеу үшін жіберілді.

Сонымен қатар, қырғыз манаптарының Циннің әлеуетті одақтасына қарсы бағытталған әрекетін Шығыс Түркістандағы билікті қайтару үшін Қашқар қожаларының қозғалысына қолдау деп қарастыруға болады. Ресеймен қарым-қатынас орнатудың тағы бір себебі бар, ол – қырғыздардың Іленің оң жағы мен Алатау бөктеріндегі қазақ даласына іргелес Жетісудағы қоныстарын қорғау үміті еді. Омбы билігі қырғыздарға Іле Алатауын түпкілікті жаулап алғанға дейін белгілі бір аванс берді.

Қашқардың діни жетекшілері де қырғыздарды қытайларға қарсы жиһадқа қатысуға мәжбүр етті. Қожалар көтерілістері туралы ҚХР Бірінші тарихи мұражайының материалдары Қашқар қаласының солтүстігіндегі аумақта, сондай-ақ Нарын және өзеннің солтүстігіндегі басқа да шекаралас аймақтарда өмір сүрген қырғыздар да қожаларды өздерінің рухани көсемі санағанын айғақтайды.

Жантай манап Кенесарының шейіт болғанын хабарлаған хатында олардың басынан өткен қиын жағдай туралы былай дейді: «Қазір бізде тыныштық жоқ. Ташкент жағындағы қыпшақтар өздеріне

қосылуға шақырып елші жіберсе, Қашқариядан келген қожалар әскери көмек сұрайды» [НОБ, 475].

Цин үкіметі де қазақ хан-сұлтандарын көтерілісші ұйғырлармен соғысуға шақырып, Шыңжаңдағы олжадан, сауда мен жайылымдарды пайдалануға уәде етіп отыр. Бұл туралы Кенесарының елшілеріне де тұспалдап айтуы әбден қисынды.

Цин империясы Орынбор мен Омбы билігі жасақтарының Жетісудағы әскери қимылдары, өзара жорықтарын Ресейдің Қазақстанды жаулап алу саясатының жалғасы деп санағаны даусыз. Сонымен бірге әлі де Цин империясының формальді бағыныштылығындағы сұлтандардың иеліктерін де жаулады. Оңтүстік Қазақстанды қарулы аннексиялау Ресейдің қару-жарағын Орта Азияның үш хандығына қарсы бұрып, сол арқылы Цин империясының солтүстік-батыс аймақтарын иемденуіне мүмкіндік берді [Синьцзян цзяньши, 1996, 463; Пань Чжипин, 2005, 109].

Ең әуелі өз халқына қатысты қатыгездігі, іс-әрекетінің алдамшылығы – оның өз ортасының туындысы әрі соңғы жарқын бейнесі болғандығынан туындайды. Кенесарыны реформатор деп айту қиын. Оның реформалары атүсті жасалды, бұл мемлекет құрылысындағы жаңалық емес.

Сонымен қатар, Кенесары Цин империясының билігінен тыс, Ресей империясы әлі бағындыра алмаған аумаққа өткен соң, Омбы оның жауласпауға берген уәдесін елемеді. Сонымен қатар, Әли Әділевтің, Сөк Абылайхановтың және Жетісудағы өзге де Абылай ұрпақтарының Кенесары халықсыз қалды, ұлыссыз билеуші болу мүмкін емес деген мысалдарын негізсіз деп тапты.

Кенесары қозғалысын басып-жаншу, оның қайғылы қазасының ішкі шиеленісті себептері – XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардың одан да күрделі түйінімен түйісуінің нәтижесі еді. Ал бұл жерде қытай факторының маңыздылығын бағаламаса да болады. Оған Абылай әулеті мен Цин империясы арасындағы қарым-қатынас пен XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс-қытай қатынастарының тарихы куә.

Осылайша, елшіліктің жіберілген шындыққа жақын мерзімі – 1845 жылдың күзі. Ал күз – Шыңжаңда дәстүрлі жылқы саудасы қызатын маусым. Қытайға көшуді, одан бұрын Қоқан мен қырғыздан кек алуды өзі шешті емес пе. Соңғысы, сөзсіз, Цин үкіметінің мүдделеріне жауап берді, бірақ оның Ресей империясымен және Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасын және Шыңжаңдағы жалпы жағдайды қиындатты.

## 3.2. Жетісудағы Абылай ұрпақтары және олардың дипломатиясы

### 3.2.1. Өркениет құрсауында

XVIII ғасырдың аяғында Абылай ханның еліміздің батысына қоныс аудару жоспарына байланысты Абылай ұрпақтары Жетісуда қоныс тепті. Оған ішкі-сыртқы саяси мәселелер – өзінің осы жерге қоныстануға ұмтылуы, ұлдарына мұрагерлікті қамтамасыз етуі себеп болған. Оңтүстік Қазақстанда ауыл шаруашылығы дамған, Орта Азияның ірі қалаларына, сондай-ақ Құлжа мен Қашқарияға өтетін ірі жолдары болды. Абылай өмірінің соңғы жылдарында Ташкентке бекініп, қырғыздарды бағындыруға тырысты. Хан дипломатиясы Қоқан хандығы мен Цин империясының Жетісудағы саяси ықпалын әлсіретуге бағытталды.

Алғашқы кезеңде Абылай ұрпақтарына жергілікті билеушілер – Тұрсын хан (1717 жылы Ташкент мешітінде өлтірілген) мен Әбілмәмбет (шамамен 1738-1767 жж. хан болған) ханның ұрпақтарымен, Ұлы жүз руларының ақсақалдары мен билерімен санасуға тура келді.

Жетісуда қарадан шыққан бірнеше беделді бай өмір сүргендіктен Ұлы жүзде хандардың билігі әрқашан шектеулі болды. Төле би қайтыс болғанға дейін (1758 жылы қайтыс болды) жергілікті хандардың кез келгенінен билігі жоғары болғаны белгілі. Тұрсын ұрпақтарының халықаралық істердегі беделі барған сайын әлсіреп, тек Қоқан хандығы, Ташкент уәлятымен және шекаралас тайпаларға жартылай ғана жүрді. Қоқан, Бұхара, қазақ, қырғыз феодалдары Ташкентке ықпал етуге немесе оның жеке қақпаларын бақылау үшін күресті.

Әбілмәмбеттің ұлы Әбілфейіз (1783 жылы қайтыс болды) өмірінің соңында Жетісудың шығыс аймақтарына қоныстанды. Ол өзі де, кейін ұрпақтары да көшпелілер қосынын шығысқа қарай кеңейтіп, Жоғарғы Ертісті, Қытай мен Моңғол Алтайының көптеген ықпалды рулары найман, керейлерді басқарды.

Осылайша, Абылай ұрпақтары Жетісуда Ұлы жүз руларының басын біріктіріп, билей алатын мықты бәсекелестің қалмағанын пайдалана білді. Олардың аймаққа бейімделуіне жергілікті ақсүйек билеушілер мен қарадан шыққан ықпалдылардың құда-жегжаттығы немесе өздерінің де, балаларының да олармен туысқандығы әсер етті. Қазақстанның батыс мен солтүстік шекара бойына Ресей билігі үстемдік етіп, ханға ауыртпалық түсіріп тұрған кезде аймаққа әсер

ететін сыртқы күштер шашыраңқы еді. Алайда нақты жағдайды түсініп, билік тізгінін өз қолында ұстағысы келген хан негізгі ордада қалған ұлы Уәлиге қолынан келгенше солтүстіктегі көршімен қарым-қатынасты одан әрі нығайта беруді өсиет етеді. Абылай өз жеріндегі қазақтар мекендеген кеңістіктің географиялық артықшылығына, олардың этникалық бірлігіне, қандастығына және өзі дамытқан өте икемді дипломатияға сүйенді.

### 3.2.2. Жетісудағы Абылай ұрпақтарының алғашқы буыны

Хандық билігін нығайтып алған соң, циндік Қытаймен қарым-қатынас орнатқан Абылай хан 1774 жылы Ұлы жүздің руларын басқару үшін өз ұлдарына еншілес жерлерді бөле бастады. Ханды Жетісуға қоныстандыруды ұлдары – Әділ мен Рүстем жүзеге асырса, XIX ғасырда бұл жерге Сөк сұлтан (1853 жылы қайтыс болған) және Әділ мен Сөктің балалары мен немерелері қоныстанды. Солардың ішінде бірінші болып әкесі Жетісуға қоныс аударғанда Әділ Абылайдың қасында болды. Барлық ірі істерде Абылай ұрпақтары бір-бірін хабардар етіп, Қызылжар мен Баян-ауыл бойынша ақылдасып, қазақтардың маңызды мәселелерін жалпы жиналыста талқылап отырды. Бірақ олардың бірауыздан шешімге келуі қиындай түсті. Тіпті шешім табылған күннің өзінде, оны жүзеге асыруда қиындықтар болды. 1785 жылы Уәли хан тұтқынға түскен қалмақтар Ертіс бойымен Қытайға, Сібірге немесе Шыңжаңға қашып кетпеуі үшін, оларды бауырына берді [МОЦА 2, 202].

XIX ғасырдың бірінші ширегінде сұлтандарға бағынатын рулар былайша орналасты: Үш жүздің арасындағы аумақта атығай, керей, уақ руларының бір бөлігі өмір сүрді, оларды Қасым сұлтан (1840 жылы қайтыс болды) басқарды. Билік оның ұлдары Санжар мен Есенгелдіге өтті [КРО 2, 215].

Кенесары 1836 жылы Шу өзенінің жағасына қоныстанды [НОБ, 414].

Қасым әулеті Қоқан бектерінің қамқорлығын мойындау шартымен Орта Азия хандықтары аумағындағы қазақтың барлық руын өз бақылауына алуға ұмтылды. Бұл қазақтардың ішінде Жетісудың батысын мекендеген тайпалар да болды. Қасым сұлтан қырғыздарға тұтқынға түсіп, олар 1785 жылдар шамасында құн төлетпей-ақ босатты. Оның екі ұлы бектің айдап салуымен Ташкентте өлтірілді.

Қасым сұлтан Абылай ұрпақтарына қарағанда Қазақ хандығының жойылуына, Ғұбайдолла (Абайділда) сұлтанның жер аударылуына көбірек наразылық білдірді. Ал оның ұлдары 1821-1847 жылдар аралығында патша әскеріне ауыр қарулы қарсылық көрсетті. Ресей саясатына қарсы ең ұзақ күрескен Кенесары Қасымов болды. Ол 10 жыл бойы шайқасты. Оның бір жарым жылы Жетісуда өтті. Бұл ретте Жетісудағы қандас туыстарының көмегіне үміт артып, олармен қазақтың әдет-ғұрпы бойынша дереу хабарласқан.

Ханның үшінші ұлы – Әділ сұлтан (1815 ж. қайтыс болған) әкесімен бірге Талас алқабын игеріп, сонда қалып, бірте-бірте дулаттар мен үйсіндерді қосып алу арқылы қол астындағылардың санын көбейтті. Көп ұзамай шығыста Іле өзеніне дейінгі алқапты мекендеген рулар оның билігінде болды. Оның ұлдары осы өзеннің батысы мен шығысындағы аумақты алып жатқан көптеген руға билік етті.

Әділ (егер бұл жерде хан Тұрсын әулетінен шыққан Әділмен шатаспаса) Ташкент маңындағы Ангрен және Шыршық өзендері аймағында, Шыңғыс-Шаған тауындағы көшпелілерді биледі [Ерофеева, 1997, 85].

Ол негізінен, Ұлы жүздің дулат тайпасының қоңырат, үйсін руларын басқарды. Олардың қоныстары да Қоқан хандығының бақылауындағы Ташкент уәлаятының аумағына дейін созылды. Сұлтан Әбілмәмбеттің ұлы Болат ханмен Ұлы жүз рулары – жаныс, сыйқым, шанышқылыға билік жүргізу үшін бәсекеге түсіп, өзіне қаратты.

Әділ сұлтан біраз уақыт өзіне берілген түтіндермен бірге Құлжа өңірінде тұрды. Оның негізгі ордасы аймақтағы қиын жағдайға байланысты, Жетісуда, Шыңжаңда және Ташкент уәлятында нақты қай кезде болғанын анықтау өте қиын. Қалай болғанда да, қарамағындағылары Қоқан хандығының территориясында да, Цин империясының батыс шекарасында да өмір сүрген Әділдің екі елмен де саяси-сауда байланысы болғаны анық. Оның үстіне бұл оған белгілі бір міндеттер жүктеді.

Сұлтан жастайынан келіссөздер жүргізу тәжірибесін жинады. Абылай хан болып сайланған соң көп ұзамай Әділді Қытайға аттандырды. Оның қасында Түйқышжан мен Насыбөке бастаған 8 құрметті адам болды. Екі аспазды қосқанда елшілердің саны 10 адам болды. Бұл елшілік Цяньлун билігінің 38-жылы (1773 ж. 29 қазан) 9-айдың 14-і күні жолға шықты. Қазақстан елшілігін Іле (Құлжа) қаласындағы шекарада қарсы алу үшін Бейжіңнен сарай сақшыларының офицері

келді. Оған қонақтарды ай күнтізбесі бойынша мүмкіндігінше жаңа жылға дейін жеткізу бұйырылды. Император Цяньлун әдетте шетелдік елшілердің келуін екі апталық Жаңа жыл мерекелеріне туралауға тырысты.

Бірақ ол әлі де бұғанасы қатпаған жас сұлтанға үлкен жылдамдықпен ұзақ жолды еңсеру оңай болмайтынын ескеруді бұйырды. Сондықтан осы жағдайды ескере отырып, Бейжіңге кешірек жетуге рұқсат етілді [Цин Гаоцзун шилу, 944, 28-28б.]. Сол кездегі Абылай ордасынан Цин империясының астанасына дейінгі жол үш айға жуық болды.

1771 жылы Абылай жасағы Батыс Қытайға бет алған Еділ қалмақтарын қуған кезде Әділ де әкесіне еріп жүреді. Ол кезде жасы 13-те немесе 15-те болуы мүмкін. Себебі дәл осы жаста сұлтандар әскери істермен танысатын. Осыған сүйене отырып, Әділ 1773 жылы Қытайға алғашқы сапары кезінде 15-17 жас шамасында болған деп болжауға болады. Құрметті елшілік миссиясын, Абылай осы ұлына, сөзсіз, ұзақ мерзімді болжаммен сеніп тапсырған. Әкесімен бірге жүріп, тағдырдың тауқыметіне қарамастан Жетісуға сәтті қоныстанған ұлдардың үлкені Әділ болатын. Әділ Абылайұлы Бейжіңге де, Қашқарға да бірінші болып барған. Ол сауда операцияларын қауіпсіз жүргізу үшін Орта Азия және Қашқар көпестерімен тұрақты байланыс орнатуға мәжбүр болды.

1779 жылы Әділ император Цяньлунның 80 жылдығына арналған мерекелік шараға шақырылды. Сұлтан өз саясатында не Қоқанды, не Құлжаны басшылыққа алды. Алайда материалдардың жоқтығынан әрбір нақты жағдайда мұндай мінез-құлықтың себептерін түсіну қиын. Дегенмен, олардың мүддесі, ең алдымен, дәстүрлі жер мәселесіне, одан кейін ғана сауда мәселесіне негізделгені даусыз. Қолайлы географиялық жағдайды пайдаланған жетісулық Абылай ұрпақтары Іле мен Қашқарға баратын сауда жолдарын бақылауға тырысты. Олар саудагерлерді Іле аңғары арқылы, соның ішінде Орта Азия хандықтарынан Құлжаға, одан әрі шығысқа қарай Тарбағатайға жіберді. Бұл кезде Шаты асуы арқылы Тұрпанға (Үш-Тұрпанға), одан Ақсуға және Қашғарға жолда әлдеқайда қолайлы бағыттар ашылды. Әндіжаннан Артуш арқылы Қашғарға баратын батыс жолы Орта Азия көпестеріне ыңғайлы болды, бірақ қазақ малының саудасынан түскен мол табыс оларды әуелі көшпелілерден тікелей арзан бағамен сатып алып, Қашқарияға апарып қайта сатуға мәжбүр етті. Уәлиханов Чаты (Шаты) өткелі салтаттыға «жылдың барлық уақытында ашық»

деп жазды. Ал Санташ өткелі «қандай көлік болса да жүргізуге ең маңызды әрі ыңғайлы» болса да, қалың қарда өту мүмкін емес делінген [Уәлиханов, Таңдамалы шығармалар, 275].

1798 жылы Ташкент билеушісі көбі қалада тұратын және оның маңдағы қазақтарға билік етті. Ол қазақ малшыларын тікелей басқару үшін Ұлы жүз сұлтандарына хан сайлауға рұқсат бермеді. Ташкент қазақ сұлтандарының билігін жан-жақты шектеп, олардың ерік-жігерін тежеп, қазақтармен олардың би-старшындары арқылы күресуді жөн көрді. Дегенмен, қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ төрелері сұлтандардың ішіндегі үлкенін сыйлады, ол Әділ сұлтан болатын. Қазақтардың міндеті Ташкенттің дұшпандарымен соғысқа қатысу, жүз қойдан бір қой салық төлеу еді. Ал жылқы мен сирдан ресми салық алынбады [КРО 2, 152].

Орта Азиялық көпестер қолы жеткен жердің барлығын саудамен қамтыды. Ірі шонжарлар айырбас үшін Орта Азия қалаларына үнемі баратын. Ташкенттің біресе Бұхараның, біресе Қоқанның ықпалына түскен тұрақсыздығы сұлтандардың қол астындағы бағыныштыларын алып, Қазақстанға, Түркістан мен Қытайға, Моңғолия шекараларына қоныс аударуына әкелді. Қазақ сұлтандарының, билері мен старшындарының адалдығын сақтау үшін дәлелді себептермен олар басқаратын әр рудан ру аманатын немесе олардың өздерінің балаларын Ташкентте ұстады.

Ұлы жүз қазақтарының көпшілігі Ресей жаулап алғанға дейін Қоқан билігінде болды. Бестаңбалы, шымыр, сыйқым, жаныс руларынан тұратын олардың саны 60 мың адамға жетті [Бекмаханов, 1992, 162].

Бұл деректер Қоқан хандығы жаулап алғаннан кейінгі қазақтардың бір бөлігі соғыста қаза тауып, бір бөлігі қоныс аударған кезеңге келеді. Сондай-ақ, қазақ билеушілері өз бағыныштылары мен мал басының саны туралы мәліметті үнемі азайтып көрсететін. Әділдің тұсында мұндағы халықтың саны көбірек болғаны анық. 1897 жылғы Ресейдің халық санағы бойынша Жетісудағы қазақ халқының саны 796 815 адамға жетіп, жалпы халықтың 85% құраған [Абдиров, 1994, 130].

Деректерге сүйенсек, XIX ғасырдың басында Әділ сұлтан қол астындағы он мың адаммен Қытай шекарасынан пана іздеген. Өкінішке қарай, оның қай жерге көшіп барғаны нақты көрсетілмеген. Әңгіме Іленің сол жағалауына қатысты. Бұл кезде Жетісудың шекаралық аумағын орыс билігі автоматты түрде Цин империясының ықпал ету саласына жатқызды. Әділдің гун деген цин атағы болған

және ол сарайға белгілі еді. Сонымен бірге ол Сібір билігімен жанжалдаспауға барын салды.

1814 жылы мұсылман деректері бойынша ол өзінің баласы Нұралы арқылы Қоқан ханы Омарға «кәпірлерден» қайтып оралғаны туралы хабарлайды. Бұл Әділдің циндік Қытайдың қол астындағы жерлерде болғанын білдіреді. Нәтижесінде ол Қоқан ханынан қорғаныс хатын алды [История Казахстана, т. 3, 1997, 285].

Көшпелілердің Орта Азиядағы мұсылман қалаларына жақын болуы Әділдің діни көзқарасын қалыптастырды, ол балаларын сонда өсірді.

Жалпы, Әділ де, Қасым мен Сөк те Жетісуға қоныстанып, Уәли ханның хандықтағы үлкендігін ресми түрде мойындады. Ал Жетісуда Әділдің үлкендігін жоққа шығаруға болмайды. Әділ сұлтан қайтыс болғаннан кейін оның тұңғышы Абылай (Құлан) билік тізгінін өз қолына алуға тырысты. Бірақ ол негізінен тек өз ағаларына тарады. Бірнеше әйелден туған Абылайұлдарының аға буыны өзара тату еді, бірақ олардың ұрпақтары аса бауырмалдықпен ерекшеленбеді. Әли Әділев пен оның ағасы Сөк, сондай-ақ немере інісі Тезек Нұралин арасында күрделі келіспеушіліктер туындап, олар мұны орыс әкімшілігінен жасыруды қажет деп таппаған. Қытай билігінен де жасырмаған шығар.

Орыс тіліндегі материалдарда Әділдің он ұлы бары айтылып, мынадай ретпен берілген: Абылай, Әли (Ғали), Ерғали (Ырғали), Бегәлі (Беғалла), Тінәлі (Тынала), Тұлақ (Тюляк), Мамырхан, Қайып, Таук (Тәуке?), Сейілхан [КРО 2, 224].

Есімдерінде шамалы айырмашылық бар ұқсас мәліметтер орыс деректеріне сүйеніп басқа тізімде де берілген: Абылай, Әли (Ғали), Ерғалы, Бегәлі, Тіналы, Төлек, Мамырхан, Қайып, Тәуке, Сейілхан [Ерофеева, 1997, 125].

Бір қызығы, қазақ билеушілерінің қытай шежіресінде Әділдің 12 ұлы туралы айтылып, оларды Әбулай, Әли (Ғали), Бегин (Бегәлі), Тұлық, Сайхан (Сейілхан) Телік, Нұра (Нұралы, Тезектің әкесі – Қ.Х.), Мамырхан, Тоқ, Кушунь, Абулах, Сайлып деп келтіреді [Синьцзян шилюе, 12, 7-7 об.].

Ол заманда ер балалардың көп болуы үлкен күш деп саналған.

Жетісудағы Абылай ұрпақтары хандық билікті сақтау жолындағы қозғалыстарға түсіністікпен қарап, қолдау көрсетті. XIX ғасырдың 20-жылдарында олардың Ғұбайдолланың монархиялық қозғалысына көмегі оның сыртқы саяси қадамдарына қатысуынан, Цин импе-

риясымен және Орта Азия хандықтарымен байланыс орнатуға көмектесуінен көрінді. Олардың ең ықпалдысы гүн атағына ие болды. Бұл Цин билігінің олардың іс басқарудағы дәрежесін мойындауын көрсетті. Олардың арасында бірінші болып, жастайынан атаққа ие болған Әділ сұлтан бұл кезде қайтыс болған еді.

Суандардың билеушілері Сұлтангерей Жәңгіров үшінші дәрежелі гүң, оның ағасы Сарыбай екінші дәрежелі гүң титулына ие болды. Гүң – ресейдің генерал-майорының дәрежесіне тең болатын. 1824 жылы Цин елшілігі Ғұбайдолланы хан көтермекші болған кезде Сарыбай Баянауылда болған [Зибберштейн, 1936].

Мұндай ірі сыртқы саяси әрекеттерді Абылай ұрпақтарының жалпы жиналыстары мен шешімдерінің нәтижесінде жүзеге асыруға болар еді. 1827 жылы жетісулықтар Ғұбайдолла елшілерінің Құлжаға жетуіне көмектесті. Бірақ Іле генерал-губернаторы үш жылға жалғасқан Қожа Жәңгір бастаған ұйғыр көтерілісіне байланысты бұл елшілікті Бейжіңге жібере алмады [Уәлиханов, т.2, 414].

Батыс Сібір генерал-губернаторының наразылығы мен қарсылығын тудырудан да сескенгені даусыз.

Сөк сұлтанның ешқашан қытай атағы болмаған, кейін оған Ресей майор шенін берді. Ол тек өз билігі үшін бәсекелестерді жолынан алып тастауды пайдаланып қалуға тырысты, бірақ оған ықпалы да, мүмкіндігі де болмады.

40-жылдардың аяғынан бастап Ресейдің Қазақстандағы саясатында жергілікті билеушілердің билігін қатаң шектейтін жаңа кезең басталды. Бұл кейбір хан-сұлтандардың ашық әрекетін, ал басқалардың жасырын қарсылығын тудырып, биліктің жұрнағын сақтап қалу үшін барлығына сырттан одақ, қамқоршы іздеуге мәжбүр етті. Ең қуатты және ең ұзаққа созылғаны Кенесары бастаған ұлтазаттық қозғалыс болды. Ұлы жүз руларының өз сұлтандарының келісімінсіз Кенесары жағына өткені туралы құжаттар бар және бұл олардың салық салынатын халқының көтерілісшілерге өтуін білдіреді. Омбы билігі көтерілісшілерге қарсы күресте билеушілерді біріктіруге тырысты. Сұлтандардың 1845 жылғы 23 маусымдағы Кенесарыны жау деп тану туралы жарлығында Әділдің ұлы Сүйіктың, Әлидің, олардың ұлдары мен старшындарының қолдары мен мөрлері бар [НОБ, 446].

Бірақ, олар өз халқын қандасының қуғынына бағындыруды көздеген жоқ. «Әли мен Сөк сұлтандар қарулы қырғыздарға көп күш бере ме, олар өте түсініксіз сөйлейді. Мен мүмкіндігінше олардан аз алуға тырысамын, өйткені бұл жаңа халық ретінде онша сенімді

емес және менің білуімше, олардың арасында Кенесары сұлтанға жақтасушылар көп», – деп хабарлады 1846 жылы 14 қыркүйекте орыс әскери отрядының бастығы [НОБ, 450].

1860 жылдары Орта Азия хандықтарын Ресейдің жаулап алуына байланысты Жетісудың маңызы ерекше болды. Орыс әскеріне қазақ сұлтандарының рәсімдік қызметі, саяси декларациялары, олардың әскерін азық-түлікпен және ат-көлікпен қамтамасыз етуі жеткілікті болды.

1818 жылдан XIX ғасырдың ортасына дейін Жетісудағы Абылай ұлдарының ішінде Қазақстанның Ресейге қосылу ісінде қазақтар арасындағы ең беделсіз, ең ықпалы аз тұлға – Абылай ханның соңғы ұлы Сөк сұлтан (1779-1853) елеулі үлес қосты. Ол әкесі қайтыс болғанға дейін дүниеге келген. Демек, оның Жетісу жерінде орналасуына Уәли ханның (1819 жылы қайтыс болған) қатысы болуы мүмкін. Әкесінің қалауы ма, жоқ па, білмейміз, бірақ, әрине, осы өлкеге әке жағынан туыс ағаларының келісімімен қоныстанғаны анық.

Сөк жалайыр тайпалары мен шапыраштының бір бөлігін басқарды. Ал ордасы Қапал шатқалында болды. Сөк сұлтан жайлы мақалада Алаш партиясының мүшесі Бөкейхановтың мұрағатынан алынған, тарихшылардың көпшілігіне беймәлім құжаттардың мәліметтері келтірілген [Урашев, 2013]. Ол мәліметтер сұлтан өмірінің кейбір деректерін айтарлықтай нақтылайды.

Сөк ешқашан Қоқан хандығымен де, Цин империясымен де байыпты байланыста болған емес. Алайда, соған қарамастан Омбының сұлтанның адалдығына күмәнмен қараған кездері болды. Мысалы, ол Кенесары көтерілісшілеріне өз қоныстарына уақытша дамылдауға рұқсат беріп, одан кейін жиенін қарсы алуға барады. Бұл жайлы сұлтанға сараң сөзбен болса да сапар туралы Сібір қазақтары Шекара басқармасының бастығына баяндауға тура келді. Жалпы, патша өкіметі Сөктің шын қадірін білген. Олар Абылайұлының бірде-бірінің адал ниетіне ешқашан толық сенімді болған емес. Ол шын мәнісінде дәл осыған дейін ата-бабасының шынайы ниетінен жаңылып көрген емес. Егер Омбы алдында Сөк кінәлі болса, бұл негізінен табиғи және түсінікті жеке объективті себептерге байланысты еді.

1818 жылы Сөк жетісулық Абылай ұлдарының ішінен бірінші болып Ресейдің қамқорлығын алуға ұмтылды. Бірақ кейінгі оқиғаларға – Уәли ханның өліміне, Қазақ хандығын жоюға дайындыққа, Ғұбайдолла (Абайділда, қытайша А-ба-ла-да) сұлтанның қарсылығына байланысты оның өтініштеріне ресми рұқсат беру мүмкін болмай кетті.

Бәлкім, Сөк Ресей бодандығын қабылдауды хандық атақ алудың астарлы мақсатымен шешкен болуы мүмкін. Өйткені ол Абылайдың сол уақытқа дейін аман қалған жалғыз ұлы еді.

Дала тынышсыз болды. Көкшетау уезінің ашылуына байланысты қазақтардың толқуы күшейе түсті. «Хан тағынан үмітті, бірақ оны алу мүмкіндігінен айырылған Ғұбайдолла сұлтан округтен жалтарды» [КРО 2, 223].

Ол Цин императоры уәде еткен хан атағын және жапсырманы алам деп, округтің аға сұлтаны қызметінен бас тартты. Бірақ Цин елшілігімен кездесу кезінде сұлтанды казак отряды ұстап, бірнеше жылдан кейін Березовке жер аударды. Абылайдың ұлы Қасым сұлтан 1824 жылы 17 қыркүйекте жазған хатында Омбының заңсыз әрекеттеріне наразылық білдірді [КРО 2, 215-216].

Ұлдары бірнеше рет қолына қару алған Қасым әулеті, өз саясатында сенімді деп Қоқанға сүйенді, бірақ сұлтан көп ұзамай қайтыс болды, ал оның екі ұлы Қоқан бегінің арам пиғылынан ажал құшты.

Бұл жағдайлар Сөк сұлтанның ішкі дәмесін одан сайын арттырса керек. Сөктің немере інісі Ғұбайдолла ісіне қатынасы белгісіз. Оның ашық наразылық танытқаны туралы мағлұмат жоқ болғандықтан осындай қорытындыға келеміз. Бірақ ол Абылайдың ұлы, тек жағынан да, жасы болмаса да туыстық жағынан да ең жақын адам. Объективті түрде бұл бір әлсіз тәуекел еді, бірақ оның Омбы әкімшілігіне жақындауға қайта-қайта талпынуын басқаша түсіндіру мүмкін емес. Генерал-губернатор Глазенаптың 1818 жылғы 9 сәуірдегі және Ресей СІМ басшысы Нессельроденің 1819 жылғы 6 қазандағы хаттары дәлелдегендей, Санкт-Петербургке Сөк сұлтаннан депутациясы жіберілген. Оны ұлы Жанғазы басқарып, құрметті билер Сырымбет Оңғатаров, Бейбет Бектұрғанов, старшын Тұғал Черкозов және екі қызметшісі бірге келген.

Ресей Жетісу арқылы Қашқарияға, Тибетке және одан әрі Шығысқа апаратын көп ғасырлық дәстүрлі сауда жолдарын меңгергісі келді. Алғашында ол Сөктің үйсін тайпасының, яғни бүкіл Жетісудың билеушісі деген сөздеріне сеніп, оның шынайы ұстанымы туралы қателескен болуы мүмкін. Бірақ сұлтанның шынайы ұстанымын түсінгеннің өзінде Ресей үкіметі бұл жөнінде алдауды жөн көрді.

Жетісуда Қоқан хандығы мен Цин империясы күшті бәсекелес болды. Шыңжаңға баратын барлық сауда жолы мен өткелдері Әділ сұлтанның ұлдарының, Қоқанның, сонымен қатар қырғыздардың бақылауында еді. Әділевтер өздеріне бағынышты көшпелі өлкелер

арқылы керуендердің өтуі үшін саудагерлерден салық жинады. Сонымен қатар олар Батыс Қытайға баратын Қаратал өзенінен Ыстықкөлге дейінгі барлық өткелді бақылауға алды. Сұлтандар Құлжа генерал-губернаторымен тұрақты байланыста болды. Көксу өзенінің бойындағы Абылай (Құлан) ауылы жыл сайын тамыз айында Цин шекара отрядтарын көшпелі қазақтармен бірге шекараны тексеруге шақыратын. Сонымен бірге оның қонысында маусымдық сауда жәрмеңкесі өтетін. Құлжаға сауда ісімен баратын барлық адам Әділевтерден өздерінің өкілдері екендігі туралы қол қойылып, мөр басылған қағаз алуға мәжбүр болды. Цин өкіметі Құланды бүкіл Жетісу қазақтарының басшысы ретінде қастер тұтқан. Шамасы, Сөк соны қабылдай алмаса керек.

Сөк өзінің жағдайын нығайта түсуді көздеп, бір кездері Қашқарияға бет алған орыс сауда керуеніне көмектесіп, 150 адамнан тұратын желілік казак отрядының болдырған аттарын ауыстырады. Осы және одан кейінгі басқа да оқиғалар туралы Батыс Сібір генерал-губернаторы Капцевичтің баяндамаларынан білеміз [Урашев, 2013, 95 – 102].

Әділевтер Жетісу халықаралық істеріндегі тепе-теңдікті қалпына келтіруге асықты. Орыс құжаттары бойынша, 1821 жылы олар Сөкпен бірге Ресейден қорған сұрады. Алдымен олар Омбыға ағасы Ерғали (Иралы, Ырғали, Ералы, қытайша И-лай-ли) бастаған үш сұлтанды елші етіп жіберді. Ерғали – орыс және қытай деректерінде бірдей көрсетілгендей Әділдің Абылай (Құлан) мен Әлиден кейінгі үшінші ұлы. Ағайындылар ант қабылдау үшін өз ордаларына молда жіберуді өтініп, өздеріне бүкіл Ұлы Орданың өкілі ретінде қарауды талап етті [КРО2, 203- 204, 214].

Омбы мен Санкт-Петербургтегі осы қазақ елшілерімен өткен келіссөздер күнделігін табу қызық болар еді.

Одан кейінгі оқиғалар Әділ ұлдарының Цин империясымен қалыптасқан байланысты мүлде үзуді ойламағанын байқатады. Сұлтандардың қонысы Сібірден 1300 шақырым, Қаратал өзенінің жоғарғы ағысындағы Құлжаға дейін ат шаптырым жер еді. Капцевич Сөкпен және Әділевтермен байланыс орната отырып, Цин империясының шекарасына жақын Ұлы жүз сұлтандарының қонысында шекаралық округ ашуды ойлады.

1822 жылы шілдеде ол губерниялық хатшы Крайкиннің қол астындағы семейлік тілмаштар – Ташболат молда бастатқан тағы төрт молданы Әділевтерге барлауға жіберді. Олардың мақсаты – сұлтандарды, билерді, старшындарды ант беруге дайындап, олардың қарамағындағылардың тізімін жасау болды.

1824 жылы 13 мамырда Император I Александрдың Ұлы жүз сұлтандарын Ресей бодандығына қабылдау туралы грамотасы шықты. Ресей СІМ басшысы К.Нессельроденің Басқарушы Сенатқа жасаған баяндамасына қарағанда, олардың қол астындағылардың саны 165 мың еркек, 630 мың сиыр, 3 миллион ұсақ малы болған [КРО 2, 214].

Мұхамедәлі Ибақов (Ерғали елшілігінің мүшесі) басқа сұлтандармен бірге суан руын, ал қалған жетісулық дулат, албан руларын ағайынды Әділевтер биледі [КРО 2, 223- 224].

1824 жылы Сөк алғаш рет Омбыға өзі барды. Ұзақ сапарға шығуына қырғыздардың оған жасаған шабуылдары себеп болып, Ресейден көмек сұрамақ болды. Осылайша, Сөк Ресейді көрші тайпалармен қарым-қатынасқа тартып, Жетісудағы өзінің қызмет өрісін кеңейтті. Әрине, ол Әділевтердің циндік Қытаймен және Қоқан билеушілерімен арасындағы қарым-қатынастары жайлы орыс шекаралық билігіне пайдалы мәліметтер берді.

1827 жылдың көктемінде Бубеннов Сөктің Қаратал өзенінің жағасындағы ордасына барады. Оның негізгі мақсаты – Қашқариядағы көтеріліс жайлы, қазақтардың Жаһангер қожамен және сол бағыттағы өзге билеушілерімен байланысы жайлы, сондай-ақ Қытаймен қарым-қатынасы туралы мәліметтер жинау болатын. Ол осы жерден Көксу өзенінің жанындағы Құлан ордасына дейін атпен екі күндік жол екенін атап өтті [Уәлиханов, т.2, 320].

Сөктің Жанғазы (Янғозы) атты ұлы болғаны белгілі. Құжаттарда Сөк сұлтанның Жошы, Долон атты өзге де ұлдары бары айтылғанымен, бірақ олардың Сөкпен ешқандай байланысы жоқ.

1858 жылы Жоңғарияға жасаған сапарында Шоқан Сөктің мұрагері жайлы алған әсерін былайша суреттейді: «Бірде керуен жалайыр тайпасының билеушісі сұлтан Жаңғазыны Алатау округінің билігі ақымақтығы үшін беріп, қырғыздар «кеңесші» атап кеткен көмекшісімен бірге көру құрметіне ие болды. Сұлтан бізді оқыс қылықтарымен таң қалдырды. Ол қырғыздар аса ресми жағдайда қолданатын семіз қаз жүріспен шатырға кіріп, құрметті орынға отырып, ойға шомды; бәрі үнсіз қалды. Сұлтан кенет басын көтеріп, бәрін жылдам шолып өтті де: «Жалайырдың қойы көп, Жанғазының ойы көп» (У жалаиров много баранов, у Жангазы много дум), – деп бір шумақ айтты да, қайтадан буддадай мызғымас қалыпқа енді», – деп жазады Шоқан [Уәлиханов, т.3, 338].

Сөк баласына Омбыға баруды тапсырды, бірақ ол Санкт-Петербургке бас елші ретінде жіберіліп, I Александрдың қабылдауында болды [Урашев, 2013].

Сұлтанмен байланыс орнату кезінде Ресей шекара билігі істің шын мән-жайын білсе де, оны сарайда Ұлы жүздің бас руы үйсіннің, демек, бүкіл Жетісудың билеушісі етіп көрсетті. Алайда орыстардың екі экспедициясы нәтижесінде істің шын мән-жайы белгілі болды. Үйсіндерді Әділ сұлтанның ұрпақтары басқаратын: Олардың қол астында кемінде 15 ірі болыс бар еді. Олар 60 мың сарбазға дейін шығара алатын. Ұлы жүз руларының тізімінде Сөкке, оның баласына, інісіне және немере інісіне бағынышты 17 болыс бар деп жарияланған [КРО 2, 223].

Бірақ сұлтандардың 1843 жылғы 5 мамырдағы Сөк ордасында уездік тәртіп орнату туралы өтінішінде оған бағынышты кішігірім алты ру ғана көрсетілген. Старшындарының ішіндегі ең ықпалдысы Қарынбай (Қарунбай) болды [КРО 2, 296].

1825 жылы күзде жасалған «Ұлы жүз құраушы рулар тізімінде» Сөк туралы: «Ресейге жан-тәнімен берілген бұл сұлтанның халық құрметінің күшінде маңызы шамалы» деп жазылған [КРО 2, 224]. Ал Зибберштейн Сөк «оларды (жалайыр болысын) өз құзырында құрметтеп, оларды өзіне бағынышты деп атаса да, оларды Қарынбай би бөлек басқарады» деп жазды. Нақты айту қиын. Сонымен бірге ол сол жылдары шапыраштының басқа бөлігін басқарған Сөк пен Мұхаммед-Әли Ибаков туралы: «Екі сұлтан да біздің үкіметпен жақсы байланыста...» дейді. Бұл екі тарап үшін де маңызды болды.

1847 жылы 17 сәуірде К.Нессельроде император I Николайға Қапалда арнайы округ ашу және Сөк Аблайханов, Әли (Ғали), Хакім мен Рүстем Тентек қатарлы төрт сұлтанға 343 күміс рубль мөлшерінде жылдық марапат тағайындау туралы ұсыныс айтады [КРО 2, 334 – 336].

Сонымен қатар, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс аяқталғаннан кейін Ресейдің Жетісуда одан әрі алға жылжуы үшін қолайлы жағдай жасалды. Бұл кезде Шыңжаңда, кейін 60-жылдары Цин империясы мұсылмандарының қуатты көтерілісіне ұласқан қожа шапқыншылығы басталып, территориясының көп бөлігін басып алған. Ресей империясының Жетісудағы саяси қадағалау орталығы 1862 жылы Верный қаласына ауысқанға дейін Қапал шатқалында болды.

Сөктің мінезі ерекше болатын. Орыстар берген айырым белгілерін ереже бойынша тақпаған. Мысалы, кеудеге тағатын лен-

тамен бас киімін орап алатын. Сұлтан үлкен сапарларға өз оркестрінің сүйемелдеуімен шықты. Бұл оның музыкалық қабілеті мен музыкаға деген сүйіспеншілігінің белгісі еді. Сұлтанды білетін еуропалықтар да Сөк туралы ұнамсыз пікір айтқан. Ағылшын саяхатшысы Аткинсон мен оның әйелі Люси: «Даладан бұдан да әйгілі бау кеспе ұры мен қарақшы табу қиын. Ал қазір жасы 80-ге келсе де (шынында 70 жаста – К.Х.), барымтаға қатысады. Көптеген тонаушылық жорығын жоспарлап отыр... Жерін сатып, Ресей императорынан зейнетақы алып, Ұлы Мәртебелі Императорды («Ұлы мәртебе» деу керек – К. Х.) алдады. Бір барымта кезіндегі шайқаста мұрнына балта тиіп жараланып, қисық мұрын болып қалған» деп әзілдейді [Первые английские путешественники..., 185-186].

Сондықтан сұлтан ағылшыннан суретке мұрнын қазіргідей қисық емес, бұрынғыдай тіктеп салуды өтінген.

Сөк Қапалдағы ағылшын ерлі-зайыптыларына, олардың Алатау есімді кішкентай ұлын көру үшін, сондай-ақ өзінің айнадағы бейнесіне сүйсіну үшін жиі баратын [Первые английские путешественники..., 256-257].

Бұл факт далада айнаның сирек болғанын көрсетеді. Ол шетелдік әйелге қыр көрсетуге де қарсы емес еді.

Қарап отырсақ, Сөк көңілді адам еді. Сыбызғыда ойнағандықтан да болар Аткинсонға жақсы көзқарас танытты, себебі сол кезде Сұлтанның өз музыканттары болған.

Бір ғана шетелдік саяхатшы Зибберштейн ғана, Сөкті момын, ал жалайырларды бейбітсүйгіш халық ретінде сипаттайды. Дәрігер 1825 жылы Омбыдан қайтқан орыс экспедициясының құрамында Сөкке барған делегациясымен бірге болғандықтан, оның пікірі салыстырмалы ғана. Бұл барлау экспедициясы Жетісуға Сөк пен оның адамдарының қорғауымен аттанды, яғни оған тәуелді болды.

1849 жылы Сөк сұлтанның ордасында болған Аткинсон оның портретін салған. Ол жасы ұлғайғанына қарамастан, денсаулығы мықты, балаға тән қызығушылығымен ерекшеленетін. Ағылшын Абылай ханның соңғы ұлын қалай бейнелегені туралы: «отырған..., ашық қызыл тон киген, өзі өте мақтан тұтатын I Александр жіберген алтын медалі мен қылышы бар» деп жазған [Первые английские путешественники..., 185-186, 256-257].

Портретті анықтауда қателесу мүмкін емес [Казахи. Лики народа, картина, картина №55].

Суретте сұлтан үш әйелі мен ұлының ортасында аяғын айқастырып отыр. Мүмкін бұл оның ұлы мен олардың әйелдері шығар. Сөктің

тізесінде патша сыйға тартқан қынаптағы қылыш жатыр. Оның мұрны сәл қисық болып шыққан.

Сөк кесенесі Талдықорған қаласының солтүстігінде Қаратал өзенінің сұғымына қарсы орналасқаны туралы Шоқан 1855 жылы жазды [Валиханов, т.1, 190, 380-381].

Жетісудағы Абылай ұлдарының аға буыны туралы қорытындылай келе, Лепсі өзені ұзақ уақыт бойы олар мен Әбілфейіз қонысының шартты шекарасы болғанын, ал ағайындылардың қонысы шамамен Жетісу бойында, Шу мен Іле өзендері алқабында болғанын атап өткен жөн.

Әділевтердің жайылымдары біртіндеп Іленің шығыс жағалауына мен жоғарғы сағасына қарай жылжи бастады. Ағайындылардың әрқайсысы өз қол астына рулар мен олардың жеке тармақтарын көптеп қамтуға ұмтылды. Орыстар Жетісуға өз әкімшілік жүйесін енгізгенге дейін-ақ сұлтандар мен старшындар қол астындағы ру тармақтарын «болыстар» деп атаған. Омбы старшындары өз қамқоршылары – сұлтандардан кейін ант берді. Сұлтандардың бір-біріне ұқсас болыстары неғұрлым көп болса, оның қазақ қоғамындағы ықпалы соғұрлым күшті болды. Күштің тағы бір маңызды факторы – ұлдардың көп болуы еді. Отбасының еркек ұрпағы неғұрлым көп болса, рулық топтарды өз қол астына алу мүмкіндігі де көбірек болды.

XIX ғасырдың ортасына дейін аман қалған Абылай ханның көзі тірі соңғы ұлы – Сөк сұлтанның бұдан басқа артықшылығы жоқ еді. Ол еркін халықты басқару қабілетінен де айырылды. Ресейге бас ию оның жағдайын тұрақтандырды. Ал Ресей үкіметі онымен ынтымақтасудың арқасында дипломатиялық маневрлер арқылы Цин империясының дәл шекарасындағы Жетісу аумағында округтік тәртіп орнатты.

Абылай ұлдары арасында Іле мен Қаратал өзендерінің орта ағысы мен жоғарғы ағысындағы аумақтар үшін өзара талас-тартыс жүрді. Ол жердіңтабиғаты бай, егістіктер мен жайылымдары көп, маңызды сауда керуендері өтіп жататын.

Сөк сұлтан мен оның ұлы туралы әңгіме бөлек айтылады. Бірақ олар ағайынды Әділевтерді саяси аренадан ығыстыра алмады.

### 3.2.3. Әділ сұлтанның ұлы Абылай (Құлан)

Әділ (1815 жылы қайтыс болған) Абылай ханның тоқалынан туған үшінші ұлы. 1780 жылы Жетісуда алғаш орда тіккен Талас өзенінің

шатқалына жасаған соңғы сапарында әкесімен бірге жүреді. Әділ де Бұқар жырау сияқты әкесінің көшіп келу мақсатын, сырқаттанып, кенеттен қайтыс болуының мән-жайы мен себебін жақсы білген. Бірақ ол бұл туралы айта бермейтін.

Сұлтан Жетісуда қалды. Оның тағдырына әкесінің Алатау көшпелілері мен Шу және Талас өзендерінің жайылмаларын иемдену, жергілікті руларды бағындыру, ақырында Жетісудың батыс бөлігінде түбегейлі орнығу жоспарын орындау жүктелді. Әділдің балалары мен немерелері өз қонысын Іле өзенінің бүкіл алқабына – жоғарғы ағысына дейін, шығысқа қарай Лепсі өзеніне дейін кеңейтті.

Хан атағына үміткер сұлтандар Ғұбайдолла (Абайділда) мен Кенесары Қасымов ішкі және халықаралық істерде олардың араша түсуіне жүгінді. Ғұбайдолла Жетісудан келген немере інісі Жантөрені өзінің мұрагері етіп жариялап, оны Бейжің ресми мойындады. Абылай ұрпақтары үнемі бір-бірімен бақталасса да, жергілікті старшындар мен байлармен санасуға, өлкедегі үш билік орталығы: Қоқан хандығы, Цин империясы және XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей империясының арасында тиімді саясат жүргізуге мәжбүр болды.

Әділ 1773 жылы әкесі билікке келгеннен кейін көп ұзамай елшілік құрамында Бейжіңге барды. Оған гүң титулы мен асыл тастары мен тауыс қауырсыны бар II дәрежелі қалпақ берілді. Оның Қытайға барған басқа сапарлары туралы дерек жоқ. Бұдан XIX ғасырдың басына қарай цин билігі Әділ сұлтанды Жетісудың бас билеушісі деп танығанын көреміз.

Оның ордасы Қоңырөлең мен Оуэргочжулэ аймағындағы цин қарауылдары арқылы Құлжамен байланыста болды. Ол кезде оның 13 ұлы бар еді. Олардың есімдері төмендегідей ретпен берілді: Әбулай (Абылай), Әли (Ғали), Бэйцзин, Тулукэ, Сайхан, Тэликэ, Нұла (Нұрлан?), Мамырхан, Токе (Тоқ), Кушунь, Абулах, Сайлипу, Тэнабокэ (Тыныбек) [Шыңжаң шилюе, 12].

Мұндағы көп есімге анықтама беру қажет. Орыс деректерінде Әділдің Ерғали деген үшінші ұлы да айтылады. Император Даогуанның жылнамасында белгісіз бір Илайлы да бар. Қазақта кісіге екі есім қойылса, оның бірі еркелететін есім болса, екіншісін ресми азан шақырып молда қойған. Сондай-ақ, 3-ұлының атындағы бірінші «бей» деп оқылатын иероглиф пен «е» деп оқылатын иероглифтің орнына қате иероглиф жазылуы мүмкін, олардың айырмашылығы шамалы.

Әділ тұңғыш ұлының есімін әкесінің құрметіне Абылай деп қойған. Бірақ ол Құлан деген лақап атпен танымал болды. Бұл қазақтың ата-

баба есімін атауға тыйым салатын дәстүрімен байланысты болса керек. Одан бөлек Қытай шенеуніктері мен жылнамашылары үш Абылайды ажырату үшін олардың есімдерін жазғанда бір-екі иероглифті өзгерткен.

Құланның Әділ өлгеннен кейінгі басымдығын орыс және қытай деректері бірауыздан растайды. Екі державаның шекаралық әкімшілігі оны «халық күш-қуатына қарап та, маңыздылығына қарап та ең құрметті адам деп санағанын» атап өтеді.

1825 жылы сұлтан Абылай (Құлан) Әділевтің басқаруында дулат руының 8 тармағы (орыс құжаттарында болыстар делінген), албандардың 7 болысы болды. Дулат руы Жетісудағы қазақтардың жан саны ең көп руы болды. Оның жекелеген аталықтары Қытайдағы Іле өзенінің бастауына дейін қоныстанды.

Әділдің екінші ұлы Әли Орда ісіне икемділер қатарында болды. Құлан өлгеннен кейін Әлидің беделі одан сайын арта түсті. Әли туралы «Ресей жағын әлдеқайда берік ұстайды» делінген. Бұл сөздерді Әлидің басқа Әділевтерге қарағанда орыс көпестеріне қарсы дұшпандық әрекеттерге жол бермегендігі дәлелдейді. Мысалы, олардың інісі Ерғали туралы: «Бұл сұлтан ордада маңызды болмаса да, орыс керуендеріне қарсы айрықша зорлығымен ерекшеленеді» дейді.

Сұлтан ағаларына қарағанда әлдеқайда кедей болды. Ал оның қонысы орыс шекара отрядтарының қолы жетпейтін жерде еді. Әлидің күші мен экономикалық мүддесі Ресеймен, ал інісі Абылайдың (Құлан) мүддесі Цин империясымен қарым-қатынасқа көбірек тәуелді болды. Жетісу үшін күреске үш жақтан кірген Қоқан хандығы мен екі держава арасындағы саяси тепе-теңдікті сақтау мақсатында ағайындар арасында рөлдер бөлінген болуы мүмкін. Бірақ бұған қатысты ешқандай дәлел жоқ. Қазақ хандығы жойылған соң олардың басқа амалы қалмады. Тіпті 1803 жылы Уәли хан мен інісі Әділдің көзі тірісінде-ақ, Әлиді Бейжіңге жіберген қазақ елшілігінің құрамына қосып, оған да II дәрежелі тауыс қауырсыны берілген [Синьцзян шилюе, 12,7].

Әділ сұлтан балаларының көпшілігі Ұлы жүздің бытыраңқы руларын басқаруды жалғастырды. Олар бір-бірімен тату болып, негізінен ағасының билігіне бағынатын. Орыс өкіметі інілерді Абылай сұлтанның (Құланның) «құралы» деп есептеді. «Олар өз бетінше ешкім де емес, бұйырықты ғана орындайды» делінген [КРО 2, 224].

Олар үйсіндердің әкеден қалған 25 қауымының билігін сақтап қалуға және жаңаларын тартуға тырысты. Құланға Құлжаға ба-

рар жолда қоныстанған сегізсары, қызылбөрік, әлбұзым рулары бағынды. Оның Қытайға барғандығы туралы мәлімет жоқ.

Абылай Әділев (Құлан) те, бауырларының көбі де Қытаймен сауда-саттық қатынасын жүргізді, Әрине Қытайда Әділ сұлтанның ең үлкен баласына ерекше көңіл бөлінді. Сондай-ақ, Абылайдың Қапал туралы мәселе көтергенге дейін орыс өкіметіне қарсы дұшпандық әрекет жасағаны туралы да дерек жоқ. Сондай-ақ ол кіші немере ағасы Сөктің жеріне – Қараталға бекініс салуға қарсы болды.

1825 жылы Құлан Іле генерал-губернаторы Цин Сянға хат жолдап, онда орыстардың Қараталға рұқсатсыз үйлер салып жатқанын, қазақтардың малына салық салмақ болғанын хабарлайды. Өзінің сол жерге әдейі барғанын жазып, казак отрядының командирі оған «шаған хан (Ақ патша, бұл жерде I Александр патша) тауарлар беріп, суы мен шөбі мол, қала салуға, егін шаруашылығын дамытуға қолайлы Қараталды таңдауға тілек білдірді» дегенін жеткізеді [Цин Сюаньцзун шилу, 11-п айн. - 12].

Император Даогуан (1821-1850 жж. билік құрған) Тәуелді жерлер палатасына (Лифаньюань) шекарада бекініс салу мен қазақтарды заңсыз бопсалау туралы сұрау салуды дайындап, Ресейдің Басқару Сенатына жолдауды бұйырған. Сонымен бірге ол Абылай сұлтанға (Құланға) «құрмет көрсетіп, мойынсұнғандықтан» өз атынан хат дайындауға бұйрық береді. Хатта сұлтанға Цин империясы үкіметінің Ресейге жіберген ресми өтініші мен одан кейін оның жауабына қарай қандай шара қабылданатыны туралы хабарлау керек еді. Іле генерал-губернаторлығына бекініс салуға келіспеген қазақтардың Шыңжаңға көшіп кетуіне жол бермеу үшін шекара қызметін күшейту туралы жеке бұйрық берілді. Соңғы шара Цин үкіметінің сұлтан хабарына сақтықпен қарайтынын нанымды түрде көрсетеді.

Әскери кеңесте шекара маңындағы белгілі беделді тұлғалар маньчжур Тоцзин мен моңғолдың бұрынғы Іле генерал-губернаторы Сун Юнның бұл мәселеге қатысты сөйлеген сөзі қазақтардың мүддесін қорғамағаны анық. Ол сөздің қысқаша мазмұны былай: «Ресей – шет мемлекет. Тежеу шараларын қолдансақ та, біз оны бағындыра алмаймыз. Қазақтар, әдетте барымта үшін шекарадан өтеді, олар табиғатынан әккі. Тәйжінің (Абылай сұлтан – К.Х.) орыстар келешекте өз жеріне қала салып, жер өңдемекші деген сөзіне толық сенбеу керек. Орыстардың қала салып, игереміз деген жері бізден алыс. Одан ең жақын күзетшімізге дейінгі қашықтық – 400 ли (шамамен 200 км. – К. Х.). Ал Қараталға келсек, ол қазақтардың жері екеніне (туралы)

нақты дәлел жоқ». Чиновниктер (сановниктер) бұйрық шығаруды ұсынып, онда «шекаралардың белгісіздігіне байланысты шындықты іздеу мүмкін емес» деген кеңес беріп, «бұл мәселені әскери жолмен шешуді қиындатады» деп көрсетуді ұсынды. Олар қазақтарға Цин билігінің өздері салған үйлерді бұзу туралы ұсынысын «жол тауып, әлгі варварларға» (яғни орыстарға) жеткізуге кеңес берді. Ал олардың өздері орыстың қала салып, жер өңдеу жоспарына барынша кедергі жасауы керек [Цин Сюаньцзун шилу, 90, 30-30-п айн.].

Сонымен қатар, Тоцзинь мен Сун Юнь өз аттарынан осы оқиғаға байланысты билікпен хат алмасудан босатуды сұрап, арыз берді. Жоғары мәртебелі тұлғалардың баяндамасы 1825 жылы Цин империясының Құлжаның солтүстігіндегі территориясы туралы мәліметтері болмағанын және ол кезде Балқаш көліне дейінгі Жетісуға ықпалының болмағанын сенімді түрде көрсетеді. Оның үстіне моңғол Сун Юнь өз баяндамасында қазақтар орыс жерін тартып алып, оны Цин империясының көмегімен сақтап қалғысы келді дегенге дейін барды. Оның басты қорқынышы – осы оқиғаның Қытай-Ресей қақтығысына алып келуі еді.

Сун Юньді де түсінуге болады. Өйткені сол кезде Жаһангер қожаның Қашқарияға шабуылы басталып, Шыңжаңды Цин империясынан бөліп алу қаупі туындап тұрған болатын. Онсыз да Қоқан хандығымен қарым-қатынас оның Жаһангер қожаны қолдап, қашқарлықтарды кәпірлерге қарсы көтеріліске итермелеуіне байланысты өте күрделене түскен еді. Ал астанадағы ірі шенеуніктердің көңіл-күйі жеңіліске дайын деп бағаланды. Санкт-Петербургке ресми сұраныс жіберіліп, Абылай Әділев сұлтанмен хат алмасу басталды [Сюаньцзун шилу, цз. 90, б. 18-п айн.-19-п].

Осының салдарынан Ресей шекаралық органдары үйлерді бұзып, Қараталдағы бекініс құрылысын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды.

1825 жылы желтоқсанда Ресейде ішкі толқулар басталып, I Николай желтоқсаншылар қозғалысын, одан кейін Кенесары көтерілісін, ал Цин императоры Даогуан Жаһангер қожа бастаған ұйғырлар мен қырғыздардың қарсылығын басып-жаншумен айналысты. Қожа 1820-1828 жылдар аралығында Қашқарияға төрт рет жорық жасады. Державалар ішкі тұрақсыздыққа байланысты өзара қарым-қатынасты ушықтырмауға шешім қабылдады.

Қытай Қоқанға қарсы санкциялар салып, Орта Азия хандықтарына қарақұйрық пен шай саудасына тыйым салды. Сонымен бірге 1826 жылы қазақтармен сауданы кеңейту туралы бұйрық шықты. Бұл кез-

де Цин батыс Жетісу арқылы Қашқарияға әскер жіберетін болып, Шыңжаңнан Қырғызстанға баратын жол іздеп жатқан болатын.

Абылай Әділевтің есімі 1827 жылдан бастап Қытай құжаттарында гүң префиксімен берілген. Бұл Цин үкіметі оның билігінің заңдылығын мойындағандығын көрсетеді. Осы жылдың аяғында ол Әли сұлтанмен бірге інісі Әділ Аблайхановтың үшінші ұлы Ерғали (伊赖里 - Илайлы) бастаған елшілерін Бейжіңге жіберді. Отбасы асыл тұқымды жылқыларды сыйға тартты. Сұлтанның бұл әрекеті, Цин билігінің пікірінше Цин императорына «құрмет пен мойынсұнушылықтың мақтауға тұрарлық көрінісін» байқатады. Цин билігіне Абылайдың (Құлан) әсіресе, Қашқарияны азат ету үшін Қытаймен тоғыз жыл соғысқан Жаһангер қожаны (1828 жылы Бейжіңде ату жазасына кесілген) тұтқындау туралы уәдесі ұнады. Император батыл гүңді мақұлдап, оған тағы да хат жолдап, сыйлықтар жіберуді бұйырды. Сондай-ақ егер ол Жаһангерді ұстаса, ерекше марапаттауға уәде берді.

Омбы аудармашысы Бубеннов 1827 жылы наурызда Жетісудағы Құлан ауылында Қашқардан келіп, Жаһангер көтерілісі туралы мәлімет жинап жүрген қожа жүзбасы (юзбаши) Абдурахман-ходжа есімді хабаршымен кездесті. Ол Қашқардан 1826 жылы 9 наурызда тауарын (бөз) артып, қожаның көрші халықтармен достық қарым-қатынаста болғысы келетінін және олардың Шығыс Түркістан аумағындағы көпестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы уәдесі айтылған хаттарын алып шыққан. Ұйғыр елшісі Жаһангер қожаның жазда Ақсу, Құлжа, Тұрпан қалаларын алуға үміттенгенін хабарлады [Валиханов, т.2, 346].

Құлан Құлжамен сауда-саттықты уысында ұстады. Өз иелігіндегі жер арқылы өтетін көпестерден алым алды. Цин үкіметі Шыңжаңмен сауда-саттықты аймақтарға бөліп, қазақтарға Шәуешек (Тарбағатай) пен Құлжада сауда жасауға рұқсат берді. Бірақ Қашқар қалаларында сауда жасауға қатаң тыйым салынды. Сауда саласында Абылай ұрпақтарына ешқандай артықшылық берілмеді. Соған қарамастан Қашқарда жылқы сату өте тиімді еді. Демек, Құлан бір діндегі және Мұхаммед Пайғамбардың ұрпағы Жаһангер қожаның ұсынысына қызығушылық танытуы тиіс болатын. Сонымен бірге ол Цин үкіметімен де, Ресей үкіметімен де саяси-коммерциялық байланысты назардан тыс қалдыра алмады. Әрі Қоқан хандығының Жетісуға сұғына кіруінен қауіптеніп, қазақ өлкелеріне Қоқанның не орыстардың бекініс салуына жол бермеуге тырысты. Бұл мәселеде

ол Цин империясының дипломатиялық көмегіне үміт артқан. Абылай ұрпақтарының экономикалық мүддесі циндердің мүдделерімен толық сәйкес келді. Атты әскерді жасақтау үшін цин билігі шекарадағы қазақтың ірі феодалдарымен сауда-саттық жасауға үміттенді.

Қазақстанға қарағанда көршілес Қырғызстанда қожалардың билігі мен діни ықпалы әлдеқайда күшті болатын.

1828 жылы қаңтарда Абылай (Құлан) Құлжаға Қоқанның қырғыздар мен қазақтардың қоныстарына шапқыншылығы, астық жинап алғаннан кейін Пішпек бекінісінің (Бішпек, қазіргі Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек) салынуы туралы маңызды жаңа мәліметтер жеткізді. Сұлтан, Қоқан бегінің қазақтарды өз қасына көшіп келуге шақырғанын, қазақтарды мал жинауға міндеттегенін, бірақ оның руларының жайылымдарын тастап кетуіне тыйым салғанын жазған [Цин Сюаньцзун шилу, 131, 15-п айн.- 17-п. айн.].

Осы уақытта Жаһангердің Қашқарияға төртінші жорығы басталды. Іле генерал-губернаторы Дэина бір-бірінен жақын орналасқан, арасы шамамен мың ли (шамамен 500 км) болатын Кеген қарауылынан (дәлірек айтсақ, Қорғас) Қырғызстандағы Нарын көпіріне дейінгі жерде жазалаушы отрядтардың жылжу мәселесін зерттеді.

Ол отрядтар үш айға азық-түлік қорын жинау керек деп есептеді. Бейжіңдегі Әскери кеңесте Жаһангер көтерілісін басу мәселесі талқыланған күні император Даогуан Құланға хат жазды. Қазақ пен қырғыз жері арқылы Бұхараға шегінбекші болған Жаһангердің жасырын жоспары туралы мәлімет бергені үшін сұлтанға айдаһар бейнеленген киім-кешек пен төрт үлкен атлас кесіндісі берілді. Бұдан басқа, оған Жаһангерді тұтқынға алып, оны Іледен өткізіп жіберуге шақырды, ол үшін оған жомарттықпен екі мың күміс құйма (锭) сыйлауға, ван – князь шенін беруге уәде етілді [Цин Сюаньцзун шилу, 131, 17-п.айн.-18-п.айн.].

Бұл Абылайдың (Құланның) Ұлы жүз билеушісі деп ресми танылып, жыл сайын марапат алатынын білдірді. Бірақ Жаһангер қазақ жеріне ешқашан келген жоқ, ал қырғыздар қожа шегініп, күш-қуат жинаған кезде белсенді түрде қолдап отырды.

Құланның ұйғыр көтерілісіне деген шынайы көзқарасын анықтау қиын. Қалай болғанда да ол Қоқанның Жетісудағы саясатымен келісе алмады. Сонымен бірге оның Қашқарда Жаһангердің билігі орнауына да қарсылық білдіруіне еш негіз жоқ еді. Көтерілісші ұйғырлар мен қырғыздарға қарсы күресте көрсеткен көмегі үшін Цин

империясының оны Жетісу қазақтарының іс жүзінде ханы деп тану туралы уәдесі оның мақтанышын оята алмады.

Естеріңізге сала кетейін, осыдан бес жыл бұрын нағашысы Уәли хан қайтыс болғаннан кейін Ресей Қазақ хандығын жойып, хан атағы мүлде алынып тасталған болатын.

Цин үкіметі Әбілмәмбет ұрпақтарына атақ беруге көшті. Ресей бұған тыйым сала алмады. Сондықтан Цин үкіметі өз аумағында оларды хан деп атай алатынын, ал орысша айтқанда олар тек сұлтан болып қала беретінін жариялады. Бірақ Абылай ұрпақтары хандық билікті қалпына келтіруге ұмтылысын тоқтатпады.

1828 жылы жазда Абылайға Даогуаңның жаңа хаты келді. Бұл Цин билігінің сұлтанның шынайылығы мен адалдығына күмәндана бастағанын байқатса керек. Ол өзгеше сарында жазылған жасырын қаупі анық сезіліп тұрған хат еді. Осы уақытқа дейін Жаһангердің көтерілісін басуда ілгерілеушілік байқалды. Грамотада: «Өткен жылы қоқандықтар сізді Пішпекке көшуге шақырды, бірақ сіз келіспедіңіз. Бұл туралы Императорға хабарланды. Сізді құрметтеп, мойынсұнғаныңыз үшін мақтап, сізге арнайы (императорлық) сыйлықтар берді. Қоқан бұл бекіністі буруттардың (қырғыздар) шабуылынан қорғану үшін салып жатқанын білдік. Басқа себеп жоқ. Оның үстіне қарақшы Жаһангер ұсталған сәттен бастап, барлық варварлар бізден қорқатын болады. Сен өз руларыңды билей отырып, бейбіт өмір сүруің керек. Аспан елі (Цин) династиясының күшіне сеніп, Қоқандармен, сондай-ақ буруттармен қақтығысқа барудың қажеті жоқ. Қоқандықтар тағы да жылы сөзбен тартса, өз ұстанымыңа берік бол. Ақылсыз болмаңыз. (Осы жағдайда ғана) сіз бізден күш пен мәңгілік мейірімді алуға үміттене аласыз. Егер сіз, керісінше, келісімді сақтамасаңыз, қол астыңыздағылар басқа варварлармен қақтығысатын болса, Аспан елі династиясының ережелері бойынша, біз қандай да жағдай болмасын, тіпті жағдай біздің көмегімізді қажет етсе де одан әрі араласпауымыз мүмкін.

Аспан елі династиясында сіздің рулық қақтығыстарыңыздың нәтижесі үшін ешқандай (заңды негіз жоқ) жауапкершілік жоқ. Осыған байланысты біз қатаң (ескертумен) империялық жарлықты арнайы жолдап отырмыз. Қорқыңыз және мойынсұныңыз. Сізге сабақ беруге негіз болмауы үшін оларды есепке алыңыз» [Цин Сюаньцзун шилу, 137, 6-7].

Бұл хаттағы империялық ашудың себебі туралы тек болжам жасауға болады. Құлан Құлжаға елші жіберу арқылы өздерінің жос-

парын білмек болғанын Цин әуел бастан білген шығар. Жаһангерді Атантай, Тайлақ, Сұраншы, Тұрдымамет және тағы басқа қырғыз старшындарының атты әскер беріп, жан-жақты қолдағаны оларға онсыз да жасырын емес еді. Көбінесе қырғыздардың қатысуына байланысты XIX ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Түркістандағы Цин үстемдігіне қарсы қозғалыс ең ұзақ, ең күшті болды. Мұны Цин үкіметінің өзі мойындады. Жаһангер қырғыз ауылдарына бірнеше рет жасырынды.

Цин отряды 1825 жылы Қырғызстанға жорық жасағанымен, толық жеңілді [Кузнецов, 1983, 77].

1826 жылы шілдеде Қашқардағы Цин басшыларының бірі Цинь Сян өз-өзіне қол жұмсады. Қожалар 200-300 адамдық жасақпен Қашқарияға басып кірді. Олардың көтерілісіне ондаған мың жергілікті халық, оның ішінде қырғыздар да қатысты.

Сірә, 1828 жылы 17 шілдедегі Құлан сұлтанға қоқан-лоқы көрсете жазылған хат қожалардың Қашқарияны басып алу қаупі біраз сейілген кезде жіберілген болса керек. Құлан Жәңгірдің үлкен ағасы Жүсіп қожаның 1830 жылы жаздағы Қашқарияға жорығын өз көзімен көрген болуы мүмкін. Ол 1832 жылдан кешікпей қайтыс болды.

Екінші жағынан, Құлан сұлтан Омбыға өзін Цин билігі қолдағанын ашық айтты. Бұл – екі империя арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне себеп болды. Қалай болғанда да, Құлан қазақ жерін орыстардың да, Қоқанның да жаулап алуына қарсы өзінше күресіп, жер жәннаты Жетісуда жат бекіністердің салынуына тойтарыс берді.

Цин империясымен саяси байланыс Абылайдың (Құланның) көтерілуіне ықпал етіп, Жетісу билеушілерінің даңқын еселей түсті. Олардың кейбірі Ресейге қызмет етсе, кейбірі жер аударылып, сонда көз жұмды. Қайсыбірі Көкшетау мен Қызылжардағы Абылай ұрпақтарының тақ мұрагері болуға дайын екендіктерін дәлелдеді.

Абылайдың екінші және үшінші ұрпағы жаңға жайлы Жетісуға орнығып, сыртқы саяси қиын жағдайда өз билігін сақтап қалуға тырысты. Олар Қазақ хандығын қалпына келтіруден үмітін үзген жоқ.

### 3.2.4. Абылайдың немересі Әли (Ғали) Әділұлы

Әділдің екінші ұлы Әли сұлтан (шамамен 1786-1867 жылдар) 40-жылдары өз халқы арасында аса беделді болды. Құлан өлген соң Ұлы жүзге бас билеуші болып сайланды.

XIX ғасырдың 40-жылдары сұлтан Ұлы жүздің ең көп және ең көне руы – дулаттарға, өмірінің соңына қарай шапыраштының бір бөлігіне билік жүргізген. Оның негізгі ордасы әуелі Таласта болса, кейін шығысқа қарай Іленің сол жағалауына жылжыды (балаларының ауылдары Кегенге дейін созылды).

Омбы билігі оны ешқашан назардан тыс қалдырған жоқ. 1846 жылы ағасы Сөкпен бірге Ресей бодандығын қабылдауға көндірді. Ол кезде жалпы 95 жылдай өмір сүрген Әлидің жасы 60-қа таяп қалған еді. Ал 1803 жылы 17 жасында елшілік құрамында Қытайға барды.

Әли өз дәуірі үшін жақсы білім алды, өйткені әкесі Әділ Орта Азия мұсылмандары – өзбек-тәжіктермен іргелес өмір сүрді. «Әли біраз жыл Ташкентте болып, өркениетке үйренді. Бірақ олар кері ығысқан кезде, ол осында қайта оралды», – деп жазады Янушкевич [Янушкевич, 112]. Сұлтан үй жағдайында екі жылдай әліпбиден қара танып, үшінші жылы жазу, каллиграфия мен діни ғұрыптарды меңгеріп, Құранның таңдамалы үзінділерін жаттады. Әдетте, сұлтандар намаз рәсімін жақсы білген және оны қарапайым халыққа қарағанда қатаң сақтаған. Әлидің дәстүрлі діни-тарихи деректерді қамтыған басқа кітаптардан да хабардар болған. Ол өз сөзінде яһудилік Сүлейменнің, Шығыстың басқа да данышпандарының сөздерін жиі келтірді. Дегенмен, тектілерді тәрбиелеуде қазақтың тарихи аңыз-әңгімелері, ата-бабаларының ерліктері туралы аңыз-дастандар басты орынға ие болды десек, қателеспейміз.

Біз Әли сұлтанның бет-бейнесі қандай болғанын біле аламыз. Т.Аткинсонның 1848-1849 жылдары салып, екі кітапқа кірген екі топтық портреті бар. Онда Әли сұлтан деп көрсетілген мүлде басқа екі адам бар [Казахи. Лики народа, 514].

Жазбаларда қате бары анық. Суреттердің бірінде үлкен қазанды айнала отырған бір топ адам бейнеленсе, екіншісінде түйелердің артында отырған отбасы бейнеленген. Екінші суреттің оң жақ бұрышында тұғырда отырған бүркіт бар. Егер суреттердің авторы Аткинсонның жазбаларын сүйенсек, Бек сұлтан әйгілі бүркітші, саятшылықты ұнататын аңшы болған. Сондықтан да ол өзінің сүйікті қыранымен бірге бейнеленген болар.

Әли Әділев білімді адам ретінде танылған, сонымен қатар ол ұзақ уақыт Түркістанда тұрып, Ташкентке барып жүрді. Сондықтан ол отбасымен бірге исламдық үлгідегі әлде бір кесененің жанында бейнеленуі және олардың алдында, суреттің сол жақ бұрышында, салт-дәстүрге тән қазанның қойылуы әбден түсінікті. Дегенмен, бұл

жерде де күмән туындайды. Өйткені Қазақ ұлттық энциклопедиясында қазандықпен салынған портреттің астында «Алиолла сұлтан» деп жазылған. Бұл жерде Әли есіміне жалғанған «олла» сөзінің «ұлы» деген сөздің бұрмаланған нұсқасы болуы, «Әли ұлы» деген атау болуы мүмкін. Бірақ 1848-1849 жылдары суреттің ортасындағы ақ киімді қартайған адам Әлидің ұлы болуы мүмкін емес. Әлидің ұлы оң жағында бейнеленген қара торы жігіт болуы мүмкін [Ұлттық энциклопедия, т.1,514 б.]. Немесе Әлидің толық есімі Әлиолла болған.

Әли ұлдарының ішінде Аблес пен Ералы сұлтандар орыс билігіне адал қызмет еткен. Бірақ жазба деректерде бұл екеуінің кейінгі тағдырлары туралы дерек жоқ, өйткені олардың басқаларындай саяси ықпалы болмаған. Алайда, бұл хан ұрпағы өз тегі мен үстемдік етуді ұмытты дегенді білдірмейді. Ханның тегі жасырылған кездер болды. Абылайханов тегі кейбір жерлерде олардың аты-жөні мен тегін көрсетпей кездеседі. Сондықтан осы текті (фамилияны) ханның тікелей ұрпағы емес, туысқан ұрпақтары да иеленген болуы ықтимал. Айта кететін жәйт, кеңестік дәуірде қазақтар балаларына Абылай есімін сирек қоятын, Абылай есіміне деген қызығушылық XX ғасырдың 90-жылдары, Қазақстан тәуелсіздік алған кезде пайда болды.

XIX ғасырдағы орыс құжаттарынан Жетісудағы Аблайханов тегімен аталатын аудармашы белгілі. Шыңжаңдағы ақтар қозғалысын басқарған атаман Александр Дутовтың қол астында 1920-1921 жж. осындай танымал текке ие орыс армиясының полковнигі аудармашы қызметін атқарған [Обухов, 207, 108].

Ол бала кезінде Шәуешек, Үрімжі, Құлжа, Жаркент және Семейде сауда жасаған атақты татар көпесі Чанышевтің балаларымен дос болғаны белгілі. Бұл таныстық Кеңес өкіметі жағына өтіп кеткен Қасымхан Чанышевтың А.Дутовты өлтіруіне алып келді. Шыққан тегі маған белгісіз Әбілханов атты көпестер де болды.

Ресейлік шенеуніктердің айтуынша Әділ – ақылды, білімді болған. Оның ұлдарының ішінде ең ақылдысы Әли (Ғали) еді. Мұны бірнеше күн бойы сұлтанмен жете таныс болуға мүмкіндік алған поляк жиһангезі А.Янушкевичтің, сондай-ақ омбылық дәрігер Ф.Зибберштейннің жазбаларынан пайымдауға болады. Абылай ханның XIX ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген соңғы ұлы Сөк қарт туралы Ресей билігі өкілдерінің пікірлері бір-біріне қарама-қайшы келеді. Сонымен қатар орыс шенеуніктері бірауыздан Әлидің Абылай ұрпақтарының ішінде өзінің даладағы ықпалы жағынан да, маңыздылығы жағынан да ең әйгілісі екенін атап өтті.

1822 жылы Ұлы жүздің басқа сұлтандарымен бірге Әли Ресей бодандығын алу туралы өтініш білдірді. Соған орай Александрдың 1824 жылғы 13 мамырдағы жарлығы шықты [КРО 2, 204-205, 214].

Орыс әскерінің Орта Азияға жорықтары басталғанға дейін адалдықтың нақты көрінісі тек жалпы тату-көршілікте және орыс көпестерінің керуендерінің қауіпсіздігінен байқалды.

Алайда Әли, мүмкіндігінше Ресеймен де, Қоқанмен де, Қытаймен де арақатынасты тең ұстады. Соған қарамастан XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің әскери басымдығына бағынуға мәжбүр болды.

Абылай ханның атақты ұрпағы – Кенесарының көтерілісі Жетісуға бет бұрған кезде, Ресей билігі өлке билеушілерін оған қарсы біріктіруді көздеді. Сол үшін Шекара басқармасының бастығы генерал-майор Вишневский әскерімен Лепсі өзенінің аңғарына арнайы барды. Әли 1846 жылы 2 шілдеде шақыру бойынша лагерьге келді. Келесі күні кернейдің үні мен зеңбіректен алты оқ атылып, оған әскери шен мен медальдың патенті салтанатты түрде табыс етілді. Осы уақыттан бастап ол өзінің руларымен бірге ресми түрде Ресейдің құзыретті азаматы болып санала бастады. Дегенмен оның шені әскери қызметке қатысы жоқ еді. Салтанатты рәсім аяқталғаннан кейін генерал-майор Әли Әділевпен 2 сағатқа жуық оңаша сөйлесті! [Янущкевич, 110].

Бұл Әлидің Омбы билігіне жазған хатынан кейін орыстың жоғары лауазымды шенеунігімен саяси мәселелерді алғаш рет ашық талқылауы еді. Әлидің Кенесары ханға қатысты нық айтқан ұстанымы Ресейдің саясатына мүлдем сәйкес келмеді. Вишневскиймен кездеспес бұрын Сөк пен Әли өзін «хан» деп жариялаған Кенесарының жиналысына (кеңеске) барып, онымен бір апта бойы келіссөз жүргізген болатын. Сөк сұлтан 1846 жылы 29 шілдеде жазған хатында сапардың қорытындысын былайша баяндайды: «Жоғары мәртебелі Шекара бастығы мырзаның бұйрығымен мен осы хатты жазардан 5 күн бұрын би Тіленшімен бірге Кенесары сұлтанға ақыл-кеңес айту үшін бардым. Ол маған Іле бойында қыстайтынын, Ресей үкіметіне қарсы арам пиғылы жоқ екенін, оның үстіне жауларының көптігінен өзін ғана қорғауды ойлайтынын, сондықтан Мәртебелінің оған ашуланбауын сұрады. Сонымен, қазір ол аталған өзенде өз халқымен бірге» [НОБ, 449].

Сөк өзін «хан» деп атаған Кенесары ханды орыс билігінің көңілінен шығу үшін ғана «сұлтан» деп атайды. Оның үстіне өзі Кенесарының ағасы болғандықтан, үлкендігін бұлдап, оның тақ мұрагері екенін мойындай алмады. Екіншіден, ол Ресеймен одақтасу туралы келісімге

қол қойған барлық билеушілер мен старшындар сияқты немере інісі бастаған қозғалысқа қосылмауы, олардың оған қарсы қандай да бір нақты дұшпандық қадамдар жасауды көздейтінін білдірмейді деп есептеді.

Әли Кенесарыға екі рет, әуелі – 1846 жылы мамыр айының ортасынан кешіктірмей, екінші рет – Вишневскиймен кездесу алдында барған болуы мүмкін. Бұл Омбыға бірден белгілі болды. Өйткені Лепсі өзенінің бойында зербірекпен қаруланған қосымша күштердің келуін күтіп тұрған Есаул Казачининнің отряды болды [НОБ, 442- 443].

Аға сұлтандар Ресей бодандығын қабылдау жөнінде Кенесарымен келіссөз жүргізгендерін, соған байланысты көтерілісшілерден Ұлы жүз жерінен кетуді сұрағанын хабарлады. Бірақ Жетісудағы туыстарының көмегінсіз Кенесарының 1847 жылы Қытайға жіберген елшілері Шыңжаңға жете алмас еді. Дегенмен бұл кезде Цин билігі Қоқаннан шыққан ақтаулық жеті қожаның шапқыншылығына қарсы күресіп жатқан болатын. Жалпы Шығыс Түркістандағы соғыс 30 жылға жуық жалғасты.

1846 жылы 25 маусымда генерал-майормен кездесуге Әлидің ұлы да келді. Ол туралы былай деп жазылған: «Ұлы Орданың сұлтаны Әлидің ұлы генералдың қасында туыстарымен бірге болды. Ол байсалды, әдемі киінген, жып-жылтыр чамбара киген, иығына сөмке ілген, үстінде қара канфов шапаны бар» [Янушкевич, 99].

Ресей өкілдері үшін Әли Әділевтің болуы маңызды болды. Ұлы жүздің көптеген руын басқарған ықпалды сұлтанның Ресей бодандығын қабылдауы Ресейдің Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстанға одан әрі ілгерілеуіне ықпал етер еді. Сонымен қатар, Әли сұлтан Кенесарыға қарсы жазалау ісінде Омбыға тиімді болуы мүмкін.

Кенесары да Әлиге «тартуға үйірлеп жылқы айдатып», туыстық қатынас орнатуға ұмтылды. Бұл жылқылар Ұлы жүз жерінде бейбіт өмір сүру үшін берілген төлем бе?

Әли орыс отрядтарына әскери көмек көрсетуге уәде берген жоқ. Соған қарамастан 14 қыркүйекте әскери отряд командирі Нюхаловпен кездесуге келді. Бірақ тағы да қоян бұлтаққа салып, аяғына отырғызбады [НОБ, 450].

Ресейді қолдауға міндетті болса да, Әли үшін туысқанын өлтіру туралы ойлаудың өзі жиіркенішті еді. Бұған Омбы ештеңе істей алмады. Олар әзірше Әлидің қарсы жаққа да үлкен көмек көрсетпегеніне риза болды. Кенесары Балқашты тастап, жазалаушы отрядтардың

қол жетпейтін Шу-Талас сағасына жасырынып үлгерді. Қырғыздар да Кенесарының тым жақындап кеткенінен қауiптенiп, бұл туралы Әли сұлтанға елші жiберiп, хабарлады [НОБ, 457].

Жасауыл Нюхалов та Кенесарының алдағы жоспарын білмек болып Әлиге кісі жібереді. Әр тараптың өз мақсаты бар, мүдде біреу – Әлимен жақындасу. Әли, өзі айтқандай, туысының «қасқыр мінезін» білсе де, оның өмірін оққа байлап бермейтінін ашық айтты.

Жаздың басында Вишневскиймен кездесу үшін Әли сұлтан мен Хакім сұлтанға құрметті билермен бірге келуге шақыру дер кезінде жіберілгенімен, сұлтандар кеш келді. Олар Кенесарыға қарсы жорық көктемде немесе жаздың басында басталмаса, сол жылы мүлде болмай қалуы мүмкін деген оймен, біраз уақыт ұтпақ болса керек. Олардың ойынша осы аралықта Кенесары Қытайға шегінуі мүмкін.

Вишневский шақырған съезде Әлидің сөйлеген сөзі қазақтарға да, сондай-ақ Шекара басқармасының бастығына еріп келген патша офицерлері мен шенеуніктеріне де үлкен әсер қалдырды. Әли сөзінің негізгі мазмұнын Янушкевич жеткізген. Онда Әли Кенесары ісін ұтылған деп санап, мінезі тым қатыгез деген. Бірақ, Кенесарымен кездескен соң орыстардың оған қарсы жорығына қатыспауға бел байлады. Әли Ресейге өз туысы қоныстанатын жер бөлуді ұсынды. Сонда ғана Кенесары күрестен бас тартады деп санады. Ол патшалық Ресейдің жауына деген көзқарасы мен оның: «Біз Ресейге адал болуға ант бердік, бірақ қандас туысымызбен соғыспаймыз» деген антының арасындағы қайшылықты көрмеді [Янушкевич, 113].

Әлидің де, Абылайдың өзге ұрпақтарының да мінез-құлқы олардың орыс жазалаушы отрядтарына әскери көмек көрсетпейтінін танытты. Бір қызығы, Вишневскийдің қасындағы елеулі адамдар арасында толқып сөйлегеннен кейін Әли есімі аталмады. Бәйгеде, шеруде, салтанатты қабылдауларда генералдың қасында, құрметті қонақтармен қатар Сөк, қарапайым қонақтардың арасында ақын, ойшыл Абайдың әкесі Құнанбай бидің есімі кездеседі. Демек, Әли марапаттан соң, немере ағасына қарсы жазалау операциясына қатысудан бас тартқаннан кейін мерекелік шараларға қарамаған. Бұл кейінгі оқиғалардан туындайды.

Әли Әділевтің бұл сөзінің салқыны тимей қоймады. Орыс өкіметіне бірден жалайырлар мен шапырашты старшындарынан өз руларын Әли сұлтаннан бөліп, Сөк сұлтанның қол астына беруді өтінген хаттар келе бастады. «Барлық үйсін халқы – дулаттар мен өзге де рулар қандай да бір жолмен подполковник Әли Әділев

сұлтанның қарамағында болғаны анықталды. Бірақ біз, халықпен жалпы жиналыс шешімімен, дулаттардан бөлек болуға ниет білдірдік. Нәтижесінде жоғары Мәртебеліден жалайырлар мен шапраштыны (асыл-айқұм рулары) басқаруды өзгертуді сұрауға ниет білдіріп, бұрыңғы 8-класты сұлтан Сөк Аблайхановты бас сұлтаны етіп тағайындауды сұраймыз...», – деп жазды олар [КРО 2, 318].

Бұл хат, Ресейдің саясатына сөзсіз сәйкес келді. Бұрын Абылай Әділевтің қолында болып, кейін Әлиге өткен үйсіндерді басқаруды екіге бөлді. Бұл Іле өзенінің шығысы мен батысында тұратын билеуші әулеттердің қарым-қатынасындағы келіспеушілікті растайды.

Жетісуды жаулап алуға қолайлы жағдай, хаттың жазылған (23 маусым) немесе алған уақыты, өзіне жоғары әскери шеннің патенті беріле сала Әлидің Сібір қырғыздары (қазақтары) шекара бастығымен кездесу орнынан тезірек кетуі – осының барлығы хат жазуға Сөктің келісімімен Вишневский итермелегенін болжауға негіз болады.

Халық үшін Құлан мен Әли Әділевтен құрметі әлдеқайда төмен Сөктің іскерлік қасиеті осал екенін Омбы билігі жақсы білетін. Бұл ағайындылар Сөкке қарағанда тәуелсіз болды және атасынан үлгі алып, көрші державалар арасындағы саяси тепе-теңдікті сақтауға ұмтылды. Сонымен қатар, Сөктің қонысы Қарқаралы және Аягөз уездерімен тікелей іргелес болатын. Сондықтан мұнда орыс бекінісін салып, Жетісуда одан әрі дамытуға қолайлы болды.

Сырттай барлық құрметті Әлиге көрсете отырып, Омбы бірте-бірте Ұлы жүз руларын бөлу саясатын жүргізіп, олардың басын біріктіруге қабілеттілерінің билігін кезең-кезеңімен тартып алды. Айтпақшы, билеушілердің хаты мен оларды Ресей бодандығына қабылдау туралы құжат бір күнде – 1846 жылы 23 маусымда жасалған. Омбы сол кезге дейін тәуелсіз Жетісу сұлтандарын бағындыру ісін жақсы орындаудың, олардың Кенесары ханның айналасына топтасуына жол бермеу үшін саяси қозғалыстардың бірнеше нұсқасын әзірлегенін көрсетеді.

Алайда Омбы Әли Әділевтің беделімен санасуға мәжбүр болды. Ұлы жүз қазақтарының қырғыздармен татулық сақтау туралы міндеттемесіне қол қойған құжатта оның қолы бірінші, Сөктің қолы төртінші болып қойылған [КРО 1, 343].

Абылай ұрпақтарының арасында билік үшін, жер мен жаңа бағыныштылар үшін күрес ашық та, жасырын да жүріп жатты. Мысалы Әли Тезек төреге ашық дұшпандық танытты. 1850 жылы Тезек Іле бойындағы қазақ билеушілерінен Қытай жерінен ұрланған

малды қайтаруға міндеттенеді. Бұл қадамға оны Алатау уезінің басшысы К.Гутковский итермелеп, Қытай билігіне Жетісу қазақтарын өз бақылауында ұстайтынын, оңтүстік шекарадағы тыныштыққа өзі кепіл болатынын көрсеткісі келген. Барымташылар қатарында Әлиге бағынатын дулат тайпасының азаматтары да болады. Сондықтан олардан 6 түйе, 35 жылқы өндіріп алды. Өз кезегінде Әли Тезекпен ымыраласу үшін бастыққа Құлжа цзянцзюнінен сыйлық алғанын хабарлайды. Алайда мұндай жағдайлар Верный билігі үшін жаңалық емес еді. Сонымен қатар, Тезек олардың нұсқауларын орындады. Өйткені Құлжа келісімін жасамас бұрын Ресей Жетісу қазақтарының әрекеті үшін жауапкершілікті өз мойнына алатынын көрсеткісі келді. Тезекке үнемі жанашырлықпен қарайтын К.Гутковский Әли ауылында жүргенде қазақтардың Шыңжаңнан мал ұрлау ісімен жеке айналысуға, мүмкіндігінше Цин қол астындағылардың келтірген шығынын өтеуге тырысты [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 329-іс, 14-18-п.айн.].

1851 жылы қыстың аяғында Сібір жеке корпусының штабы Іле өзені арқылы өтетін әскери жорықты жоспарлай бастады. Қоқандықтардың қарулы тойтарыс беруі мен қытайлардың наразы болатыны болжамды. Сондықтан Ұлы жүз қазақтарының приставы Перемышльскиймен (сол кездегі құжаттарда қазақтар – қырғыз, ал Ұлы жүз – Үлкен Орда деп аталды – К.Х.) хат алмасу жиілей бастады. Оған Іле өзенінің екі жағасын мекендеген қазақтардан құралған орыс отрядына Әли мен оның балаларын, Сөкті, Тезек төренің балаларын және Ұлы жүздің атақты билері мен старшындарын қосуды қамтамасыз ету керек еді. Жорықты басқаруға 6-казак полкінің командирі подполковник Карбышев тағайындалды [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 2-іс].

Күзде Перемышльский батыс Сібір генерал-губернаторына әскери жорықта белсенділік танытқан сұлтандар мен билер туралы баяндады. Сөк Абылайхановтың ұлы Жаңғазы мен Әли Әділевті, сондай-ақ оларға бағынышты билер келіскен уақытта ат-көлік жеткізіп, Тезек секілді емес, малдың жақсысын таңдап бергенін ерекше атап өтті [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 29-іс, 31-п.айн.].

Осылайша, қазақтар орыс әскері үшін азық-түлік пен қару-жарақ тасымалдауға араласып кетті. Жасырын бұйрықта және Сібір корпусының жеке отрядының командирі мен Батыс Сібір генерал-губернаторының хаттарында «біз өз қолымызда басқалардан артық дулаттар мен жалайырларға ғана толықтай сене аламыз. Бірақ олар

біздің (орыстардың – Қ.Х.) қамқорлығымызсыз жойылуы мүмкін» деген қорытынды жасалған [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 33-іс, 23-п. айн.].

Бұл кезде Әли сұлтан Ресейге бағынышты Жетісу өлкесіне қоныстанып, Қоқанмен соғыста қуатты Ресей мемлекетін қолдағанға ұқсайды.

Қоқанның жаңа бегі Әлиді өз діндестеріне қосылып, кәпірлерден кетуге үгіттеді. Әли бұл туралы Алатау уезінің билігіне хабарлап, бектің хатын Верныйға жібереді (Айтпақшы, сол себепті мұрағатта сақталған – К. Х.). Бірақ сұлтанның Қоқан бегіне жазған жауап хаты іс құжаттарында жоқ. Әли өз хатына жауап күтпеген болуы да мүмкін, себебі бұл Ресей үкіметінің көзқарасы бойынша сатқындық деп бағаланады. Жетісу қазақтары үшін, олардың билеушілері үшін саяси тепе-теңдік заманы қайтпасқа кетті.

Әйтсе де, қызығушылық үшін Қоқан бегінің хатын (өкінішке қарай, сол кездегі аудармамен) толық беріп көрейік:

«Бізге риза жасы үлкен досымыз, кеңесшіміз, жоғары құрметке лайықты, жүрегі мейірімге толы Әли сұлтанға!

Біріншіден, біздің амандығымыз туралы біліңіз! Мейірімді әрі Құдіретті Алла Тағаланың жәрдемімен, еліміздің қасиетті тұлғаларының құқығымен және халықтың қалауымен Рабин-Ссани (қараша) айының 6-күні жұмада Қоқан тағына отырып, хандықісін басқаруды тиісті дәрежеде қолға алындық. Бізді бірінші толғандырған мәселе – әділдіктің қолымен жаңа билеушілерді сайлау еді. Сол арқылы біз халыққа жасалған бұрынғы қиянат пен қорлықты жойдық. Заңдарымызды кедейлердің бәріне қол жетімді еттік. Біз өзіміз халықтың өтінішіне, олардың мұқтаждықтарына үңіліп, ұлтымызды тыныштандырдық.

Ұзақ уақыт бойы сіз исламнан бетіңізді бұрып, орыс бодандығына бардыңыз. Әрине біз ескі үкіметтің реніші мен қысымын түсінеміз. Қазіргі уақытта, бұл келеңсіздіктер жойылып, жаңа дәуір келген кезде, сіздің қалған өміріңізді кәпірлер жерінде емес, біздің жоғары қамқорлығымызбен мұсылман хандығының ортасында болуыңызды қалаймыз. Сіздің бұрынғы өтініштеріңізді, адал қызметші ретінде маған хабарлаңыз және сіз біздің исламдық заңға сәйкес біздің рақымымызды көресіз. Осы заңға қайшы істеріңіз болса, ұмытып, бұрынғыдай абыройлы адам болып, өз жеріңізде тыныш өмір сүріңіз. Ештеңеге қарамастан, біздің сізге деген ықыласымыз осы жердегі кез келгенінен жоғары, біз сізді барлық болыс пен ұлыстардан бізге берілген адам ретінде білеміз. Естелік ретінде біз сізге құрметті каф-

тан, жұп зығыр, арачин және орамал жібереміз. 1275 хижра жылы (артқы жағында Хан Маллабектің мөрі) Аудармашы, тілмәш Торчинов» [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 32-іс, 50-50-п.айн.].

Құпия нұсқаулардан байқайтынымыздай Патша әкімшілігі Әли Әділевтің Қоқанмен байланысын үнемі қадағалап отырды. Бұл Патша жасақтарының Ташкентке жорығын дайындау тұрғысынан да, туыстарының сұлтанға деген ерекше көзқарасы тұрғысынан да өте маңызды болды. 1860 жылы Гасфорт Колпаковскийге хат жазып, Іле өлкесінің қолбасшысы Циммерманға Қазақстандағы Қоқандықтардың тіміскі әрекеттерін бақылауды, сондай-ақ қазақтың албан, суан, жалайыр, шапрашты руларын билеушілерін жасырын қадағалауды жалғастыруды тапсырды. Аталған рулардың Шыңжаң шекарасы мен аумағында өмір сүргенін байқау қиын емес. Сонымен қатар Гасфорт билеушілерден аманат алуды тапсырды [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 33-іс, 33-п.айн.].

«Әли Әділевтің жаумен қарым-қатынасы үшін кінәлі» екенін анықтау қажет болды [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 33-іс, 26-27-п.айн.].

Омбыда Қарғалыда өткен қазақ билеушілерінің кездесуі және онда қазақтардың алдағы уақытта Ресейдің Қоқан хандығына басып кіруін талқылағанын, сол операцияға қатысты ортақ көзқарасқа келгені туралы мәліметтер алынды. Колпаковский қоқандықтарды қолдаған старшындар – прапорщик Диқамбай, Андас, Ачикей билерді тұтқындауға бұйрық беруі керек деді. Алайда Ресей билігі билеушілерге сенеміз деп сөз берді. Бірақ қазақтардың Қоқан және Қытай жағына шығуына жол бермеу үшін олардың арасындағы барлық байланысты үзуге тырысты.

Абылай ұрпақтарының ішінде Қоқан хандығының жақтастары да болды. Бірақ олардың ең жарқын өкілі және орыс офицері Шоқан Уәлиханов әскер қатарына қосылды. Абылай ұрпақтарының басым көпшілігі діндес билеушіге қарағанда Ресейге бағынуды артық көрді. Сол сияқты, кейінірек қоқандықтар да өз хандығы үшін шешуші сәт туғанда Абылай әулеті – Қасым сұлтан ұрпақтарының, мысалы, Сыздықтың қарулы тойтарыс беруіне мүмкіндік бермей, орыс армиясына берілуді жөн санады. Якуб-бек сұлтанмен бірге Қашқарға барып, Жетішар ұйғыр мемлекетін құруға қатысады.

Гасфорт өз сөзінде Ұлы жүз бен Қырғыз өкілдерін марапаттау үшін жеке тізімдер жасауды бұйырып, былай деп қосты: «...бірақ орташа есеппен, әйтпесе олардың көбі марапаттан гөрі жазаға лайық».

Бұл тіркес көбіне қиялдағы ойларын шындыққа балауға мәжбүр болған Сібір билігінің саясатында көп нәрсені аңғартады. Қазақ стар-

шындары Қоқан жорықтарында аса ынталы болған жоқ. Олар көлік беріп, жол көрсетуші қызметі үшін өздері белгілеген бағаны талап етті. 1859 жылы 30 наурызда Верныйдан 25 түйе мен жылқы беру туралы өтініш хатқа Әли Әділев әр түйеге – 25 рубль, жылқыға – 15 рубль, ал малшы қызметі үшін – 5 күміс рубльден алғысы келетінін жазған [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 32-іс].

Орыс-қоқан шайқасына жеке өз жасағымен қатысқандар біренсаран ғана. Олардың қатарында Тезек төре мен 15 жасар баласы бар.

Алайда қазақ сұлтандарының өте қарапайым қызметтері олардың Ресей үкіметіне деген болжамды адалдығын көрсету үшін марапаттарға ұласты. Мұны Ресей циндік Қытаймен және Англиямен бақталастықтан туындаған Ішкі Азиядағы үлкен саясаттың мүддесі үшін жасады.

Әли Әділұлы Аблайхановтың қызметтік тізіміне көз жіберсек. Ресей үкіметі сұлтанды мойынға тағатын, біреуі гауһар тастармен безендірілген, екіншісі 1853-1856 жылдардағы соғыстан естелік ретінде ақшыл көгілдір түсті Анна лентасындағы екі алтын медальмен марапаттады. Бірақ ол Шоқан Уәлиханов сияқты Ресей үкіметінің қызметінде болған жоқ. Ал ол 1847 жылдың 17 сәуірінен бастап аға сұлтан болды. Кенесары қайтыс болардан бір ай бұрын оған 343 күміс рубль жалақы берілді. 1859 жылы 15 желтоқсанда полковник шеніне дейін көтерілді [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 197-іс, 20-п.айн.-21-п.].

1861 жылы Әли ІІ дәрежелі Әулие Станислав орденімен, қылыштармен және куәлікпен марапатталды. Патша үкіметі бұл бұйрықты христиан дінінен басқа дінді ұстанатын жергілікті тұрғындарға арнап шығарған. Ұсыныста дулат-шапрашты болысының аға сұлтаны Әли Әділев-Аблайханов «Ұлы Ордадағы рубасы, үш аға сұлтанның ішінде басшылықтың өкімін орындаушы, 40 жылдан астам Ресей үкіметіне тұрақты берілгендігімен белгілі» делінген. 1867 жылы Әлидің ұлы капитан Әблес Әлиев (Әбілес Аблаев деген атпен белгілі) сұлтан дәл осындай марапатқа ие болды [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 619-іс, 17-п.].

1863-1864 жылдардағы құжатта Ұлы жүз қазақтарының арасындағы айырмашылықтарды сипаттай келе: «Аға сұлтан полковник Әли Әділев-Аблайханов Ордадағы ең қарт және ең құрметті әрі беделді сұлтан. Ол біздің жорықтарға көлік құралдарын, білікті басшылар мен шабармандарды тағайындауда толық көмек көрсетеді» делінген [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 197-іс, 24-п.].

Өмірінің соңына қарай Әли мен албан билеушісі Тезектің арасындағы достық қарым-қатынас сұйылып, ол 1865 жылы Тезектің өзіне бағынышты дулаттар мен шапыраштылардан сарбаз жасақтап жүргеніне шағымданады [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 562-іс, 48-48-п.айн.].

1866 жылы Әли Түргендегі болысына тұрмыстан тепеiш көріп, Ыстықкөлден көшіп келген қалмақтардың 100 отауын (шамамен 500 жанды) қабылдады [ҚР ОММ, 3 қ., 1-тіз., 585-іс, 5-п.].

Қазақтар қалмақтарға шарттық негізде жерді жалға берді. Ресей әкімшілігі Қазақтар арасындағы жер дауын сот арқылы шешкенімен, ешқашан даулы жер қандай да бір тараптың меншігі екенін куәландыратын құжат бермеген. Бұл патшалық Ресейдің Жетісуды отарлаудың ауқымды, ұзақ мерзімді жоспары болғанын білдіреді.

Әлиге қатысты кейінгі құжаттар әлі ашылған жоқ. Кәрілігіне байланысты зейнетке шықты ма, әлде көп ұзамай қайтыс болды ма, белгісіз.

1867 жылдан бастап Ресей үкіметіне бұрынғыдан бетер тәуелді бола түскен Әлидің ұлы – Әблес пен немересі Ералы (Ирәлі) туралы ақпараттар кездеседі. Әблес Әділевтің ресейшіл ұстанымы оның қызметтік мансабына ықпал етіп, 1862 жылы орыс армиясында майор шенін алды.

Қырғыздардың бұл әулетке бұрыннан қыжылы барын – Бұлан-Шолақ манаптың басшылығымен солты руының отряды Әбілес ауылдарын шауып, оларды талқандап, жылқыларын айдап, жермен-жексен етуді көздегенінен көрінді. Алайда, бұл туралы алдын ала мәлімет алған Әблес шабуылға жақсы дайындалып, басқыншының барлығын дерлік көшбасшысымен бірге тұтқынға алды. Осы шайқас үшін Сібір корпусының командирі Әблесті күміс медальмен марапаттауды ұсынды [ҚР ОММ, И-715 қ., 1-тіз., 26-іс, 112-п.].

Жетісу қазақтары мен Қоқан қырғыздары арасындағы әскери қақтығыстар аймақты жаулап алу кезеңінде Ресей үкіметінің мүддесіне сай болды.

Ағылшын саяхатшысы Аткинсон мен орыс суретшісі Кошкаров салған портреттерден Әли сұлтан мен оның ұлы Әблестің бейнесін елестете аламыз [Казахи. Лик народа, портреты №№ 10 и 58].

Маңызды сәйкестік пен сыртқы ұқсастықтан басқа оларда таңқаларлық ештеңе жоқ. Олардың сырт келбетінде елдің бәрі айтып жүрген тектілік бейнесі көрінбейді. Алайда, сыртқы бейне алдамшы болуы мүмкін.

Қытайдың, еуропалық (славян) пен ислам өркениеттерінің құрсауында қалып, сол жағдайда өз жерінің тәуелсіздігін, ата-бабасының әдет-ғұрыпын сақтауға тырысқан Жетісудағы Абылай ұрпақтарының өмірі мен билігі туралы қысқаша мәліметтер осындай.

Ересек ұлдарын Жетісуға қоныстандырған Абылай оларды мұралық үлеспен қамтамасыз етіп, сол арқылы Балқаш көлінің оңтүстігі мен оңтүстік-батысын бақылауды кеңейтуге әрекет жасады. Олар Қазақстанның солтүстігінде орналасқан бас орданың қол астындағы аймақта орнықты. Алғашқы Абылай ұрпақтары Әбілмәмбет хан ұрпақтарын кері ығыстырып, үлкен қала тұрғыза алмағанымен, күрделі геосаяси жағдайда хандық бірлігін қолдарынан келгенше қорғады.

Ресей қазақ хандығын жойған соң, Орта Азия хандықтарын жаулап алған уақытта үлкен әулеттің жеке тармақтарының өкілдері тарыдай шашырап, көрші мемлекеттерге қызмет ете бастады. Сонымен бірге олар өздерінің артықшылықтарын сақтап қалу үшін, Ресейдің, Қытайдың немесе Қоқан хандығының қамқорлық уәдесін алуға тырысты. Сол үшін өздеріне бағынышты көшпелі рулар санын, Ұлы жүз руларын кеңейту күресін тоқтатпады.

Жері мен басқарған рулары Қазақ хандығына қарағанымен, Жетісудағы Абылай ұрпақтары XIX ғасырдың 40-жылдарына дейін ресми түрде Ресейге бағынған жоқ. Билеушілері – әкесі Абылай мен бауыры Уәли Ресейдің протекторатын мойындағанымен, феодалдық Қытайда «вассалдық» санатқа жатқызылып, Цин императорларымен қарым-қатынасын үзген жоқ. Бір кездері Жетісудағы Абылай ұрпақтарының кейбірі Орта Азия хандарының билігін мойындады. Қос немес үштік «вассалитет» түрі халықаралық қатынастарда анахронизм болып саналады. Алайда дәл сол кезде бұл амал – хандық билікті сақтаудың тиімді құралы ғана болатын. Абылай ұрпағының қарамағындағы Жетісу дербес билік орталығы ретінде XIX ғасырдың бірінші ширегінде қалыптасты.

Әділ мен оның балалары алғашында өздеріне жақын көшпелілер қонысының орналасуына қарай Қоқан және Құлжамен тығыз байланыста болса, Ресейдің Жетісуға қарай жылжуы мен орыс әскерінің дендеуіне байланысты Сібір билігімен қарым-қатынас орнатты. Қатынас орнатқанның алғашқысы Сөк сұлтан болды. Әділдің балалары да Сөктен үлгі алып, Ресейдің қамқорлығына өтуді ұйғарып, 1821 жылы Омбыға елші жібереді [КРО 2, 203- 204].

Сұлтан Ералы (Ирәлі) Әділев депутация құрамында болды. Бәлкім, Абылай ұрпақтарының бұл тармағының Ресеймен қарым-қатынасын

осыдан бастау керек сияқты. Келесі жылы Сыртқы істер министрі К.В. Нессельроде Ұлы жүз депутациясының Санкт-Петербургке аттануына дайындық барысы туралы хабардар етті.

Абылай ұрпақтарының көшпелілер арасындағы беделі мен ықпалы әртүрлі болды. Олар бір-бірімен үнемі бәсекелесіп отыратын. Қыстау-жайлауының қай елге іргелес жатқанына байланысты олар сол елмен елшілік, сауда қатынасын орнатуға тырысты. Абылай ұрпақтары шекараның екі жағын мекендеген туысқан рулар мен тайпалардан тұратын шекаралық халықтардың билеушісі ретінде дамып, қалыптасты. Бұл халықтардың көшпелі өмір салты қазіргі қатып қалған шекара ережелеріне сыймады. Сондықтан Абылай ұрпақтарына ықпалды старшындардың басшылығымен көшіп-қону, қол астындағылардың Қытай мен Ресейдегі қоныстарға, бекеттер мен жылқы зауыттарына шабуыл жасауының алдын алу қиын болды.

Хан-сұлтандардың көрші елдерге жолдаған хаттарының көп бөлігі көші-қон, мал ұрлығы, тұтқындарды қайтару мәселелеріне қатысты болды. Ал жаңа ғасырда сұлтандардың халықаралық байланысы алып-сатарлық, сауда саласына көбірек бейімделгенін байқатты. Басқа билеушілер мен үкіметтерден келген елшілер мен шабармандары қайтқанда оларға өз елшілерін ертіп жіберетін. Бұл – бір жағынан келген елшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болса, екінші жағынан халықаралық қақтығыстардың алдын алу әдістерінің бірі болды. XIX ғасырдың ортасынан бастап қарақшылар мен тонаушылардан сескенген Ресей елшілері өздерімен бірге казак жасақтарын алып жүретін болды [Урашев, 2013].

Сонымен бірге, орыс және цин отрядтарының арасындағы бірнеше әскери қақтығыста Сөк, Әли және басқа да беделді адамдар орыстар жағына шықты. Алайда екі жақты қарым-қатынастың бұл эпизодтық құбылысын әсірелеуге болмайды, сұлтандар мен старшындарын іс-әрекеті көбінесе экономикалық пайда мен билік ету артықшылығына негізделді.

### 3.2.5. Хәкімбек сұлтан

Сұлтан Хәкімбек (Хәкім, Әкімбек, Хәкімбек Құлов, Әкімбек Құланов, Хәкімбек Аблайханов, Ғакім, Ацин, Ацинбөке) – жетісулық Абылай ұлдарының үшінші буыны. Ол әкесі Абылай (Құлан) сияқты немесе өзінің мұрагері Тезек төре сияқты ірі тұлғаға айнала алған жоқ. Соған қарамастан, ол қайтыс болғанға дейін Жетісу мен Құлжа

аймағы арасындағы шекараның екі жағындағы өзіне тиесілі жерге билік жүргізді. Хәкімбекке бағынатын албан-суандардың қазіргі Алматы облысы мен Шыңжаң аумағындағы Іле аңғарында уақытша немесе тұрақты жайылымдары болды. Хәкімбек трансшекаралық халықтың билеушісі еді. Бұл оның Іле және Сібір билігімен қарым-қатынасының сипатын анықтады.

Сұлтан Хәкімбек – Абылайдың (Құлан) ұлы, Әділдің немересі. Оның нақты өмір сүрген жылдары белгісіз. Сұлтанның қолы қойылып, мөрі басылған соңғы құжаттың уақыты – 1846 жылғы 23 маусым [КРО 2, 322; НОБ,1996, 446].

1849 жылы ол ұзаққа созылған аурудан қайтыс болып, сол жылы Ресей Тезекті оның орнына аға сұлтан қызметіне бекітеді.

1846 жылы жетісулық беделді Абылай ұлдарының әрқайсысы Ұлы жүз руларының басым көпшілігін басқарды. Оның ішінде ең көп таралғаны дулат руы еді, оны Әділ сұлтанның екінші ұлы – Әли (Ғали), албандарды – Хәкімбек, суандардың көпшілігін – Адамсат, шапыраштыны – Түлек сұлтан, жалайырларды – Сөк Аблайханов басқарды. Ал Жетісудағы Орта жүз руларын басқарғандар келесідей: қызай руының басында – сұлтан Бөтек Әбілфейзов, байжігіт руының басында – Доломбай Сөков тұрды. Рүстем (Әбілфейзов, Асфендиаров, Тентекханов) – Шу өзені аңғарындағы жалайыр тайпасының күшік руын биледі. Бұл билеушілердің бәрі Абылай ханның (1780 ж. қ.б.) ұрпағы, Уәли ханның ең жақын туыстары болатын. Сұлтандардың ішінде Әли «әулетте де, жасы жағынан да үлкені» ретінде қалған төртеуінің «құрметтісі» болған [КРО 2, 325].

Мұндағы «аға» сөзін басқа сұлтандар мен старшындарды шақырып, олардың атынан сөйлеуге құқығы бар «аға билеуші» деп түсіну керек. Ал жасы жағынан ең үлкені – Хәкімбекке немере аға болатын Абылай ханның кенже ұлы Сөк еді. Құжаттарда Абылай ұрпағының қалыптасқан иерархиясы көрсетілген. Хәкімбек ағалары Сөкті айтпағанда Әли Әділевтен кіші, ал Рүстемнен үлкен болса керек.

Жетісулық Абылай ұлдарының үшінші буыны мен Абылай ханның екі ұлы Қасым мен Сөк Уәли хандығының жойылғанын көздерімен көріп, Ғұбайдолланың (Абайділді, Абулада) монархиялық қозғалысына қатысты.

Қазақ хандығын жою шаралары 40 жылға жуық жалғасқан Уәли ханның билігі тұсында жүргізілді. Сібір әкімшілігі Санкт-Петербургтың ұсынысын орындай алмады – сайланған ханға ықпал етумен шектеліп

қалмай, өз мүмкіндігінше хан сайлау процесіне, Хан кеңесінің өзіне ықпал етуге ұмтылды. Ал Хан кеңесі Ресейге ұнамды әрекет ету үшін Орынбор мен Омбы ұсынған кандидатты сайлады.

Әбілмәмбет өлгеннен кейін Абылай да, ұлы Уәли және олардың жақтастары да көрші державалар мен ішкі бәсекелестерден қолбасшының қазасын жасырып, тақ мұрагерлігіне қатысты жасырын жоспар құрды. Олар қол астындағы рулар ішінен жақын серіктері мен өздеріне жанашырларды ғана қатыстырып, шағын топпен сайлау рәсімін өткізді. Абылай мен ұлы Уәли сұлтанды ақ киізге отырғызу рәсіміне Уәли ханның інілерінен басқа, өзге жүздің беделді рубасылары мен сұлтандарынан кімдер қатысқанын ешкім нақты атай алмайды. Сонымен қатар, әке мен бала өз мәртебесін басқа елдердің, негізінен Цин династиясының, содан кейін Романовтар әулетінің мойындауына қол жеткізді.

Қазақ ханын сайлау төңірегіндегі барлық шиеленістің басқа мемлекеттердегі, соның ішінде көрші ірі державалардағы осындай жағдайлардан айырмашылығы шамалы болды.

Феодалдық еншіліктерге бөлінген көшпелілердің қоғамдық-саяси құрылымында оларды біріктіре алатын институттар бар еді. Қазақ билеушілері де өздері ұстануға тырысқан ережелерді ұстанды. Мысалы өз руынан жасы үлкен бірінші хан атағын алған адамға бағынды. Алайда, аға хан оларды шенеунік ретінде билей алмады, сонымен қатар оларға бағынатын рулар мен тайпаларды да басқара алмады. Бірақ барлық үлкенді-кішілі хандар мен сұлтандар аға ханмен тұрақты байланыста болып, онымен халықаралық істерді, ішкі қайшылықтарды талқылады. Олар үшін аға ханның моральдық қолдауының, одан да маңыздысы – оның бірлескен отырыстарға қатысуы немесе оларды жүзеге асыруға келісім беруінің өзі көп нәрсені аңғартты. Қазақтар өздерінің этникалық қауымдастығын ұстанды, яғни үш жүз билеушілері жақын туыстық байланыста болды.

Уәли хан тұсында Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанның ұрпақтары мүмкіндік туа қалса таққа таласатын. Бұл жағдай Ресейге олардың арасындағы алауыздықты өршіте түсу саясатын жүргізуді жеңілдетті. Алайда, Уәли хан, жетісулық туыстары – Ғұбайдолла (Абайділда), Қасымұлы, олардың ішіндегі қайсары – Кенесарының көмегіне сенді. Жетісу – олардың өзге шығыс елдеріне жол ашатын тылы, панасы болып қала берді.

Уәли ханның 40 жылға жалғасқан билігі тұсында Абылай әулетінің саны артып, Жетісу жеріне бекіп, Қоқан, Бұхара, Қытаймен елшілік,

сауда-саттық қатынасын орнатты. Әділ, Әли, Рүстем сұлтандар Ташкент уәлаятында Қоқан, Бұхара хандықтарында және Сырдария, Шу, Талас өзендерінің аңғарларында тұратын қазақ руларын басқарды. Олар дулат, шанышқылы, қыпшақ және т.б. рулардан құралған атты әскерімен Ташкенттің Қоқанмен соғысына белсене қатысты. Абылай ұрпақтары мен қырғыз манаптары Орта Азия көпестері мен елшілерінің Шыңжаңның Цин үкіметі рұқсат еткен қалаларына баруына көмектесіп, орыс көпестеріне жолсерік болды.

Хандық жойылған жылы Уәли ханның ең беделді інісі Әділ дүниеден өтті (ол 1815 жылы қ.б.), бірақ туған інілері Қасым (1840 жылы қ.б.) мен Сөк (40 жастан асқан) тірі, немере інісі Абылай (Құлан) Әділевтің билігі күшейіп келе жатты, ал ең кіші інісі Әли 35 жаста еді. Олар хандықтың жойылуына көңгісі келмей, келіспейтіндерін айтып, наразылықтарын білдірді. Абылай ұрпақтары билеуші ретінде өз бауырларынан саяси жағынан да, экономикалық жағынан да толық тәуелсіз болды. Бірақ хан әулетіне қатысы, отбасылық әрі рулық қауымдағы татулықты сақтау түсінігі күшті болатын.

Сөк сұлтан Абылай ханның тікелей ұрпағы ретінде өзінің заңды құқықтарын ескертіп, алғаш рет Жетісудан Ресей империясының қамқорлығына өтуге өтініш білдірді. 1818 жылы Омбы билігі одан бодандық туралы өтініш алды. Бірақ Барақ сұлтанның ұрпағы Бөкейді Уәлиге қарсы бәсекелес хан деп тануға байланысты үкімет оның өтінішін мерзімінен бұрын іске асырмады. Оның үстіне, Сібір билігінің қолында Жетісу билеушілерін бақылаудың сенімді тетігі болмады. Олар құқықтық тұрғыдан қиын жағдайда еді. Уәли ханның үстемдігін мойындады, ал ол өз кезегінде бір уақытты Ресей бодандығын қабылдап тұрып, екінші жағынан Цин әулетінің вассалдығынан да бас тартпады.

Жоғарыда Абылайдың (Құланның) Цин империясымен қарым-қатынасы туралы айтылды. Хәкімбек Абылай ұрпағының даңғыл жолымен жүріп, әкесі қайтыс болғаннан кейін 1829-1830 жылдары Қытайға дербес елшілік жібереді. Бұл кезде Шыңжаңда Жаһангер қожа көтерілісі басылып, Цин үкіметі Құлжада елші қабылдау мүмкіндігін жалғастырды. Құжатқа сәйкес елшілік құрамында гүң Ациньбек – Хәкімбектің інісі деп көрсетілген жас Тезек сұлтан болды [Чжун Э гуаньси данъань, т.3, 8-11].

1832 жылы Цин императоры албан билеушісіне әкесінің қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, құрбандық шалу мен еске алу үшін шай мен шарап жіберуді, сондай-ақ гүң Хәкімбектің отбасына көңіл

айту белгісі ретінде 300 лян күміс беруді тапсырғанын хабарлайды. Цин сарайы шежіресінде Хәкімбек (Ацин) Әбіл (Абылай, Құлан) ұлы деп аталып, оған қытайдың мұрагерлік гүң атағы берілді. Ал Хәкімбектің ағасы Тынәлі тәйжіге гүңге ел басқаруда көмектессін деп ІІ дәрежелі тауыс қауырсыны берілді [Цин Сюаньцзун шилу, 228,17].

Хәкімбектің ұлы Дүрәлі император Даогуан осы жарлықты шығарғаннан кейін туған болса керек. Бұл құжатта Тезектің марапаттары туралы ештеңе айтылмаған. Ш.Уәлихановтың айтуынша, Хәкімбектің қалпағында қара шары бар Қытайдың гүң титулы болған [Уәлиханов, т.1, 352].

Осыдан кейін Хәкімбек сұлтан Іле өңірімен сауда-саттық байланысын жалғастырып қана қоймай, өзге де қазақ және Орта Азия билеушілеріне Іле генерал-губернаторымен байланыс орнатуға көмектесуді жалғастырды.

Хәкімбек Ресей билігімен де байланыс орнатқан. Император І Александр 1824 жылы «Албандық болыстарды басқару бойынша билеуші өкіл» ретінде Хәкімбекке грамота берді. Ол «галондармен қапталған барқыт папкаға салынып, үлкен күміс медаль» ілінді. Грамотада «Ұлы Орданы әскер жинаудан мәңгілікке босату» хабарламасы жазылған. Құжатты 1865 жылы, яғни шығарылған соң 40 жылдан кейін көрген А.Гейнс осылай деп жазады [Уәлиханов, т.5, 273].

Грамота туралы белгілі нәрсе осы ғана. Құланның көзі тірісінде грамотаны құрастырып, Хәкімбекке беру себептерін қазақ тарихшылары зерттеген жоқ. Хаттың күні күмән тудырады. Ұлы жүздің (Үлкен Орданың) негізгі билеушілерінің Ресей бодандығын қабылдап, осы бодандықтың шарттары нақтыланған уақыт 40-жылдар десек дұрыс болар еді. Сонымен қатар, 20-жылдары барлық сыртқы байланыс Хәкімбектің әкесі Абылайдың (Құлан) қолында болды. Егер құжаттың күні дұрыс болса, онда Хәкімбек әкесінің тапсырмасымен Сібір билігіне қандай да бір қызмет көрсетіп, олардың елшілерінің Шыңжаңға өтуіне көмектесті деп болжауға болады. Сол жылдары Ресей жетісулық Абылай ұрпақтарын Ғұбайдолланың (Абайділдә, Абалад) монархиялық жоспарын қолдаудан тайдыруға, туыстарының Бейжіңмен байланысын үзуге тырысты. Бірақ Ғұбайдолла сұлтан Қытайға елші жіберіп, оны хан деп тану туралы грамота әкелген император Даогуанның елшілерін Қазақстанда қарсы алады.

Мұндай елші алмасу шекарадағы қазақ билеушілерінің көмегінсіз мүмкін болмас еді. Демек, олар да, Хәкімбек те хандық билікті сақтауды және өз әулетінің тақ мұрагерлігін жақтады. Абылай

ұрпақтары қарулы қарсылықпен және дипломатиялық күш-жігермен Ғұбайдолланы да, одан кейінгі өзге үміткерлерді де қолдау мақсатында шекаралық өкіметтер мен державалардың астаналарына елшілер мен өкілдер жіберуді тоқтатқан жоқ. Сонымен бірге хандық билікті сақтау мәселесінде Жетісудың саяси және экономикалық маңызы арта түсті.

Қалай болғанда да, I Александрдың сарбазға алудан босату туралы сұлтан Хәкімбекке жазған грамотасы Ресей жоспарларының көрегендігін, сондай-ақ Жетісу сұлтандары мен Хәкімбектің жеке басының осы жоспарды алу үшін қандай рөл атқарғанын көрсетеді. Хәкімбек өзіне берілген артықшылық негізінде Ресей мемлекетіне сарбаз дайындап, олардың жазалау жорықтарына қатысудан бас тарта алды. Мысал 1846-1847 жылдары өз туысы Кенесарыны қарулы қуғынға алуға қатысқан жоқ.

Поляк текті орыс офицері Адольф Янушкевич 1846 жылы Сібір қазақтарын басқару жөніндегі Шекара бастығы генерал-майор Н.Вишневскийдің басқаруымен өткен Ұлы жүз бен Орта жүздің құрметті адамдары шақырылған отырысқа қатысты. Генерал-майор Ұлы жүз сұлтандарын Ресей бодандығына тарту үшін үлкен дайындық жасады. Ол Ұлы жүз бен Орта жүз билерін (үш сыртқы уез – Қарқаралы, Аягөз және Көкпекті приказдары) біріктіріп, талап-арыздарды сараптады.

Омбыдағы жиында Әли Әділевтің хабарлауынша, Аягөз уезінің қазақтары Ресей бодандығына өтуге ниет білдірген үйсіндерге қарақшылық шабуыл жасап, олардың ізіне түскен Сейілхан сұлтанды өлтірген. Әли сұлтан осы шабуылда ұрланған және тоналғандарды қайтаруды, келтірілген шығынды өтеуді және өлген сұлтанның құнын төлеуді талап еткен [КРО 2,314].

Барлық түсініспеушіліктерді шешіп, шығынды өтегеннен кейін Вишневский Орта жүз бен Ұлы жүзің би-төрелері мен аға сұлтандарынан бір-біріне арыз-шағымы жоқ екені туралы келісімдерін алды. Аягөз уезі мен Қарқаралы уезінің аға сұлтандары Бөлен Шанхаев пен Күшпек Тәукин өз бөлімшелерінің рулары арасындағы Ұлы жүзбен араздықтың тоқтатылғаны туралы баяндады. Алайда Күшпек Тәукин баяндамасында сот тергеуіне қатысып, Кенесарының Көксу мен Қаратал өзендерінің бойында орналасқанын, оның бұйрығымен көтерілісшілер шабуылға дайындалып жатқанын жасырып қалды [КРО 2, 317].

Бітімгершілік қызметін жалғастыра отырып, генерал-майор Ұлы жүз бен Орта жүз билеушілеріне және тек Ұлы жүз басшыларына ғана қырғыз манаптарымен тату болу туралы міндеттеді.

Мұнан соң Вишневский қасына арнайы өкілдерді серік етіп, Жетісу қазақтарын Кенесарыға қарсы күреске тарту үшін арнайы қарулы жасақпен Лепсі өзенінің жағасындағы Ойжайлау шатқалына аттанды. Оған Орта жүздегі үш рудың аға сұлтандары қосылды (айтпақшы, олардың әрқайсысы өзіне хан атағын алумен айналысты). Сол кезде Н.Вишневский оларға І Николайдың Ұлы жүзді Ресей бодандығына қабылдау туралы грамоталарын берді. Бұл ретте қазақ руларының иерархиясында бірінші орында тұрған жалайыр руының сұлтаны болған Сөк 1818 жылдан кейін екінші рет Ресей бодандығын қабылдау туралы өтініш береді.

Орыс қызметінде жүрген поляк А.Янушкевич Хәкімбектің Кирланның (бұрмаланған Құлан? – К.Х.) ұлы екенін, албандарды басқаратынын, оның ұлы суанның 2000 түтінін басқаратынын және ресейліктер оны қарапайым адам ретінде медальға ғана ұсынды деп атап өтті [Янушкевич, 1966,102-110].

Тағы бір жерде офицер Хәкімбектің Абылайдың өзге ұрпағына ұқсамайтын, аса үнсіздігімен ерекшеленетінін айтады [Янушкевич, 1966, 113].

Ол Хәкімбектің әкесі – Құланның немесе ағасы Нұралы сұлтанның лақап атын бұрмалаған. Өкінішке қарай, бұл жерде Хәкімбектің ұлының есімі неге аталмағаны, сонымен қатар суандардың билеушісі немесе старшыны деп көрсетіле тұра, оны неге «қарапайым» деп атағаны да түсініксіз.

Басқа Абылай ұрпақтарына «қарапайым», «кішіпейіл» деген сөзді қолдану орынды ма? Әлде, оның ақсүйекке жататынына күмәнданды ма? Осындай маңызды жиында Хәкімбек неге үнсіз қалды? Аға сұлтан Абылай ұрпақтары арасындағы өзінің орнын білді ме, әлде Кенесары елшілігіне Іле генерал-губернаторымен байланысуына көмектесіп, қол ұшын беріп үлгергендіктен бе? Әлде қолындағы әскерге алудан босату туралы жарлыққа байланысты үнсіз қалды ма?

Әрине Хәкімбек те Жетісу руларының өзге билеушілерінің растауымен Кенесарыға көмек бермеу туралы қол қойып, мөрін басты. Абылай ұрпақтары да өзара кездесулер мен келісімдерден кейін қағазға қол қойды. Олар хан тағына үміткер туралы әртүрлі көзқараста болса да, хандықтың жойылуымен келіспейтіндіктерін білдірді. Сонымен қатар, Кенесарыға көмек бермейтіндері туралы ресми келіскенімен, оған қарсылық көрсетуді де ойламады. Сондай-ақ, көтерілісші мен оның сарбаздарына баспана берді. Оның үстіне Абылай ұрпақтарының көпшілігі Құлжамен қалыптасқан қарым-

қатынастан бас тартпақ емес еді. Дейтұрғанмен сұлтандардың бәрі шығыспен сауда-саттықта орыстарға көмек көрсетудің пайдасын түсінді.

СІМ басқарушысы К.Нессельроденің ең жоғары мәртебелінің қарауына ұсынып, оған император І Николай: «Орындалсын. Санкт-Петербург, 1847 жылы 17 сәуір», – деп қаулы шығарған ұсынысына көз жіберсек [КРО 2, 334-335].

Ең әуелі, граф 1846 жылғы қаулыларға сәйкес генерал-губернатор П.Д.Горчаковқа Батыс Қытайға, Қашқарияға және Қоқанға апаратын жолдар өтетін «Біздің Үлкен Ордаға қатысты барлық тапсырмамызды орындау туралы» хабарламасын жеткізеді. Сауда мүддесін жүзеге асыру үшін Ұлы жүз «Ресейге толық тәуелді болады». Бірақ СІМ Ұлы жүзде округтер жүйесін енгізуден пайда жоқ деді.

Таңдалған төрт сұлтанға Орта жүздің аға сұлтандарымен тең дәрежеде марапат тағайындай отырып, «оларды өз руларының басшысы» етіп бекіту ұсынылды. Омбы әкімшілігіне «жетекші қырғыздарды (қазақтарды – К.Х.) жеке пайдалары үшін Ресейге тәуелді етуі керек еді». Сібірдің басқа сұлтандарына көпестермен тату-тәтті қарым-қатынаста болып, Қытайды Ресейге дос держава ретінде қарастырып, Қытай үкіметінің наразылығын тудырмау үш жақсы байланыс орнату ұсынылды.

Казактарды Кузнецк өңірінен Жетісудағы болашақ орыс бекінісі салынады деп болжаған жерге көшіріп, оларға «саяси бақылауды» жүзеге асыру үшін штаб офицерлерінен пристав тағайындау қажет болды. Айта кететін жағдай, бір жылдан соң арнайы пристав тағайындалып, ол қазақтардың ішкі тіршілігіне араласпауы керек еді. Әскери дәрежесі бойынша жалақы және қосымша жылына 1500 күміс рубль алды. Оның бір ғана «қосымша жалақысы» Ұлы жүздің төрт аға сұлтанына берілетін бір жылдық жалақыдан асып түсетін еді.

Штаб офицерінің жалақысына қосымша мен сұлтандардың жалақысы Сыртқы істер министрлігінің сметалық рублінен төленуі тиіс еді. Бұл дерек Ұлы жүз сұлтандары мәртебесінің екі жақтылығын, олардың Ресей мен Цин империясының батыс шекарадағы қарым-қатынасында делдалдық рөлінің қажеттігін көрсетеді. Жарлықта «аға сұлтандардың» мұрагерлік құқықтары туралы айтылмады. Оның себебі – олардың лауазымы болашақта орыс шенеуніктері санатына көшетіндіктен, қазіргі жағдайы уақытша сипатта болғаны анық.

Алайда, жалақы төлеуді анықтаудың негіздемесі «бірнеше артық субъектілерді иемдену немесе одан қандай да бір ақшалай пайда

табу (бірақ бұл айтарлықтай мол болуы мүмкін емес) емес, керсінше, бүкіл Ұлы Ордада сауда түрлері мен өздері қалаған тыныштықты орнату үшін, Батыс Қытайға, әсіресе Қашқария мен Орталық Азияға біздің (орыстардың - К. Х.) сауда-саттықты кеңейтіп, қауіпсіз сауда жолдарын құру арқылы Ресей ықпалына бағындыру», – делінген Жарлықта [КРО 2, 335].

Марапатталғандар тізімінде суан, шапырашты, байжігіт, қызай руларының сұлтандарының аты-жөні жоқ, бірақ Рүстем сұлтанның есімі бар. Рүстемнің «адалдығы» күмән тудырады. Өйткені оның жасағы Кенесарының қырғыздармен болған шайқасына қосылғаны анықталды. Тарихтан белгі болғандай, Рүстем шешуші сәтте хан қосынын тастап кеткен. Кейбір деректерге қарағанда, қырғыздар Кенесарының басын Ресей билігіне тапсыруды оған жүктеген көрінеді. Ресей империясы үшін Рүстемнің Шу шатқалын мекендеуі қолайлы болды. Себебі Ресей Ұлы жүзге өз билігін мойындата отырып, оның жерінде бекініс салуды көздеді. Бастапқыда бұл бекініс Қаратау маңында салынуы керек болған. Оған қоса, Қыпшақтар Рүстем сұлтанды «хандыққа» шақырмақшы деген қауесет тарады. Олардың Орта Азиядағы туыстары бір уақытта Ресеймен сауда жолын орнатуды көздеген Ташкент пен Қоқанды, Іле мен Қашқарияны жаулап алды. Бірақ ақырында ол бекініс шығысқа қарай Сөк Аблайханұлына бағынатын Қопал шатқалына салынды.

1846 жылы жазда Кенесары туралы келіссөздерде Сібір қырғыздарының (қазақтарының) шекара бастығы генерал-майор Н.Вишневскийдің қолынан награда алған Ұлы жүздің төрт сұлтанның қатарында Хәкімбек те болды. Олар: Ғали (Әли) – Андреев лентасына тағылған алтын медалі бар полковник шенін алса, оның жиені Хаким – Андреев лентасына тағылған алтын медальмен, басқалары – Анна лентасымен марапатталды [КРО 2, 327].

Патша үкіметі де, қазақ сұлтандары да өз әрекеттері кейбір сұлтандардың Қытайдан бірнеше рет марапат алуына қайшы келеді деп ойлаған жоқ.

Хәкімбектің бірнеше ұлы болған. Үлкені – Дүрәлі. Уақ (Увак) Хәкімбеков деген тағы бір ұлы айтылады. Ол 1863 жылы шекарада болған Ресей-Қытай қақтығысында Ресей жағында болған [ОММ, 64 қ., 1-тіз., 196-іс].

Бірақ Дүрәлі мен Уақ аға сұлтандыққа сайланбаған.

Орыс деректері бойынша Хәкімбектің туысы Тезекті албандардың аға сұлтаны ретінде бекітудің бірнеше себебі болды. Хәкімбек

дүниеден өткен жылы оның тұңғышы Дүрәлі небәрі 16 жаста болғандықтан, албан руының старшындары Тезекті аға сұлтан ретінде көргісі келетінін айтып, бұл жөнінде Ұлы жүзде пристав лауазымын атқарып жүрген капитан К.Гутковскийге өтініш жазған. Шенеунік Хәкімбектің ұлдары мен туыстарының «жасы немесе ақыл-ойы жағынан ел басқаруға қабілетсіз» болғандықтан, «ақыл-ойы мен қызметі айтарлықтай» Тезекке бағынады деп есептеді. Бұл туралы Гутковскийдің 1850 жылы 11 мамырда «құпия» белгісі бар рапортында жазылған [Махаева, 2006, 167- 184].

Сібір билігі қоқандықтармен болған шайқаста көрсеткен көмегіне риза болғандықтан Тезекке қолдау білдірді.

Сонымен, XIX ғасырда Ресейдің Орта Азиядағы жаһандық-стратегиялық жоспарында Қазақстан бұрынғысынша Қытай мен Үндістанға апаратын «қақпа мен кілт» рөлінде болды. Ресей бір жарым ғасыр бойы осы «кіл пен қақпаны» өз қолына ұстауға тырысты. Әлемдік қауымдастық алдында Ресейдің осы аймақтағы сауда-саттыққа мүдделі екендігі туралы пікір қалыптасты. Бұл арада Ресейдің бірте-бірте Үш жүзге үстемдік ететінін және XIX ғасырдың ортасындағы Кіші жүзге қарсы қолданылған шараның бәрі әрі уақытша әрі өтпелі сипатта екеніне не сібірлік, не астаналық шенеуніктердің еш күмәні болмады.

Хәкімбек – Жетісудың Ресейге қосылуының алғашқы кезеңінің билеушісі болды. Бұл кезең саясатта дипломатия мен келіссөздер басым еді. Сұлтанның халықаралық мүддесі – отбасылық мүдделен аспады. Ол орыстар мен цин билігінен алған шен-шекпен мен атақ-дәрежеге ешқандай міндет жүктемейтін, тек өз мәртебесінің көрінісі деп қарады.

## 3.3. Ресей және Цин империяларының дипломатиялық хат-хабарларындағы Алтынсары хан (1809-1874 жж.) туралы мәліметтер

Қазақ билеушілеріне атақ беру мен олардың дәрежесін мойындауға қаншалықты мән берілгенін, сонымен қатар Цин үкіметінің қазақ атақты тұлғаларына берген рөлін, Қазақстан тарихында белгілі Әбілмәмбет ханның шөбересі Алтынсары сұлтанның өмірбаянынан анық көруге болады.

Алтынсары есімі оның мәртебесіне қатысты дипломатиялық оқиғаға байланысты 4 цин, 4 орыс императорының билік еткен кезеңін қамтитын 60 жылда қытай және орыс құжаттарында кездеседі. Оқиғалар қазақтың билеуші әулеттері өздерінің саяси құқықтарын және ең болмағанда декоративтік мемлекеттілігін сақтап қалуға бағытталған әрекеттерін айғақтайды.

Цин әулетінің бесінші императорының мерейтойына арналған салтанатқа қатысу үшін келген қазақ делегациясының құрамында алғаш рет Қытайға табаны тиген Алтынсары сұлтан шамамен 16 жастағы жеткіншек болатын. Императордың есімі – Юнянь, ғибадатханалық есімі – Жэньцзун еді. Оның билік құрған кезеңі – 1796-1820 жылдарды қамтып, Цзяцин дәуірі деп аталды. Қытайда қалыптасқан тарихи дәстүрге сәйкес және шатаспау үшін цин императорлары өз билігінің атымен аталады. Өйткені өз есімін атауға тыйым салынғандықтан ғибадатханалық есімімен атайды.

Цзяцин кезеңі деп Цин империясы билігінің III және соңғы кезеңін айтады. Бұл кезде елдің батысы мен солтүстігіндегі басып алған жерлер толығымен Цин ықпалында болды, ал батыс елдерінің отаршылдық басқыншылығы әлі басыла қоймаған. Шығыс Түркістандағы ұйғырлар мен өзге халықтардың бірінен соң бірі өршіген көтерілістері, ағылшындардың Цин империясын шарпыған апиын соғысы да кейінгі билеушілер билік құрған кезеңдерге жалғасты. Басқа да ірі көрші мемлекеттер – Патшалық Ресей XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың бірінші ширегінде Сыртқы істер алқасы арқылы қазақ билеушілерімен қарым-қатынасын жалғастыра, Қоқан хандығы құрылып жатқан еді.

Цзяцин өз ата-бабалары – Канси мен Цяньлун императорлар басып алған жерді сақтап, ұлттық аймақтағы мәнжу билігін нығайту міндетін атқаруға тырысты. Жібек жолының қайта жаңғырған Солтүстік бөлігінің қос тармағы, біріншісі – Ланьчжоудан бастап

Хуанхэ өзенінде және одан әрі Қазақстан арқылы Шу мен Талас өзендерінің аңғарларымен Ферғана алқабына дейін, екіншісі – Ертістің сол жағалауы мен Жетісу арқылы Орталық Қазақстанға дейін созылып жатқан сауда жолы феодалдық қазақ ақсүйектерінің экономикалық мүдделеріне сай келді. Сонымен бір уақытта, әсіресе осы екі бағыт бойынша қазақтың циндік Қытаймен дипломатиялық байланысы жүзеге асыртты. Ай күнтізбесі бойынша жаңа жылдық мерекелер, император мерейтойларының атаулы даталары хан-сұлтандардың көңіл-күйін анықтап, олардың саяси-экономикалық мүдделерін нақтылауға, сондай-ақ өзара тарту-таралғы жасауға тамаша себеп болды. Мерекелер өткізу кезінде цин императорлары ақсүйек қонақтармен жеке сөйлесіп, олармен қарым-қатынасты нығайту үшін көңіл бөлудің басқа да белгілерін көрсетті, бұл сарай шежіресінің жазбаларында тіркелді [1].

1809 жылдың күзінде Жэхэдегі Бишу шаньчжуан жазғы резиденциясына Шығыс және Орталық Азия халықтарының көптеген елшілері келді. Олардың арасында қазақтың беделді билеушілерінің өкілдері – Болат ханның ұлы Тоғым сұлтан, Уәли ханның жақын туысы Әбілфайыз сұлтан болды. Император Цзяцин 1809 жылы 4 қазанда Қазақстанға қатысты бірнеше жарлық шығарды.

Жарлықтардың бірі – Цин әулеті марқұм Болат ханның ұлы Тоғымды ресми түрде қазақтың жаңа ханы деп тануына арналды.

Екінші Жарлықта – Тоғым ханның ресми мұрагері, өзі қайтыс болғаннан кейін тақ мұрагері бола алатын ұлы Алтынсары сұлтан деп жазылды [1, 267- 268; 2, 217 ор., 1-1-п.айн.].

Үшінші Жарлық – өзін Ғаббас сұлтанның мұрагері деп тануды сұраған Уәли ханның елшілеріне қатысты болды.

Бұл – цин сарайында Әбілмәмбеттің ұрпағы Тоғым ханның елшілері мен Абылайдың ұлы Уәли ханның елшілері бірге қабылданды деген болжамға жетелейді. Демек, мұрагерлік істер қазақтың осы ханымен келісілген. Бұл орыс императоры хандықты жоюға дайындалып жатқан тұста, цин үкіметі тарапынан Уәли ханға көрсетілген үлкен қолдау еді. Бәлкім, сол кезде Ресей тарапымен тығыз қарым-қатынаста болған Абылай ұлына қандай да бір қоқаң-лоққылар жасалған болуы да мүмкін.

Мерейтойдан кейін үйіне оралған Алтынсары ешкімнен ерекшеленбей, қытайдың да, орыстың да үкіметінің назарын өзіне аудармай, өмірінің көп бөлігін елеусіз өткізді. Кейінгі оқиғаларға қарағанда, Тоғым ханның ұрпақтары мен мұрагері Алтынсарының Қытаймен

қарым-қатынасының бекемдігі ұзақ уақытқа бармаған. Егер оның саудагерлері Шыңжаңға барғысы келсе, өз беттерінше емес, Уәли ханның немес шығыс қазақтарының өзге феодалдарына, мүмкін, тіпті Қоқан хандығының керуендеріне ілесіп қана жасай алатын.

Цин үкіметі Алтынсары туралы бірнеше жылдан кейін еске алды. 1822 жылы Ғұбайдолла Уәлихановқа хан белгісін табыс етудегі сәтсіздіктен кейін, цин үкіметі қазақ хандарына құрметті лауазым беру тәжірибесінен бас тартпауға шешім қабылдады. Сол үшін басқа лайықты кандидат іздеп, мұрағаттан Тоғым ханның ісін алып шықты. Бұл кезде таққа жаңа император Даогуан отырды. Жаһангер қожа әскерлерінің Қашғарияға басып кіруіне байланысты шекара шетіндегі жағдай көп ұзамай тұрақсызданды.

Тоғым ханның қайтыс болғаны туралы ресми хабарды оның ең жақын туыстарының бірі – Алтынсарының бауыры деп аталған Жәңгірден алған соң, Іле генерал-губернаторы бұл туралы Әскери кеңеске хабарлайды. Көп ұзамай Жәңгірдің үлкен ағасы Алтынсарыға хан атағын беру туралы император Даогуанның 1826 жылы 9-айдағы Жарлығы шықты [3, 105 ор., 42- 43-п.; 106 ор., 15-16-п.].

Хан атағын 20 жыл бұрын ресми бекітілген мұрагерге беріп, Алтынсарының адал болуға берген антын алу үшін Іле генерал-губернаторы қалыптасқан дәстүр бойынша оның ұлдарының бірін Бейжіңге алдыруы керек еді. Әскери кеңес сапарды жаңа жылдық мерекеге орайластырып, 1830 жылы көктемнің басына белгілеуді ұсынды. Алайда, жоғарыда айтылғандай, Алтынсары 17 [4] жыл бойы цин үкіметімен ешқандай байланыс орнатқан жоқ. Сондықтан әуелі Алтынсарының өзін және оның тұңғышын не туған балаларының кез келген біреуін табу керек болды. Бұл жоспарлар туралы, Батыс Сібір әкімшілігінің сөзімен айтқанда, қытай билігінің «тімískі әрекеттері» туралы мәліметтер орыс мұрағаттарында да сақталған [7, 338 қ., 1-тіз, 659].

1827 жылы желтоқсанның басында Омбыға «Қытай богдыханының бұйрығымен қырғыз (Қазақ) даласында Алтынсары сұлтанды хан тағына отырғызатыны туралы» жеке тұлғалардан хабар келді. Алтынсарыға цин сарайы хан дәрежесін беру ниеті туралы хабар жеткізілген кезде (ол кезде бұл өте қиын іс болған), сұлтан аздаған нөкерлерімен бірге Аягөз өзенінің бойындағы қонысында отырған туысы Сарт Ючин сұлтанға (ол туралы әңгіме бөлек – К.Х.) келді.

Осы жерден ол семейлік көпестер жиі баратын Шәуешек (Тарбағатай) қаласының билігімен оңай байланыса алатын. Бұл жаңалыққа

мазасызданған Омбы облыстық бастығы Семей аймақтық бастығына былай деп жазды: «Бұл жаңалықтың маңыздылығы нақты растауды қажет етеді. Оны мен Сізге тапсырамын. Менің мәртебелім, осы жағдай бойынша уақыт өткізбей құпия барлауды және қысқа мерзімде маған барлығын мұқият, егжей-тегжейлі жеткізуді тапсырамын».

Сенімді материалдарды жинау үшін конфедерант – татар саудагерін Сарт Ючиннің ордасына жіберу туралы шешім қабылданды. Көп ұзамай Омбыға әр түрлі ақпарат көздерінен Алтынсары сұлтанның Шәуешек әкімшілігімен байланысының мән-жайы туралы мәліметтер түсе бастады. Ресейлік шенеунік ретінде, әрі қытайдың княздік атағына ие Аягөз округінің аға сұлтаны Сарт Ючин, өз тарапынан Ресей билігіне өз туысының жүрген-тұрғаны туралы хабарлауға мәжбүр болды.

Қолға түскен деректер 3 жыл бұрын Алтынсарының әкесі Тоғым қайтыс болғанда, әкесі Болат ханнан қалған хан атағын ұлы Алтынсарыға мұра еткені туралы цин императорының грамотасы берілгенін айғақтайды. Цин үкіметі қабылданған ережелер бойынша Алтынсары Тоғымовты хандыққа тағайындау үшін толық рәсімді орындауға ниеттенді. Әуелі әкесіне арнап еске алу рәсімін («лайықты аза»), содан кейін жаңа ханның конфирмациясын өткізу Шәуешек хэбэй-амбан (Шыңжаң Тарбағатай ауданының бас басқарушысы) Алтынсарыны 1827 жылғы 19 желтоқсанда Шәуешек қаласына жақын Тарбағатай тауларына келуге шақырады. Ол жерге Қытай елшілігі күміс, жібек және басқа да заттарды, сондай-ақ өзге де өнімдерді жеткізетінін, оның ішінде күріш (Сорочинский тары) ерекше атады.

Көпес-хабаршы 1827 жылдың қысында Омбы билігінің Алтынсарының ниеті мен іс-әрекеті туралы жасырын тапсырмасын орындау үшін Сарт Ючин сұлтанға келгенде, ол кешігіп қалғанын білді. Алтынсары Сарт Ючиннің ордасынан кетіп, Қытай шекарасына жақын жердегі Әбілфайыздың ұлы Бопы сұлтанның қыстауына орналасқан болатын. Оның қыстауы Тарбағатай тауларының осы жағындағы Мамырсу шатқалында еді. Алтынсары сұлтанның жанында ең жақын 12 төлеңгіті, құрметті үш биі – Төрехан Исенбаев, Жамғұршы Гангельдин, Баянбай Буранбаев және Мұрат сұлтанның ұлы жас сұлтан Убий болды. Сол кездегі орыс тілмаштары Алтынсарыға жақын адамдардың есімдерін осылай бұрмалап жазған, Қазақстан тарихшылары бұл адамдардың нақты аты-жөндерін анықтайды деп үміттенемін.

Алтынсарының кескін-келбеті туралы да жазбалар бар. Ол 34 жастағы ер адам (демек, ол шамамен 1793 жылы дүниеге келген),

қараторы, «түрі аса алғыр адамға ұқсамайды», ол ешқашан орыс және қоқан саудагерлеріне қысым көрсетпеген, яғни, оларды тонауға араласпаған. Ол ешкіммен тығыз байланыспай, өз қонысында өмір сүрді. Тек жазда Есіл мен Нұра өзендеріндегі жайлауда ғана өзге рулармен іргелес болған. Оның қыстауы да Қытай шекарасынан алыс болды. Сондықтан ол туралы, оның отбасы мен Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі рөлі туралы Құлжада қандай да бір нақты мәліметтердің болмауы заңды еді. Оның таққа мұрагерлігі – оны өз бодандарының қатарына жатқызбақ болған Цин әулетінің назарын аударды.

Алтынсарыға грамота (мадақтама) тапсыруға ірі шенеунік бастап келген Қытай елшілерінің саны – 120 адам. Алайда, олар қалың қар жууына байланысты Улуяр елді мекенінен өте алмай, қайтадан Шәуешекке қайтты. Дегенмен, олар сенімді қазақтар арқылы Алтынсарыға салтанатты рәсімнің міндетті түрде өткізілетінін, оның мерзімі 1828 жылғы ақпанның аяғына ауыстырылатынын хабарлап үлгерді. Бұны білген Омбы өз конфедерантын шекараға қайта жіберуді шешті. Оның қызметіне сол уақыттағы айтарлықтай қаржы – 170 рубль сыйақы берді.

Семей ішкі округінің бастығы полковник Кемпен Алтынсарының руластарының арасында беделсіз, Қазақстанда белгісіз, көбінен: «... ол атақсыз және басқа ордалардың да оған деген құрметі аз ...өз болысына да ықпалы жүрмейді, тіпті барлығы оған бағына бермейді» – дегенді көптеген адамнан естіген. Сонымен қатар, Алтынсарының тарапынан ешқандай «тентектіктер», яғни Сібір билігіне бағынбау немесе көз аларту байқалған жоқ. Сұлтан алтай-арғын болысына қарасты болды. Жазда Ұлытау мен Кішітауды жайлап, Дарья (?) өзенінің жағасын қыстады. Бұл Әбілмәмбеттің немересі, Болат ханның ұлы Тоғым ханның (шамамен 1824 жылы қ.б.) атадан қалған қоныстары еді. Рас, Тоғым хан Тарбағатай тауларының шатқалдарын да қыстайтын.

Алтынсарының қонысы Ресейден алыс болды. Ол ешқашан саудаға немесе басқа да істер үшін Тобыл мен Омбыға, тіпті Шыңжаң қалаларына да келмеген. Бәлкім, оның жер қайысқан малы болмаған шығар. Сібір билігі оның тек өзінің шығу тегіне, бір кездері Цин Үкіметінің атасы мен әкесіне берген хан белгілеріне байланысты қытай дипломатиясының көзіне түскеніне сенімді еді. Бұл жарлықтарда олардың тікелей мұрагері арнайы бұйрықпен белгіленген. Алтынсары 1809 жылы әкесі Тоғымның мұрагері болып

жазылды. Оның жас кезінде Қытайға келуі осымен байланысты болатын, ол туралы жоғарыда жаздық.

Цин үкіметінің ұзақ мерзімді жоспарына байланысты Алтынсары Ресей шекара билігінің қауіпті назарын өзіне аударып, еркінен тыс, қытай-ресей қатынасының нысанасына ілікті. Сонымен қатар, XIX ғасырдың 20-30-шы жылдары Цин империясының саясаты Ресейдің Қазақстандағы хандықты жою ниетіне және аймақтағы Қоқан хандығының саяси белсенділігіне байланысты жандана түсті. Қоқан хандығы кейде хан қазасымен аяқталатын сарай ішілік қастандықтарға қарамастан, Жетісуды жаулап ала бастады. Сонымен бірге Шығыс Түркістан үшін күресіп жүрген ұйғыр діни көсемдері – қожаларға рухани және материалдық қолдау көрсете отырып, Шыңжаңға ену саясатын күшейтті. Іле генерал-губернаторы Юй Линь Әскери кеңеске өзі басқаратын аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қоқанға шешуші соққы беруді ұсынды. Юй Линьнің тағы бір маңызды мақсаты – қоқандықтардың қырғыздар мен қазақтарды жаулап алуына жол бермеу болды. Ол үшін «мұсылман көтерілісшілерін» басып алу сылтауымен Шу-Талас өзендері аралығындағы ауданға жасақ енгізуді ұсынды [Ли Чуньхуа, 1996, 148].

1825 жылы Цин шекара қолбасшылығының негізгі қызметі Қоқан хандығына қарсы бағытталды. Сондықтан Цин шекара отрядтарының қазақ-қырғыз шекарасындағы күзетшілермен бірге көктемгі-күзгі тексеруіне, офицерлер мен шенеуніктердің жергілікті билеушілер мен старшындар арасындағы кездесулер мен келіссөздеріне үлкен мән беріле бастады. Бұрынғы лауазымды қазақ-қырғыз билеушілерімен байланысты қайта жаңғыртуға, өз жақтастары мен тілектестерінің санын арттыруға, жаңа старшындарға лауазым беруге мемлекеттік деңгейде назар аударылды.

Дәрежесі орыс полковнигіне сәйкес келетін құрметті төре басқарған Қытай елшілігі 1828 жылы 5 мамырда жүздеген қалмақтың (ойраттардың) күзетімен келіп, Бопы Әбілфейізов ауылының маңына қытайдың 15 ақ-көк шатырын тікті. Бопы наймандардың Сыбан болысын басқарып, Шәуешекке тұрақты елші жіберіп, сауда байланысын орнатты. Ол Цин әулетінің қазақ билеушілеріне қатысты саясатын қолдағаны сөзсіз. Бұл жолы Алтынсары туысының ауылына белгілі бір уақытқа ғана келді.

Таңертең Қытай елшісі Алтынсарыға Цин императорының мұрагерлік құқығын тану туралы Жарлығын оқып, түстен кейін императордың сыйлықтарын берді. Омбының кездесудің барлық

егжей-тегжейін біл деген тапсырмасын алған татар саудагері сыйлықтардың арасында: 100 дана шағын өлшемді бөз, 2 дана манлык мата (айдаһар бейнеленген императорлық жібек), түрлі түсті канф гүлдері бар 8 дана жібек, 14 аршын орыс шибарқыты бар деді.

Келесі күні Қытай билігі өкілдерінің Алтынсарымен келіссөздерінде делдал болған Бопы сұлтанға да сыйлықтар берілді: 50 кесек бөз, 2 мата манлык және 5 кесек канф. Содан кейін елшілік басшысы Алтынсарыдан императорлық сыйлықтар алғанын куәландыратын қағаз алғысы келетінін мәлімдеді.

Жоғарыда аталған сыйлықтардың түрі олардың мақсаты анық екенін көрсетті, әсіресе, мұсылмандар аза тұту рәсімінде және күнделікті ерлер мен әйелдердің киімдерін тігуде пайдаланған ақ бөз. Алайда, қазақ сұлтаны күтпеген жерден қасарысып, сыйлықтар саны ол алған лауазымға сай келмейтініне наразылық білдірді. Ол әдетте, тақ мұрагерінің әкесін еске алу үшін цин билігі 12 күміс жамбы, 2 емес 4 манлык пен 8 кесек канфа бергенін білетін. Содан кейін екінші рет «аспан сыйлықтары» мұрагерлік лауазымын білдіретін мадақтама (грамота) тапсыру кезінде берілді. Алтынсарының әкесі Тоғым атасы Болат өлген соң «ван» атағын иемденді. Бұл туралы әңгімелерде айтылып, император берген сыйлықтардың саны, отбасылық шежірелерде, тарихшылар әлі анықтамаған құжаттарда қалуы мүмкін.

Келіссөздер барысында қытай елшісі көп ұзамай сұлтанға қосымша 5 күміс жамбы және императордың аудиенциясына келуге шақыру жіберілетінін мәлімдеді. Сонымен бірге Батыс Сібір генерал-губернаторына осы оқиға туралы есеп берген Омбы облысының бастығы «Алтынсары қайтыс болған хандарды еске алу кезінде және жаңа ханды бекіту кезінде жасалатын әдет-ғұрыптар мен сыйлық беру ережесіне сай марапатталуды табанды талап еткенін» арнайы атап өтті. Алайда, цин үкіметінің дипломатиялық демаршын қорытындылай келе, патша шенеунігі: «Бұл жағдай өте қарапайым – қытайлардың қырғыз (қазақ) сұлтандарына қолданатын қарым-қатынасы сияқты, оларды әртүрлі дәрежелер мен атақтарға көтерудің бірнеше мысалы қытайлардың өз жерімен шектесетін қырғыздарды өздеріне тәуелді етіп ұстауға деген ниетінен басқа ештеңе таппағандықтан...». Басқаша сөзбен айтқанда, Қытай саясаты Шыңжаңда өз билігін сақтауға және шекара қауіпсіздігіне бағытталған.

Орыс деректерінде бұрмаланып Убий атымен жазылып, Алтынсарының Қытай елшілерімен келіссөздеріне қатысқан жас

жігіт – Мұрат сұлтанның ұлы деп көрсетілген. Және қабылданған ережелер бойынша, сөзсіз, Алтынсары оны Цин сарайына кепілдікке жіберген. Алтынсары өзінің ұлы Чжахаламайтэні (Жалғамамбет? – Қ.Х. Жалмағамбет?) Шыңжаңдағы қытай шенеуніктерімен кездесуге екі рет жібергені белгілі. Екі ретінде де ол өз атынан императорға асыл тұқым жылқы сыйлады. Алтынсары императорға жолдаған хатта өзін хан деп атады.

Алтынсары сұлтанның конфирмациясындағы жағдай, цин үкіметінің Ғұбайдулла үшін қайғылы аяқталған – сұлтан мен баласын патша өкіметі тұтқындап, Березовқа жер аударған оқиғадан кейін, қазақ феодалдарына атақ беру жөніндегі көпжылдық тәжірибесінен бас тартпайтындығын көрсетеді. Сол сияқты қазақ феодалдары да өз билігі мен қазақ мемлекеттілігін сақтау үшін бұл дәстүрге үлкен саяси мән беруді жалғастырды.

Осылайша, олардың таққа отыруға, ағайын-туыстарын және өз елін басқаруға заңды құқығынан айырған патшалық Ресейге қарсы наразылықтары ушыға түсті. Бұндай жағдай Алтынсарының замандасы Кенесары хан бастаған көтеріліс себептерінің бірі болды. Алайда Алтынсары ісі мұнымен аяқталған жоқ. Керісінше қазақ феодалдары арасында атақ алудың, әсіресе Цин империясының қарамағындағы Моңғолия мен Шыңжаң алқаптарынан жер иелену мақсатындағы күрестің қызғанын көрсетіп, өз жалғасын тапты.

Әдетте цин үкіметі түрлі шен-шекпенді негізінен, қазақ-қытай байланыстарының бастауында тұрған Абылай хан ұрпақтарына беретін. Содан кейін ол атақты қазақ хандарының билік ету шеңберін кеңейтуге, әсіресе Әбілмәмбет ұрпақтарының ықпалын күшейтуге шешім қабылдады. Олардың арасында Ұлы далада ешқандай танылмаған, Шыңжаңмен ешқандай байланысы жоқ феодалдар да болды.

Цин билігінің Алтынсарыға деген қызығушылығы XIX ғасырдың 70-жылдарының басы мен ортасында, 1851 жылы Құлжа (Іле шарты) қаласында орыс саудасына рұқсат берілгеннен кейін және Ресей қазақтарды құқық бұзғаны үшін заңды жауапкершілікке тарту құқығын алған соң қайта жанданды. Содан кейін Алтынсары туралы мәселе уақытша тоқтап, артынша шекараның батыс бөлігіндегі Ресей патшалығы мен Цин империясы арасындағы аумақтық бөлінудің жаңа кезеңіне байланысты қайта қозғала бастады. Цин тарапы олардың тұрғылықты жерін иеленуге ұмтыла отырып, қазақ билеушілерінің құрметті лауазымға ие болуға деген қызығушылығына үлкен үміт артуын жалғастырды.

1855 жылы Бейжіңде императордың қатысуымен Әскери кеңес пен Министрлер кабинетінде (Нэйгэ) Алтынсарының тақ мұрагерлігін алу туралы істі тергеу барысы туралы Тарбағатайлық цанцзань дачэнь Ин Сюдің баяндамасы талқыланды. Ин Сю Алтынсарыдан жасы ұлғайып, қазақтарды басқаруға шамасы жетпейтінін, сол үшін хандық титулды Чотан (Чотан, Чаотан – анығында бұрмаланған Шортан) атты жиеніне беруді өтінген хат алғанын баяндайды [5, 32б ор. 20-22-п.].

Қытай үкіметі хан өтінішін орындауға шешім қабылдады.

Бірақ бұл іс оңай болған жоқ. Кейінгі оқиғалар Цин үкіметін осы Шортанның қылмыстық жолмен адастырғанын көрсетті. Белгілі болғандай, Алтынсары ешқашан Цин билігіне хан атағынан бас тарту туралы ешқандай хат жазбаған болып шығады. Хатты Шортанның ойлап тапқаны және оны мәнжулық тілмаштар белгілі бір ақы үшін қолдағаны белгілі болды. Осыған байланысты бірнеше жылға созылған қылмыстық іс қозғалды. Сол кезде Цин үкіметі әлі күнге дейін Алтынсары мен ұлдарының қайда екенінен хабарсыз еді. Бірақ Алтынсарының Чжахаламайтэ (Жалахмет? – Қ.Х. Жалмағамбет) атты үлкен ұлы (үлкені? – Қ.Х.) бар екені анықталды.

Осы оқиғадан кейін 4 жыл өткен соң бұл іс мұрағаттан қайта алынды. Себебі тарбағатайлық жаңа губернатор Шортанның Алтынсарының әкесі жағынан емес, әпке-қарындастары жағынан жиен екенін, яғни оның туған ағасының емес, әпкелерінің бірінің ұлы екенін анықтап, дабыл қақты. Алтынсарының атынан жазылған жалған хат пен туыстық қатынастар туралы алдау мәселесі Цин империясының бас саяси органы Әскери кеңесте талқыланды. Себебі ол мемлекеттік мүдде тұрғысынан аса маңызды болатын. Онымен қоймай, 1859 жылы 31 тамызда (Сяньфэн билігіндегі 9-жылдың 8-айы) император Шортанды екі ойықты тауыс қауырсынынан жасалған үкісі бар қалпақпен марапаттады, яғни, оған сарай гвардиясының офицері атағын беру туралы жарлық шығарады. Бұл жарлықта Шортан қазақ ханы деп көрсетіледі [4, 171ор., 26-п.].

Бірақ оқиға бұнымен аяқталған жоқ.

Келесі жылы Шәуешекте орыс сауда орамының өртенуіне байланысты Тарбағатай билеушісі Ин Сюге қарсы қылмыстық іс қозғалды. Оның үстіне дәл сол кезде оған Алтынсарының хан атағынан бас тартқаны туралы өтінішімен мұқият айналыспағаны, Шортанға хан атағын беруге пайдакүнемдікпен ұмтылған жергілікті тілмаштардың сөзіне сенгені үшін айып тағылды [5, 290 ор., 12-п.айн.].

1861 жылы 28 қаңтарда Ин Сюға қатысты қылмыстық іс әлі аяқталмаса да, ол барлық лауазымынан айырылды. Бұл жолы цин үкіметі Шыңжаңда Шортан мен Алтынсарыны көзбе-көз беттестіруді ұсынды. Егер Алтынсары қартайғандығына байланысты Тарбағатайға келе алмаса, оның ұлы Чжахаламайтэні қалайда әкелу керек еді [5, 306 ор., 20-п айн.- 22-п.; 326 ор., 18-19-п.].

Орыс-қытай шекарасының батыс бөлігін межелеуге байланысты Бейжің шартының тармақтарын орындау үшін қандай жолмен болса да Алтынсарыны жеткізу керек болды. Істің маңыздылығына байланысты, қазақ билеушілеріне құрметті атақ беру ісі жергілікті билік қабылдаған бюрократиялық рәсімді сақтамады.

Сонымен, қытайлар 1862 жылы, Алтынсары хан атағын алған соң 30 жылдан кейін, оны және есімдерін өздері де нақты білмейтін ұлын (ұлдарын) іздеуге кірісті. Алтынсары мен оның отбасының дерегін табу үшін Қазақстанға қазақ ақсақалы (старшын) Хоцзякайды жасырын жіберді. Сонымен қатар, Батыс Сібір генерал-губернаторына Орта жүз ханының тікелей ұрпағы Алтынсары бір кезде, 1861 жылы күзде Қытай үкіметінен хан атағын алғаны туралы ресми хабарлама жіберілді [4, 4 о., 9-п.].

Осылайша, Цин үкіметі патша үкіметіне өз ниетінен хабардар етіп, ашық ойынға көшті. Іс халықаралық жанжал сипатына ие болды.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығы Құлжа генерал-губернаторлығының кеңсесіне жауап хат жолдады. Онда қазақтар 1738 жылы Ресей империясының бодандығын қабылдағанын, сол кезден бастап далада хан атағы алынып тасталғанын, ал Алтынсары хан атағын пайдаланушы екенін жазды. Және оның Ресей мемлекетінде тұрақты тұруға құқығы бары айтылды. Ресей үкіметі үшін көп сұлтанның бірі және әрқашан солай болады.

Бұл жолы цин үкіметіне Алтынсарының Ресейге бағынышты екендігі ресми хабарланды. Бұл жағдай патша үкіметінің Қазақстандағы хандық институтын жою туралы шешіміне қарамастан, сұлтан өзін ханмын деп атауын жалғастырып жатқанына таңқалуға мүмкіндік берді. Бірақ Орта Азияны жаулап алғанға дейін Ресей шүршіттерге Алтынсарының хан атағын мойындауға және оның Қытайға жіберген елшілерін қабылдауына тыйым сала алмады. Цин үкіметі бұдан Ресей қазақ жерінің оңтүстік-шығысын иемденуге ниетті деген маңызды тұжырым жасады. Сонымен қатар, циндік сарай мұрағатында Алтынсары екі рет – 1855 және 1856 жылдары өз ұлы Чжахаламатэні (Жармұхамет? – Қ.Х. Жалмағамбет) Қытайға жібергендігі туралы

құжат сақталған. Сондай-ақ, ол грамоталарда өзін хан деп атады. Цин үкіметінің топшылауы бойынша цин императоры мен қазақ ханы арасындағы алым-салық төлеуші қарым-қатынастың белгісі ретінде екі жолында да императорға жылқылар сыйлады.

Дәл сол кезде өзін Алтынсары ханның жиенімін деп көрсеткен Шортан деген біреу Алтай мен Моңғолия қазақтарының ханы атануға үміткер бола бастауына байланысты мәселе шиеленісе түсті. Шортанның қонысы Цин империясы аумағындағы Моңғол Алтайында болатын. Оның көптеген рулас туыстары болған, ал оған бағынышты қазақтар Шыңжаңдағы Тарбағатай, Алтай округтерінде және Моңғолиядағы Улясутай округінде өмір сүрді. Шортанның қолындағы күш Цин билігін өзімен санасуға мәжбүр етті. Қалай болғанда да, Алтынсарының хан атағынан бас тартуы туралы жалған хат мен билікті осы старшынға беру ниетін соттың 10 жылдан астам уақыт бойы тергеуіне қарамастан, цин билігі Шортанның мұрагерлікті озбырлықпен тартып алуына көнді. Олар шекара бөлу мәселесін шешу үшін оның хан атағын мойындауға мәжбүр болды.

Сонымен бірге Бейжің Алтынсары мен ұлының хандыққа мұрагер ретіндегі заңды құқықтарын мойындаудан бас тартпады. Сондықтан цин билігінің Алтынсары мен оның ұрпақтарын іздеуі тоқтаған жоқ.

1861 жылы 10 қазанда Тарбағатай Әскери кеңесіне жасаған баяндамасында цанцзань дачэнь Мин Сюй былай деп жазды: «Бас иген құлыңыз 3-айдың 27-сі күні (1861 ж. 6 мамыр – К.Х.) аса маңызды жарлыққа сәйкес Алтынсары мен оның ұлдарының мекенжайын анықтау үшін әртүрлі қазақ қоныстарына хабаршыларды жібердім. 6-айдың 3-і күнгі аса маңызды жарлықта (1861 ж. 10 маусым – К.Х.) әлі күнге дейін (бізге – құлдарға) Алтынсары мен ұлдарын жасырын іздеуді жалғастыруды бұйырған. Шортанның айтуынша, аталған хан Ресейге бағынған. Аса маңызды бұйрықта айтылғандай, бұл шындыққа сәйкес келе ме немесе (Шортан) өз пайдасын көздеп өтірік айтты ма, соны анықтау керек. Бас иген құлыңыз алдын ала тағайындалған жарлыққа сәйкес Мулунъа вэйинчжан шеніндегі шенеуніктерді іссапарға жібердім. Содан кейін Иботу вэйселинді жасырын түрде анық ақпарат алу үшін (Қазақстанға) жібердім.

Мулунъа мен Иботудың бірінен кейін бірінен алған хабарламаларға сәйкес, Алтынсары мен ұлдары Ресейге тиесілі жерлерде өмір сүрген. Бұл қауесет қулықпен таратылмаған. Ресей билігіндегі қазақ қоныстарына іздестіру үшін қайта жіберілген (іссапарға жіберілген) офицерлер ахалакци (ақылықшы) Жақайдан (Хоцзякай) Алтынсары

мен ұлдары Ресейге қарайтын Көкшетау жерінде тұратынын білді. Бірақ ол жерге Ресейден тиісті рұқсатнама алғаннан кейін ғана баруға болады» [5, 32 ор., 20-22-п.].

Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесіне Цин империясының қол астындағы Алтынсары хан шынымен де Ресей империясы аумағында тұрып жатыр ма деген сауал тағы да жолданды. Ресей тарапының жауабы да өзгере қоймады:

1) 1738 жылдан бастап қазақтар Ресей империясына бағынышты;

2) Қазақстанда 1821 жылдан бастап хандар мен хандық лауазымдар жойылған;

3) Алтынсары сұлтан мен оның барлық баласы Ресейге қарасты аумақта тұрады және шет мемлекеттің лауазымдарын алуға құқықтары жоқ – деп атап көрсетті. Бірақ цин үкіметі Ресей шекаралық билігінің мәлімдемесін елемей, Алтынсарының нақты мекенжайын нақтылап беруді сұрау туралы шешім қабылдады [8, 3т, 1203-1204].

Цин үкіметі ақыры Алтынсарының Ресейге қарасты қазақ жерінде тұратынына көз жеткізген соң, Шортанның оның атағын тартып алу фактісін қалай болғанда да Алтынсарыға хабарлау қажет деген пікірді алға тартты. Бұл жағдайға ханның реакциясын, өзінің заңды құқығы үшін таласқа түсер ойы бар ма, жоқ па соны анықтау қажет болды. Осыған байланысты 1861 жылы 28 қаңтарда арнайы жарлық шықты. Цин үкіметі Алтынсарының Қытайға кез келген жағдайда, соның ішінде сотта куәгер немесе айыптаушы ретінде болса да келгенін қалады. Алтынсары Қытайға барғысы келді ме, жоқ па ол туралы дерек біздің қолымызда жоқ. Ол баруға ниеттенсе де, Ресей үкіметінің қатаң ұстанымымен оны жүзеге асыру мүмкін емес екені анық. Қалай десек те, Алтынсары мен ұлының әрекеті жіті бақылауға алынғаны сөзсіз.

Цин үкіметі қазақ жерінің Цин империясына жақын орналасуына және қазақ билеушілеріне бағынышты рулардың бір бөлігінің Қытай жерін мекендеуіне байланысты билеушілер ұрпақтарының мұрагерлік мәселесіне аса мән беруді жалғастырды. Император бұл іс үнемі үкіметтің бақылауында болғандығын атап өтіп, Іле генерал-губернаторы Чан Линге лайықты хан сайлау үшін қазақ сұлтандарымен байланысқа шығуды бұйырды. Сонымен қатар, Алтынсарының атағына байланысты шекара шенеуніктерінің жалғандық жасау ісін тергеуді жасырын жалғастыру тапсырылды. Бұл бұйрық Бейжіңнен тәулігіне 600 ли (шамамен 300 км) жылдамдықпен Құлжаға жедел жеткізілді. Ал цин төрелігі Алтынсары мен Шортанды көзбе-көз

беттестіруді, жалғандықты әшкерелеу үшін Алтынсарының келуіне қол жеткізгісі келді. Басқаша айтқанда, цин үкіметі Алтынсарыны қазақ ханы деп тану ниетінен ұзақ уақыт бойы бас тартқан жоқ. Қытайдың 60-жылдары басталған Қазақстан аумағындағы шекараны межелеуді кейінге қалдыруға тырысқан саясатына байланысты мәселе өзекті болып қала берді.

Алайда, 1863 жылдың күзінде өткен мәжілісте Әскери кеңестің төрелері Шортанды шекара шенеуніктеріне пара беріп алған хан атағынан айырмауды талап етеді. Шортанның әрекеті заңды болмаса да, тарбағатайлық және басқа да шекаралас қазақтар ол үшін өтініш жасаған. Өз кезегінде Шортан да цин үкіметіне адалдық танытудан танбай, қандай жағдайда да Ресей жағына өтпеуге уәде берді. Сөйтіп, олар Шортанның атағын сақтап қалуды жақтап, ал пара алған шенеуніктер билігін асыра пайдаланғаны үшін жазалансын деді.

Қытай мұсылмандарының қуатты көтерілісі жақындай түсті. Бұған қоса, Ресей мен Қытай арасында Ертістегі Шабын-Даба бекетінен бастап одан әрі оңтүстік-батыс бағытта шекара сызу туралы келіссөздер жүріп жатты. Тарбағатай қазақтары Шортанды хан сайлау туралы шешімге келіп, өздерінің еркін қоныстарында қалу үшін онымен бірге цин императорына адал болатындарын растады. Осы себептерге байланысты 1863 жылы 5 қазанда бір күнде Алтынсары мен Шортан ісі бойынша императордың бірден екі жарлығы шықты. Ақырында 1863 жылы 29 қарашада өз бетімен иемденіп алған қазақ ханы атағын Шортанға қалдыру туралы императордың аса маңызды жарлығы шықты. Мұның басты себебі, бұл кезде қазақтар қонысы тек Тарбағатайда ғана емес, көршілес Тыва (Урянхай) мен Моңғолияда (қазіргі Моңғолияның Баян-Өлгейдегі қазақ аймағында) кең тараған болатын. Шортанға бағынышты қазақтар Қобда әкімшілігінің басқаруына кірмесе де Қобда округінің аумағында өмір сүріп, тарбағатайлық цанцзань дачэннің (Іле генерал-губернаторының кеңесшісі) билігіне қарады.

Көрші халықтардың адал билеушілері арқылы жүзеге асырылатын «цзимоны» тарту және қысымға алу саясатымен көшпелілерді қалай тырп еткізбей ұстау керек деген мәселе тағы да өзекті болды. Шортан мен Әбілфейіз ұрпағы Ажы (Ацзи) гүң Тарбағатай басшысының іс-әрекетін баяндады. Олардың баяндамасынан кейін үкімет шешім қабылдады. Тарбағатай қазақтары қоныстанған Кэрцинь-хайлюту, Хони-Майлаху және басқа өңірлердегі жайылымды пайдаланғаны үшін жалдау ақысына төленген жылқы жинауға арнайы жасақ

жіберілді. Сол кезде қытайлықтарда Маниту-Гатулхан, Хони-Майлаху және Кэрцинь-Хайлиту аймағында тұратын салық төлеушілердің нақты тізімі болмағаны анықталды. Сондықтан жиналған жылқы саны әртүрлі болды.

Цин жасағының озбырлығына ашуланған Шортан хан мен Ажы төре Бейжіңге арыз жазады. Тунчжи император 1864 жылғы 15 қыркүйектегі жарлығында осы көрсетілген үш аймақ шекара белгіленгенге дейін бос тұрмауын талап етті. Өйткені цин үкіметі шекараға іргелес жатқан бұл жерлерді өз территориясына енгізіп алуға ниетті еді. Егер бұған қол жеткізу мүмкін болмаса, Цин империясында тұратын қазақ билеушілері мен бағыныышты руларын қалай жайғастыруға болатыны туралы ойлану керек еді. Цин билігі өз қарамағындағы моңғолдарды аталған аумақтарға орналастыру жөнсіз деп санады. Себебі бұл аумақтар бұрыннан қазақ малшыларына бекітіліп берілген болса керек. Оның үстіне бұлай қоныстандыру Ресей үкіметіне тез белгілі болып, бірден оның наразылығын тудыратын еді.

Біздің ғалымдардың арасында Алтынсары туралы хабары бар, оның қызметін зерттегендер өте аз. Соған қарамастан ол Қазақстан тарихында өз ізін қалдырды. Көршілес екі державаның дипломатиялық хат алмасуларындағы оның өмірбаяны XIX ғасырдың екінші жартысындағы қытай-ресей байланыстарын, державалар арасындағы 50 жылдан астам уақыт жалғасқан Орталық Азиядағы қазақтарға ықпал етуге жан таласқан бақталастықтарының ерекшелігін көрсетеді. Империялардың қазаққа ықпал етуін бөле қарайтын болсақ, Орта Азия мен Қазақстан – Ресейге қосылып, Шыңжаң – циндік Қытай билігінде қалды. Құжаттар хан ұрпақтары негізгі жайылымдары мен өздері мекен еткен өңірлеріне қарай көрші державалардың бірінің саяси қамқорлығына сүйеніп өмір сүруге деген талпыныстарын тоқтатпағанын байқаймыз. Қазақ ақсүйектері халықаралық қауымдастықта ресми сипатта болғанымен, өздерінің ата-тегі мен дәстүрлі құқықтарына жауапкершілікпен қарауды жалғастыра берді.

## 3.4. Ресейді жақтаған Абылайдың ұрпақтары

### 3.4.1. Тезек төре және аға сұлтандық үшін күрес

Тезектің саналы өмірі XIX ғасырдың 20-80 жылдарындағы қазақтардың аласапыран кезеңіне тура келді. Ресей Наполеонмен соғыста жеңген соң Орта жүзде әкімшілік реформалар жүргізіп, «Сібір қырғыздарының жарғысын» қабылдады. Оған сәйкес Абылай хандығы жойылып, аға сұлтандар сайланатын «сыртқы округтерді» ашты. Бұл реформа Орта жүздің бүкіл төрелерін дүрліктірді. Оның жаңғырығы Ұлы жүзге де жетті. Өйткені мұндағы билеушінің көбі Абылай ұрпағы болатын. Алайда, олардың патша өкіметіне қарсы бүлік шығарған туыстары – Ғұбайдолла (Абайділдә) мен Саржанға және Кенесарыға деген қарым-қатынасы айтарлықтай күрделі еді. Бірақ, жалпы алғанда, оларды қолдады. Абылай ұрпақтары өздерін біртұтас ағайын ретінде сезініп, елде қалыптасқан саяси әрі аумақтық бытыраңқылықтан өте алмады. Бізге қызығы, Ұлы жүз сұлтандары мен билерінің ішінде Кенесарымен күресте Тезек төре есімінің аталмауы. Ол тарихи аренаға Кенесары мен албан билеушісі Хәкімбек қайтыс болғаннан кейін шықты.

Тезек сұлтан біз үшін салыстырмалы түрде, таяу заманда өмір сүрсе де, ол туралы орыстың да, қытайдың да мұрағаттарында жазылса да, орыс әскери және азаматтық шенеуніктерінің, ғалымдарының естеліктерінде көптеген деректер болғанына қарамастан, өмірі жұмбаққа толы. Тезекпен кездесіп хат алысып тұрған көрнекті ғалымдар мен орыс қайраткерлері – П.П.Семенов Тянь-Шаньский, Ш.Уәлиханов, шекара шенеуніктері мен қолбасшылары – А.К.Гейнс, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорт, Қырғыз Ұлы Ордасының жанындағы приставтары – М.М.Хоментовский, М.Д.Перемышельский, Г.А.Колпаковский, Қапал полковнигі С.М.Абакумов, капитан К.К.Гутковский және т.б. ол туралы жазбалар қалдырды.

Өмірінің соңғы жылын Тезек ауылында өткізген атақты Абылай ұрпағы Шоқан Уәлиханов оның есімін жиі еске алады. Сонымен қатар, Тезектің есімі тарихи аңыз-әңгімелерде де кездеседі. Сұлтанның мінезін, ой-өрісін, іс-әрекетін көрсететін біршама ақындық мұрасы сақталған. Тезектің ақындық, жыршылық таланты туралы деректер қазақ ауыз әдебиетінде де бар. Қазақтың ауызша халық шығармашылығында Тезектің атақты суырып салма ақындар

Сүйімбай, Бақтыбай және тағы басқалармен айтысқаны туралы аңыз-әңгімелер де жетерлік [Үмбетәлі Кәрібаев, 2 том. 2014 ж., 159177].

Тезектің айтыстары, оның жырлары топтастырылған жеке айтыстар жинағы жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының алғысөзімен жарық көрді [Тезек төре, 1996].

Бұл басылым да және кейінірек 1998 жылы «Ақиқат» журналында жарық көрген Сарбас Ақтаевтың және 2000 жылы шыққан Ерғали Ахметтің тағы екі мақаласы Тезекті тапқыр, айлакер, сөзі кең далаға тез тарайтын, сондықтан да қазақ ауызша өнері арқылы бізге дейін жеткен адам ретінде сипаттайды. Мұнда кейде Тезек бейнесі ертегілердің, аңыздардың, батырлық эпостардың айрықша белгісі – мифтік деңгейге жетеді. Аталған авторлар әдебиеттану міндеттерімен қатар Тезектің тарихи тұлға ретіндегі рөлін түсінуге, оның қалыптасқан ортасын сипаттауға тырысты. Жоғарда айтылған әдеби дүниелердің барлығы да сұлтанның келбетін, мінез-құлқын, өмір салтын, оның қызметін жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Бұл деректер құжаттық материалдармен бірге оның Жетісу мен Қазақстан тарихындағы орнын анықтауға көмектеседі.

Тезек жастайынан табиғатына сай жастыққа, көзсіз тәуекелге, жорықтарға бейім болды. Ол тағдыр жолында қырғыз тұтқынын да, орыс түрмесінің де дәмін татты. Өмірі өте мазасыз өтті. Ол өз өмірінде шынжыр балақ, шұбар төс менмендікті де, Ресей билігінің күтпеген қуғын-сүргініне түсіп, түрмеде пенде болып та көрді. Сұлтан тағдырына өзі өмір сүрген дәуірдің өзгерісі, ел мен жердің азаттығының сарқыншағынан айырылған кездің барлық қайшылығы әсер етті.

Елге құрметті батыр, сұлтан шала туған, сондықтан оған қазақша «боқ, нәжіс» деген мағынаны білдіретін Тезек есімі берілді. Жетісу орыстары даладағы таптырмас отынды «кизяк» деп атаған, бұл қазақтың «тезек» деген сөзінен бұрмаланған. Мұндай ыңғайсыз есім сұлтанға қарапайым халықтың дәстүрі бойынша берілді.

Тезектің шыққан тегі арғы атасы Абылай ханнан басталады. Абылайдың ұлы Әділ сұлтан Тезектің атасы, ал әкесі – Нұралы. Бұл әкесі туралы қытай деректеріне сәйкес келеді. Нұралы (Нұрәлі) Іле генерал-губернаторы Сун Юнның бұйрығымен құрастырылған қазақ хандарының шежіресінде Нұла - 努喇 деген атпен беріліп, Әділ сұлтанның жетінші ұлы ретінде көрсетілген [Шыңжаң шилюе, 12.7].

Қытай шежіресінде Әділ сұлтанның 12 ұл бары жазылған. Тезектің атасын Абылай ханнан Жетісудан енші алып, Ұлы жүз руларын басқару үшін алып кеткен.

Қытай деректерінде қырғыз тайпаларымен көршілес жатқан қазақтарды билеген Абула 阿卜拉 (Абылай – Абылай ханның немересі – 阿布赉) атты қазақ гүні туралы да айтылады. Ол Құлан деген лақап атпен белгілі болып, Қытаймен сауда керуенін үнемі қолдап отырған. Аталған «Қазақ хандарының шежіресінде» Тезек туралы басқа ештеңе айтылмаған. Өйткені шежіре Қытайда XIX ғасырдың екінші онжылдығында, яғни, сұлтан ықпалды адам болғанға дейін құрастырылған. Ол кезде болашақ сұлтан әлі 3-4 жасар бала еді.

Орыс құжаттары сұлтанды әкесі бойынша – Тезек Нұралин, ал атасы бойынша – Тезек Аблайханов деп атады. Бірақ Жетісуда басқа Тезек есімді сұлтан болған жоқ. Халық аңыздарында және айтыстарда Тезектің әкесі Тінәлі, атасы Нұралы (Әділ сұлтанның баласы) деп айтылады. Тезектің әкесі – Әділдің үлкен ұлы Абылай (Құлан) сұлтанның баласы Нұралы, ал Тінәлінің ағасы екеніне тоқталайық.

Қытай мұрағатындағы деректерде Тезекті тайшы деп атайды. Әдетте өздерін Шыңғыстың ақсүйек ұрпағы санайтын қазақ сұлтандарын осылай атаған. Тезекті Құлжада (Іледе) қабылдап, қазақ гүні Ациннің (Ацинбека Ашимубокэ – Хәкімбек) інісі (шын мәнінде немере інісі) ретінде құрмет көрсетті. [Чжун Э гуаньси данъань, т.3, 8-11].

Бұл циндердің Хәкімбекті албандардың билеушісі деп ресми мойындағанын байқатса керек. Бірақ Тезек Хәкімбектің тікелей мұрагері болмағандығынан болса керек, цин билігінен гүң атағын ресми алмаған. Хәкімбек қайтыс болғаннан кейін орыс өкіметі Тезекті албандардың аға сұлтаны деп таныса, 10 жыл өтпей-ақ көрнекті орыс географы, астаналық ықпалды шенеунік Семёнов оны «Жетісу билеушісі» деп атайды.

Тезектің жасына қатысты мәліметтер де қарама-қайшы. Цин империясының «Орыс қоры» мұрағаттық құжатында Тезек тайшының 1829-1830 жылдары Іледе болғаны туралы айтылады. Хәкімбек оны неше жасында Құлжаға барған елшілердің құрамына қосты екен? Тезектің қызының айтуынша, әкесі 1879 жылы 58 жасында қайтыс болған. Олай болса ол 1821 жылы туған. Демек ол Қытайға алғаш рет небәрі 8 жасында барған. Басқа бір деректерде 1847 жылы Ресей албандарды бодандыққа қабылданғанда Тезек 26 жаста деп беріледі. Егер бұл нұсқа бойынша қарастырсақ, Тезектің туған жылы 1821 жылға тура келеді. Яғни бұл дерек те оның Шыңжаңға алғаш рет барғанда 8 жас шамасында болғанын растайды.

1857 жылы П.П Семёнов сұлтанмен кездескен жылы «Тезек 40 жастан сәл асқан еді. Ол ұзын бойлы, ашық келбетті, қырғыз (қазақ) тұрпатты, «ақсүйек» адамға тән сымбатты, бірақ денесі шымыр емес» [Семенов, 1947, 187].

«40 жастан сәл асқан» деген сөз 44 жасқа дейінгі жасты білдірер болса, онда сұлтанның туған жылы 1819-1820 жылдарға сәйкеседі. Қалай болғанда да Тезек орыс саяхатшысынан үлкен болған. Әрине барымта мен ат үстінде өткен жылдар адамды жасартпайтыны белгілі. Сондықтан Тезек жасынан үлкен көрінуі де мүмкін.

Қарама-қайшы деректерді жинақтай келе, Тезек 1820-1821 жылдары дүниеге келген, ол Құлжаға алғаш барғанда жасы 8-14 жас арасындағы бала деген тұжырымға келеміз. Дегенмен, олардың атақты ордалықтардың ресми мансап жолы жазылған формулярлық тізімдерінде де бір адамның жасы әр түрлі көрсетілетінін ескертемін. Қазір де ырымшыл қазақтар өз жасын айтуды ұнатпайды.

Демек, Тезек Абылай ұрпақтарының аға буынының саясатына бала кезінен араласқан. Қазақ билеушілері көрші мемлекетпен достық қарым-қатынасты нығайту белгісі ретінде және саяси мақсаттарын жүзеге асыру үшін Қытайға елшілік басшысы етіп жас ұрпақтары мен туыстарын аттандыратын. Тезек Қытайға албан билеушісінің достық қатынасын нығайтатын кепіл ретінде баруы да мүмкін. Қалай болғанда да, бұл оның саяси қайраткер ретінде қалыптасуына әсер етпей қоймады.

30-40-жылдары Тезектің көз алдында қырғыз жерінде Қоқан бекіністері бой көтерді. Олардың ішінде Пішпек (Бішкек) пен Тоқмақ та бар еді. Олар Жетісудағы қазақ жеріне жақындап, Тойчубек бекінісін тұрғызды. Қырғыз бен қазақ билеушілерінің, тіпті екі халықтың рулары арасындағы феодалдық өзара тартыстар да толастамады. Билер жағдайға байланысты Ресейден, Қытайдан, Қоқан хандығынан пана іздеді. Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың «үш державаның бұрышындағы» Қырғызстан жағдайы туралы айтқан сөзін Ұлы жүздің аумағына да жатқызуға болады. «Ташкенттіктің айтуы бойынша Үлкен орда қырғыздары (қазақтар – К.Х.) ешкімге тәуелді емес (бізге ең жақыны және Ресейге тәуелді Лепсі мен Басқандағылардан басқа); бірақ оларды біреу (мейлі орыстар, мейлі қоқандықтар, мейлі қытайлықтар) тықсыра бастаса, олар жағдайға байланысты өздерін не қытайдың, не орыстың, не қоқандықтардың бодандығындамыз деп атайды», – деп жазды Хорошев деген көпестің атын жамылып 1845 жылы Шәуешек пен Құлжаға келген

Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің қызметкері Н.И.Любимов [қараңыз: Ч.Валиханов, Т. 4, 305-306].

Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында негізінен дулаттар, албандар, суандар, шапыраштылар мен жалайырлар және Орта жүздің найман, керей рулары өмір сүрді. Хәкімбек өлгеннен кейін Тезек сұлтан Әділ ұрпақтарының аға буын өкілдері билеген дулаттардан одан сайын алыстап, албандарды өз бетінше басқарғысы келгені анық. Барлығы үйсіндердің бас сұлтаны деп мойындаған Тезек пен немере ағасы Әли Әділевтің арасындағы бас араздық, кейде жаулыққа ұласудың басты себебі де осы болды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Тезек Хәкімбектің ұлы емес еді. Ол олардың ағасы бола тұра, Хәкімбектің тікелей мұрагерлерін айналып өтіп, албандарды билей бастады. Ол ежелден келе жатқан мұрагерлік ережесін мойындаса да, оны ағасы Әли қабылдамады. Албандарға (орыс құжаттарында атбан) жататын дулат тайпасының үйсін руына қарасты феодалдары өздерін Орта жүз ақсүйектерінен гөрі ертеден келе жатқан билеушілердің ұрпақтары санайтынын да ұмытпаған жөн. Тезек ықпалы жағынан Ұлы жүз қазақтары арасындағы өзге «келімсектер» – Абылай ұрпақтарынан онша кем түспеді. Семеновтың айтынша Тезектің қасында жасы үлкендеу, біршама тәкаппар, бірақ өзінің үстемдігімен, байлығымен, қонақжайлығымен танылған дулаттардың сұлтаны, Әділ сұлтанның ұлы Абылайдың немересі – Әли қоныстанған.

Шоқан 1864 жылы 14 желтоқсанда Г.А.Колпаковскийге жазған хатында албан руы мен оның әкімшілігі туралы былай дейді: «Бұл тайпа басқаларға қарағанда кедей және ескі тәртіпті ұстанады. Сұлтан бұл жерде тек өзінің төлеңгіттерін ғана басқарады, расымен де олардың саны өте көп. Ол оларды негрлерді басқарған плантатор сияқты билейді. Оның Іленің арғы бетінде көшіп-қонып жүрген атбандарға (албандарға – К.Х.) ықпалы жоқтың қасы. Ал адашшылар, чаирбектер тап вассалдардың барондарға тәуелділігі сияқты оған тәуелді: оқтын-оқтын бас июге келеді, оның есауылдарын жақсы қабылдайды және бары сол ғана. Бір сөзбен айтқанда, сұлтан өзін орыс үкіметінің шенеунігі емес, осы жердің иесі санайды, ол шындығында да сондай» [Валиханов, Т.5, 169].

Сондай-ақ Тезек Ұлы жүзде Шіліктен Құлжаға дейінгі аумақта билік етуге бағытталған саясатын жүргізіп, өзін Цин империясының шенеунігі санамағаны анық. «Албандар жерді пайдаланғаны үшін қытайларға жыл сайын 60 жылқы төлеп, Үйгентастан Құлжаға дейін

көшіп жүреді. Олардың сұлтандарының бәрінде қытайлық шендері бар. Марқұм Хакім би қара-қызыл шары (қалпағында шар мен құс қауырсыны – К.Х.) бар гүң (князь) болған. Оның дәрежесі ұлына мұраға қалды. Тезек сұлтанда штаб офицерінің көк шары бар» деп хабарлайды 1856 жылы Ш.Уәлиханов [Валиханов, Т.1, 352].

Демек, Тезек екі державаның да офицері болды. Оның полковник шені бар еді. Себебі орыс армиясында майорлар, подполковниктер және полковниктер штаб офицерлеріне жатқызылды.

Билік үшін, жайылым мен бағыныштылар үшін күресте Тезекке барлық әдіс өте қолайлы болды. Жоғарыда айтылғандай, Хәкімбек қайтыс болған жылы оның ұлы Дүрәлі небәрі 16 жаста еді, сондықтан албан руының старшындары Тезекті аға сұлтан сайлағысы келетінін айтты. Олар бұл туралы Ұлы жүздегі приставтың лауазымын орындаушы капитан К.Гутковскийге арыз жазды. Арыз Ресей билігінің ұсынысымен жазылғаны анық. Старшындар Хәкімбектің науқасы ұзаққа созылған кезде Тезек сұлтанның албандарды шын мәнінде билегенін баса айтты. Хәкімбектің ұлдары Жетісуда орыс өкіметі алғаш рет енгізген лауазымға «жастары бойынша» сәйкес келмеді. Гутковский Тезектің адалдығына сенімді бола отырып, аға сұлтандыққа кандидатурасын қолдады. Гутковский барлаумен тікелей айналысты, оған Тезек пен Шоқанды тартқан да сол. Тезектің қолында өзінен бұрынғы хан Хәкімбекке берілген, олардың отбасы басшысына ұсынылған артықшылықтары бар, 1824 жылғы І Александрдың мадақтамасы (грамотасы) болды.

1850 жылдың көктемінде Тезек Жетісудағы Гутковский жасағына әрі жол көрсетті, әрі күзетті. Ол Борохудзира шайқасында ерекше көзге түсті. Гутковский сұлтанның цин билігімен байланысынан хабардар болса да: «Қытайлар Тезекпен жұмыс барысында байланысады, ал бұл сұлтан бүкіл жорық бойы менімен бірге жүріп, ешбір күдік тудырмады» деді жазды. Тезектің жасөспірім баласы қытайдың сары жібек шапанын киіп, тәккаппарсып мұрнын шүйіріп жүретін [Валиханов, Т.5, 272].

Сары түсті киім киюге циндік мәнжу әулетінің императорлар отбасының мүшелеріне ғана рұқсат етілді. Сол себепті сары шүберек немесе шапан тек терең мағыналы сарай сыйы ретінде берілуі мүмкін.

Тезек тек шыққан тегімен ғана емес, кісілік қасиетімен де туыстарынан жоғары тұрды. Бұл ретте төлеңгіттері мен сарбаздарының қолдауының маңызы зор болды. Олардың адалдығы негізінде

соғысқа жарамды, мықты жасақ әзірлей білді. Ұлы жүз билеушілерінің ешқайсысында 1500 сарбазы бар мұндай үлкен жасақ болған емес. Бұл жасақтар қазақ рулары мен қырғыздарға қарсы жорықтар мен барымталар жасады, бұл жасақтар қоқанды қоршау кезінде – орыстар жағына, қытай бекіністерін қоршау кезінде – көтерілісші мұсылмандар жағында болды.

XIX ғасырдың 50-60 жылдары орыстар Жетісудағы Қоқан хандығына тойтарыс беру үшін Тезек пен басқа билеушілерді сәтті пайдаланды. Жетісудың ықпалды сұлтандары Қарғалы көлінің маңындағы жасырын жиналыстарында қоқандықтарға елеулі қарсылық көрсетпеу туралы шешім қабылдады, ал кейбіреулері Верный бекінісін өртеп жіберуге шақырды. Сондықтан Тезектің әуелі Карбышевтің басшылығымен, кейін К.Гутковский басқарған екі экспедицияға қатысуын Сібір билігі жоғары бағалады. Ол сондай-ақ 60-жылдарға дейін айқын антиресейлік көңіл-күйде және әрекеттерде болған жоқ. Оның 1847-1860 жылдардағы негізгі мүддесі – албандарға билік орнату, суандардың бөлінуіне қарсы күрес еді. Ал оның қоқандықтармен жауласуы патша үкіметінің мүдделерімен тоғысып жатты.

Тезектің замандастарының – орыс барлаушылары, шенеуніктері мен саяхатшылары оның әр жылдардағы сыртқы келбетін дұрыс сипаттап берген еңбектері бар. Сонымен қатар, бізге Тезектің үш портреті жеткен. Оның бірі – Шоқан салған мәнжу офицерінің күртешесі мен құс қауырсыны бар қалпақ киген суреті болса, қалған екеуі – сұлтанды қазақтың бай ұлттық киімінде: алтынмен кестеленген барқыт шапан, аң терісінен тігілген тымақ, былғары етік киіп, тасқа сүйеніп тұрған П.Кошаров салған бейнесі [Валиханов, Т.5, 112].

Томск гимназиясының сызу пәні мұғалімі П.Кошаровты П.Семенов суретші ретінде Тянь-Шаньға экспедицияға шақырады. Тезектің жылы шапан мен түкті бас киім киген күнделікті киіммен сызылған тағы бір портреті бар. Қара мұрты, кішкентай, әдемі шоқша сақалы бар. Жасы да өзге екі портреттегідей дерлік.

Ш.Уәлихановтың портретінде орта жастағы нәзік, өткір жүзді ер адам жүресінен отыр. Шоқан Тезектің қарындасына үйленген. Туысқан хан әулеттері қазақтың жақын туыс арасындағы некеге тыйым салатын салтын сақтамай, саяси мүдделер үшін өзара құдандалы бола береді.

Императорлық орыс географиялық қоғамының өкілі Тезек туралы былай деп жазады: «...оның шығу тегі, туа бітті таланты, жас кезіндегі

жайлы тұрмыс одан біртуар көрнекті тұлға қалыптастырды» [Семенов, 1947, 167].

П.Семеновтен кейін бірнеше жыл өткен соң тағы бір шенеунік А.К.Гейнс те 1865 жылғы 31 қазандағы күнделігінде Тезек туралы алғашқы әсерін былайша сипаттайды: «Бүгін таңертең бізге албан руының сұлтаны Тезек келді. Ол Ұлы Ордада өте беделді адам. Ол полковник формасында еді. Бойы аласа. Оның жарқыраған көздері бөлмені тез шолып өтті. Ол жылдам әрі ақылмен сөйлейді» [Валиханов, Т.5. 272].

Тезекті марапаттауға ұсынған Алатау ауданының бастығы Колпаковский оның еңбек кітапшасына былай деп жазды: «1858 жылдан бастап ресми шенде, 1863 жылдан бастап полковник. Ол мойынға тағатын Анна лентасындағы «Жігерлілігі үшін» медалімен марапатталған, сонымен қатар 343 рубль көлемінде ерекше қаражат алады. Жетісудағы аға сұлтандардың Ресей Сыртқы істер министрлігі белгілеген және соның сметасы бойынша төленетін марапаты болды. Не себепті ұсынылады деген тармақта былай деп жазылған: «Биылғы 18 маусымда Құсмұрын лагеріне қарсы шабуылдаған қытай жасағының әрекетіне қырғыз сақшыларымен бірге жылдам жетіп, оларды ажыратты және ешкімнің қашып кетуіне жол бермеді. «Ерлігі үшін» деген жазуы бар алтын шашкамен марапаттауға болады. Алатау округі мен Ұлы Орда қырғыздарының Қытай шекарасындағы отрядты басқарған генерал-майор Колпаковский қол қойды. Верный қаласы, 1863 жылғы 14 желтоқсан, нөмірі 3185.

1847 жылдан бері Ресей бодандығында болған, Абданов болысының аға сұлтаны полковник Тезек Абылайхановтың қолбасшылығындағы қазақ жасағының сарбазы, 18 маусым күні лагерьде біздің (орыстардың) казактарға қастандық жасаған қытайлық тобырға тойтарыс беруде ерекше батылдығымен көзге түскен Тезектің баласы Батырхан Абылайхановқа бірден прапорщик шенін сұрайды» [ОММ, 64 қ., 1-тіз, 196-іс].

Алатау округінің билігі «ордада үлкен беделге ие» сұлтанды аса жоғары бағалады.

Тезек Нұралиннің есімі 1864 жылы Ұлы жүз қазақтарынан марапатталғандардың тағы бір тізіміне енген. Қалған қатысушыларға лента мен түймеге тағылатын «Батылдығы үшін» немесе «Ерлігі үшін» деген жазуы бар күміс медальдар тапсырылды. Ал полковник Тезекке «Ерлігі үшін» деген жазуы бар алтын шашка берілді [КРО 2, 522].

Марапат 1863 жылы жаздың басында Тезек Борохудзир өзені жағасында болған кескілескен шайқасқа өз жасағымен («Қазақ милициясы» делінген деректе) қатысқаннан кейін берілді. Тезектің Ресей шекара басқармасымен қарым-қатынасы әлі бұзылмаған еді. Цин билігі де Тезекті өзіне бағынышты санауды жалғастырды. Сондықтан орыстарға көмектескені үшін сұлтан мен оның ауылдарын қатаң жазалауды көздеді. Бұл кезде орыс-қытай қарым-қатынасы тым нашарлап, Құлжадағы орыс консулдығы қазақ жасағының сүйемелдеуімен Құлжадан шайқаспен шегінуге мәжбүр болды.

Тезек Ресей мен Қытайдан басқа көршілес қырғыз тайпаларымен жақсы қарым-қатынаста болды. Алайда қырғыз биі Орманбек Іленің шығысына қоныстанғысы келгенде, албандар оны Ыстыққөлге қарай ығыстыруға барын салды. Тезектің замандасы, Боорамбай манап орыс билігімен жазған хат-хабарларында өз заманындағы өзара қақтығыстар туралы мұңын шағады: «Бұл жерге қоқан жағынан да, қытайлардан да ешкім келіп, ештеңе істеуге шамасы келмейді». [История Киргизской ССР, т. 2, 580].

Қырғыз манабы әр жылдары Қытайдың, Қоқанның бодандығында болып, екі рет Ресей бодандығын сұраған. Тезек сондай-ақ Ресейдің де, Қытайдың да шекара органдарына қызмет етті. Жоғарыда аталған Любимов өз күнделігінде: «Біздің билік оларды талан-таражға салып, тонау үшін олардың арасындағы аз да болса даулы жағдайларға (қазақтар арасында – К.Х.) қуанып отырады», – деп атап өтті. [Валиханов, т.4, 305].

Екі халықтың билеушілерінің арасында, ел ішіндегі азаматтық алауыздықты тоқтатуға мүмкіндік берсе, сол мемлекеттің қамқорлығын қабылдауға бейім адамдар да болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ұлы жүз қазақтары өздері мекендеген Жетісудың оңтүстігінде Цин империясының Құлжа аймағына дейін және қырғыздар мекендеген Іле Алатауының оңтүстік тау жоталарына дейін орналасуына байланысты соңғыларымен жиі қақтығысуға тура келді. «Ұлы Орда қырғыздары (қазақтары) өздерінің шетелдік жыртқыш көршілерінің шапқыншылығы мен барымтасына үнемі ұшырағандықтан, өзін-өзі қорғауда батыл әрі жігерлі жолдар іздеуге мәжбүр болды. Тіршілік үшін тәуелсіз күрестің бұл шарттарын олардың арасында XIX ғасырдың ортасында менің әрекеттерімнің аты аталған одақтастары, атап айтқанда Тезек сұлтан мен Атантай билер жататын осындай батыл да қаһарман тұлғалар әзірледі», – дейді П.Семенов. [1947, 168].

Қазақтар батыр деп басқыншыларға қарсы күресте жауынгерлік ерлігімен ерекшеленгендерді ғана емес, мал барымталауда да батылдығымен көзге түскендерді де атаған. Жылқы барымталау – қазақтар үшін жекпе-жек өнерінің өзіндік мектебі болғаны сөзсіз. Тезек, сірә, Ұлы жүз бен көрші халықтармен аса байланысы жоқ руларының малын ұрлаудың тәуекелшіл ісін жақсы меңгергендігінің арқасында батыр атанып, атақ-даңқы аспандаған болса керек. Ол туралы «беймаза адам» деп бекер айтылмаған [Валиханов, т.4, 368].

Дулат руының сұлтаны Адамсат «Тезек оның ауылын тыныштықтан айырып, төлеңгіттері арқылы суандардың малын ұрлағанымен қоймай, сол үшін қанағаттанарлық құн төлемей жатыр деп шағымданады». Келтірілген құжат Тезектің Адамсат Ибаковпен бақталастығының бір себебін де ашып көрсетеді. 1855 жылы Тезек Адамсат сұлтанды қол астындағылармен қоса өзіне бағыныштты етуге ұмтылды. Ұлы жүздің приставы келгенде Қапалда жүрген Адамсат оған: «Тезек сенің алдыңда мысықтай, ауылға барса жолбарысқа айналады» – деп ренжіді [Валиханов, т.4, с.374].

Гутковский Тезектің құқығын үнемі қорғап отырды. Сонымен бірге Адамсаттың талабын да түбегейлі жоққа шығармады. Патша үкіметі Жетісудағы табысты молайтуда Тезекке сенім артты.

Тезек сұлтанның досы әрі әріптесі Атамқұл туралы: «... әділдігімен, ұстамдылығымен аты шыққан, өз руының ең жақсы батыры атанған. Майдан даласында – ержүрек, бәсекеде (турнирлерде) – епті, кеңес пен қоғамдық сотта – дана, «ештеңеден тайсалмас ер мінезді сері» ретінде өзін көрсетті» делінген [Валиханов, 4т, 161].

Тезектің суан руынан шыққан биі Қожбамбет сұлтан болды, сұлтанның өзі де талай рет билер сотына, соның ішінде қырғыздармен болған дауларға қатысқан.

Сол кездегі ұғым бойынша Тезек отбасы аса үлкен емес еді. Барлық мәлімет Тезектің «ақсүйекке» жататынын айғақтайды. Алайда шешесінің шыққан тегі белгісіз. Ал сұлтанның Байқоңыр, Дәнекер (оны Жарылқамыс деген бір жалайырдан тартып алған дейді) деген екі әйелі болған. Тезектің қанша баласы болғаны белгісіз. Сүйікті ұлы Батырхан апиын тұтынған, бірақ сұлтан ол туралы жаман сөз айтуға жол бермеді. [Үмбетәлі, 2014, 2, 178].

Тезектің ең үлкен ұлы мен ең кіші ұлы 1860 жылы басталған шешек індетінен қайтыс болды [Махаева, Тойшыбек би, 151-152].

Бір қызы Зәріпбек манаптың туысы болып келетін қырғыз манабының әйелі болды. Оның қырғыз күйеу баласының туыста-

ры Верныйда қамауға алынып, Тезек оларды басқа қырғыз әулеті – сарыбағыштардан алмақ болған салығы есебінен құн төлеп, босатып алуға талпынды [Уәлиханов, т.75, 166- 167].

Басқаша айтқанда, ол 1855 жылы солты мен сарыбағыш руларының қырғыз феодалдарының өзара жанжалына да араласты. Ол өз беделін пайдаланып, Верный билігінің алдында туыстары үшін әбігерге түсті. Бұл манап Боорамбайдың наразылығын тудырып, ол бұл туралы Верный қаласының әкімшілігіне жазған.

Тезек барлық істе дәстүрлі феодалдық заңдар мен әдет-ғұрыптарды ұстанды. Біреудің малын ұрлаудан келтірілген зәбір, материалдық залал үшін айып пен құнды қашан, қанша талап ету керектігін, өтемақы төлеуден қашан жалтаруға болатынын білді. Бәлкім, бұл жерде солты руынан шыққан қырғыз манабына тұрмысқа шыққан қызы туралы сөз болса керек. Тағдырдың тауқыметі күйеу баласын Шыңжаңға қоныс аударуға әкелді. Ол Тұрпанға жақын маңдағы шекарадан жырақта пана тапты. Тезек көрші қырғыздардың текті руларымен туысқан болды. Сонымен бірге Абылай тегін иелене отырып, рудың басқа тармақтарымен де құдандалы болуға тырысқан.

Сұлтан өзінің бір қарындасы Айсараны Шоқанға күйеуге берді. Егер ол оның өлім аузында ауырып жатқанын көрсе, бұл қадамға шынымен барар ма еді? Шоқан өлген соң әмеңгерлік заңы бойынша Айсара қазақ жесірлерінің ащы тағдырынан құтыла алмай, Шоқанның інісі Жақыптың әйелі болады. Бақытына орай, Шоқанның ата-анасы оны жақсы көрді. Тезек басқа туысқанын (қарындасын?) орыс әскери қызметінде болған Ғази-Болат Уәлихановқа тұрмысқа берді. Қызы Күлхан аудармашы Есмұхамед (Иш-Мұхаммед Сюк-оғлы Аблайханов) Аблайхановқа тұрмысқа шыққан. Бұл неке, бәлкім, отбасы үшін де, Тезек үшін де сәтті деуге болады.

Оның қызметтік тізімі айтарлықтай болды [ИКвРИ, т. VII, 11б, 494-499], күйеу баласы әрі куәгер, әрі қатысушы болған оқиғалар туралы жазба қалдырмағанына ғана өкінуге болады. Бұл сұлтан өз жерінде Алматы станциясы, кейінірек Верный қаласы салынғанға дейін Жетісудың бақылау орталығы болған Қапал бекінісі салынған Абылай ханның кенже ұлы Сөктің отбасынан шыққан.

1852 жылы туған Жошы сұлтанның ұлы Есмухаммед Сібір әскери гимназиясында білім алған, бірақ ғылымның толық курсын аяқтамаған. Қызметін 1870 жылы Сібір казак әскері құрамында урядник шенінен бастап, 1871 жылы Жетісу казак әскеріне ауыстырылып, Алматы кентіне қоныстанды. Біраз уақыттан кейін қызметтен босаты-

лады, осы аралықта екі рет әскери оқуға жіберіліп, Жетісу облыстық әкімшілігінің жолдамасымен Түркістан генерал-губернаторлығының қарамағында қызметке тағайындалған.

Ол коллеж тіркеушісіне, Далалық генерал-губернаторлығына қырғыз және мәнжу тілдерінің аудармашылығына, ерекше тапсырмалардың штаттан тыс шенеуніктігіне ауыстырылды. Есмұхаммед еңбек сіңірген жылдары қажырлы еңбегі мен тапсырмаларды адал орындағаны үшін үнемі жоғарылап, мемлекеттік кеңесші дәрежесіне дейін жетті.

Ол IV дәрежелі Әулие Владимир, II және II дәрежелі Әулие Анна, христиан еместер үшін белгіленген II дәрежелі Станислав орденін, сондай-ақ ақшалай ынталандырулар алды.

Есмұхаммед болашақ патша, тақ мұрагері II Николаймен бірге 1891 жылы Пресно-Горьковская шебінен Орынбор губерниясының шекарасына дейін сапарлас болды. Ол үшін марапаттар, сондай-ақ тақ мұрагері атынан ақық тастармен әшекейленген жүзік сыйға берілді. Оған 800 рубль көлемінде «жоғарлатылған мөлшерде» зейнетақы тағайындалды. Ол оның бір жылдық жалақысына тең болатын (аудармашы қызметі үшін қосымша 400 рубль тамақ ақшасын алатын. Тамаққа берілетін бұл ақша қайын атасы Тезектің жылдық жалақысынан да көп еді).

Есмұхаммед, әрине, монархияның адал қызметшісі болып қала берді. Революциядан кейін Шыңжаңға шегінген атаман Дутовтың қарамағында болған аудармашы Абылайханов осы емес пе?

### 3.4.2. Тезек төренің дәуірлеуі мен құлдырауы

Тезектің дәуірлеуі 1848 жылдың аяғында басталып, 1849 жылы пристав Гутковскийдің ұсынысымен албандардың аға сұлтаны лауазымына ресми бекітілді. Орыс үкіметі аға сұлтандардың ешқайсысын Тезектей ерекшелеген емес, ол шен артынан шен алды.

Тезек сұлтан Хәкімбектің мұрагерлігін ала отырып, Ресей империясының саясатындағы Ұлы жүз сұлтандарына жүктелген рөлді де иеленді. Бұл көрнекті рөл Ұлы жүз билеушілерінің Батыс Қытаймен сауда байланыстарының көп ғасырлық дәстүріне негізделді.

1851 жылғы Құлжа келісімінің нәтижесінде Цин империясының шет аймағында Ресейдің тікелей сауда қатынасының орнауы, қазақтардың бұл өлкедегі саудада делдал рөлінен аласталуы Ресейдің келесі міндеті – Орта Азия хандықтарын жаулап алуы ба-

рысында үлкен жәрдемін тигізді. Осы факторлар оның Тезек сұлтанға деген көзқарасына да әсер етті.

Тезек XIX ғасырдың ортасынан бастап саяси капитал жинай бастады. Ол верныйлық және мәскеулік ықпалды орыс шенеуніктерінің тамаша ұсыныстарына бірден ие болды. Тезек Тянь-Шаньдағы билік үшін күресте негізінен Верный мен Қапал қалаларының отаршыл орыс билігінің көмегіне сүйенді.

Көрнекті саяхатшы П.П.Семёнов сұлтанмен 1856 жылы албандулаттардың съезінде танысты. Ол сол жиыннан соң Тезек өз жасағымен оны Ыстықкөлге дейін, қырғыздың бұғы руының әйгілі биі Боорамбайдың қонысына ертіп баруға келісімін алады. Семеновтың мақсаты Ресей бодандығына бет бұрған бұғы руын Қоқан хандығының қамқорлығындағы қырғыздың тағы бір руы – сарыбағышпен татуластыру болды. Тезек Петербургтегі Бас штабтың тапсырмасымен саяхаттап келе жатқан П.Семёновқа жол көрсетіп, оны күзетуге келісті. Бұл туралы П.Семеновтың өзі былай деп жазады: «Менің әсіресе Тезекпен жақындасуым тез болды. Өйткені ол өзіне тән ақыл-ойының дәлдігімен өз рөлінің қай жерде басталып, қай жерде аяқталатынын түсінді. Мен Боорамбай жерінде болған кезімде, менің бүкіл жол бойы қалыптасқан беделімді, өзімнің қырғыздардан ешқандай алым-салық алуға жол бермейтінімді, біздің қамқорлығымызға өткен бұғылықтардан ешқандай сыйлық қабылдамайтынымды және берген көмегіміз үшін Боорамбайдың бар алғысы Тезекке түсетіндігін біле тұра, барлық салт аттыларымен бірге өзін толық менің билігіме беріп өзіне тиімді жолды тапты [Сол жерде]. Расында, Тезекке Боорамбайды сарыбағыш руының тұтқынынан құтқарып, оның Теріскей Алатауы мен Зәуке алқабын қайтаруына көмектесуге тура келді. Боорамбай Тезек пен оның сарбазына дала заңы бойынша алғысын білдірген шығар деп ойлаймын.

Тезек орыстың ірі шенеунігіне еріп жүруге мынадай себептермен таңдалды:

1. ол қазіргі Алматы облысының аумағындағы көшпелі руларды иемдену туралы талаптарында Ресейдің көмегіне сүйенді;
2. ол кезде көрші қырғыздың бұғы руымен және жеке Боорамбаймен жақсы қарым-қатынаста болған;
3. Тезек Ұлы жүздің ықпалды билеушісі болған және мұнда әр түрлі дау-дамайларда батыр, шешен және айлалы қазының даңқын лайықты пайдаланған;

4. ең бастысы, ол 1500 атты әскерден тұратын жеке жасақ жинай алды [Валиханов, т.4, 155].

П.Семенов Тезек пен оның адал кеңесшісі әрі батыр Атамбайдың шешендігі мен беделіне албан және дулат рулары арасындағы ауыр дауларды талдау барысында көз жеткізеді. Оның саяхат жазбаларында Тезек туралы көптеген мақтау сөздер бар: «ақыл-ойы мен батылдығымен бүкіл Жетісуға әйгілі, атбандардың сұлтаны Тезек, бүкіл Қырғыз (Қазақ – К.Х.) даласына өте танымал...»; «Ұлы жүздің приставы полковник М.Перемышльскийдің «тізімінде» тұрған Ұлы Орда сұлтандарының ең іскер, ең батылы». Сірә, сұлтан осы приставтың да сеніміне кірген болуы керек.

П.Семенов өзінің басты міндеті – Тянь-Шань аймағын географиялық сызбаға түсіруді Тезек пен оның жасағының көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес немесе аса қиынға соғады деп топшылады: «Тезекпен жан-жақты танысқаннан кейін мен көп ұзамай осындай одақтаспен Ресей жағынан Орта Азияның қойнауына, сол уақытқа дейін география ғылымы үшін қол жетпес болған Азия материгінің ең орталық тау жүйесі – Тянь-Шань жер қойнауына сапарымды жалғастыру туралы ежелгі арманымды орындай аламын деген қорытындыға келдім» [Валиханов, 4, 168].

Сонымен қатар, Ресей Тезектің көмегімен маңызды саяси тапсырманы – Верный билігінің айтуы бойынша, Қытай императорына тәуелді деп саналған атақты бұғы тайпасын өз жағына шығарып алуды жүзеге асырды. Орыс әкімшілігінің маңызды мәселелерін шешуде Тезектің көмегін ескерсек, П.Семеновтың жол жазбаларында Тезек бейнесінің дәріптелуіне таңданудың керегі жоқ.

Бастапқыда Тезек Шілік өңіріндегі қоныстар мен тау жайылымдарына иелік еткен болуы мүмкін. Қоныстармен бірге сұлтанға бағынатындар саны жыл санап өсті. Алатау округінің және Ұлы жүз қырғыздарының (қазақтарының) приставы Тезектің қол астындағылар мен бұғы руының қырғыздары иеліктерін, оның ішінде Қытайдағы қоныстарын нақтылауды қолға алды. 1861 жылы подполковник Тезекке сұрау жіберілді. Ол біраз кешіктіріп, Іле өзенінің екі жағындағы албандар мен суандардың көшпелі қосындары Құлжаға қарсы Үш-Ақсу шатқалына дейін жетеді, ал батыста – Шуға дейін, солтүстігінде – Көлжат, Түрген, Малайсары, Көксудан Қопал ауданының Жеңкесіне дейінгі жерлерін қамтиды деп жауап берді [ОММ, 3 қ., 1-тіз, 3-3 айн.].

Тезек басқаруына қарасты аумақта Құлжа өңіріне баратын – маңызды Алтын-Емел өткелі, оның арғы жағында Үйгентас

аймағы болды. Қазақ феодалдарының, сібір, татар және Орта Азия көпестерінің барлық сауда керуендері Құлжа (Іле) қаласына жету үшін Үйгентас пен Қорғас алқабы арқылы өтуге мәжбүр болды. Сондықтан Тезек Қытайға, Қытайдан Сібір мен Орта Азияға баратын жолдағы осы маңызды стратегиялық бекетті өз бақылауында ұстады. П.П.Семёнов оны «таулы өлкенің қожайыны» деп атауы кездейсоқ емес.

Тезекке алғашқы офицерлік шен аға сұлтандыққа сайланғанына 10 жылдай болған соң 1858 жылы берілді. 1859 жылы ол капитан дәрежесін алды. Одан кейін Пішпек (Бішкек) қоршауында ерекше көзге түсті. Марапат ретінде Алатау округінің және Ұлы жүз қырғыздарының (қазақтарының) бастығы лауазымын атқарушы Г.А.Колпаковский 1860 жылы сұлтанға подполковник шенін беру туралы ұсыныс жазды. Ол былай деп атап көрсетті: «Жорық кезінде қырғыз (қазақ – К.Х.) жасағының басшысы болды. 1 қыркүйекте Пішпек бекінісінің гарнизоны су алатын арнаны тауып, оны бөгеуге өз қырғыздарымен (қазақтарымен) бірге жұмыс істеп, көп күш пен тынымсыз еңбектен кейін бекіністен суды толығымен бұрып алды. 2 қыркүйекте ол таудан шыққан қара қырғыздардың үлкен тобына тез жетіп, оған шабуыл жасады. Содан кейін екі жүз казакпен бірге, оларды таудың адам баспас қиясына дейін өкшелей қуды. Чумич (қазақша шөміш – бақыраш, ожау, шөміш) аяқ өткеліне алдын-ала барлау кезінде барлаушыларға шабуыл жасауға әрекеттенген қара қырғыздардың тобын талқандап, бұрын қолға түскен бір биді құтқарды және жылқылардың едәуір бөлігін қайтарып алды. Жасақ Шу арқылы өткенде бірінші болып жаяу әскерді атпен тасымалдаудың үлгісін көрсетті, оны қырғыздар қысқа мерзімде орындады» [ИК в РИ, т.7, ч.1, 557558].

Тезектің көшпелілердің қаланы қоршауға алу тәжірибесін (1757 жылы Төле би сарбаздарының Ташкентті қоршауға алуын, ол да суды бөгеп тастағанын еске түсіріңіз) жақсы меңгергенін және қолданғанын көреміз. Ол алдымен қала қорғаушыларын судан кесті. Содан кейін өзінің атты әскерін өзеннен өткізіп жіберді. Ал жылқы үйірін айдап кету қай кезде де қазақ батырларының әскери даярлығының бір бөлігі болатын. Алайда бұл жолы Тезек сұлтан ерліктің жеке үлгісін көрсетті. 1861 жылғы 31 қаңтардағы бұйрықпен оған подполковник шені лайықты түрде берілді.

Бір жыл өтпей жатып, 1862 жылы 29 желтоқсанда Колпаковский Батыс Сібір генерал-губернаторлығына баянат жазып, Тезекке пол-

ковник шенін беруді сұрайды. Мұндай шендер туралы, мысалы, оның замандасы Шоқан армандай да алмайтын. Баянатта: «Ордада үлкен беделге ие, өте ықпалды сұлтан. Экспедицияға өз еркімен қатысып, жеке ерлік көрсеткені үшін полковник шенін беру керек» делінген [ИКвРИ, т.7, ч.1, 596].

Бұл жолы Тезек аға сұлтанның жылдық жалақысы болатын 343 рубль мен Анна лентасындағы мойынға тағылатын «Батылдығы үшін» деген жазуы бар алтын медальмен марапатталды. Бұл медаль ең төменгілердің бірі еді. Одан да жоғары Ресей императорының портреті бар Андреев лентасындағы алтын медаль болатын. Жетісулық Абылай ұрпақтарының ішінде бұл медальмен тек Сөк сұлтан ғана марапатталған.

Тезек пен оның жасағы шайқастардан түскен табыстан (олжадан) лайықты үлес алды. Олар олжа ретінде жылқылар мен мүліктер алғанын, бұл олардың Ресей жағында болуына түрткі болғанын ұмытпауымыз керек. Орыс қолбасшылығы Орта Азия қалаларын басып алғаннан кейін, басып алған қаланы үш күн бойы тонауға жиі рұқсат беретін.

Ол кезде қазақ сұлтандарында полковниктен жоғары шен болмаған. Бірақ олардың көпшілігі шенді әшейін атақ үшін ғана алды (соның ішінде Шоқанның әкесі Шыңғыс та бар). Ал Тезек сұлтан өзінің қарулы жасағын ұсынып қана қоймай, соғыс қимылдарына жеке өзі қатысып, атты әскерін де шебер басқарды.

Ресей әрқашан дос билеушілерінің келісімімен ғана емес, Жетісуға өзбеттерімен де табанды ілгерілей бастады. 1854 жылы Алматы шатқалында Алматы станицасын, кейінірек бекініс пен қаланы салды. 1859 жылы қырғыз-қазақ шекарасында Қастек бекінісінің негізі қаланды. Бұл бұрыннан Құлжа мен Алатау сілемдерінің солтүстік беткейіне дейін созылып жатқан үйсін, дулат, албан-суан руларына қарасты аумақ еді. Ұлы жүз бен қырғыздардың маусымдық қоныстарының бір бөлігі Қытай Түркістанының шекарасында болатын. Қытайға немесе басқа мемлекетке бағынуды таңдау Ұлы жүз бен Орта жүздің шекаралық қазақтарына және казактар мен отырықшылардың қыспағына ұшыраған қырғыздар үшін барған сайын ауырлай түсті.

Абылайдың баласы Сөк басқарған, ол өлгеннен кейін оның ұлдары Сабек пен Доломбай басқарған Ұлы жүздің байжігіт руы Қытайдың Шәуешек ауданындағы, Іле өңірінің батысындағы қыстауларды көп жылдар бойы пайдаланды. Бұл сұлтандар «Шәуешек тұрған жердің

бәрі және Шәуешек маңындағы жер ежелден соларға тиесілі; бұл қырғыздардың (қазақтардың – К.Х.) ажырамас меншігі» деп санады. Олар көрген құқайына байланысты цин билігіне Ресейдің қамқорлығына өтуге ниетті екенін айтқанда, шәуешектік цанцзань дачэнь (мәнжу тілі – хэбэй амбань) оларға Ресейге қоныс аударуды ұсынды. Алайда, Абылай ханның ұрпақтары бұл сөздерді қисынсыз деп санады, өйткені олар өздерінің қонысына заңды иелік ететініне күмәнданбады. «Егер байжігіттер (яғни, олардың сұлтандары) Ресей бодандығына өтуге шын ниетпен жоспар құрып жатса, бұл олардың қиналып жүргені: біздің қырғыздар (қазақтар) оларды қыспақтап жатыр», - деп есептейді орыс шенеунігі әрі барлаушы Н.И. Любимов [Валиханов, т.4, 305].

Ол 1845 жылы жазда көпес Хорошевтің атын жамылып, олардың қоныстары арқылы Шәуешекке өткен. Қала қазақтардың қоршауында орналасқан.

Қырғыздың басқа руы – сарыбағыштардың қысымымен Қарқара мен Текеске қоныс аударған қырғыз манабы Бооромбай өзінің адалдығы үшін Цин үкіметінен көмек сұрайды.

20-60 жылдардағы құжаттың көпшілігі бізді белгілі бір елге бағынышты болу мәселесі қазақ-қырғыз рулары арасында негізінен екі жағдайда туындады деген тұжырымға итермелейді:

1. руластарымен ішкі күреске байланысты;
2. көрші мемлекеттердің бірі олардың жерін тартып алу арқылы қудалаған жағдайда.

Көшпелі қазақтар мен қырғыздардың менталитетінің ерекшелігі – ата-бабалары қоныстанған жерден ажырамас құқығы бар вассалитет мәселесін көбірек қарастыруында болды. Өкінішке қарай, бұл мәселе олардың меншік құқығын растайтын құжатта емес, дәстүрге, осы жерді ұзақ жылдар мекендегеніне ғана негізделді. Алайда, бодан болу өз жемісін берген жоқ. Тіпті өзара қақтығыстардан да құтқармады: Себебі ішкі араздықты өршіте түсу – империялық басқарудың негізгі принципі болатын.

Сонымен қатар, қос держава Орталық Азиядағы ықпал ету салаларын бөлу саясатында ұсақ билеушілердің шарасыз өтініштеріне, егер бұл өздерінің басымшылдық мүддесіне сай келсе ғана назар аударды. 1862 жылы бұғы руының манаптары орыс өкіметіне тағы да жүгінді: «Ресейге бағынышты бола отырып, біз қытайлардың езгісінен құтылып, тыныш өмір сүреміз деп үміттенген едік. Бірақ олар осы күнге дейін бізді басынып, Текес, Мұзарт, Кеген бойындағы

қоныстарымызды, «өз жеріміз» деп атап, тартып алды. Ал бұл секен ежелден ата-бабамыздан қалған біздің меншігіміз болатын, қазіргі кезде, тіпті «Ресейге бағынышты халық ретінде патша меншігіне» - деді қырғыздар [История Киргизской ССР, т.1, 582].

1863 жылы бұғы руының қырғыздары Шыңжаңға өтпек болды. Оларды қуғындаған орыс жасағы тағы да цин шекарашыларының шабуылына ұшырады. Жетісудың Ресейге тәуелділігі күшейіп, көршілес Шыңжаң циндердің езгісінен уақытша құтылды.

Цин империясының солтүстік-батысындағы ұлттық шет аймақтары, тіпті Тезектің тірі кезінде де, XIX ғасырда Қашқария мен Іле аймағының батыс бөлігін жаулап алу әрекеттерінен ғасыр бойы бас тартпаған ұйғыр діни жетекшілерінің күшті қозғалыстарынан шайқалды. Цин әулеті ұйғыр қалаларының үстінен қарайтын уақытша билігінен, сонымен қатар шекаралас қазақ-қырғыз тайпаларын қадағалайтын онсыз да әлсіз бақылауынан мүлде айырылды.

1824-1828 жылдары Жаһангер қожаның шапқыншылығы салдарынан Қашқария құлады. Цин әулеті билігін қалпына келтіремін дегенше, екі жылдан кейін, 1830 жылы Жүсіп қожа Қашқарияға басып кірді.

1847 жылы жеті қожа көтерілісі басталып, араға 10 жыл салып, 1857 жылы мұнда Жаһангердің ұлы Уәлихан төре таққа отырды. Қытай билігі үшін көлемі жағынан да, салдары жағынан да одан күштірек 1864 жылғы Қытайдағы мұсылмандар – ұйғырлар, дүнгендер және басқалардың көтерілісі болды. Келесі жылы оңтүстік Тянь-Шань өлкесінде Жетішар (Йеттишар) мемлекетін құрған, орыс қызметіндегі қоқандық Якуббектің Шыңжаңды жаулап алуы аяқталды. Жоңғарияда Іле сұлтандығы құрылып, орталығы Құлжа болды. Бұл қозғалыстарға қатысқан қырғыздардан алынған жауап көрсеткендей, олар да ұйғырлар сияқты қожаларды өздерінің діни жетекшілері ретінде құрметтеген. Қырғыздар өз қоныстары мен мекендерінде оларға Қашқар жорығына дайындауға көмектесті. Ал олардың басшылары Қашқарды басып алуды өздері жүргізді. 20-60-жылдары Шыңжаңдағы билік көтерілісшілер қолына өтуі салдарынан, ондағы қазақ-қырғыз қосындары мен кенттері орналасқан шекаралық аумақта Цин империясының бекеттік қызметі бірнеше рет бұзылды.

Көтерілісшілерді басып-жаншу мен олар иеленген ұйғыр қалаларын әулет билігіне қайтару үшін цин әскерлері Қашқарияға топтанды. Көптеген қазақ-қырғыз көшпелілері шекарадағы

қиыншылықтарды пайдаланып, цин шекаралық гарнизондарынан мал ұрлай бастады. Бұл әсіресе, Қашқария мен қырғыз шекарасына қатысты болды. Осы жағдайлардың барлығы Жетісу халқының 50-70-жылдардағы көшіп-қонуына әсер етіп, Тезек сұлтан тарапынан ескеріліп, оның ой қорытуына түрткі болды.

Тезек дипломатиялық сипаттағы небір қиын тапсырмаларды орындап, Ұлы жүздің орыс приставы мен Дала генерал-губернаторының сеніміне кірді. Ол приставтың қолдауымен Жетісудағы қазақ барымташылары ұрлаған малды жинап, Құлжаға жеткізді және 1851 жылы Құлжа келісіміне қол қойылғаны туралы Верныйға бірінші болып хабар берген. Құлжадағы достық миссиясына байланысты оны Іле цзянцзюні қабылдап, цин әскерінің полковнигі дәрежесіне дейін көтерді.

Іле цзянцзюні өз адамдарын қазақ даласына бағыттағанда, Тезекке тоқтауға кеңес беріп, сұлтаннан оларды жақсы қарсы алып, шығарып салуын өтінеді. Сұлтан қарақшыны, яғни барымташыларды ұстауға көмектескені үшін, тіпті қолға түскен адамның біреудің орнына қойылған адам екенін біле тұра Іле генерал-губернаторынан сыйлықтар алады [Валиханов, т.4, 373-377].

Сөйтіп, Тезек орыс әскерінің және кейінірек цин әскерінің полковнигі шенін алды. Бірақ ол ата-бабасының Қытаймен қарым-қатынасына бала кезінде араласқан. Оның ордасы цин, орыс, қырғыз және қоқан елшілері мен атшабарларының жүк ауыстырып тиейтін бекеті болды. Сондықтан Тезек халықаралық шиеленістердің бел ортасында жүрсе де, әрқашан өз мүддесін қорғады.

Тезек те атасы Құлан сияқты Іле билігінің алдында, олардың өтініші бойынша кейде чахар-моңғолдарының шекара гарнизондарының малын тонаушы қазақтарды тапсыру, сондай-ақ олардан алынған малды Құлжаға (Іле) қайта айдап апару сияқты жарамсақтықпен қызмет етті. 1829 жылдың күзінде ол 250 жылқы мен 9 түйені айдап апарған Хәкімбек елшілерінің қатарында болды. Келесі жылдың жазында Тезектің қатысуымен чахар гарнизонына тағы да 100 жылқы, 4 түйе айдап апарылды. Қалыптасқан тәжірибе бойынша Іле генерал-губернаторы оны мата кесінділерімен және шайдың түрлі сорттарымен марапаттады [Чжун Э вайцзяо, кн. 1,9].

Тезек билеуші болғанда да, барымташы деп мүлде басқа, есі ауысқан адамды, оны өлім жазасына кесуі немесе мойнына бұғау кигізіп жазалауы мүмкін деп ойламастан Құлжа билігіне тапсырып, жалған қылмыскер тапсыруға жиі баратын. Сондай-ақ оның

қайтарған мал басының ілеспе хатта көрсетілген көрсеткіштен әлдеқайда аз екені жиі анықталды. Мұндайда жұрттың барлығы – қаскүнемді ұстаған Тезектің өзі де, төлеңгіттері де, албан төресінің алдамшы адалдығын тамаша көріп отырғандар да, оны қабылдаған Іле әкімшілігі де риза болатын. Циндер оның Ресейге қызмет етуінен хабардар болды. Артынша Тезек өзінің жігіттерімен бірге Қытай мұсылмандары жағына шықты.

1864 жылы Тезекке Верныйдағы мұсылман көтерілісшілеріне қарсы көмек көрсету туралы өтінішін жеткізу үшін Іле генерал-губернаторының елшісі келеді. Сонымен бірге ол Черняев әскерінен ауыр сезіммен кеткен сұлтан мен өз ауылында болған Шоқан Уәлихановқа Түрген өлкесіндегі орыс отрядына азық-түлік және басқа да нәрселер дайындалғанын жасырын хабардар етті [Уәлиханов, 4-том, 162].

Цин шабарманы туралы Ш.Уәлиханов 1864 жылдың тамызынан 1865 жылдың ақпанына дейін Г.А.Колпаковскийге жазған хаттарында айтылады. Тезек ауылы Іле генерал-губернаторының өтініші бойынша көтерілісші мұсылмандарға қарсы әскери көмек көрсету жөніндегі орыс-цин келіссөздерінің орталығына айналды. Шоқан және Ғази-Болат Уәлихановтар мен олардың туысы Тезек бір мезгілде көтерілісшілердің көсемдерімен жасырын байланыс орнатуға ұмтылған Верный әкімшілігінің қайшылықты саясатының әрі қатысушысы әрі куәгерлері болды.

Тараншы (ұйғыр) бектері де Тезекке «орыс өкіметіне елші жібере алар ма екен» деп өз адамдарын жібереді [Валиханов, т.5, 168].

Іле цзянцзюнінің генерал Колпаковскийге жазған хатында Құлжа өлкесінің жағдайы туралы: «...біздің әскерлер ұрылармен (бүлікшілермен – К.Ш.) істес болды, ал ұрылар әлсіреп, қашып, Құлжа қаласын панаалады да, одан жан-жаққа тарап, тонау жасап, бүлік тудыру үшін өз адамдарын төңіректегі жерлерге жіберді. Мемлекеттеріміздің арасындағы келісімді бұзу үшін Тезекке сыйлыққа күміс пен шәй жіберді. Бірақ Тезек Сіздің жоғары билігіңізге мойынсұна отырып, олардың жауыз ниеттеріне құлақ аспады» [Валиханов, т.5, 172].

Құлжа үшін қайғылы жағдайда Ресейге мойынсұнған адам ретіндегі Тезек туралы сөз, оның циндік әскери шені болғанына қарамастан, цин тарапы шекара маңындағы албандар мәселесінде онымен ымыраға келуге дайын болғанын болжауға негіз болады. Қисынға келсек, Цин билігі, сұлтанның ұстанымы туралы өздеріне

өте жақсы белгілі болғанына қарамастан, ресми құжаттарда Тезекті орыс бағыныштысы емес, өз адамымыз деп атаулары керек еді. Демек, Тезек орыс билігінің қазақ, қырғыз, дүнген және ұйғыр көтерілісшілерімен, сондай-ақ қытайлармен қарым-қатынасында делдал қызметін атқарған. Сонымен бірге ол Іле әкімшілігінің Омбы және Верныймен байланыстарында нұсқауларын орындап, Цин империясының сенімді адамы болды. Алайда дәл осы кезде сұлтанның Қоқанмен қарым-қатынасы күрделі болғаны анық. Ресей билігімен бірге Қоқан хандығына қарсы соғысқанда оның саяси біржақтылығында ислам ерекше рөл атқарған жоқ.

Осылайша, Ресей мен Қытайдың шекаралық билігінің қамқорлығына ие болған Тезектің дипломатиялық қабілетіне толық көз жеткізе аламыз. Екі жақ та шекара белгіленбес бұрын Тезек сияқтылардың қызметіне мұқтаж болып, оның мінез-құлқының екі жақтылығына әзірге көз жұма қарауға мәжбүр болды. Оның әрекетіне саяси аман қалу, албандар мен суандарға билікті сақтап қалу, оны Жетісудағы басқа туысқан тайпаларға тарату ниеті себеп болды.

1865 жылы көктемде генерал М.Черняев басқарған Ташкент жорығына орыс әскерлері, офицерлері, саперлері, инженерлері және басқа да қатысушылары Семей мен Жетісу арқылы жолға шықты. Генерал Қоқан бекінісін Пішпек (Бішкек), Ташкент және басқа елді мекендерді қорғағандарды қатты жазалады. Көтерілісшілерді зеңбіректің аузына байлап, олардан оқ жаудырып, «үнді жазалауын» қолданып, аяусыз қырып-жойды. Сондай-ақ, ол жаулап алған қала мен ауылды бір күн немесе одан да көп уақытқа өз сарбаздарының тонауына берді. Сондықтан да наразылық белгісі ретінде Шоқан орыс әскерінен іс жүзінде қашып, аса күйзеліспен Тезек төренің ауылына жетті. Оның ескі сырқаты қатты күйзеліске түскендіктен асқынып кетуі мүмкін. Егер, әрине, мұның бәрі жаңа жауапты тапсырмаға дейінгі кезекті аңыз болмаса. Әрине, Тезек онымен тек туыстық қана емес, достық қарым-қатынаста да болғандықтан Шоқанның басынан кешкен оқиғаларынан хабардар еді. Алайда, ол кезде мұндай әсерлі сезімталдықтан жоғары тұрды және Қоқан хандығымен соғысқа қатысқаны үшін Ресейден лайықты әскери марапатын қабылдады. Айтпақшы, Ш.Уәлиханов та әскери дәрежесін көтеру үшін Ташкент жорығына қатысуға бел буғанын достарынан жасырмады.

Тезектің саяси белсенділігі Жетісудың тәуелсіз болып қалуы, оның төңірегінде сыртқы күштердің тепе-теңдігі сақталған 40-жылдардың

аяғында басталды. Сондықтан ол өзінің өршіл мүддесін қорғай отырып, екі билік арасында тепе-теңдікті сақтай алды. Ресейдің Омбы әкімшілігі, одан кейін бір жағынан Алатау приставы, екінші жағынан Цин империясының Іле генерал-губернаторы сияқты сыртқы күштер онымен ынтымақтастық орнатуға өздері мүдделі болды. Екі елдің шекаралық билігі Тезек пен Ұлы жүздің басқа сұлтандарының қарсы жақпен қарым-қатынасының сипатын білсе де, олардың тұрақсыз мінез-құлқының шынайы себебін түсініп, бұған көнуге мәжбүр болды. Шекара әкімшілігі өз елінің мүддесі үшін Тезекпен және басқа сұлтандармен байланысын нығайтуды жалғастыра берді. Қоқан хандығының Ұлы жүз бен қырғыз билеушілерінің «опасыздармен» қарым-қатынасын үзбей, жоғары бағалағанына да шыдауына тура келді.

Орта Азия хандықтарын қарудың күшімен жаулап алу кезеңін бастаған Ресей империясының пайдасына сыртқы күштердің тепе-теңдігі бұзылғанда, ал оларды кейін – саяси, әкімшілік, құқықтық және әскери реформалар жүзеге асыруға жаулап алған кезде, жергілікті тәуелсіз және жартылай тәуелсіз билеушілерге қажеттілік жойылды. Алайда бұл билеушілер Ұлы далада империя билігін нығайтатын заңдарды қабылдаған кезде қауіпті болды. Бірақ сұлтандар өз мәртебелерін жоғалтуға асықпады. Сонымен қатар, Тезектің оқиғалар мен тәуекелге толы шытырман өмірі өзге қазақтардың оған деген наразылығын тудыруға, патша әкімшілігінің оны ауыздықтау себептеріне түрткі болды. Сұлтан үшін өз туыстарына жеке билік ететін уақыты өтіп кетті. Тезек төңірегінде өлкенің отаршыл өкіметінің құрсауы күшейіп, ақыры патша үкіметі алдындағы қаншама қызметтеріне қарамастан ол қамауға алынады.

1868 жылы Тезекке қарамағындағы ауылдар оның келісімінсіз көшіп-қонып жүрген Қытай шекарасына қол астындағы халқымен бірге көшпекші болды деген айып тағылды. Ол күйеу баласы Ғазы-Болат Уәлихановпен бірге Ресейдің Қапалдағы түрмесінде қамауда болғанымен, дәлел жоқтығынан жарты жылдан кейін босатылған. Бұл кезде Тезек, қол астындағылары оны тастап, наразылық танытып одан көшіп кеткен көшпелі билеушінің қорланған күйінде еді. Сұлтан өзіне бағынышты халықсыз қалудың аз-ақ алдында тұрды. Халқың болмаса сұлтандығың кімге қызық?

1863 жылы албанның қоңырбөрік пен сегіз-сары тармағы жиыны 2 мың шаңырақ Іле өңіріне көшіп, Ұзын-Тауға жақын жерде ірге жаяды. Тезек сұлтан 200 түтін жақындарымен бірге 1870 жылы Іле сұлтандығына көшті деген әңгімелер тарады [Махаева, 2007, 240].

Бұл дерек рас болса, сол кезде Тезектің тірі екені де рас болса, оның тағдыры кісі қызығарлық болмағаны.

1871 жылдың жазында Тазабек қашты деген желеумен орыс әскері Құлжаға кірді. Тезек тағы да Іле сұлтандығында олардан құтыламыз деп үміттенгендердің қолына еріксіз түсуге тура келді. Жоғарыда айтқанымыздай, қол астындағылардың көшіп кетуіне сұлтан әлі де кінәлі емес еді.

Албандар Шыңжаңдағы туыстарына қоныс аудара бастады, оған Тезек те, орыс әкімшілігі де ештеңе істей алмады. Албандар мен суандар Тезек өлгеннен кейін де Ресей шекарасынан кете берді. 1880 жылдардың басында Іле өңірінде олар үш болыс, суандар бір болыс болып, жалпы саны он мың адамға жетті [Мұқанова, 2002, 85].

XIX ғасырдың соңғы жиырма жылында Албан қозғалысы одан да кең ауқымды қамтыды. Сонымен қатар, Іле сұлтандығының құрылуына байланысты ең атақты төре ретінде Тезекке Әбілұлы сұлтан Іле қазақтарының өмір сүруіне және оны басқаруға қолайлы жағдай жасауға уәде берді. Екі жылдан кейін Ресей Жетісуды түгелдей империяға қосып, 1871 жылы Құлжа аймағын уақытша басып алды. 10-12 жылдың ішінде Қазақстандағы қазақтар, Іле өзені бойынан оның жоғарғы ағысына дейінгі бүкіл Жоңғария, Ертіс өзені алқабындағы, Моңғолия қазақтарының бір бөлігі оған толық бағынышты болды.

Басқыншы билік албан сұлтанының қажеттілігін сезінбеді. Өйткені суан руы сияқты бұл ру да толық солардың қол астында болды. Ол кезде Тезек дүниеден озған болуы мүмкін, оның аты аталған соңғы құжаттың уақыты – 1868 жыл.

Тезек оларды басқарды ма, әлде албандар оның бағынуынан шықты ма, 1865 жылы албан руының қазақтары бір діндегі дүнгендерге көмектесті. Бірақ олар Циннің мұсылмандарға қарсы шайқасында қоршауға алынған кезде бірнеше рет Шыңжаң аумағына өтуге әрекеттенген.

Верный «сенімсіз» билеушілерді алдап тұтқынға алды. Олардың қатарында Тазабек Бұсырманов та бар еді.

1868 жылы Верный өкіметі қырғыз манабы Тілахметке, қазақ сұлтандары Ғази-Болат Уәлиханов пен Тезек Нұралинге бақылау орнатты. Дегенмен ол бұған дейін де үнемі бақылаудан құтыла алмаған. Демек, Тезек ол кезде Ресей үшін күмәнді, сенімсіз, қалаусыз адам болып көрінді. Сұлтанның Шыңжаңға қашқан старшындармен байланысы патша әкімшілігінің алдында айыпты, тіпті қылмысты етіп

көрсетті. Ал бірақ шындығында ол заңды да еді. Осы жолы сұлтан мен Верный арасындағы қарым-қатынас толық үзілді. Бірақ бұл жерде оның аса кінәсі болмаған еді. Ол жылдар бойы өзімен өзі өз жасағымен орыс, қытай, мұсылман көтерілісшілеріне саяси құмарлықтан емес, оңай олжа табу мақсатында және батыр атағы үшін қызмет етіп келді. Бұл туыстар арасында билікке қол жеткізудің дәстүрлі тәсілі болатын.

Тезек сұлтанның туған жылы туралы ортақ пікір болмағандықтан, оның қайтыс болған жылы туралы да ортақ шешім жоқ. Тезек өз қонысы Ресей империясы Жетісу өлкесі Алтын-Емел болысының Қапал уезіне қосылған кезде қайыс болды. Қазақ ғалымы Владимир Галиев Тезектің қайтыс болған жылын 1870 жыл деп көрсетеді [1995, 73].

Мұсылман тарихшысы Қ.Халидов «Тауарих хамса» атты еңбегінде Тезектің 1873 жылға дейін тірі болғанын және әлі де Ұлы жүз жерінде тұрғанын атап өткен [Қ. Халидов, 1992, 172].

Басқа деректерге қарағанда, ол Ресейдің Іле аймағын Қытайға қайтаруынан екі жыл бұрын қайтыс болді делінеді. Демек бұл 1879-1880 жылдарға сәйкес келеді. Оның бұрынғы қол астында болған албан-суандардың көпшілігі өздерінің құнарлы қоныстары – Цин империясының аумағындағы Іле өзенінің жоғарғы ағысында тұруды жөн көрген. Олар Іле қазақтарының негізгі санын құрады.

Тезектің қызы Жетісу облысының әскери губернаторына жазған хатында әкесінің 1879 жылы маусымда қайтыс болғанын хабарлайды [ОММ, 44 қ., 1-тіз, 30634, 1879-іс, 1-п].

Ол сондай-ақ оның 58 жаста қайтыс болғанын келтірген. Сол жылы «Түркістан ведомості» газетінде Тезек сұлтанның қайтыс болуына байланысты азахат (некролог) жарияланды.

Осылайша патша әкімшілігі оның Ресей алдындағы қызметін жанама түрде мойындады. Қызы әкесі Тезектен қалған мұра – 700 жылқы, 110 түйе, 90 сиыр, 190 күміс жамбы (қытай ямбы), 2500 орыс алтын монетасы, 50 кілемі бар деп көрсетті [Тезек төре, 1996, 14].

Мәнжулық Цин әулеті апиын соғысымен, мұсылмандардың және империяның шетінде өз мемлекеттерін құрған басқа халықтардың үздіксіз көтерілістерінен әлсіреді. Империалистік державалар – Ұлыбритания мен Ресей арасындағы қайшылықтарды пайдаланып, жартылай отаршыл, жартылай феодалдық Цин империясы қазіргі Шыңжаң шекарасында өз билігін қалпына келтірді. Бұл оның Орталық Азиядағы ықпал ету салаларын бөлуге қатысты екенін

білдірді. XIX ғасырдың соңғы жиырма жылында патшалық Ресеймен жасаған 1881 жылғы Петербург шарты бойынша Цин империясы жаңа шекараның арғы бетінде қалған қазақ руларына өзінің ресми құқығынан бас тартты. Империялық мемлекеттілік оларға алдамшы емес, сол немесе басқа елдің нақты азаматтығын қабылдау таңдауын қалдырып, халықты өздерінің дәстүрлі мекендеу ортасынан айырды.

Тезектің саяси қайраткер ретіндегі тұлғасы XIX ғасырдың 2-жартысындағы халықаралық оқиғалардың қазақтардың дәстүрлі билік институттарын бүлдіру ықпалының нәтижесінде қалыптасты. Солардың ішінде бастысы Орта Азия мен Қазақстандағы Ресей мен Цин империяларының бақталастығы, Қоқан хандығының саясаты, Оңтүстік Қазақстанды Ресейдің жаулап алуы, сонымен қатар 1871-1881 жылдары орыстардың Құлжа өңірін басып алуы еді. Қазақ-қырғыз рулары мен қазақ-қырғыз халықтарының арасындағы феодалдық өзара тартыстары бұл оқиғалармен қатар жүрді. Тезекке және оның әулетіне бағынышты жер Үйгентастан Құлжаға дейін, Цин империясының Іле (Құлжа) округінде, қоқан бекіністері мен Қазақ даласының Ресей шекарасы аралығында болды.

Иелік етудің экстенсивті әдісі, саяси оқиғалар албан ұрпақтарын Ресей жаулап алғанға дейін Шыңжаңның Іле ауданында және оны циндік Қытайға қайтарғаннан кейін еркін орналасуға, дамуына ықпал етті. Қайшылықты дәуір этносаралық, ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық қайшылықтарды өз билігін көтеру мен баюға пайдаланған билеушілерді тудырды. Көбінесе олар тәуелсіз болып қалды, тек мезгіл-мезгіл аймақтық күштермен өз мүдделеріне қарай ынтымақтасуға бейімделді. Осыған ұқсас жағдай 1881 жылғы Петербург шарты жасалғаннан кейін басталған қазақ жеріндегі орыс-қытай шекарасын межелеу және демаркациялау процесі аяқталғанша XIX ғасырдың аяғына дейін жалғасты деуге болады.

Сонымен бірге, Тезек сияқты тұлғалар болмаса, Ресей империясы XIX ғасырда Жетісу мен Орта Азия хандықтарын жаулап алуда, Қытаймен саяси қарым-қатынаста мұндай көрнекті табысқа жете алмас еді.

### 3.4.3. Тезек төре өмірінің хронологиясы

Өмір сүрген жылдары – 1820-1879 жж,
Абылайдың ұрпағы, Әділдің немересі, Нұралының ұлы,
Туған жері – Қапал, Алтын-Емел,

Үйгентастан Құлжаға дейінгі албандарды билеген

1847 жылы Тезекке дейінгі албан билеушісі Хәкімбек Ресей бодандығын қабылдады Сол кезден бастап Тезек Ресейге бағынышты болды деу дұрыс емес. Себебі әрбір билеуші адалдыққа жеке-жеке ант берді.

Шамамен 1847-1848 жылдары Хәкімбек қайтыс болды.

1849 жылы Тезек патша үкіметінен алтынмен кестеленген шапан алды. Сол кезден бастап Ресейге қызмет еткен.

1849-1850 жылдан бастап аға сұлтан.

1850 жылы батылдығы үшін алтын медаль алды.

1854 жылы қырғыздар мен қазақтар арасындағы кикілжіңдерді шешті.

1857 жылы П.П.Семеновтың Ыстықкөлге экспедициясына көмектесті.

1858 жылы – поручик,

1859 жылы – капитан.

1860 жылы дулаттардың аға сұлтаны Әли Әділевтің бастамасымен Қоқанға көмек көрсетіп, орыс билігінен құтылуға тырысты (Қазақстан энциклопедиясын қараңыз, 8 т., 323 б. ) немесе орыс әскерін ат-көлікпен және азық-түлікпен қамтамасыз етті. Қызмет көрсету бағасын белгілеу мәселелері талқыланған Жетісу билеушілерінің Қарғалыдағы жиынына барды.

Ресейдің Пішпек пен Тоқмаққа жорығына қатысты.

1861 жылы – подполковник.

1863 жылы – полковник.

1865 жылы – ІІ дәрежелі Әулие Станислав ордені.

1866 жылы – Париж көрмесіне бағалы заттарын беріп жіберді.

Мұсылмандар көтерілісінен кейін Шыңжаң ыдырап, Үрімші сұлтандығы, Іле сұлтандығы және Якуб-бек мемлекеті құрылды.

1868 жылы – Қытайға өзінің албандарын көшіру ниеті үшін 6 айға орыс түрмесіне қамалды.

Тезек өлгенде артында қалған мүлкі – 700 жылқы, 110 түйе, 90 сиыр, 190 жамбы (ямб) күміс, 2500 алтын тиын, 50 кілем және т. б.

### 3.4.4. Шоқан Уәлиханов және Қытай

Шоқан Уәлиханов өмірінің соңғы жылдары Жетісуда өтті. Аталастарының өмірі секілді Шоқанның да өмірі мен шығармашылығы Қытаймен тығыз байланысты. Цин империясы-

мен алғаш рет Шоқанның атасы Абылай хан елшілік, сауда және мәдени байланыстар орнатқан. 1769 жылдан кейін Абылай тұңғышы әрі мұрагері Уәли сұлтанды Бейжіңге жіберді. Осыдан кейін оның хан сайлануын оңтүстік көршісі ерекше қолдады. Ал II Екатерина Абылайды бүкіл қазақтың ханы деп танудан бас тартқан кезде, ол қызбалықпен ауызша қорқытқаны болмаса, ресми түрде Ресей бодандығынан шыққан емес. Орыс үкіметі үшін ол Орта жүздің ғана ханы болып есептелді. Шүршіттер де оның билігі қазақ руларына түгел тарала бермейтінін, оның Ресей алдындағы міндеттерге байланысты екенін де бағамдады. Олар Абылай сұлтанның бодандыққа қабылданғаны туралы Ресейдің билеуші сенатына хабарлағанда, осы органнан «Әбілмәмбет хан мен сұлтан Ресейге ант берді, Цин империясы оларды бодандыққа тартпауы керек» деген ресми жауап алды. Цин императоры бұл жағдайға мән бермеуді ұйғарып, Орта жүз бен Ұлы жүзге елші жіберіп, олардың елшілерін өзінің вассалдары ретінде қабылдауды жалғастырды. Бұл жүздердегі рулардың мекені Жоңғарияға жақын жерде, ал кейбір қоныстар оның шекарасында болды.

Алғашқы кезеңде циндер өздерінің қазақ еліне қатысты саясатында Абылай мен оның тікелей ұрпақтарына баса мән берді. Абылайдың екінші ұлы, Шоқанның атасы Уәли хан дәстүрлі түрде екі держава – Ресей мен Цин империялары арасындағы тепе-теңдікті сақтау саясатын ұстанды. Оның бұл ұстанымына құдіретті державалар көнуге мәжбүр болды. Өйткені олардың бірі – түрлі соғыстармен, екіншісі – өз төңірегіндегі толассыз көтерілістермен әбігер болып жатқан. Бұл жағдай Уәли хан үлкен ұлы Ғаббас сұлтанды – Қытайға, Шоқанның әкесі Шыңғысты – Ресейге – Омбыға оқуға жіберуінен де байқалды.

Шыңғыс Омбыда, кейінгі талантты ұлы сияқты кадет корпусында оқыды. Ал Ғаббастың Қытайдың қай қаласында және қанша жыл тұрғаны, нақты немен айналысқаны туралы әлі ешқандай құжат табылған жоқ. Ғаббастың біраз уақыт қытайша оқығанын Шоқанның сөзінен ғана білеміз. Олай болса, Ғаббасты қытай тілін оқыған алғашқы Абылай ұрпағы деуге болады. Шоқан қызық үшін қытай тілін өз бетінше оқуға тырысты, ол туралы жазғандары оның күнделігінде сақталған.

Әрине, Шоқан өзінің атақты бабаларының Қытаймен қарым-қатынасын әуелі отбасында сақталған дәстүрге сай бала кезінен білген. Кейіннен Омбы мұрағатынан «Сібір қырғыздарының ше-

кара басқармасы» (Сібір қырғыздарының өлкелік басқармасы) мәліметтерін алды. Ол қызметін бастаған Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде де құжаттар жинақталған. Ресей мұрағаттарының материалдары әлі күнге дейін XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай қатынастары тарихының ең маңызды дереккөздері болып тұр. Сібір жеке корпусы штабы бастығының өтініші бойынша Шоқан 1854 жылдың маусым айынан бастап «Сібір ведомствасы қайсақтарының тарихына арналған» материалдар жинау үшін мұрағатқа жіберілді. Сонымен бірге ол өзін қызықтыратын құжаттарды оқуға үйіне апарып, 1857 жылға дейін зерттеген [Валиханов, т.5, 98-100].

Қалай болғанда да, ол өз отбасында немесе Омбыда сақталған ата-бабаларына жіберілген хаттардың түпнұсқаларын (сонымен қатар олардың көшірмелерін) қолымен ұстады. Ол бірінші болып бұл грамоталарды сипаттап, олардың қай тілде жазылғанын және негізгі мазмұнын жеткізді. Бұл кезде Шоқан деректану мен мәтінтану ғылымын енді ғана меңгеріп, оның үстіне Қашғардағы құпия жорығына дайындалып жатқан еді. Бұл жұмысты аяқтауға қауіпті сапар мен жас өлімі кедергі болды. Бірақ қолжазбалық нұсқада да оның көне грамоталар нобайының ғылыми және өркениеттік маңызын асыра бағалауы қиын. Бұл туралы кезінде осы жолдардың авторы Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына арналған конференцияда баяндама жасаған болатын [Хафизова, 1988, 179185].

Шоқанның қазақ-қытай қатынастарының тарихы мен жай-күйін, сонымен қатар Шыңжаң өлкесінің тарихы мен ондағы 50-ші және 60-жылдардың бірінші жартысындағы жағдайын зерттейтін білгір тарихшы ретіндегі беделі оның Қашқар сапары мен Құлжа сапарынан кейін айтарлықтай өсті. Шоқан Уәлиханов өмірінің соңғы күндері, оның одан әрі қызметін жалғастыру үміті мен одан арғы мансабы да Қытаймен тығыз байланысты болды. Жас офицердің өмірі де қауіпті кәсібіне байланысты үзілгені сөзсіз.

Шоқанның ерте қайтыс болуы жұмбақ жағдай, мұны алдыңғы зерттеушілер Әулие-Ата мен Ташкентті алу жорығына патша әскерін басқарған генерал М.Черняевтің (1828-1890) жасағынан кеткен соң, өкпе ауруының күшеюімен түсіндірді. Жаулаушы жасаққа Шоқан офицер шенін алу үшін генералдың шақыруымен аттанған. Бұл туралы ол 1864 жылы 24 наурызда өзінің үйінде біраз уақыт нағашысы Мұса Чормановпен бірге тұрған адал досы К.Гутковскийге ашық жазды. [Валиханов, т. 5, 161].

Бұған қоса, ол өзінің қаржылық жағдайын жақсартқысы келді. Өйткені, бұған дейін ол карта ойнап, ол үшін айтарлықтай қаржы – 3000 рубльге жуық ұтылып қалған [3, с.160].

Аурудың асқынуы оның әскерден рұқсатсыз кеткеннен кейін түскен күйзеліс сезіміне байланысты болуы мүмкін. Оның сырқаты 1864 жылдың көктемінде жорыққа қатысып, өзі өлген соң әмеңгерлік салтымен інісі Жақыпқа тиген Тезектің қарындасына үйленуіне кедергі бола алмаған. Шоқан тура мағынасында, алты айда жарық жұлдыздай ағып кетті. Оның өліміне медициналық сараптама жасалмағандықтан, отыз жастағы жігерлі жігіттің кенеттен қандай аурудан қайтыс болғанын болжауға ғана болады. Шоқан денсаулығы туралы соңғы хаттарында бірнеше рет жазды. 1864 жылдың наурыз айының басында ол К.В.Гутковскийге: «Денсаулығым онша жақсы емес еді... Мұрнымдағы сыздауық баяғыда жазылған» деп жазды [Валиханов, т.5, 160-161].

Оның мұрнындағы бұл бөріткен не еді, сыздауық па, әлде онкологиялық аурудың симптомы ма? Күрделі моральдық жағдаймен асқынған ауру, әрине, өршуі мүмкін. Кейінгі хаттарының көшірмелерінен байқалғандай, ол денсаулығына – 1864 жылы 1 желтоқсанда – кеудесі мен қақырыққа, 1865 жылы 19 ақпанда – тамағы мен кеудесіндегі ауырсынуға [3, с. 174] шағымданған.

Шоқанның моральдық жай-күйі, Тезек ауылында болған кезіндегі қызметі туралы әзірге тек оның хат алмасуларына қарап қана баға бере аламыз. Шоқанның бүгінге белгілі бірінші хаты 1864 жылғы 24 қарашада, ал соңғы хатты 1865 жылы 19 ақпанда жазылған. Осы аралықтағы бүкіл хатты алушы бір ғана адам – оның үлкен досы, қамқоршысы, Алатау округінің және Ұлы жүз қырғыздарының басшысы Г.Колпаковский. Одан әрі ол ресми деректер бойынша 1865 жылы сәуірде қайтыс болғанға дейін өзі туралы еш хабар бермеген.

Шоқан Колпаковскийдің оны жігерлендіретін хатына қарамастан, ақпаннан сәуірге дейін екі ай бойы хат жазуды не себепті тоқтатты, содан кейін ол неге мәңгілікке үнсіз қалды? Шоқанның өлген айы дұрыс көрсетілген бе? Көпшілік мойындаған қаралы дата дәл болса, өмірінің соңғы бір жарым, екі айында қайда болды, не істеді?

Бұл сауалдарды мұқият зерделей келе, Шоқанның бізге белгілі хаттарының барлығының дерлік мерзіміне қатысты күмән туындайды. Өкінішке қарай, Шоқанның өзі де сандарға салғырт қарап, хат-хабарларында оны жазуды маңызды деп санамаған секілді.

Сондықтан хаттарды көбіне оның шығармаларын құрастырушылар – Х.Ж. Хайдарова мен А.Х.Марғұлан белгілеген.

1903 жылы Г.Потанин Шоқанның хаттарын басқа да кейбір қағаздарымен бірге Ш.Уәлихановтың жинақтарын баспаға дайындап жатқан Мәскеу университетінің профессоры Н.Веселовскийге береді. Ол туралы профессор: «... маған Г.Н. Потанин тапсырған тізім, соңғы дәрежеге дейін шектен шыққан... Одан да сорақысы – көшіруші Уәлихановтың қолын танымай, бірнеше жолдан бос қалдырғаны» деп атап өтті [Валиханов, т.5, 226].

Сонымен Шоқанның Колпаковскийге жазғаны бар, Потанин арқылы Веселовскийдің қолына жеткені бар хаттардың көбі көшірме болып шықты. Генерал тіпті біртүрлі мінез танытып, хатты ұзақ уақыттан кейін жіберді; жолдас інісінің еңбектерін шығаруға ақшалай көмектесуге уәде беріп, бірақ орындамады. Мәселе оның қарттығы мен әлсіздігінде ғана болды ма? Шоқан оны бір кезде қиын жағдайға душар етті. Орыс офицерлері үшін соғыс кезінде «әскерден қашу саналатын» соғыс алаңын тастап кетті. Бірақ Шоқанның қазақ әрі қазақ билеушілерінің ұрпағы ретіндегі әрекеті адами тұрғыдан түсінікті еді. Ол егер оны әскери сотқа тартар болса, ақтап алуға да ілік болар еді. Шоқан жауынгерлік отрядтың қолбасшысы болған жоқ. Ол Ташкент жорығында Черняевтың қол астында бар болғаны зоолог, этнограф, тау офицері және басқа да мамандармен бірге әскерге ілесіп жүрген сарапшы ғана болатын. Г.Потаниннің айтуы бойынша: «Жаулап алушы (Черняев – К.Х.) өзімен бірге тамаша нөкерлерін алып жүру арқылы Наполеон сияқты орыс қоғамын ғылымға қамқорлығымен таң қалдырғысы келді» [Валиханов, т.5, 379].

М.С.Знаменский қалдырған «Әулие-Ата жорығы күнделігінің» мәліметтері бойынша, жасақ соғысушы әскердің артынан Тоқмақ, Меркі арқылы және одан әрі қираған ауылдардың арасымен жылжыды [Валиханов, т.5, 247254].

Мамырдың аяғында Шоқан өзі кеткенге дейін тікелей қақтығыс ортасына, майдан шебіне шыққан жоқ. Демек, Шоқан Әулие-Ата мен Ташкентке жасалған шабуылға қатыспаған. Шамасы, әскери-шаруашылық құрамында болған әскери ғалымдардың бәрі сияқты соғыс қимылдарына мүлдем қатысқан жоқ. Ш.Уәлиханов өзінің қызмет сипаты бойынша қалаларды алуға қатысуға тиіс емес еді. Оның міндеті – жаулап алған жерді тарихи, саяси және сауда тұрғысынан зерттеу болатын.

Черняевпен араздық 1864 жылдың мамыр айының аяғында немесе маусым айының басында орын алған болуы мүмкін. Шоқан оның Пішпекті күшпен алып, бекіністі сарбаздарға тонауға бермекші болғанын біліп, Черняевке қарай ұмтылды. Ол дәл осындай талан-таражсыз да қаланы иеленуге болады деп есептеді. Шоқан, Знаменский куәландырғандай, қырғыздардың Ресей бодандығын қабылдауға ниет білдірген хаттарымен таныс болатын. Қырғыздар шын мәнінде Ресейге бағынуға дайын еді. Сонымен қатар, осы автор келтірген диалогтан көрініп тұрғандай, әскери ғалымдар Тоқмақ, Меркі қалаларын қирату мен ойрандаудың қаншалықты қажет екенін түсінбеді. Қазақтардың мәдени және діни орталығы – Түркістан қаласын қиратып тастай ма деп қатты алаңдады. Бұл қалалар мен олардың маңындағы бейбіт тұрғындар орыс әскері келгенге дейін-ақ үрейленгендері сонша, туған жері мен туған қаласын тастап кетті. Сондықтан қажетсіз қантөгісті қаламаған Шоқанның ұстанымы, оның Черняевпен әңгімелесу кезінде көрсеткен қайсарлығы, ал ол онымен өте дөрекі қатынасқандығы, қай жағынан айтсақ та, әбден түсінікті. Ал Шоқан болса қазақ ақсүйегі, орыстың жоғары шенді әскери және азаматтық шенеуніктерімен емін еркін араласатын білімді адам болатын. Ол омбылықтар айтпақшы «солдафон Черняевтің» дөрекілігіне шыдай алмады. Сол себепті сарбаздар қосынын тастап кетті.

1864 жылдың маусымынан қараша-желтоқсан айлары аралығында Шоқанның өзі туралы алғашқы хабарды бергенге дейін қайда болғанын да білмейміз. Жарты жыл бойы көзден ғайып болады.

Неліктен ол ұзақ уақыт үнсіз қалды, жалпы ол шынымен үнсіз болды ма? Ол генералмен жеке кездесуге әрекет жасады ма? Шоқан Тезек ауылынан бұрын Верный қаласына барды ма?

Қараша айында ол өзінің қамқоршысының Омбыға жаңа тағайындауға кететінін білді. Сонда да ол оған хат жазуды жалғастырды. Ал Колпаковскийдің Шоқанға жауап ретінде жазған үш хаты оған тіпті кейінірек, 1865 жылдың ақпан айының ортасында жетті.

Академик А.Х.Марғұлан анықтаған Шоқан хаттарының жазылу мерзіміне қарағанда, 1864 жылы қарашада ол полковник Тезектің ауылында болған. Бұл ауылда Орталық Азияда орын алған маңызды оқиғалар туралы барлық мәліметтер ағылып жататын. Олардың ішінде – Әулие-Атаны орыстардың жаулап алуы; Тарбағатай мен Алтай шекараларындағы орыс-қытай шекара белгілеу барысы;

қырғыздардың жағдайы, Қытайдағы мұсылмандар көтерілісі және т.б. Шыңжаңның, Тарбағатай мен Құлжа аудандарының барлық маңызды жаңалықтары көп ұзамай-ақ, шекара істеріне белсене араласып, Верныйға хат-хабар жеткізуді өз мойнына алған Тезек сұлтанның ауылында белгілі болып жататын.

Осы уақытта Шоқан Тезектің қарындасы, замандасы И.И.Ибрагимовтың сөзі бойынша ажарсыз, бірақ ақылды Айсараға үйленеді [Валиханов, т.5, 416].

Шоқан ғашықжанды адам болған, біреудің әйеліне деген сүйіспеншілігінің кесірінен ата-анасына соңғы рет барғанда олармен ұрсысып қалады. Бірақ ол төре тұқымына махаббатпен үйленді ме, әлде басқа себептері бар ма, өмірінің осынау қиын кезеңде жұбанышын некеде тапты ма, білмейміз.

Шоқан өз халқының болашағын реттеуде өзінің пайдасын сезінгенде ғана қайта жанданып, өмірге деген қызығушылықты сезінді. Тезек ауылына жаңа Іле генерал-губернаторы (02.XI.1864-29.VI.1866) Мин Сюйдің делегациясы келгенде бұл ой оны баурап алды. Оның Колпаковскийге хат жазуына да Шыңжаңдағы маңызды оқиғалар түрткі болды. Осыған дейін жас офицердің басынан өткерген үмітсіздігі, өз болашағына деген белгісіздік сезімі біраз сейілді. Шоқан өзінің өмірін қызметсіз, орыс достарымен араласпай, кәдімгі жұмыссыз елестете алмайтынын ақыры түсінді. Шыңжаңнан цин елшілерінің келуіне байланысты ол Ресей шекара басқармасы мен қазақтың өзі туралы жағымсыз пікірдегілерінің алдында өзінің бар сән-салтанатын тағы да көрсетуге мүмкіндік туды.

1850-1860 жылдары Қытайды шаруалар көтерілісі, одан кейін қытай мұсылмандарының көтерілісі сілкіндірді. Көп ұзамай бұл өрт Шыңжаңға да жетті. Кучада басталған дүрбелең кейін басқа қалаларға тарады. Көтерілісшілер маньчжур мен хан бекіністеріне, қала кварталдарына шабуыл жасады. Азаматтық және әскери шенеуніктерді өлтірді. Үрімжі құлағаннан кейін Шыңжаң генерал-губернаторы Ішкі Қытайдан келер қосымша күшті күтпей, Құлжаға жақын орналасқан Верный қаласынан әскери көмек сұрады.

Бұл туралы цин депутациясынан білген Шоқан оның мүшелерінен Шыңжаңдағы көтерілістің барысы, жергілікті билік орындарының жағдайы туралы барынша толық мәлімет алуға тырысты. Ол бұл естігендерін, көтеріліске қосылып, Верныйға хат жазған қырғыздар, қазақтар, ұйғырлар, дүнгендерден алған мәліметтермен бекітті. Ол Ресей мемлекетінің мүддесі үшін ең құнды бұл ақпаратты Колпаков-

скиймен бөлісуге асықты. Шоқан Мин Сюйге осы уақыт ішінде алған екі хатын сол жерде бірден аударып, өз деректері мен оқиғалар туралы ой толғаулары бар парақтармен толықтырды.

Г.Колпаковскийден Шоқанның үш хатына бір ғана жауап келген. Шоқанның Колпаковскийге қай күні хат жазуға бел байлағанын білу біз үшін ерекше маңызды. Ол үшін оның жазған хаттарының мазмұнын Іле генерал-губернаторына оның өзі аударған екі хабарының мерзімімен салыстыра отырып жасауға тырысамыз.

Шоқанның Г.Колпаковскийге жазған алғашқы хаты – Құлжадан делегация келген күннің ертеңінде жазылған. Мәнжу әскерінің ең төменгі офицерлік колдай шенідегі Со бастаған 8 адам келді. Со тегі мәнжу нұсқасындағы Сабитун есімінің қытайша қысқартылған түрі болуы мүмкін. Бұл Сабитунның әдетте Верныйда болатын Колпаковскийге екінші рет келуі еді. Сабитун Іле (Құлжа) генерал-губернаторы Мин Сюйден хат әкелді. Сондықтан Шоқанның хаттарында айтылған Со-колдай шабарманды мәнжу Сабитун деп анықтауға болады. Алайда Шоқан айтқан Со-колдай өзге бір адам – құпия дүнген сектасының басшысы Со Вэньнің ұлы Со Хуаньчжан деген дүнген болуы мүмкін. Со Вэнь цин әскерінде, соның ішінде 1825-1828 жылдары Жаһангер қожаның Қашғарға шабуылы кезінде қызмет етті. Ол көтерілісті басумен айналысқан цин әскеріне хабарлар мен жеделхаттар жеткізуге жауапты болған. XIX ғасырдың 60-жылдары мұсылмандар көтерілісі кезінде ол Циндердің күдігін туғызып, 1862-1864 жылдар арасында өлтірілді делінеді. Со Вэньнің барлаумен байланысты екені анық. Оның міндеті – Тезек сұлтанның орыс әскеріндегі миссиясына ұқсас болды. Ол туралы Шоқанның замандасы А.Н.Гейнстің айтуы бекер емес. Со Вэннің Со Гуаньчжун (немесе Совун) есімді ұлы да Цин әскерінде қызмет еткен. Ол кезде ол цаньцзян (полк командирі) дәрежесіне ие болып, мүмкін әкесінің өліміне байланысты болар, көтерілісшілер жағына өтті. А.Хожаев жинаған материалдарға қарағанда, 1864 жылы шілденің 14-нен 15-іне қараған түні Үрімжідегі Цин Тиду әскери қолбасшысының үйіне кіріп, оны өлтіріп, ресми мөрді иемденген. Осы мөрдің көмегімен дүнген әскерлері Үрімшідегі қару-жарақ қоймасын басып алды. Сондықтан Вэньчжан Шоқанға да, Верныйдағы орыс билігіне де екіжүзділік істеуі әбден мүмкін еді.

1865 жылдың басында Совун өзінің тұрағын Тұрпанға көшірді, яғни көтерілісшілердің көзінен ғайып болды. Бұл жағдай анық түсінікті емес, бәлкім, аса танымалдығынан Савунды көтерілістің дүнген басшысы Дәуіт-Халифаның өзі алыстатқан болуы мүмкін.

Цинчжэн го мемлекетінің үкіметінде («Мұсылмандар мемлекеті», орыс деректерінде Үрімжі, Дунған сұлтандығы деп аталады) Со Вэнь әскери қолбасшы болды, бірақ көп ұзамай ол басшылардың қатарынан кетті. Сонымен бірге Савун Дәуіт-Халифтің тапсырмасымен Колпаковскийге ресми түрде Мин Сюйдің хатын жеткізуі, ал бейресми түрде Дәуіт-Халифтің хатын алып кетуіне толық болатын. Ол Шоқанға ашық айтуы мүмкін. Ал ол Колпаковскийден бүлікші мұсылмандар көмек сұраса не деп жауап беру керектігін сұрады. Савун Тезек ауылында болғандықтан Шоқанның шынайы рөлін білмеуі мүмкін емес еді. Мұндай жағдайда Шоқанның өлімінің тағы бір нұсқасы туындайды. Бәлкім, Шоқан өліміне Шыңжаң көтерілісшілері кінәлі немесе тікелей солар тарапынан болуы мүмкін.

Мин Сюй 1861 жылы орыс-қытай шекарасының батыс бөлігін белгілеу жөніндегі императорлық уәкілетті И.Ф.Бабковпен келіссөздерге қатысты. Ол Тарбағатайда хэбэ-амбан (цанцзань дачэнь – қытай тілінде) болған кезінде орыс шекаралық биліктеріне жақсы таныс болатын. Бұл туралы Шоқан өз бастығына хабарлаған. Мин Сюй әдіптелген қызыл мәнжу туына қызмет етті және өз қызметін кеңсе хатшысы, мүмкін, тіпті ұйғыр тілінен аудармашы болып бастады. 1855 жылдан бастап Ганьсу, Шэньси, Шыңжаң провинцияларының әкімшілігінде әртүрлі қызметтерде болды. 1860 жылы Мин Сюй Тарбағатайға жіберілді. Оны Құлжаға генерал-губернатор етіп тағайындау туралы бұйрық мұсылмандар көтерілісі қызған шағында – 1864 жылы 2 қарашада шықты. Бұл қызметте Мин Сю 1866 жылы 29 маусымда қайғылы қазаға ұшырағанша отырды. Кейбір деректерге сәйкес, ол кездегі мұсылман көтерілісшілері, дүнгендер емес, ұйғырлар оның штаб-пәтерін, барлық отбасы мүшелерімен бірге өртеп жіберді [Маньчжуры, 1990, 413].

Мин Сюй қайтыс болғаннан кейін императордан «Ісіне берілген» құрметті атағын алды [Алтан-Оциэр, 1996,193].

Сабитунның айтуынша, Чан Цин есімді қарт цзян-цзюнь 1863 жылы орыстармен рұқсат етілмеген әскери қақтығыс үшін қызметінен босатылған. Бұл шынымен де Борохудзирада, Іле өзені төңірегінде болды. Сондай-ақ Чан Цин билігін асыра пайдалану, пара алу, бопсалау, қатыгездік көрсету және басқа да теріс әрекеттері үшін айыпталды. Оның да, өзге цин шенеуніктерінің де іс-әрекеттері Шыңжаңдағы ұйғырлар мен қазақтардың, дүнгендер мен ханьдардың ғана емес, сонымен қатар мәнжу гарнизоны қызметкерлерінің де наразылығын тудырды. Бейжің қызметінен шеттетілгеннен кейін өзінің кінәсін өтеу

үшін Чан Цинді Шыңжаңда қалдырды. Со-колдай орыс шекара отрядымен ауыр әскери қақтығысқа жол берген Чан Цинге Бейжіңнің наразылығын баса айтуды қажет деп тапты, өйткені соның кесірінен енді циндіктер орыстардан әскери көмек сұрауға мәжбүр болып отыр.

Мин Сюй Колпаковскийге шынымен де хат жазған. Мұны оның өз бастамасымен ресейліктерден көмек сұрағаны туралы Бейжіңге екі рет баяндауы дәлелдейді. Алайда қытай дереккөзі Іле генерал-губернаторы хаттарының мазмұнын бермейді. Оларды тек Шоқан аудармаларының арқасында танимыз. Қытай деректерінен, Құлжадан үміті үзілген Мин Сюдің бұл қадамына Бейжің де толық түсіністікпен қарағаны бізге белгілі болды. Император Мин Сюйға шетелдіктермен қарым-қатынаста өзінің жетекші орнын жоғалтпауды ұмытпауға кеңес берді. Колпаковскийге хат жазуда ұстамды болуға тырысты. Бірақ Мин Сюй Соколдайға Колпаковскийге істерінің қаншалықты нашар болғанын сенімді түрде ауызша жеткізуді бұйырды.

Зерттеушілердің ешқайсысы Мин Сюйдің хатының уақытына – Тұңжы билігінің 3-жылының 11-айының 28-і күні екеніне мән бермеген. Ол 1864 жылдың 26 желтоқсанына сәйкес келеді. Егер Мин Сюйдің хатындағы күн дұрыс болса, бұдан екі қорытынды шығады:

1. не Шоқанның Колпаковскийге жазған бірінші хаты осы күннен ертерек – 20 қараша деп қате мерзімделген [Избранные произведения, 583; Валиханов, т.5, 162-164/];

немесе

2. Мин Сюйдің бұл хатын Шоқан шығармаларының бірінші жинағын құрастырушылар Колпаковскийдің кінәсінен Шоқанның алғашқы хатына қате тіркеп қойған.

Бірінші болжам неғұрлым шындыққа жақындайтын секілді.

Шоқанның қолында Мин Сюйдің Алатау округінің бастығына жазған жауап хаты болды. Жоғарыда айтылғандай, Мин Сюй 1864 жылы 2 қарашада цзян-цзюнь болып тағайындалды. Ал оның қызметіне кірісуіне уақыт қажет еді. Ол содан кейін ғана орыстарға хат жазуға шешім қабылдады. Бұл хат Тезектің ауылына жеткенше де біраз уақыт өтті. Ал Колпаковскийдің өзіне де хатты зерделеп, мәселені әуелі өзі талқылап, одан кейін оны Петербургке хабарлап, оның жауабын алып, соның негізінде Мин Сюйге жауап жазып, сосын оны Құлжаға жеткізуге де біраз уақыт керек. Мин Сюй алғашқы хатында-ақ мұсылмандар көтерілісін басу үшін Ресейден әскери көмек сұраса, Г.Колпаковский оның өтінішін императорына

жеткізгенін айтады. Ол тіпті Мин Сюйді көмек беріледі деп сендіріп қойған болса керек. Өйткені Мин Сюй өзінің екінші делегациясын жіберіп қана қоймай, көмек көрсету үшін келген орыс жасағына деп Түргеннен азық-түлік пен басқа да заттарды дайындауды бұйырды. Ол кезде Борохуджир өзенінің Ілеге құяр сағасы Түрген деп аталды. Дайындалған азық-түліктің көбі шай болатын, себебі сол кезде Шыңжаңның өзінде азық-түлік тапшылығы қатты сезілді. Шарасыз Мин Сюй көмекші әскер, қару-жарақ, азық-түлік сұрап, Бейжіңге хаттың бірінен соң бірін жолдады. Сондай-ақ Шоқанның Мин Сюйдің құпия хатын ашып, оны орыс тіліне аударып, Колпаковскийге өз атынан хат жазуды ұйғаруына да уақыт қажет болды. Осының барлығын 18 күнде жасауға бола ма?

Верный мен Құлжаның арасы жақын болғанымен, көтеріліс қамтыған өлкеде бір жақты жол жүруге кемінде бір апта қажет. (Шоқан бір хатында осыдан 8 күн бұрын болған бір оқиғаны айтады). Тезек ауылынан жазған Шоқанның бірінші хаты 1865 жылдың қаңтар айының басында жазылған сияқты. Олай болса, ол жасақтан кеткеніне жарты жылдан астам уақыт өтсе де өзі туралы еш хабар бермеген. Ал оның өмірінің бұл кезеңі біз үшін әлі белгісіз.

Шоқан жазған хаттарының мерзімін өзі аударған Мин Сюйдің хаттарымен тексерумен қатар, Шоқаң айтқан оқиғаларды Цин деректерінде сипатталған оқиғалармен салыстыруға тырысамыз. Жалпы, олар сәйкес келеді. Онда да мұнда да Циндерге адал болып, өз жасағымен солардың жағында аттанған, Хамиден шыққан бек, Бәшір атты жалғыз ұйғыр старшыны туралы айтылады [Муцзун шилу, цзюань 124, 2-4-п].

Хаттың соңында Шоқан: «Жоғары мәртебеңізге бұл туралы хабарлай отырып, мүмкін болса, кейін Сіздің пайдалы қызметкеріңіз болуым үшін менің агенттігімді ресми нысанға кіргізуіңізді сұраймын» деп қосады [Валиханов, т.5, 163].

Бұл Шоқанның орыс қызметінде қалғысы келгенін, тек бір адам – Черняевтан көңілі қалғанын, бірақ Қазақстанда орыс билігін орнатуға көмек беруден бас тартпайтынын дәлелдейді. Жеке драмасына қарамастан, ол Қазақстанның Ресейге қосылуының, алайда өркениетті қосылуының жақтаушысы болып қала берді. Өйткені ресейлік озық қоғам Шоқан туралы «Орыс мемлекеттік мүдделерінің қамқоршысы» деген нық пікірде болды. Дәл осы себептен ол қайтыс болғаннан кейін, Романовтар әулетінің 300 жылдығына орай оның

еңбектерін жариялау туралы шешім қабылданып, онымен профессор Веселовский айналысты.

Шыңжаңдағы оқиғалар туралы Шоқанның ақпаратын Қытай дереккөздерінің материалдарымен салыстыра отырып, оның өткір ақыл-ойы мен талдау қабілеті мүлдем жоғалмағанына көз жеткізуге болады. Сондай-ақ, цзянцзюн хатының мазмұны цин елшісінің көмегімен дұрыс аударылғанына және сонымен бірге жаңа ақпаратпен қамтамасыз етілгенін байқаймыз. Мұсылман көтерілісі кезінде болған маңызды оқиғалар мен олар туралы Шоқан хабарлаған мәліметтердің уақытын салыстыру Шоқанның хаттарының нақты күнін есептеуге, сондай-ақ олардың мазмұнына неғұрлым толық түсініктеме беруге көмектесер ме екен көрейік [Валиханов, т.5, 167-170].

Ол цзян-цзюнь әскерлерінің көтерілісшілермен соңғы қақтығысы оның елшілері Тезекке келгенге дейін 8 күн бұрын болғанын жазады. Басында циндер жеңіске жетіп, Құлжа қоршауын алып тастай алды. Біз бұл оқиғаның шындығын Қытай дереккөзінен – 1865 жылы қаңтардың соңында Бейжіңге келген бұрынғы цзян-цзюнь Чан Цин мен жаңадан тағайындалған цзян-цзюнь Мин Сюдің бірлескен баяндамасынан табамыз. Осы есеп бойынша Құлжа 23 қарашада кері қайтарылды, ал 1864 жылдың 3 желтоқсанына қарай циндер уақытша артықшылыққа қол жеткізді [Маньчжуры, 1990, 116].

Император Тұңжынның 1865 жылғы 24 қаңтардағы бұйрығымен Мин Сюй сары күртешемен (император түсі!), Ойрат әскер гарнизонының командирі Жун Цюань қалпағына – тауыс қауырсыны қадалып, марапатталды. Солон әскери гарнизонының командирі Токэтонай қайтыс болғаннан кейін шені өсті [Муцзун шилу, цзюань 125, с. 35 об.-38].

Со-колдай жолдастарымен бірге Тезек ауылына Циндердің жетістігінен соң 23 қарашадан 3 желтоқсанға дейін 8 күн өткеннен кейін, ал Шоқан Г.Колпаковскийге өзінің алғашқы хатын жазуға шешім қабылдауына бір күн қалғанда келді. Елшілер 11 желтоқсанға дейін келді, демек Шоқан алғашқы хатын осы күннен кейін жазған.

Тағы бір факт – Іле Цин әскерлері Баяндайға қарай ығыстырған ондаған мың көтерілісшілердің қоршауында қалды. Іле қазақтары сол жолы Цин әскері жағында болды. Сондықтан Цин елшілері Тезек ауылына аман-есен жетті. Бұл, Шоқанның хаттарын түсіндірушілер атап өткендей, Колпаковскийге жазған алғашқы хаты 20 қарашада

жазылуы мүмкін еместігіне дәлел. Ал цзян-цзюньнің Колпаковскийге жазған хатының уақыты – 20 желтоқсан.

1864 жылы желтоқсанда Циндер Гучен қаласын (қазіргі Цитай) тек Хами ваны (князь) Баширдің көмегінің арқасында ғана қайтарып ала алды. Моңғол әскерлері үлестің тұрақты кідірістеріне байланысты соғысудан бас тартқан болатын [Муцзун шилу, цзюань 124, с. 2-4].

Шоқанның екінші хаты, оның айтуынша, Тезек араласпаған сот істеріне қатысты. Шоқан шағымдардың талқылауына төре руының өкілі ретінде және сол кезде қырғыз-қазақ шайқастарымен, яғни аса маңызды халықаралық істермен айналысқан Тезектің өтініші бойынша қатысқан. Шоқан бұл оқиғалар туралы Колпаковскийге 1865 жылғы 1 желтоқсанда, ал Тезек – 2 желтоқсанда жазды. Колпаковскийге жазылған 3 хат та бір пошта арқылы жеткізілген болуы мүмкін. Шоқан төрешілікке қызығушылық танытқаны соншалықты 1865 жылғы 14 қаңтардағы хатында (ол туралы төменнен оқыңыз) «Орданың рулық халық басқармасы» (Ұлы жүзде) туралы көлемді жазба жазады. Ол Ұлы жүз сұлтандарына есімдерін атамай-ақ өте жаман мінездеме береді. Бірақ Г.Колпаковский кімдер туралы сөз болып жатқанын жақсы білетін. Шоқан албандардың сұлтаны (Тезекті нұсқап тұрғаны анық байқалады – Қ.Х.) «тек өзінің төлеңгіттерін басқарады, олар өте көп, бірақ оларды плантация иесі негрлерлерді басқарғандай басқарады» деп жазды. «Жалайыр сұлтандары, болыстар және басқалар Сібір шенеуніктеріне ұқсайды. Олар тек қарап тұруға, содан кейін кетуге келеді. Жалайырдың билеушілері арасында, халықты тонау үшін жең ұшынан жалғасқан парақорлық бар». «Дулаттар сәл жақсы, бірақ сұлтан оларды әлсіз деп санайды. Онда, олардың арасында қажет болса сұлтанға тойтарыс бере алатын, бай әрі ықпалды қырғыздар (қазақтар) көп» [Валиханов, т.5, с. 169].

Бұл мәліметтер де құнды, өйткені Ресейдің Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы әлі аяқталған жоқ еді. Екінші жағынан, біз Шоқанның тұлғасын, жалпы ой-өрісі мен білімін, туған-туыстарын танып-білуі туралы түсінік қалыптастыра аламыз. Бұл жерде оның қазақтардың қоғамдық өміріне және орыс-қытай байланыстарын жүзеге асыруға белсене қатысуға деген ұмтылысы байқалады. Әлбетте, мұндай ойы орамды адам сол кездегі білімді қазақтар арасында сирек, дұрысы, дара құбылыс болған. Орыс әкімшілігі ешқандай жағынан Шоқанды елемеуі мүмкін емес еді.

Шоқан үшінші хатын 1865 жылы 14 қаңтарда жазды. Өйткені ол Шыңжаңдағы дүнген-цин соғысы туралы ақпаратпен бөлісуге асықты [Валиханов, т.5, 167-170].

Хатта айдың ескі атауы – генвар деп көрсетілген, сондықтан осы күнге сенуге болады. Шоқан: «Дүнгендердің Құлжадан қашуы өткен айдың 9-нда болды» – деп жазады, яғни 1864 жылғы 9 желтоқсан. Әрі қарай: «11-күні (1865 жылғы 11 желтоқсан – К.Х.) жаудың қашқанына масаттанған мәнжулер көтерілісшілерді түпкілікті жою үшін, Құлжадан өте қуды» – деп жазады. Бірақ олар ойсырай жеңілген болатын. Шоқан қаза тапқандардың ішінде қытай әскерінің бастығы Чи-Джен, солон ухурдайы және тағы екі амбанды (бастық) атады. Әскерлер арасында да үлкен шығын болғанын жазды. Шоқан Баяндайдың құлағанын, цзян-цзюньнің бүлікшілерге татуласуды ұсынғанын хабарлайды. Қытай шежіресі Мин Сюй шынымен көтерілісшілерге татуласуды ұсынғанын, бірақ ол Қытайдың басқа провинцияларынан әскер келгенше уақыт ұту мақсатында жасалғанын растайды.

Циндердің дүнгендермен қақтығысы туралы ресми дерек Шоқанның ақпаратына қайшы келмейді. Ол көтерілісшілердің хань, дүнген және ұйғыр жетекшілерінің есімдерін атайды. Бұл да біз үшін ерекше мәлімет. Ал ресми сарай шежіресі «бүлікшілердің басшыларының» есімін еске түсіруді қажет деп санамады. Тараншы (ұйғырлардың) өкілдері Тезекпен хабарласып отырды және Шоқан хабарлағандай, сол арқылы Верныймен байланыс орнатуға тырысты.

27 желтоқсанда Шоқан Мин Сюй заңсыз алым салған Іледегі Ресейдің сауда-саттық орны туралы егжей-тегжейлі хабарлайды. Тағы бір маңызды хабарлама – Шыңжаң қазақтары «өз қамқоршыларының ата жауына айналып, мәнжулер мен солондарды мүмкін болған жердің бәрінде тонап жатты (даур елді мекендері мен гарнизондары – К.Х.)».

Шоқан бұрын өзіне қандай да бір билік немесе өкілеттік беруді сұраса, енді ол өміріне үлкен қауіп төндіретін тілегін білдіреді: «егер Қытайларға көмек берілсе, онда Жоғары мәртебелім, бұл туралы хабармен Құлжаға мені жібересіз деп үміттенемін», – деп жазады ол [Валиханов, т.5, 170-171].

Со-колдай Ресей билігінің жауабынсыз қайтқысы келмей әлі де Тезек ауылында қалды. Шоқан егер Шыңжаңға жаңа сапарына шыққандай болса, Мин Сюй елшілерімен бірге жүруді ойлады. Демек 1864 жылдың аяғында Шоқанның дүрбелеңнен көз ашпаған Іле өлкесіне іссапарға шығу туралы нақты ойы болды.

Шоқанның 1865 жылғы 14 қаңтар деп көрсетілген Колпаковскийге жазған төртінші хаты аса күмәнді [Валиханов, т.5, 171- 173].

Ол өзі қателесіп бұл оның Омбыға жіберген үшінші хаты деп жазады! Әрине, бұл қытай оқиғалары туралы ақпарат топтастырылған үшінші хат. Бұл хатқа Шоқан аударған Цзян-цзюньнің парағы қоса берілген, бірақ оның уақыты – Тұңжы билік еткен 5-жылдың (!) 12-ай 24-күні деп көрсетілген. Ал бұл күн 1866 жылдың 29 қаңтарына тура келеді!

Мұны қалай түсіндіруге болады? Қазақстандық тарихнамада Шоқан 1865 жылы сәуірде қайтыс болды деген пікір қалыптасқан. Олай болса ол Мин Сюйдің 1866 жылы қаңтарда жазылған хатын аударуы мүмкін емес. Бұл біз үшін өте маңызды, өйткені Шоқанның қайтыс болған күні дұрыс болмауы мүмкін. Бұл қате ме, әлде Колпаковскийдің бізді әдейі шатастыруы ма?

Сонымен қатар, бұл жолы цзян-цзюньнің хатының аудармасы жеке параққа жазылмаған, бірақ Шоқанның хатының ішінде, аударманың басында және соңында оның ұзақ түсіндірмесі бар. Әрине, Шоқанның түсініксіз жазуы туралы біле тұра (бұл туралы ҚР ОММ залында саяхатшының құжаттарымен жұмыс істеген ғалымдар М.Т. Сүлейменова мен Д.Х. Карамышевадан бірнеше рет естідім), оның үстіне Ресей мұрағаттарында Шоқан хаттарының көшірмелері ғана сақталғанын, көшірмелерде Шоқанның 1864-1865 жылдардағы хаттары ғана барын ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан олардың уақытынан шатасулар болуы мүмкін. Бұл жағдайда Тұңжидің басқарған 3-жылын 5-жыл деп қабылдау да, қолжазбадағы «3» пен «5» сандарын шатастыру да оңай. Бірақ хаттың мазмұнын қалай шатастырасың? Цзян-цзюньнің бұл хатын кім жеткізді, өйткені оның алғашқы елшілері орыстың қосымша күшін күтіп әлі күнге дейін ауылда жатты емес пе? Мин Сюйдің бұл парағында сол жылдың 12-айының 19-20 күндері, яғни 1866 жылдың 24, 25 қаңтары туралы айтылады. Егер Мин Сюйдің хатында көрсетілген күндер 1865 жылға түзетілсе, сол кезде Шоқан әлі тірі болғанын ескерсек, ол 14 ақпанда жазған болады, ал ол айтқан оқиғалар 1865 жылғы 4-5 ақпанда болды. Қалай болғанда да, егер Мин Сюй хатының мерзімін 1865 жыл деп түзетсек, Шоқан өзінің төртінші хатын Колпаковскийге 14 қаңтарда емес, ақпанның екінші жартысында жазуы мүмкін. Сонымен қатар, қытай құжаттарына сәйкес хатта жазылған Хуйнин (Баяндай) көтерілісшілерге 1865 жылғы 9 ақпанда берілді. Бұл бір айдан кейін. Сондықтан, Шоқанның 14 желтоқсан деп көрсетілген, Баяндайдың құлағанын сенімды айтқан хатының уақытын да бір ай кейінге шегерген жөн [Валиханов, т.5, 167].

Шоқан аударған екінші хатта Мин Сюй өзінің орыстарға деген достық қарым-қатынасын, Іледегі орыс сауда орталығының ғимараттарын қорғауға тырысатындығын атап өтеді. Ол бір уақытта Батыс Сібір генерал-губернаторына хат жібергенін, онда бұл фактіні атап өтіп, сауда алмасуды жалғастыруға шақырғанын хабарлайды. Шоқан екі түпнұсқаны да аудармасымен бірге өзі хатына қосады. Мин Сюй айтпақшы, бүлікшілер Тезекпен байланыс орнатып, оған шай және күміс жамбы пара беріп жатқанын, бірақ ол «жоғары билікке бағынып, олардың ащы өсектеріне құлақ аспағанын» айтады [Валиханов, т.5,173].

Шоқан Шыңжаң көтерілісшілеріне Іле, Жетісу чажалары, қоңыр бөріктер, жартылар көмектескенін қоса айтты [Валиханов, т.5, 172].

Ол өз аудармасында қайын ағасын қорғау үшін «ащы өсектер туралы» сөзін қосып жазған жоқ па?

Ол әлі күнге дейін өзін Ресей мен Цин билігі арасындағы келіссөздерде делдал болып тағайындайды деп сенді. Ол Цин елшілерімен де, олардың мұсылман қарсыластарының елшілерімен де жиі кездесіп, әңгімелесетін. Шоқан барлық оқиғаларды Ресей мүддесі тұрғысынан қарастырады, олардан өзін ажыратпай, «біз», «біздікі», «бізге» және т.б. есімдіктерді жиі қолданады. Ол Шыңжаңға сапарға шығамын деген ойынан айнымады. Іле цзян-цзюніне көмек беруге келіскен жағдайда, бұл жаңалықты Құлжаға өзі жеткізуге ниет білдіреді. Ол ұйғырлардың, дүнгендердің, қырғыздардың және т.б. мұсылмандардың цин үстемдігіне қарсы қатыгез соғысынан сескенбеді. Жас сұлтанды қауіп-қатер тоқтатпайды, ол барлық жағынан орыс билігіне пайдалы болғысы келді. Қытай деректерінде Шоқан айтқан қытай әскери қолбасшысы Чи-Дженнің де, көтеріліс басшылары – ханьдік – Джунь-Тан, дунган – Па-ту-за, ұйғыр – Садырдың да есімдері табылмаған [Валиханов, т.5, 168].

Бұл дерек сонысымен де бірегей.

1865 жылдың басында Со-колдай Тезек ауылында қалды. Ал Шоқан ақтаулық Жаһангер қожаның ұлы Бузрук қожа туралы мәлімет береді.

1865 жылы қаңтарда Якуб-бек (1820-1877 жж.) Бузрук қожаны ақтаулық қожалардың туы астына алып, Қашқарияға басып кірді. Олардың барлығы 608 сарбазы болды. Қожаны жергілікті ұйғыр феодалдары мен ықпалды қырғыз Садырбек қолдады.

1865 жылдың көктемінде Якуб-бек Оңтүстік Шыңжаңның басқа да ірі қалаларын басып алуға кірісті.

Демек, Шоқанның 1865 жылы 30 қаңтардағы хаты (күні дұрыс секілді) осы оқиғаның ізімен жазылған. Якуб-бек қазақтар мен қырғыздарды «алдамшы» қытайлар мен орыстарға қарсы бірлесіп күресуге шақырды.

Шоқан Колпаковскийді жаңа лауазымымен құттықтады. Ол 1865 жылдың басында Семей облысының әскери губернаторы болып тағайындалған еді. Шоқан оның тағайындалуы өз тағдырына өзгеріс әкеледі деп күтті.

Сонымен қатар, мен Шоқан хаттарында айтылған өзге цин шенеуніктері туралы ақпарат табуға тырыстым. Бір хатта Со-колдай, ал Мин Сюйдің екінші хатында Сабитун есімді эчже-ку-хафин туралы айтылады. Шоқан эчже-ку-хафин – шеннің аты деп жазады. Мұнда қате жазылып кеткен, бірінші сөз эженху болуы керек – «император», ал екінші – хафин мәнжу тілінде – «хабаршы» немесе «уәкілетті» дегенді білдіреді. Со-колдай туралы Шоқанның барлық хаттарында айтылған.

Ол Тезек ауылына 1864 жылы қарашада келіп, 1865 жылдың ақпанында Шоқан қайтыс болғанға дейін күткен орыс әскери көмегі нәтижесіз болған соң қайтты.

Мин Сюйдің тапсырмасы бойынша 1865 жылы Алматыға жоғары дәрежелі шенеунік Жун Цюань келген. Ол Мин Сюй қайтыс болғаннан кейін Іле генерал-губернаторы болып тағайындалған [Цин шилу Синьцзян цзыляо, т.11, 4874].

Чжун Цюань орыс жасағы мен азық-түлігін күтіп Түрген қаласында тұрды. Мұнда оған қазақтар үнемі шабуыл жасады. Сондықтан ол лагерьді әуелі Көксуға, содан кейін Қапалға жақын маңға ауыстырды. Бұл кезде Бейжіңнің Іле қалаларымен байланысы толығымен үзіліп, Верный қаласымен байланыс қана еркін болатын.

Чжун Цюань Қытайға Моңғолиядағы Қобда арқылы оралды. Олар Бейжіңде, Іледегі оқиғалар туралы және Мин Сюй мен отбасының қорқынышты өлімі туралы шамамен алты айға кешігіп естіді. Ол орыстар әскери отряд бөлуге келіскенін хабарлады. Бірақ әскери көмек Мин Сюй сұраған кезде емес, Іле өлкесі толығымен көтерілісшілер қолына өткеннен кейін болды. Бейжің Ресейдің әскери көмек үшін Шыңжаңға әскер кіргізу туралы келісімі – Ресейдің Ілені басып алуға ниетті екендігінің белгісі деп күдіктенді. Ал азық-түлік артқан орыс жасағына келер болсақ, оны Укек қарауылында мұсылман көтерілісшілері емес, моңғолдар ұстап қалды. Бұл Тезек ауылына шабарман жіберген Жун Цюань болатын, олардың арасында Шоқанның

хатында айтылған Сабитун чжанцзин бар еді [Муцзун шилу, цз. 243. л. 14-15.].

Аталған деректердің бәрі 1865 жылдың аяғы мен 1866 жылдың басындағы оқиғаларға қатысты. Сабитун Мин Сюйдің хатын Тезектің ауылына жеткізді. Ол сондай-ақ Шығыс Қазақстанға шегінген солондардың (даурлердің – К.Х.) Шыңжаңға оралуына көмектесуі тиіс еді. Бірақ оның басты ісі – Шыңжаңдағы ашыққан Цин әскері үшін қазақтың малы мен басқа да азық-түлікті сатып алу болды. Сол уақытта, қазақтың кейбір рулары – қызай, байжігіттер Тарбағатайға шабуыл жасады. Десе де олардың арасында қаланы қорғағандар да болды.

Тезек 1866 жылы 11 сәуірде көтерілісшілер қолына өткен Тарбағатайды қоршауға қатысты деген қауесет бар. Шоқан алда болар тұтқындаудан, сот пен жер аударудан аулақ болу үшін Сабитунмен немесе Тезек жасағымен бірге Шыңжаңға өтіп кетуі мүмкін. Бұл дерек жанама түрде болса да, Шоқан 1865 жылы қайтыс болған жоқ, кем дегенде тағы бір жыл өмір сүрген деген болжамды растайды. Олай болса, егер ол Мин Сюйдің 1866 жылы 29 қаңтардағы хатын аударса, таңқалатын түгі жоқ [Валиханов, т.5, 173].

Ақыры, Омбыға жазған үш хатына 1865 жылы ақпанда екі жауап алған Шоқан қуанышын жасыра алмады. «Сіздің қарамағыңызда болу туралы Сіздің ұсынысыңызды мен қуана қабылдаймын, бірақ сонымен бірге Сізден жалақы есебінен маған ұсақ күміс тиындармен 100 рубль жіберуіңізді сұраймын», – деп жазады ол [Валиханов, т.5, 173]. Ол Колпаковскийге қызмет етуге дайын екенін айтып, генералдың Шыңжаңдағы көтеріліс пен ағылшындар туралы кейбір сұрақтарына қысқаша жауап береді. Кейінірек мұсылман көтерілісі туралы толығырақ мәлімет жазбақ болады. Ол қырғыздардың арасында қожалардың Верныйға шабуыл жасау ниетіне қатысты қауесеттер жүргені туралы айтады. Бұл Шоқанның Колпаковскийге жазған және өміріндегі ең соңғы хат болды. Десе де бізді осы соңғы хат ретінде белгілі хаттың тым қысқалығы таңқалдырады, тап бір асығыс жазғандай. Ол мұсылман көтерілісінің себептері туралы егжей-тегжейлі баяндама жіберуге уәде беріп, тың деректер табамын деп меңзейді. Ол бәлкім ол мәліметтерді Шыңжаңнан табамын деп ойлады ма екен?

1863-1864 жылдар Шоқан үшін өте қиын болды. Оның ең жақсы достары «сібір сепаратистері» ісі бойынша тергеуге алынды. Омбыда әкесіне қатысты «Полковник Шыңғыс Уәлиханов сұлтанның үкіметке

қарсы қылмыстық ойлары туралы» іс қозғалды. Шын мәнісінде Шыңғыс патша үкіметіне әрқашан адал болатын. Шыңғыстың қылмыскер атанатындай қандай ойы болуы мүмкін? Шоқанның «сепаратист» достары – Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев және тағы басқалар еді. Олар түрмеге қамалып, Сібірге жер аударылып, азапты жұмысқа жіберілді.

Омбыда Ядринцев Шоқанның картадан ұтылған қарызын төлеген болуы мүмкін. Шоқан Черняевтің қолбасшылығымен орыс әскерінің Ташкент жорығына шығар алдындағы көрсеткен қарызының мөлшері – 300 күміс рубль болды. Сондай-ақ Ядринцевтің Шоқанға «жақсылық жасау» туралы айтқан сөздері де белгілі [Чокан Валиханов. Энциклопедия, 2010, 483].

Шоқан мен әкесіне қастық ойлаған дұшпандары көп болды. 1865 жылғы 11 ақпанда Түркістан генерал-губернаторы әскери министрге: «...Мен Жетісу облысының қырғыздары арасында өлкенің тыныштығына зиянды қауесеттер таратқан штабс-ротмистр Уәлиханов туралы жергілікті биліктен бірнеше рет жағымсыз пікір алдым», – деп баяндады. Бұл «зиянды қауесеттерді» Шоқан мен оның қайнағасы полковник Тезек таратты делінген хабарламада. Түркістан генерал-губернаторы екеуін де тұтқындауға және тергеу жүргізуге бұйрық берді. Жалпы Г.Колпаковскийдің Шоқанды қорғағаны жайлы айтылады. Ол Шоқанға ескертті ме, әлде үлгерген жоқ па? Немесе ол мұны жасау қажет деп санамады ма? Шоқан тұтқындаудан қалай асам қалды? Қалай болғанда да, Шоқанның әскери-тәртіптік (дисциплиналық), ұлттық немесе саяси тұрғыдағы әрекеттерін жасыра алмайтындығы генерал үшін қиын мәселе болды.

Колпаковский Шоқанды Жетісудан басқа жаққа жіберу қажеттігін түсінді. Жоғарыдағы бұйрыққа қарағанда, Колпаковскийдің қол астына қызмет ету туралы ұсынысы айла сияқты көрінеді. Ал олар ақпан айында Ташкентке жеткен болса, Шоқанға қатысты күдіктерден бейхабар болуы мүмкін емес еді.

Колпаковский оған қол астында қызмет ету туралы ұсынысын Шоқанның байқампаздығын азайту үшін жазған жоқ па? Демек, оның Шоқан жасырынып үлгеруге мүмкіндігі бар деп ойлауға негізді дәйектемесі болды. Ал ол жаңа мұсылман билеушілері қазақ көшпелілерін шақырған Шыңжаңда ғана жасырына алар еді. Олар Шыңжаңнан (мысалы, Текес аңғарынан) қалмақтарды, сибо, солондарды ығыстырды. Олардың жайылымдары бос қалды. Екінші жағынан, орыс билігі үшін «Жетісу тыныштығына зиянды

қауесеттерге» не жатқызылуы мүмкін? Бұл – Йэттишар мемлекет басшысының орыстардан Орта Азия мұсылмандарын азат етуі, оны мен қоқандықтардың Верныйды қайтарып алу туралы дайындық жоспары. Бұл туралы Шоқан өз хаттарының бірінде хабарлап үлгерген.

1865 жылы 7 сәуірде Бас штабтың бастығы генерал-адъютант граф Гейден әскери министр Милютинге жасаған баяндамасында Батыс Сібір округінің әскери қолбасшысының: «... Генерал-лейтенант Хрущев штабс-ротмистр Уәлиханов пен оның маңайындағы жағдайлары бойынша «оның ол жерде болуы ешқандай зиянды салдарға әкелмейтін», империя ішіндегі қандай да бір кавалерия полкіне қызметке ауыстыруды лайық деп санайтыны» туралы пікірін келтірді. А.П.Хрущев Шоқанның «бұл лауазым Г.Колпаковскийге тиесілі» деген үмітіне қарамастан Батыс Сібір генерал-губернаторы болды (1865-1889 жж.).

Шоқан ресми түрде Семей емес, Омбының қарамағында қалды. Ол генерал Хрущевтен жақсы ештеңе күтпеді. Олардың қарым-қатынасы әу бастан дұрыс болмады. Шын мәнінде, Шоқанды оның кейбір бағынбайтын туыстары сияқты Ресейге (Сібірге?) аманатқа жіберуді жоспарлады. Хрущевтің баяндамасында соғыс министрінің Шоқан туралы: «штабс-ротмистр Уәлихановтың өз таңдауымен кавалерия полкінің біріне ауыстырылсын» деген қарары бар. Бұйрық берілген жеделхат Петербургтен Омбыға 1865 жылы 9 сәуірде жіберіліп, дәл Шоқан қайтыс болған күні 10 сәуірде жеткізілді. Қиын мәселе өз-өзінен шешілді. Бұл өлім Ұлы далада Шоқан туралы «Аққан жұлдыз» трилогиясын жазған жазушы Сәбит Мұқанов пен ғалым Ә.Х. Марғұланға ғана аян түрлі қауесет тудырды. Бірақ олар бұл туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Шоқанның өмірбаянын зерттеген және «Уәлиханов ісі» туралы түсінігі бар Кеңес ғалымдары, жазушылары Тезек ауылында шын мәнінде не болды деген мәселенің соңына түсті. Патша үкіметі де, Кеңес өкіметі де Ресейдің мызғымас жақтаушысының жарқын бейнесіне нұқсан келтірмеу үшін ол туралы істің барлық жағдайларын жарыққа шығаруға мүдделі емес еді.

Орыстар неден қорықты? Шоқан мұсылман көтерілісіне қосылып кетеді деп пе? Бірақ Шоқанның әрқашан исламға теріс қарайтыны және оны ешқашан жасырмағаны белгілі. Оның орыс әскери мектебінде оқығаны, патша қызметінде болғанының өзі,

мұсылмандардың оны қабылдамауы үшін жеткілікті емес пе? Жағдайды тек:

1. Верный, Ташкент, Омбы және Петербург арасындағы Шоқан туралы барлық хат-хабарларды зерттеу;
2. Шыңжаң істері мен Шоқан тағдырына қатысқан Тезектің сот ісін егжей-тегжейлі зерттеу ғана түсіндіре алады.

70-жылдары Тезекке бағыныштылар өз еркімен Іле сұлтандығына қоныс аударғаны белгілі. Ал ол өзі Ресейге сатқындық жасады деп шындап күдікке ілінді.

«Шоқан Уәлиханов» энциклопедиясында Шоқан бейітіндегі эпитафияның әртүрлі нұсқаларын құрастыру жұмыстары туралы келтірілген деректер де ойға қонымды. Соңғы нұсқа Колпаковскийді оңалту мақсатына бағытталған.

Шоқанның Мин Сюй мен оның басшыларына жолдаған хаттарына қатысты мән-жайларға тоқталайық. Шоқан Іле генерал-губернаторының Г.Колпаковскийге жолдаған хаттарын екі рет рұқсатсыз ашады. Бұл істің жеделдігі мен оның маңыздылығын, сондай-ақ Шоқан мен Колпаковский арасындағы кейбір сенімді қатынастарды көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, ол генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болған кезде, оның хат-хабарларымен жұмыс істеп, Ұлы даладан келген хаттарды ашып, олар туралы билікке есеп беруіне тура келген. Ол өз жағдайындағы өзгерісті ұға алды ма? Оның хатты рұқсатсыз ашуын немен түсіндіруге керек?

Цзян-цзюньнің бірінші хатына қатысты Шоқан: «Маньчжурлардың айтуы бойынша Цзян-Цзюнь хаты олар онша жақсы білмейтін таранча тілінде жазылған. Верныйда алғашқы хаттың аудармасы солардың көмегімен жасалғандықтан, олар парақты аударуымды өтінді. Сондықтан мен басып шығарып, аударма жасауға батыл кірістім. Жоғары Мәртебелім өзімнің бұл еркіндігіме наразы болмайсыз деп үміттенемін» – деп жазады [Валиханов, т.5, 163].

Қалай болғанда да, өзгенің хатын ішіндегі құнды ақпаратын алу үшін ашады. Әрине, Шоқан да ол ақпаратты алды, бірақ қандай мақсатпен алғанын біз білмейміз. Осылайша, цзян-цзюнь Мин Сюй алғашқы хатты шағатай тілінде жазуды бұйырды. Оны қытай тілін білмейтін әлдебір ілелік ұйғыры (таранчи, оларды сол кезде солай атаған) жазды. Егер бұл хат табылса жақсы болар еді!

Цзян-цзюньнің Тезек ауылына жеткізілген екінші хаты мәнжу тілінде жазылған. Ш.Уәлиханов бұл парақты «мәнжу мәтінімен бірге түсініп», Со-колдайдың көмегімен аударды. «... Дорбаны өзім сөгуім

керек еді. Жоғары мәртебелі тақсыр, бұл үшін маған ашуланбайсыз деп үміттенемін (Омбыда аудармашыға жүгіну керек болар еді)» деп, тағы да кешірім сұрайды [Валиханов, т.5, 172].

Бұл жолы Шоқан Омбыда аудармашы іздеп, шұғыл хатты аударуға уақыт жоғалтуыңыз мүмкін еді деп ақталады. Әрине, Омбыда Шоқанның аудармасын қайтадан тексеру керек болар еді. Алайда циндерге жедел көмек қажет болатын. Ал Ресейдің жергілікті әкімшілігі Санкт-Петербургпен байланысып, содан кейін ғана астананың бұйрығы бойынша қадам жасайтын.

Г.Колпаковскийдің Шоқан туралы, оны орыс қызметінде қалдыру орынды екенін негіздейтін ресми өтінішін тауып алу қызық болар еді.

Сонымен, Шоқанның Тезек ауылында 6 айы өте белсенді өтті. Бұл мерзімнің жартысы оның хат алмасуымен расталады, ал мүмкін, бір жылға дейін созылуы – зерттеуді қажет етеді. Бірақ Шоқан өмірінің соңғы жылдарындағы барлық жұмбақ әлі шешілген жоқ. Сонымен бірге, тарих ғылымының қазіргі жағдайы оның өмір жолын, кемшіліктері мен қателігін бейтарап зерттеу үшін өте қолайлы. Әзірге Шоқанның ерте қайтыс болуына әсер еткен және қайтыс болуының ресми күнін анықтауға қатысты бірнеше нұсқа бар.

**Біріншісі** – аурудан көз жұмды деген ресми қорытындыны түпкілікті деп санауға болмайды.

**Екіншісі** – Шоқан Шыңжаңға, жоңғар ауданына немесе Қашқар ауданына өтіп кетуі мүмкін. Ол Тезек отрядына ілесіп кетуі болмаса Іленің бас жағына көшкен өзге албан ауылдарына қосылуы да мүмкін.

**Үшіншісі** – Тезек ауылынан қырғыздың бұғы тайпасының жері арқылы Қашқарға да бара алады. Ал Якуб-бек жасақтарымен бірге Қашғарға барған Шоқанның туысы – Кенесарының ұлы Садық оның Черняев әскерінен кетуінің сырын білмеуі мүмкін емес. Садық Ташкентті қорғаған соңғы адам емес еді. Якуб-бек жақтастарының Тезек ауылына ат басын тіреуі кездейсоқтық болмаса керек. Шоқан олар орыстардан көмек сұрай қалған жағдайда не деп жауап беру керектігі туралы кеңес сұрағанын еске түсіріңіз.

**Төртіншісі** – Қашқарда Шоқанның Садықтан басқа да таныстары қалды. Олардың арасында оның ұйғыр әйелі де бар еді. Сол үшін Шоқан Қашқарияға баруға ұмтылды. Ол бұл қалада орыс консулдығының ашылуын, сол жерде консул ретінде қызмет етуді армандады.

**Бесіншісі** – ол бүлікші Шыңжаңға жаңа тапсырмамен баруға дайын болды.

Англияның Шоқанға деген қызығушылығын да елеусіз қалдыруға болмайды. Көпшілік Шоқан Г.Потанинмен бірге Ұлы даладағы ахуал туралы «Колокол» журналына мақала жіберген деп санайды. Бірақ ол мақалалар авторының есімі көрсетілмей жарияланды. Алайда олардың мазмұны мен баяндау стиліне сүйене отырып, осы екі достың қаламынан туған болуы мүмкін деп болжауға болады. Шоқан журналмен Санкт-Петербургте танысуы мүмкін. Өйткені журналды шаруа реформасы жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде Семенов Тянь-Шаньский үнемі алып отырды. Жастар мақаланы Герценге өз бетімен, өздерінің қамқор ұстазы П.П. Семеновтың тікелей келісімінсіз жіберуі мүмкін емес еді. Сонымен қатар, Шоқанның ИОГҚ-та (Императорлық орыс географиялық қоғамы) оқыған Қашқарға саяхат туралы есебінің қысқартылған нұсқасы Англияда бірден танымал болып, «Қашқардағы орыстар» кітабында жарияланды.

1865 жылы ағылшындардың Якуб-бекке қару-жарақ сату туралы келіссөз бастауы, Санкт-Петербургтің үлкен алаңдаушылығын тудырды. Верный бекінісін салу кезінде Оралдан баяғыда қолданыстан шығып қалған фальконеттер (сүйрететін зеңбіректер) мен пищалдар (берденкелер) жеткізілді. XIX ғасырдың 50-ші жылдарының соңында Тобылдан ядролары Павел билік еткен кезеңнен қалған, яғни жарты ғасырға жуық жатқан зеңбіректер жіберілді. Қару ескі, бірақ Орта Азия халықтарында атыс қаруы болмаған деп елестетсек, оларды ескі қарумен де қорқытуға болады.

XIX ғасырдың 50-60-жылдарында апиын соғысын бастаған Англия, Қытайды есепке ала қоймады. Сондықтан 1865 жылы Жетісуда, Верныйда Англия Орта Азия мемлекеттері мен Шыңжаң көтерілісшілеріне қазіргі заманғы қару-жарақ жеткізуге дайындалып жатқаны туралы жаңалыққа байланысты нағыз англофобия мен үрей тарады. Англия Орта Азия халықтарын Ресейге қарсы көтеріп, осы аймақтың аумақтарын басып алуға тырысты. Ал Қоқан мен Қашқардың мұсылмандарды қытайлық болсын, орыс болсын, кәпірлерден азат ету жоспары туралы қауесеттерге байланысты кімнің болсын Англиямен байланысы туралы мәселе түркістандықтар үшін өте қауіпті болды. Шоқан ағылшындар туралы пікірін сұраған Г.Колпаковскийге жалтара жауап бергенін байқауға болады: «Ағылшындар Үндістан арқылы Каратегинге кіре алмайды. – Ал Қашқардан өту өте ыңғайлы болған кезде британдықтар несіне тауға шығып әуіре болады?», – деп әділ айтты Шоқан. Бірақ содан кейін ол: «Жалпы, ағылшындар туралы әңгімелер Сарынбектің аға-манаптарының әлсіздігі болды – бұл

қауесет сол жақтан келген жоқ па?» – деп қосты. 1825 және 30, 45 жылдардағы Қашқар көтерілістер кезінде үнемі мұнда ағылшындар бар деген қауесет тарайтын. Бірақ әр жолы ол жалған болып шығатын [Валиханов, т.5, 175].

Алайда ағылшындардың Якуб-бекпен келіссөздер өткізуге дайындалып жатқаны туралы ақпарат Омбыда сенімді түрде анықталды. Якуб-бектің кең таралған үндеу қағаздарын қолында ұстаған Шоқан да бұл туралы білмеуі мүмкін емес еді. Бәлкім ол Колпаковский сауалына толық жауап беруге дайын болмаған шығар, бірақ ол Ресей билігінің өкілі (айтылуы бойынша агент) лауазымын алғанға дейін, маңызды ақпараттың бәрімен бөліскісі келмеген шығар. Ол тіпті ұйғырлардың немесе қырғыздардың қатарындағы ағылшын өкілімен кездескен болуы да мүмкін.

Жетісу шенеуніктерінің арасында Тезек сұлтан мен Уәлихановтың (Ғази-Болат әлде Шоқан?) Ресейге дайындап жатқан опасыздықтары туралы қауесеттің жүруі кездейсоқ емес. Верный әкімшілігіне Англия агенттерінің Жетісуға келгені белгілі болды, ал әлдебіреуі Верныйдың өзінде ұсталды.

Сонымен Түркістандағы ықпал ету салаларын бөлу ісінде ағылшын-қытай бәсекелестігі пісіп-жетілді. Шоқан аймақ халықтарын қаруландырудың ағылшындық жоспарларын бұзу ісінде және кем дегенде, Орта Азия билеушілерінің, оның ішінде Якуб-бектің Англиямен құпия қарым-қатынасы туралы сенімді ақпарат алуда пайдалы болуы мүмкін еді. Алаңдатарлық қауесеттер Шоқан қайтыс болғаннан кейін (1866-1867) жылдары тіпті күшейе түсті.

Барлық зерттеушілер үшін Шоқанның кенет қайтыс болуы жұмбақ болып көрінеді. «Кісі қолынан өлді» деген гипотезаны ұстанушылар «бұл – Ресейдің ісі» деп санайды. Алайда, олар ұсынған нұсқалардың айырмашылығы тек орындаушыларға ғана қатысты. Кейбіреулер тұншықтыру немесе улауды Санкт-Петербургтен Шоқанға тағайындаған қосшы – «айлакер татар» Мұхамеджан Сейфулмәліков (Мехди Рафаиловтың дәлелденбеген өлімі соның мойнында) немесе «зұлым» сұлтан, Шоқанның қайнағасы Тезек, әйтпесе сыртқы Шоқаннан аумай қалған, егіздің сыңары дейтіндей ұқсас жақын туысы – Ғази-Болат Уәлиханов істеді деп санайды. Шоқанның жоғары лауазымды адам болғаны сонша, аты аталған адамдар оны өлтіруді тек аса жоғарыдан келген тікелей бұйрықпен ғана жасай алулары мүмкін.

Егер бұл жеке кек алу үшін жасалған болса, қылмыскерлер қатаң жазаға тартылар еді. Бұған қоса, Шоқанды белгісіз біреу өлтіруі

мүмкін, кейін ыңсыз-дыңсыз оның көзі оңай жоюға болатынын болжау қисындырақ. Ал Тезек пен Ғази-Болат сұлтандар өздерінің туысы, Абылай ұрпағын өлтіруге бармас еді. Абылай ұрпақтары арасында қандай дау-дамай, бақталастық болса да, әсіресе, бейтаныс адамдардың айдауымен кісі өлтіруге бармаған. Бұған жетісулық Абылай ұрпақтарының Кенесарымен қарым-қатынасын талдау дәлел болады.

Келесі нұсқа әлдеқайда сенімді болып көрінеді. Шоқан жаңа тапсырмамен Петербургтен күтпеген жерден кетті. Бұл – Ресей билігін ең көп алаңдатқан аймақтағы Англиямен бақталастықпен байланысты болды. Осыған орай Шоқан Тезек ауылындағы шекараға келді. Шоқан ағылшындармен Қашқар қазақтары арқылы байланысуы мүмкін. Бұл Қашқардағы қоқан ақсақалының оққағары болған әлдебір найман немесе Кенесарының баласы Садық (Сыздық) болуы ықимал. Садықтың Ташкентті патша әскерінен қорғауға, сондай-ақ Якуб-бек мемлекетін құруға қатысқанына қарамастан, Петербургтің оны кешіруі кездейсоқтық емес. Садықтың арқасында Шоқан өзінің жеке шаруасын шешіп алар еді. Оның уақытша әйелі Фатима-шаукен Қашқарда қалды. Бәлкім, бір түйіні Шоқанмен байланысты жаңа құпия операция жоспарланған болуы мүмкін. Бұны оның қасында Алтын-Емелде астыртын жұмыс істеген, Шоқаннан аумай қалған штабс-ротмистр офицерлік шені бар тағы бір Уәлихановтың болғанымен түсіндіруге болады. Ресми қағаздарда бұл атау Уәлиханов тегінен бұрын жазылса да, атының жазылмағаны кездейсоқ емес сияқты. Бұл – күдікті.

Егер осының бәрі Шоқанның жоғалған ізін жасыру үшін әдейі жасалған болса, онда жоғарыда аталған жағдайлардың барлығы Шоқанның алдында 1858 жылғыдан да қауіпті іс тұрғанын көрсетеді. Расында бұл одан да қауіптірек болды. Себебі ол Қашқар мен Қырғызстанда әшкереленіп, 1859 жылы сәуірде қашып құтылған. Тапсырманың өзі де әлдеқайда күрделі болатын. Бірақ іс орындалмады, оның себебін, қазіргі қолымыздағы құжаттармен анықтау мүмкін емес, тек болжаммен ғана айтуға болады. Шоқан қабірінде нақты өз мүрдесі жатыр ма, жоқ па дегенге эксгумация жасайтын кез келді.

**Біріншіден** – көзі тірі Уәлихановтар мен қайтыс болған Уәлихановтарға ДНҚ сараптамасын жүргізу оңай. Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтан мен әжесі Айғанымның жерленген жерлері белгілі.

**Екіншіден** – Шоқан өлімінің себебі оқтан, уланудан немесе тұншығудан болғанын анықтау, яғни, өлімнің зорлық-зомбылық сипатын тексеру.

**Үшіншіден** – Шоқан, Ғази-Болат, Тезек туралы барлық құжатты, Колпаковскиймен жазысқан хаттарын іздестіру және жария ету үшін зерттеушілерді жіберу керек. Шоқан Ресей билігі атынан Цин билігімен, мұсылман жетекшілерімен келіссөздер жүргізу үшін өкілеттік беру туралы бұйрық пен жалақы есебінен Колпаковскийден сұраған ақша түсуі керек еді. Қалай болғанда да, бұл қадамдар Англияға қарсы болды. Егер Шоқанның өлімі Петербургтің бұйрығымен болған болса, бұдан генерал хабардар болар еді. Шоқан үш хатына да Колпаковскийден жауап алып, содан кейін хабарсыз кетуі де көптеген сұрақ тудырады.

Шоқанның әйелі Айсараны Сырымбетке апару туралы жазылған өтініш-хаттың қолтаңбасына да мұқият графологиялық талдау жасау қажет. Бұл осы арқылы қажетсіз куәгерінің көзін жою ма? Ол Шоқанның жаңа тапсырмасына немесе оның көзін құртуға қатысты ма, ол жағы маңызды емес.

## 3.4.5. Қытай тарихнамасындағы Шоқан Уәлиханов

Қазақстандық ғалымдар батыс және орыс саяхатшыларының Орта Азия мен Қазақстанға жасаған саяхаттарының ғылыми нәтижелерін жоғары бағалайды. Десе де патшалық Ресей бұл өлкені жаулап алуда оларға қандай рөл ойнатқанын жақсы білеміз. Саяхаттың саяси астарын ескере отырып, біз олардың халықтың дәстүрлері, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрыптары туралы мәліметтеріне құрметпен қараймыз. Әрине олар күні бүгінге дейін этнологияның, тарихтың және өркениет тарихының ең құнды негізін болып келеді. Сол сияқты Қытай саяхатшылары мен барлаушыларының, ежелгі және орта ғасыр дипломаттарының есімдері зерттеу беттерінен түспейді. Қазақстандық ғалымдардың бірнеше буыны өз күнделіктері мен жазбаларында, өз уақытында Қытайдың әртүрлі тарихи комиссияларының, шенді ғалымдары мен ғылыми шенеуніктерінің қатаң цензурасына ұшыраған кез келген фактілер мен пайымдауларды мұқият зерделеп, ерекше талдайды. Мысалы, Марко Полоның, Рубруктың қолжазбалары еркін шығармашылықтың көрінісі болды. Ал Ресейден келетін барлық саяхатшыларды Ресей ғылым академиясы, Әскери министрліктің Бас штабы және Ресей Императорлық географиялық қоғамы санкциялады және қаржыландырды. Олардың еңбектері әйгілі ғалымдардың редакциясымен жарық көрді.

Қазақстан ғылымында Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасы ерекше орын алады. Қазақ ағартушысы әрі зерттеушісінің қазақтардың, сондай-ақ Орта Азия мен Шыңжаңның басқа халықтарының тарихына, филологиясына, мәдениетіне қосқан орасан зор үлесі біз үшін даусыз факт. Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбегіне құрмет ретінде қазақтардың тарихындағы тұңғыш академиялық Тарих институтына оның есімі беріліп, Ғылым академиясы ғимаратының алдына оған ескерткіш орнатылды. Ш.Уәлихановтың 1884 жылы Шыңжаң губерниясы (қазіргі ҚХР ШҰАА) аумағында құрылған Жоңғария мен Шығыс Түркістан тарихын зерттеудегі еңбегі де жоғары бағаланды. Осы тұрғыдан алғанда Қытай ғалымдарының Шоқанның тұлғасы мен шығармашылығына деген көзқарасы қызығушылық тудырады.

Цин дәуірінде тарихшылар ол туралы білмеді. Қытайда шетелдік ғалымдардың еңбектеріне қызығушылық гоминьдан билігінің соңында Миньго дәуірінде (1911-1949 жж.) ғана пайда бола бастады.

Цин империясының деректерінде кейбір орыс саяхатшылары, оның ішінде Қазақстан тумасы, Уәлихановтың досы Г.Потанин туралы мәліметтер бар. Оның күнделігі Қытайда ұрланды. Бұл түсінікті, Г.Потанин Қытай билігінің рұқсатымен Моңғолияға, Ганьсу провинциясына және басқа да батыс аймақтарға саяхатқа барған. Ш.Уәлиханов Қашқарияға жасырын сапар шекті, алайда оның 1856 жылы Құлжаға жасаған қысқа сапарына да аса мән берілмеді.

Жаңа Қытай тарихшылары алғаш рет Ш.Уәлиханов еңбегіне жүгінді. Өкінішке қарай, бұл «мәдени революция» деп аталатын жылдары, кеңестік-қытай қарым-қатынасы күрт нашарлаған кезде болды. Бұл саяси факторлар Қытайдың тарихи ғылымы мен мәдениетіне өте өткір және өте жағымсыз әсер еткен кезі еді. Мұндай құбылыс ҚХР құрылғаннан кейін он жылдан астам уақыт өткен соң пайда болды. Ол кезде коммунистік Қытай тарихнамасы енді ғана аяққа тұрып жатты, ал ірі гоминьдан тарихшылары Тайваньға қашып кетті немесе қызметтен босап қалды.

1960-1970 жылдардағы ҚХР тарихшылары феодалдық және ұлтшылдық тарихнамадан кететінін мәлімдегенімен, іс жүзінде олар 21 әулеттік тарихтың қысымынан шыға алмады және жеңе де алмады. Бұл бірегей «тарихтар» тек Қытайдың ғана емес, бүкіл әлемдік мәдениеттің ең құнды рухани мұрасы ретінде қарастырылуы керек. Сонда да олардың феодалдық тарихнаманың бірігу және гүлдену кезеңіне жататынын, соның туындысы екенін ұмытпауымыз ке-

рек. «Мәдени төңкеріс» жылдарында феодалдық тарихнама мен феодалдық идеологияның әлі ескірмеген мұрасына «мәдени революция» деген жан түршігерлік терминологиясымен марксистік идеология қосылды. Сонымен бірге Орта Азия халықтары тарихының проблемалары, олардың мемлекеттілігі мен өткен кезеңдегі Қытаймен саяси байланыстары бойынша ұлтшыл (гоминьдан) және «маошылдық» тарихнама таңғажайып бірауыздылық танытты.

Осындай саяси жағдайда Шоқан Уәлихановтың тарих ғылымына, Шыңжаң тарихын зерттеуге қосқан үлесіне әділ баға беру туралы сөз болуы мүмкін емес еді. Оның сапарын ғылыми жағынан – Ресей Императорлық географиялық қоғамы, ал әскери барлау жағынан – Ресей империясы Әскери министрлігінің Бас штабы мен Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті жетекшілік еткен. Ол кездегі ғылыми мүдделер Ресей империясының саяси мақсаттарына бағынды.

1980 жылдары «Шицзе лиши» («Дүние жүзі тарихы») журналында Ш.Уәлихановқа арналған «Оңтүстік Шыңжаңдағы алғашқы патша тыңшысы» деген тақырыппен арнайы мақала жарияланды [Дэн Шаоцинь, 1980, №4].

Сол бір қаралы жылдары кеңес қытайтанушыларының өзін кейде «мәдениет саласындағы тыңшылар» деп атаған болса, бұл жерде не таңқалатыны бар?

Орта Азиядағы шетелдік саяхатшылар мен олардың Жібек жолы тарихына қатысты зерттеулеріне арналған ғылыми жарияланымдарда «шетелдік жалмауыздар», «Қытайдың Шыңжаңындағы шетелдік шайтандар», «шетелдік қарақшылар», «қытай мәдени қазыналарын тонаушылар» және т.б. тіркестер болды.

Бұл арада Шоқанды хань саяхатшысы Чжан Цяньмен салыстыруға және мынандай сұрақ қоюға болады: «Батыс өлкеге екі рет (б.з.б. 139 және 116 жылдары) саяхат жасаған Чжан Цянь – Хань империясының барлаушысы болмаса, кім?». Ол өз баяндамасында әрбір барған елдің қанша әскер шығара алатыны туралы стратегиялық маңызды деректер келтіріп, Қытай астанасынан қашықтығын есептеп, олардың бірбірімен және империяның күшті жауы Сюннумен қарым-қатынасын сипаттады. Дүниежүзілік, оның ішінде біздің ғылым да Чжан Цянның Ұлы Жібек жолын ашушылардың бірі, Хань империясының Орталық Азия мемлекеттерімен алғашқы мәдени, саяси, экономикалық және әскери байланыстарын орнатуға үлес қосқан тұлға ретіндегі рөлін жоғары бағалайды. Біздің ғалымдардың ешқайсысы Чжан Цянды

және басқа да қытай саяхатшыларын «Қытайдың Орталық Азиядағы тыңшысы» деп атаған емес.

Ғалымдар өз еңбектерін өз түсініктеріне қарай өз халқының және өз елінің мүддесіне сай жазатыны сөзсіз. Бірақ олардың қорытындылары қай уақытта, қай бағытта болатыны алдын ала белгісіз. Мысалы, ежелгі қытайлықтар Жаңа жыл алдында немесе жаңа үйден зұлым рухтарды, басқа да дүлей күштерді қуып шығару үшін жарылыстар жасау мақсатында жарылғыш зат ойлап тапты. Ал кейінірек бұл өнертабыс адамдарды өлтіру үшін қолданыла бастады. Саяси және әскери мақсатта жасалған саяхатшылардың еңбектері жылдар мен ғасырлардан кейін кенеттен, күтпеген қыры ашылып, ғылымға пайда әкеледі. XIX ғасырдың екінші жартысындағы шетел саяхатшылары, барлаушылары мен зерттеушілері, әдетте, қытайлықтар жасаған Батыс Қытайға бұрынғы белгілі саяхаттардың нәтижелерін мұқият зерттеді.

Осы мақаланың атауының өзінде-ақ қытай ғалымдарының Ш.Уәлихановтың Қашқарияға (Алтышар – Алтышаһар, Жетішар – Жетішаһар) жасырын сапарының нәтижелерінің ғылыми мәніне немқұрайлы қарағанын аңғаруға болады.

Қытай тарихнамасындағы Шоқан Уәлихановтың жеке тұлғасы мен қызметіне арнайы арналған бірінші мақаланың бағасы, ҚХР ШҰАР Қоғамдық ғылымдар академиясының Шыңжаң халықтары институты (қазіргі Тарих институты) дайындап, сол жылы жарық көрген «Шыңжаңның қысқаша тарихы» 4 томдығының (Шыңжаң цзянши) екі томына берілген бағамен толық сәйкес келеді.

4 томдықта Қытайдағы және шетелдегі Шыңжаңды зерттеу нәтижелері жинақталған. Ежелгі және орта ғасырдағы оқиғаларды қамтитын Чэн Хуа редакциялаған алғашқы екі том ҚХР құрылғанына 30 жыл толуына арналды. Үшінші том кейінірек, бірақ Чен Хуйшэннің редакциясымен шығарылды. ҚХР құрылғаннан бергі, яғни, 1949 жылдан бергі оқиғаларды қамтуы тиіс төртінші том сол беті жарық көрген жоқ. Қазір ҚХР Қоғамдық ғылымдар академиясы Шыңжаңның көп томдық тарихын дайындап жатыр. Бұл еңбекте Қазақтың дарынды зерттеушісі Шоқан Уәлиханов қалай көрінетінін және оның Шыңжаң тарихнамасына қосқан үлесі қалай бағаланатынын көреміз.

«Шыңжаң цзяньшидің» 2-томында «Патшалық Ресейдің территорияларымызды сіңіру мақсатындағы барлау қызметі» деген тарау берілген [Шыңжаң цзяньши, 1979, 14-19].

Осындағы Ш.Уәлиханов туралы үзіндіде авторлар 1953 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі А.Х.Марғұланның редакциясымен шығарылған кітаптың материалдарына сүйеніпті. [Валиханов. Избранные произведения, 1957].

Бұл кітапта жақсы жағынан айтылғанның барлығын, қытай ғалымдары жағымсыз түрде көрсетеді. Жаңа фактілер немесе өзіндік идеялар ұсынылмайды. Ол кезде қытай ғалымдары мұрағат материалдарымен жұмыс істеуге әлі кіріспеген еді, тек жаңа марксистік-маошылдық ұстанымдардан өздерінің орасан зор тарихи мұраларын игеріп жатқан болатын.

Уәлихановты қытай ғалымдары Батыс Қытайдан баға жетпес мәдени қазыналар: сирек қолжазбалар, қабырға фрескалары, мүсіндер, тиындар, т.б. әкеткен еуропалық ғалымдармен бір қатарға қойды. Әділдік үшін айта кету керек, шетелге экспорттау арқасында бұл қазыналар ғылым үшін сақталған. Мысалы, қоршауда қалған Ленинградта басқа жәдігерлермен бірге Ресейге жөнелтілгенге дейін жойылу алдында тұрған дуньхуан қолжазбалары да сақталған.

Бүгінгі таңда барлығы, соның ішінде қытай ғалымдары да еуропалық ғалымдардың ханьдықтардан бұрын, Шыңжаң халықтарының жазбаша мәдени мұрасын байыпты зерттей бастағанын мойындайды. Ал алғашқылардың ішінде ауызша сұрауға да, шағатай хатын оқуға да тілмашты қажет етпейтін Шыңғысұлы Шоқан Уәлиханов болды.

Көрсетілген томда Қытай тарихшылары Ресейдің Сібірді игеруін, Ертісте бекіністер салуын суреттеп береді. Ресейдің Шығысқа қарай кеңеюін сипаттай отырып, олар өздерінің мұрағат материалдарынан бірде-бір дерек келтірмей, кеңестік ғалымдардың соңынан ерді. Олар тек патша үкіметінің басқыншылық жоспарлары мен отарлау саясатына назар аударды. Бұл арада олар Цин империясының Шыңжаңды отарлау саясатымен салыстырды. Төменде Шоқан Уәлиханов туралы беттердің қандай стильде, қандай рухта жазылғанын қысқаша жеткіземіз. Бұл жерде «ғылыми экспедициялар» І Александрдан бастап ІІ Николайға дейінгі патшалардың қолында тек жазу және басқыншылық құралы болғаны айтылады. Ертістен Шу мен Таласқа дейін, Ыстықкөлден Балқашқа дейінгі Қытайға тиесілі делінетін аумақта геологтар, әскери инженерлер, топографтар, астрономдар жұмыс істеді. Сонымен бірге, Ресей Қытайға таңылған тең құқықсыз шарттар арқылы өзінің барлық табысын заңдастыруға тырысты.

1851 жылы Ресей Тарбағатай мен Құлжа қалаларында тікелей сауданың ашылуына қол жеткізді, ал 1852 жылы осы көрсетілген қалаларда, одан кейін Қашқарда орыс консулдықтарының негізі қаланды. Осы қызметке сәйкес «Қытайдың батыс территорияларын басып алудың басты ұйымдастырушысының» ұсынысы бойынша орыс ғалымы П.Семенов (Тянь-Шаньский) мен Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт Абылай ханның шөбересі Шоқан Уәлихановты Қытайдың Оңтүстік Шыңжаңына іссапарға жіберді. Ол сауда керуенінің құрамында өзбек көпесінің киімін киіп кеткенімен, оған сауда емес, саяси міндеттер жүктелді.

Ш.Уәлиханов Ақсу, Үші, Қашқар, Янгишар, Жаркент, Хотан қатарлы алты қаланың саяси, әскери, экономикалық, сауда, мәдени жағдайын зерттеді. «Шыңжаңның қысқаша тарихы» еңбегінің авторлары Уәлихановты көп құнды жәдігерлерді, қолжазбаларды (Сутук Боғра хан, Тоғлұқ Темір, Ұйғыр қожалары, Әбу Мүсілім молла және т.б. туралы «Әңгімелер». Қызық, бұл қолжазбалар қайда? - Қ.Х.) шығарып әкетті деп кінәлайды. Сонымен қатар, Шоқан ежелгі монеталарды, минералдардың, каллиграфия үлгілерін, киім-кешектерді, зергерлік бұйымдарды, керамикалық бұйымдарды, фарфорды және басқа да құнды өнер туындыларын жинады деп айыпталған.

Шамасы, бұл жерде пайдалы қазбалардан бөлек, әдетте Қашқарда Орталық Азия көпестері мен еуропалық саяхатшылар сатып алатын тауарларды жай ғана тізіп қойғанға ұқсайды. Жарты жылдан кейін, 1859 жылы сәуірде Ш.Уәлиханов Верныйға оралып, содан кейін Санкт-Петербургте императордың ресми қабылдауына лайықты деп табылды. «Оның еңбектерін саясаткерлер, дипломаттар, әкімшілер, әскерилер, ғалымдар қарқынды түрде зерттеді», - деп өте орынды атап өтті Қытай ғалымдары [Синьцзян цзяньши, т.2, 18].

Шоқанның Қашқарияға жасаған құпия сапарының астарына қытай тарихшылары көз жұма қарады. Сонымен бірге олар Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарды болашақта зерттеу мақсатында сапар нәтижелерін жоғары бағалады.

Кітаптарда алғашқы орыс консулдары – Тарбағатайдағы (Шәуешек) А.А.Татаринов пен Құлжадағы И.И.Захаровтың қызметіне орынсыз айыптаулар айтылған. Бұлар Ш.Уәлихановтың жақсы таныстары, өз заманының жоғары білімді адамдары. Олардың Шыңжаңның, бүкіл Қытайдың азаматтық, экономикалық, әскери және мәдени жағдайы туралы мәліметтері – нақтылығымен, құндылығымен және көреген тұжырымдарымен таң қалдырады. Біздің елдің қазіргі консулдары

патша заманындағы орыс консулдарының деңгейіне аз да болса сәйкес келсе екен деп тілеуден басқа айтар жоқ.

Шоқанның Қашқарда орыс консулдығын ашуды армандап, оған бірінші консул етіп өзін тағайындаса деп талпынғаны белгілі. Әрине, ол өзінің дайындығы мен ғылыми қызығушылығының арқасында бұл жұмысқа әбден лайық еді. Қашқар – Ұлыбритания мен патшалық Ресейдің Орта Азия үшін күресінің орталығына айналуы мүмкін болатын. Бұл қалаға бір рет болса да барған адамдарды еліктіріп әкететін әсерлі Қашқар, әрине, оның да жүрегіне жылы тиді.

Ш.Уәлиханов саяхатын бағалауды Қытайдағы шетел саяхатшыларының саяхатын зерделеуі мен зерттеулерімен қатар қарастыру керек. Қазіргі Қытай тарихнамасында ол мынадай кезеңдерден өтті:

1. шетел ғалымдарының көпшілігінің еңбектерін елемеу. Қытайлықтар алғаш рет 30-жылдары монғолдар мен Моңғол империясының тарихы бойынша шетелдіктердің еңбегін лайықты бағалады. ХХ ғасырда олар парсы ғалымы Рашид ад-Диннің еңбегімен танысқаннан кейін Юань әулетінің жаңа тарихын жасады;
2. «мәдени төңкеріс» кезеңіндегі саяси мүдделер тұрғысынан үстірт, жалпы теріс көзқарас;
3. саяхатшылардың еңбектерін ғылыми зерттеуге көшу, халықаралық жобалар жасау және шетелдік гранттарды тарту арқылы олардың аудармаларын жасау.

Қытай ғалымдары бүгінде «мәдени революция» және саяси науқандардың өткір үгіт-насихат терминологиясынан батыл бас тартты. Соған қарамастан, Шыңжаң тарихын зерттеу Қытайда «Қытай мемлекетінің территориясының тұтастығын біріктіру және сақтау, Қытайдың көп халықтарының бірлігін нығайту» стратегиясына бағындырылғанын естен шығармаған жөн. Сондықтан Қытайдың ресми тарихнамасының ғылыми объективтілігі шектеулі.

Қытай ғалымдары саяхатшылардың еңбектерін тек ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяғында, әсіресе 1992 жылы Бейжіңдегі Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясының «Қытайдың шекаралық аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы» (国边疆史地研究中心) құрылғаннан кейін ғана шындап зерттей бастады. Мұнда Шыңжаңдағы батыс, үнді, орыс, жапон саяхатшыларының және басқалардың өмірі мен еңбектері мұқият зерттеліп, кітаптарының аудармалары басылып, оларға арналған

ғылыми конференциялар өткізілді. Швед Свен Гединнің, фин Густав Маннергеймнің және жапон саяхатшыларының еңбектері барынша толық зерттелген. Олардың негізгі шығармаларының аудармалары қысқаша түсініктемелермен жарияланды. Кейбіреулері бұрын ресми пайдалану үшін аударылған.

Бірақ біз олардың арасынан Ш.Уәлиханов шығармаларын кездестіре алмаймыз.

Шоқан туралы жоғарыдағы біршама үстірт пікірлерден кейін кейінгі қытай тарихшылары бұл есімге аса сақтықпен қарай бастады. Одан бөлек, әйгілі еуропалық және жапондық зерттеушілерге да солай сақтықпен қарайды.

Қытайда 80-90 жылдары Шыңжаңдағы XIX ғасырдың соңы, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шетелдік (үнді, ағылшын, швед, неміс, орыс, жапон) саяхатшыларының шығармаларын аудару бойынша көп жұмыстар атқарылды. Осы тақырыпқа арналған мақалалар жинақтарында қытай зерттеушілері Шыңжаңның өткенін білуге және қазіргі жағдайын өз көздерімен көруге бағытталған шетел ғалымдарының күш-жігерін сипаттау мен бағалауға икемді, ғылыми тұрғыдан объективті түрде қарады. Олар «бөтен зұлым рухтар» деген біржақты теріс мінездемеден бас тартты, олардың Шыңжаң, Тибет және Моңғолия халықтарының мәдени ескерткіштерін сақтау және зерттеуге бағыттаған күш-жігерін жоғары бағалады [Сиюй каоча юй яньцзю, 1994; Сиюй каоча юй яньцзю. Жалғасы 1996].

Қытай ғалымдары орыс саяхатшыларының ішінде Пржевальскийді бірінші орынға қояды. Олардың пікірінше, ол өзінің төрт сапарының нәтижесінде ең ғылыми маңызды және құнды мәліметтерге қол жеткізген. 1950 жылдары олар Пржевальский туралы көркем фильмнің халықаралық сыйлыққа ұсынылғанына наразылық білдірді. Тұтастай алғанда, П.П.Семеновтың Тянь-Шаньға саяхатының ғылыми маңызы да объективті, бірақ отаршылдық саясаттың құралы ретінде сол «тұздықпен» бағаланады.

Айта кетерлігі, Қытай ғалымдары іргелі еңбектерінде Ш.Уәлиханов еңбектеріне әлі де жүгіне бермейді. Осы өлкенің тарихшылары дайындаған және Қытайдың басқа да ірі ғылыми орталықтары дайындаған Шыңжаң тарихы бойынша оқулықтар туралы айтар сөз жоқ. Қытай тарихшылары Шоқанның Шыңжаңды зерттеуге қосқан үлесін жеткілікті терең зерттеген жоқ. Оған тіпті Қазақстан тарих ғылымында да лайықты орын берілген жоқ. Сондықтан көпшілік бұл туралы үнсіз қалуды жөн көреді. Бірақ жалпы «мәдени

революцияның» тарих ғылымына ықпалын еңсеруге байланысты бетбұрыс кезеңі келді. Бұл бетбұрыс 1996 жылы қыркүйекте өткен конференция материалдарында сезілді. Онда Ли Чуньхуаның «Батыс өлкесінің шетелдік құпия зерттеушілерінің аудармасы мен жариялануы туралы көзқарастар» баяндамасы оқылды [Ли Чуньхуа, 1996, 148-157].

Ендеше, Қытай тарихнамасының объективті жағдайын бүгін назарға алуымыз керек.

**Біріншіден** – Қытайда XX ғасырдың соңғы онжылдығында ғана олар өз елінің, сондай-ақ басқа елдердің мұрағат материалдарына жүгіне бастады. Бұл жоғарыда атап өткен «Шыңжаң тарихының» көп томдығымен қатар әулет тарихының қатарын толықтыратын «Цин династиясы тарихының» («Цин ши») жаңа басылымын дайындауға байланысты еді. Шыңжаң тарихына қатысты ресми еңбектерде [Шыңжаң цзяньши] XIX ғасырдың аяғына дейін мұрағат материалдарына бірде-бір сілтеме берілмеген.

**Екіншіден** – XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Қытай Түркістанында зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік саяхатшыларға қытай тарихшыларының жалпы көзқарасы әлі де қарама-қайшы болып тұр. Кезінде олар көптеген мәдени құндылықтарды ұрлаған немесе ашық түрде алып кеткендерді мүлде мойындағысы келмеген. Оларға Питер Хоупкирктің ағылшын, неміс, швед, орыс, жапон және басқа да Жібек жолындағы саяхатшыларды «әзәзілдер» деп атағаны ұнады [Hopkirk, 1984].

Бұл жерде біз ағылшын әзілінің бір нұсқасын көреміз. Өйткені XIX ғасырдағы қытайлар шетелдіктерді «ян гуй-цзы» - «мұхиттың ар жағынан келген шайтандар» деп атағандықтан, автор бұл сөздерді кітабының атауында ирониялығы мен тартымдылығы үшін қолданған. Хоупкирктің кітабы қытай тіліне тез аударылып, Ланьчжоуда басып шығарылды. Сол кезде жойылу алдында тұрған және Бейжің үшін еш мәні жоқ Шыңжаң халықтарының мәдени құндылықтарын сыртқа шығарғаны үшін шетелдіктерге қарсы біржақты айыптаулардың уақыты келді. Ш.Уәлиханов, әрине, елеулі бірдеңені алып шығуы мүмкін емес еді. Бірақ оны мәдени құндылықтардан да үлкен айыптауға – Қазақстан мен Орталық Азиядағы «Қытайдың бастапқы аумақтарынан» айыруға әрекеттер жасап, ықпал етті деп айыптады [Синьцзян цзяньши, т.1, 1988, 344].

Әрине, біз бұл айыптаумен келісе алмаймыз. Себебі Ресей империясының құрамына енген қазақ жері, одан кейін КСРО Қазақ

мемлекетінің құрамында қалды. Сондықтан бүгінде жерлесіміздің сол кездегі қызметіне осы жағынан да баға бере аламыз. Егер Қытай ғалымдары Маньчжур билігі кезіндегі Шыңжаң халықтары мен оның мемлекетінің тарихын зерттеудегі Шоқанның ғылыми жетістіктерін елеусіз қалдыра берсе, демек сол арқылы өздерінің әділетсіздіктерін көрсеткені. Оның Цин императорларының қазақ билеушілеріне берген грамоталарына алғаш назар аударып, оларға ғылыми негізде тарихи баға бергенін де білгендері дұрыс [Хафизова, 1988].

Шоқан Уәлиханов қазақ-қытай қарым-қатынасының тарихын Қытайға деген үлкен қызығушылықпен және құрметпен зерттеді.

Сонымен қатар, Қытайда «Шығыс Түркістан» тіркесін өте ауыр қабылдай бастады. Бұл оның ХХ ғасырдың бірінші жартысында Шыңжаңда қысқа уақыт өмір сүрген екі Ислам Республикасы атауының бір бөлігі болғандығына байланысты болар. Бұл арада бәріміз үшін бұл сөз тіркесінің, ең алдымен, Орталық Азияның шығыс бөлігіндегі түркі тайпаларының қоныстанған жері ретіндегі географиялық мәні бар.

Аймақтағы шетел зерттеушілерін бағалау мәселесіне жалпы көзқарасты Ланьчжоу университетінің (Ганьсу провинциясы) профессоры Ма Манли айтып, олардың басымдығын және ХІХ ғасырдағы Шыңжаң тарихы мен этнологиясын зерттеуге қосқан зор үлесін атап өтті. [Ма Манли, 1994, 34].

Оның пайымдауынша, тарихи Батыс өлкенің аумағы Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік көпірі – өркениеттердің халықаралық диалог алаңы болған және болып қала беретін Орта Азия мен Шыңжаң аумағы. Шетелдік зерттеулерді зерделеу, ең алдымен Қытайдың өзіне, реформалар мен жариялылық саясатының маңызды кезеңін өткізуге ханьдардың ой-өрісін дамыту үшін қажет.

Соған қарамастан, Шоқан есімін әлі де толық ескермеу дұрыс болмады. Оның кей шығармалары ресми пайдалануға және библиографиялық тізімдер үшін қытай тіліне аударылды. Сирек болса да, Шыңжаң тарихының, Шыңжаңдағы орыс саудасының мәселелерін немесе [Ли Шэн, Ма Дачжэн, Ма Маньли] қазақ тарихын [Ли Шэн, 1996, 63], ұйғыр қожаларының өмірі мен шығармашылығын [Цзи Дачунь, 2010, 062-063] зерттегенде оларға сілтеме жасалады.

Алдағы уақытта тарихнама және Шыңжаң мен Қазақстанның белгілі бір кезеңдерінің тарихы бойынша қытай ғалымдарымен бірлескен жобалар жасауға болады. Шетелдік және қытайлық саяхатшылардың XVIII-XIX ғасырлардағы Шыңжаң және Қазақстан

аймақтарына жасаған саяхаттары туралы шығармалардың жалпы библиографиялық тізімін жасауға болады. XIX ғасырдағы көптеген атақты және атағы шыға қоймаған еуропалық саяхатшылар бұл аймақтардың жақындығына, олардың ортақ тарихына байланысты Орыс және Қытай Түркістанына бір мезгілде баруға ұмтылды.

Бүгінгі таңда ғылым мен білім саласындағы ғылыми алмасу мен халықаралық ынтымақтастықты назардан тыс қалдыруға болмайтынын бәріміз мойындаймыз. Бұл мәселелер ҚХР-дың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен тығыз байланысты.

## 4. ДАЛА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ЕЛШІЛІК БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

### 4.1. Батырлар және дипломатия

Шыңғыс ұрпақтарының мансапқа ие болу жолындағы ең жоғары жетістігі – баһадүр хан атағы бар таңба алу болды. Таңба иесі феодалдық ақсүйектердің сеніміне ие болған, қазақтардың әскери қимылдары кезінде, сондай-ақ халықаралық қатынас орнатуда өкілдігі жоғары екенін көрсетеді. Хан қасында бағынышты рулары көп көптеген ақсүйектер болы. Ең әуелі олар – ханның тікелей жақын туыстары. Жоғары сюзереннің қамқорлығы мен қолдауына бәрінен бұрын солар зәру болды. Одан кейінгі кезекте ерекшелікпен көзге түскен қолбасшылар мен ұйымдастырушылық қабілеті жоғары «қарадан шыққан» беделді өкілдері тұрды. Бастапқыда олар өз руына, оның старшындарына қызмет етті, солардың рулық жасағының қатарында жүрді. Олар олжаның белгілі бір келісілген бөлігін – киіз үйлерді, адамдар мен мал-мүлікті иеленді. Қамқоршылары өз батырларына жайылым жерлерді иеленуге берді. Бірте-бірте олардың мал мен басы өсіп, ірі шаруа қожалықтарына айналып, беделді ақсүйектерден кем түспей, олармен құда-жекжат болды.

Батырлар үлкен күшке ие, олардың қатысуынсыз бірде-бір ірі саяси шара өткізілмейді. Батырлардың халықаралық істердегі рөлі жайлы «А.И.Тевкелев күнделігінде» толық сипатталғандай, бұған дейін еш жерде жазылмаған.

Батырлар Хан кеңесіне мүше болды. Ақсүйектерді таққа отырғыза да алады, тақтан алып тастай да алады. Сонымен қатар болашақ тақ мұрагерлерін тәрбиеледі. Олардың ішінен аталықтар – ханзадалар тәрбиешісі шықты. Әдетте, олар өзі тәрбиелеген мұрагер таққа отырғанда оған кеңесші болып қала берді.

Темір мен Темір ұрпақтары империясындағы, сондай-ақ Орта Азияның басқа да елдерімен салыстырғанда қазақ хандарындағы аталықтар институты туралы ақпарат аз. Қазақтарда аталықтар сұлтандардың тәрбиешісі әрі жақын туыстары болған.

Аңыздарда Абылайдың аталығы – Ораз болса, Нұралы ханның қасында байұлы руының «шыхлар» атасынан шыққан аталық – Қубек (Көбек) мырза болғаны айтылады.

1762 жылы Нұралы ханның Ресейге елшілігі кезінде Жолымбет (Юлумбет) аталық [Сулейменов, Басин, 1981, 1977], Олжабай,

Қозанай Мәмбет аталықтардың (қаракесек) болғаны белгілі [КРО 1, 426-427].

Хиуа ханы Батырдың ұлы Қайыптың тұсында ақсүйек Қоразбек аталық болған. Өкінішке қарай, оның Қайып ханның не оның ұлдарының тәрбиешісі болғанын анықтау мүмкін емес. Түрікмендер мен аралдықтардан қауіп төнгенін сезген аталық оның қол астынан шығып кетеді [КРО 1, 435]. Бірақ бұндай жағдай сирек болды.

Орта Азия қалаларында тұратын қазақ байлары жылдың көп бөлігін көшпелі қоныстарында өткізуді ұнатқан. Олар үйлерін түсіндірушілер аталықтар деп атайтын «ағайлардың» қарауына қалдыратын. Сондай-ақ, аталықтар басқарушылардың міндеттерін қоса атқарған деп болжам жасауға болады [ИКвРИ, т. Ү1, 2007, 25 және 384].

Ханзадалар басқа мемлекетке аманатқа жіберілгенде батырлардың бірі олардың жанында болды. Мысалы Барақ сұлтанның ұлы Шығай Қалдан Серен ордасында болған кезде, оның қасында найманның «теріс таңбалы» руынан шыққан Ерліқап батыр болған. Бәлкім бұл, цин елшілерінің өтінішімен құрастырылған Абылай тізіміндегі Yarkaleb батыр болуы мүмкін. Бұл тізімде янги (жаңа) уақтардың мыңбасы Сары батыр да айтылады. Оны Сұлтан ордасынан орыс елшісі Иван Лапин кездестірген [Касымбаев, 1999, 70 және 73].

Абылайдың тұңғыш елшісі, оның ұлы Тоғым сұлтанды Ресей астанасына Дәуіт батыр мен Тәуекел молла ертіп барған.

Қазақ аталықтары өз руымен тығыз байланыста болып, болашақ хандарды тәрбиелеуге атсалысқандықтан, хандар арасындағы істерді қарау үшін жоғарғы сот ретінде тағайындалатыны да қызықты жағдай. Олар хан әрекетіне моральдық баға беріп, қылықтарына жеке пікір білдіретін. Хандар да бала кезінен аталық сөзін тыңдауға дағдыланған. Мысалы, аталықтар Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханның өліміне қатысты сот ісіне, іргелі хан ордалары арасындағы істі қарауға қатысты. Батырлар – көшпелілер басшылыққа алып, үнемі дамытып отыратын әскери-жауынгерлік тәжірибені сақтаушылар. Олардың міндеті – жас жауынгерлерді күреске, садақ атуға, қазақтың негізгі қаруының бес түрін (бес қару) меңгеруге және аңшылыққа тәрбиелеу болды. Әйгілі батырлар хан тұсында әскери стратегтердің қызметін де атқарды. Сонымен қатар сауда айырбас орындарына мал айдау, ханның көшіп-қонуы мен жалпы көші-қон мәселелерін шешу олардың кеңесінсіз өткен емес.

Батырлар халықаралық қатынастарда хандардың сенімді әрі беделді өкілдері болды. Олар аса құпия тапсырмаларды орындап, елшіліктерге мүше болып тағайындалып, халықаралық келіссөздер жүргізді. Олар ханға өз қалауын айта алатын. Мұны Жәнібектің (арғындардың шақшақ руы), Бөкенбай (жеті рудан шыққан табын) батырдың, Бөкенбай батырдың күйеу баласы Есеттің орыс істеріне қатысуынан көруге болады. Егер елші ретінде батырлар жіберілсе, демек, олар жорықтар мен бір реттік жортуылдарды тиімді ұйымдастыру үшін әскери ақпарат жинайды деген сөз. Тәуке хан (1715 ж. қайтыс болды) Түркістандағы резиденциясында отырып өз батырларын – 1687 жылы Тәшімді, 1689-1690 жылдары – Тұманшыны Сібір қалаларына жіберді. Содан кейін оған хабарламай Ресейдің шекаралық ауылдарына немесе Яицк, Орынбор, Тобыл, Тюмень және басқа бекіністерге бара жатқан керуенге шабуыл жасалды. Әрине, батырлар бұл ауылдардың жай-күйі туралы мәліметтер жинап, соның негізінде жорықтар жүргізген. Сөйтіп, қазақтар Ертіс өңірін орыстардың отарлауына қарсылық танытты.

Ғұмыры қысқа болған Қайып ханға (1718 жылы қайтыс болған) Бекболат Екешев, Бағдәулет Бүриев, Тайкөмір батырлар да елші қызметін атқарған. Қазақстанда белгілі батырлар мен белсенді саяси қайраткерлер қатарында – Орта жүзден – Малайсары, Нияз, Ұлы жүзден – Қойгелді (дулат тайпасының шымыр руы), Хангелді (албан), Бөлек (шапрашты), Сатай (суан), Наурызбай (үйсін) болды.

XVIII ғасырдағы әйгілі батырлардың қатарына сопы дәрежесін алған жоңғар ханы Галданды, оның ағасы Цэрэн-Дондукты, 7 адал серігімен бірге Галдан ханнан бөлініп шыққан немере інісі Цэван-Рабданды, сондай-ақ Әмірсана хойтты толық жатқызуға болады. Қалдан Серен Цин империясымен тең болмаса да күрес жүргізіп, 1738 жылы өзінің Жой батырын және тағы басқа батырларын Бұхараға, Кәшке мен Базар батырларды – Ташкентке, қазақтарға жібереді.

Әбілмәмбет хан Түркістаннан Ташкентке бара жатқан Пенза елшісі майоры Карл Миллерді жолда күзетуді екі батырға тапсырды [ИКвРИ, т. Ү1, 34, 36].

Қазақ пен ойрат батырлары жекпе-жекке жиі түскен. Жолда Миллер басқарған орыс керуенін Қойгелді батыр мен інілері, Жарылқап (Ерліқап) және басқалары елшіге еш зиян тигізбей тонап кетті. Бұған қатысты Ташкент ханы мен қазақтың Төле би, Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Қазбек би, Жәнібек батыр қатарлы ықпалды билеушілері келіссөздер жүргізгенмен, тоналған мүлікті ешкім қайтарып бермеді.

Өздерін ақтап алғандықтан болар, батырлар талан-таражға салған дүниелер өз сыбайластары арасында тез бөліске түсті. Келіссөзге қатысушылардың өзі тоналған мүліктен сауға алды немесе аталған тонаушы батырларға төтеп бере алмады. Қойгелді батырды Төле би тежей алатын сияқты, бірақ бұл жағдайға қарағанда, оның Ұлы жүз руларының нағыз билеушісіне мойынсұнуы аңыз-әңгімелерде өте әсірелеп айтылады [Төле би, 2008].

Күші басым жоңғарлар да орыс елшісіне көмектесуге ниет білдірді, бірақ бұл тілектері нәтиже бермеді. Мұндай жағдай хандардың осалдығын көрсетіп, қазақ билеушілерінің халықаралық қатынастарын қиындата түсті.

Қарамағында бағыныштысы көп, отар-отар малы бар батырлар халықаралық қатынастарға әсер етті. Жас батырлар да төлеңгіттер сияқты хан жарлығын таратып, бағынбаған ауылдарды күшпен басып-жаншып бағындыратын қарапайым атарман-шабармандар болды. Көшпелілерді қоныстандыру мен жаңа жайылымдар иеленуде батырлар алға шықты.

1760 жылы Әбілфейіздің қол астындағы Таңатар батыр (唐古塔爾 Тангутаэр) – Барлыққа, қаракерей руынан шыққан Нарбота (納嘞巴圖 Налабату) – Темурчоэрге, （哈爾可勒), Есенкелді（額森克勒德) мен Жолымбет（桌儸木巴特 Чжоломубатэ） – Тарбағатайға, Тұлымбайға (圖魯木拜）бағыншты Чжалэгэбу（扎嘞葛）– Қаратал мен Көксудағы Алтын-Емелге қоныстанды. [ПЧФС, 3, 8-п. айн.- 9-п.].

Таңатар батыр (Tanggatar) Абылай тізіміне енген. Ол найманның тұлтұғыр руынан, мың арбаның старшыны ретінде көрсетілген.

1758 жылдың басында цин елшілері Абылай ордасында болған кезде сұлтан оларға әртүрлі рудың түтін саны (түтін – шаңырақ) бойынша қазақ старшындарының тізімін жасатады. Оның бұл әрекеті ру ақсүйектерінің қатты наразылығын тудырды. Олар сұлтан өз атынан тізім ұсыну арқылы циндік Қытайдан жеңілгенін мойындады, енді олардың есімдері қытайға толық бағынғанының ресми дәлелі десті. «1758 жылғы 29 тамыздағы (алған күні – К.Х.) губерниялық кеңсенің жазбасында Оренбург кеңсесінің елшісі юрттық (көшпелі – ?) бұқара Мурзалей Шиховтың айтуынша, бір шенеуінік «Абылай сұлтанды қытайға бағынышты болуға қол қойдырып міндеттеді, онымен қоса сырттай Кіші жүзден – Нұралы ханды, Ералы сұлтанды, Орта жүзден барлық рудың старшындарынан: атығай руынан – Құлсары мен Құлақ батырларды, найман руынан – Қабанбай батырды, қанжа әлім руынан – Қашқарбай батырды, керей руынан – Қожаберген батырды,

басқа рулардан барлығы алпыс адамды жазды. Олардың көбі старшындар, бүгінгі күні Абылайдың Қытай бодандығына қол қойғанына шағым айтып, келіспеушілік танытып жатыр» [ЦИКХ, ч.1, 170].

Бұл тізімнің бір бөлігі ҚХР Бірінші Тарихи мұрағатының Әскери кеңес қорында (Цзюньцзичу) мәнжу тілінде сақталған [Тізімнің латынша транскрипциясын қараңыз: Еженханұлы, 2017, 192-194].

Онда Орта жүздің қырық екі батыры қай руға жататыны санымен берілген. Бірақ Нұралы хан мен оның інісі Ералы бұл тізімде жоқ. Екінші жағынан, Абылай қазақ арасында белгілі батырлардың барлығын нақты атамаған. Кейіннен цин шенеуніктері бұл тізімді жаңа есімдермен толықтырып, олардың бұрын аталмағанын көрсетеді.

Солардың ішінде алтай-арғындардың үш мың түтінін басқарған Нияз батырдың есімі бар. Батыр арғын руларының біріне билік жүргізгенімен, үнемі Түркістан маңында, Әбілмәмбет ханның қол астында болған. Әбілмәмбеттің хандыққа сайлануына қол жеткізіп, оның батысқа қоныс аударуына және 1740 жылы тамызда князь Урусовпен кездескенде еріп жүрген де сол. Сондай-ақ, абақ керейден барлығы 500 бағынышты адамы бар тағы бір Нияз батыр көрсетілген.

Абылай 1757-1758 жылдары жоңғар-қазақ жасақтарының Цин отрядымен болған үш шайқасына қатысқандарды ғана көрсеткен деп болжауға болады. 1756 жылы Барлық тауының маңындағы шайқаста абақ-керей Қожаберген батыр тайшы Әмірсанамен бірге 1000 сарбазды басқарды. Қарсыластардың яғни цин әскері Батыс легі қолбасшысының баяндамасы бойынша 3000 адам деп көрсетілген [Хафизова, 2007, 25].

Найманның көкжал (kukuyar naiman – мәнжу тілі) Барақ батыры 1000 сарбазды басқарды.

Тізімде төлеңгіттер аймағы dulungu, tulunggu деп жазылған, олардың саны – 1000 адам. Төлеңгіттердің кірме руларынан 1000 сарбазды басқарған «теріс таңбалы» (teres tabhala - мәнжу тілі) Ярқалеб (Жарылқап) батыр да қосылды. Олжабай мен Аталақ (Айтайлақ) бірігіп бір түменді (10 мың), Қабанбай мен Дәулетбай (Доолотбай) батырлар да матай наймандардың бір түменін басқарды. Соңғы төрт батыр цин әскерлерімен болған шайқастардың, сондай-ақ Цин империясымен болған елшілік және сауда байланыстарының белсенді қатысушылары болатын. «10 мың» сөзі қазақ, моңғол, манчжур тілдеріне ортақ түмен деп аталады.

Қожаберген батырдың әскері аз болғанымен, жоңғар тайшысы Дабашы мен Әмірсанамен тығыз байланыста болды. Қожабергенді

жоңғарлармен туыстық қатынас байланыстыруы ғажап емес. Оның үстіне, аңыз бойынша батыр Әмірсананың өкіл әкесі болып, ал Әмірсана оған баласындай қараған. Қарадан шыққан старшын мен ойрат ақсүйегінің әке-бала өкілдігі антпен бекітілді.

Естеріңізде болса, хойт Әмірсана мен Абылай сұлтан да өзара анда болып, анттасқаны туралы жазғанбыз. Бұл деректер қазақ-жоңғар қарым-қатынасының күрделі болғанын, оны тек қаралап көрсетудің дұрыс еместігін көрсетеді. Кейде жоңғарлар мен кейбір қазақ руларының қарым-қатынасы туыстардан да етене болды. Орта жүздің көптеген батырын, соның ішінде Абылай сұлтанды да жоңғар руларымен туысқандық қатынас байланыстырды (Абылай сұлтан туралы бөлімді қараңыз).

Батырлық пен бауырластық көрші хандықтардың феодалдық ақсүйектеріне белгілі бір міндеттер жүктеді. Ол өзара қолдау мен көмек көрсетуді қамтамасыз етті. Анттасқан батырлар қатаң жазаға ұшырау қаупі төнсе де, анда болған бауырларын цин билігіне сатпаған. Олар уақыт созып уәде берумен ғана шектелген. Керейден шыққан Қожаберген батыр өз ауылымен Аягөзге ірге бекітіп, өмірінің соңына дейін әуелі жоңғарлармен, кейін циндермен келіссөздер жүргізіп, сауда-саттық байланыстары арқылы алдыңғы шепті қорғады.

Батырлар өз қамқоршыларының даңқты кезінде де, пенде болып, басына іс түскенде де қасында болды. Сәтсіздікке ұшыраған қожайынының қасынан табылуға тырысты. Жас батырлар атақты батырлардың (Дон Кихот кезіндегі Санчо Панчо сияқты), «ағаларының» (А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» әңгімесіндегі Гринев байбатша кезіндегі Савельич сияқты) сойыл соғары ретінде қызмет етті.

Батырлардың қатарында қазақ ішіне сіңіп кеткен өзге халықтардың өкілдері де болды. Мысалы, XVIII ғасырдың орта шенінде жартылай өзге ұлттан жасақталған, жоғарыда аталған төлеңгіттер табы Орта жүзде өзінің старшындары, арнайы бөлінген жайылымдық жері бар, жеке ру болып құралып үлгерді. Қазбек би мен Қабанбай батыр шығыс елдері – Жоңғар хандығымен, одан кейін оны жаулап алған Цин империясымен халықаралық қатынастарда үлкен рөл атқарды. Абылай олардың Ресей билігімен қарым-қатынасының дамуын тежеп отырды.

Бір қызығы, Абылай өз «Тізімінде» негізінен өзіне тікелей бағынбаған найман руының батырларын атаған. Көбінесе бұлар Абылаймен бірге Цин әскерлеріне қарсы шыққан, Әбілфейіз сұлтан

мен Барақ сұлтанның ұлдарына мұраға қалған көсемдер болатын. Олардың қайсысы 50-60-жылдары тірі болғанын айту қиын. Кейбір батырлардың есімдері әртүрлі иероглифтермен жазылған. Бұл бір адам ба, әлде өзге адамдар ма, ол жағы түсініксіз.

Абылай батырлары арасында Бишу шаньчжуаңның жазғы резиденциясында, кейін 1758 жылы алғашқы ресми елші ретінде Бейжіңде қабылданған Құтыбай (呼圖拜) мен Аталай（阿塔萊）туралы неге атамағаны да қызық.

Абылай айналасында оның 1762 жылы Қытайда елшілік қызметінде болған Дайыр, Орман, Қуат, Жібек, Ранбек, Барян, Хотон, Байжан, Тоқтамыс батырлар туралы айтылады. Отаршы (Отоэрци) батыр өмірінің соңына дейін Абылайдың қасында болып, 1777-1780 жылдары Ташкентті жаулау үшін әскери көмек сұрап Құлжаға барды. Мәнжур құжаттарында батырларды, шамасы, оларды төлеңгіттерден бөлмей цин императорларының гвардияшылары сияқты хия (қытай тілінде шивей) сөзімен атаған. Дәуіт батыр Абылайдың ұлы Тоғыммен Ресейге еріп барды, Омбы билігінің хабаршысы болған Құлеке, Құлсары батырлар Абылайдың жақыны саналды. Орыс құжаттарында Абылай адамдарының арасында Тайкелтір мен Тоқтамыстың да есімдері бар [Сулейменов, Басин, 1981, 194].

Батырлар орыстарды, ойраттар мен қалмақтарды, башқұрттарды тұтқынға алған [Қасымбаев, 1999, 126-130].

Олар патша қырғынынан қашқан бүлікші башқұрттарды, Циндерден соққы алған ойраттарды, 1771 жылы Еділ бойынан шегіне қашқан қалмақтарды қудалау арқылы даңқы шыққан. Олар қалмақтарды қудалану арқылы Ресей билігіне адалдығын, ал жоңғарларды қуғынға ұшырату арқылы Қытайға достығын дәлелдемек болды. Мұндай әрекеттердің алғы шебінде Абылай сұлтан жүрді. Батырлар (мысалы, Нияз батыр және т.б.) Орта Азияның халықаралық керуендеріне шабуылды басқарды [ЭНПКЭ 1, 144 және 147].

Бұл іс-әрекеттер үлкен әскери тәжірибені, тапқырлықты және жігерлі батылдықты қажет етті. Батырлар тұтқындарды Орталық Азия базарларында құлдыққа сату мүмкіндігіне тез арада ие болды. Өйткені оларға базарлар мен ондағы саудагер көпестер, сауда жолдары жақсы таныс болатын.

Батырлардың көбі ханның сауда агенті міндетін атқарса, сарбаздары батырларға агент болды. 10 жылдан астам уақыт бойы сатуға арналған малды Іле өңірі арқылы айдап өту – қауіпті іс саналды. Ойраттардан қалған бүлікшілер мен кезбе қарақшылар (махациндер)

бүкіл аумақты бақылауда ұстады. Әсіресе жәрмеңкелерге айдалған ірі табындар жем-шөп үшін кең алқаптарды және қырағы күзетті қажет етті. Сондықтан сауда керуендерімен малшылардан бөлек, бес қаруы сай, шыныққан жасауылдар, батырлар мен сарбаздар, хан-сұлтандардың төлеңгіттері бірге жүрді.

Батырлар орыстардан, жоңғарлар мен қоқан өкіметінен тархан атағын ықыласпен қабылдады. Өйткені тархандар баж төлеуден босатылып, қамқоршысымен бірге сауда-саттық жасағанда өзге де жеңілдіктерге ие. Жоңғарлар тархан дәрежесін батыр дипломат Малайсарыға, ал орыстар шақшақ Жәнібекке берген. Өкінішке қарай, бұл артықшылықтар тек осы атақ берген елдің аумағында ғана қолданылды ма, әлде үшінші елдің аумағында да пайдаланылды ма дегенді анықтау қиын.

Цин билігі өз тарапынан ханзадалармен бірге жүрген батырлардың, сондай-ақ олардың саудагерлерінің атақтарын бекітті. Атақтар негізінен азаматтық емес, әскери болды. Бұл жағдай олардың қызметінің әскери сипатын – елшіліктерді, мал саудагерлерін, әсіресе жылқы табындарын қорғауды дәл көрсетеді.

Ірі сауда керуендері бір елдің бірнеше билеушілерінің атынан көрші елдердің саудагерлерімен толықты. Көп ұлтты керуеннің құрылуы –шахтардың, хандардың, сұлтандардың, бектердің және басқа да төре өкілдерінің сыртқы саясатының өз алдына бейбіт жетістіктерінің бірі болды. Ал тархандар көбінесе дипломатиялық функцияларды сауда қызметтерімен біріктірді.

Цин шенеуніктері көпестерді шын мәнінде хандар жіберді ме жоқ па, тексеріп жатпады. Себебі олардың мақсаты – жаулап алған аймақтағы сарбаздардың қажеттілігін өтеуге барынша көп жылқы мен өзге де малды көптеп айырбастау міндеті тұрды. Олар үшін керуендерде қазақ феодалдық ақсүйектерінің белгілі батырлары болса жеткілікті еді. Бұл оларға малды өз өкілдері атынан әкелгеніне дәлел болатын.

Сауда – тұрақты, бірақ әрқашан өзара тиімсіз байланыстар мен елшілік қатынастарды орнатудың алғашқы көрінісі болды. Саудада феодалдық және рулық ақсүйектердің саяси-экономикалық мүдделері тоғысып жатты. Олар делдалдыққа ықыласпен араласып, өз қандастарының сауда керуендеріне, сондай-ақ Орта Азияның басқа билеушілерінің көпестерімен бірге құрылған керуендерге қосылды. Негізгі мал айдаушы көпестер мен батырлардың есімдері Сыртқы істер алқасының орыс құжаттарында және Әскери кеңестің

маньчжур құжаттарында кездеседі. Құжаттарда малды байлардың арасында Ханбаба сұлтанның (哈木巴巴), Қабанбай батырдың (哈巴木拜 Хабамубай), Қарабарақ батырдың （哈勒巴拉克), Қожаберген батырдың（Хоцзибоэрген батул 霍 濟 伯 爾 根 巴 圖 魯) есімдері аталады.

1757 жылы Қазақстандағы Цин әскерлерін басқарған генерал Чжао Хоюға Абылай, Әбілфейіз, Ханбаба сұлтандармен және Қабанбай, Қожаберген, Долотбай (Дәулетбай) батырлармен Жоңғария аумағында сауда-саттық ашу туралы келісімге келу мүмкіндігі туды. 1758 жылы Қабанбай батыр ұлын, жылқы-түйесі аралас 300-ден астам малды сатуды сылтау етіп, ойрат Бұқа-Шағанды барлап қайтуға жібереді. Олар Үрімші шатқалына 1758 жылы 18 қазанда келді [Гаоцзун шилу, цз. 572, с. 16].

Қабанбай батыр ұлдары Едіге （額德格） мен Томұтай（托穆泰） бастаған 50-ден астам адамы бар сауда керуенін ұйымдастырды. Олардың Үрімжі шатқалына жетуіне бір айдай уақыт кетті. Оның үстіне олар бір жылқыға берілетін жібек мөлшеріне қатты наразы болды. Бұл туралы 1759 жылы Қарабала батыр (哈勒 巴勒) Борохуцзиреде қосын құрған Чэбудэн-Чжабу (車布登札布) қолбасшыға айтқан. Ол Үрімжіге айырбасқа 200 жылқы әкеліп, ары қарай айдаудан бас тартты.

Көп ұзамай Едігеден кейін Қожаберген (Хоцзибоэрген) мен Қазбектің (哈斯伯克), Өмір батырдың (烏穆爾巴圖魯) көпестері, 2400 жылқы айдаған, барлығы 260-тан астам адам келді. Олар өз қоныстарына жақын орналасқан Тарбағатайда сауда жасауға ниет білдірді. Көп ұзамай олардан кейін 1000 бас жылқымен Дәулетбай ( 道儸特拜) мен Бердеші (伯爾德施) келді [Лин Юнкуан, Ван Си, 1991, 145-146].

Қос-қос жылқыны жәрмеңке аумағына жеткізу ол кезде нағыз әскери іс болды. Сондықтан да бұл істің батырларға сеніп тапсырылуы бекер емес.

Әбілфейіз сұлтан саудамен Іле өңірінде әрі тұрақты әрі өте қарқынды айналысты. Сондай-ақ ол Семей бекінісінде сауда орнының ашылуын жақтады. Әбілфейіз Алтай, Тарбағатай шекарасынан жақын жерді мекен етті. Сұлтан Ресеймен қарым-қатынас жасау үшін Құдайберді (Құтайберді, Хутайберді), Даргучи (Дергучай, Юргучай), Бурут батырларын пайдаланды. «Даруғашы» сөзі (аты да, міндеті де болуы мүмкін). Мұндағы Бурут (布魯特) сөзі адам аты болуы да мүмкін немесе Ресей мен Қытайда елші қызметін атқарған

елшілік мүшесінің этникалық өкілі де болуы мүмкін, тіпті этникалық (қырғыз) ұлтын көрсетуі мүмкін. Мысалы Әбілфейіз сұлтанның әйелдерінің бірі Тұмар атты қырғыз қызы болатын, сол себепті ол елшілік құрамына әйелінің туысын қосып жіберуі де мүмкін.

1758 жылы Абылай Отаршы (鄂陀 爾齊), Бурут (布魯特), Куэньдухуня (庫恩杜渾 Құндыкүн?) батырларға 162 жылқы айдатып, Қытайға жібереді.

1759 жылы тағы да Отаршы, Куэньдухун, Ақпан (阿可盤), Хасанботе (哈三伯特), Яэрга (雅爾嘎), Масайлар (馬賽) келді.

1759 жылы Хонай (鼐) Аласейт (阿拉色依特 - 1760), Бантабай (邦塔拜), Хазалар (哈咱) өздерін Абылайдың көпестеріміз деп жариялады.

1763 жылы желтоқсанда Жәнібектің (札那伯可) басқаруымен, үш топқа бөлініп, 1000-ға жетпейтін мал отарына қарайтын жүзден астам адаммен келді [Циндай сибэй миньцзу маои ши, 1991].

Батырдың барлау мақсатында келгені анық еді.

Қазақтар Циндердің оларды Тарбағатай қыстауынан жаппай қууға дайындалып жатқанын естиді. Өкініштісі, Цзюньцзичу құжатында бұл Жәнібектің Абылай сұлтанға бағынатыны ғана айтылып, батырдың руы көрсетілмеген. Шақшақ руынан шыққан лауазымды батыр 1751 жылы қайтыс болған. Ал қазақтарда мұндай есімді аттас батырлар мен ханзадалар көп болды.

Әбілфейіздің інісі Ханбаба сұлтан да туысының Іле өңіріндегі саудасына араласып тұратын.

Іле өңірінде алғашқылардың бірі болып сауда-саттықпен айналысуға талпынғандардың қатарында лауазымды, қадірлі Қабанбай батыр да бар.

1758 жылы Қабанбай батырдың маңында саудамен айналыса бастаған оның ұлы Едіге (額德格) мен інісі Томұтай (托穆泰) болатын. Олармен бірге 57 көпес келсе де, сатылымға небәрі 219 жылқы шығарылды [Циндай сибэй синьцзян]

Одан кейін 1758, 1759, 1760 жылдары Бохолэдай（波霍勒岱) және бірнеше рет Доолотбай (托羅特拜 Толуотебай, Дәулетбай) келген.

Қожаберген батыр Цин әкімшілігінің тұрақты сауда серіктесі болатын. Оның атынан келген саудагерлер ретінде 1760 жылы Жоқихан (卓齊罕), Көкібай (Зұқыбай 組資拜) көрсетілді.

1764 жылы Абылай сұлтан, Қожаберген мен Қарабатырдың өкілдері ретінде Кэцинтай (克欽泰), Тугуэр（吐顧 依 而) қатарлы

көпестерді жіберді. Абылай кейде өз атынан сауда жасауға рұқсат беріп, бұл қызметке үш жақтан – қазақ және ортаазиялық көпестерден, феодалдар мен қытай жағынан саяси да, экономикалық та белгілі бір артықшылықтар жасады.

Кейде Абылай мен Әбілфейіз біріккен елшілік жіберіп, оған саудагерлерді қосатын. Саудагерлер Үрімжіде қалып, елшілер астанаға немесе императордың жазғы резиденциясына жіберілетін. Сонымен 1765 жылы олардың атынан Атахай (塔 海) Бейжіңге жолға шықты. Бірақ қиын жағдайға тап болды, өйткені халықаралық серіктестерге қысым көрсету мақсатында Цин империясы саудаға тыйым салды. Бұл тыйым көбінесе Ресейге және басқа елдерге қарсы жасалатын.

«Батыр болсаң, бай болсаң, неге хан емессің?» [Вяткин, 1998, III].

Қазақ көтерілісінің басшысы Сырым батырдың (- 1802?) ең дәуірлеген кезінде қарамағында 2000-ға жуық түтін болды. Оған қоса ол Әбілқайырдың ұлы Нұралы ханның қарындасына үйленген болатын. 1784 жылдың көктемінде орыс тұтқынында жатқан Сырымды хан 70 жылқы, 350 рубль беріп, босатып алды [Вяткин, 1998, 178].

Орыс және қытай деректері көрсеткендей, хандықтың саяси өміріне, сыртқы саясаттың негізгі мәселелерін шешуге, қол астында кемінде 300-500 түтіні бар старшындар да белсене араласқан. 1786-1787 жылдары Кіші жүздің беріш руына қарасты Қошқар батырдың қарамағында – 500 түтін, Шектінің бір бөлігін билеген Шұқыралы батырдың ұлы Байнікеде – небәрі 300, ал Қаратау би бастаған ысық руында – 10 мың түтін болған. Екі бидің қол астында 7 мың түтін болды [Вяткин, 1998, 215].

1765 жылы 13 желтоқсанда Іле аймағы билеушісінің өкілі мен әскери басшылары Мин Жуй, А Гуй, Илэту екі қолбасшыны (линьдуй дачэнь) – Ярға (Үржарға), төртеуін – Құлжаға Ертістен Іле аймағы шекарасының қазақ және қырғыз көшпелілерімен түйіскен жеріне дейін әскери қарауыл қою үшін жіберілгенін хабарлады. Маньчжуриядан қоныс аударушылар келгеннен кейін әрқайсысында бір анжы (昂吉) солондар, даурлар, сиболар, чахарлар (Ордос моңғолдары) бар төрт жаңа шекара гарнизонын құруға дайындық жұмыстары жүргізілді. Мәнжу және ойрат гарнизондарының қолбасшыларымен бірге барлығы алты линьдуй дачэнь тағайындау жоспарланды. Ойрат гарнизоны қазақтар мен қырғыздардың Қашқария мен көшпелі қоныстарының шекарасына орналастырылды [Гуғұн сарайының маньчжур материалдары. «Чжу пи цзоучжэ» қоры].

Ал екі мәнжу гарнизоны – Іле өлкесіндегі Хуин және Хуйюань қала-бекіністерінде орналасты. Шекараның шеткі батыс және шығыс бөліктері Темірліктен Наратқа дейінгі ойрат гарнизоны мен Ертістен Іле өзеніне дейінгі чахар гарнизонының қолбасшылығында болды [1781 жылғы 21 қаңтардағы императордың «Осылай болсын» белгісімен 1777 жылғы 27 желтоқсандағы Илату мен Лама-Доржның баяндамасы].

1794 жылы Чахар гарнизонында небәрі 170 адам болған [Циндай сицянь Синьцзян чахар, 1994, 268].

Моңғолдар сибоға, солондарға және даурларға, тіпті оған қоса маньчжурларға ұқсамайтын үнемі алаңдап, қобалжумен жүретін. Дегенмен, олар да бір гарнизон құрады. Сонымен қатар, моңғолдар әскери және пошта бекеттерін атпен қамтамасыз етті.

Гарнизондардың орналасуы XIX ғасырдың аяғына дейін айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Себебі олар үйлер тұрғызу, тың игеру, тары мен бидай егу, суару жүйелері мен жол салу, бау-бақша отырғызып, мал өсіру қатарлы үлкен шаруашылықпен айналысты. Сонымен қатар, мысалы, сиболар жер жыртуға, адамдар мен жүктерді арбамен тасымалдауға өте қажет өгіздерді жеткізіп, негізінен сиыр өсірді. Бейбіт заманда егін шаруашылығымен, шағын кәсіппен айналысып, ал қиын-қыстау кезеңде ер-азаматтарды соғыс қимылдарына жұмылдырған Қытай жеріндегі әскери қоныстар қазірге дейін сақталды.

Бұл тұрғыда 1950 жылы қалпына келтірілген ҚХР ШҰАР-дағы（新疆生产建设兵团）Шыңжаң өндірістік корпусының тәжірибесіне жүгінсек жеткілікті, бірақ оның ресми құрылған күні – 1954 жыл деп көрсетілген. Корпустың үш міндеті бар – әскери, саяси және өндірістік. Ресейде кертартпа аракчеевшілдік деп қатты сынға алынған нәрсе – Шыңжаңда тиімді құрылым болды. Соған қарамастан, ұқсас құрылымдар Ресей империясының ұлттық шетінде дон, кубань, орал, сібір, жетісу казактары деп жалпы аталатын казак бөлімшелерінде де жұмыс істеді [Абдиров, 1994].

Цин империясы шекара гарнизондарының жасақтары Шыңжаңдағы және басқа провинциялардағы көтерілістер кезінде жазалау операцияларына қатысты. Солардың ішіндегі ең ірісі – үлкен аумақты қамтыған және ол туралы жоғарыда айтқанымыздай Шоқан Уәлиханов қайтыс болғанға дейін хабарлаған 1864 жылғы мұсылмандар көтерілісі. Солдаттар мен офицерлердің қызметтік

жазбалары бұл көтерілістің ауқымы туралы өте көп материалдар береді. Көтеріліс шарпыған аумақтың географиясы – Гиндукуштан бастап Қытайдың шығыс Тынық мұхит жағалауына дейінгі өңірін түгел қамтиды. Ең жиі айтылатын өлкелерге – Тарбағатай, Құлжа, Ташкент, Қоқан, Іле өзені мен оның салалары, Текес, Қорғас, Ертіс өзені, Алакөл, Темұртүнор (Ыстықкөл) жатады. Сондай-ақ жанкешті әскерлер деп аталатын ойраттар, чахарлар, сиболар, солондар, дәуірлер 30-ға жуық шайқасқа қатысып, отар-отар қой, үйір-үйір жылқы айдап, сауда керуендерін күзетіп, жол көрсетуші, тілмаш қызметтерін атқарған. Солондар мен дәуірлер ең қаһарман жауынгерлер атанып, цин әскерінің таңдаулы отрядын толықтырды. Шекара шебін, қарауылдарды тексеру, елшілерді астанаға және жазғы резиденцияға жеткізу, сондай-ақ оларды туған еліне қайтару, жылқы айдау мен күзету, император табындарын бағу, қорықтарда аң аулау – бәрі де әскерилендірілген сипатта болды. Сондықтан бұл жұмыстардың барлығы солдаттар мен офицерлердің еңбек кітапшаларында мұқият белгіленді [Циндай сицянь Синьцзян чахар...,1994].

Шекараның екі жағында түркі, моңғол, тунгус-маньчжур халықтарының көп батырлары өмір сүрді деуге болады. Қатал өмір олардың мінезін қалыптастырды. Көшпелі қоғамда асау үйретуді білетін, жылқы таңбалап, ат үстінде қажымай-талмай ұзақ жүре алатын, аштыққа шыдамды, қоян-қолтық ұрыс өнерін меңгерген, құралайды көзге атқан мерген, дене бітімі келісті, төзімді адамдарды бағалаған. Көшпелілердің қаруы салмақты болғандықтан, дене күшін аса қажет етті.

Мал таңбалау – ауыр жұмыс болатын. Мал басының өсуі, төл алу, қазақтардан сатып алу және жайылымдық жерлерге жалақы ретінде алу нәтижесінде өсіп келе жатқан малды таңбалау қажет болды. Жыл сайынғы ауыр жұмысты орындау үшін тәжірибелі, мықты адамдар керек еді. Бұл жұмыстар үшін Цин гарнизондарына қазақтар жиі шақырылатын болды [БТМ, Цзюньцзичу қоры, Маньвэнь луфу цзоучжэ, №3505-2 құжат].

Тарбағатай, Іле аудандарының жергілікті шенеуніктерімен бірге генерал-губернатордың жеке өзі де жүйелі түрде сапарға шығып, ойрат пен чахар гарнизондарындағы жайылымдық жерлерді аралап, малын түгендеп, Әскери кеңеске есеп беріп отырды. Бұл есептерді 1761 жылдың 22 қаңтарынан 1911 жылдың 22 маусымына дейін императорлар жеке қарап, виза қойып отырған. Мысалы, бір ғана чахар

гарнизоны бойынша барлығы 1056 құжат тіркелген [Циндай сицянь Синьцзян чахар…, 1994, 274-305, 3].

Батыр есімдері мен жылқы шаруашылығының көптігі – Цин билігі үшін Шыңжаңғаа, Моңғолия мен Тибетке иелік етудің қаншалықты қиынға түскенін көрсетеді.

Жоңғар хандығын жаулап алғаннан кейін Цин империясы мен Қазақ хандығының шекарасы көпұлтты болды. Қазақтар ұйғыр мен жоңғар мәдениетінен өзге жаңа мәдениеттермен таныса бастады. Халықаралық құжаттар – генерал-губернаторлар мен шекара гарнизоны қолбасшыларының баяндамаларында, Ұлы дала елшілерінің есептері мен шолу деректерінде, әсіресе шекарадағы жағдайға қатысты мәліметтерде мәнжу, қытай, түркі, моңғол терминдері мен шен атаулары көптілді болды. Ойрат пен чахар-моңғол қолбасшылары қазақ басшыларымен қарым-қатынаста моңғол тілін пайдаланды.

1793 жылы император гарнизонға моңғол тілін, моңғол әдет-ғұрпын білетін офицерлерді алу туралы жарлық шығарды [Циндай сицянь Синьцзян чахар.., 1994, 263].

Жылына екі рет өткізілетін тексеру сапарларында, шекара сызығының бойымен қарауылдан қарауылға қарай жылжыған кезде офицерлер сұлтандармен кездесіп, екіжақты қарым-қатынас мәселелерін талқылады. Гарнизон офицерлері қазақтар қыстау үшін жалға берілген жайылымдардың жалдау ақысын жинауға жіберілді. Сонымен бірге өмірден өткен сұлтандарды еске алу шараларын өткізуге де баратын.

Тексеру отрядтарының құрамында ұйғыр және моңғол тілдерінің аудармашылары болды. XIX ғасырда Қазақ хандығы жойылғаннан кейін Жетісу сұлтандарының халықаралық деңгейдегі – қазақ-орыс, қазақ-цин және орыс-қытай қатынастарындағы орны мен рөлі ерекше бөлінді («Жетісудағы Абылай ұрпақтары» тарауын қараңыз).

Егер старшындар, билер, батырлар басқа елдің шекаралық билігімен шәлкем-шалыс кеп қалса, хан-сұлтандардан көмек сұрайтын. Олар арқылы өз талаптарын жеткізіп, қарсы тараптың сол талапты орындауын қадағалауды сұраған. Хандар мұндай мәселелерді хандықтың басқа істерімен бірге шешті. Кейде тек батырдың, бидің, рубасының мүддесін қорғау үшін елші жебеген кездері болды. Бұл хан-сұлтандардың старшындарға ықпалын жүргізудің тиімді құралдарының бірі еді. Ру көсемі – көбінесе бұрынғы ру ақсүйегі болған белгілі батыр. Хан қамқорлығы – ақсақалдар мен батырларды оған адал болуға мәжбүр етті. Старшындардың Ресей-

ге деген ниетінің қаншалықты зиянды екені, олардың шекаралық өкіметтің бұйрығына қарсылық танытты ма, әлде қолдады ма дегеннен аңғарылатын. Цин шекара әкімшілігі де осылай есептеді.

Кейде жоғарыда аталған атақтар бір адамға – белгілі бір старшынға тиесілі болуы мүмкін. Оның қызметінде әлдеқандай әкімшілік міндет болды. Шекара әкімшілігі жылқы ұрыларын, әсіресе Шыңжаңдағы жылқы зауыттарынан жылқы ұрлағандарды қатаң жазалады. Сұлтанның тапсырмасы бойынша ақалақшылар, би-батырлар шекарадан мал ұрлаған қылмыскерлерді іздеп, оларды Қытай мен Ресей билігінің қолына беруге көмектесті. Ал старшындар қылмыскерлерді ұстауға және тапсыруға қатысты. Жылқы ұрыларынан ыждаһаттылықпен жауап алынғаннан кейін канг («қарғы» «ажырғы») кигізіп немесе бірден өлім жазасына кесілуі мүмкін. Сол сияқты олар қарауыл шегінен асып, қазақтардың малын ұрлаған Цин гарнизондарының жауынгерлерін де аяусыз жазалады. Олар да өлім жазасына кесілуі мүмкін болды. Император Цяньлун 1791 жылы 14 желтоқсандағы жарлығымен Іле генерал-губернаторының мұндай жазасын қолдады [Циндай сицянь Синьцзян чахар..., 1994, 260].

Жылқы зауыттарының барлығы дерлік сауда-саттықпен немесе императорға сыйлық ретінде берілген қазақ жылқылары арқылы құрылды. Дала билеушілерінің асыл тұқымды жылқылары императордың жеке табыны деп саналды.

Батырлар ру бектері, рудағы беделді адамдар ретінде қайырымдылықпен айналысып, олжасын бөлісіп, кедейлерге көмектескен. Белгілі ғалымдар – апалы-сіңлілі Қармышевалар Жетісудың атақты батыры Тәнекенің (Тынаке, Танаке) бір ата-бабасына көмектесіп, сол кездегі қомақты қаржы – 25 сом қалдырып кеткенін, сол ақшаны оқу үшін жұмсағанын құрметпен еске алады [Ф.Мұхамедиев, Жетісу татарларының өткенінен естелік].

Шоқан Уәлиханов «Ыстықкөлге саяхат күнделігінде» былай деп жазды: «Біз Арасанға түнедік. Сол күні бізбен бірге Жетісу жеріндегі белгілі батыр, баранташ (барымташы) Тәнеке деген кісі болды. Ол қарақшылық жасағанына қарамастан, матайдағы қабтағай руына ықпалы зор, болыс болған. Орта бойлы, тығыршықтай адам екен. Оның сарғыштау, үлкен сақал мен қоңқақ мұрны біртүрлі көрінеді. Сонымен бірге ... кішкентай және ойнақы көзі оның бет-әлпетін өте жағымсыз етеді. Ол бізбен бірге барғысы келді, бірақ мас болғаны сонша, төрт шелек су оған мүлде әсер етпеді. Осы кезде бір құбылысты

байқадым: Тәнекенің тұла бойын алғашқы адамдардай түк басқан...» [Валиханов, т.1, 354].

Апалы-сіңілі ғалымдар Шоқан Уәлиханов атап өткен батыр сол Тәнеке болуы мүмкін деп есептейді. Шоқан жазып алған «Абылай туралы жырда» қырғыз батырлары туралы жағымды сөздер айтылған [бұл жырды аударған Д.Х. Қармышева - Валиханов, т. 1, 265-272].

Шығыс және Батыс Сібірде Қазақ хандығы жойылғаннан кейін батырлардың көптеген қызметін жергілікті казактар атқарды. Қазақ сұлтандары мен олардың балалары казак полктарына бекітілді. Казактар шекараны, бекіністерді күзетіп, жаңа бекеттер салып, сол бекеттерде қызмет етті. Олар сауда керуендеріне, елшіліктерге еріп, Орта Азия қалаларында гарнизон ретінде тұрды [Абдиров, 1994, 125].

Казактар мен казак әскерінде қызмет ететін жергілікті халық өкілдері орыс және еуропа саяхатшылар отрядының құрамында тілмаш, жолбасшы болды. Олар сондай-ақ базарлар мен жәрмеңкелерде тәртіпті қадағалап, Моңғолия мен Шыңжаңдағы елшіліктер мен консулдарды күзетті. Империя шетіндегі орыс елшілерінің отрядтары (!) да солардан тұрды. Казактар өз полктері құрылғаннан бастап, жойылғанға дейін жазалау қызметін қоса атқарды.

Ру ақсүйектері хандарға халықаралық істерді, күнделікті және ірі халықаралық істерді жүргізу құқығын берді. Бірақ олар шешім қабылдауға қатысуды талап етіп, келіспеушілік туындаған жағдайда ашық наразылық білдірді. Олар дала демократиясын сақтауды, оларды Хан кеңестері мен Ақсақалдар кеңесінде талқылауды жақтады. Бүкіл қазақ киіз йуртына (жұртына) қатысты соғыс пен бейбітшіліктің маңызды мәселелері бойынша кездесулер бірнеше күнге созылатын. Кеңестерге атпен, қару-жарақпен, ең лауазымды жақтастарымен келу керек болды. Старшындар мен батырға бағынған елі көп болған сайын, оның пікірі де өтімдірек бола түсетін.

Хан билігі әлсіреуімен Хан кеңесінің орнын Ақсақалдар кеңесі иелене бастады. Хан кеңесі, әсіресе, жаңа хан сайлауы кезінде, оның ішінде патша үкіметінің ұсынысы бойынша ұсынылатын кеңестер барған сайын формальды сипатқа ие болды. Шекаралық басшылар іс жүзінде өздері тағайындаған хандардың жағдайын әдейі әлсіретіп жіберді.

Сөйтіп, онсыз да азайып бара жатқан хан билігі мүлде жібіне жетті. Демек, Ұлы даладағы Қазақ мемлекеттілігі де тоз-тозы шықты. Хандар рулық ақсүйектер арасында және қалың бұқараның арасын-

да мемлекеттіліктің нышаны болып қана қала берді. Ал батырлар олардың сенімді көмекшісі болудан жалыққан жоқ.

## 4.2. Қазақ батырлары Қожаберген, Қожамерген, Бердіқожа

Қазақ халқының аңыз-әңгімелерінде де, орыс, қытай деректерінде де есіміне хочжа, ходжа, хоцзи, хочу, қожа сөздері жалғанған батырлар аталады: Қожаберген, Хочу мерген, Хочжайбілде, Ходжи Мерген, Қожамерген, Қожы Берді Батур, Хочи Берген, Хожымберді, Берді хажа, Берді қожа, Қожагелде, Қожакелді, Қожаберген, Қазыберген, Хоцзибоэрген. Атаулар арасындағы алшақтық – қолжазбалар мен құжаттардың ауызша және жазбаша «скасок» (солай!), шетелдік эмиссарлардың есептері, әртүрлі бөлімшелерден келген шетелдік іс жүргізушілерінің жазбалары негізінде құрастырылғандығымен, сонымен қатар олардың сауаттылығы мен беретін ақпаратының деңгейіне байланысты болды.

«Қожа» (Ходжа) сөзінен құралған атаулар, ең болмағанда, Ұлы далада исламның тарағанын айғақтайтындығымен қызықтырады. Кейде есіміне «қожа-ходжа» сөзі тіркескен адамдар өздерін жанама түрде Орталық Азияның діни кастасына жатқызып, онағы қандай да бір әлеуметтік топқа жатуы мүмкін деген ой тудырады. Бәлкім, олар қожаларды құрмет тұтатын отбасында дүниеге келген болуы да мүмкін.

Есімдердің жазылуына қазақ, орыс, моңғол, мәнжу, қытай тілдерінің ерекшеліктері де әсер етті. Сондықтан батырларды, олардың қызметін үзік-үзік өмірбаяндық деректер негізінде анықтау өте қиын. Орыс-қытай дереккөздерін салыстыру әдісі – мүмкін болған жерде, халықтық дәстүрлердің әлі де дәлелденбеген тарихи фактілерімен салыстыруға көмектеседі. Мысалы, Қожаберген мен Бердіқожа батырлардың руына қатысты келіспеушіліктер бар. Деректер Бердіқожаны біресе Орта жүз керейлеріне, біресе шанышқылға, ал Қожабергенді, бірде найманның қаракерей руына, бірде абақкерейге, кейде тіпті жоңғарларға жатқызады.

Қожаберген Абылай сұлтанға жақын болғандықтан қазақ-жоңғар, қазақ-цин қатынасының бел ортасында болды. Ойраттар оның ауылына жиі келетін, сондықтан оны кейде ойрат деп қателесетін. Қазақ старшындары мен батырлары жоңғар феодалдарының көршілес әулеттерімен немесе ойрат батырларымен туысқандық байланыста болды. Қай заманда да ойрат әйелдері қазақ жауынгерлері ұнататын

әскери олжа еді. Әрине, қазақ-ойрат батырлары жекпе-жекке шығудан ешқашан тайсалған емес.

Қазақ, жоңғар, қырғыз, мәнжу кісі есімдеріне, әсіресе батырлардың атына «мерген» сөзі тіркескен. Мерген – атқан оғы құр кетпейтін, құралайды көзге атқан садақшы-атқыштар. Сондықтан аты Хочу-мерген деген батырдың жоңғар немесе қазақ екенін ажырату қиын. Себебі, «хочу» деген сөзі «ходжа, қожа» сөздерінің бұрмалануы, ал мерген деген эпитет сөздің оның нысанаға ату өнері жоғары болғандықтан халық берген лақап ат екенін немесе есімнің бір бөлігі ғана екенін түсіну қиын.

Орынбор губерниялық кеңсесінің елшісі Мирзалей Шихов 1758 жылы керей руының батыры Ходжа Берген туралы баяндайды [ЦИКХ, ч.1, 170].

Цин елшілерінің өтініші бойынша жазылған Абылай хан батырларының тізімінде, қарамағында мыңдаған бағыныштылары бар, абақ-керей руынан шыққан Қожаберген (Хочжиберген) туралы айтылады [Еженханұлы, 2017, 194].

Бірақ қытай деректерінде найман тайпасына жататын қаракерей руынан шыққан Қожаберген туралы да дерек бар.

Осы жерде айта кететін жайт, қазақтың халық аңыздары мен тарихи жырларының кейіпкерлерінің шыққан тегінен, қай руға жататынынан қателесу өте сирек кездеседі. Бұл этнологтар мен тарихшылар үшін осы жанрдағы жазбалардың құнды артықшылықтарының бірі. Бірақ кейде олар кейбір аттас адамдардың әрекетін бір-біріне ауыстыра береді. Бірінің айтқанын келесісіне, бірінің жасаған іс-әрекетін өзге біреуіне береді. Көбінесе аттас тұлғалардың әрекеттері мифологизмге жақын болатыны содан. Мысалы, Бердіқожа батырдың өлімінің мән-жайы туралы нұсқалар қазақ пен қырғыз дәстүрінде әртүрлі.

Жоғарыда аталған батырлардың бәрі жаумен шайқаста жауынгерлік ерлігімен ерекшеленді. Олар лауазымды хан-сұлтандардың сенімді адамы болды, халықаралық істерде жауапты тапсырмаларды орындады.

Есіміне «ходжа» сөзі жалғанған батыр туралы ең алғашқы дерек XVII ғасырдың I жартысында тіркелген. Ол – белгілі орыс деректеріндегі Қожакелді (Қожағылды) еді [ҚҚІ, 122 қ., 1742, 4-іс, 178-183-пп. айн. көшірме].

1742 жылы Пенза гарнизондық атқыштар полкінің майоры Карл Миллер Жоңғар елшілерімен және Әбілқайырдың ұлы Ера-

лы сұлтанмен бірге Орынбордан Жоңғарияға жіберілді. Сапардың мақсаты – 1741-1742 жылдардағы Қалдан Цэреннің жойқын жорығынан кейінгі қазақ-жоңғар қарым-қатынасының жағдайын нақтылау. Бұл экспедицияның бұрынғылардан өзгешелігі – Түркістан мен Ташкент бағытында Ордан Сібір арқылы емес, Орталық Азия арқылы шықты. К.Миллердің алдында Орта Азиядағы жоңғар әскерлерінің басшысымен немесе қонтайжы Қалдан Цэреннің өзімен кездесу міндеті тұрды.

1842 жылы 18 қыркүйекте Миллер үйсіндерге келгенде, оған найман руынан 4 адам келіп, сапарын жалғастырмас бұрын міндетті түрде қазақ сұлтандарының келуін күту керекгін ескертіп кетеді. Найман билеушісі Барақ сұлтан да үйсіндерге өзі келгенше Миллерді ауылдан шығармауды бұйырады. Барақты 10 күн күткен К.Миллер оған өзінің Абылай сұлтанды жоңғар тұтқынынан босату үшін Қалдан Серенге бара жатқанын айтып хат жазып қалдырады. Бараққа жазған хатты Қожагелді батырға беруі керек еді. Бірақ, бұл кезде Әбілмәмбет, Барақ және басқалары жоңғарлармен бітімге келу үшін өздері де келіссөз жүргізіп жатқан болатын. Миллердің күнделік журналында Қожабилде батыр (Қожағылде, қазақша Қожабілді, Қожакелді) деп жазылған. Демек ол әскери ерліктерімен ерекшеленетін адам. Ол Ұлы жүз руынан шыққан, алайда, ең бастысы, Орта жүз билеушілерінің, анығы – Барақтың сенімді адамы екенін байқаймыз. Өз орны бойынша Қожакелді халықаралық қатынастарға – аталған билеушілердің аса қадірлі адамдарының бірі болған секілді.

Көптілді материалдардың көлемі жағынан Қожаберген батыр ерекшеленеді. Бірінен кейін бірі Ұлы далаға – Абылайға жіберілген орыс елшілері – Андрей Яковлевтің, Матвей Араповтың және башқұрт старшындарының баяндамаларында Қожа Берған (Қазыберған) батырдың есімі кездеседі [Вельяминов-Зернов, 94].

1751 жылдың күзінде бақлы-керей (бұрмаланған абақ-керей – К.Х.) руынан шыққан Досымбек, Қазыберғанның ордалары Лама-Дорж ханға наразы ойраттарға пана болды. Дворян княздары Дабашы, Баньчжур, Әмірсана осында пана тапқан соң, олардың саны көбейе бастады. Олармен бірге шамамен 7000 күймелі жақтастары болды. Қазақтар ханзадаларды жылқымен, жайылыммен, азық-түлікпен қамтамасыз етті. Бірақ Хан кеңесін күтіп, әзірге ештеңе жасаған жоқ.

Жоңғариядағы оқиғалардың дамуын нақтылау үшін Ходжа Берған бастаған қазақ елшілері Лама-Доржға аттанды. Қожа Берғанның ордасы ол кезде Ертіс өзеніне жақын, Есілдің сағасында болатын.

Бұл Қожаберген – қай Қожаберген?

XVIII ғасырда аңыз бойынша Жоңғар шапқыншылығына байланысты қазақ халқының қасіретін бейнелейтін әйгілі «Елім-ай» әнінің авторы тағы бір Қожаберген (Ходжаберген) өмір сүргені белгілі. Осыған келгенде қазақ тарихшылары мен журналистері найман тайпасының қаракерей руынан шыққан Қожаберген мен абақ-керей тумасы Қожабергенді көп шатастырады.

Қытай қазақтары арасында Қожаберген[10] есімді адам өте танымал.

Қожаберген, Бердіқожа деген батырлардың қазақ екені, 1755-1757 жылдардағы Цин отрядымен шайқаста Абылай жасақтарының шығыс қанатын басқарғаны нақты белгілі.

Сонымен, орыс құжаттарында (Қожаберген) есімінің бірнеше нұсқасы бар. Қытай деректерінде, жарияланған мұрағат құжаттарында, қазақ тілінде Қожаберген есімді әскери қолбасшы жиі айтылады. Өкінішке қарай, оларда батырдың ру-тайпасы көрсетілмеген, бірақ оның жоңғар емес, қазақ екені міндетті түрде анық көрсетіледі [Вэй Юань. Шэнъуцзи. 1-изд. 1842. Изд. Ссылки на изд. Тайбэй, 1962.- Цз. 4. – Л. 23 об.; Хэ Цютао. Шофан бэйчэн (Описание северных районов). 1881г. (Тайбэйское издание напечатано с этого списка) – Цз. 6.- Л. 1об.].

Цин империясының Әскери кеңесі Қожабергеннің Цяньлун императорының ең жақын туысы цин генералы Чжао Хояның ордасына келуіне үлкен мән берді. Император Абылайдың Шыңжаңға жақындаған кейбір жолдарды қадағалап отырған қарулас жолдасын тарту үшін «Хоцзиборгэн қазаққа» жеке хабар жіберуді қажет деп тапты. Император Цяньлун негізінен Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан секілді ақсүйектерге ғана хат жолдайтын. Ал қарапайым халық арасынан оның хаты бағытталатын бір ғана тұлға – Қабанбай батыр еді. Алайда Цяньлунның кем дегенде бір хаты Қожабергенге жеке жолданған. Өкінішке қарай, хаттың өзі де, көшірмесі де әлі табылған жоқ.

Шығу тегінің географиялық тұйықталуы, сондай-ақ батырдың (батырлардың?) қызмет ету аумағы, аты-жөндерінің әртүрлілігі оларды сәйкестендіруді қиындатады. Көбінесе деректерде Есіл өзенінің сағасынан бастап Ертіс, Аягөз, Чар-Гурбан және Ертістің сағасын За-

[10] Қытай қазақтары оны 2008 жылы тамызда Бейжіңде өткен XXIX Олимпиада ойындарында 69 келі салмақта қола жүлдегер атанған боксшы Қанат Сіләмұлының атасы деп санайтыны қызық. Бұл туралы «Көрші» журналынан қараңыз. 2008. - № 11. – 46–47 б. Ол керейлер мекендеген Қаба аймағының тумасы.

йсан көліне (Нор-Зайсан) және одан әрі Тарбағатайға дейін атайды [Вельяминов-Зернов, 94- 96].

Тұлғаны нақты анықтауды болашаққа қалдыра отырып, қазақ халқының тарихының қызықты да атағы онша шыға қоймаған беттерін көрсету үшін осы нақты тұлғаға немесе жинақтама бейнеге жүгінейік. Жақшадағы үзінділерді келтіргенде тарихшылар мен әдебиеттанушылар өздері түзетулер енгізер деген үмітпен түпнұсқа құжаттың антропонимінің транслитерациясы беріледі. Бұл түзетулер негізінен осы тұлғалардың біріне қатысты болады. Бірақ бұл XVIII ғасырдың екінші жартысындағы тарихи оқиғалардың жалпы көрінісін ешқандай бұрмаламайды.

1744 жылы желтоқсанда қазақтарға барып, қайта келе жатқан жоңғар елшісі Наурыз қазыны ертіп келген орыс офицері Ходжа Берді батырдың ауылы Жоңғар қарауылдарына жақын Чар-Гурбан (Патша-Гурбан) өзенінің маңында орналасқанын атап өткен [ЕАОММ, 248 қ. Басқарушы Сенат, 113-тіз., 383-іс., 1039-п].

Анығында, қарауыл (караулы) сөзінің мағынасы ол кезде шекара бекеттері деген ұғымды бермейтін. Сондықтан бұл сөздің қазіргі мағынасы да үнемі шекара ұғымын білдіре бермейді. Чар-Гурбандағы жоңғар қарауылдары қонтайжы ордасымен, оның Тобылға, Омбыға жіберген елшілерімен және қазақ жұртымен байланыста болып, елге аман-есен оралғанша олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Олар сондай-ақ қазақ жеріне ішкерілей енген жоңғар әскері үшін әскери бекеттер мен тыл қызметтерін де атқарды. Жоңғария мен Шығыс Түркістаннан өз еліне оралған қазақ елшілерімен бірге жүрген жоңғар және цин жасақтары Чар өзенінен өтпеуге тырысты. Ал бұл елдердің елшілері осы аймаққа аялдап, күзет отрядының бір бөлігімен одан әрі Ұлы далаға аттанса, екінші бөлігі олар қайта оралғанша Чарда күтті.

Қазақ билеушілерінің жоңғар-цин елшілерімен кездесулері, әсіресе келіссөздерінің басым бөлігі Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс аумағында өтетін. 1744 жылы жоңғарлармен бітімге келу кезеңінде Орта жүздің ең ықпалды қос сұлтаны – Абылай мен Барақтың ордалары осында орналасты. Бұл өлкеде Жоңғарларға қарсы жорықтарға не дипломатиялық келіссөздерге бағытталған сапарларға байланысты Түркістаннан – Төле би, Әбілмәмбет хан, Батыс Қазақстаннан – Ералы сұлтан және қазақтың көптеген лауазымды батырлары келіп, ұзақ уақыт тұрды.

1756 жылы жаздың басында таққа таласқан жоңғар князьдері Қожаберген батыр ауылына тағы да келді.

1756 жылы маусымда Абылай өзінің одақтасы Әмірсананың Жоңғар тағына отыруына көмектесу үшін 3000-ға жуық сарбазын жинады. Жасақтың бір қанатын – Әмірсана, екінші қанатын – Абылай, үшінші қанатты – Қожаберген батыр басқарды. Генерал Дардан Абылай Қожабергенге Әмірсанамен еріп «батысқа» баруға нұсқау бергенін, ал ол өзі цин әскерлеріне қарсы жылжығанын білді [Вэй Юань, Шэнъуцзи, цз.4, б. 23 об.; Циндин хуанъюй Сиюй тучжи, цз. 44, б. 1об.].

Деректерде жергілікті Нұра атауы – Нұлу, Нула болып берілген. Цин әскерлерінің ойрат-қазақ жасақтарымен шайқастары алдыңғы еңбектерде жеткілікті түрде баяндалды [Хафизов. Казахская стратегия, 2007 және басқалары].

Бердіқожа генерал Дардан қолбасшылық еткен Батыс лекке қарсы соғысса керек. Ол Үржар (Ярла) аймағына дейін жеткен. Қазақтар мен жоңғарлар жер жағдайын жетік білетін. Бірақ олар да үнемі Дардан сияқты жау әскерінің бағыт-бағдарын бақылау үшін шолғыншылар жіберіп отырды.

Қазақстанға шығыстан басып кірген генерал Хадахтың баяндамасында Қожаберген (Хоцзиборгэн) әскер басшыларының бірі ретінде көрсетілген. Баяндама уақыты – Цяньлун билігінің 21-жылы 9-айдың 10-күні (иси), шамамен, 1756 жылдың 2 қарашасы. Жалпы ай күнтізбесі тоғыздықпен есептеледі. (Яғни, будда діниндегілердің жыл қайыруы бойынша үш ай – тоқсан қыстың тоғыз-тоғыздан есептелуі. Қыркүйектен басталып, наурызда аяқталатын тоғыз-тоғыздың алғашқы тоғыздығы) 24 қыркүйектен – 23 қазанға тура келеді. Бұл – грегориан күнтізбесі бойынша 1756 жылдың 24 қазаны мен 21 қарашасына дейінгі аралық. Хадахтың есебін 24 қыркүйек пен 21 қараша аралығында Әскери кеңес жазып, қабылдады. Онда мынадай оқиғалар туралы сөз болды:

Цин барлауының мәліметі бойынша, 1000-нан астам қазақ Ертіс өзенінің дала жағындағы Баян тауынан қозғалып, батысқа қарай жылжыды. Ойраттар қазақ-ойрат тілдерінде «бай», «мол» дегенді білдіретін Баян тауын Барлық тауы деп атаған. Ал жоңғар-қазақ біріккен әскерінің саны генерал Дарданның баяндамасынан үш есе аз көрсетілген. Бұл сан орындырақ, өйткені көптеген деректе Абылай мен Қожаберген тұсында, әдетте 300-ге жуық төлеңгіттен тұратын іріктелген қазақ жасауылы болғаны айтылады. 1757 жылы Әмірсананың қол астында 200-дей ғана адам болған [МОЦА 2, 65-66].

Сонымен, 1756 жылы біріккен әскерді Абылай, Әмірсана және Қожаберген үшеуі басқарды [Гаоцзун Чуньхуанди шилу, цз. 520, б. 6 об.-7].

Қазақтар мен ойраттар Әмірсананың ізіне түскен цин отрядынан басқа, шығыстан келетін екінші легіне тойтарыс беруіне тура келді. Өкінішке қарай, біздің қолымызда 1756-1757 жылдардағы цин барлаушыларының жауап алуы мен деректері туралы толық есеп жоқ. Дәлірек айтқанда, олар Әмірсананың әкесі болған, бәлкім оның туысы болуы мүмкін екі Цин генералының да хабарларында айтылған Қожаберген (Хоцзибоэргэн) туралы толық мәліметтерді қамтуы мүмкін.

Қожабергенге аса жауапты міндет –жоңғардың соңғы ханын қорғап, қауіпсіз жерге апару тапсырылды. Әрине, цин генералдары үшін ең құндысы – қазақ қосынында Әмірсанаға әскери көмек беру туралы мәселедегі алауыздық жайлы мәлімет болатын. Бірақ оларға Қожаберген мен Бердіқожаның белсене қатысуы – олардың жоңғар-цин соғысына қазақтардың араласуына қарсы топта жоқ екенін көрсетеді.

1756 жылғы шайқастың барлығы цин шапқыншылығына қарсылық ошағына айналған қазіргі Шығыс Қазақстан облысының аумағында өтті. Абылай ұстанымына сәйкес, қазақтың басқа да белгілі басшылары қосындарын осында жинады.

Қожаберген Әмірсана мен Абылайдың басты одақтастарының бірі болды. Яғни Жоңғар ханзадасы мен қазақ батыры – жеке мүддені басшылыққа ала отырып, Абылай сұлтанмен ымыраластыққа қол жеткізді. Ходжа Мерген ауылында (орыс құжатында оның аты осылай жазылған) атақты жоңғарлар – Әмірсананың өзі, Әмірсананың үлкен ағасы Иши Данжиннің әйелі, Қалдан Цэреннің 1756 жылы көктемде шешектен қайтыс болған Битей деген қызы паналағаны белгілі. Ақсүйек ханымның жанында еркегі бар, әйелі бар жүзге жуық жоңғар болды. Әмірсана да Қожабергеннің көмегімен, елшісі Дабаны Қазақстаннан Сібірге, Санкт-Петербургке жіберді. Әмірсана Дабамен «Зайсан көлінің арғы жағында» кездесуге келісті, демек ол қайтадан Қожаберген делдалдығына және Абылайдың көмегіне үміт артты. Өкінішке қарай, Санкт-Петербургте Әмірсананың елшісі Даба Қожабергеннің «Керей руында тұрғанын» ғана атап өтті, бірақ оның нақты қазақтың қай руынан екенін айтпады.

Қожаберген Абылайдың жоңғарлармен байланысына және Цин империясының басты қарсыластары – жоңғар одақтастарының

өміріне жауапты болды. Сондықтан Цяньлун императордың әскери қолбасшылыққа онымен тікелей байланысуды бұйыруы ғажап емес.

Қытай деректерінде Қожаберген (Хоцзибоэргэн) батырдың есімі құжаттарда 1751 жылдан бастап аталып келеді. Ең егжей-тегжейлі құжат 1757 жылы 20 қыркүйекте тіркелген «Шекараны тыныштандыру армиясының оң қанатының қолбасшысы генерал Чжао Хояның қазақ қолбасшысы Хоцзибоэргэнмен келіссөздері туралы баяндамасы». Бұл есеп жеткілікті толық ақпаратпен циннің негізгі екі деректі жинағында орналастырылған [Гаоцзун шилу, цз.544 б. 23- 24 об; ПЧФЧ, цз.42, л. 17об.- 21 об.].

Бұндай жағдай жиі бола бермейді. Бұл дерек цин қолбасшылығы мен Әскери кеңестің Қожаберген (Хоцзибоэргэн) тұлғасы мен онымен өтетін келіссөздерге аса мән бергенін айғақтайды. Сондықтан император генерал Чжао Хояның баяндамасымен жеке танысып, өз қолымен: «Төменгі ведомствоға таныстырылсын» деп жазды.

Қожабергенмен болған кездесу мен келіссөздер туралы есеп Бейжіңдегі Әскери кеңесте жан-жақты талқыланды. Әскери кеңес қолбасшысының Қожабергенмен кездесіп, келіссөздер өткізгені сияқты, өз жағымызға шығарып алу үшін Кіші жүздегі Ералы сұлтанмен де кездесу керек деген нұсқау берілді.

1758 жылы Ералы Жетісуда Абылай шапқыншылығына қатысады.

Қытай құжатына жүгінейік. «Чжао Хояның баяндамасында былай делінген: 7-айдың 6-күні (1757 ж. 20 тамыз – К.Х.) Эбүкэтэдегі батыс сақшысы Айхұсы (Аягөз), Яр (Үржар) өзендерінің жағасынан 200-ден астам салт аттының өткенін хабарлады. Тұяқтың іздері өте үлкен, қазақ салт аттылары өткен сияқты. Сіздің қызметшіңіз шивэй Далишан бастаған отрядты барлауға жіберді. 7-күні (21 тамыз) қосынға Қожабергеннің баласы Байдәлікті, Балатенің інісі (аты) Мәмиді және басқаларды әкелді. Олар: «Абылайдың Ұлы императорға бағынғаны туралы хабар бүкіл елге тарады. Әкесі мен ағасы Әмірсананы іздеп әлек. Алдымен олар бізді кездесуге жіберді. Баярға бағынатын Нимді тағы да тұтқынға алды. Біз оны сізге тапсырамыз, оның орнына жауап ретінде сыйлық сұраймыз».

Осы үзіндіден Абылай басқарған әскерлердің цин әскеріне қарсы шығуы, Бердіқожа мен басқа көсемдердің Цин әскерімен келіссөздерінің басталу механизмі анық көрінеді. Қожаберген жоңғардың ақсүйек тұтқынын цин генералына жіберіп, сол кездегі салт бойынша ол үшін төлем талап етеді. Оған қоса, тұтқынға түскен жерлестерін тұтқыннан босатпақ болған. Оның, әкесімен

бірге жоңғарлармен, циндермен болған шайқастарға қатысқан ұлы Байдалық туралы мәліметтер де қызық.

Әлі күнге дейін Қожабергеннің қанша баласы бар, олардың аты-жөні кім екені анықталған жоқ. Бар білетініміз – үлкен ұлының аты – Лепес, екіншісінің аты – Шоқ екені ғана.

Қожаберген 60 нөкерлерімен бірге лагерьге келді. Ол: «Ойраттың босқын әулеттерін қолға түсірумен айналысқандықтан, Ұлы қосынның келгенін естімедім. Абылайдың Ұлы императорға бағынғанын, енді Әмірсананы қолға түсіру үшін іздеп жатқанын да кездейсоқ естідім. Біз де сізге қызмет еткіміз келеді» - деді.

Қазақтар 1757 жылы өздерінің одақтасы Әмірсана өлгеннен кейін цин әскерімен соғысты жалғастырудың бекер екенін түсінгенін батырдың сөзінен байқауға болады. Бұл кезде старшындар тобы айтарлықтай күшті еді. Әскери кеңестегі дауыстары да басым болатын. Абылай сұлтан өз мүддесі үшін одақтасы, туыс інісі Әмірсана жағында болды. Өмірінің осы кезеңінде ол Жоңғар хандығының құлайтынына сенген жоқ. Хандық түбегейлі жойылып кетпес, бірақ едәуір әлсірейтін болар деп ойлады.

Чжао Хой бас көтерілісші Әмірсананы беруді табанды талап етіп, Қожабергенді ашық қорқытты: «Оны қолға түсірмей, біз әскерді шығара алмаймыз. Егер біздің әскерлер оны сіздердің қоныстарыңыздан іздесе, бұдан қорыққандарыңыз дұрыс... Біз сіздің жерде ұзақ аялдап, бұл жерді толық тінту ұйымдастыруға мәжбүр боламыз. Мұның салдары өкінішпен аяқталары сізге аян» - деп астарлады ол.

Қожаберген оған: «Әмірсананың ешқандай қолдаушысы да, тірегі де жоқ. Ондай қарақшыны біз қалай ұстаймыз? Ал егер ол біздің немесе басқа қоныстардан табылса, біздің оны қолға түсіруімізге не кедергі болады?» - деп жауап берді.

Чжао Хоя баяндамасынан көрініп тұрғандай, ол ешқашан Қожабергеннен тікелей уәде алмаған. Чжао Хой қазақтар бағыныштылық танытты дегені үшін ғана Император жарлыққа «масаттанушылық пен дандайсуға түсті» деп жазды. Ол, әрине, қазақтардың шынайы пейілі туралы көбірек мәліметке ие болды және олардың бағыныштылық көрсетулерінің бағасын білді. Алайда, ол жарлықтың соңына былай деп қосты: «Қазақ старшыны Хоцзиборген туралы айтатын болсақ, біз (оны) өз қамқорлығымызға алу туралы жарлық шығаруды бұйырамыз. Ал сондай-ақ келгендердің (әскери ордаға келген старшындар – Қ.Х.) әрқайсысына айдаһар

бейнесі кестеленген 2 кесек атлас, 4 үлкен кесек қарапайым атлас, сонымен қатар марапаттау туралы бұйрық берілсін».

Императордың Қожаберген ауылдарында болуы мүмкін хойт көтерілісшілерін жоюға бұйрық беруіне байланысты Қожаберген Цинді қызықтыра берді. Кейбір мәліметтерге қарағанда, оның қарамағында Цин империясының жаңа бағыныштылары деп санауға болатын 30 мыңға жуық адам болған. [Вэй Юань. Шэнъуцзи. цз.4, л. 24].

Абылай тізімі бойынша оның қарамағында 300 адам болған. Қожабергеннің келіссөздерінде сөз болған жоңғарлар Әмірсананың жақтастары еді.

Баяр Цин үкіметіне белгілі, ақсүйек және танымал адам болатын. 1755 жылы тамызда Әмірсана Цин империясы өзін хан сайлайды деген үмітке алданып, Іледегі генерал Бандидің ордасынан кеткенде, қыркүйекте Цяньлун Баярды хойттардың ханы етіп тағайындау туралы жарлық шығарды [ПЧФЧ, цз. 40, л. 28].

Бірақ Баяр да жоңғар ру-тайпалық бөлінісіне қарай Жоңғарияны 4 хандыққа бөліп, оны қуыршақ билеуші етіп тағайындауға келіспеді. Ол «олардың күшін бөліп, бұқараны жина» (众建分势) деген саясатқа ашуланды. Баяр сонымен қатар цин үкіметінің оларды жақсы басқару үшін әскери полктерге – цзолиньге бөлу туралы әскери-әкімшілік жоспарларымен келіспеді. Ол цин әскеріне Үрімжі аймағындағы Ерен-Қабырға тауларында қарсы шықса да, көп ұзамай Іле өзенінің бастауы Қаш өзенінің жоғарғы ағысына 1000-нан астам шаңырақ пен мал-мүлкін алып шегінуге мәжбүр болды. Жоңғарлар одан әрі өздерінің туысы Әмірсанаға қосылу үшін Қазақстанға дейін ілесе алар еді. Халха-моңғол генералы Чэнбұньчжабу басты жауынан бөлек шыққан бұл хойттарды жою туралы бұйрық алды. Ерен-Қабырға тауларының аймағы кейінгі 3 жыл бойы жоңғарларға қарсылық ошағы болғандығын айта кету керек. Баярды 1758 жылдың басында Фу Дэ әскері тұтқынға алды. Оны қолға түсірген офицер Айлуа генералдың оның ерлігін императорға егжей-тегжейлі баяндап бермегеніне ренжіді. Чжао Хой оның наразылығы туралы императорға баяндады [ПЧФЧ, цз.48, л. 19].

Осы оқиғаға байланысты қолымызда Баярдың қалай қолға түскені туралы мәлімет бар.

Нима Баярдың бағыныштысы болды, оны императордың өзі 1754 жылы қарашадағы жарлығының бірінде Чжанагэрбумен бірге ең қауіпті жаулардың қатарына жатқызды. Чжао Хойдың бұл тұтқынның

қораштығы туралы мәлімдемесі, Қожаберген оның құнын азайтуды ойлаған ниетімен байланысты болды. Бірақ Қожаберген Әмірсананы ұстап бере алмады, өйткені ол оның өкіл әкесі болатын.

Император Цяньлунның Қожабергенді марапаттау туралы бұйрығы 1757 жылдың аяғында жіберілді. Оны 1757 жылы 6 желтоқсанда жолға шыққан тауыс қауырсынымен марапатталған Бутун басқарған отряд грамота мен жібекпен бірге арнайы лагерьде тапсыруы керек еді. Олардың жолбасшы Ішкі Моңғолиядағы Гобидің оңтүстігіндегі чахар-моңғолдармен бірге отбасымен тұрған, Цин билігі қызметке тартқан кіші шенді қазақ Орысбай (Олосыбай) еді. Бірақ сол күні түнде жылқы күзетінде жүрген ол кенеттен жоғалып кетті [ПЧФЧ, цз. 47, б. 20-20 об].

Оны іздеуден ештеңе шықпады. Чжао Хой қазақтарға хат жолдап, егер олардың арасынан Орысбай табылса, ұстап беруді талап етеді. Император жылқыларды ол өзі ұрлады ма, әлде адасып қалды ма, соны анықтауды талап етті. Сондай-ақ жағдай анықталғанша оның отбасын қамауға алуды бұйырды [ПЧФЧ, цз.47, л. 20-20 об.].

Ал Қожабергенге аттанған Цин отряды жылқысыз, ең бастысы жолбасшысыз қалды. Қазақтың Сусанины жауларды бейтаныс аймаққа жетелеп келіп, көлік құралдарынан айырумен қатар, цин әскері мен Цин империясының беделіне ауыр зиян келтірді. Негізінде ол Цин үкіметінің қазақтың ықпалды старшындарымен және батырларымен қарым-қатынасты күшейту ниетін бұзды.

Біздің анықтауымыз дұрыс болса, Қожаберген (Хоцзибоэрген) батыр ханьдықтардың тарихи шежіресіне енді. Қожаберген Чжао Хойдан өзінің бағынғандығы туралы хат сұратып (генерал бұл хаттың көшірмесін өз баяндамасына қоса берген), Цин отрядтары өздерінің қас жауы – Әмірсана мен оның жақтастарын іздеп даланы шарлап жүрген кезде өзін қорғағысы келді.

Чжао Хой өз баяндамасында Қожабергеннің әңгіме басталар алдында және тамақ ішіліп болған соң дұға оқып, бет сипап жүретін әдетін ерекше атап өтті. Цин офицерлері оның бұл қимылын еріксіз қайталайтын.

Аягөз маңындағы шатқалда Қожабергенмен келіссөз жүргізіп, бітімге келу және дәстүрлі Цин дипломатиясы аясында император атынан жіберілген хабармен бекітілуінің маңызы зор болды. Әйтпесе, қытай тарихнамасы тұтқын алмасу мен старшындармен сауда туралы келіссөздер жүргізудің мұндай қарапайым жағдайын «Шилу» («Боямасыз жазбалар») сарай шежіресіне енгізбес еді.

Қазақ халық аңыздарында бітімгершілікпен аяқталатын бұл эпизод та көрініс тапты: бұл оқиғаны атап өту үшін дәстүр бойынша шатқалға Мамыр-су (қазақ күнтізбесі бойынша бесінші айдың атымен, сондай-ақ «құнарлы», салмақты және баянды дүние үшін үмітпен атаған) деген атау берілді.

Император жарлығында эпизодқа шынайы баға беріледі, ол өзінің генералына цин отряды үшін әдеттен тыс достық жағдайда өткен кездесуге онша үлкен мән бермеуге кеңес береді. Алайда, батырды ресми түрде цин әулетінің вассалы етіп алу ниеті болғандықтан, бұл Цин империясының аумақтық талаптарының тағы бір негізі болды.

Келісім бойынша Қожаберген жоңғар босқындарын тұтқындап, Цин генералдарының қолына беруі тиіс еді. Бұған қоса, ол жоңғар тұтқындарына, атап айтқанда Нимға жақсы төлем сұрады. Көшпелілердің соғысы ұдайы осындай дәстүрлі жолмен аяқталатын.

Алайда ең қомақты сыйақы Әмірсана үшін тағайындалған болатын, бірақ Қожаберген оны беруді соза берді.

1757 жылы 30 қыркүйекте оның жасағы Железин бекінісі маңындағы ауылдардың солтүстігінде болғанын басқаша қалай түсіндіруге болады? Офицер Захариннің сұрағына олар Қожаберген басқарған Абылай сұлтан әскерінен шыққан сарбаздар екенін айтып, Құлсары батырдың әскеріне қосылуға жылжып бара жатырмыз деп жауап берді [ООММ, 1 қ., 1-тіз., 58-іс, 65-66-п.].

Құлсары орыс деректерінде Абылайдың жасырын жоспарларын орыс билігіне жеткізген қаскөй ретінде көрсетіледі. Мүмкін оларды әдейі адастырған болар. Қожабергеннің жасақтары Әмірсананың ізіне түсіп, солтүстікке қарай Семей бекінісіне бет алады. Бірақ бұл мәлімдеме жоғарыда айтылғандай, князьдің тұтқынға түсуінен қауіптенген Абылай, оны Қожабергеннің күзетімен батысқа аттандырды деген деректе сәйкес келмейді.

Орыс бекінісіне жеткен қазақтар әңгіме арасында Әмірсана туралы сұраған. Олар оның орыстарға жеткеніне, дәлірек айтсақ, жүзіп жеткеніне көз жеткізгісі келген шығар. Захарин ол жоңғарды өзі көрмегенін, бірақ оның Ертісті жүзіп өтіп бара жатып суға батып өлгенін және қасында орыс казактары болғанын естігенін айтты. Бірақ қазақтар «Әмірсана суға батқан жоқ, оны біреу алып кетті» деп сенімді жауап берді. Алайда нақты кім алып кеткенін айтпастан, аттанып кетті.

Содан кейін орыстар ойрат босқындарынан Абылай мен Қожабергеннің қайда екенін, қытай әскерлері туралы сұрады. Олар

Абылай мен Цин қолбасшылары арасындағы бітімгершілік пен сыйлық алмасу туралы хабарлады. 1758 жылы наурызда железиндіктер мал-мүлкімен өзеннен өткен Қожабергенге бағынышты бірнеше керейді кездестірді.

1758 жылы Чар-Гурбан өзенінің бойында Абылайға кеткен Цяньлун елшілерін күзеткен 500 адамдық цин отрядын жоңғардың қазақтарға қарсы қосындары соққыға жықты. Бұл Өскемен бекінісіне 2 күндік жерде болатын. Шерен бастаған жоңғарлар Циндерден шегініп, осы жерден өтті. Олар бір мезгілде Әмірсанаға да, оны қолдаған қазақтарға да қарсылас болды. Әмірсана Ресейге кеткеннен кейін урянхайлардың, алтайлардың, ұйғырлардың отрядтары керейлердің, уақтардың және наймандардың қонысына шегінді. Ал олардан кейін оларды қуған цин отряды осында басып кірді.

1758 жылы 2 сәуірде Чжао Хой Алтын-Емел арқылы Мыңбұлаққа келеді. Бұл өлкеде цин отряды Орынбордың келісімімен Нұралы хан осында жіберген Ералы сұлтан жасағымен соқтығысты. Бұл туралы Төле би мен Абылайға алдын ала хабарланған. Генерал Чжао Хой өзінің шатырында Кіші жүз сұлтанымен де Қожабергенмен кездескені сияқты кездесу өткізді [ПЧФЧ, цз. 54, л. 1].

Ол кейін Нұралы ханмен қарым-қатынас орнату үшін сұлтанмен үнемі байланыста болуға келісті. Цин әскери қолбасшысы Төле биге, Ералыны цин әулетінің қазақтарға қарсы жаулық ниеті жоқ деп сендірді.

Жайық пен Еділ сағасын пайдалануға тыйым салуға байланысты Орынборға қарсы Нұралы ханның наразылығы күшейе түсті. Ал Цин империясы Шығыс Түркістанды жаулап алғаннан кейін Ахмад шах Дурранидің (1772 ж. қайтыс болған) опасыздарға қарсы мұсылмандық коалиция құру әрекеті басталды. Ол Орта Азия мен Қазақстан билеушілерін жиһадқа қосылуға шақырып елші жіберді.

Чжао Хой негізінен Ұлы жүз аумағында Цэбудэн-Чжабу (монғол тіліндегі Цэбудэн аты қазақ тілінде әдетте Септен деп аударылады) бастаған жоңғар әскерлерінің қалдықтарымен соғысуға тырысты. Цин елшісі Шуньдэннің Абылайға берген хабарларында Шеренді қудалауға екі мыңдық жасақ пен Орта жүзден шыққан Қабанбай батыр жасағын басқарған Сартуғанмен бірлесе әрекет еткені айтылады [Гаоцзун шилу, цз.555, лб. 17- 19].

Олар шығыстан шықты. Ал батыстан – Кіші жүзден керейдің біраз бөлімшесін басқарып Ералы сұлтанның жасағы жақындап келеді. Бұл жерде Орта жүзде өмір сүрген, бірақ Ұлы жүз руынан шыққан

Бердіқожа туралы нақты деректердің көмегі тиер еді. Жоңғарларды талқандағаннан кейін батырдың қырғыздармен бірге Жетісудың батыс бөлігі мен Ташкент үшін күреске белсене араласқаны сенімді дерек болды.

Бағынбас жоңғарларды жойған соң циндер Зайсан көлінің оңтүстігі мен шығысын қазақтардан тазарта бастады. 1761 жылы қазақтарды қуудыған жалғастырған қарулы жасақтары Ұлы далаға дендей кірді.

Қыркүйекте Ресей шекара билігі күймелі арбалары мен табын-табын малын айдаған қалың қазақтың жандана бастағанын байқады. Бұл Қожаберген (Ходжа Мерген) ауылдары еді. Олар 8000-ға жуық қытай әскері «осы жерден арғы жаққа», яғни, Ертістің шығыс жағасынан батыс жағасына қарай өткенін хабарлады. Бұл әскердің артында тағы бір мың жылжып келе жатыр, ол жеткенде оны орыс бекінісіне жібереді «осындай елшілікпен орыс әскері Ертіс өзенінен қырғыз-қайсақтарға қарсы соғыспен шықты, ал олар қытайлықтар осы сегіз мыңымен оларға қырғыз-қайсақтарға, дәл сол Нор Зайсан өзенінен бастап басып алуға, сол боймен далаға қарай жүрді».

Қожаберген ауылдары Баян улына (Баян аула – қазіргі Баянауыл) қоныс аударуды көздеген. Бұған дейін олар Цин әскерінің аттарына азық қалдырмай, қозғалысын бәсеңдету үшін кең далаға от қояды. Генерал-майор Веймарнның айтуынша, циндіктер қазақ арасында әдейі «қытай әскеріне ешқандай қауіп төндірмеді, бірақ ұрлық жасаудан гөрі, әлгі қырғыздарға үрей ұялатты» деген қауесет таратқан [РИ ССМ, ҚҚІ қ., 1761, 122/1-тіз., 6-іс, 2-п. - 4-п.айн. Сібір губернаторы Соймоновтың 1761 жылы 18 қазанда Сыртқы істер алқасына берген баяндамасы].

Кейде қазақтардың өз меншігі екенін, өз жері екенін табанды талап еткен аумақты тастап кетуі үшін, алдағы жорық туралы циндіктер әдейі қауесет таратуы әбден мүмкін. Циндер «Өскемен бекінісінен он үш күндік жердегі Шыңғыс тау деп аталатын тасқа және сол жерден бастап Аягөзге қарай ағатын өзен жағасына қала салынатын шекара сызығын құруға жасаған әрекеті сәтсіз аяқталды. Қытайлар сол тас басында тағы бір бекініс салмақ болды, бірақ Қожа Мерген батыр оған рұқсат бермеді. Қалай болғанда да қырғыз-қайсақтар бұл туралы хабарламады» [РИ ССМ, ҚҚІ қ., 1761, 122/1-тіз., 3-іс, 51-п.айн - 52-п.айн.].

Қожаберген Аягөз өзенінің оңтүстік көрші мен қазақ даласы арасындағы шекара сызығына айналуына жан-жақты қарсылық көрсетті. 1761 жылы циндер Аягөздің оңтүстігінде «қырғыздар енді

Зеңгориядан көшіп кетпеуі үшін, қытайлар оларға рұқсатсыз көшуге» лайықты жер белгілеп, шұңқырлар қазып, далаға үйінділер үйді» [РИ ССМ, ҚҚІ қ., 1761, 122/1-тіз., 6-іс, 106-п. - 106-п.айн.].

1763 жылы Қожаберген ордасы әлі де Зайсан көлінің маңында еді, ал одан 15 күндік жерде цин әскері орналасты. Өз жерін қорғау үшін оның қандай сынақтардан өткенін елестетуге болады.

1759 жылы орыс деректерінде Қожаберген батырды, «Чар-Гурбан өзенінің осы (орыс? - Қ.Х.) жағасында тұратын Темір батыр және Абылай сұлтанмен үнемі байланыста болған «Орта қырғыз ордасының» старшыны» ретінде атайды [МОЦА, кн.2, 139].

Қожаберген сол жылдары Солтүстік Қазақстанда Әбілмәмбет хан шақырған кеңеске қатысу үшін сапарға шыққан. 1762 жылы «Қырғыз руының старшинасы Қожа Мергеннің» баспанасы цин әскері орналасқан жерден 12 күндік жерде, Зайсан көлінің маңында болды [МОЦА, кн.2, 177].

Бұл әңгіме – Қожаберген туралы сияқты. Жазбада Ресей шекаралық билігі Зайсан жағасындағы старшындар туралы ақпарат алуды жалғастырғанын көрсетеді. Себебі, XVIII ғасырдың 60-жылдарында Цин империясы Жетісу мен Жоғарғы Ертісте өз билігін тарату үшін жаңа қарулы күресті бастағаны белгілі [Хафизова, «Казахская» стратегия Цинской империи, 2007, 42-71].

Бұл қазақтар үшін күтпеген жағдай болды. Цин империясымен елшілік байланыс орнағандықтан, көшпелілер бұрынғы Жоңғария аумағында жылқыларды қытай тауарларына айырбастауға кіріскен болатын. Бейбіт ауылдары ойран болып, малы талауға, адамы айдауға, өзі тұтқынға түскен бір старшын сақшыларға: «Император бізге жанашыр, ол бізді жазалауға жол бермейді» - деген [Кузнецов, 1983, 32].

Бұл сөздер Қожабергеннің аузынан шыққан болуы да мүмкін.

1766 жылы сәуірде цин отряды тонауға түскен урянхайлық Чадаке үшін кек қайтарып, Зайсан көлінің төменгі жағына көшіп келген 500 үйлі Қожаберген ауылдарына шабуыл жасайды. Олар батырды тұтқындап, үш тәулікке қамауға алды. Оны босатып алушылардан 392 жылқы құн талап етті. Сонымен қатар, олар қазақтардың қазыналық зауытқа 325 жылқы қайтаруларын қалады [Гаоцзун шилу, цз. 757, л. 10 – 11 об.].

Циндердің арасында өзімшілдікпен өздерінікі деп жариялаған аумақтардағы қазақтарды қыстаудан қуып жіберген Цин қолбасшыларының қиянаттары туралы біржақты пікірталас басталды [Гаоцзун шилу, 758, л. 6 об.- 7].

Ақырында циндіктер Үржар шатқалында бекініс салу ниетінен бас тартып, оны Шәуешек шатқалына ауыстырды.

Жоңғарларға, мәнжу-цин әскерлеріне қарсы соғысып, кейін қырғыздармен, ташкенттіктермен шайқаста ерекше көзге түскен қазақ батырларының ішінде Бердіқожа батыр да болды. Бердіқожаның әскери ерліктері жоңғар мен цин шапқыншылығына қарсы күреспен байланысты. Абылай сияқты Бердіқожа да Жоңғар тұтқынында болып, қамқоршысының күшімен одан босап шыққан. Бердіқожаның 40-жылдары Абылайға жақын болғаны сонша, аңшылықта, ұрыстарда оған еріп жүрді-мыс. Ол кейде орыс және цин шекара қолбасшыларының назарына ілініп қалатын. Оның есімі кейде Абылайға жақын адамдармен қатар аталып, кейіннен жоғалып кетті. Ол туралы қазақ-қырғыз ақындары жазды. Көптеген халық аңыздарында батырдың тегін Ұлы жүздің шанышқыл (орысша бұрмаланған – шанышқылы) ұрпағына жататыны анық көрсетілген. Бердіқожаның өмірі Ұлы жүз бен Орта жүз аумағында өткендіктен ғылыми қызығушылық тудырады. Батырдың өмірі тек отбасы мүддесімен шектелген кездер сирек. Атақты батырлар өз қызметін қазақ көшпелілерінің бүкіл аумағына таратты және олардың тағдыры көптеген қазақ билеушілерінің тағдырымен тығыз байланысты.

Кейбіреулер Бердіқожаны шамамен 1708-1786 жылдары өмір сүрген деп есептейді, бұл жағдайда ол Абылайдан екі жас үлкен және өзінің сюзерені қайтыс болғаннан кейін тағы алты жыл өмір сүрген. Ол туралы соңғы жазбаны капитан Андреев 1783 жылы жазған. Сондықтан туған, өлген жылдары шындыққа өте жақын болуы мүмкін.

Бердіқожа жоңғарлармен болған шайқастарда даңқы шығып, халық жадында айқын сақталды. Ол өте танымал, ерекше білікті әскери қолбасшы болды. Қызығушылық танытқандар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар бөлімінен «Бердіқожа» шығармасының қолжазбасымен таныса алады [Шанышқылы Бердіқожа батыр, 2009, 189-240].

Бердіқожаның көшпелі қосындарының географиялық орналасуы оны жоңғарлармен, Циндермен және қырғыздармен қарулы қақтығыстарға тартты. Циндер Жоңғар хандығын талқандағаннан кейін Жетісудың шығыс бөлігі XVIII ғасырдың соңына дейін қазақ хандықтарының халықаралық қатынастарының «шаңы басылмас шұбырындысы» болып қала берді.

Шанышқылы руынан шыққан Бердіқожа батыр Абылайдың үзеңгілес серігі еді. Міржақып Дулатов «Хан Абылай» шығармасының нобайында оны Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлардың, Қазбек би есімдерімен қатар атайды. Бердіқожаның тізімде соңғы болып аталуының өзі аты аңызға айналған тұлғалармен салыстырғанда жастығынан болса керек. Бұл арада қазақ ауыз әдебиетінде Бердіқожаның қалдырған ізі де айтарлықтай байқалады. Қазақ аңыз-әңгімелерінде оның есімі бір емледе жазылып, тұлғасы бір мезгілмен нақты байланыстырылатыны да есте қаларлық.

Бердіқожа негізінен Абылай жағында болған, бірақ өмірінің көп бөлігін Орта жүздің керей, найман және басқа рулары арасында өткізгендіктен, орыс және қытай ақпаратшылары оны Орта жүздің биі немесе батыры деп атайды.

Би атағы шындыққа қайшы келмейді, өйткені қазақтың беделді старшындары көбінесе өз қарамағындағы адамдарға өздері сот жүргізді немесе рулық дау-дамайлар туындаған кезде жоғары төреші болып уақытша сайланды. Сонымен қатар, Бердіқожаның қарамағында оның жақтаушылары мен Ұлы жүздегі туыстары ғана емес, Орта жүз рулары да болды. Сол себепті орыс, жоңғар және қытай деректері кейде Бердіқожаны Орталық және Шығыс Қазақстан қазақтарының керей, қаракесек және басқа ру-тайпаларымен байланыстырған. Әрине, Бердіқожаның керейлермен олардың арасында ұзақ өмір сүргендіктен ғана емес, туысқандық қарым-қатынасы да болды.

Цин империясы 60-жылдары Аягөз және Чар өзендерінің оңтүстігіндегі аймақтарда бекінуге ұмтылған кезде Жоңғар қақпасы мен Тарбағатайдың екі жағындағы қазақ ауылдары, оның ішінде Бердіқожаның да ауылы оңтүстік көршілермен бастапқы жүкті ауыстырып тиейтін орын және маңызды қатынастырушы топ болды. Сондықтан Бердіқожаның оңтүстіктегі көршілермен әскери, саяси және экономикалық байланыстарды қамтитын күрделі халықаралық қатынастар жүйесіне араласуы таңқаларлық емес.

Капитан И.Андреевтің Бердіқожа туралы мәліметі бойынша, оның қолжазбасында соңғы оқиғалар 1784 жылы аяқталады [Андреев И.И. Описание Средней орды киргис-кайсаков… Глава 6, часть 1. О принадлежащих Средней киргис-кайсацкой орды х китайской границе. Фотокопия рукописи из Географического общества Союза ССР (Ленинград), сделанная в 1773г].

Бұл қолжазбада қысқаша былай делінген: «Шашылын болысындағы (бұрмаланған шанышқылы – К.Х.) старшина Берді қажыға тиесілі 300 түтін бар, жылқы мен ірі қара малға өте бай». Бұл мәтіннен кейін жұлдызша (*) қойылды, бұл парақтың соңында ескертпелер болуы керек дегенді білдіреді. Бірақ, өкінішке қарай, қандай ескертпе екені жазылмаған. Бәлкім, И.Андреев Бердіқожа туралы өмірбаяндық мәлімет бермек болған шығар. Капитанның Бердіқожа болысына қатысты мәтінінде, жазда Аягөз бен Айдынсу маңында, «Қашқар жолының бойында жатқан», содан кейін «жалойир» - жалайыр жерінде «Іленің арғы жағында» көшіп жүрген болыс екені туралы шағын анықтама болды.

Аягөз бен Айдынсудағы жазғы қоныстың көрсетілуі – Бердіқожанның 1757 жылы тамызда және одан кейін оңтүстік-шығыс Қазақстанға бекінуге ұмтылған цин жасағымен бірге болу мүмкіндігін жанама түрде растайды. Мұны халық аңыздарының мәліметтері де толық дәйектейді.

Капитан Андреевтің мәліметі Бердіқожаның қызметтік аумағы туралы қазақ ауыз әдебиетініндегі мәліметтермен сәйкес келеді. Оның ауылының 300 түтіні, орта есеппен әр түтінде 4 адамнан есептегенде, шамамен 1200 адам деген сөз. Бұл ол кезде бір старшынның басқаруы үшін аз болған жоқ.

Бердіқожа малының көптігі – оның байлығын айғақтайды. Ол Ұлы далада ықпал етудің негізгі көзі болатын. Сондай-ақ, батырдың Қытаймен ірі сауда серіктестігі біршама сәтті болғанын аңғартады. Қашқарға апаратын жол бойында орналасуан Бердіқожа ауылдары арқылы Сібірден қайтқан ұйғыр, ортаазиялық және татар көпестері өтуі әбден мүмкін. Орта Азия көпестері ислам дініне қатты берілген, олар Цин империясының Іле, Тарбағатай және Алтай аудандарына қазақ малының ірі жеткізушілері болып отырған. Бердіқожаның шаруашылық-сауда қызметі тек мал шаруашылығымен және саудамен ғана шектелді. Бірақ оның саяси және әскери өмірі әлі де қауіп-қатерге толы болды. Бұл батырдың іргежау болған қырғыз тайпаларының қолынан қаза табуына әкелді. Бұдан Бердіқожа Абылайдың Ташкент пен Сырдария бойындағы басқа қалаларға қазақтардың билігін қайтару саясатын қолдады деген қорытынды шығады.

Қожаберген, Қош-Мерген, Бердіқожа батырлардың тағдырларының тоғысуы Төле би, Абылай сұлтан және басқа да Орта Азия билеушілерімен байланысты. Батырлар елдің ба-

тысы мен шығысында, оңтүстігі мен солтүстігінде көптеген билеушілердің шақыруымен өз қосындарын жасақтады. Олар Үш жүз ақсүйектерінің қоршауында болуы мүмкін еді. Және олар өздеріне бағынышты жерлерден көп нәрсе алар еді. Сондықтан олардың біразының тұрақты мекені өзгеріп отырды. Бердіқожа батыр да солардың бірі болатын.

Батырлардың шығу тегін анықтаудың негізгі дереккөзі қазақ ауыз әдебиетіндегі оның руының атауы болды. Орыс және қытай деректерінде, өкінішке қарай, бұл әрдайым атап өтілмейді және бейтаныс адамдар есімдерінің жазылуы мен айтылуындағы табиғи бұрмаланумен кейбір тарихи тұлғаларды анықтауда белгілі бір шатасулар бар. Мысалы, «Қазақстан тарихында» Қожаберген батыр мен Қожаберген-жырау бір тұлға ретінде кездеседі [История Казахстана, Т.3, 2000. Указатель имен, 743].

Тараудың авторлары М.Қ.Қозыбаев пен В.З.Галиев Қожаберген жырау туралы 1723 жылы Цэван-Рабдан әскерінің басып кіруіне байланысты жазады [История Казахстана, Т.3, 2000, 129-130].

Тарихшы Едіге Уәлиханов та оны сол Қожаберген-жырау деп есептесе керек. Қалай болғанда да, ол олардың аттас екенін көрсетпеді. Бәлкім, қате кітаптың Көрсеткіштерін құрастырушылардың кінәсінен туындаған болар.

Мен де 1757 жылғы қытай құжатында Қожаберген батырдың цин әскери қолбасшысының ордасына келуі туралы деректе Бердіқожа туралы айтылды деп қате тұжырым жасадым [ПЧФЧ, цз.42, б. 17об.-21 об.].

Алайда, циндерге татуласуға келген батырдың жырау ретінде де, ақын ретінде де аталмағаны әбден анық. Қожабергеннің аты аталған екі дата – 1723 және 1757 жылдар арасындағы 34 жыл айырмашылығының алшақтығы, қазақта Қожаберген есімді аттас екі батырдың болғаны туралы ой туындатады.

Бердіқожаның ауылдары Қаракерей Қабанбай мен Қазбек бидің ауылдарына іргелес болды. Қабанбаймен Бердықожаны аңыз-әңгімелерде айтылған ержүрек достық байланыстырды. Қабанбайдың аты жығылғанда, Бердіқожа оған өзінің арғымағын береді, шайқастан соң да атын батыр-ағасына сыйға тартқан.

Халық аңыздарында әдетте батырлардың келбеті мен аттарының белгілері суреттеледі. Бердіқожа ұзын бойлы, мойны тарамыс, арық кісі еді. Оны «казах с колообразной шеей» - «қазық мойынды қазақ» деп жиі атаған.

Ол 15 жасында-ақ батыр атанған. Бердіқожа Таң дәуіріндегі (618-907) қытай поэзиясында суреттелген көне түркі батырлары сияқты құрақ сыбызғы тартатын. Диаметрі әртүрлі қамыстың екі бөлігінен жасалған сыбызғыны бір-біріне кигізіп, қойынға саласалуға болатын. Бұл сыбызғыны батырға құт қонған, бақсы, елкезбе тақуа дәруіш-дуана жасап берген. Бердіқожа сыбызғы арқылы құстардың сайра-уы мен жануарлардың, аңдардың үнін жақсы салатын. Оның бұл қабілеті аң аулауға көмектесті.

Халық аңыздарынан батырдың өлген уақыты туралы мәліметтер И.Андреев көрсеткен уақыт – 1786 жылмен сәйкес келмейді. Қырғыз аңыздарында Бердіқожа оларға қарсы күресте Абы-лай саясатының тұтқынына айналған. Хан оны көрші халықтарға үнемі шапқыншылық жасағаны үшін қорғаудан бас тартты. Бұл қырғыздардың оны жазалауын жеңілдетті. Өлер алдында батырдың белдеуде тұрған Көкшолақ арғымағын тұтқындағы қырғыз батыры Бөрібай қыл арқанды тісімен қиып көз алдында мініп қашықан. Көкшолағын өзге аттардың ешқайсысы қуып жетпейтінін білген Бердіқожа тұтқынды қуудан бас тартты. Мүмкін, қарсыласының өзінің жанына балаған тұлпарын мінуін жаман ырымға санаған шығар. Жаулықпен ниеттенген қырғыз батыры басқарған жау от-ряды Бердіқожаның ордасына шабуыл жасап, оны өлтіріп, дүние-мүлкі мен малын алып кетеді. Бұл 1780 жылы Абылай хан қайтыс болғанға дейін болуы мүмкін. Қазақ аңызында Бердіқожа қолға түскенде оны тұтқынға алып, бір қырғызға мiңгестiргенi айтылады. Бердіқожа оның арқасынан пышақ суғып алған-мыс. Сол үшін оны қарсыластары қорлап өлтірген.

Капитан И.Андреев Орта жүз жайлы жазбасында Бердіқожаның 1783 жылы Семейге алғаш келгені және бекініс комендантымен кездесуі туралы айтады. Бұл тарихи шындыққа қайшы келмейді. Өйткені қазақтар қырғыздармен соғыста Цин империясынан өзіне одақтас іздегендіктен, олар да орыс билігінен көмек сұрауға болатын еді. Сонымен қатар, малға бай батырды орыстармен болашақ сауда-саттық қызықтырды.

Сонымен, Андреев батырдың қайтыс болған күнін, Абылай о дүниелік болғаннан кейін, яғни 1786 жыл деп атайды. Ал халық аңыздарында Бердіқожа Абылай өлмес бұрын шын мәнінде оның сатқындығынан қайтыс болғаны айтылады. Туысқан халықтардың аңыз-әңгімелері мен капитан жазбаларының бір ғана жері ұқсас – Бердіқожаны қырғыздар айуандықпен өлтірді.

Бердіқожа ұрпақтары оны шамамен 1708-1786 жылдары өмір сүрген деп есептейді, бұл жағдайда ол Абылайдан екі жас үлкен және хан қайтыс болғаннан кейін тағы алты жыл өмір сүрген.

Қырғыз туыстарына қарсы күресте ол бір өзі ғана құрбан болған жоқ. Абылай, мәселен, туысқан қырғыздарға қарсылық көрсетпей, тек Садыр батырды жазалағысы келетінін дипломатиялық түрде мәлімдеген [Шанышқылы Бердіқожа батыр, 2009, 22].

Оның қырғыздармен күресі де табысқа жеткізе алмады.

Аңыздарда да, деректерде де Қожаберген, Қош-Мерген, Бердіқожа және басқа да батырлар Қазақ хандығының мүддесі үшін, Жетісудағы көшпелілер қосындарын иемдену үшін, Орта Азия қалалары мен Қытайдан Орта Азия мен Қазақстанға келетін керуен жолдарын бақылау үшін табанды күрескер бола білді.

Батырлардың қызметі XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап көшпелі өркениеттің еуропалық, қытайлық және исламдық өркениеттердің құрсауына түскенін, олар көшпелілер ұрпағын дамуы үшін үлкен шығын шығарып, өз дағдыларын өзгерткенінің айқын көрсетеді.

## 4.3. Қабанбай батыр, оның дипломатиясы мен Шыңжаңдағы сауда саясаты

Найманның Қаракерей тармағынан тарайтын Қабанбай (哈巴木拜) – қазақтың атақты батыры, Орта жүздің беделді старшыны.

Қытайдағы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында құрылған және ғылыми зерттеу деп санауды қажет етпейтін «Қытайдың жаны» (Чжунго жишэнь) кітабында Қытай халықтарының қаһармандары сипатталған. Олардың арасында жалғыз қазақ Қабанбай батыр туралы мәтін бар: «1757 жылы Моңғол жоңғарларының ақсүйегі Әмірсана елдің шетінде бүлік шығарып, жеңіліске ұшыраған кезде, ол қазақтарға қашуға тырысты. Алайда, Орта жүздің билеушісі оны мүлдем қабылдамады, сонымен бірге ол Қытайға бағынғанын мәлімдеді. Осы кезде Қабанбай (卡班巴伊) Абылайдың жағында болды, Абылайдың Цин Үкіметіне бағынуын белсенді қорғап, қолдады. Қабанбайдың жасырын қолдауының арқасында Цин Үкіметі Әмірсана көтерілісіне тез қарсы шығып, Батыс шекараларының аумақтарын біріктіру жөніндегі шараларды жүргізуді жеделдетті. Қабанбай есімі Айзыбачаир (Ізбасар?), ақсүйек тұқымынан, Шыңжаңның тумасы, Абылайдың адал да мықты

көмекшісі, атақты қолбасшы. Ол мемлекет территориясының бірлігін күзетіп, оның бөлшектенуіне қарсы күресіп қана қойған жоқ, сонымен бірге патшалық Ресейдің қауіп-қатері мен айла-амалдарына қарсы табанды күрес жүргізді, Ресей бодандығына үзілді-кесілді қарсы болды. Қабанбай қазақ пен қытай халқының мүддесін қолдағандықтан, қалың қазақ оны құрметпен «батыр» деп атаған. Бүгін Шыңжаң қазақтарының күрес, ат жарыстары, көкпар («көк бөрі»), үйлену тойлары мен басқа да қазақ салтанаттары кезінде адамдар бір дауыспен: «Қабанбай! Батыр!» деп ұрандап, өз туыстырын қолдайды [Чжунго цзинь шэнь, 1991, 492].

«Қытай жаны» кітабында Айзыбачаер (艾孜巴查爾) Ізбасар – «жалғастырушы» Қабанбай туралы айтылады.

«Қабанбай» лақап атымен бірнеше батыр белгілі. Сондықтан да лақап аттары мен есімдері бірдей батырлар туралы зерттеулерде кейбір тұлғалардың ерліктерін басқаларға жатқызуы аз емес. Тарихи тұлғалар типінің көрсеткіші тұлғаны анықтаудың маңызды белгілерінің бірі. Бірақ мұнда да қателіктер орын алады. Көбінде керей мен найманның қаракерей руының батырлары шатасып жатады. Руға бөлудің дәлдігі, әрине, ұрпақтың географиялық орналасуын анықтауда да маңызды. Бірақ мемлекеттердің халықаралық қарым-қатынасында бұл аса маңызды емес, өйткені бұл жерде жалпы этникалық және ұлттық бірегейлік маңызды.

Біздің Қабанбай батырымыз Шығыс Қазақстанда туып-өскен Ерасыл деген атпен белгілі, бірақ ақсүйек болмаған. Ол найманның қаракерей руынан тарайды. Олардың біразы Моңғолия мен Тарбағатайды мекендеген. Қабанбай ешқашан Ресейге қарсы шыққан жоқ. Оның Қытай мемлекетінің бірлігі үшін күресі туралы деректер де белгісіз. Қытайлық тарихшыларға оның өзі немесе басқаларды Цин әулетіне бағынған урянхайлықтарды Ертіс өңірінен қууға ынталандырғаны белгілі.

Қытай ғалымдарының мұндай тұжырымға келгені оның жоңғарларға және Цин империясы жаулап алған жоңғар хандығына қарсы күресте танымал болғаны үшін екені анық. Бірақ жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес – Қытай мүддесі мен Қытайды біріктіру жолындағы күрес дегенді білдірмейді.

Жоңғар хандығы – территориясы Цин империясының құрамына кірген дербес мемлекет. Қабанбай батырдың халық арасында ерекше танымал болғаны рас. Сонымен қатар, Абылайдың ұсынысы бойынша ол бір кездері сату үшін Үрімші шатқалына жылқы айдаған,

оның ішінде императорға тартуға арналған тұлпарлар да болған. Бірақ Қабанбайдың Цин үкіметімен, Ресеймен қарым-қатынасы одан ары жалғаспады.

Қазақ тарихында ең даңқты батыр – Қабанбай есімімен танымал Ерасыл еді. Мұсылмандар үшін бұл ерекше атаудың әртүрлі түсіндірмелері бар. Бір аңызда, батырға Қабанбай есімінің берілуі – оның жабайы қабанды жалаң қолмен жеңгеніне қатысты. Тағы бірінде оның жоңғарлармен шайқаста қаһарлы қабандай болғандығы. Бұл лақап Фирдоусидің «Шах-наме» кітабындағы Баһадүр Сиявуштың қабандармен күресі, сондай-ақ Орта Азия халықтары арасында өте танымал Рүстемнің ерліктері туралы әңгіменің әсерінен қойылды деп ойлауға да болады.

Қабанбай Абылай сұлтанның жасағында болған. Абылай өзінің жауынгерлік өнерінің, жауға қарулы тойтарыс беруді ұйымдастыра білуінің арқасында биікке көтеріле алды. Оған жақтаушылар мен қарсыластарды нақты бағалау қабілеті, жағдайды жіті түсінетін қасиеттері де көмектесті. Сонымен бірге, алдау және қатыгездік қабілеттерін көрсетті. Сол кездегі әскери істердегі ең басты мәселе – Қабанбай батыр сияқты өзінің артынан халқын ерте алатын ержүрек, қайтпас жігіттерден жасақ құру, оны аттарымен және қару-жарақпен қамтамасыз ету еді. Бұдан басқа, Абылай жасағына авантюристер, жеке рыцарлар, әр рудан қашқандар қосылды. Бірақ отрядтың арқауы Арғын руының бағыныштытайпаларынан шыққан адал адамдар – атығай мен қарауылдар болды.

Абылай әр уақытта 300-ден 500 төлеңгіт ұстады. Ірі әскери жорықтар үшін өз руларында берік қолдауға ие, әрқашан өздерінің жауынгерлік отрядын атқа қондыруға дайын старшындар мен батырларды тарту қажет болды. Сонымен бірге жасақтар билеушісіне бағынбай, қарсы шыққан бүлікшіл қазақ руларын жазалау және жаңа жақтастарды тарту мақсатында жорықтар жүргізді. Батырлардың даңқы сыртқы жауларға қарсы күресте ерлік пен қаһармандық танытқанда, отрядтармен уақытша халық жасақтарын құрғанда келді. Халық жасақтары әдетте көктем, жаз және күздің ортасына дейін әрекет етіп, келесі шақырғанға дейін тарады. Батыр жасақтары өте ұтқыр және өз басшысына мойынсұнғыш болды. Олар өз руының, аталастарының мүддесін қорғады. Хан құрметті билер мен басқа да старшындардың қолдауымен ең көрнекті батырларды өз туының астына шақыра алатын. Хан әскерлерінің тірегі – төлеңгеттер бейбіт уақытта да таратылмаған. XVIII ғасырдағы қазақтардың

әскери құрылымының өзегі батырлар институты болып қала берді [Көшкімбаев, 1991, 96-97].

Абылай әскери өнерді өз бетінше, қажет болса атақты жауынгерлермен, мәселен, Бөгенбай батырмен (1680-1778) ақылдаса отырып үйренді. Содан кейін ол атақты жас батырларды өз жағына тарта отырып, отряд басшысына дейін тағайындайтын. Ұлы далада қол астында қарулы жасағы бар кез келген адам ханға қызмет ете алатын. Ал олардың ішіндегі ең талапшыл, ақылдысы ханның ел ішіндегі іс-әрекетіне ықпал ететін. Олар күшейіп, ханға қысым жасаған кездер де болған. Абылай бірте-бірте өз ықпалының аясын кеңейтіп, хан тұқымы деген аңызға сүйенеді. Ол қызмет еткен Әбілмәмбет хан, халық аңыздары мен жазба құжаттарға қарағанда, ерекше жауынгер болмаған, ал оның мұрагері Болат сұлтан мінезді осал, өзі әлсіз билеуші болған-мыс. Абылайдың өрлеуіне себеп болған өмір тәжірибесін 100 жылдан кейін оның ұрпақтары Кенесары хан мен Тезек сұлтан жақсы меңгерген.

